Аңдатпа. *Мақалада жасөспірімдерге жыныстық тәрбие берудің педагогикалық, психологиялық астарлары, мақсаты, міндеттері, принциптері және жыныстық дамудағы жастық, жыныстық ерекшеліктер қарастырылады. Жыныстық тәрбиенің функциялары сипатталған.*

Тірек сөздер: *Жыныстық тәрбие, жыныстық тәрбие функциялары, жыныстық тәрбие мақсаты, міндеттері, принциптері.*

Қазіргі уақытта біздің қоғамымызда әлеуметтік, экономикалық, саяси бағыттардың және соған байланысты құндылықтардың өзгеруі анық байқалады. Сол себепті жасөспірімдердің жыныстық дамуы мен тәрбиесінде де түрлі факторлардың әсерінен ауытқулар көрініс табуда. Соның ішінде жыныстық өмірді ерте бастау, түсік жасау немесе балаларын тастап кету, жастардың отбасын құрмай бала босануы, отбасы институтының әлсіреуі, жыныстық бағыттағы қылмыстар сияқты құбылыстармен сипатталатын жастардың жыныстық субмәдениетінің өсуі байқалады. Бұл және басқа да негативті құбылыстар көп жағдайда акселерация, денсаулық сақтау жүйесінің даму деңгейі немесе жағымсыз экология ғана емес, құрамына маңызды әлеуметтендіру институттары болып саналатын отбасы, бұқаралық ақпарат құралдары, қазіргі әдебиет пен мәдениет кіретін жас ұрпаққа ықпалдардың сипатының өзгеруіне де байланысты болып отыр (А.И. Белкина, Г.Е. Иванова, Е.И. Исаев, В.Е. Каган, Д.В. Колосов, Н.В. Плисенко, Б.Ю. Шапиро, Л.В. Ясная және т.б.). Жыныстық моральдың либерализациялануы, отбасының тәрбиелік функциясының әлсіреуі, оның тұрақсыздануы және толық емес отбасылардың көбеюі жағдайында балалар мен жасөспірімдердің жыныстық-рольдік әлеуметтенуі стихиялы, басқарусыз үрдіске айналды. Балалар мен жасөспірімдердің жыныстық-рольдік сана-сезімін және жыныстық-рольдік өзін жүзеге асыруын отбасы мүшелерінің өмір салтының, бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалдарын балалар мен жасөспірімдердің бойында белгілі жыныс өкілі ретінде өзінің міндетін жүзеге асырушы әлем бейнесінің пайда болуы мен дамуын ескере отырып ерекше психологиялық мәселе ретінде зерттеудің обьективті қажеттілігі туындап отыр.

Бұл мәселенің қойылуына құрамына тұлғаның отбасында қалыптасуы мәселесі кіретін ғылымның классикалық мәселелері шеңберінде жаңа психологиялық

міндеттерді қою мүмкіндігін ашатын қазіргі психологияның «парадигмалық қозғалысын» бастан кешіруімен анықталады (В.И. Слободчиков, Е.И. Исаев т.б.). Антропсихологиялық психологиялық таным (А.Г. Асмолов, Б.С. Братусь, Ф.Е. Василюк, В.П. Зинченко, Е.И. Исаев, В.И. Слободчиков, В.Е. Клочко және т.б.) тұлға ретінде қалыптасуға мүмкіндік беретін сананың (өзіндік сананың) дамуы детерминанттары мен жүйелік байланыстарын қадағалауға мүмкіндіктер ашатын адамның өмірлік әлемін психологиялық зерттеу пәніне айналдыруға жол ашады.

Жаңа парадигмалық ұстанымдар жағдайында адамды танудың көптеген астарлары К.А. Абульханова, А.Г. Асмолов, Б.С. Братуся, А.А. Бодалев, Л.И. Божович, Л.С. Выготский, В.П. Зинченко, Е.И. Исаев, В.Е. Юточко, И.С. Кон, А.Н. Леонтьев, М.И. Лисина, В.С. Мухина, А.Б. Орлов, С.Р. Пантелеев, В.А. Петровский, Н.К. Радина, И.И. Раку, С.Л. Рубинштейн, Н.И. Сарджвеладзе, А.И. Силвестру, В.И. Слободчиков, Е.О. Смирнова, В.В. Столин, И.И. Чеснокова және басқа да зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылады.

Өзін-өзі ұйымдастырушы психологиялық жүйе теориясы шеңберінде Ю.В. Клочко, Ю.В. Трофимова, Е.П. Федорованың зерттеулерінде өмір салты, әлем бейнесі, өзінің бейнесі арасында өзара байланыс барын көрсететін мәліметтер келтіріледі. Бұл мәліметтер бойынша жасөспірімдерде бірлескен психологиялық жүйе ретінде қызмет ететін отбасының өмір салты және жасөспірімнің отбасындағы өмір салтымен анықталатын, жасөспірімде қалыптасатын әлемнің бейнесі мен жыныстық-рольдік өзіндік сананың қалыптасу үрдісіне экстраполяциялауға болады [1, 40 б.].

Жасөспірімдердің жыныстық-рөлдік, тұлғалық дамуы оптимизациялауды және психологиялық қолдауды қажет етеді. Психологияның ұзақ уақыт «жыныссыз» дамуынан соң (И.С. Кон), Қазақстанда жыныс мәселесі, жыныстық дифференциацияға көңіл бөліне бастады. Мұны тек жыныс категориясы күрделі психологиялық тарихи-мәдени және клиникалық мәселе болғандығымен ғана емес, ең бірінші тұлғаны қалыптастыруға тәрбие мен жекелік тұрғының қазіргі талаптары жасөспірімдердің жынысы және олардың жыныстық-рөлдік өзіндік санасының қалыптасуының психологиялық ерекшеліктерін ескермей түсіндіру мүмкін еместігінен. Жалпы жыныстық тәрбие төмендегідей функцияларды атқарады.

Ағартушылық функцияның мәні оқушыларды жыныс өкілдері арасындағы өзара қарым-қатынас мәдениетімен таныстыру. Біздің елде ерлер мен әйелдер арасындағы теңдік құқығы парыз, бір-біріне деген және отбасындағы жауапкершілікті білдіреді. Оқыту барысы, сыныптан тыс жұмыстарда, еркін қарым-қатынаста оқушылар жыныстық қатынас, махаббат, отбасы, жеке адам мен бүкіл қоғамдағы орны туралы ақпараттар алады.

Тәрбиелік функция білімді сенімге айналдыруға, балалар мен қыздар арасындағы адамгершілік-эстетикалық мінез-құлық дағдылары мен біліктіліктерін қалыптастыруға бағытталады. Сонымен қатар олардың бойында сезім мәдениеті, достық, махаббат, адалдық мәдениетін жетілдіру мен эмоция мен мінезді басқару біліктілігін нығайту қажет. Ең бастысы жастардың бір-біріне деген сыйластығын, сенімділігі сезімдерін, тазалық пен адамгершілік шеңберінде қарым-қатынасты дамыту мен сақтау біліктілігін дамытуға үлкен мән беру керек.

Гигиеналық функцияның мәні жасөспірімдердің бойындағы тәндік тазалық, жыныстық өз бетімен кетуге деген жиіркеніштілік дағдысы мен әдеттерін дамытуда. Жыныстық гигиена тек физикалық, медициналық қана емес, сонымен қатар адамгершілік құбылыс болып саналады [2, 98 б.].

Ата-аналар балаларының қойған сұрақтары үшін мадақтап, үнемі жауап беріп отыруы тиіс. Дұрыс және түсінікті жауаптар бұл жыныстық тақырып мәселесіне деген шектен тыс қызығушылықты тоқтатады. Ал сұрақтарға жауап беруден қашу жасөспірімдердің одан әрі қызығушылығын оятуы мүмкін. Жауап берген соң жауапты толық дұрыс түсінгендігіне көз жеткізген дұрыс. Егер ата-ана баласының

сұрағына жауап бере алмаса оған міндетті түрде кейін жауап беретіндігін айтып, арнайы әдебиеттерден не мамандармен кеңескені жөн.

Бала неғұрлым өскен сайын, соғұрлым оның отбасының басқа мүшелерімен пікірлесуге мүмкіндігі көп болуы керек. Осы жағдайда ғана ол өзінің сұрақ қоюы мен оған жауап алуының қалыпты екендігін сезінеді.

Ересектер ескеруге тиісті:

1. Жеке тұлғаның жыныстылықтан, ал жыныстылықтың тұлғадан бөлек нәрсе емес екендігі секілді, жыныстық тәрбие де жалпы тәрбиеден бөлек нәрсе емес;

2. Толыққанды жыныстық тәрбие жыныстық жетілуге дейін басталуы керек. Қоршаған ортаға деген санаасты қатынас ерте балалық шақтан басталады. Басқа сөзбен айтқанда баланы 3 жастан тәрбиелеу үй салумен, 13 жаста оны қайталау үйді әдемілеп, сырлағанмен тең;

3. Жыныстық қатынасқа қатысты балаларға жасына сай сауатты түсінік беру оларды басқа көптеген нәрселерге үйретуден қиын емес. Қарапайым ережелерді орындау табысқа жетелейді:

- Бала өзінің ой-пікірін ата-анасының біріне айтуға құқығы барын, оны үйде тыңдайтындығын және қорғайтындығын сезінуі тиіс;

- Ересектер өздерінің жеке мәселелерін қадағалай отырып, іштей жұмыс жүргізуі керек. Яғни, ата-ана өз мәселелерін балаларына артпауы тиіс;

- Өзінің балалық шағына көз жүгірту арқылы балаларының да сол кездегідей екендігін түсіну. Қажет болған жағдайда психолог не сексолог көмегіне жүгіну керек.

Жас ұрпаққа жыныстық тәрбие беру мен ағарту отбасы педагогикасының ажырамас бөлігі. Мұны барлық ата-аналардың жыныстық тәрбиеге толыққанды мән бермейтіндігімен түсіндіруге болады.

Жыныстық тәрбие – бұл тәрбиеленушіге оның бойында жыныс мәселесіне қатысты жағымды адамгершілік сапаларды дамытуға бағытталған кешенді педагогикалық-психологиялық ықпалдар. Ол екі жақты қарастырылуы мүмкін. Бірінші, бұл қыздық ар, ұят және адамгершілік тазалық, бозбалалық (еркектік) намыс, әйелге сыпайы қатынас, достық, махаббат секілді моральдық-этикалық ұғымдары кіретін адамгершілік тәрбиесінің құрамды бөлігі. Екінші, бұл денсаулық, өзін сезіну, көңіл-күй, отбасындағы қарым-қатынаспен байланысты әлеуметтік-гигиеналық мәселе. Мұны жыныстық ағарту, яғни, түрлі жастық кезеңдегі ер және әйел ағзасындағы анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктер, жыныстық дамуға ортаның әсері туралы білімсіз елестету мүмкін емес. Жыныстық тәрбиеде адамгершілік және әлеуметтік-гигиеналық жақтар өзара тығыз байланыста. Сондықтан отбасындағы моральдық-психологиялық климат, ата-аналарының өзара қарым-қатынасы, олардың балаларына қарым-қатынасы жыныстық тәрбиеде үлкен маңызға ие. Ата-аналардың бұл бағыттағы одақтастары немесе көмекшілеріне педагогтар, медиктер, мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлері, еңбек ұжымы, қоғамдық ұйымдар мен тәртіп сақтау органдары.

Жыныстық тәрбиенің мақсаты мен міндеттері толықтай қоғамның қызығушылығы, сұранысымен анықталады. Өйткені адамның жеке өмір сферасын қоғамнан бөлу мүмкін емес. Сол себепті кім өзіне қоғамнан орын таба алмаса, ол өз отбасында, яғни, жеке өмірінде де жетістіктерге жете алмайды. Жыныстық тәрбиенің мақсаты адекватты мағынаны, яғни, жыныстық сана мотивациясын қалыптастыру. Жыныстық сана – белгілі жыныс өкілі ретіндегі өз тұрмыс-тіршілігінің мотивациясын қалыптастыратын білім, тұлғалық мағына мен білімдер жүйесі.

Негізгі міндеттері:

1. Жасөспірімдерге қарым-қатынас пен өзара түсіністік, саналы шешім қабылдау дағдыларын меңгерту;

2. Жасөспірімдердің бойында салауатты өмір салтына жағымды қатынасты қалыптастыру, берік, дені сау, тату отбасын құруға тәрбиелеу;

3. Жастарға өз қажеттіліктерін саналы қанағаттандыруға көмекті белсендіру;

4. Жасөспірімдердің денелік және репродуктивтік саулығын қорғау;

5. Жыныстық жетілу кезеңіндегі өзгерістер, өзгерістерге бейімделуге қатысты сауатты ақпарат беру;

6. Басқа адамдарға сыйластықты тәрбиелеу, олардың қабілеттерін ескеру мен ерекше қызығушылықтарын құрметтеуге үйрету.

Жыныстық тәрбие міндеттерін талдай отырып, негізгі бағыттарды бөліп көрсетуге болады:

1. Еркектік және әйелдік психологияны, әйелдер мен еркектердің оптималды коммуникативтік ұстанымдарын қалыптастыру көмектесетін жыныстық тәрбие;

2. Психосексуалды және адамгершілік талаптар негізінде сексуалды-эротикалық бағыт және жыныстық сананы оптималды қалыптастыруға бағытталған сексуалды тәрбие;

3. Жұбайлық роль мен өзара жауапты серіктес ұстанымын қалыптастыру ретіндегі жауапты да сенімді ерлі-зайыптылық өмірге даярлық;

4. Балаға қатысты әке мен ананың рольдік мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған жауапты ата-аналық өмірге даярлық;

5. Сексуалдылық, ерлі-зайыптылық және ата-аналық пен темекі шегу, ішкіліктікке салыну, нашақорлық, жыныстық аурулар сияқты зиянды әдеттердің қарама-қайшылығы туралы түсінік беру, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Жыныстық тәрбие мақсаттары тәрбиеші өз қпалының нәтижесін көріп отыруы үшін өзара іс-әрекет мақсаттарымен сәйкестікте болуы керек. Яғни, тәрбиеші жасөспірімнің бойында тәрбиелік ықпал нәтижесінде қалыптасатын тұлғалық сапалар жөнінде түсінігі болуы тиіс.

Жыныстық тәрбиенің принциптері әдіснамалық негізге ие. Оларға жеке міндеттерді шешудегі негізгі әрекеттерге жетекшілік ретінде қарауға болады.

1. Идеялылық принципі азаматты тәрбиелеу негізінде жыныстық тәрбиенің міндеттерін анықтайды. Ол жеке және қоғамдық қызығушылықтарды өзара сәйкестендіреді.

2. Реалистік принцип жыныстық дифференциация, жыныстық ерекшеліктер және сексуалдылық жөнінде шынайы түсініктер негізінде жыныстық тәрбиені жүргізуді білдіреді.

3. Оптимизация принципі жыныстық тәрбие принциптерін оның мүмкіндіктерін амалсыз шектеулермен оперативті сәйкестендіру дегенді білдіреді.

4. Перспективті инициативасы жас ұрпақтың перспективасы үшін өзекті нәрселерлі ескере отырып жыныстық тәрбиені жүргізуді білдіреді.

5. Белсенділік принципі проблемалық мәселелерді күтпей, жас ұрпақты қажетті ұстанымдар және мәліметтермен қаруландыру, барлық дұрыс жағдаяттарды пайдалану дегенді білдіреді.

6. Жеке және әлеуметтік мәнді жасау принципі өмірдің барлық сферасындағы ер және әйелдің қарым-қатынасының адамгершілігіне қол жеткізу әлеуметтік нормаларды интериоризациялау және оның негізінде жеке ориентация мен мотивтерді жасауды білдіреді.

7. Кешенділік принципі өзіндік тәрбие, әлеуметтену және ағарту ретінде жыныстық тәрбиені жоспарлау және шараларды бағалауды сипаттау дегенді білдіреді.

8. Мекен-жайлық принцип денелік және психикалық даму, әлеуметтік және мәдени деңгей, жыныс бойынша құрам, этникалық ерекшеліктерді ескеру арқылы нақты аудиторияға ықпал етуді білдіреді.

9. Үздіксіздік принципі жыныстық тәрбие ерте жастан басталып, әрбір кезең келесі кезеңге база болатын үздіксіз, бірізді үдеріс екендігін көрсетеді.

10. Қайталау принципі толық және терең игеруді қамтамасыз ететін бірнеше қайтара және түрлі әдістемелік құралдар арқылы бейнелер мен мәліметтерді жеткізуді білдіреді.

11. Түсініктілік және анықтықтылық принципі балалар мен жасөспірімдерге берілетін материалдың шынай түсінікті де анық болуын талап етеді.

12. Шынайылық принципі тәрбиешілер арсеналында өтіріктің болмауын талап етеді.

13. Сенімділік принципі балаға серіктес ретінде қарап, оның күйзелістерін, қызығушылықтарын түсінуді талап етеді.

14. Іскерлік принципі екі түрлі мағына беретін ым-ишара, сөздердің болмауын талап етеді. Тәрбиеші өзін және аудиторияны толық басқаруы тиіс.

15. Тазалық принципі жыныс және түрлі жыныс өкілдерінің қатынасына қатысты мәліметтерді адамгершілік тұрғыдан жеткізуді талап етеді.

16. Қадағалау және қолдау принципі бала немесе жасөспірімге көзсіз сенімділіктен сақтануды талап етеді. Дегенмен, қадағалау шектен тыс болмауы да тиіс [3, 87 б.].

Барлығымыз қоғамдық қатынастар жүйесіне енетіндіктен әрбір отбасындағы әке мен ана педагогика, психология ғылымдарының негіздерінен хабардар болуы тиіс.

Жыныстық тәрбие педагогикасы мен психологиясы білімдерін біз өз жақындарымыз, оқушыларымызды жетілдіру үшін пайдалана аламыз. Ең бастысы баланың жыныстық тәрбиесін кешеуілдетпеу.

Балалық кезеңдегі жыныстық білім мен тәрбие беруде оларға күндіз қамқорлық көрсететін персоналдар мен бастауыш сынып мұғалімдері де үлкен роль атқарады. Бастауыш сыныптардың орта кезеңінде олар жыныстық рольмен байланысты білімдер мен мінез-құлықты игере бастайды. Жасөспірімдік шаққа аяқ басқан кезеңдерде жыныстық жетілу, жыныстық жолмен берілетін аурулар, олардың алдын алу, өмірге бала әкелу туралы білімдерді меңгере бастайды. Сол себепті үйде оқитын балаларға сабақ беретін педагогтардың да мұны өз қаперлерінде ұстауы тиіс.

Жасөспірімдерге білім беруде жыныстық мінез-құлыққа дұрыс мән бермеу болашақта кездейсоқ жүкті болу, жыныстық ауруларға шалдығуға алып келеді. Жыныстық белсенділікті тоқтата тұру немесе контрацепцияны қолдану туралы ақпараттарды көбірек берудің де маңызы зор. Сонымен қатар жыныстық адекватты мінез-құлықты қалыптастыратын шараларды да өткізу керек.

Жыныстық қабілеттің жетілу кезеңі жасөспірім психикасы үшін өте ауыр кезең. Бұл кезде жастарда жаңа түйсік, жаңа тілектер пайда болады, намыс сезімі өсе түседі. Аңғармай айтылған немесе ретсіз айтылған бір ауыз сөзбен жасөспірімнің ойында тұрған арманы мен қуанышын оп-оңай бұзып жіберуге болады. Жыныс күтімі бала тәрбиесінің бір бөлігі болғандықтан, жыныстық қабілет жетіліп келе жатқан кезде жасөспіріммен айрықша әңгіме өткізу қажет. Мұндай әңгімені баланың көңіл-күйі жақсы кезде бастап, ата-анасына өнегелі түрде сөйлесу керек. Балаңызбен сырласу үшін оның да бір ыңғайлы жолын таба білгеніңіз жөн. Оған айтайын деген ақылыңызды бір әңгіме арасында, ыңғайын келтіріп айтуды күні бұрын жоспарлаған дұрыс. Баламен әңгімелескенде өсиет айтудың да, беталды ескертудің де, алдын-ала қорқытудың да қажеті жоқ. Мұндай кеңес жасы үлкен апасының сіңлісіне, ағасының інісіне айтқан ақылы тәрізді болуы тиіс. 13-14 жасқа келген жасөспірім махаббат мәні, ер мен әйел арасындағы қарым-қатынас сияқты бірқатар мәселелерді байқайды. Жыныстық ұстамдылықтың көздейтін мақсаты – ерлі-зайыптылар арасындағы адалдық туралы түсінікті қалыптастыру. Отбасылы болудың түпкілікті екі мақсаты бар, ол бақытты өмір сүріп, бала тәрбиелеу! Сонымен, сайып келгенде, жыныстық ұстамдылықтың мәні де махаббат пен өзара құрметке бөленген бақытты отбасын құру боп шығады. Сондықтан, балиғатқа толған қыз бен ұлды махаббат пен адал неке жоқ жерде өмірдің сәні болмайтынын түсінетіндей етіп тәрбиелеу керек. Өздері үлгі көрсетпесе, ата-ананың бос сөзі мен әңгімесінен еш пайда жоқ. Бала тәрбиесіндегі ең әсерлі фактор – ата-ананың бір-бірін сыйлауы, ынтымағы, сүйіспеншілігі, бір-біріне деген қамқорлығы және кішіпейілдігі.

Жас баланың ерік-күші мен ұялшақтық сезімі, яғни, ары - оның адамгершілігінің сенімді сақтаушысы. Ұялу балиғатқа толмаған жасөспірімнің жабайы түйсіктен тартынып, өзінің мінез құлқына дұрыс бағдар беруіне көмектеседі. Сондықтан, «ұят болады» деген ұғымды адамның жеке басының қадір-қасиеті ретінде баланың бойында сәби кезінен бастап мықтап қалыптастыру қажет. Қазақ

«қызға қырық үйден тыйым, қала берді қара күннен тыйым» дегенді бекер айтпаған. Өзінің іс-әрекетіне толық жауап бере алмайтын жас баланы тек тыйым ғана тоқтатады. «Ата-анасынан тыйым көрмеген бала тағдырдан таяқ жейді» деген тәмсіл де бар. Кейбір себептерге байланысты жастар жыныстық қарым-қатынасқа ерте түсіп жатады.

Кесте 1 – Жыныстық қатынастарды ерте бастауға әсер ететін жағдайлар мен ерте бастауға қарсылық

Жыныстық қатынастарды ертерек бастауға әсер ететін жайттар	Жыныстық қатынастарға ерте ұрынуға қарсылық
Адал махаббат болғандықтан	Жыныстық қатынастарға түсуге дайын болмау
Өз махаббатын білдіру үшін	Өз сезіміне не серігінің ынтасына сенімсіз болу
Серігінің тілегі бойынша	Жүкті болып қалу қаупі
Әуесқойлықтан	ЖЖБИ/АҚТҚ жұқтырып алу қаупі
Аталмыш әрекет міндеттелетін жұмысқа тұру үшін	Өз денеңнің біреудің нәпсіқұмарлық нысанына айналуын қаламау
Сүйген адамды жоғалтып алмау мақсатында	Пәктігін сақтауға ұмтылу
Жыныстық қатынастардан тәжірибелі болу үшін	Өзін кінәлі сезінгісі келмеу
Ересек көріну үшін	Ата-анадан қорқу
Өзіне деген сенімділікті жоғарылату үшін	Жыныстық қатынастарсыз-ақ жақсы көру
Өзінің тәуелсіздігін мойындату үшін	Қиындықтарды туғызбау
Материалдық жағдайын жақсарту үшін	Күлкіге айналмас үшін жасау
Жалғыздықты сезінбеу үшін	Дін рұқсат етпейді
Бәрі мұны «күшті» деп санайды.	Көңілі толмайды деп қорқу

Жыныстық жетілу кезеңінде ұл-қыздарға әсер ететін өзгерістер:

- бой өсіп, салмақ қосылып, бұлшық еттер дамиды;
- жыныс мүшелері өсіп, тұқым жаю қабілетіне ие болады;
- дауысы жуандайды;
- терідегі май бездер белсендірек істей бастағаны себепті бетке безеулер қаптап кетуі мүмкін;
- тер бездері дамиды;
- қолтық асты және қасаға түгі өсе бастайды;
- көңіл-күй жиі-жиі өзгеріп тұруы мүмкін;
- қарсы жынысқа тартатын күшті сезіле бастайды.

Кесте 2 – Жасөспірімдік шақтағы физиологиялық өзгерістер

Қыздарға әсер ететін өзгерістер	Ұл балаларға әсер ететін өзгерістер
- емшек өсіп, емшек ұштары ілгері созыла бастайды, бұл ауыртпалы болуы мүмкін	- кеуде мен иықтары дамиды
- сандары жұмырланады	- бетке сақал-мұрт өсе бастайды, кеудеде кейде түк пайда болуы мүмкін
- жыныс мүшелері дамып, аналық бездері аналық жасушаларды өндіріп шығара бастайды	- аталық жыныс мүшесі мен аталық бездері ісіп, үлкейеді; аталық бездер ұмаға түсіп, сперматозоидтарды өндіріп

	шығара бастайды
- жыныстық жетілудің соңғы сатысында етеккір басталады	- аталық жыныс мүшесінің қан тамырлары қанға толғаны себепті эрекция, яни аталық жыныс мүшесінің қатаюы жиі-жиі және күтпеген жерде пайда болады - кейде ұйықтап жатқанда аталық жыныс мүшесі қатайып, шәуһеттің шашырауы пайда болуы мүмкін

Ата-ана баласының кіммен кездесіп, кіммен достасып жүргенін біліп отырған жөн. Жасөспірім шақта бала ата-анасынан психологиялық тұрғыда ажырап, көп уақытын достарымен бірге өткізеді және бұл кезде онда еліктеу сезімі өте күшті. Ол қандай ортада болады, ішімдік ішіп жүрген жоқ па, қандай кітаптар оқиды, қандай сайттарда отырады, қандай телебағдарламалар көреді, қандай фильмдерге барып жүр, компьютер ойындарына, ойын автоматтарына әуес емес пе? деген сұрақтарға мән беріп, мұның бәрін бақылаудан тыс қалдырмаған дұрыс [4, 101 б.].

Баланың жыныстық жағынан ұстамды болуы үшін оның күнделікті үй шаруасына қолғабыс етуі және оған деген қамқорлықтың орынды болуы маңызды. Мұндай жағдайда оның уақытты бос өткізуге, көп ойнауға, еріншектікке шамасы да қалмайды. Баланы өз-өзін күтуге арналған түрлі міндеттерден босатуға, жұмыс істетпеуге, дырдушыл, ерке етуге болмайды. Бұл баланың келешекте дұрыс адам боп өсуіне зор нұқсан келтіреді. Жастар арасында кездесетін моральға жат кейбір қылықтар ең алдымен, еңбек арқылы тәрбие ісінің болмағандығынан, қара жұмысқа жирене қарайтын жалқаулықтың салдарынан. Ал бұл арамтамақтыққа және басқа да ауыр зардаптарға әкеп соғады [5, 73 б.].

Психологтар жасөспірімдердің өздерінің жігер-қайратын арттыратын спортпен, музыкамен, басқа да өнер түрлерімен шұғылдануына бағыттауы тиіс. Жатар алдында сұйықты көп ішпегені жөн. Төсеніші онша жұмсақ та, аса жылы да болмауға тиіс. Ол төсегінде кез-келген уақытта аунап жата бермей, мезгілді уағында ұйықтап дағдылануы керек. Ішті, қуықты уақытымен босатып тұрса, бұл жыныс мүшелеріне қанның азырақ баруына себепші болады. Ересек адамдар жасөспірімді шамадан тыс еркелетіп, мәпелеуден аулақ болғаны абзал. Мұндайда баланың сезім жүйелері қозып, оның өзі мезгілсіз жыныстық қатынас жасауға итермелейді.

Әдебиеттер:

1. *Каган В.Е. Воспитателю о сексологии. – М., 1991. – 284 с.*
2. *Кирби Д. Новые ответы: результаты исследований по программ по снижению подростковой беременности. Вашингтон, округ Колумбия: Национальная кампания по предотвращению подростковой беременности. – М., 2001. – 281 с.*
3. *Головей Л.А. Психология становления субъекта деятельности в периоды юности и взрослости. – СПб., 1996. – 283 с.*
4. *Орлов Ю.М. Половое развитие и воспитание. – М., 1993. – 247 с.*
5. *Плегина Ю.Е., Волович А.С. Проблема усвоения ролей мужчины и женщины // Вопросы психологии. – №4. – 1991. – С. 151-162.*

***

Сарсенбаева Б.И., Шапхатова А.С.

Психологические и педагогические особенности полового воспитания подростков

В статье рассматриваются педагогические, психологические аспекты, цели, задачи, принципы и возрастные, половые особеннсоти полового воспитания. Описываются функции полового воспитания.

Ключевые слова: Половое воспитание, функции полового воспитания, цели, задачи, принципы полового воспитания.

Sarsenbaeva B.I., Shaphatova A.S.

Psychological and pedagogical features of adolescent sex education

The article deals with pedagogical, psychological aspects, goals, tasks, principles and age, sexual peculiarities of sexual education. Describe the functions of sex education.

Keywords: Sex education, sex education functions, goals, objectives, principles of sex education.

***

ӘОЖ 37.035.6:512.1

Дүйсенбаев А.Қ. – п. ғ.к., профессор,
Қазақ-Орыс халықаралық университеті
E-mail: *adk7575@mail.ru*

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ТАНЫМДЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа: *Аталған мақала жеке тұлғаның педагогикалық шеберлігін жетілдірудің танымдық аспектілеріне арналған. Сонымен қатар бүгінгі күні мұғалім шеберлігін жетілдірудің проблемалары жан-жақты талданады.*

Тірек сөздер: *Педагогикалық шеберлік, жеке тұлға, мұғалімнің біліктілігін жетілдіру, кәсіптік білім, дағды, кәсіптік қабілет, педагогикалық әдеп.*

Қазақстандық мектептерді жаңарту тұжырымдамасы жалпы білім берудің басым бағыттарын, яғни оқушы мен оқытушының өзара ынтымақтастығы үлгісін оқу процесінде қалыптастыру мен әртүрлі оқу-іс-әрекетін қамтитын оқыту әдістерінің үйлесімділігі негізінде жүзеге асырылуы тиіс екендігін анықтап беріп отыр. Бұл басым бағыттар мектепте білім беруді дамытуға негіз болады. Осыған орай мектептің әр сатысында оқыту мен тәрбие берудің мақсаты, білім мазмұнын іріктеу ұстанымдары, сондай-ақ, оқушылардың дайындық сапасын бағалау тәсілдері нақтыланады. Бүгінгі таңда мектептің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру – барлық педагогикалық ұжымдардың бірігуін талап етеді. Тұлғаға бағытталған сабақ оқушылардың тұлғалық ерекшеліктері ашылатын, қасиеттері қалыптасатын, мүмкіндіктері жүзеге асырылатын оқыту жағдайы. Әр оқушының болмысы арқылы дамытушылық, шығармашылық ойлау, өз бетінше шешім қабылдау қабілетінің қалыптасуы тиіс.

Осыған орай оқыту технологияларын жаңарту, педагогикалық мамандарының шығармашылық бастамасына қолдау жасау талап етілуде. Жеке тұлға қалыптастыруда жаңаша оқытудың әдіс-тәсілдерін іздестіру пәндік білім аймағында игерілетін білімдерімен анықталады. Мұғалімге қазіргі заман технологияларын игеру мәселесіне көңіл бөлуі қажет деп атап көрсетілген.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында оқушыларды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтардың еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген.

Мұғалім – сабақ беретін тұлға емес, оқушының жекетұлғалық және интеллектуальды дамуын жобалаушы. Ал бұл мұғалімнен жоғары құзырлылықты, ұйымдастырушылық қабілеттілікті, оқушыларды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту бағыттарын талап етеді.

Мұғалімнің білімі біліктілікті көтеру курстарымен шектеліп қалмауы керек. Олар үшін оқыту мен тәрбиелеудің тұлғалық-бағдарлық мәселелері, оқушы деңгейіндегі ғылыми жобаларды жасақтап, оны жүзеге асыру әдістері, оқушының жеке тұлғасын дамытуға бағытталған жаңа педагогикалық технологияларды таңдау тәсілдері, мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамытуға бағытталған теориялық-методологиялық және әдістемелік проблемалар, психологиялық-педагогикалық мәселелерді толықтай игеруі қажет.

Білім беруді ақпараттандыру жағдайында педагог мамандардың біліктілігін көтеру – бүгінгі күннің негізгі міндеттерінің біріне айналып отыр. Сондықтан педагог мамандардың біліктілігін көтеруді ақпараттандыру туралы тұжырымдама, стандарт және оқу-тақырыптық жоспарларын жасақтау қажет. Аталған қажеттілікті шешу барысында педагог мамандардың біліктілігін ақпараттық технологияны өз қызметтеріне пайдалану саласы бойынша тұжырымдама, модульдік жұмыс бағдарламалары жасақталды. Сонымен бірге білім беруді ақпараттандыру жағдайында педагог мамандардың ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін және ақпараттық құзырлығы сияқты қабілеттіліктерді қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Ал, қазіргі таңда жоғарыдағы аталған мәселе қалай жүзеге асырылып жатыр деген сауал туындайды. Әсіресе, мемлекеттік тілде осы бағыттағы мәселелер әлі де жеткілікті деңгейде емес.

Психологиялық-педагогикалық ғылымда өңделген қызмет принципіне сәйкес болашақ педагогтарының жеке тұлғаларының шығармашылық қасиеттерінің дамуы тек қоғамдық тәжірибені меңгеру, педагог мамандардың өздерінің белсене қызмет ету арқылы жүзеге асатын меңгеру негізінде ғана жүре алады. Адамзат мәдениетінің қол жеткізулеріне ие болу үшін әр жаңа ұрпақ осы қол жеткізулер үшін істелген қызметке ұқсас қызметті жүзеге асыруы керек. Осыған байланысты педагог мамандардың мамандандырылған қызметіне сәйкес оқу қызметін ұйымдастыру маман даярлау жүйесінің қажетті кешені болып табылады.

Егерде білім берудің ескі парадигмасының мәні «Білім беру – бүкіл ғұмырға» ұранында айтылса, ал жаңа парадигма – бұл өз тегінде жетекші қағидалары ЮНЕСКО көлемінде жарияланған қағидалар болып саналатын, болашақ үшін білім беру стратегиясы: әлемдегі ең озық идеялар мен білімдерді қабылдауға және жүзеге асыруға қабілетті педагогтардың ғаламшарлық ойлауы бар әлемнің азаматтарын тәрбиелеуді қамтамасыз ететін «Өмір бойы білім алу» - «Life Long Learning (LLL)» және «Білім беру барлығы үшін» стратегиясы болып табылады.

Қазіргі заманның мұқтаждығына жауап беретін білім берудің мақсаттары ЮНЕСКО-ның «Білім беру барлығы үшін» қозғалысының «Төрт бағаны» ретінде сипатталған, атап айтқанда: *өмір сүруді* үйрену; *тани білуді* үйрену; *істей білуді* үйрену; *қатар өмір сүруді* үйрену.

Білім беру парадигмасының технологиялық міндеті «оқыту парадигмасы» сияқты ұғыммен қабысқан. Әрине, оқыту парадигмасын таңдау сондай-ақ қоғамның әлеуметтік тапсырысына байланысты болады, ол өзгеретін педагогикалық мақсатты ұйғарымға жауап беруі, тұлғаның дамуына қоғамдық сұраныстың сипатындағы шынайы өзгерістерді ескеруі және белгілі бір әдіснамалық амалдарға негізделуі тиіс. Былайша айтқанша, парадигма, барлық мектеп үшін маңызды, жай бір ғана сұраққа жауап беру үшін қажет: оқушыларды оқыту керек пе, немесе ол оқып үйренуі керек пе?

Ғылым мен мектептік білім берудің дамуының көптеген ғасыры ішінде индустриальдық қоғам педагогикасында қазіргі дәстүрлі деп аталатын оқыту парадигмасы қалыптасты (Е.А. Сорокоумова [1], В.Д. Шадриков [2] және б.).

Бұл парадигма білімнің құндылығына бағдарланған. Оның әдіснамасы өзара байланыс жүйесінің қатарласуына әкелетін ғылыми жаңашылдық логикасына сәйкес келеді: мұғалім – жетекші, оқушы – жетекке еретін, оқу процесі – педагогикалық түрде оқушыға объектілік рөл берілетін, білместіктен білуге қарай оның басқарылатын қозғалысы. Осы кезде баланың өзінің тұлғалық мүмкіндіктері, тілектері, мұқтаждықтары, ережедегідей ескерілмейді. Мұндай жүйе білімдерді тарату қағидасын іске асырады: дәстүрлі жағдайда оқыту процесі адамзат тарихындағы ғылыми, мәдени, техникалық, тарихи, әлеуметтік білімдердің, тәжірибелердің және т.б. барлық жинақталғанынан балаға барынша мүмкін мөлшерін беруді қарастырады. Мұғалім негізгі білім беру мазмұнының жалғыз ғана көзі бола отырып, осы білімдерді (оқулықта не баяндалса, соны қайталай және одан сырт ауытқымастан) қалайда таратады, ал оқушы, бірінші кезекте, тұлғаның репродуктивтік қабілетін дамытуға әкелетін ол мазмұнды жаңғыртады. Осыдан және педагог оқушыларды білімге «тартатын», ал оқушы білімдер, біліктер, машықтар жинақталатын өзіндік «жинақ» рөлінде қарастырылатын білімдік процестің сол бағдары қалыптасады.

В.Д. Шадриков атап өткендей, мұндай көзқараста мектеп оқушысы болмай қоймайтын енжар тыңдаушының, бақылаушының рөлін атқарады, мінез-құлыққа білімнің рөлі мен әлеуметтік талаптарды абсолюттейді және гиперболиттейді. Осындай парадигмаға жауап беретін мұғалімнің іс-әрекеті тәрбиелеуге, талап қоюшылыққа, білім беруге, бұйрық беруге, мәжбүр етуге, күнделікті тапсырмалар беруге және оларды бақылауға бағдарланған, ал оқушы білімдердің алдында екінші қатарға шегінеді [2].

Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен, жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі мұғалімдердің педагогикалық шеберлігіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықты игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңістігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті, өз ісінің шебер тұлғасын дайындау арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі. Ойшыл-ғұлама Әл-Фараби: «Ұстаз – жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің барлығын жадында жақсы сақтайтын, бұлардың ешнәрсесін ұмытпайтын алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, шешен, өнер-білімге құштар, қанағатшыл, жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізеттілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» деп келтіреді [3, 192 б.].

Еліміздің болашағы бүгінгі мектеп қабырғасындағы ұрпақ екені даусыз. Ертең ел тізгініне ие болар жеткіншектеріміздің ғаламдық өркениеттен қалып қоймай, білімді, тәрбиелі, жан-жақты болып қалыптасуының қамтамасыз етілуі – мемлекеттік маңызы бар іс. Бүгінгі таңда білім саласында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Осы өзгерістерді жүзеге асыру, ұстаздарымыздың біліміне, кәсіби шеберлігіне байланысты. Парасаттылықты, адалдықты шәкірттерінің бойларына жас кезінен ұялататын ұстаздар. Сондықтан да мұғалімнің еңбегіне еш баға жетпек емес. Яғни «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз!» - деп данышпан Абай Құнанбайұлы айтып кеткендей, және де ұстаздың өзі – адам құндылықтарды терең сіңірген, рухани жаны таза адам болуы, қазір жаңалықтар легімен енген соны технология, технологиялық дәуір. Осыған орай қазіргі кезеңнің талабына сай өскелең ұрпақты білімді, мәдениетті, ұшқыр ойлы, халқының салт-дәстүрін қастерлей білетін, туған

Отанын, жан-тәнімен сүйетін азамат дәрежесіне тәрбиелеу және осыған жетелеудің өзі педагогикалық шеберліктің нәтижесі болып табылады.

Ағартушы ақын Абай Құнанбайұлы: «Ақырын жүріп анық бас, Еңбегін кетпес далаға. Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», - деп айтқанындай, мұғалім үшін кәсіби шеберлікке жету, өз мамандығының данышпаны болу бір күнде пайда болатын дүние еместігін біз жақсы түсінеміз және өмір бойы ізденішулікті, зерттеушілікті талап ететін мамандық екенін анық аңғарғанда ғана толық нәтижеге жетуге болады [4, 145 б.].

Мұғалімнің әрбір сөзі мен ісі, қимылы, киімі, жүрісі, көзқарасы психологиялық және ізгілік тұрғысынан шәкірт жүрегінен үлкен орын алады.

Әрбір ұстаз үшін оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда мол білімділікті, ақылдылықты, дұрыс іскерліктер мен дағдыларды қолдануды қажет етеді. Осы ретте кейбір мәселелерді жаңаша көзқараспен қарастыруды жөн деп есептей отырып, мынадай эталондарды атап өтуге жөн көрдік:

- сабаққа педагогикалық-психологиялық талдау жасау;
- дамыта оқыту жүйесінің мәні мен міндеттері;
- сабақты ұйымдастырудың педагогикалық-психологиялық негіздері;
- мұғалім жұмысының шығармашылық сипаты.

Мұғалімнің кәсіби шеберлігі, зерттеушілік қызметі өз жұмысына дайындық барысында, іс-тәжірибеде және қайта даярлау кезінде көрініс табады.

Алаш қайраткері, ағартушы Ахмет Байтұрсынов: «Білім – біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік – сол білімді іске асыра білу дағдысы», - деп бекер айтпаған.

Ағартушы-ғалым оқушыларға ереже жаттатудың тиімсіз екенін дәлелдеп, түсіндіру, ой-қорыту, салыстыру әдістерін қолдануды ұсынды. Сол сияқты әдебиет сабағын оқытқанда әсерлендіру, талдау, бейнелеу, тұжырымдау тәсілдерін қолдану қажет екенін «Қай әдіс жақсы» (1928) деген мақаласында айқын баяндайды. Халыққа білім беру ісі үшін халықтың ана тіліндегі жазуы, оқу құралдары болуы керек. Міне, осындай өзекті мәселелерге ерекше мән беріп, ұлттық емлені, грамматиканы ғылыми негізде жаңадан құрып, оны жүзеге асыруға басшы болды.

А.Байтұрсынұлы 1913 жылғы «Қазақша оқу жайынан» деген мақаласында: «бала оқытатын адам оған үйрететінін, оның көңіл сарайын және мұғалімдік ғылымды жақсы білу керек», - дейді [5, 187 б.].

Олай болса, біліктілік дегеніміз, қандайда бір еңбектің түріне дайындалудың, дайындық дәрежесінің деңгейін айтады. Немесе: «Біліктілік – нақты мамандық бойынша тиісті кәсіптік қызмет түрінің шеңберінде жұмысты орындау үшін қажетті жеке қабілеттілік, кәсіптік білім, шеберлік пен дағдылар жиынтығын растау рәсімі» деп сипатталады [6, 61 б.].

Кез-келген қызметкер біліктілігін ұдайы жетілдіріп отыруы қажет. Білім сапасының арттырудың негізі – педагог қолында десек, оның білімін жетілдіру басты роль атқармақ. Егер педагог мамандардың біліктілігін жүйелі арттырса, онда үлкен жетістікке қол жеткізуге болары анық. Мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру екі бағытта жүргізілуі тиіс:

- мұғалімнің кәсіптік жұмысының мәнін үйлесімді өзгерту, яғни басты қызметтік нұсқауды орындау емес, күтетін нәтижеге жету үшін оқу үрдісін шығармашылықпен үйлестіру;
- білім беру асында мұғалімнің зерттеушілік бағыттағы қызметін күшейтуге байланысты мұғалімнен кәсіптілікті кеңейтуді талап ету;

Біліктілікті арттырудың негізгі аспектілерінен мыналарды бөліп алуға болады:

- қызметтік (мақсаты, міндеті, жұмыс мазмұны, формасы, әдістер және нәтижесі);
- мазмұндық (әдістемелік, ғылыми-теориялық білімді практикада қолдана білуге жағдай туғызу);
- басқарушылық (талдау, жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, танып-білу).

Осы аталған үш аспект бойынша біліктілігін жетілдірген маман өз қызметіне талап деңгейінде қарайтыны белгілі. Ұстаздар үздіксіз ізденіп, өз білімін үнемі жетілдіріп жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолданып отырса ғана өзінің кәсіби шеберлігін арттырады. Ол туралы П.Ф. Каптеров: «Мұғалім –өзі де оқуы керек...» - деп айтқан еді [7, 138 б.].

Мұғалімнің өздігінен білім алуына нақты көмек көрсету үшін, тұлғаның кәсіптік қызмет саласындағы қажеттіліктерін, сұраныстарын, мүдделерін білуі қажет. Арнайы ұйымдастырылған әдістемелік жұмыс мұғалімнің жеке мүмкіндіктерін ескеріп құрылуы тиіс. Мұндай жағдайда мұғалім біліктілікті арттырудың ұжымдық нормаларына қатыса отырып, өзін қызықтыратын мәселелерге жауап табатын болады. Қазіргі заманғы оқыту интелектуалдық ерекшеліктеріне сүйене отырып білім беруді қажет етеді. Жаңа технологиялар - педагогтың мүмкіндігін күшейтетін құрал, бірақ ол мұғалімді алмастыра алмайды. Компьютер мүмкіндіктері психология мен дидактика тұрғысынан талданып, керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолданылуы керек. Сырткы эффектіні қуып кетпей, оқыту програм-масының тек сыртқы емес, ішкі тиімділігіне көп көніл бөлген дұрыс. Компьютердің сызбалық мүмкіндігін молдығы дәрістік экспериментті бояулы суреттермен, сызбалармен, кестелер мен байыта түсуге жол ашады, оларды есеп шарттарына да пайдалануға болады.

Компьютерді мұғалім косымша материалдар, әртүрлі анықтамалық мәліметтерден акпараттар беру үшін көрнекі құрал ретінде пайдалана алады. Мұндай мәліметтерге физикалық формулалар, физикалық шамалардың өлшем бірліктері, графиктер, схемалар, иллюстрациялар, физикалық құбылыстардың динамикалық бейнесі, тәжірибеге арналған құрылғылардың тізімі, аспаптардың сипаттамалары және т.б. жатқызуға болады. Мұғалім араласпай-ақ, оқушылар өздері меңгеруге тиісті ақпараттар беріледі. Қажетті акпараттарды жинақтауда электрондық техникаларды енгізу уакыт үнемдейді, карастырып отырған кезеңде акпараттың толыктығын жоғарылатады, ақпараттық-аныктамалық жүйе құрамында электрондық құрырғылармен жұмыс істеу дағдысын калыптастыруға мүмкіндік туғызады.

«Озат педагогикалық тәжірибе» педагогикалық ғылымда кең және тар мағынада қолданылады. Озат педагогикалық тәжірибе кең мағынасында мұғалімнің жоғары шеберлігі, жақсы педагогикалық нәтижесі ретінде түсіндіріледі. Алайда, кейбір жағдайда мұғалімнің тәжірибесінде жаңа ештеңе болмаса да, ол әлі педагогикалық шеберлікті меңгермеген мұғалімдер үшін жақсы үлгі болуы мүмкін. Бұл жерде мұғалім-шебердің жеткен жетістіктері озат тәжірибе ретінде қарастырылып, оны таратуға лайық болады.

Озат тәжірибе тар мағынада мұғалімнің қызметіндегі шығармашылық ізденіс элементтерінің жаңашылдық тәжірибесінде қолданылады. Мұнда педагогикалық тәжірибе мектеп тәжірибесінде және педагогикалық ғылымында жаңа жол салуымен бағалы, сондықтан да ол талдауды, таратуды қажет етеді.

Педагогикалық үдерісте озат тәжірибені кеңінен қолданудың маңызы зор. Өйткені, терең білім мен тәрбие беру, педагогикалық озат тәжірибені зерттеу, жинақтау және таратудың нәтижесі, мұғалімдердің шығармашылық ісінің жемісі.

Оқу мен тәрбиенің тиімді тәсілдері мен әдістерін іздестіруде мұғалімнің өз тәжірибесін өзі зерттеп, жинақтау ісі әрі қиын, әрі күрделі мәселелердің бірі. Бұл мәселені ойдағыдай зерттеп, практикада дәлелдеу тікелей мұғалімнің өзіне байланысты. Мұғалім оқыту мен тәрбие әдістеріне байланысты басты мәселелерді таңдап алады да, олардың тиімділігін сабақтың немесе тәрбие жұмысының барысында бақылайды, терең зерттейді. Зерттеу материалдарына талдау жасап, қорытындысын үнемі дәптеріне жазып отырады. Мұғалім әр сабақтың немесе тәрбие жұмысының өзіне тән ерекшелігін, әртүрлі әдістерді қолданудың тиімді жолдарын, оқыту мен тәрбие процесінде оқушылардың ынтасы мен таным қабілетін дамытуды шығармашылықпен іздестіреді. Осының нәтижесінде мұғалім өз жұмысындағы жетістіктер мен елеулі кемшіліктерді көре бастайды. Сөйтіп, оларды жоюдың тиімді

жолдарын қарастырады. Ол үшін мұғалім педагогикалық әдебиеттермен танысады. Қажетті әдебиеттерге аннотация және библиография жасайды.

Педагогикалық шеберлік проблемасының қазіргі педагогикадағы жай-күйін талдау зерттеулердің басым көпшілігінің болашақ педагогтардың кәсіптік даярлығын жетілдіруге арналғандығын көрсетеді, атап айтқанда, педагогтар шеберлігінің негізіне психологиялық-педагогикалық талдау жүргізілді (О.А. Абдуллина, В.К. Елманова, З.Ф. Есарева); педагогикалық шеберліктің кәсіптік сипттамасын зерттеу одан әрі жалғасуда (В.Н. Поварницына, В.А. Сластенин, А.И. Щербаков және т.б.); болашақ педагогтардың шеберлігі мен кәсіби-педагогикалық іскерлігі туралы (В.В. Воровьева, Н.З. Еловая, Г.А. Засовина, И.Д. Багаева, В.С. Безрукова және т.б.).

Жеке-шығармашылық бағдар ретінде мұғалімнің жалпы және мамандығына сәйкес өзін-өзі дамыту механизмдерін, мұғалімнің өз қызметіне шығармашылықпен қарау мәселесін қарастырады. Мұғалім бүгінгі ғана емес, ертеңге, болашаққа қызмет істейді. Ол заман дамуынан артта қалмастан, өзін-өзі жан-жақты дамыту үшін саяси-идеялық дәрежесін, ғылыми-теориялық білімін және педагогикалық мамандығын күнбе күн жетілдіріп отыруға талаптануы қажет.

Педагогикалық шеберлік және педагогикалық шығармашылық бір-бірімен тығыз байланысты, алайда олар бір-біріне тең емес. Н.М. Анисимовтың, В.И. Загвязинскийдің, В.А. Сластениннің зерттеулерінің нәтижелеріне сәйкес, педагогикадағы жаңашылдық жаңаны ашумен тығыз байланысты. Өзінің объективтік мағынасы мен нәтижелерін маңызына байланысты педагогикалық шығармашылықты шартты түрде жаңалықты ашу, өнертапқыштық және жетілдіру деп бөлуге және осыған сәйкес педагогикалық шығармашылықтың 3 деңгейі туралы айтуға болады.

Жаңалықты ашу жаңа педагогикалық ойларда ұсыну және оның оқу-тәрбие жұмысының нақты жүйесінде қолданылуымен байланысты. Мысалы, Р. Оуэнның оқытуды еңбекпен байланыстыру формасы, А.С. Макеренконың ұжымда тәрбиелеу әдістемесі, В.А. Сухомлинскийдің тәрбие жүйесі туралы және т.б. жатады.

Қазіргі кезеңде ғылымда және білім беру жүйесінде интеграция үдерістерінің жедел жүзеге асуының маңыздылығы тұсында, танымның диалектикалық бірлігі және шындықтың қайта құрылуының маңыздылығы арта түсуде. Педагогикалық практика әртүрлі, әсіресе интегралды, кешенді білімді қолдануды қажет етеді, сондықтан оны қолданудың соңғы нәтижесі жаңа білім алу және жаңа іскерлікке үйрену болып табылады. Педагогтік мамандықтың мәнін тану және меңгеру ұзақ уақытты керек етеді де, әлеуметтік дамудың әрбір кезеңінде оқу ағарту ісіне жаңа талаптар мен міндеттер қойылған сайын жаңарып, жасарып, дамып отырады.

Қандай да болмасын маман дайындау мәселесінің нәтижелілігі теориялық білім мен практикалық іскерліктің қабысуынан келіп туындайтыны белгілі. Осыған байланысты педагогикалық практиканың негізгі міндеті студенттің педагогикалық ойын дамытып, іскерлігін шыңдау. Кәсіби бағыты дұрыс қалыптасқан мұғалім ғана кез-келген іс-әрекет барысында оқушылардың көңіл-күйін сезіп, білімге деген ынтасын байқап, осының негізінде олармен тиімді қарым-қатынас жасаудың жолын, әдіс-тәсілін іздестіреді.

Отандық психология ғылымының дамуында өзіндік үлестері бар ғалымдар М.Мұханов, Т.Тәжібаев, А.Темірбеков, С.Бабалаубаев, Қ.Жарықбаев, Ә.Алдамұратов, Х.Шериязданова және тағы басқалар еңбектерінде ұстаз психологиясы, педагогикалық оқу орындарындарындағы болашақ мұғалімдерді дайындауда педагогикалық практиканың алатын орны және оның маңызы туралы жан жақты қарастырылған.

Педагогтың шығармашылық қабілеті, жаңашылдық әрекеттері, біліктілігі педагогикалық кәсіптік біліммен сәйкестенеді. Жаңашылдық шығармашылық қабілеті шексіз, әрі үздіксіз қозғалыста дамиды. Бұл педагогикалық бағытта оқытушы мен оқушының өзара ықпалы, өзара дамуда, ынтымақтастықпен дамудың жоғарғы

деңгейіне жетуде мәні зор. Материалистік диалектика табиғатында үздіксіз даму, ғылыми білім мен тәжірибенің бірлігін, тұтастығын, сәйкестігін ашып көрсетеді.

Қазіргі кезде ұстаздың педагогикалық шеберлігін жетілдірудің танымдық аспектілеріне келесі функцияларды айтуға болады:

- адаптациялық – педагогикалық үдеріс ритміне енеді, оқушылармен жұмыс жасауды үйренеді, білім беру мекмелеріндегі кәсіби қатынас жүйесінде бағдарлана бастайды;
- жалпы білім беру – практика үдерісінде теориялық білімдері қолдалынады, негізгі педагогикалық іскерлік пен дағдыны қалыптастыру жүреді, педагогикалық сапа қалыптасады;
- дамытушы – педагогтың жеке тұлға ретінде қалыптасу даярлығының көрінуінің, педагогикалық қабілеттерінің қалыптасу және даму сатысы болып табылады;
- тәрбиелік – кәсіби педагогикалық этиканың өзін-өзі дамыту қажеттілігінің қалыптасуына ықпал етеді;
- диагностикалық – мұғалімнің педагогикалық қызметке кәсіби дайындығы мен шығармашылық дәрежесін тексеру, жеке және кәсіби қасиеттеріне баға беру.

Жалпы педагогикалық дайындықтың негізі – шығармашылық даярлығы бар мұғалім – тәрбиешінің тұлғасын қалыптастыру және дамыту, өзінің ерекше жұмыс жасай стилі мен ойлауы бар шығамашылық тұлға ретінде мұғалім-новаторды дайындау;

Біздің ойымызша, педагогикалық шеберлік – бұл мұғалімнің кәсіби қасиеті, өйткені ол өзінің құрамына өзара тәуелді, тығыз байланысты бірліктерді, яғни білім, іскерлік, қабілет пен қасиеттерді қамтиды. Әрине, педагогикалық шеберлік күрделі құрылым болғандықтан, онын мәнін ашуды, оны түсінуге деген әртүрлі көзқарас бойынша қалыптасады. Қазіргі заман сұранысына орай, біз педагогикалық шеберліктің негізі инновациялық іс-әрекет деп тұжырымдаймыз. Тек жанашылдыққа деген талпыныс, үздіксіз ізденіс мұғалімді өз ісінің биік шыңына жетелейді. Олай болса, қазіргі таңда мұғалімнің шеберлікке қол жеткізу үшін өзін-өзі басқара алуы керек, бойында оптимизм, лидерлік қасиет, тәуекелге бел буа білу, төзімділік сияқты тұлғалық касиеттері болуы тиіс. Аталған қасиеттер мұғалімді жанашылдыққа жетелейді, жаңаны жасауға ынталандырады. Педагогикалық шеберліктің негізгі белгілері: кәсіптік білім, біліктілік, дағды, кәсіптік қабілет, педагогикалық әдеп жатады.

Қорыта келгенде, бүгінгі күннің талабына сай мектепте білім беруді жетілдіруде – мұғалімнің мейірімділігімен, білімімен, шеберлігімен тығыз байланысты. Өз мамандығына жан-жүрегімен берілген ұстаз ғана ұстаздық этиканы да, ұстаздық шеберлікті де жақсы меңгереді.

Әдебиеттер:

1. Сорокоумова Е.А. Педагогическая психология: краткий курс. – М.: Владос, 2013. – 240 с.

2. Шадриков В.Д. Философия образования и образовательные политики. – М.: Академия, 2002. – 420 с.

3. Әбу Насыр әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары / Құрастырған: Ә.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиева, Ж.Сандыбаев. – Алматы: Арыс, 2009. – 656 б.

4. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т. 2: Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қарасөздер. – Алматы: Жазушы, 2005. – 336 б.

5. Беркімбаева Ш.К., Қалиев С.Қ. Қазақ тәлімінің тарихы: оқу құралы. – Алматы, 2005. – 187 б.

6. Дүйсенбаев А.Қ. Педагогика және психологиядан анықтамалық сөздік. – Алматы: Отан, 2015. – 286 б.

7. Коджаспирова Г.М. История образования и педагогической мысли: таблицы, схемы, опорные конспекты. – М : Педагогика, 2003. – 290 с.

***

Дуйсенбаев А.К.

Познавательные аспекты повышения педагогического мастерства личности

В данной статье рассматриваются познавательные аспекты повышения педагогического мастерства личности. Вместе с тем подробно анализируются проблемы повышения квалификации учителей.

Ключевые слова: Педагогическое мастерство, личность, повышение квалификации учителя, профессиональное образование, навык, профессиональное умение, педагогическая этика.

Duisenbayev A.K.

Cognitive aspects of improvement of pedagogical skills of the individual

This article focuses on cognitive aspects of improvement of pedagogical skills of the individual. However problem of teacher training is detailed analysed.

Keywords: Pedagogical skills, personality, teacher training, vocational training, skills, professional skills, pedagogical ethics.

***

ӘОЖ 553.982

Кунашева З.Х. – х. ғ. к., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Шамилова А.Ж. – магистрант,М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Ержанова Н.С. – магистрант,М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: *kunasheva@mail.ru*

СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БАРЫСЫНДА БҰРҒЫЛАУ ШЛАМДАРЫН КӘДЕГЕ ЖАРАТУДЫҢ КЕШЕНДІ ТӘСІЛІ АРҚЫЛЫ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖАСАҚТАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа. *Мақалада мұнай, газ шикізаттарын өндіру кезінде түзілетін бұрғылау қалдықтарын өңдеу, оларды пайдалы материалдар ретінде қолдану тәсілдерін жасақтау мәселелері келтірілген. Осы мәселелерге арналған соңғы жылдардағы ғылыми-техникалық әдеби шолулар мен патенттік жұмыстар жинақталып, талданған. Бұрғылау шламдарын кәдеге жарату бағытында жүргізілетін жүйелі зерттеу және жобалау жұмыстарынан күтілетін нәтижелер алу үшін ғылыми-техникалық өнімдерге қойылатын талаптарға сәйкес жасақтаудың әдістемесін алдын-ала дайындау қажеттігі көрсетілген. Бұрғылау шламдарын кәдеге жарату үшін кешенді технология жасақтау мақсатында жүйелі, әрі жан-жақты зерттеп және күтілетін нәтижелерге жетуге қажетті міндеттер анықталып, атқарылатын жұмыстар келтірілген.*

Тірек сөздер: *Әдістеме, бұрғылау шламы, кәдеге жарату, залалсыздандыру, технология, утилизация, термиялық әдіс, минералдық материал, композициялық материал, зертханалық сынақ, жартылай өнеркәсіптік сынақ.*

Көмірсутектік шикізатты өндіру және өңдеу өнеркәсібі Қазақстан экономикасында маңызды орын алады. Әр жыл сайын мұнай және газ өндіру мен өңдеу көлемінің ұлғаюымен бірге олардан шығатын қалдықтардың да мөлшері үздіксіз артып отыр. Мұнай және газды өңдеу, мұнайхимиялық немесе химиялық өнеркәсіптерде, мұнайды, газды құю және мұнай өңдеу станцияларында кездесетін қосымша материалдар мен қатты қоспалар бұрғылау және мұнай шламдары деп аталатын қалдықтардың түзілуіне әкеледі. Қалдықтардың түрлеріне байланысты өңдеу және оларды

пайдалы материалдар ретінде қолдану жолдарын іздеу қазіргі кезеңдегі мұнай және газ өндіруші елдер үшін ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Ұсынылып отырған жұмыста жоғарыда көрсетілген мәселелерге арналған соңғы жиырма жылдықтағы ғылыми-техникалық әдеби шолулар мен патенттік жұмыстар жинақталып, оларға талдаулар жүргізілді. Әдеби шолудың қорытындыларынан бұрғылау қалдықтарын өңдеу, көму және кәдеге жарату үшін әртүрлі технологиялар мен жабдықтар жасақталғандығы белгілі. Солардың ішінде ең әлемдік алдыңғы қатарлы техникалық жасақтаулар жөніндегі мәліметтерге Ресей, АҚШ, Канада мемлекеттері ие. Әдеби және патенттік шолу негізінде бұрғылау шламдарын өңдеудің белгілі және қолданылатын технологияларын 4 топқа бөлгендігі көрсетілген [1]:

1. Термиялық әдістер (өртеу, пиролиз, құрғату, термодесорбция). Процестің нәтижесінде аэрозоль типті дисперсті жүйелер түзіледі;

2. Физика-механикалық бөлу әдістері (сүзу, центрифугирлеу, экстракция, сепарация, тұндыру, десорбция). Бұл топ әдістері үшін суспензияның эмульсияға және гельге айналуы тән;

3. Биохимиялық әдістер. Оларға: биотазалау, биодеградация, анаэробты тазалау, химиялық реагенттер арқылы тотығу, бейтараптану, майлы (биоорганикалық) дисперсті фаза арқылы қолданылатын әдіс түрлері жатады;

4. Басқа да әдістер, жоғарыдағы көрсетілген үш себептің ішінде біреуі бойынша алғашқы үш топқа кірмейтін әдістер:

1) кең қолданыс табылмаған немесе сирек кездесетін патенттер: айдау, буландыру, озондау, каталитикалық тотықсыздану және басқалары;

2) кең қолданылатын, бірақ негізгі процестің сатыларының біреуі болып табылатын әдістер: көму, қатыру, тұрақтандыру, отын ретінде қолдану, тыңайтқыш даярлау, құрылыста қолдану;

3) қазіргі уақытта дамудағы және пилоттық және/немесе тәжірибелік-өнеркәсіптік тестілеу сатыларындағы әдістер: радиожиіліктік қыздыру (тазалау), гидрлеу, электрокинетикалық бөлу, ультрадыбыстық өңдеу және т.б.

1-кестеде бұрғылау қалдықтарын өңдеу әдістерінің түрлері және жіктеу белгілері келтірілген.

Кесте 1. – Бұрғылау қалдықтарын өңдеу әдістері

Әдіс түрі	Негізгі жіктеу белгілері
Термиялық	Ашық қамбаларда, әртүрлі пештерде өртеу, битум қалдығын алу
Физикалық	Арнайы қорымдарда көму, вакуумды сүзу және қысым астында фильтрлеу, ортадан тепкіш алаңда бөлу, мұздату
Химиялық	Еріткіштер көмегімен экстрагирлеу, коагулянттар мен флокулянттар қолдану, бейорганикалық (цемент, сұйық шыны, саз) және органикалық (эпоксидті және полистирол шайырлары, полиуретандар және т.б.) қоспалар көмегімен қатайту
Физика-химиялық	Арнайы қондырғыда өңдеу арқылы жүретін физика-химиялық қасиеттерді өзгертетін арнайы таңдалған реагенттерді қолдану
Биологиялық	Тікелей сақтау орындарында топырақтың микробиологиялық ыдырауы, биотермиялық ыдырау

Шлам, бұрғылау ерітінділері, мұнай және су негізіндегі бұрғылау шламдары бұрғылау қалдықтарының санатына енгізілген. Алайда, қазіргі заманғы әдебиеттерді шолу бойынша бұл ұғымдардың бір-бірін алмастыра алмайтындығы белгілі.

Бұрғылау ерітінділері бұрғылау процесі кезінде шурфты салқындату үшін, шламды сорып шығаруға және ұңғымаға сыртқа сұйықтықтардың түсуін болдырмау үшін қысымды ұстау мақсатында айдалады.

Ұсынылып отырған ғылыми мақалада негізгі зерттеу нысаны болып мұнай негізіндегі карбонатты бурғылау шламы алынды. Бұрғылау шламы - бұрғылау кезінде ұңғымадан шығатын қатты материал. Шламның құрамына кіретін бұрғылау

ерітіндісі шламның қатты бөлігінен бөлініп алынады да жаңадан қолданылады, ал шлам полигондарда немесе контейнерлерде сақталады.

Бұрғылау шламдарын кәдеге жарату бағытында жүргізілетін жүйелі зерттеу және жобалау жұмыстарынан күтілетін нәтижелер алу үшін ғылыми-техникалық өнімдерге қойылатын талаптарға сәйкес жасақтаудың әдістемесін алдын-ала дайындау қажет. Ғылыми-техникалық өнімдерге қойылатын типтік талаптарға атқарымдық (мақсаттық көрсеткіштер) талаптар жатады, яғни: сенімділік, технологиялық, стандарттау және унифицирлеу, зиянды әсерлерді шектеу (эргономикалық және экологиялық), эстетикалық, экономикалық, патенттік, патенттік-құқықтық. Басқа да өнім түрлеріне қойылатын талаптар көбіне жоғарыда келтірілген талаптармен бірдей.

Бұрғылау шламдарын өңдеу және екіншілік қолдану мәселелерінің өзектілігі екі негізгі міндеттермен тығыз байланысты: бірінішіден, қоршаған ортаны қорғау, екіншіден, шламдар құрамындағы екіншілік шикізаттарды (сирек кездесетін металдар, минералды заттар, кей жағдайда көмірсутектерді, басқа да пайдалы компоненттерді) қолдану. Алайда, бұрғылау шламдарын жүйелі зерттеп және күтілетін нәтижелерге жету үшін жан-жақты талдау жүргізе отырып келесі міндеттерді анықтау мақсатында төмендегідей жұмыстар жүргізу қажет:

1. Бұрғылау ерітінділері жөнінде жалпы мәліметтерді, олардың түрлерін, химиялық құрамын, физика-химиялық сипаттамаларын, қолдану мақсаттарын анықтау үшін теориялық және практикалық мәліметтер жинау;

2. Зерттеуде таңдап алынған бұрғылау шламының химиялық, физика-химиялық құрамын анықтау үшін зертханалық талдау жүргізу;

3. Алынған химиялық талдау нәтижесін қорытындылай отырып, шламды әрі қарай қолдану мақсатында болжам жасау және оны жүзеге асыру бойынша жоспарлар құру;

4. Бұрғылау шламы алдын-ала залалсыздандырылған жағдайда зертханалық талданған химиялық құрамына сәйкес және екіншілік қолдану мақсатында жүргізілген болжам бойынша өнімнің тәжірибелік үлгілерін жасақтау;

5. Ғылыми-техникалық негіздеме арқылы жасақталған үлгілер түрлерін зертханалық жағдайда дайындау, технологиялық және эксплуатациялық көрсеткіштеріне сынаулар жүргізу;

6. Тәжірибелік үлгілерді сынау нәтижесінде алынған көрсеткіштерінің стандарттарға сәйкестігін салыстыру;

7. Бұрғылау шламдарынан жасақталған үлгілерді зертханалық сынаулардан өткізу нәтижелеріне байланысты, зерттеуді жартылай өнеркәсіптік сынақ ретінде жалғастыру мүмкіндігін қарастыру, оны жоспарлау және қажетті материалдық-техникалық базаны дайындау;

8. Жартылай өнеркәсіптік үлгілерді қолданып өндіріске жаңадан жасақталған өнімді немесе технологияны енгізуді жүзеге асыру;

9. Жасақталған жаңа екіншілік қолдану әдісінің экономикалық тиімділігін бағалау.

Бұрғылау шламдарын өңдеу, оны екіншілік шикізат ретінде қолданудың әдістері мен тәсілдерін жасақтау, қондырғылар түрлерін құру бойынша патенттік ізденістер жүргізілді. Оның нәтижесінде бұрғылау шламдары бойынша ең көп зерттеулер жүргізілген, соның нәтижесінде технологиялық және жабдықтық патенттелген жасақтамалар ұсынған елдер бойынша статистикалық көрсеткіштер 2-кестеде келтірілген. Мәліметтер 1984 - жыл мен 2010 - жылдар аралығындағы жұмыстарды қамтиды және утилизациялау практикалық түрде өнеркәсіптік сынаққа дейін жеткізілген. Бұл кестеде көрсетілгендей ең жоғары көрсеткіштер АҚШ және Ресейдің үлесінде. Технологиялар саны бойынша АҚШ-да патенттік ұсыныстар саны 30 болса, Ресейде технология екі еседей төмен – 14-ті құрайды. Бұрғылау шламдарының қондырғылар саны екі елде де бір ғана бірлікке ие, Ресейде - 9, АҚШ-да - 10. Одан кейінгі жоғары патенттік орынды Қытай және Канада мемлекеттері,

Германия мен Жапония елдерінің үлесінде патенттелген бір қондырғыдан бар екендігін көруге болады.

Кесте 2. – Бұрғылау қалдықтары мен шламдарын кәдеге жаратуды жасақтаған елдер бойынша мәліметтер

Мемлекеттер	Ресей	АҚШ	Жапония	Германия	Қытай	Канада
Технологиялар саны	14	30	-	-	4	4
Қондырғылар саны	9	10	1	1	-	-

Өндірістік қолдануға ұсыну сатысында жеке жоспарлар мен міндеттерді анықтау мерзімдік-қаржылық ресурстарды қажет етеді. Сондықтан өңделген бұрғылау шламдарын екіншілік шикізат ретінде қолдану әдістері де әртүрлі болуы мүмкін, яғни шламды жеке күйінде немесе композициялық материалдың құрамына кіретін қоспа түрінде қарастыруға болады.

Мұнай шламдарын өңдеу процестері – бұл күрделі ғылыми-техникалық мәселе болып табылады және өңдеу мақсаты, мұнай шламдарының физика-механикалық сипаттамалары, зияндылығы, агрегаттық күйі, жасы, тау-геологиялық және жер қыртысына, климаттық жағдайға байланысты түрлі қондырғыларды қолданумен технологиялық әдістермен жүргізіледі [2].

Мұнайды өндіру қалдықтарын заласыздандырумен салыстырғанда оларды амбарларға орналастыру қоршаған ортаға шығарылатын меншікті шығыны 64 есе, ал полигондарға орнатуға байланысты 41,7 есеге дейін төмендетеді.

Мұндай қалдықтарды залалсыздандыру әдістері және технологиялардың әр түрлі болуына қарамастан екі түрлі бағытты ажыратуға болады: а) қажетті компоненттерді алдын ала бөлусіз залалсыздандыру әдістері; б) ресурстық потенциал (екіншілік шикізат) ретінде қалдықтарды қолдануға негізделген және құнды мұнай өнімдері, басқа да компоненттер алуға мүмкіндік беретін әдістер. Бұл жағдайда мұнай өнімдерін бөліп алғаннан кейінгі қалдық экологиялық зиянсыз болып саналады, сондықтан қауіпсіз қолдануға мүмкін болып табылады. Мысалы, бұрғылау және мұнай шламдары негізінде түрлі құрылыс материалдарын өндіруге қолдануға болады [3].

Бұрғылау шламдарының барлық компоненттерінің токсикологиялығы белгілі [4; 5], бірақ оларды утилизациялау әдістерін практикада қолдану үшін тұтас шламның токсикологиялық көрсеткіштерін білу қажет. Осыған сәйкес 3-кестеде Башқұртстан мұнай кен орны типтік бұрғылау шламының құрамын экологиялық-токсикологиялық зерттеу нәтижелері келтірілген. Шламның құрамы бұрғылау ерітіндісінің және бұрғыланған жыныстардың компоненттерімен анықталады. Бұрғылау үшін саздық ерітінді дайындауда көптеген материалдар мен химиялық реагенттер қолданылады: саздық материалдар, Na-карбоксиметилцеллюлоза (Na-КМЦ), крахмал, ЛПЭ-11 типті бактерицид (уротропиннің төртіншілік тұзы және металлилхлорид), натрий карбонаты, күйдіргіш натр, майлағыш қоспалар және т.б.

Кесте 3. – Бұрғылау шламының құрамын зерттеу нәтижелері

№	Компоненттер атауы (қалдықтағы қосылыстар)	Жалпы құрамы (құрғақ үлгі)		Қоршаған ортаға қауіптілік класын есептеуге арналған көрсеткіштер (ылғал қалдыққа қайта есептеу)	
		мг/кг	% масс.	мг/кг	% масс.
1	Мыс (оксид)	44,40	0,0044	10,66	0,00107
2	Қорғасын(оксид)	7,70	0,00077	1,85	0,000185

3	Кадмий (оксид)	0,25	0,000025	0,06	0,000006
4	Мырыш (оксид)	55,00	0,0055	13,20	0,00132
5	Марганец (оксид)	702,00	0,0702	168,48	0,01685
6	Хром (оксид)	22,00	0,0022	5,28	0,00053
7	Кобальт (оксид)	12,00	0,00120	2,880	0,00029
8	Никель (оксид)	65,00	0,0065	15,60	0,00156
9	Күшән (оксид)	12,00	0,0012	2,8800	0,00029
10	Темір (оксид)	28947,00	2,8947	6497,28	0,695
11	Натрий (хлорид)	111,00	0,0111	26,64	0,003
12	Натрий (оксид)	28800,00	2,88	6912,00	0,69
13	Калий (оксид)	1009,00	0,101	242,16	0,0242
14	Кальций (сульфат)	736,00	0,074	176,64	0,0177
15	Кальций (оксид)	11450,00	1,145	2748,00	0,275
16	Сульфаттар	1763,96	0,176	-	-
17	Хлоридтер	171,29	0,017	41,11	0,004
18	Мұнай өнімдері	19020	1,902	4564,80	0,4565
19	Сынып	0,050	0,000005	0,0100	0,000001
20	Жалпы күкірт, сонымен бірге			4872,00	0,487
21	Сульфидті	19712,07	1,971	-	-
22	Алюминий (оксид)	94328,50	9,433	22638,84	2,264
23	Кремний (оксид)	238600,00	23,860		5,726
24	Ванадий (оксид)	45,79	0,0046	10,99	0,00110
25	Оксидтердегі, сульфаттардағы және т.б. оттек	383299,58	38,33	57264,00	9,23
26	Карбоксиметилцеллюлоза	61020,00	6,10	14644,80	1,46
27	ЛПЭ-11 типті бактерицид	11465,00	1,15	2751,60	0,28
28	Уротропин	3210,20	0,32	770,45	0,08
29	Металлилхлорид	8254,80	0,83	1981,15	0,20
30	Крахмал	98600,00	9,86	23664,00	2,37
31	Сулы сүзіндінің сутектік көрсеткіші	9			
32	Күлділік	73,00%			
33	Сулы сүзіндінің ОХҚ	917 мг/дм^3			

Есептеу нәтижелері бойынша бұрғылау шламдарының қоршаған табиғи ортаға зиянды әсерінің дәрежесі төмен, қауіптілік класы - IV (аз қауіпті зат).

Алдын ала залаласыздандырылған бұрғылау шламын құрылыс материалдары өндірісінде қолдануға болады - кірпіш, керамзит, ұсақөлшемді құрылыс бұйымдары және т.б.

Утилизация өнімдерінің мүмкін номенклатурасы төменде көрсетілген:

Ұсақөлшемді құрылыс бұйымдары:

- МЕМСТ 6133-84 бойынша шлакоблоктар;
- МЕМСТ 17608-91 бойынша тротуар плиткалары;
- МЕМСТ 6665-91 бойынша бордюрлік тас;
- МЕМСТ 23558-94 бойынша байланыстырғыш қоспалар;
- Түйіршіктелеген толықтырғыш.

Сынамалар алу және сынаудың физикалық әдістеріне қойылатын жалпы талаптар және мұнай және мұнай өнімдері МЕМСТ 2517-85 құжатына сәйкес жүргізілді. Сынама алу кезінде алдын ала сынама алу орны және үлгілер алу нүктесі келісіліп, анықталды.

Бұрғылау шламдарының топтық - көмірсутектік және элементтік құрамы, физика-химиялық қасиеттерін анықтау және радиологиялық сынау зерттеудің химиялық, физика-химиялық және арнайы сынақ әдістері көмегімен жүзеге асырылды.

Табиғи радионуклидтердің меншікті тиімді белсенділігі материалдар және құрылыс бұйымдары МЕМСТ 30108-94 құжатының талаптарына сәйкес анықталды. Берілген стандартты таңдау осы ғылыми-зерттеу жұмысының келесі сатыларында бұрғылау шламын құрылыс материалдары үшін қолданумен байланысқан зерттеулер жүргізілді.

Бұрғылау шламдарын кәдеге жаратудың кешенді тәсілі арқылы қолдану технологиясын жасақтау студенттермен бірге зерттеу жұмыстарын жоғарыда келтірілген әдістеме көмегімен жүргізіп, зертханалық сынақтың негізінде оң нәтижелер алынып, жартылай өнеркәсіптік енгізу жұмыстарымен жалғастырылды:

1. Зертханада және тәжірибелік далалық жер бөлігінде жүргізілген ғылыми зерттеулер нәтижесінде термомеханикалық өңдеуден кейінгі мұнай негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің карбонатты бұрғылау шламынан минералды материалды орман шаруашылығы, жол құрылысы салаларында СНИП РК 3.03-09-2006 Архитектура, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер. Автомобиль жолдары. Астана, 2007.06.01. талаптары бойынша қолданудың альтернативті әдістері негізделді және жасақталды.

2. Тәжірибелік далалық жер бөлігінде (Орал-Атырау бағытына сәйкес автомобиль жолында оң жақ бойында Орал қаласынан 36 шақырым жердегі Үлкен Шаған ауылының жанында, орман жолағы ұзындығы 620 м, ені 4 м, Ақсай-Приуральное автомобиль жолы жиегінің екі жағынан 4 - және 5 - километр аралығындағы ұзындығы 660 м-ден, ені 1,5 м,) термомеханикалық өңдеуден кейінгі мұнай негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің карбонатты бұрғылау шламынан минералды материалды орман шаруашылығында минералдандырылған өртке қарсы жолақ үшін топырақтың беткі қабатына қоспа ретінде және автомобиль жолының жиегін бекіту үшін карбонатты бұрғылау шламы, қиыршық тас және құм-гравийлік қоспа негізіндегі композициялық материалдар құрамында материал ретінде кәдеге жаратудың альтернативті әдістері орнатылды және енгізілді.

Әдебиеттер:

1. Обоснование соответствия системы обращения с отходами и технологии их переработки на КУО (Эко Центр), как наилучших доступных технологии, реализуемых на КНГКМ.- ТОО "Эко - Астана НР". – Астана, 2010. – 208 с.

2. Использование отработанных буровых растворов в Техасе (США) // ЭИ Бурение: Зарубежный опыт. – 1983. – №4. – С. 14-15.

3. КагармановН.Ф., Бочкарев Г.П., Андресон Б.А. Утилизация отработанных буровых растворов // Безопасность труда в промышленности. – 1982. – №4. – С. 9-11.

4. Шишов В.А., Шеметов В.Ю. Об отверждении буровых растворов и шлама портландцементом // Тр. ВНИИКР нефти, 1982. – С. 105-115.

5. Минигазимов Н.С., Расветалов В.А., Минигазимов И.Н., Тарраф А. Методы утилизации отработанных буровых растворов и бурового шлама // Техника и технология утилизации нефтяных отходов. – 2010. – С.-255-270.

***

Кунашева З.Х., Шамилова А.Ж., Ержанова Н.С.

Методика разработки технологии комплексного подхода утилизации буровых шламов при организации научно-исследовательских работ студентов

В статье приведены проблемы разработки способов переработки буровых отходов, образованных при добыче нефти и газа, при дальнейшем использовании их в качестве вторичного материала. Проведен обзор научно-технических литератур и патентный поиск последних лет, они обобщены и проанализированы. Показана необходимость предварительной подготовки методики разработки в соответствии с требованиями к научно-техническим продуктам, для получения ожидаемого результата проводимых работ системного исследования и проектирования в целях переработки и утилизации буровых шламов. Определены необходимые задачи для достижения ожидаемых результатов, приведены выполняемые работы для систематизированного и подробного изучения разработки технологии комплексной утилизации буровых шламов.

Ключевые слова: Методика, буровой шлам, утилизация, обезвреживание, технология, утилизация, термический метод, минеральный материал, композиционный материал, лабораторное испытание, полупромышленное испытание.

Kunasheva Z., Shamilova A., Erzhanova N.

The methodology of the technology complex approach utilization of drill cuttings in the organization of research work of students

The article presents the problem of the development of methods of drilling waste treatment, formed by the development of gas production, their use as a useful material. Scientific and technical literature and patent review work in recent years, designed to these problems are summarized and analyzed. Need of preliminary preparation of a technique of development according to requirements to scientific and technical products, for receipt of the expected result of the carried-out works of a system research and designing for the purpose of boring slimes is specified. Necessary tasks for achievement of the expected results and the systematized and detailed studying of development of technology complex utilization of drilling cuttings are found, and the performed works are given.

Keywords: Method, drilling cuttings, utilization, neutralization, technology, utilization, thermal method, mineral material, composition material, laboratory test, semi-industrial test.

***

ӘОЖ 378.147:37.031,4 = 512.122

Самашова Г.Е. – п.ғ.к., доцент,
Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті
E-mail: *gsamash74@mail.ru*
Төлеуқұл А.А. – магистрант, Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, ***e-mail:*** *aitolkyn_1302@mail.ru*

МЕМЛЕКЕТТІҢ ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ КӘСІПОРЫНДАРЫНА АРНАЛҒАН ЖҰМЫСШЫ КАДРЛАР ДАЯРЛАУДАҒЫ МОДУЛЬДІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа. *Мақалада Қазақстан Республикасы Мемлекеттік индустриалды-инновациялық даму бағдарламасының кәсіпорындарына арналған жұмысшы кадрларды даярлау шеңберінде модульді оқыту бағдарламасының мәні мен оны жүзеге асырудың мүмкіндіктері және болашағы қарастырылады.*

Тірек сөздер: *Кадрлар даярлау, оқыту технологиясы, дуалды оқыту, модуль, модульді оқыту, құзыреттілік, бағалау, критериалды бағалау, формативті бағалау, суммативті бағалау.*

Заманауи өндіріс нарықтық қатынастар жағдайында жұмысшы кадрларға, оларды дайындау жүйесіне жоғары талаптар қояды. Ғылыми-техникалық прогресс барысында бір мамандықтар жойылып, басқалары жаңадан пайда болады. Еңбек ырғағы жеделдетіледі, техникалық құралдар өзгереді.

Өнеркәсіп саясатының кезең-кезеңімен дамуы мақсатында 2014 жылдың 1 тамызында Қазақстан Республикасы Президентінің №874 Жарлығына сәйкес 2015-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік индустриалды-инновациялық бағдарлама бекітілді [1]. Қазақстан Республикасының 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы (МИИДБ) ұзақ мерзімді «Қазақстан-2050» Стратегиясының басымдығына, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі «Экономиканы әртараптандыруды жеделдету» Стратегиялық даму жоспарының маңызды бағыттарын жүзеге асыруға, Қазақстанның дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру Концепциясына, сондай-ақ шетелдік инвесторлар Кеңесінің Қазақстан Республикасының Президентімен өткен XXVI пленарлық отырысында Мемлекет басшысының тапсырмасы және Қазақстан Республикасының Президентінің 2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауының даму шеңберінде жасалған [2].

Осының барлығы МИИДБ-ның кәсіпорындарына арналған жұмысшы мамандар даярлауға деген жаңаша көзқарас қажеттілігін тудырады. Еліміздің кәсіптік және техникалық білім беру жүйесі өзінің өмір сүру уақытының барлық кезеңдерінде заманының талабына сай маман даярлау жұмысымен шұғылданып келеді. Соның ішінде модульді оқытудың алатын маңызы зор.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде білім беру үрдісі мен мамандарды даярлау үрдісін жаңғырту жүріп жатыр, бұл өз кезегінде құзіреттілік негізде құрастырылған кәсіптік стандарттардың енгізілуімен де байланысты.

Кәсіптік стандарттардан шығатын білім беру нәтижесіне (құзіреттілік) қол жеткізу құралы оқытудың модульді бағдарламасы болып табылады.

Шетел және қазақстандық ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді саралай отырып, модульді оқытудың бастамасы XX ғасырдың 70-жылдарына қатысты екені байқалды. Халықаралық Еңбек Ұйымы (ХЕҰ) өздерінің жеке зерттеулері мен әлемдік тәжірибені жалпылай отырып кәсіптік оқытудың тиімді жүйесі «Modules Employable Skills»-ді жасап шығарып, әлемнің көптеген елдерінде сәтті енгізіп жатыр. Қазақ тіліне аударғанда бұл жүйенің атауы Еңбек Дағдыларының Модулі (ЕДМ) деген мағына береді.

Модульді оқытудың негізін салушылардың бірі Дж. Рассел модульді оқу материалының концептуалды бірлігін қамтитын және оқушы тұлғалардың іс-әрекеті алдын-ала белгіленген оқу пакеті деп анықтайды (1971).

Боб Мансфилд, Герман Шмидт және Ларс Андерсондардың пікірінше, модуль – студентке нақты анықталған мақсатқа жетуге көмектесу үшін арналған оқу іс-әрекетінің жоспарланған түрінің жеке, тәуелсіз бірлігі (1972).

Г. Оуенс модульдің құрамына педагог, оқушылар, оқытушы мен оқушыларға жекелеп оқыту мен олардың өзара қарым-қатынасын жүзеге асыруға көмектесетін оқу материалы мен құралдарының тұйық білім беру кешені деп түсінген (1975) [3].

Заманауи зерттеуші П.А. Юцявичене модульді «Алға қойған дидактикалық мақсаттарға жетуді қамтамасыз ететін, өз ішіне оқу материалының логикалық аяқталған бірлігін, іс-әрекеттердің мақсатты бағдарламасын және әдістемелік басқарманы біріктіретін ақпарат блогы», - деп анықтайды.

Т.И. Шамованың сипаттауы бойынша «Модуль - бұл функционалды мақсатты түйін: оқыту мазмұны мен оны игеру технологиясы. Осылайша, модуль іс-әрекеттің

мақсатты жоспарынан («функционалдылық»), ақпарат банкінен («оқыту мазмұны») және қойылған дидактикалық мақсаттарға жету бойынша әдістемелік басқарудан («технология») тұрады» [4].

Модульді оқыту жүйесінде орталық түсінік «модуль» түсінігі болып табылады. ЮНЕСКО-ның анықтамасына жүгінсек, модуль – «тыңғылықты танысу мен жаттығуларды өз жылдамдығыңмен тізбектеп оқып-білу жолымен бір білікті немесе біліктер тобын игеру мақсатымен жекелеп немесе топпен оқып-білуге арналған тұйықталған оқыту пакеті».

«Модуль» (латынша Modul) түсінігінің этимологиясы мен семантикасы: функционалдық түйін [5].

Модульдің басты ерекшелігі - оның дербестігі, қандай да бір процесті, құбылысты тәуелсіз бірлік ретінде қарастыра алуы, оның мағыналық түйінделуі. Бірақ, модуль белгілі бір жүйенің (техникалық құрылғы, ұйымдардың) бөлігі болып табылады. Сондықтан, модульге басқа модульдермен, жүйе элементтерімен байланысы да жатады. Модуль іштей дербес, сырттай бағынышты, ол - жүйе онсыз әрекет ете алмайтын маңызды буын. Модульдердің құрылуы үшін негіз болып пәннің жұмыс бағдарламасы пайдаланылады. Модуль пән атымен немесе өзара байланысты тақырыптар блогымен жиі сәйкес келеді. Бірақ, модульде барлығы өлшеніп, бағаланады: тапсырма, жұмыс, оқушылардың сабаққа қатысуы, оқушылардың бастапқы, аралық және қорытынды деңгейі. Модульде оқыту мақсаты, берілген модульді оқудың тапсырмалары мен деңгейлері нақты анықталған, оқушының игеретін дағдылары көрсетілген. Модульді оқытуда барлығы алдын-ала бағдарламаланған: оқу материалын игеру тізбектілігі, негізгі ұғымдар, игерілуі қажет дағдылар мен іскерлік, игеру деңгейі мен игеруді бақылау. Модульдер саны пәннің өз ерекшелігіне, сонымен қоса оқытудың сәйкес жиілік бақылауына байланысты [4].

Модульді оқытудың мақсаты мазмұны бойынша да, сонымен қатар адамның дәл қазіргі кездегі сұраныстарын қанағаттандыруға кепілдік беретін және де жаңа, кейіннен пайда болуы мүмкін қызығушылықтарын анықтайтын оқытуды ұйымдастыру бойынша білім беру құрылымдарын жасап шығару болып табылады.

Кәсіптік даярлау жүйесіндегі модульді оқытудың мәні жекелеген модульдерден (модульді бірліктерден) тұратын және де өз ішіне іс-әрекет жоспары, ақпараттар блогы, оқыту мақсатына қол жеткізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды біріктіретін жеке бағдарламаны игеру бойынша оқушының өзіндік жұмысына көп қатысты болып келеді. Мұндай жағдайда педагогтың қызметі бақылау, ақпаратты меңгеру бойынша іс-әрекет координациясына кеңес беру болып табылады.

Әлемдік тәжірибеден модульді бағдарламаларды құрастырудың әр түрлі әдістемесі мен сызбаларының бар екендігін көреміз. Бірақ та олардың барлығы бірыңғай логикаға бағынады. Бұл логиканың мәні мынада: әрбір бағдарламаның негізі оқыту үрдісі кезінде қол жетуі тиіс және еңбек нарығының талаптарына, яғни мамандық шеңберіндегі қызмет талаптарына сәйкес келетін оқу нәтижелері болуы керек.

Осы кезеңге дейінгі уақыт көрсетіп келгендей кәсіптік колледж түлектері жұмысқа орналасу қиындығын бастан кешірді, кейбір мамандықтар сұранысқа ие болмай оларды мемлекетіміз тарапынан қайта даярлау бағдарламасы бойынша оқытуға тура келді. Осындай өзекті мәселе түйінін шешуде модульді оқыту жүйесі – жұмысшы кадрлар даярлаудың тиімді, әрі жаңаша тәсілі болып табылады.

Модульді оқыту арқылы жұмыс беруші талабын қанағаттандыратын кәсіби техникалық кадрлар даярланады және оларды даярлау әлемдік деңгейге дейін көтерілмек. Бұл орайда әлеуметтік серіктестік маңызды рөл атқаруы тиіс, яғни нақты өндіріс мекемесі өзіне қажетті маман даярлауға қызығушылық танытып, атсалысуы тиіс, яғни өзіне қандай құзіреттіліктерді меңгерген маман керектігін білуі тиіс. Соған байланысты модульді бағдарлама нәтижесі де жұмыс берушінің талаптарына сай құрастырылады. Жұмыс берушілермен ынтымақта болу – оқушылардың өндіріске қажетті білім, білік дағдыларын және еңбекке орналасуға деген икемділігін арттыру деген сөз.

Кәсіптік және техникалық білім беретін оқу орындарында бұған дейін дуалды оқыту жүйесімен жаңашылдық басталған болатын. Тәжірибенің жетіспеушілігі қазіргі таңда көптеген түлектер алдындағы негізгі мәселе болып табылады. Яғни, дуалды оқыту – мамандар даярлаудың ең тиімді тәсілі. Тиімділігі алынған теориялық білім оқу шеберханаларында өтетін тәжірибелік жұмыстармен және де өндірістік оқыту кезінде бекітілетіндігінен көрінеді. Бүгінгі оқу аудиториясында айтылған сөз ертеңгі күні кәсіпорында қолданылады. Білім берудің дуалды жүйесі дегенде белгілі бір кәсіп бойынша жастарға білім беру екі оқу орнында өтетін кездегі жүйе ұғынылады, яғни екі мекеме білім беруге қатысады. Бір жақтан бұл кәсіптік мектеп, ал басқа жақтан – оқытатын кәсіпорын. Екі мекеме де бір-біріне қатысты тәуелсіз әріптестер болып табылады. Практикалық (өндірістік) бөлім оқу уақытының үштен екі бөлігін, ал мектеп (кәсіптік-теориялық) бөлімі оқу уақытының үштен бір бөлігін құрайды.

Оқытудың дуалды жүйесін пайдалану тәжірибесі дәстүрлі жүйемен салыстырғанда мынадай артықшылықтарды көрсетті [6]:

1)мамандарды даярлаудың дуалды жүйесі оқытудың дәстүрлі нысандары мен әдістерінің негізгі кемшілігін жояды – теория мен тәжірибе арасындағы ауытқу;

2)дуалды даярлау жүйесінің механизмінде маманның тұлғасына деген ықпал, болашақ жұмыскердің жаңа психологиясын құру салынған;

3)дуалды оқыту жүйесі білімдерді алудың және жұмыста дағдыларды иеленудің жоғарғы уәждемесін жасайды, сондықтан білім сапасы жұмыс орындарындағы қызметтік міндеттерді орындаумен тікелей байланысты;

4)тапсырыс берушімен тығыз байланыста жұмыс істейтін оқу мекемесі оқу барысында болашақ мамандарға қойылатын талаптарды ескереді;

5)дуалды оқу жүйесі жақын жылдарда Қазақстанның кәсіптік оқуында кеңінен қолданылуы мүмкін.

Басқаша айтқанда, дуалды жүйе бірден екі мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік береді, яғни оқу процесінде теориялық та, практикалық та даярлықты қосуға мүмкіндік береді. Білім алушылар оқумен бір уақытта таңдаған кәсіпті тікелей өндірісте меңгереді, яғни бірден екі жерде оқиды: аптасына 1-2 күн мектепте, қалған уақытта – кәсіпорында.

Қазақстанда Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша индустрияландырудың қажеттілігін ескере отырып, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту процесі басталды. Халықаралық тәжірибе негізінде Техникалық және кәсіптік білім беруде (ТжәнеКББ) дуалды оқыту жүйесін қалыптастыру басталуда. Білім және ғылым министрлігі дуалды оқу жүйесін (ДОЖ) әрі қарай дамыту мақсатында оны қолдануға болатын мамандықтардың тізілімін, сондай-ақ ДОЖ енгізу бойынша әріптес дайын болуға, негізгі кәсіпорындардың тізілімін айқындауды ұсынады. Дуалды оқыту жүйесінің әлеуеті кадрлардағы қажеттілікті бағалауға, сондай-ақ оны ұзақ мерзімді кезеңге жоспарлауға мүмкіндік береді.

Дуалды оқытудың мәні оқу орнындағы теориялық оқыту мен кәсіпорындағы тәжірибелік оқытудың үйлесімі болып табылады. Білім берудің дуалды оқытуы арқылы студенттер өз мамандықтары бойынша терең білім мен білікке ие болады, яғни өздерінің оқу уақыттарының жартысын болашақта өздері жұмыс істейтін кәсіпорында өткізеді. Бұл дегеніміз - студенттерге материалды игеруге ғана емес, сонымен қатар нақты кәсіптік білік алуға және болашақ еңбек ұжымымен жақсы байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы айтқандай: «Студенттің дәл сол жерде қалуы міндет емес, сол игерген мамандығымен басқа өндіріс орындарында да жұмыс істей алады» [6].

Енді алдағы уақытта дуалды оқыту жүйесінен басталған осы жаңашылдық модульді-құзыреттілік тәсілде оқытумен жалғасын табуда. Демек, Елбасының «Қазақстан Республикасында тегін кәсіптік және техникалық білім беру жүйесін енгізу туралы» тапсырмасы да осы жылдан бастап жүзеге асырылмақ. Яғни, бүгінде

әлем бойынша озық тәжірибелерді пайдалана отырып, қолданыстағы оқытудың жаңа үлгідегі бағдарламалары негізінде колледж түлектері өз мамандықтарына жақын үш жұмысшы біліктілігін алу мүмкіндігін иеленетін болады. Мысалы, «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша алдымен «аспаз», «кондитер» және «нан пісіруші»; «Ғимараттар мен құрылыстардарды салу және пайдалану» мамандығы бойынша алдымен «тас қалаушы», «сылақшы» және «бояушы» жұмысшы біліктіліктерін алу міндетті болады. Бұл дегеніміз, бұрынғыдай бір ғана мамандықпен шектелмей, дипломмен қоса үш мамандықтың біліктілігін алып шыққан колледж түлегінің жұмысқа орналасу мүмкіндігі өсетін болады.

Оқу циклі ретінде ұдайы қайталанатын оқу модулінің өз құрылымы бар. Ол үш бөлімнен тұрады.

Кіріспе бөлім (модульге, тақырыпқа ену).

Сұхбат бөлімі (көбінесе сұхбаттасу, диалогты қарым-қатынас арқылы студенттердің танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру).

Қорытынды бөлім. Бақылау жұмысын алу.

Әрбір оқу модуліне сағат саны әртүлі. Бұл оқу бағдарламасы бойынша тақырыпқа, тақырыптар тобына, тарауға бөлінген сағат санына байланысты.

Оқу модулін құрудың тағы бір ерекшілігі – мұғалімнің даярлық жүйесі. Мұғалім бір оқу модуліне бөлінетін сағат санын анықтап алғаннан соң, оның мақсатын, мазмұнын және нәтижелерін, сондай-ақ осы модуль сабақтарын ұйымдастырудың формасын ойластырып, оқу модулін құрайды [7].

Кіріспе бөлімінде оқытушы сутеденттерді оқу модулінің жалпы құрылымымен, оның мақсат-міндеттерімен таныстырады. Сонан соң оқытушы осы модулінің барлық уақытында есептелген оқу материалын қысқаша сызба, кесте және т.б. белгілік үлгілерге сүйене отырып түсіндіреді. Тақырып мазмұнына (тұтас тақырып немесе тарау бойынша) «өсу» бағытымен -қарапайымнан күрделіге, репродуктивтік тапсырмалардан шығармашылық сипаттағы тапсырмаларға, зерттеушілік қызмет элементтеріне қарай бірнеше мәрте қайта оралып отыру әр студентке оқу материалымен жұмыс істей отырып, өз қабілеттерін, жадын, ынтасын, ойлауын, ауызша және жазбаша тілін дамытады.

Сұхбаттасу бөлімінде алғашында оқу материалын қайта жаңғырту және қарапайым білік пен дағды қалыптастыру мақсатында кейінен алынған білімді талдау, жинақтау және бағалау мақсатында оқытудың белсенді формалары қолданады. Оқу модулінің сөйлесу бөлімі тарауды тұтас оқып үйренудің екінші операционалдық - танымдық кезеңнен іске асыру болып табылады.

Модульді оқытуда берілген модуль бойынша оқу, тыңдау, жазу, сөйлеу әрекеттерін меңгеру шегіне жету үшін, кем дегенде, әрбір студентке үш деңгейлік тапсырмадан өз қалауынша өтуге мүмкіндік беріледі.

Бұл бөлімнің сабақтарын жоспарлағанда оқытушы студентгердің өзара сөйлесуін қамтамасыз етуге баса көңіл аударады. Оқытушының сөйлесу бөлімін дайындаудағы бес әрекет-қадамнан тұратын даярлық құрылымы қалыптасады:

1. Модульдің сөйлесу бөліміндегі материалдың негзгі мазмұнын белгілеу.
2. Оқу материалын біртұтас, жинақы, «өсу» бағытымен беру.
3. Тақырып бойынша жеңілдететін деңгейдегі және білім стандартының талаптарын қамтамасыз ететін деңгейдегі тапсырмалар дайындау.
4. Осы бөліктің сабақтарында өзара сөйлесуді қамтамасыз ету.
5. Студенттердің пәнге қызығушылығын дамытуға арналған шығармашылық сипаттағы материал дайындау.

Қорытынды бөлім – тарауды немесе тақырыпты оқытудың тұтас циклін анықтайтын соңғы бөлімі. Ол студенттердің сөйлесу бөліміндегі танымдық қызметі барысында қалыптасқан білім, білік , дағдыларын бақылауға, тексеруге және бағалауға арналған. Осы бөлімде студенттер өз қызметін талдайды – яғни, баға алады, бұл сонында әр студенттің танымдық қызметінің жалпы оқу нәтижесін анықтайды [7].

Оқу модулінің қорытынды бөлімі – бақылау. Қорытынды бөлімінде бақылаудың бірнеше түрі бар.

Біріншісі, міндетті – тестілеу. Екіншісі, оқытушының өз таңдауы бойынша сынақ, бақылау жұмысы. Біз екі немесе одан да көп бақылау түрлерін қолдану қажет деп есептейміз.

Модульді оқытуда әр студент өзінің немен және қалай шұғылдануы тиіс, сабақ барысында не істеуі керек екенін анық біледі және оған қатысты керек материалдармен, тәсілдермен міндетті түрде қамтамасыз етіліп отырады. Студенттерге бірін-бірі тексеру, бағалау еркіндігі беріледі.

Студенттердің оқу жетістіктерін объективті және нақты бағалау жүйесі білім беру мазмұнының ең бір маңызды бөлігі болып табылады.

Бағалау – оқудың аралық және қорытынды кезеңдерінде оқушының оқу үлгерімі туралы ақпаратты жинау және саралаудан тұратын оқу үрдісінің қажетті компоненті [6].

Бағалау мақсаты, міндеттері, объектісі, ұстанымдары, әдістері, формалары және құралдары оқу үрдісінің барлық субъектілеріне – оқу мекемесінің әкімшілігі, оқытушылары, ата-аналар және студенттерге түсінікті болуы қажет.

Бағалау жүйесі – бұл білім сапасы мен оның әлемдік стандартқа сәйкестігін анықтауға, білім беру саласындағы заманауи талаптарға сай болмаған жағдайда оқыту стратегиясы мен тактикасы бойынша түбегейлі шешім қабылдауға, білім мазмұнымен қатар оқыту нәтижесін бағалау формаларын жетілдіруге мүмкіндік беретін оқу жетістіктерін өлшеу мен оқыту проблемаларын диагностикалаудың негізгі құралы.

Бағалау үрдісін қайта қарастырудың өзектілігі білім берудің заманауи стратегиялық талаптарымен, халықаралық стандарттар мен білім беру сапасына қойылатын заманауи талаптарды ескере отырып білім беру деңгейін жоғарлату керектігімен, оқу нәтижесінің объективтілігін және шетелдерде қазақстандық оқу орнын бітіруші түлектің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында студенттердің оқу жетістіктерін бағалауға деген бірыңғай талапты әзірлеу қажеттігімен анықталады.

Барлық кезде білім мен біліктерді тексерудің әртүрлі әдістері болды. Тарихи даму барысында формалары, баға қою әдістеру, бақылау шараларын өткізу жиілігі мен оның мазмұны, студенттерге әсер ету шаралары, мотивациялық элементтер және басқа да факторлар өзгерді.

Көптеген жылдар бойы бағалау бір оқушының оқу жетістігін басқа оқушылардың жетістігімен салыстыру болып табылды және мұндай бағалау түрінің келесідей кемшін тұстары болды:

- оқушыға, ата-анаға және педагогқа түсінікті оқу жетістіктерін бағалаудың нақты критерийлерінің жоқтығы;
- педагог бағаны әр студенттің нәтижесін оқу жетістігін бағалаудың ортақ бірыңғай критерийіне қарап емес, топтың жалпы білім деңгейіне қарай қояды;
- студенттерге қойылатын баға оқу бағдарламасының жекелеген тараулары бойынша нақты қандай деңгейде білім, білік, дағдыларын игергендігін көрсетпейді, бұл дегеніміз әр студенттің жеке оқу траекториясын анықтауға мүмкіндік бермейді;
- қорытынды баға қояр кезде аралық баға ғана ескеріледі, бұл оқудың соңғы нәтижесін алудың объективті жолы болып табылмайды;
- оқу үрдісі кезінде студент пен оқытушы арасында оперативті байланыстың жоқтығы студенттің оқуға деген мотивациясына кері әсерін береді.

Осы аталған мәселелерді шешу үшін ТжәнеКББ мекемелерінде оқытудың мақсат, міндеттері және күтілетін нәтижелеріне сәйкес студенттердің оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа жүйесін әзірлеп енгізу қажет.

Жаңартылған білім парадигмасының, модульді-құзіреттілік тәсілге негізделген білім бағдарламаларының пайда болуы жүйелі, пәнаралық (модульаралық) сипаттағы оқушылардың оқу-танымдық құзіреттілігінің қалыптасуына әсер ететін оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың бірыңғай технологиясын іздестіруге әкеледі.

Бағалаудың әртүрлі тәсілдерінің пайда болуы, сөзсіз құзіреттілік тәсілдің, жеке тұлғаға бағдарланған, дамыта оқытудың негізделген жалпыпедагогикалық концепциясының анықталуына ықпал етті. Мұның барлығы бағалау жүйесінің дамуындағы заманауи тенденцияларын анықтады және оқушылардың жеке жетістіктерін қажетті құзіреттіліктердің қалыптасу деңгейін нақты бағалау критерийлерімен салыстыруға негізделген критериалды бағалау технологиясының пайда болу қажеттілігін тудырды.

Критериалды бағалау – бұл оқушылардың оқу жетістіктерін білім берудің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, студенттердің оқу-танымдық құзіреттілігін қалыптастыруға әсер ететін, нақты анықталған, ұжыммен шешілген, білім беру үрдісінің барлық қатысушыларына (студенттер, оқу мекемесінің әкімшілігі, ата-аналар, заңды өкілдер және т.б.) алдын-ала белгілі білім нәтижелерімен салыстыруға негізделген үрдіс.

Критерий – белгілі бір заттың анықтамасы немесе классификациясын бағалау жүргізілетін бағалау өлшемі немесе белгісі. Критерийлер оқу тапсырмасын орындау нәтижесі идеалды түрде қандай болу керектігі нақты көрінетін (белгілі бір жұмыс түрі үшін) дескрипторлармен сипатталады, ал дескрипторға байланысты бағалау – оқушының аталған мақсатқа жақындау деңгейі [7].

Критериалды бағалау оқу бағдарламасының мазмұнына, бақылау шараларының формасына, студенттердің жеке психологиялық-педагогикалық ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылады; студенттердің оқу жетістіктерін бағалаудың аралық және қорытынды бақылауды бірыңғай қолданудан тұратын формативті және суммативті бағалаулардың бірлігі негізінде.

Формативті бағалау – сабақта немесе үйде күнделікті жұмыс кезінде білім мен біліктерді игеру деңгейін аралық анықтау, оқу үрдісі кезінде оқытушы мен оқушының өзара қарым-қатынасын жедел жүзеге асыру. Бұл оқушыларға жаңа материалды игеру кезінде тапсырманы қаншалықты дұрыс орындап жатқандығын және оқытудың мақсаты мен міндеттеріне қаншалықты жетіп жатқандығын түсінуге үмкіндік береді.

Суммативті бағалау – оқу тақырыбының бір блогын игергеннен кейін білім мен біліктердің қалыптасу деңгейін анықтауға арналған бағалау. Суммативті бағалау әртүрлі қорытынды жұмыс түрлерін (тест, бақылау жұмысы, жоба және т.б.) орындау нәтижесі бойынша жүргізіледі. Қорытынды жұмыс үшін қойылған белгі пән (модуль) бойынша семестрге, жылға қойылатын қорытынды белгіні анықтауға негіз болады. Суммативті бағалауды педагог немесе ТжәнеКББ мекемесінің әкімшілігі жүргізеді.

Бағалау критерийлер бойынша қойылады. Бағалау критерийлері оқу үрдісінің барлық қатысушыларына (оқушылар, оқытушылар, ата-ана) танысу үшін қолжетімді болып табылады.

Критериалды бағалау формативті бағалаудың бөлінбес бөлігі болып табылады. Формативті бағалауда бағалау критерйлері оқу материалының нақты бір фрагментіне (тақырып, бөлім) байланысты, ал суммативті бағалау кезінде критерийлер жалпылай алынады.

Бағалау критерийлерін оқытушы алдын-ала дайындап қоюы керек, ал қызметтік сауаттылықты қалыптастыру үшін мүмкіндік болса, оқушылармен бірігіп құрастырған жақсы. Мысалға, оқытушы бақылау жұмысын алмас бұрын жұмыс бағаланатын критерийлерді оқушылармен бірігіп ақылдасуы керек. Оқытушы студенттер түсінуі үшін бағалау критерйлерін түсіндіріп, бірігіп анықтауы қажет. Критерий мазмұны түсінікті, қолжетімді түрде жазылған болуы керек және ол студенттерге көрнекі түрде тақтада немесе плакатта көрсетілуі керек.

Критериалды бағалаудың міндеттері:

- оқу үрдісінің әр кезеңінде әр студенттің дайындық деңгейін анықтау;
- оқу бағдарламасына сәйкес студенттердің қысқамерзімді мақсаттар мен оқу нәтижесіне қол жеткізуін саралау;
- студенттің жеке үдерісіне мониторинг жасау және жеке даму траекториясын түзету енгізу;

- оқу бағдарламасын игеру кезінде кеткен қателіктерді түзетуге студенттерге мотивация беру;
- әртүрлі қызмет түрін орындау нәтижесінде алынған баға мәндерін дифференцациялау;
- оқу бағдарламасының тиімділігіне мониторинг жасау;
- оқу үрдісін ұйымдастыру ерекшеліктерін және де оқу материалын игергендігін білу үшін оқытушы мен студент арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету.

Практикалық мәні:

- студенттің тек жұмысы бағаланады;
- студенттің жұмысы оларға алдын-ала белгілі дұрыс орындалған жұмыс үлгісімен (эталон) салыстырылады;
- оқушыларға баға қоюдың нақты алгоритмі белгілі, сондықтан ол өзінің жұмысты орындау деңгейін анықтап, қызығушылық танытқан жақтарды (ата-анасын) ақпараттандыра алады;
- студенттерді үйреткен, оқытқан материал бойынша ғана бағалайды, себебі бағалау критерийлері оқу мақсатының нақты белгісі болып табылады.

Критериалды бағалауда өзінді басқамен салыстыр деген шарт жоқ. Сен бір критерй бойынша сәтті болып шығарсың, ал мен басқа критерйге жақсы келемін. Өз жетістіктерін критерийлер бойынша бағалап, оны әрі қарай дамытуға қосымша мүмкіндік пайда болады.

Критериалды бағалауды пайдалана отырып оқытушы сенімді бола алады:1) бір бағалау құралын дәл сол студенттерге екінші рет қолданса, дәл бірінші кездегі нәтижені алатындығына; 2) бағалау құралы нақты нені тексергің келді соны бағалайды – оқытудың күтілетін нәтижесі (мысалы, егер студенттің оқу және түсіну қабілеті бағаланатын болса, онда «сөзді атап шығу» құралы дұрыс емес болып шығады, себебі дауыстап айту оқу үшін маңызды емес білік; егер оқытушы студенттің басқа біліктерінен бөлек тек оқу және түсіну қабілетін тексергісі келсе, онда оқушының мәтінді декодтау (шифрлеу) және мәтінде жазылғандардың мәнін түсінуі мүмкіндігін бағалау керек); 3) кешірек кез-келген адам оқытушының қойылған бағасының дұрыстығын тексере алады (мысалға, оқытушы бағалауды ауызша сұрау арқылы жүргізсе, онда басқа бір адам да, оқытушының өзі де алынған нәтижені кейін қайта тексере алмайды); 4) бағалау кезінде бағаға әсер ететін нақты анықталған факторлар тізімі болады (мысалы, оқытушы студенттің ораторлық қабілетін тексергісі келсе, онда бағаның 25%-ы айтқан сөзінің грамматикалық дұрыстығы, 25%-ы дұрыс айтылуы, 25%-ы тақырыптың ашылуы және 25%-ы тыңдаушының назарын ұстап тұра алуы; қорытынды баға осы төрт бөліктің қосындыс болады); 5) студенттерге оқу нәтижелерін бағалау критерийлері туралы алдын-ала мәлімет берілген [7].

Сонымен, критериалды бағалау деп оқушылардың оқу жетістіктерін білім берудің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, студенттердің оқу-танымдық құзіреттілігін қалыптастыруға әсер ететін, нақты анықталған, ұжыммен шешілген, білім беру үрдісінің барлық қатысушыларына (студенттер, оқу мекемесінің әкімшілігі, ата-аналар, заңды өкілдер және т.б.) алдын-ала белгілі білім нәтижелерімен салыстыруға негізделген үрдісті түсінеміз. Критериалды бағалаудың педагогикалық мәні студенттердің оқу-танымдық құзіреттілігінің (білімді игеру мен оларды игеру әдістеріне бағдарланған студенттердің өзіндік оқу-танымдық қызметті жүргізуге дайындығы мен қабілеті; назар шоғырландыру; сыни ойлау; өзіндік мүмкіндігі мен оқу жетістіктерін бағалау; өзара бағалау жүргізу) қалыптасуына негізделген. Оқушылардың өін-өзі бағалауы өзіндік ұйымдастыру мен өзін-өзі дамыту үшін жеке жетістіктерін бағалау арқылы жүзеге асырылады (өзін-өзі бағалауға және студенттердің оқу жетістіктерін есепке алуға арналған портфолио) [3].

Бағалау жүйесі қандай да бір оқу материалының қаншалықты сәтті игерілгендігін, қандай да бір практикалық біліктің қалыптасқандығын анықтауға мүмкіндік береді. Есептеуді бастау нүктесі ретінде жалпылама түрде міндетті минимум алынады.

Критериалды бағалау жүйесіне қойылатын талаптар. Критериалды бағалау жүйесі:

- оқушының қол жеткізген деңгейін алдын ала анықталған нәтижеге қойылатын талаптармен салыстыруға мүмкіндік беруі керек; ол екі деңгейден тұрады: критериалды бағалаудың бірінші деңгейі базалық мазмұнға арналған, екінші деңгей – пәннің жоғары (профильалды және профильді) мазмұнына арналған талаптар;
- әр студенттің дайындық деңгейінің өзгеруі мен танымдық қызметінің әртүрлі саласы бойынша (ақпаратты меңгеру, ақпаратты өңдеу, өз ойларын шығармашылық түрде көрсету және т.б.) жетістігін өсуін тіркеп отыруы керек;
- оқытушыға ғана емес, оқушыға да белгілі бағаның нақты мазмұны (қойылатын шарттар жайлы ақпарат) болуы қажет. Оқушы оқытушының қойған белгісін өзінікімен салыстырып, бағаның объектілігін тексере алуы керек;
- көпдеңгейлі, көпбалды, бағалаудың әлемдік тәжірибесіне бейімделген болуы қажет;
- нақты бір уақыт аралығында жиналған балл механизмінің ықпалымен оқу үрдісінің біртұтастығын қамтамасыз етуі керек;
- оқытушы, оқушы, ата-ана, сынып жетекші, сонымен қатар мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжым арасындағы тұрақты байланысты қарастырып және қамтамасыз етуі керек;
- оқушылардың психикасына ұқыптылықпен қарау қажет, психикасына әсер ететін жағдай туғызбауы қажет.

Педагогика ғылымында бақылаудың келесідей негізгі түрлері бар: аралық, мерзімді және қорытынды.

Аралық бақылау сабақ үстінде жүзеге асырылады немесе бір тақырып аяқталғаннан кейін және де критериалды бағалау режимінде формативті бағалауға сәйкес келеді.

Мерзімді бақылау үлкен бір тарау немесе семестр соңынада жүргізіледі. Қорытынды бақылау оқушының басқа оқу деңгейіне көшуі кезінде жүргізіледі және қорытынды аттестацияның маңызды формасы болып табылады. Бұл екі бақылау түрі критериалды бағалау режимінде суммативті бағалауға сәйкес келеді.

Функционалды сауаттылықтың қалыптасу деңгейін бағалаудың жаңа концептуалды тәсілі құзіреттіліктің әрбір түріне және оқу пәнінің (модулінің) барлық мазмұнына арнайы құрастырылған бағалау критерийлеріне негізделеді.

Модульді оқыту технологиясы – даралап оқыту ұстанымдарына негізделгендіктен жоғары оқу орнындағы кредиттік жүйемен оқитын студент жеке бағдарлама бойынша өз бетімен жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

Айта кететін жайт, бүгінде жұмыс берушілердің бағыты да еңбек нарығына сәйкес бейімделіп, әлемдік тәжірибелер негізінде өз кәсіптерін әрбір бес жыл сайын өзгертіп отыру қажеттігі туындап отыр. Яғни, жұмысшы кадрлардың қажетті мамандықтары да өзгеріп отыратындықтан, кәсіптік және техникалық білім беретін оқу орындары да қазіргі еңбек нарығына бейімделген жаңа бағдарламалар негізінде жұмысшы кадрларды дайындауы қажет.

Ал кадрларды дайындайтын оқу орындары мен ондағы оқытушылардың білім сапасы да әлем деңгейіндегі озық тәжірибелерге сәйкес болуы тиіс. Бүгінде, еліміздегі бірқатар колледждерде дуалды оқыту жүйесі енгізілген. Колледж түлегі, тек теориялық біліммен ғана шектелмей, бұл жүйеде оқытудың 40% – теориялық, ал 60% – практикалық тәжірибе сағаттарына бөлінген. Демек, білімгер – дипломмен қатар, болашақ мамандығы бойынша өндірістен тәжірибе жинақтап, сол мамандығы бойынша сертификатын алып, болашақ мамандығы бойынша жұмыс орынымен танысып, нағыз маман болып шыға алады. Бұл жүйенің тағы бір артықшылығы, жұмыс орнында тәжірибе жинақтаумен қоса, өзін жақсы әрі білікті, әрі тәжірибелі

жақтары ескеріліп, жұмыс беруші тарапынан көтермелеу мақсатында шәкіртақысына қосымша кәсіпорыннан сыйақы алу мүмкіндіктері бар [6].

Ал енді оқытудың модульді-құзіреттілік жүйесінің артықшылығы – мамандық бойынша бір ғана сертификат емес – бірнеше сертификат алып, жұмысшы кадрлармен тепе-тең тәжірибе жинақтай отырып, жұмыстың түрін таңдау мүмкіндігіне ие болады. Яғни, колледждегі оқу бағдарламалары бойынша бірінші курста толығымен жалпы білім беретін пәндер бойынша курстарын аяқтап, екінші курстан бастап кәсіптік білім беретін пәндермен қоса арнайы пәндердің тақырыптары модульдерге бөліну арқылы оқытылып, әр деңгей бойынша шеберханада және жұмыс берушілердің кәсіпорнында тәжірибені (практикалық жұмыс) де бірден өтетін болады. Яғни, екінші курсты аяқтағанда білімгер мамандығы бойынша бір сертификатқа ие болып, жаз мезгілінде таңдаған мамандығы бойынша уақытша жұмысқа кірісіп кетуіне мүмкіндік туындап отыр. Ал оқытушыларға келетін болсақ, заманауи талаптарға сәйкес, колледждегі әрбір оқытушы бекітілген типтік бағдарламаларға өзгерістер енгізу арқылы, бұған дейін оқу ісі жөніндегі маманның атқарып келген оқу жоспарын құру міндетін – қарапайым арнайы пән оқытушылары да атқаратын болады. Яғни, әрбір мамандық бойынша модульді деңгей негізгі мамандықтың арнайы пәндеріне сәйкестендіріліп құрастырылатын болады. Демек, кәсіптік және техникалық білім беретін заманауи бағыттағы оқытушы техникалық (компьютер, интерактивті тақта, проектор және т.б.) мүмкіндіктерді толық меңгерген, жұмысшы оқу жоспарын, келешекке арналған (перспективалық) жоспарды әзірлеу құзіреттерін меңгерген білікті, әрі жан-жақты маман болуы тиіс.

Бүгінде әлем деңгейіндегі жұмысшы кадрларды даярлаудың тиімді жолдарын қарастырып, техникалық және кәсіптік білім беруді жаңғырту бойынша жұмыстарды жүргізу керектігі басты мәселелердің бірі. Осы орайда модульді оқыту технологиясының тиімділігі еш күмән туғызбайды, тиімділігі әлемдік тәжірибемен дәлелденген (Ұлыбритания, Голландия, АҚШ және т.б.). Тек осы оқыту жүйесін еліміз МИИДБ кәсіпорындарына арналған жұмысшы кадрлар даярлау шеңберінде қолданысқа сәтті енгізе білу керек.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің сайты. – http://www.mid.gov.kz/ Пайдаланған уақыты: 01.08.2014 ж.

2. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы / 14 желтоқсан, 2012 ж. – Астана, 2012.

3. Смирнова Г.М , Кан Т.С., Готтинг В.В., Квитко Е.М., Акимбаева Г.М Разработка модульных программ, основанных на компетенций специалиста: учебно-методическое пособие. – Караганда: ТОО «Арка и К», 2015. – 190 с.

4. Самашова Г.Е., Смирнова Г.М., Құрымбаев С.Ғ., Қуанышбекова Е.К. Модульді оқыту технологиясы. – Қарағанды: ҚарМТУ баспасы, 2016. – 82 б.

5. «Википедия» свободная энциклопедия. – https://ru.wikipedia.org/wiki/Модуль. Пайдаланған уақыты: 25.09.2015 ж.

6. Самашова Г.Е., Алшынбаева Ж.Е., Төлеуқұл А.А. Еңбек нарығындағы дуалды оқыту жүйесі. – Қарағанды: ҚарМТУ баспасы, 2015. – 90 б.

7. Жанпейісова М.М. Модульді оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде / Аударған Д.А. Қойшыбекова). – Алматы, 2002. – 180 б.

***

Самашова Г.Е., Толеукул А.А.

Возможности модульного обучения в подготовке рабочих кадров для предприятий Государственной программы индустриально-инновационного развития

В данной статье рассмотрены сущность и возможности, а также перспективы реализации модульного обучения в рамках профессиональной подготовки рабочих

кадров для предприятий Государственной программы индустриально-инновационного развития Республики Казахстан.

Ключевые слова: Подготовка кадров, технология обучения, дуальное обучение, модуль, модульное обучение, компетентность, оценивание, критериальное оценивание, формативное оценивание, суммативное оценивание.

Samashova G.E., Toleukul A.A.

The opportunities of the modular training in personnel training for the enterprises of the State Programme of Industrial-Innovative Development

This article deals with the essence and capabilities, as well as the prospects for the implementation of modular training as part of the training of personnel for the enterprises of the State program of industrial-innovative development of Kazakhstan.

Keywords: training, technology education, dual training, module, modular training, competence, assessment, criteria-based assessment, formative assessment, summative assessment.

***

УДК 37.01

Измуханбетова С.С. – к.п.н., доцент,
Филиал АО «НЦПК «Өрлеу» ИПКПР по ЗКО
E-mail: *zko@orleu-edu.kz*

ИННОВАЦИИ В СИСТЕМЕ ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ РАБОТНИКОВ

Аннотация. *В статье сформулированы современные требования к инновационным формам организации процесса обучения в системе повышения квалификации педагогов; рассмотрен педагогический потенциал метода case-study, проанализирована эффективность использования в системе повышения квалификации педагогов Lesson study и показана действенность микропреподавания.*

Ключевые слова: *Требования к инновациям, повышение квалификации педагогов, методы, case-study, Lesson study, микропреподавание.*

Глобальные изменения, происходящие в настоящее время в области образования в большинстве стран мира, делают актуальными проблемы качества образования в системе повышения квалификации педагогических работников. В условиях постоянно изменяющегося социума, рыночных отношений и изменяющихся требований к кадровым работникам всё более важной и серьёзной задачей системы повышения квалификации педагогических кадров становится создание новых, значительно более эффективных систем управления и развития.

Переходя на новый этап своего развития образование в Республике Казахстан ставит перед школой такие важные задачи:

- повышение качества человеческого капитала на основе стандартов стран ОЭСР, заявленная в Плане Нации – «100 конкретных шагов»;
- поэтапное внедрение обновленного содержания образования, обновление стандартов школьного обучения для развития функциональной грамотности;
- поэтапный переход на английский язык обучения в системе образования – в старшей школе и вузах;
- разработка и реализация национального проекта «Нұрлы Болашак», внедрение ценностей «Мәңгілік ел» в действующие учебные программы школьного образования – важные шаги по созданию системы успешных школ.

В соответствии с переходом на обновленное содержание среднего образования определены концептуальные позиции и нормативно-правовые рамки модернизации

системы образования в нашей стране. Новая модель школы будет отличаться от прежней не только новым содержанием образования, но и иной методической системой обучения.

В связи с этим педагогу необходимо заниматься методической деятельностью как самостоятельным видом профессиональной деятельности по дальнейшему совершенствованию своего педагогического потенциала, моделированию, проектированию, конструированию, прогнозированию и внедрению педагогически полезного дидактического обеспечения процесса обучения в образовательную практику. Она по значимости занимает третье место вслед за преподаванием учебной дисциплины и воспитанием.

По мнению многих исследователей, невозможно обеспечить высокий уровень образования без изменения традиционной системы обучения, как в системе общего образования, так и в системе профессионального образования. В настоящее время процессы реформирования касаются и содержательной стороны образования и технологий осуществления обучения всех возрастных категорий обучающихся.

Последние три десятилетия педагогическая наука уделяла больше внимания проблеме развития среднего общего образования. В работах известных ученых Ю.К. Бабанского, И.В. Бестужева-Лады, В.П. Беспалько, А.П. Владиславлева, Б.С. Гершунского, Б.Л. Вульфсона, В.И. Загвязинского, Ю.К. Конаржевского, В.В. Краевского, В.С. Лазарева, В.С. Леднева, К.Я. Лернера, З.А. Мальковой, В.А. Мясникова, М.И. Махмутова, В.Б. Миронова, М.М. Поташника, В.Г. Разумовского, М.Н. Скаткина, В.А. Сластенина, А.И. Соколова, В.П. Турченко, Н.А. Хроменкова, Т.И. Шамова и др. определялись функции общеобразовательной школы как социально-педагогического института, содержание и организационные формы образования, проблемы их оптимизации, сравнивалась отечественная система среднего общего образования с зарубежной, уделялось много внимания проблемам педагогической деятельности, ее творческой преобразующей роли.

Различные проблемы развития среднего общего образования решались в работах исследователей Казахстана А.Е. Абылкасымовой, А.Н. Ильясовой, К.Ж. Кожахметовой, Р.М. Коянбаева, К.К. Кунантаевой, К.Е. Кушербаева, Б.И. Мукановой, Т.С. Сабирова, Т.С. Садыкова, С.А. Узакбаевой, Г.А. Уманова, Н.Д. Хмель и др. В образовательном пространстве республики наметилась тенденция к инновационной деятельности на всех уровнях, начиная со школьного и завершая областным уровнем. Особую актуальность имеют исследования методологических основ организации педагогического процесса ученых К.К. Жампеисовой, А.А. Бейсенбаевой, К.Б. Сейталиева, А.М. Муханбетжановой, У.Б. Жексенбаевой, М.Ж. Жадриной к созданию образовательного пространства новой модели школы.

Современные подходы к образованию в целом определили востребованность в учителе, владеющем методологической культурой, умеющем прогнозировать результат, проектировать свою деятельность по достижению этого результата. Исходя из этого, возросло и стало необходимым высокое качество подготовки педагогических кадров. Появились работы, направленные на исследование специфики подготовки педагогических кадров на современном этапе развития страны, теоретико-методологического аспекта этого социального процесса (Г.А. Уманов, Н.Д. Хмель, Т.С. Садыков, Г.К. Ахметова, Г.З. Адильгазинов, Т.М. Баймолдаев, Ж.Р. Баширова, С.Т. Каргин).

Одним из основополагающих факторов развития системы образования является изменение роли учителя в современном обществе. Как известно, результаты образовательно-воспитательной деятельности напрямую зависят от профессионализма и общей культуры педагогов. Поэтому современное казахстанское общество и школа сегодня нуждаются в педагогических работниках, способных качественно решать новые задачи образования, эффективно и творчески работать в

новых условиях современной педагогической действительности (Г.К. Ахметова, Ж.А. Караев, Ж.У. Кобдикова, С.С. Мирсеитова).

Научные исследования концентрируются на теоретических и методологических проблемах образования, истории его развития, теории и методике профессионального образования, дидактике и теории воспитания, раскрыты проблемы образования и адаптации образовательных программ Казахстана к рыночной экономике и стандартам системы образования зарубежных стран.

Изученные основные положения научных исследований, позволили нам сформулировать современные требования к инновационным формам организации процесса обучения в системе повышения квалификации педагогов:

- проектирование инновационных форм обучения должно быть направлено на мотивирование педагогов к саморазвитию и самосовершенствованию;
- внедрение инновационных форм организации процесса обучения в системе повышения квалификации педагогов представляет собой не разовый акт – это сложный и длительный процесс, включающий в себя целый ряд взаимосвязанных этапов;
- при инновационном подходе профессиональное образование направлено не столько на насыщение слушателей неким количеством информации, сколько на развитие у них таких навыков, как умение оперировать информацией, проектировать и моделировать свою деятельность.

Таким образом, инновационные формы организации обучения в системе повышения квалификации педагогов должны соответствовать следующим критериям:

- каждому виду содержания образования должна соответствовать адекватная ему форма организации процесса обучения;
- обеспечение качественной обратной связи, мотивирующей преподавателей к саморазвитию.

Преподавателю системы повышения квалификации в современных условиях необходимо понимание и принятие целей обновлённого содержания образования, понимание и принятие своей собственной роли – не только транслятора фактических знаний, а организатора учебной деятельности обучающихся, осознание и принятие необходимости технологизации учебного процесса. При этом необходимым условием эффективной организации этого процесса является ориентация на специфику слушателей, предъявляющих повышенные требования в отношении качества и эффективности обучения, имеющих профессиональное образование, опыт и стаж работы.

В рамках исследования с целью изучения и анализа процесса реализации инновационных технологий в повышении квалификации педагогов в филиале АО «НЦПК «Өрлеу» ИПКПР по Западно-Казахстанской области был проведен опрос штатных преподавателей.

В опросе приняло участие 80% от общего числа профессорско-преподавательского состава института, что обеспечило репрезентативность выборки. Результаты опроса показали, что почти 100% опрошенных преподавателей признают необходимость внедрения и реализации инновационных технологий в процесс повышения квалификации. Это говорит о сформированном представлении респондентов о современных тенденциях модернизации процесса образования и осознанном отношении педагогов к использованию инновационных технологий в системе повышения квалификации.

Процесс обучения в системе повышения квалификации не может не ориентироваться на конечного потребителя образовательных услуг – слушателя курсов повышения квалификации, это связано с тем, что объектом обучения являются педагоги со сформированными ценностями, целями, задачами, жизненным опытом. Неслучайно все опрошенные преподаватели констатируют, что

использование инновационных технологий в системе повышения квалификации влияет на степень удовлетворенности педагогов, обучающихся на курсах повышения квалификации.

Учитывая специфику контингента обучающихся на курсах повышения квалификации, считаем, что педагогический потенциал метода case study значительно эффективнее педагогического потенциала традиционных методов обучения педагогов.

Эффективность метода case study связана с реализацией в процессе обучения педагогов ряда принципов, таких как:

- принцип многообразия и эффективности дидактического арсенала, который предполагает овладение дидактикой, ее принципами, приемами и методами, целенаправленное их использование в учебном процессе;
- принцип партнерства, сотрудничества с педагогами;
- принцип смещения роли преподавателя с трансляции знаний к организации процесса их добывания – снижение роли преподавателя как единственного «держателя» знаний, возрастание его роли как эксперта и консультанта, помогающего педагогу ориентироваться в мире педагогических инноваций;
- принцип впитывания достижений педагогической науки, опыта, накопленного коллегами – психологическая и педагогическая обоснованность, формулировка не только образовательных, но и воспитательных целей существенно отличает преподавателя, реализующего метод case study, от преподавателя, использующего классические методы обучения;
- принцип творчества, который предполагает превращение кейса и занятия с его применением в индивидуально неповторимый творческий продукт — метод case study значительно расширяет пространство творчества, охватывающего деятельность по созданию кейса как уникального интеллектуального продукта, проектирование процесса обучения, совершенствование технологии его преподавания, вовлечение в сотворчество педагогов, усиление роли творческой импровизации в ходе обучения и т.п.
- принцип прагматизма, ориентирующий на четкое определение возможностей того или иного кейса, планирование результатов обучения с точки зрения формирования у педагогов навыков анализа ситуации и выработки моделей поведения в ней.

Метод case study – это не просто методическое нововведение, распространение метода напрямую связано с изменениями в современной ситуации в образовании. Можно сказать, что метод направлен не столько на освоение конкретных знаний, или умений, сколько на развитие общего интеллектуального и коммуникативного потенциала педагога.

Однако при внедрении этого метода в систему повышения квалификации педагогических работников необходимо учитывать возникающие определённые трудности, связанные с поверхностным отношением преподавателей к методологической основе метода.

Могут возникнуть ситуации, когда под использованием метода case study подразумевается привнесение в учебный процесс «псевдо» ситуаций, так называемых «примеров из жизни», а образовательная дискуссия подменяется разговором «про жизнь». В то же время, кейс-метод может стать реальным средством повышения профессиональной компетентности преподавателя, способом соединения учебного, образовательного и исследовательского содержания в обучении [1].

Рассмотрим критерии кейса, предложенные педагогами в ходе знакомства с методом case study.

- хороший кейс должен быть с хорошей фабулой;
- в кейсе должна быть интрига, должно быть напряжение;
- хороший кейс не выходит за пределы последних пяти лет;
- хороший кейс включает цитаты из различных источников: художественной литературы, публицистики, научной литературы;

- хороший кейс содержит актуальные проблемы, понятные педагогу [2].

При активном внедрении метода кейсов в систему повышения квалификации педагогических работников необходимо учитывать его стратегические принципы развития:

1. Необходимо активизировать использование метода case study в системе дополнительного профессионального образования, особенно при реализации программ профессиональной переподготовки.

2. Метод case study необходимо использовать в органическом единстве с другими методами обучения, в том числе традиционными. Ситуационное обучение учит поиску и использованию знания в условиях динамичной ситуации, развивая гибкость, диалектичность мышления; однако чрезмерное увлечение ситуационным анализом может привести к тому, что педагоги, особенно начинающие, будут ощущать себя без необходимого «нормативного скелета», все полученные знания будут сводиться к знанию множества ситуаций без определенного методологического принципа или системы.

3. Применение метода case study должно быть методически обосновано и обеспечено. Это необходимо как на уровне организации учебного процесса по образовательной программе в целом, так и на уровне планирования его отдельным преподавателем. Необходима экспертная оценка специальностей, учебных дисциплин и их разделов, где применение метода case study даст гораздо больший эффект, чем традиционные технологии обучения [3, с.74].

Эти вопросы должны быть предметом обсуждения на методическом совете и являться целью повышения квалификации преподавателей. Методическое обеспечение повышения уровня профессиональной компетентности педагогов будет способствовать изменению взглядов на достижение качества образования. Внедрение инновационных методов, решений и инструментов позволит активизировать деятельность педагога в новом формате.

Одним из обязательных условий роста профессионального мастерства педагогов – понимание, анализ и рефлексия того, что сделано на практике. Одной из слабых сторон педагогического процесса является изоляция учителя, вызванная нехваткой времени для проведения обсуждений с коллегами новейших технологий и авторских наработок [4, с. 55].

С целью оказания методической помощи учителю в сотрудничестве для систематического улучшения обучения и уменьшения изоляции учителя эффективно использовать в системе повышения квалификации педагогов Lesson study или «Урок-исследование».

Урок-исследование предлагает способы сотрудничества и разработки уроков для рассмотрения успешной стратегии обучения и содействует размышлению учителей о качестве своего преподавания по отношению к отдельным учащимся, а так же позволяет на практике апробировать новые технологии. Учиться только на практике сложно и не всегда эффективно, для таких целей конструктивное обсуждение урока с коллегами может быть очень полезным.

Таким образом, можно рассматривать Lesson study как средство для развития усовершенствования преподавания посредством концентрации внимания на обучении учащихся и определить способы использования Lesson study в качестве инструмента для совершенствования практики группы учителей, совместно планирующих, преподающих, наблюдающих и анализирующих обучение на исследуемых уроках.

В Казахстане данная форма обучения педагогов активно используется в системе уровневого обучения на стадии практики педагогов в школе. На сегодняшний день Lesson study – это мощный, профессиональный подход к обучению, который предполагает:

- понимание сущности процесса обучения;
- методику взаимодействия с коллегами;
- способы поддержки коллег.

Анализ урока, проведенный даже опытным учителем, может указать на возможные пути его совершенствования; учитель становится более заинтересованным в процессе преподавания, мотивированным, вдохновленным к новой работе. Организация подобного вида деятельности требует активного участия не только учителей, но и администрации школы. Кооперируясь с другими учителями, педагоги адаптируют учебный материал, взятый из разных источников. Основной принцип заключается в том, что изучение урока направлено не на результат деятельности, а на сам процесс [5, с. 21].

Учителя сегодня нуждаются в обучении и поддержке, в частности, в углублении понимания вопросов планирования конкретных уроков, которые связаны с высокой познавательной потребностью и потенциальными проблемами управления классом при использовании методов, ориентированных на учеников. Для освоения этой формы обучения педагоги обучаются на курсах повышения квалификации технологии Lesson study, отрабатывая такие умения, как умение работать команде, создавать коллаборативную среду; знакомятся с различными видами анализа урока, приобретают рефлексивные умения. Из всего выше сказанного делаем вывод: Lesson study – это:

- наиболее эффективный способ профессионального развития;
- способствует созданию профессионального сообщества учителей;
- помогает учителям сфокусироваться на качестве учебного процесса.

В процессе обучения обновлённому содержанию в системе повышения квалификации активно используется ещё один метод обучения педагогов – микропреподавание.

Микропреподавание возникло как реакция на недостатки традиционных способов подготовки учителей. Традиционная подготовка включала в себя прослушивание курсов по педагогической психологии, наблюдение за работой более опытных коллег и применение освоенных знаний и навыков в классе.

Каждой из этих форм подготовки присущи серьезные недостатки. Теоретические курсы часто оказываются оторванными от реальности, знания на них усваиваются пассивно. Наблюдение за преподаванием другого учителя эффективно, только если наблюдающий уже достаточно опытен, чтобы понимать, на чем следует сосредоточивать свое внимание. К тому же роль наблюдателя – это роль ученика, а не учителя. Используя освоенное на практике, учитель вначале вынужден идти путем проб и ошибок, а это уже «экспериментирование» с реальными учениками со всеми вытекающими отсюда отрицательными последствиями.

Микропреподавание должно было стать своеобразной лабораторией, связующим звеном между теоретическими знаниями и практической работой учителя. Сущность этого метода заключается в упрощении учебной ситуации. Такое преподавание, организуемое в «лабораторных» условиях, используется с целью отработки умений, овладения определенным учебным материалом, демонстрации различных методов преподавания на практике, создает возможность усиления контроля педагогической деятельности.

Таким образом, современная система образования предполагает расширение сотрудничества между учителями, в рамках которого учителя смогут работать совместно, обмениваться инновационными и эффективными идеями, на что ориентированы активные методы обучения педагогов: case study, Lesson study, микропреподавание.

Литература:

1. Буравой М. Углубленное case study: между позитивизмом и постмодернизмом // Рубеж. – 1997. – № 10-11. – С. 10-11.

2. Козина И. Case study: некоторые методические проблемы // Рубеж. – 1997. – №10-11. – С. 177-189.

3. Смолянинова О.Г. Информационные технологии и методика case study в профессиональном обучении студентов педагогического вуза // Труды II

Всероссийской учебно-методической конференции «Образование XXI века: инновационные технологии диагностика и управление в целях информатизации и гуманизации». – Красноярск, 2000. – С. 74.

4. Переход к Открытому образовательному пространству. Ч. 1. Феноменология образовательных инноваций / Под ред. Г.Н. Прозументовой. – Томск: Изд-во Том. ун-та, 2005. – 484 с.

5. Руководство учителя. Третий (базовый) уровень. Курсы повышения квалификации по Программе Кембриджского Университета, 2012. – www.cpm.kz. Дата обращения: 10.11.2016 г.

***

Измухамбетова С.С.

Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесіндегі инновациялар

Мақалада педагог кадрларды даярлау жүйесінде оқу үдерісін ұйымдастыруда инновациялық нысандарының ағымдағы талаптары ұсынылады; case study әдісінің педагогикалық әлеуеті қарастырылады, педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесіндегі Lesson Study және микропреподавание әдістерінің тиімділігі талданып, көрсетіледі.

Тірек сөздер: Инновациялық талаптар, педагог кадрлардың біліктілігін арттыру, әдістер, case-study, Lesson study, ықшам сабақтар.

Izmuhambetova S.S.

Innovation in system training teaching staff

The article presents current requirements for innovative forms of organization of educational process in the system of professional development of teachers; considered pedagogical potential of the method of case-study, analyzed the effectiveness of the methods Lesson study and micro-teaching.

Keywords: Innovation requirements, professional development of teachers, methods, case-study, Lesson study, micro-teaching.

***

ӘОЖ 378. 036: 78

Молдағалиев Б.А. – п.г. к., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Кенжегалиев А.М. – магистрант, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: *askar.kenzhegaliev@mail.ru*

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Аңдатпа. *Мақалада Батыс Қазақстан облысындағы музыкалық білім берудің қалыптасуы және дамуы қарастырылған. Облыстағы музыкалық білім берудің теориялық және тарихи-педагогикалық астарлары ашып көрсетілді. Музыкалық білім беретін оқу орындарының жұмысы сипатталып, талданды.*

Тірек сөздер: *Өңірлік ұстанымы, музыкалық білім беру, музыкалық білім берудің дамуы, оқу орындары, музыкалық білім беру мекемелері.*

Егемендік алған еліміздің экономикалық дамуы, оның демократиялануы қоғамның көптеген жақтарын, атап айтқанда, білім саласына жан-жақты оң өзгеріс жасауға мүмкіндік берді.

«Білім туралы» заңда «Әлемдік және отандық, мәдениет жетістіктеріне баулу, қазақ халқының және республикадағы басқа да халықтардың тарихы мен салт-дәстүрін зерттеу...» бірінші кезектегі міндеттер ретінде көрсетіледі [1].

Еліміз егемендік алганнан бері, оның өмірінің барлық аясында өзгерістер жүріп жатыр. Қазақстан Республикасының қогамының өмірлік әрекетінің барлық жақтарын жаңартуга, қогамдық прогрестің жаңа сапалы күйіне қол жеткізуге деген стратегияның қабылдануы, рухани өмірдің бүкіл аясында өткен тарихи жолдарды ұғынуға сұраныс тугызып отыр. Ұлттық психология мен тәрбиені терең білу, салт пен дәстүрді сыйлау негізінде ұлттық мәдениеттің мұраларына ерекше көңіл бөлініп, Қазақстанның тарихы және мәдениетінің мәселелері бойынша гылыми зерттеулер өрістетілді.

Көп жылгы практика қазақ халқының ежелден қалыптасқан тарихын, мәдени мұрасын есепке ала отырып қана бүгінгі білім беру саласын жетілдіруге болатынын көрсетіп отыр. Осыган орай, мектептердің, колледждердің, жогары оқу орындарының оқу жоспарына мәдени мұралар негіздерін қарастыратын пәнді оқытудың қажеттігі баршылық. Себебі, ол болашак, мамандардың рухани дүниесіне белсенді ықпал етіп, олардың эстетикалық талгамы мен адамгершілік, тұлғалық, және сапалық қасиеттерінің қалыптасып, дамуына игі әсер етеді. Олай болса, бүгінгі білім жүйесіндегі өнердің басты мақсаты – ол адам баласының барлық ісәрекетіндегі сергек сезімталдықты, әдемілік пен әсемдікті тәрбиелеу.

Еліміздің мәдениет тарихын қайта қарау мен багалау мәселесіне «Мәдени мұра» бағдарламасының әсері мол болды. Осы бағдарламаның құрылып және қолданылуы мәдени мұраларды анықтауға және дамытуға үлкен үлкен үлес қосты [2].

Білім берудің этномәдени құндылықтарға қазіргі багытталгандыгының негізіне өңірлендіру ұстанымы да жатады. Ол бойынша білім беру процесіне жергілікті ұлттық-тарихи жадыгаттарды жүйелі және біріздiлікпен енгізу жүзеге асырылады, ол өңірге өзіндік этникалық сана-сезімді, азаматтықты және патриотизмді жандандырудың және бекітудің шарттарының бірі. Өңірлік компонентті әрдайым қарастыру, рухани жанданута байланысты жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді. Мемлекеттің музыкалық мәдениетінің біріккен көрінісін жасау үшін, музыкалық-өңірлік зерттеулерді жүргізудің қажеттігі бар. Осылай жергілікті музыкалық-тарихи материалдарды қарастыру тұтастай еліміздің музыкалық өмірінің толық және объективті берілуіне жагдай жасайды.

Әрбір өңір өзіндік терең тарихи және мәдени, соның ішінде музыкалық дәстүрлерге, жекелік өзіндік музыкалық еңбектің түрлеріне ие. Осылардың жиынтыгы өзіндік ерекшелікті құрап, өңірге оның білім беру жүйесін дамытуга өз үлесін қосуга мүмкіндік береді.

Бұл нақты ізденістің өзектілігі музыкалық білім беру мен тәрбиенің негіздерін ғылыми ұғынуга, нақты өңірде музыкалық білім берудің ғылыми-педагогикалық алғышартын, факторларын, құрылу жагдайларын анықтау мен байланысты.

Қазіргі білім саласын дамытуда және жетілдіруде еліміздің тарихи-мәдени және тарихи-музыкалық бай мұрасының алдыңгы қатарлы тәжірибесін қолданудың қажеттігі баршылық. Ғасырлар бойы жинақталган құнды қазақ халқының дәстүрлі көркем өнер мәдениетінің теориясы және тәжірибесі Қазақстандагы музыкалық білім беру және тәрбиелеу жүйесін қайта қарауга, оның жұмысында есепке алуга жагдай жасайды.

Осы мәселенің маңыздылыгы осы уақытқа дейін тарихи музыкалық білім беру мен тәрбиенің өңірлік ішінара, толық емес зерттелуі болып табылады. Еліміздің мәдени мұрасы жан-жақты толыгуы үшін осы мәселенің аймақтық ерекшелігі зерттелуі тиіс.

Жер жүзіндегі адамзат қогамының даму барысы жеке тұлганың жан-жақты дамуына көркем өнер мен мәдениеттің әсерінің зор болганы туралы мәлеметтер сонау ерте заманнан айтылып келеді. Қ а з а қ даласындагы ұлы гұламалар (Әл-Фараби, Ибн Сина, Дәруіш Әли т.б.) музыка өнерінің теориялық және тәжірибелік негіздерін дамытуда маңызы зор еңбектер қалдырды.

Ғалым-педагогтар Қ.Ахмедияров, К.С. Сахарбаева, Ш.Н. Нагымов, А.Ө. Муханбетжанова, Л.Е. Қойшығұлова, F.Б. Базаргалиев және т.б. еліміздің және оның аймақтарындағы білім берудің және тәрбиелеудің ұйымдастырылуын зерттеді.

Қазақстанда білім берудің құрылуының тарихын, мәдениет мәселелерін, соның ішінде эстетикалық тәрбие мен білім берудің мәселелері зерттеліп, қазақстандық галым-педагогтар Т.Т. Тәжібаев, Қ.Б. Жарықбаев, Г.М. Храпченков, А.И. Сембаев, А.С. Сытдыков және т.б. еңбектерінде қарастырылған. Оларда оқу орындарының пайда болуы және дамуы, прогрессивті демократиялық ұлттық педагогикалық ойдың қалыптасу үдерісі зерделенеді, білім берудің дамуының ерекшеліктері көрсетіледі.

Батыс Қазақстанның білім беру және мәдениетінің даму тарихына арналған еңбектер баршылық. Р.Л. Абдрахманова, А.К. Канапина, О.А. Бабенко және т.б. Батыс Қазақстан облысындағы бұқаралық музыкалық білім беруді, мәдениеттің даму тарихының тәжірибесін қарастырған. Академик М.К. Қозыбаев өзінің «История и современность» атты еңбегінде өзінің өңірінің тарихын зерттеу қажет деп көрсеткен. Оның пікірінше, адамның антропогендік іс-әрекеті, өңірдің өнеркәсіптері, ауылдардың, қалалардың әлеуметтік және мәдени дамуының тарихы нашар зерттелген [3, 193 б.].

Батыс Қазақстан облысындағы музыкалық білім берудің тарихи даму барысын зерттеу әсіресе өзекті, себебі қазіргі кезеңде, оның тарихы жекелеген мәселелеріне арналған ғылыми мақалалар және публицистикалық очерктер деңгейінде ашып көрсетілген. Осыған орай, өңір масштабында музыкалық білім берудің тарихын және дамуын музыкалық білім беру жүйесінің теориясы мен практикасын жалпы ағынында терең және жүйелі зерттеу, Батыс Қазақстан облысында музыкалық білім беру жүйесін жетілдірудің жолдарын және әдістерін анықтаудың қажеттілігі пайда болды.

«Уақыттық кесінділерді» реттеп тұрғызу – Батыс Қазақстан облысында музыкалық мәдениет және білім берудің даму кезеңдерін, өңірде болған фактілер мен оқиғаларды зерттеу, хронологиялық жүйелеу суреттеу-жүйелеу тұрғыны талап етеді, ягни тарихи әдіске сүйенуді қажетсінеді. Тарихи әдістің оқиғаларды хронологиялық классификациялауға, пәннің тарихын зерттеуге деген қажеттілікпен түсіндіріледі. Осылайша алынған жалпыламалар және қорытындылар қазіргі кезеңдегі мәдениеттің және музыкалық білім берудің өзара әрекетінің байланысын және динамикасын көрсетеді. Сонымен бірге Батыс Қазақстан облысындағы музыкалық білім беру жүйесінің құрылуының және дамуының тарихын толық ашып көрсету үшін жағдайларды музыкалық-эстетикалық білім мен тәрбиенің жалпы үрдістерімен салыстырмалы астарларда қарастыру қажет.

Жоғарыда көрсетілген жағдайлар және негіздемелер Батыс Қазақстан облысының тарихи дамуының негізгі кезеңдерінде музыкалық-эстетикалық білім берудің құрылуының барысындағы мазмұнын, формаларының және әдістерінің мәнін түсіну және ұғыну мәселесін туындатады.

Осы мәселенің тарихи-педагогикалық әдебиетте жеткіліксіз қарастырылуы, Батыс Қазақстан облысында музыкалық-эстетикалық білім беру дамуының зерттелуінде тарихи-хронологиялық бірізділігінің және жүйенің жоқтығы осы мақаланың өзектілігін анықтап отыр.

Орал облысы 1868 жылы (Ресей империясы) құрылды және осы шекарада 10 март 1932 жылға (КСРО) дейін бекіді. 60 жылдан кейін, ягни 1992 жылы Орал облысын Қазақстан Республикасының Батыс Қазақстан облысы деп атады.

Батыс Қазақстан облысында музыкалық білім берудің эволюциясын зерттеу өзекті болып отыр. Сондықтан аймақтың музыкалық білім беру және тәрбиенің қалыптасуы мен дамуын хронологиялық шеңбермен қамту, оның көрінісін сипаттаудың қажеттігі бар.

Музыкалық білім беру мәселесі сол жылдары республикадағы музыка мәдениетінің дамуына тәуелді болды. Мәдени құрылыстың дамуы музыкалық білім беру жүйесінің енгізілгенін, музыкалық оқу орындарының ұйымдастырылуын, музыка өнер аясында ғылыми қызметкерлердің және музыканттар кадрларын даярлауды талап етті.

1933 жылдың 29 сәуірінде КССР Халық Комиссарлар Кеңесі «Ұлттық музыкалық-театралдық кадрларды даярлау шаралары туралы» қаулы қабылдады. Бұл қаулыда республикада кәсіптік музыкалық және театралдық білім беруді дамытудың жолдары анықталды [4].

1934 жыл еліміз үшін музыкалық білім беру аясында шынымен түбегейлі жаңалық болды, себебі Алма-Атада және Оралда интернаты бар балалар музыка мектебі ашылды. Бұл Қазақстанда кәсіптік музыкалық білім берудің бастамасы болды.

Орал қаласында тұңғыш музыкалық мектептің ашылуы тек қана Батыс өңірі үшін емес, бүкіл республика үшін музыкалық білім берудің айрықша мәнді елеулі кезең болды. Мысал үшін Атырау облысында тек 10 жылдан кейін, яғни алғашқы музыка мектебі 1944 жылы ашылды [5]. Бұл облыстар аумағындағы жасөспірімдерді ән-әуенінен алғаш кәсіптік түрде хабардар ететін бірден-бір білім ордасы болды.

Музыкалық мектептің алғашқы оқушылары балалар үйінің тәрбиеленушілері болды. Мектептің директоры К.С. Булдыченко оқимын деген қаланың балаларын тыңдап, барынша музыкалық дарынды балаларды музыкалық мектеике таңдап алып отырды.

Музыкалық мектептің тұңғыш мұғалімдері пианистер М.А. Исакова, П.А. Макшаев, скрипкашы А.В. Болотин, виолончилист П.И. Сорокин болды [6, 22 б.].

Орал музыка мектебінің тұңғыш директоры К. Булдыченко облыстың барлық аудандарында болып, ондағы мектептерінен және балалар үйінен талантты балаларды оқуға алып келді. Кейін олардың арасынан музыка өнерінің болашақ атақты қайраткерлері шықты. Атап айтқанда, КСРО халық артисі Роза Жаманова, композиторлар Нағым Мендығалиев, Бәсір Жүсібалиев, педагогтар Қайша Бейсенова, Зылиха Мұсралиева, педагог-хормейстер Зиба Тагисова, скрипкашы Сағын Нұрымов және т.б.

Ұлы Отан соғысы басталып кетсе де, музыкалық мектеп жан-жақты қиыешылық көріп отырса да өз жұмысын тоқтатқан жоқ. Оны архивтен алынған жадығаттар арқылы көріп отырмыз. Өнер істері бойынша облыстық бөлімнің меңгерушісі П.Левенштерннің 1941 жылы баяндама қолхатында былай делінген: «Облыстық музыкалық мектепте 135 оқушы бар. Мектеп музыкалық аспаптармен толық қамтамасыз етілді, барлық мамандықтар бойынша оқытушылардың штаты жинақталды. Музыкалық мектептің ғимаратын әскери ведомствоға беріп жатқандықтан, қазір мектептің ғимарат мәселесі өткір тұр. Өнер істері бойынша бөлім мектептің интернатын төртінші қазақ орта мектебінде орналастыруға рұқсат алды, ал оқу театрдың ғимаратында өткізілетін болады. Өнерге ұлттық кадрларын даярлайтын мектеп республика бойынша екінші болғандықтан және 8 жыл бойы жұмыс істеп тұрғандығын ескеру қажет» [7].

Архив жадығаттарын талдау музыкалық мектептің соғыс кезіндегі жұмыстарын көрсетіп отыр. Орал мемлекеттік музыка мектебінің директоры К.Булдыченконың мынадай жазбасы табылды: «Музыкалық мектепте өткен 1944-1945 оқу жылы мектептің бүкіл оқу-тәрбие жұмысы үлкен белсенділікпен және қарқындылықтың белгісімен айрықшаланды. Күзде балаларды арнайы тексеруден өткізіп, бірінші класқа 71 адам қабылданды. Жазда түрлі кластардың және мамандықтардың кейбір оқушыларымен сабақтар және кеңестер өткізілді. Оқу жылының басында педагогикалық құрам әдеуір жаңартылды. Оқу жылы бойы әртүрлі тақырыптарға кластан тыс лекциялар, әңгімелер, баяндамалар өткізіліп тұрды, оқытушылардың және шақыртылған артистердің концерттері ұйымдастырылды. Осындай жүйелі жүргізілген жұмыстар өте жақсы нәтиже берді: емтихандарда 137 оқушының 37-і тек бестік бағалар алды, ал 76 оқушы «бес» және «төрттік» деген бағалармен оқуды аяқтады. Музыкалық мектеп мынадай негізгі қиыншылықтар көріп отыр: оқу орнының тарлығы, осыдан келіп

интернатты қалыпты жағдайда орналастыруға жағдай жоқ; отынның жеткіліксіздігі; тәрбиеленушілердің аяқ киімнен тапшылық көруі, киімдерінің тозуы» [8].

Қазақстан үшін жергілікті ұлттан музыкалық кадрларды даярлау маңызды міндет болды, сондықтан ауылдық жерлерде балалардың музыкалық мектептері ашыла бастады. 1950 жылы Батыс Қазақстан облысының Орда поселкісінде ауылдық жерде бірінші музыкалық мектеп ашылды. Бұрынғы Орал облысының Переметное селосында 1965 жылы, 1968 жылы – Чапаево, 1975 жылы Жымпитыда музыкалық мектептер ашылды.

Дәстүрлі музыкалық мектептерден басқа бастапқы музыкалық білім беру функциясын балалардың өнер мектептері орындай бастады. Бірінші болып балалардың өнер мектебі Орал қаласының №1 музыкалық мектептің базасында 1974 жылы Зачаганск поселкісінде ашылды. Қазіргі кезде бұл музыка мектебінің үш филиалдары Круглоозерное, Ақтау поселкелерінде және №30 жалпы орта білім беретін мектептерде жұмыс істейді.

Балалар музыка мектебін және әуесқойлық шығармашылығын кәсіптік музыка кадрларымен қамтамасыз ету үшін 1944 жылы Батыс Қазақстан облысында кәсіптік орта арнайы оқу орны – музыкалық училище ашылды. Осының нәтижесінде өңірдің музыкалық білім беру саласында сапалы секіріс болды, яғни екі буынды қалыптасты – балалар музыка мектебі-музыкалық училище. Бұл бұрынғы музыкалық ағартушылықтан кәсіптік музыканттарды мақсатты бағытталған арнайы даярлауға мүмкіндік берді.

Осыған дейін Батыс Қазақстандағы үш облыстың бірде-біреуінде музыкалық кәсіби орта оқу орны болған емес еді. Музыка училищесінің Орал қаласында ашылуы тегінен-тегін емес еді. Себебі, бұл өлке – күй атасы Құрмнғазы мен Динаның, Дәулеткерей мен Махамбеттің елі болатын.

Орал музыка училищесі 1944 жылы 25 августада ұйымдастырылды. Ол үшін 24 август 1944 жылы облыстық өнер бөлімінің №35 бұйрығы жарияланды. Директоры болып жоғары білімді музыкант К.С. Булдыченко тағайындалды. Ол скрипка класы бойынша Л.Собинов атындағы Саратов консерваториясының түлегі еді. Бүгінде Құрманғазы атындағы Орал саз колледжі ұлттық өнердің ұлағатты ордасына айналып, үлкен жетістіктерге жетіп отыр. Музыкалық училищеде ашылған күннен бастап-ақ көркемөнерпаздар үйірмесі жұмыс жасайды: хор, би, ән салу, көркем сөз оқу, халық аспаптар оркестрі т.б.

Музыкалық білім мен тәрбиеге көңіл бөлуі – қоғамның әрдайым өзекті мәселесі болып отырды және ол мына жағдайлармен байланысты: өскелең ұрпақтың музыкалық-адамгершілік құндылықтары әлсіреуде, музыкалық-адамгершілік санасының деңгейі төмен, соның салдарынан қоғамымыз рухани-адамгершілік тоқырауға ұшырауда. Ал музыкалық-әстетикалық тәрбие болса, шындықтың, мейірімділіктің, сұлулықтың үйлесімін дәлелдейді.

Музыкалық кәсіптік мамандарды даярлауда, жастарға музыкалық білім мен тәрбие беруде жоғары оқу орнының орны ерекше.

Батыс өңірінде кәсіптік музыкалық білім берудің дамуының жаңа кезеңі 1991 жылдың июль айында әл-Фараби атындағы Шымкент мәдениет институтының филиалының ашылуы болып табылады. 1992 жылы 22 маусымдағы Қазақстан Республикасының Министрлер кабинетінің №624 қаулысымен бұл филиал Батыс Қазақстан мәдениет институты болып қайта құрылды.

Жоғары оқу орнының алғашқы ректоры болып М.Е. Ержанов тағайындалды, бүгінде ол педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық педагогика және әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, Халықаралық ақпараттандыру академиясының, Педагогикалық білім беру академиясының мүше корреспонденті.

Алғашқы стденттерді қабылдау екі мамандық бойынша жүргізілді: «Мәлени-ағарту жұмыстары» және «Кітапхана тану ээне библиография».

Институт құрылымына екі факультет кірді: «Кітапхана-мәдениеттанулық» және «Музыкалық педагогика және хореография»

1994 жылы института 14 кафедра жұмыс істеп, сырттай оқу бөлімі ашылды.

1993 жылдың сәуір айында Қазақстан Республикасының Министрлер кабинетінің №573 қаулысымен институтқа көрнекті қазақ құйшісі, халық композиторы Дәулеткерейдің есімі берілді, ал 1996 жылы Дәулеткерей атындағы өнер институты болып қайта құрылды, себебі институтта жаңа мамандықтар және мамандану көптеп ашылды. Бұл жоғары оқу орны Батыс Қазақстандағы мәдени-ағартушылық және музыкалық білім берудің ірі орталығы болды.

Өнер институтының әрекетінің басталуымен өңірде музыкалық білім берудің үш буындық құрылымы пайда болды, себебі осыған дейін Батыс Қазақстандағы төрт облыстың бірде-біреуінде музыкалық кәсіби жоғары оқу орны болған жоқ еді. Енді төрт облыстың музыкалық училищелерінің түлектері кәсіптік өсуін өзінің өңіріндегі арнайы жоғары оқу орнында жалғастыруға мүмкіндік алды.

Өнер институтының пайда болып және әрекетінің басталуының мәні мынада: Батыс Қазақстан өңірінде музыкалық білім берудің толық құрылымының өзегі болып, оның тұрақты қызмет етуіне және дамуына мүмкіндік берді.

Мектептің музыка пәнін жүргізуге жоғары білімді музыка мұғалімін даярлау үшін Орал педагогкалық институтында 1985 жылы «Музыка және ән», кейін «Музыкалық білім беру» мамандығы ашылды.

Мәдениет және өнер институты М.Өтемісов атындағы БҚМУ-нің құрылымдық бөлімі ретінде, 2000 жылы Дәулеткерей атындағы Батыс Қазақстан өнер институтымен бірігуі нәтижесінде құрылды және бүгінгі таңда Қазақстандағы жоғары білім берудің мәдениет пен өнер саласындағы аймақтық орталығы болып табылады. Мәдениет және өнер институты Қазақстанның Батыс аймағы ұшін өнер саласына 14 мамандық бойынша жоғары базалық және кәсіби білімді де мамандарды даярлауды жүзеге асыруда.

Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің мәдениет және өнер институты тарихының ерекше парағы – оның шығармашылық өмірбаяны. Мұнда музыкалық, көркемсуреттік және хореографиялық білім дәстүрлері дамуда. Оқытушылар мен студенттер концерттік-орындаушылық қызмепен белсене айналысып, фольклорлық, би, аспаптық, вокальдық ансабльдерге, халық аспаптар оркестрлеріне қатысады.

Әртүрлі шығармашылық байқаулар өткізу дәстүрге айналды. БҚМУ-да 2001 жылан облыстық «Жас дарын» байқауы өткізіліп келеді. Мәдениет және өнер институты басшылығы қала мен облыс мектептеріне, мектептен тыс орталықтарға әдістемелік көмек көрсетіп, өздеріне үлкен назар аударуда.

Шығармашылық үйірме жетекшілері, мектеп мұғалімдері үшін өткізілетін шеберлік-кластар жоғары оқу орны мен мектеп арасындағы байланысты нығайта түседі.

Оқытушылар мен студенттер көптеген халықаралық, республикалық, облыстық байқаулар мен фестивальдеріне қатысты.

Институтта оқу-өндірістік шеберханалары, нұсқа қоры, саз аспаптары, дыбыс жазу бөлмелері, халық аспаптарын жасау және жөндеу шеберханалары, қажетті бағдарламалар қамтылған компьютер сыныптары, костюмдер цехы бар. Институттың тарихи жолы, қол жеткен жетістіктері, оқытушылар мен студенттердің үздік шығармашылық жұмыстары жалғасын табуда.

Батыс Қазақстан облысында музыкалық білім берудің қалыптасуы және дамуын қарастыра отырып біз мынадай қорытынды жасаймыз:

1) өткен ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап Қазақстанда орындаушылық және музыкалық-педагогикалық кадрларды даярлаудың жүйесі құрыла бастады. Музыкалық білім берудің құрылымы дамыған сайын жан-жақты болып, әртүрлі мамандар даярлайтын түрлі музыкалық білім беру мекемелерімен толыса түседі.

2) Орал қаласында тұңғыш музыкалық мектептің ашылуы Батыс Қазақстан облысында мәдени өнерді дамытудың негізін салды.Оның ашылуы музыкалық

училищенің ұйымдастырылуына қажетті база жасады, ал ол өз кезегінде филармонияның ашылуына, кәсіптік шығармашылық ұжымдарды құруға, музыкалық мектептердің санын көбейтуге кәсіптік база жасады және ақырында 90-шы жылдары мәдениет және өнер институтын ашуға жол ашты.

3) музыкалық білім берудің оқу орындары өзара біріздiлік байланыста болып, өңірдің музыкалық мәдениетінің ажырамас құрамдасына айналды.

Әдебиеттер:

1. Білім туралы Заң // Егемен Қазақстан. – 2007. – 15 тамыз. – Б. 5-7.

2. 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. / Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қаңтардағы №1277 Жарлығы.

3. Козыбаев М.К. История и современность. – Алма-Ата: Атамұра, 1991.– 244 с.

4. Мукашева А.Б. Развитие музыкального образования учащихся в Казахстане (1980-1996 гг.) / Дисс... канд. пед. наук. – Алматы, 2002. – 165 с.

5. Мухтаров М.Х. Становление и развитие музыкального образования и воспитания в Атырауском регионе (1920-1985) / Автореферат дисс... канд. пед. наук. – Атырау, 2006. – 22 с.

6. Гизатов Б.Г. Музыкальное образование в Казахстане. – Алма-Ата: Мектеп, 1985. – 120 с.

7. ГА ЗКО, ф. 1772, оп 352, д. 122, л. 52.

8. ГА ЗКО, ф. 12, оп. 475, д. 14, л. 27.

***

Молдагалиев Б. А., Кенжегалиев А.М.

Становление и развитие музыкального образования в Западно-Казахстанской области

В данной статье рассматривается становление и развитие музыкального образования в Западно-Казахстанской области. Раскрыты теоретические и историко-педагогические аспекты развития музыкального образования в области. Даны анализ и характеристика организаций, учебных заведений музыкального профиля.

Ключевые слова: Принцип регионализации, музыкальное образование, развитие музыкального образования, учебные заведения музыкального профиля, музыкально-образовательные учреждения.

Moldagaliev B.A., Kenzhegaliev A.M.

Formation and development of music education in the West-Kazakhstan region

This article examines the emergence and development of music education in Zapdno Kazakhstan region. The theoretical and historical and pedagogical aspects of music education in the field. Given the analysis and characterization of the organization of educational institutions Music Profile.

Keywords: The principle of regionalization, musical education, development music education, music education Profile, musical educational institutions.

***

ӘОЖ 796/799.378

Сейсенбеков Е.К. – п.ғ.к., доцент,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
E-mail: *Yerlan_fks@mail.ru*
Тастанов Ә.Ж. – п.ғ.к., профессор,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
E-mail: *tastanov_70@mail.ru*
Әшімханов Ғ.Р. – аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, ***E-mail:*** *gashimkhanov@mail.ru*
Садыбаева Г.Б. – п. ғ.м., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
E-mail: *gulnaz-22-10-87@mail.ru*

СПОРТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ СТУДЕНТТЕР ҮШІН МОРАЛЬДЫҚ-РУХАНИ ТҰРҒЫДА ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа. *Мақалада студенттердің өздері оқитын жоғары оқу орындарының оқу үдерісінде спорттық ойындармен айналысу түсініктемесі, соған орай, сипаттамасы мен әдістері берілген. Спорттық ойындармен айналысудың пайдалылығы медициналық-биологиялық және физиологиялық тұрғыдан денсаулыққа әкелер маңыздылығын жастар арасында жеткізу. Статистикалық мәліметтерге қарап, ондай аурушаңдыққа бой алдырмау жолдарын, әдістерін қарастыру арқылы студенттердің саналы түрде жалпы дене шынықтырумен қатар, спортпен, соның ішінде, спорттық ойындармен өздігінше айналысулары жайлы ұсыныстар жазылған. Кез келген педагогикалық еңбектерде өскелең ұрпаққа гуманизм негіздері жайлы түсініктер айтылады. Сол сияқты, спорттық ойындардың осындай адами қасиеттерін «Әділ ойын» арқылы насихаттай берсек, мамандармен қатар, білім алып жүрген студенттерде де адамгершілік ұстанымды баулып, тәрбие жұмысына өздігінше үлес қосары анық болар еді. Себебі, мың жерден қаншалықты білгір, өз ісінің шебері бола тұра, адамгершілік қасиеттері мүлдем жоқ үлкен мегаполистегі бас маманнан гөрі, оқуда озат болмаса да, ауыл балалары үшін тәрбиенің барлық түрлерін осы спорттық ойындар арқылы бойларына сіңдіріп жүрген қатардағы мұғалімнің артық болатыны барлық педагог қауымның есінде болса керек.*

Тіректі сөздер: *Спорттық ойындар, дене шынықтыру, оқу үдерісі, студенттер, салауатты өмір сүру салты, руханилық, қасиеттер.*

Кіріспе. Соңғы уақыттарда Қазақстан Республикасы халқының денсаулық халахуалын жыл сайын дәрігерлік-амбулаториялық тексерістен өткізіп тұрады. Экологиялық жағдайы нашар аймақтар көбеюде. Оған соңғы жылдардағы ауа, су, қоршаған ортаның ластануы, зымырандардың құлаулары, техногендік апаттар, ауарайының аномальді өзгеруі және басқа да объективті-субъективті себептер болуда. Өз кезегінде, ол міндетті түрде денсаулыққа кері әсерін тигізеді. Алайда, адамдардың өз денсаулығына немқұрайлы қарауының (әсіресе, жас кезеңде) кесірінен, орта жасқа жетпей жатып, аурушаң, әлсіз, осал болып жатады. Елімізде салауатты өмір сүру стилі әлі қалыптаспаған. Соның әсерінен, адамдар өздерінің денсаулықтары туралы ойлап жатпайды. Күйбең тіршілік қамымен оған мойын бұрмайды, уақыт бөлгеннің өзінде қайда барып айналысары, оларға үйретер маманның жоқтығы қолбайлау болмақ.

Денсаулықты сақтау, салауатты өмір сүру салтын ұстану, өзін-өзі күту сияқты, параметрлер бойынша әр елдің ғылыми, статистикалық зерттеулері бар. Міне, сондай зерттеулердің көрсеткіштері бойынша – спортпен белсенді түрде, үнемі айналысатын адамдар мүлдем айналыспайтындармен салыстырғанда, шаршауға 1,5 есе төзімдірек, ас қорыту органдарының аурулары 2 есе аз, гипертониялқ аурумен 2,5 есе аз, ұзақ

уақыт тұрақты түрдегі тонзиллитпен 3,5 есе аз, тымаумен 2 есе аз ауыратынын дәлелдеп берді. Оның нәтижесі ретінде – спортпен белсенді түрде айналысатын адамдардың денсаулық жағдайы бойынша жұмыстан 2,3 есе аз қалады [1].

Осылайша, жоғары оқу орындарындағы дене тәрбиесі денсаулық сақтаудың ажырамас бөлігі ретінде қарауға болатыны жөнінде қорытынды шығаруға болады. Қоғамда дене шынықтыру өзінде дене қасиеттері жақсы жетілген рухани байлығы, моральдік тұрғыдағы тазалығы үйлесімді жарасқан жаңа адамды тәрбиелеудегі маңызды амал болып табылады.

Ғылыми мәселенің қойылымы. Дене тәрбиесі – дене қасиеттері тұрғысында дұрыс дамудың қажетті шарттарының бірі болып табылады. Жастайынан спортқа тарту адамның дене қасиеттерін шынықтырады, икемділік пен ептілікті және реакция жылдамдығын тәрбиелейді, белсенділікті арттырады, шынайы достық пен адамгершілік қасиеттерін дамытады. Балалар мен жасөспірімдердің дене тәрбиесі амалдарын кешенді түрде қолданған жағдайда ғана толыққанды дене дамуы болады: табиғи факторлар, ғиғиеналық іс-шаралар және дене жаттығулары.

Жоғары кәсіби білім беруде «Дене шынықтыру» пәні жалпы ғуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер циклінде міндетті базалық курс ретінде, негізгі пәндердің бірі болып табылады [2].

Дене шынықтырудың гуманитарлық тұрғыдағы маңыздылығы салауатты өмір сүруге деген тұрақты түрде түрткінің жасалынуы, студенттерде дене өзін-өзі жетілдіруге деген қажеттіліктерінің туындауы, мүсіннің сымбаттылығы мен ішкі сана-сезім түрткісін тәрбиелеу сияқты, бөліктерден тұрады.

Дене шынықтырудың жоғары білімге деген сіңдірген еңбегі студенттерді дене шынықтырудың ғылыми-сарамандық негіздері туралы білімнің барлық аспектілерімен, сонымен бірге, жеке тұлғаның психикалық тұрақтылығы мен оның психофизикалық қабілеттіліктерін, денсаулықты сақтау мен нығайтуды, сарамандық дағды-машықтардың жүйесін меңгеруді қамтамасыз етумен белгіленеді.

Жоғары оқу орнындағы дене шынықтыру мен спорт жұмыстарын жандандыру, оқу орнына сәйкес, бұқаралық денешынықтыру-спорттық іс-шараларды өткізу, оқу орны құрамаларын даярлап, спорт түрлерінен дүбірлі жарыстарға қатысу секілді жұмыстарды оқу орнының Дене шынықтыру және спорт немесе Дене тәрбиесі кафедрасы атқарады. Қазақстан Республикасының Білім Берудің Жалпы Міндетті стандарттарына сәйкес, дене шынықтыру сабағы 8-ден 16 кредитке дейін болатын, гуманитарлық білім беру цикліне кіретін міндетті пән. Жоғары білім берудің маңызды міндеттерінің бірі ретінде, қазіргі кезеңде мамандарды даярлаудың фундаменталдық кәсіби және ғуманитарлық тұрғыдағы қосындысы болып табылады. Гуманитарлық ғылымдар құнды дүниетанымдық білімдерді алудың амалы болып табылады, ақыл-ой, сана-сезімнің, эрудицияның дамуына мүмкіндік береді, жеке тұлғаның мәдениетін қалыптастырады [3].

Дене шынықтыру бойынша алынған білімдердің көмегінің арқасында студенттер тірі табиғатта болып жатқан үдерістер мен көріністер туралы бүтіндей ұғым құраулары керек, табиғатты танып-білудің заманауи ғылыми негіздерінің, әдістерінің мүмкіндіктерін толыққанды түсінуі, оларды кәсіби міндеттерді орындау деңгейінде меңгерулері қажет. Студенттердің дене тәрбиесінің мақсаты ретінде жоғары оқу орнында білім алып жүрген жеке тұлғаның дене мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

Тәжірибенің әдіснамасы. Алға қойылған мақсат-міндеттерге жету үшін келесі тәрбие, білім беру, дамыту және сауықтыру міндеттерін шешуді қарастыру қажет:

- жеке тұлғаны дамуы мен оның кәсіби іс-қызметке дайындау үшін дене шынықтырудың рөлін түсіну;

- дене шынықтырудың ғылыми-сарамандық, практикалық және салауатты өмір сүру салтының негіздерін білу;

- дене шынықтыруға деген ішкі-сыртқы түрткілік, құндылық қатынастарды, салауатты өмір сүру салтына деген оң шешімді көзқарас орнату, дене қасиеттерінің өзін-өзі жетілдіру мен өзін-өзі тәрбиелеу, дене жеттығуларымен және спортпен тұрақты түрде айналысу қажеттіліктерін қалыптастыру;

- денсаулық сақтау мен нығайтуды, психикалық жайлылық, психофизикалық қабілеттіліктердің дамуы мен жетілдірілуін, жеке тұлғаның қасиеттері мен өзіндік ерекшеліктерін, дене шынықтыру саласында өзін-өзі анықтауын қамтамасыз ететін практикалық және сарамандық дағды-машықтар жүйесін меңгеру;

- студенттердің болашақ мамандыққа деген психофизикалық дайындығын анықтайтын жалпы және кәсіби-қолданбалы дене даярлығын қамтамасыз ету;

- өмірлік және кәсіби мақсат-міндеттерге жету үшін дене шынықтыру-спорттық іс-қызметтерді шығармашылық тұрғыда қолдану үшін тәжірибенің жинақталуы.

Спорттық ойындар еліміздегі кез келген оқу орындарының оқу бағдарламасында негізгі орын алып, ажырамас бөлігі болып табылады. Спорттық ойындар деп, белгілі бір мақсатқа жету үшін әртүрлі тактикалық және техникалық айла-тәсілдерде негізделген ойындық жарыстарды айтады. Спорттық ойындардың жарыстары кезінде, әдетте, екі немесе бірнеше қарсыластардың өзара жарыстар-тартыстар үдерісі болады.

Спорттық ойындармен айналысу барысында жаттықтыруға қатысушы адамдарда жылдам өздігінше шешім қабылдау дағды-машықтары пайда болады, жылдамдығы, бағыты және жиілігі бойынша өзінің қимыл-қозғалыстарын лезде өзгерте алу қабілеттіліктері жетілдіріле түседі. Адамның денсаулығына оң шешімді ықпал етуі, сонымен бірге, төзімділікті, жылдамдықты, икемділік пен ептілікті дамытумен, бұлшық ет құрылымының ырғақты қызметін қолдаумен, ауруға қарсы иммунитеттің күшеюі арқылы тымау, суық тию ауруларына жоғары деңгейдегі қарсы тұрақтылығын қалыптастыру болып табылады. Және, бұл спорттық ойындардың түгелімен барлық әлі артықшылықтары емес, оның адамдарды, атап айтса, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде басқа да оң ықпалдары бар [4].

Спорттық ойындар адамның – жеке тұлға ретінде, дамуына өте көп ықпал жасайды. Жоғарыда айтылғанның дәлелі ретінде келесіні келтіруге болады: жеке тұлғаның қоғамдық маңызы бар қасиеттерін тәрбиелеу ең басты рөл атқарады – саналы тәртіп, ұжымдық түсінік, өзінің жеке іс-қызметінен ұжымдық іс-қызметті жоғары қоя білу және т.б. Бұл жерде ұжым жеке тұлғаның қалыптасуына ең көп ықпал ететін белсенді фактор ретінде болады. Оның ықпалы жоғары және күшті болған сайын, оның мүшелерінің беделдері де солай жоғары бола бермек.

Спорттық ойын – әрқашан да күрес, тынымсыз еңбек, көбінесе қаталдырақ, адамның ұжым арасында барлық қасиеттері ашық та, жан-жақты көрінетін спорт түрі. Сондықтан да, неғұрлым жоғары деңгейдегі моральдік қасиеттер нақ осындай жағдайларда көрініс береді. Спорттық ойындардағы әділдік пен шындық – моральдік пісіп-жетілуін анық көрсететін көрініс. Кез келген жолмен жеткен жеңістің өміршеңдігі жоқ, себебі, ол спорттың моральдік нормаларын құртады.

Алынған нәтижелер және оның талқылануы. Қарсыласқа деген құрмет, күрестің рұқсат берілген айла-тәсілдерін ғана қолдану – міне, нақ осы спорттық нормалар жасөспірімдер болсын, кәсіби болсын, әуесқой болсын, спорттағы алғашқы қадамдардан бастап, ешбір сөзсіз орындалатын қағидалар.

Спортпен айналысу барысында әріптестермен, команда мүшелерімен, басқа адамдармен, спортқа табынушы жанкүйерлермен араласу және өзара әрекет ету туралы нормалары мен ережелердің ерекше жүйесі пайда болады, ал спортшыда Отанға деген ерекше ықылас, өз елі үшін үлкен халықаралық жарыстарда басқа елдің спортшыларымен үнемі бәсекелесте болғандықтан патриоттық, достастық және әріптестік сезімдері, команда ішінде ұжым үшін жауапкершілік қасиеттері қалыптасады. Спорттық іс-әрекет пен жарыстардың ерекше әдемілігі мен сауықшылығы соған сәйкес көзтартымдылықпен ерекшеленеді де, сондықтан музыка

құралдары мен қозғалыс өнері мүмкіндіктерін дұрыс ойластыра білген дұрыс, әрі оларды сауатты қолдануды талап етеді, соған сәйкес өзін-өзі ортада алып жүру мәнерін қалыптастырады, өзіне жарасымды тартымды спорттық талғампаздыққа мүмкіндік береді. Осы және осы тектес әсемдік мүмкіндіктерінің арқасында Олимпиадалық ойындар, Универсиадалар, әлем, құрылық ойындары мен спорт түрлерінен чемпионаттар секілді, ірі жарыстардың ашылу-жабылу рәсімдері, әдетте, спорттық-мәдени, сұлулықты, адам денесінің жетілуі мен денсаулығын театрландырылған көрініс арқылы салтанатты түрде паш ету, адамның әсемдік пен үйлесімділік туралы көрінісін қалыптастыруы арқасында, тұлғада эмоциялық сезімнің пайда болуына және оның эстетикалық талғамының дамуына әсер етеді. Осының арқасында, спорт өскелең ұрпақтың рухани тәрбиесіне өзінің зор үлесін қосады. Спорт саясаттың құралы емес. Спорттық жарыстарда таза спорттық сайыстың, бірі-біріне деген қолдаушылықтың рухы, нәтижелердің объективті бағасы әрқашан да болып тұруы қажет. Нақ осы спорттық жарыстарда спортшының барлық қасиеттері, соның ішінде, тек дене қасиеттері емес, сонымен бірге, психологиялық, рухани, күш-ерік қасиеттері барлық қырынан көрінеді. Спорттық БАҚ тарихында сайыстар барысында спортшы жарақат алып қалған өз қарсыласына көмек еткені, демеуені жөнінде әлденеше рет мысалдар келтірілген.

Бұқаралық ақпарат құралдарының спорттық арналарында немесе басқа да БАҚ жаңалықтарында жарыстар кезінде спортшы өз қарсыласына көмек көрсетіп жатқан жөніндегі сюжет-мысалдар көп. Әсіресе, мұндай жағдайлар футболда көп кездеседі – қарсылас әртүрлі жағдайларға байланысты жарақат алып, орнынан тұра алмай жатқан кезде, футболшының басым көпшілігі аталмыш жағдайларда допты әдейі аутқа теуіп жібереді. Қажетті ем-домын алып болған соң, әлгі жарақат алған ойыншы «Сыйға сый, сыраға бал» дегендей, допты әдейілеп қарсылас жаққа теуіп жіберіп, ойынды ары қарай жалғастыра береді...

Міне, спорттық жарыстардағы осындай жағдаяттар, кейіндірек салт-дәстүрге айналған қуатты түрдегі психологиялық өзара сыйласу аурасын туғызды. Олимпиадалық қозғалыстың негізін қалаушы барон Пьер де Кубертен осы олимпиадалық жарыстың «Тезірек! Жоғарырақ! Күштірек!» қағидасын бекіте отырып, қарсыластар арасында әділ күрес жүргізуіне негізгі зейінін сала жүруі де бекер емес, өз кезегінде, уақыт өте келе, ол «Fair Play» жарыстық этикетінің пайда болуына себепкер болды [5].

Сондықтан да, бапкер жетекші рөл атқаратын оқу-тәрбие үдерісін дұрыс ұйымдастыру өте маңызды. Оның жұмысының маңызды бөлігіне өмірдің барлық жағдайларында жоғары деңгейдегі моральдік қасиеттерді көрсете алуға қабілеті күшті жеке тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдайларды құрау болып табылады.

Спорттық ойындардың әжептәуір деңгейдегі ерекшелігінің және бір тағы көрінісі – мұнда жоғары жетістіктерге жету үшін арнайы қасиеттердің барлық кешені маңызды: дене қасиеттері, техникалық, тактикалық, теориялық және моральді күш-ерік қасиеттері міндетті түрде жұмылдырылады.

Спорттық ойындардың мінез-құлықты тәрбиелеу үшін өте бір бай, ал кейбір тұстарында, тіптен, өте ерекше мүмкіндіктері бар екенін басып айту қажет. Өзінің шәкірттерін біле отырып, жаттықтырушы бапкер әдейі қасақана, сонымен бірге, оларға білдіртпей, нақты бір моральдік-рухани қасиеттерді көрсетпеуге болмайтындай етіп, ойынның немесе жаттықтыру барысында сондай шарттар қойып, жасанды ауыр жағдайлар жасауы мүмкін.

Адамдардың күш-еркін, моральдік, рухани, техникалық, теориялық, тактикалық қасиеттерін көрсететін спорттық ойындардың аса зор бір тартылыс күші, сонымен бірге, тәрбиелік мәнінің үлкендігі сонша, айналысушылардың ойындық іс-әрекеттерінде кешендік түрткі бар. Жаттықтыруда болсын, жарыста болсын, ойын барысында техникалық-тактикалық тұрғыда ойын өрнегімен тек өзін ғана емес, сонымен қатар, қарсыласты да тәнті етіп, одан озып шығып, әлгі ойыншының

жасаған іс-әрекеттерін командалас жолдастары да, жаттықтырушы бапкер де, тіптен, көрермендер байқағаны - әрбір шәкірт одан мағынасы терең моральдік қанағаттануды сезінеді. Ондай психологиялық тұрғыдағы жеңістер ойын барысына айтарлықтай үлес қоспаса да, жаттықтырушы бапкер үшін команданың ұжым болып, бірлесе жеңіске жетуге деген құлшынысының пайда болуын, бірыңғай жасақталған құрама екенін көрсетеді. Ал енді, ондай психологиялық жағдайды сақтауға тырысу, өзімен күресу, өзінің менмендігін басу, кейіннен дағдыға айналып кетсе, айналысушы үшін мінез-құлық пен жеке тұлғалық имидж қалыптастыру болса, жаттықтырушы бапкер үшін алар биіктігі көп, әр ойын сайын жеңістен жеңіске жете беретін команда даярлау [6].

Жаттықтырушы бапкер үшін педагогикалық тұрғыда спорттық ойындармен айналысудың білім беру аспектілері де маңызды болмақ. Ойындардың мазмұнының көп салалығы, байлығы адамның қимыл-қозғалыс әлеуетін кеңейтеді. Спорттық ойындарды үйрену барысында дағды-машықтарды одан әрі ұштай отырып, адам өмірдің кез келген жағдайларында өте әдемі, адекваттық, әсерлі тиімді қимыл-қозғалыс шешімдерін таба алады. Бұл жағдайлардың еңбек, әскери немесе кез келген басқа да іс-қызмет түрлері үшін маңыздылығын бағаламау өте қиын.

Үнемі ауысып отыратын төтенше жағдайлардың ықпалымен қимыл-қозғалыс дағды-машықтары епті, икемді және жоғары деңгейдегі қозғалмалы болады. Ойын үдерісіндегі жүгірулер, секірулер, лақтырулар үнемі қолданылып отырады. Сонымен бірге, олар айналысушылардың дене дайындығының жоғары деңгейдегі әлеуетін өзінде сіңдіру үшін жан-жақты ықпалын, былайша айтқанда, әртүрлі жақтылықты қамтамасыз ететін барлық мүмкіндіктер үйлесімділігінде қолданылады [7].

Қорытынды мен ұсыныстар. Сонымен, спорттық ойындармен жүйелі түрде айналысудың ықпалы еңбекке және Отанды қорғауға деген даярлыққа автоматты түрде ұштасып кетеді. Өз кезегінде, ол патриоттық тұрғыда жас ұрпаққа сіңдірері мол.

Бұндай айналысу сабақтарының сауықтыру құндылығы да маңызды. Спорттық ойындардың ағзаның дамуы мен функционалдық іс-қызметіне деген ықпал деңгейі дене жаттығуларының басқа да көптеген түрлерінен асып кеткендігі бұрыннан дәлелденген. Олар тек дені сау, жас адамдарға ғана емес, сонымен бірге, балаларға да, жасы келген кәрі кісілерге де, ал бірқатар кей жағдайларда, ауруларға да пайдалы. Бұл фактіге деген түсініктемені спорттық ойындардың ерекше бір алуан түрлілігінде, табиғилығында, буырқанды сезімділігінде емес, олардың әрқайсысының өз қалауы бойынша қимыл-қозғалыс тәртібін таңдауға және өзінің белсенділігін реттеуге мүмкіндік беретін, ерікті түрдегі, еркін сипаттағы іс-қызметінде іздеу керек.

Ойындық іс-қызметтің ауыспалы сипаты аяқ асты аурудың әсерінен әлсізденген немесе әлі бұғанасы қатпаған ағза үшін өте қолайлы, яғни, сол ағзаға өте пайдалы да, дұрыс оң әсер етеді.

Дегенмен, ағза үшін қатерліктер мұнда да жетерлік. Олар, көбінесе, ойындар барысында жарақаттар алып қалу, дене жүктемесінің шамадан тыс болуы, соның кесірінен ағзаның өзін-өзі реттей алу тәртібінің ауытқуы сияқты қиыншылықтар, өкінішке орай, кездесіп жатады. Мұндай теріс әсерлердің болдырмауын алдын-алу үшін келесі іс-шараларды: қорғаныс құрал-жабдықтарын пайдалану, дене жүктемелерінің мөлшерлеуінің әдістемелік ережелерін сақтау, айналысушылардың ойындық, әсіресе, жарыстық іс-қызметтерінің үдерісін белсенді түрде басқару қажет. Бұдан басқа, әртүрлі жас контингенттері үшін спорттық ойындардың түрлерін дұрыс таңдау және айналысу сабақтарын дәрігермен тығыз өзара қызметтестікте өткізу керек.

Спорттық ойындар түрлерін дұрыс ұйымдастырылуына арналған айналысу сабақтары жүйелі түрде болсын, тек бір-екі реттік болсын (спорттық ойындармен айналысудың өздігінше таңдаған түрі ретінде), оған қарамай, айналысушылардың ағзасына оң ықпал жасайды. Ал, кейбір жағдайларда, спорттық ойындар түрлеріне деген тұрақты қызығушылықтар пайда бола бастаған кездерде, дене

жаттығуларының сүйікті түріне айналып кетуі, соның әсерінен, дене даярлығының, дене дамуының және спорттық шеберліктің жоғары деңгейіне жетуі гажап емес.

Әдебиеттер:

1. Мельников В.С. Физическая культура: Учебное пособие. – Оренбург: ОГУ, 2002. – 114 с.

2. ФБ.ру. – www.fb.ru2. Пайдаланған уақыты: 27.10.2016 г.

3. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген, ҚР Үкіметінің 13.05.2016 № 292 қаулысымен өзгертілген.

4. Школа здоровья Алтайского края. – www.valeo.akipkro.ru. Пайдаланған уақыты: 24.10.2016 г.

5. Сейсенбеков Е.К., Сарсекеев Г.М., Дәуленбаев М Т., Айтбаев Д.О. Білім беру мекемелеріндегі дене даярлығы үдерісінде рухани-патриоттық тәрбие берудің маңызы // БҚМУ Хабаршысы. – 2016. – №2. – Б. 54-60.

6. Бароненко В.А, Рапопорт Л.А. Здоровье и физическая культура студента: Учебное пособие. – М.: Альфа-М, 2003. – 156 с.

7. Сейсенбеков Е.К. Спорт теориясы мен әдістемесі. – Астана.: ЕҰУ баспасы, 2013. – 331 б.

Сейсенбеков Е.К., Тастанов А.Ж., Ашимханов Г.Р., Садыбаева Г.Б.

Значимость спортивных игр для морально-нравственного формирования мировоззрения у студентов

В статье даны понятия, характеристика и методы преподавания спортивных игр в учебном процессе для студентов, обучающихся в высших учебных заведениях нашей страны. Доведение до студенческой молодежи полезность занятий спортивными играми в медико-биологическом и в физиологическом плане, что оказывает для здоровья благотворное влияние. По статистическим сведениям, указанным в статье, даны предложения и методические указания, способы борьбы с болезнями, через это осознание студентами самостоятельным занятиям физической культурой и спортом, в том числе, и спортивными играми. В любых педагогических трудах обязательно освещаются подрастающему поколению пояснения об основах гуманизма. Значит, если вместе с специалистами и педагогами далее пропагандировать человеческие качества через «Честную игру», то прививая у студентов идеи гуманизма, душевности, можно было бы внести вклад в воспитательную работу наряду с педагогами. Потому что, есть большая разница простого учителя физической культуры в селе, который хоть и не был отличником, который, зато, и через спортивные игры, прививает для сельских ребят азы всей педагогики и гуманизма, у которого есть толк, чем от главного специалиста, работающего в большом мегаполисе, не имеющего элементарной вежливости и отсутствия проявления человеческих качеств в любом виде.

Ключевые слова: Спортивные игры, физическая культура, учебный процесс, студенты, здоровый образ жизни, нравственность, человеческие качества.

Seisenbekov Yer.K., Tastanov A.Zh., Ashimhanov G.R., Sadybaeva G.B.

The importance of sports for the formation of moral and ethical outlook of the students

The article presents the concept, characteristics and methods of teaching sports games in the educational process for the students enrolled in higher educational institutions of our country. Bringing to students the usefulness of training sports games in the biomedical and physiological plan that is beneficial to health. According to the statistical data specified in this article are suggestions and guidelines, methods of disease control, through this awareness by students independent physical training and sports, including

sports and games. In any pedagogical works certainly highlights the younger generation an explanation about the basics of humanism. So, if, together with specialists and educators continue to promote human qualities through the "fair play", the planting of the students ideas of humanism, mentality, it would be possible to contribute to the educational work along with teachers. Because there is a big difference a simple teacher of physical culture in the village, who even though he was an excellent student, who, on the other hand, and in a sports game, instills for rural children the basics of all pedagogy and humanism, which has sense than the main expert working in the great metropolis, which has no common courtesy and lack of manifestation of human qualities in any form.

Keywords: Sports games, physical education, educational process, students, healthy lifestyle, morality, human qualities.

***

ӘОЖ 372.853

Сырым Ж.С. – п.ғ. к., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Кажмуханова Г.Ш. – магистр, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Кизагалиева А.К. – магистрант, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: *Almuwka88@mail.ru*

КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕУДІҢ НЕГІЗІНДЕ МЕКТЕП ФИЗИКАСЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа. *Компьютерлік техника оқушыларды жаңа ақпараттық технологиялар әлеміне енгізіп, табиғаттағы, техникадағы, қоғамдағы түсіндіруді қажет ететін түрлі жағдайларды, үдерістер мен құбылыстарды модельдеуге мүмкіндік береді. Бұл мақала физикалық үдерістерді компьютерлік модельдеу мәселелеріне бағытталған.*

Тірек сөздер: *Білім беру, мектеп, физикалық үдеріс, ақпарат, компьютерлік модельдеу, бағдарлама, құбылыс, атом, Резерфорд тәжірибесі, фотоэффект, механика.*

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз бүкіл еліміз бойынша әлеуметтік стандарттар деңгейінде сапалы білім қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек. Оқытудың, әр оқушының білімі мен қабілет деңгейінің тиімділігін бағалаудың біртұтас жүйесін жасау қажет» деп көрсетілген. Білім беруді ақпараттандыру үдерісінде компьютерді оқу жүйесінде пайдалануы арқылы халыққа білім беру жүйесін реформалаудың негізгі буынының бірі болып саналады. Қазіргі қоғамның қажеттілігіне сай оқытудың әдісі мен қалпын, білім берудің мазмұнын түбірімен өзгертуде компьютердің мүмкіндігін пайдаланбай жүзеге асыру мүмкін емес деп есептейміз.

Бүгінгі таңда мектепте білім беруді ақпараттандырудың болашағы қоғамдағы ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды даму үрдісімен, білімнің ғылыми интеграцияға ұмтылуымен, қоғамда жинақталып және үнемі өсіп отыратын ақпарат көлемінің әртүрлілігімен анықталады.

Мектепте білім беруді ақпараттандыру әлеуметтік, экономикалық, теориялық, практикалық сипаттағы түйінді мәселелерді шешуге жол ашуда. Міне сондықтан, ғылыми-техникалық прогресс жағдайында мектеп оқушыларынан жоғары білікті мамандар даярлау үшін жаңаша оқыту әдістерін енгізу талабы алға қойылуда.

Бұл мәселелерді шешудің бірден бір жолы – оқу үрдісін компьютерлендіру. Өйткені болашақ мамандардың бойында ақпараттық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру – мектепте оқушылардың компьютерде жұмыс жасап, оны жақсы игеруімен тығыз байланысты. Жалпы білім беретін мектептерде компьютерлендіруді жаппай енгізу үдерісі оқыту теориясы мен мектеп практикасы алдына жаңа ғылыми

мәселелерді қойып отыр. Осыған орай көптеген ғалымдар мен әдіскер мамандар компьютерді білім беру жүйесінде сапалы әрі тиімді қолдану мақсатында теориялық және әдістемелік зерттеулер жүргізуде [1, 113 б.].

Зерттеушілер оқу үрдісі үшін арнайы жасалған не соған үйлестірілген педагогикалық бағдарламалық құралдарды оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастырушы, бірлесе іс-әрекет етуге үйретуші оқыту құралы деп танып, зерттеу объектісін өзгерту мен оны қайта көрсету тек компьютер көмегімен оқу үрдісінде ғана іске асырылуы мүмкін деген тұжырымға келді.

Оқу үрдісіндегі компьютердің негізгі мәні: «зерттеу объектісі» және «оқыту құралы» түріндегі екі бағытта қарастырылады.

Бұлардың алғашқысы білімді игеруді, біліктілік пен дағдыны, компьютерлік сауаттылықты меңгеруді қарастырады. Екіншісі, компьютерден оқу үрдісінің тиімділігін арттыратын қуатты оқыту құралын көреді.

Оқытатын бағдарламалар көрнекілікті күшейтуге мүмкіндік туғызып, оны жүйелі түрде әрі қозғалыс үстінде көрсетуге лайықталып жасалса, онда оқушы игеретін ақпараттың мазмұны тереңдеп, мәнділігі арта түседі.

Қазіргі заманғы дидактикада көрнекілік принципі тек нақты заттар мен олардың кескіндерінің статикалық тірегі ретінде ғана емес, сонымен бірге оның динамикалық моделі ретінде де түсіндіріледі. Сонымен, жаңа ақпараттық технологияға, көрнекілікке негізделген жаңа білімді компьютер экранында қозғалыста бейнелеу арқылы үйрету мүмкіндігі оқытудың дидактикасы мен әдістемесінде, соның ішінде, әсіресе, физиканы оқыту әдістемесінде жаңа тиімді бағыттарға жол ашады.

Оқу үрдісінде физикалық заңдар мен құбылыстарды түсіндіруде модельдеуді пайдалану өте тиімді болып табылады. Модельдеу арқылы оқытудың ғылымилығы, көрнекілігі, жүйелілігі, белсенділігі сияқты ұстанымдары жүзеге асырылады. Сондай-ақ, оқу әрекетінің әдіснамасы ғылыми-зерттеу жұмыстарының әдіснамасымен ұштастырылады.

Қазіргі уақытта мектеп құрал-жабдықтары қатарынан зиянды әсер ететін, құрамында сынабы бар аспаптар алынып тасталды; сол секілді электрондық сәуле шоғырының қасиетін көрсетуге арналған катодтық түтікшелер де шығарылмайды; қуатты рентген түтігін қодлануға да тыйым салынды. Осының бәрі сабақ берудегі қиындықтарды тереңдете түседі [1, 115 б.].

Дегенмен, құбылысты көзбен көріп бақылауды еш нәрсе, тіпті, ең қызықты әңгіменің өзі алмастыра алмайтыны көпке мәлім. Материалды жалаң сөзбен баяндағанда оқушыларда зерттеліп отырған құбылыс туралы дұрыс та айқын түсінік қалыптаса бермейді, өйткені олар әлгі құбылысты уақыт ағымындағы қозғалыста бақылай алмайды. Бақылау мен тәжірибе жоқ кезде құрғақ әңгіме санаға ауырлық түсіріп, белсенді ойлау қарекетін тудырмайды. Ал, көзбен көрген бейнелер оқушыларға құбылыстың заңдылығын өз бетінше зерделеуге, оның заңдылықтарын «ашуға» негіз бола алады.

Компьютерлік модельдерді қолдану оқыту көрнекілігінің тиімділігін арттырып, мектепте тікелей бақылауға бола бермейтін микроғаламға да көз тастауға мүмкіндік береді (ядроның ыдырауы), оқушы денсаулығына зиянды тәжірилерге жүгінбей-ақ (рентген сәулесі, уран ядросының бөліну механизмі, ядролық реакция және т.б.), кейбір құбылыстарды (радиоактивті ыдырау) айтарлықтай көрнекі түрде модельдейді.

Қазіргі уақытта біздің елімізде орта мектептерге арналған әртүрлі оқыту бағдарламаларын, соның ішінде модельдеу бағдарламаларын құрастыру қарқынды үдеріске айналып отыр. Мұндай бағдарламалардың мынадай ерекшеліктері бар:

1. Қазіргі заманғы ЭЕМ-нің түрлі-түсті және графикалық мүмкіндіктері кеңінен қолданылады.

2. Модельдеу бағдарламалары оқушының ЭЕМ-мен диалогты режимде жұмыс істеуіне ыңғайластырылған.

3. Оқушы модельдеу бағдарламаларымен жұмыс кезінде дисплей экранынан қарастырылатын объектінің немесе құбылыстың көрнекі бейнесін қозғалмалы сурет, график, диаграмма, сұлба түрінде көріп отырады.

4. Модельдеу бағдарламасын орындау үдерісінде дисплей экранында жеткілікті мөлшерде мәтін пайда болады, ол оқушыға бағдарлама жұмысының мақсаттары мен тәсілдері жөнінде ақпарат береді және жұмысты оқушының толық тәуелсіздігі жағдайында, яғни ешқандай сыртқы көмексіз және баспа материалын пайдаланбай-ақ атқаруына мүмкіндік туғызады. Әрине, модельдеу бағдарламасын оқушыға қажетті басқа да баспа құралдарымен қамтамасыз ету, бағдарламаны сабақ үрдісінде пайдаланудың тиімділігін арттыра түседі.

Орта мектептің физика курсында қарастыралатын құбылыстарды компьютерлік модельдеу – әзірше біртұтас жүйе ретінде қалыптаспаған, дәлірек айтсақ олар әлі жекелеген модельдеу бағдарламалары мен әдістемелік материалдардың бір-біріне байланыспаған жиынтығы күйінде қалып отыр. Міне сондықтан, модельдеуге байланысты мектептерді компьютерлендірудің басты міндеттерінің бірі – қиын тараулар мен тақырыптарды оқытудың жаңа ақпараттық технологиясын жасау, яғни оқытуды бағдарламалық қамтамасыз ету, бағдарламалап оқытудың неғіздемесін жасау және оны саналы жүзеге асырудың тілдік жүйесінің тиімді жолдарын қарастыру. Алайда, бағдарламалардың оқу тілдік жүйесі кәсіби пайдаланушыларға ғана арналған. Сондықтан да біздің ойымызша, физиканы оқытудың тиімділігін арттыру жодарының бірі – компьютерде жасалған арнайы бағдарламалар кешенін, яғни қолданбалы бағдарламалық пакеттерді пайдалану болып табылады.

Соңғы жылдары қарқынды дамып келе жатқан, әлемді танудың маңызды құралына айналған компьютерлік модельдеу технологиясының болашағы зор. Сондықтан физикалық үдерістер мен құбылыстарды модельдеу – оқыту үдерісін дамыту мен жетілдірудің болашағы. Әсіресе оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттырудағы және зерттеу жұмыстарын дамытудағы орны ерекше. Физикалық эксперименттерді модельдеу – мұғалімге сабақта физикалық ұғымдардың мағынасын тереңірек ашуға, оқушыларды физиканың қазіргі эксперименттік базасымен таныстыруға, физикалық құбылыстар мен үдерістерді зерттеу әдістерін толық түсіндіруге мүмкіндіктер береді. Мысалы ретінде компьютерді қолдану арқылы «Атом құрылысы. Резерфорд тәжірибесі» тақырыбына өткізілген сабаққа қысқаша тоқталайық.

Әрине, оқушылардың материяның құрылысы туралы көзқарасын қалыптастыруда Резерфорд тәжірибесінің қаншалықты маңызды екенін дәлелдеп жатудың қажеті шамалы. Бірақ мұндай тәжірибені физика кабинетінде көрсету мүмкін емес. Ал дербес компьютердің көмегімен тәжірибенің динамикалық компьютерлік моделін пайдаланып, көптеген α -бөлшектерін әртүрлі жылдамдықтармен жіберген кезде олардың фольганың атом ядросымен әсерлесулерін көрулеріне болады [2, 60 б.]. Бұл тәжірибені оқушының өзі өз қалауынша бақылауына көп уақыт кетпейді, есесіне тәжірибенің көрнекілігі жақсы әсер қалдырады. Сонымен қатар, осы тақырыптың мазмұны оқулықтағыға қарағанда жинақталып, қосымша физикалық шамалардың мәндерімен, теориялық және тарихи материалдармен толықтырылып, компьютерге енгізіліп қойылған (1-сурет). Бұл әр оқушының жаңа тақырыпты компьютерде отырып, кез-келген уақытта өздігінше оқып-үйренуіне мүмкіндік береді.



1-сурет. – Резерфорд тәжірибесінің компьютерлік моделі

Ал келесі «Фотоэффект» моделі оқушылардың мынадай сұрақтарға жауап алуына көмектеседі: «Фотоэффек неден тұрады?», «Жарықтандырылатын электродтың таңбасы қандай болу керек?», «Кідіртуші потенциалдың рөлі қандай?», ««Қызыл шекара» дегеніміз не?», «Қанығу фототогының шамасы неге тәуелді?», «Жарық ағынының толқын ұзындығы неге әсер етеді?», «Жарықтың берілген толқын ұзындығы мәні арқылы шығу жұмысын қалай анықтауға болады?» және т.б (2-сурет).



2-сурет. – Фотоэффект құбылысының моделі

Бұл модель есептер шығару кезінде Эйнштейн теңдеуін дұрыс қолдануға мүмкіндік береді. Осы модель бойынша мұғалім есеп құрастырады. Ал оқушылар топпен бірігіп шығарып, содан соң өздерінің алған нәтижелерін виртуальды эксперимент негізінде тексере алады. Толқын ұзындығын таңдау спектр шкаласының скроллері арқылы іске асырылады.

«Карно циклі» моделінің басты мақсаты - жылу машинасының ПӘК-інің неден тәуелді екендігін көрсету. Қыздырғыштың T_1 температурасын және салқындатқыштың T_2 температурасын өзгертуге болады (3-сурет).



3-сурет. – Карно циклінің моделі

Жоғарыдағы модель газдағы микроүдерістер туралы мәлімет береді. Бұл модельде интерактивті графикте (оң жақта) тұйық цикл мен Q(t), A(t) және ΔU(t) тәуелділік графиктері көрсетілген. Қасында есептеу параметрлері бар.

Модельді талдауға мынадай тапсырмалар беріледі: барлық 4 үдеріс үшін термодинамиканың I бастамасын жазу; қандай үдерістерде цилиндр жылу мөлшерін алады, қайсысында береді, ΔQ шамасы бойынша салыстыру; адиабаталық және изотермалық үдерістердің ұқсастығы мен айырмашылын түсіндіру; ПӘК-і неге 100% бола алмайды және т.б. Ары қарай есептер шығарылады (модель параметрлері бойынша), ал нәтижелер компьютерлік экспериментпен тексеріледі.

«Механика» тақырыбы бойынша модель-графиктерді («Бірқалыпты үдемелі қозғалыс графиктері», «Горизонтқа бұрыш жасай лақтырылған дене қозғалысы», «Лифтідегі адам» және т.б.) ешнәрсемен алмастыруға болмайды. Бұл модельдердегі анимациялар оқушыларға қозғалысты және оның параметрлерін деңгейлі бақылауға, графиктерді қалай тұрғызуға болатындығын көруге мүмкіндік береді (4-сурет).



4-сурет. – Механикалық қозғалыстардың моделі

«Максвелл таралуының» мультимедиялық интерактивті моделі молекулалардың жылулық қозғалысын көруге мүмкіндік береді (5-сурет). График бойынша әртүрлі Т температураның мәнінде квадраттық және ықтималдық жылдамдықтардағы бөлшектердің санын анықтауға болады. Модельде жасыл түспен есептеу жүргізілген жылдамдық аралықтарындағы бөлшектер белгіленген.



5-сурет. – «Максвелл таралуының» мультимедиялық интерактивті моделі

Құрылғының немес механизмнің математикалық моделі шығыстағы тек физикалық параметрлерді ғана емес, сонымен бірге құраушылардың техникалық сипаттамаларын таңдауға, нәтижелердің мүмкін мәндерін бағалауға мүкіндік береді.

«RLC контурындағы еркін тербелістер» моделінің мысалына бұндай контур неге сәуле шығармайтындығын анықтауға болады. Радио-, ЖЖ, АЖЖ жиіліктерді алу үшін қандай сыйымдылық және индуктивтілік беру қажет? Бұны тағы да осы компьютерлік модель арқылы тексеруге болады (6-сурет). Нәтижелердің сәйкес келуі оқушылардың жетістікке жеткендерін көрсетеді.



6-сурет. – RLC контурындағы еркін тербелістер моделі

Сонымен, компьютерлік модельдеу бағдарламаларын физика сабақтарында қолдану, біріншіден, оқушының қарастырып отырған физикалық құбылыстың мағынасын тереңірек түсінуіне мүмкіншілік береді. Екіншіден, оқушы сабақ барысында ғылыми-зерттеу жұмысына тартылады, оның бойында зерттеушілік қабілет пен ынта қалыптасады [3, 58 б.].

Физика пәнін оқытуды ұйымдастыруда динамикалық компьютерлік модельдерді пайдалану үшін:

- дайын модельдеу бағдарламаларының ерекшеліктерін;
- бағдарламаларды қолдану ерекшеліктерін;
- компьютерді пайдаланып, сабақ өткізу ерекшеліктерін;
- компьютер көмегімен алынған ақпаратты талдау және өңдеу біліктілігін қажеттілігі анықталады.

Сонымен қатар, оқушылар компьютерді қолдануды жетік меңгеруі керек. Сонда ғана динамикалық компьютерлік модельдерді пайдалану оқышулардың тыңғылықты білім алуына үлкен септігін тигізеді. Компьютерлік демонстрацияны кез-келген сабақта қолдануға болады.

Әдебиеттер:

1. Шканова А.К. Компьютерлік технологияны оқу- тәрбие процесінде пайдалану // «Тайманов оқулары -2010» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияның материалдары. – Орал, 2010. – Б. 112- 115.

2. Бурсиан Э.В. Физика 100 задач для решения на компьютере. – СПб.: Издательство Дом "МиМ", 1997. – 253 с.

3. Бердиева М.А. Физикалық процестерді компьютерлік модельдеу және компьютерлік эксперимент // «Педагогикалық кадрларды дайындаудың қазіргі заманғы өзекті мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Шымкент, 2007. – Б. 57- 59.

***

Сырым Ж.С., Кажмуханова Г.Ш., Кизагалиева А.К.

Методика преподавания школьного курса физики на основе компьютерного моделирования

Компьютерная техника с ее возможностями вводит учащихся одновременно в мир новых информационных технологий и позволяет моделировать различные ситуации, явления и другие явления в природе, обществе, технике, требующие

решения или объяснения. Вопросам компьютерного моделирования физических процессов посвящена настоящая статья.

Ключевые слова: Образование, школа, физический процесс, информация, компьютерное моделирование, программа, явление, атом, опыт Резерфорда, фотоэффект, механика.

Syrym Zh., Kazhmuhanova G., Kizagalieva A.

Methods of Teaching a School Course of Physics on the Basic of Computer Modeling

The computer technics with its possibilities enters pupils simultaneously into the world of new information technology and allows to model various situations, the phenomena and processes in the nature, a society, the technician, demanding decisions or explanations. The present article is devoted questions of computer modeling of physical processes.

Keywords: Education, school, physical process, information, computer modeling, program, event, atom, Rutherford's experience, the photoelectric effect, the mechanics.

***

ӘОЖ 372.3/4

Албытова Н.П. – п.ғ.к., профессор м.а.,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
E-mail: *nalbytova@mail.ru*

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ НӘТИЖЕЛІЛІГІНІҢ КЕПІЛІ – ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ

Аңдатпа. *Мақалада жаңартылған білім мазмұнына сәйкес оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесі қарастырылады. PISA бағдарламасы бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын анықтау факторы ретінде қосымша білім беру туралы мазмұндалады. Сондай-ақ, педагогикалық тәжірибеде жинақталған қосымша білім беру түрлері мен модельдеріне сипаттама беріліп, олардың әлеуетін орта және қосымша білім беру сабақтастығында қарастыру туралы ұсыныстар беріледі.*

Тірек сөздер: *Ұлттық жоспар, жаңартылған білім мазмұны, функционалдық сауаттылық, құзыреттілік, фактор, қосымша білім беру, қосымша білім беру бағдарламасы.*

Қазақстан Республикасындағы соңғы жалдардағы өзгерістер білім беру жүйесінде құндылық, интеллектуалдық, адамгершілік және азаматтық дамуды өзек ететін білім беруді іске асыруда қарқынды өзгерістер жасауға ықпал етті. Білім беру деңгейі – экономикалық және ғылыми-техникалық өрлеудің бастау көзі, мемлекет пен қоғамның табысты дамуының кепілі. Алдымызда әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына ену міндеті тұр және білім беру жүйесін жаңғырту осы бағыттағы ең маңызды қадам болып саналады.

Бүгін біз еліміздің ертеңіне ықпалы зор болатын қадам жасап отырмыз. Халқымыз үлкен өзгерістердің куәсі болмақ, биылғы оқу жылында білім беру жүйесінің мазмұны жаңартыла бастауға қадам басты, жаңа пәндер және оқу нәтижелерін бағалаудың тың жүйесі, басқа да көптеген жаңашыл өзгеріс енгізілмек. Білім берудің жаңа стандарты тек қана мектеппен шектелмейді, реформа білім беру саласының барлық деңгейін, оның ішінде кәсіби-техникалық және жоғары білім жүйелерін қамтиды.

Азаматтардың білімдігі, олардың шығармашылық қабілеттілігі мен белсенділігі – заманымыздың қоғам алдына қойып отырған талаптары. Мемлекет білім сапасын дамыту арқылы баға жетпес ресурс және өрістеуінің негізгі күші -

адам капиталын өсіру жолын таңдап отыр. Сондықтан да Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік деңгейдегі биік стандарттар бойынша дамытуға мүмкіндік беретін маңызды іс-шараларды іске асыруды тапсырды.

Елбасы Н.Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау жөнінде нақты міндет қойды [1]. Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Ұлттық жоспар Қазақстан Республикасындағы білім сапасын жетілдірудің негізгі бағдары ретінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту іс-қимылдарының мақсаттылығын, біртұтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз етуге арналған. Мұнда жалпы, кәсіптік және қосымша білім беретін оқу бағдарламаларының сабақтастығы басшылыққа алынады.

Осы орайда Ұлттық жоспар мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша шаралар жүйесін іске асырудың тетіктерін анықтау, білім мазмұнын жаңғырту және соған сәйкес оқу-әдістемелікпен қамтамасыз етуді әзірлеу, білім сапасын бағалау және мониторинг жүргізу жүйесін дамыту, мектептің және қосымша білім беру жүйесі ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту міндеттерін қойып отыр.

Белгіленген міндеттердің шешілу нәтижесі ретінде орта мектепті бітірушінің басқарушылық (проблеманы шешу қабілеті); ақпараттық (өзіндік танымдық қызметке қабілеті немесе өмір бойы білім ала білуі); коммуникативтік (қазақ, орыс және ағылшын (шет) тілдерінде ауызша, жазбаша және нәтижелі қарым-қатынас жасауға қабілеті); әлеуметтік (әлеуметтік өзара іс-қимыл жасауға қабілеті); тұлғалық (өзіндік іске асыру, өзін-өзі жетілдіру, өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтау, төзімді болу қабілеті); азаматтық (қазақстандық сана-сезім мен мәдени ұқсастық негізінде өзінің отаны үшін жауапкершілікті сезіну қабілеті); технологиялық (тиімді пайдалану деңгейінде технологияларды, оның ішінде ғылыми, сандық технологияларды пайдалану қабілеті) сияқты *негізгі құзыреттіліктері* мен оқу пәні шеңберінде меңгерілген білім, іскерлік, дағдысымен ерекшеленетін *пәндік құзыреттіліктері* белгіленген [2].

1980 жылдары Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) қатарындағы елдер оқушылардың сандық білім көрсеткішіне ғана негізделген білім мазмұнымен шектелмей, олардың меңгерген білімдерін қолдана білу құзіреттіліктерін қамтамасыз ететін жаңартылған білім мазмұнына көшу керектігін, функционалдық сауаттылықты дамытуды қамтамасыз етуді қолға алды. Бұл үдеріс 90-жылдарға дейін созылып, 2000 жылдары оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы ретінде PISA (Programmer for International Student Assessment – PISA) белгіленді. PISA 15 жастағы жасөспірімдердің мектепте алған білімдерін, іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалана алу қабілеттерін бағалайды.

Қазақстан жоғарыда аталған, оқушыларыдың функционалдық сауаттылығын дамытуға жағдай жасайтын жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытуды 2016-2017 оқу жылында 1 сыныпқа қабылданған мектеп оқушыларынан бастап, біртіндеп енгізе бастайды. Демек, ендігі кезекте қазақстандық оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау халықаралық бағдарлама PISA бойынша анықталатын болады.

PISA зерттеулері бойынша көш басында тұрған елдердің (Австралия, Финляндия, Жапония, Жаңа Зеландия, Италия, Оңтүстік Корея және т.б.) нәтижесі

көрсеткендей, оқушылардың функциялық сауаттылығын дамытуға мынадай факторлар әсер етеді:

1) білім беру мазмұны (ұлттық стандарттар, оқу бағдарламалары);

2) оқыту нысандары мен әдістері;

3) білім алушылардың оқудағы жетістіктерін диагностикалау мен бағалау жүйесі;

4) мектептен тыс, қосымша білім беру бағдарламалары;

5) мектепті басқару моделі (қоғамдық-мемлекеттік нысан, мектептердің оқу жоспарын реттеудегі дербестігінің жоғары деңгейі);

6) барлық мүдделі тараптармен әріптестікке негізделген достық қалыптағы білім беру ортасының болуы;

7) ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі белсенді рөлі [2].

Яғни, мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту деңгейіне басқару моделі, оқыту тілі, педагог пен отбасының және т.б әлеуметтік мәртебесі кешенді әсер етеді. Жаңартылған білім мазмұны бойынша оқушылардың функциялық сауаттылығын дамытуда мектеп, қосымша білім беру және ата-ана бірлестігінің рөлі жаңаша мәнге ие болатындығы ақиқат.

Мектеп оқушыға деген көзқарасын түбегейлі өзгертіп, оқу бағдарламалары оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға - негізгі, пәндік құзыреттіліктерге қол жеткізуге бағдарланады, оқу процесін неғұрлым икемді етіп, практикалық бағыттауға мүмкіндік беріледі. Осы бағытта қыруар жұмыстар жүріп жатыр деуге болады. Себебі орта білім беретін мектептің стандарттары, оқу бағдарламалары мен оқулықтары және т.б. дайындалып, сондай-ақ, оқу ісін атқаратын педагогтар қайта дайындықтан өтіп жатыр.

Баланың дамуына оның метеп кезеңінде жағдай жасау ерекше мәнді. Осы жаста баланың негізгі әлеуметтік құрылымдары, басты дүниетанымдық ұстанымдары, танымдық ерекшеліктері дамып, өзін қоршаған қоғамдық ортада қарым-қатынас орнату дағдылары мен тұлғалық іргетасы қаланады (Ш.А. Амонашвили, Б.Г. Ананьев, Ю.К. Бабанский, Л.И. Божович, Л.С. Выготский, И.Ф. Гербарт, В.В. Давыдов, Л.В. Занков, Я.А. Коменский, Я.Корчак, Л.И. Новикова, Л.Ф. Обухова, И.Г. Песталоцци, Л.С. Славина, Б.Спок, В.А. Сухомлинский, Л.Н. Толстой, К.Д. Ушинский, В.Д. Шадриков және т.б.) [3; 4]. Дегенмен, осындай ауқымды міндеттерді мектеп жағдайында ойдағыдай іске асыру мүмкін емес. Әрине, бұл міндеттерді шешуде отбасы, қоршаған орта, бұқаралық ақпарат құралдары және өзіндік тарихы бар (мектептен тыс) қосымша білім берудің айтарлықтай орыны бар.

Жоғарыда атап өткен Мемлекеттік бағдарламада оқушылардың функциялық сауаттылығын дамытуға әсер ететін факторлар ретінде қосымша білім беру бағытының маңыздылығы нақты көрсетілгенмен, оның практикалық іске асуы баяу жүріп жатыр деуге боларлық.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Қосымша білім беру – білім алушылардың білім алу қажеттерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту процесі. Қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың өзін-өзі билеуін, шығармашылығын дамыту, олардың қабілеттерін іске асыру, қоғам өміріне бейімделуі, азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдайлар жасауды көздейді– деп белгіленген [5]. Қосымша білім беру бағдарламалары_- әртүрлі бағыттағы білім беру бағдарламалары: қосымша білім берудің жалпы білім беру мекемелерінде (біліктілікті жетілдіру мекемелерінде, кәсіптік бағдар беру курстарында, орталықтарында, музыка және көркемсурет мектептерінде, балалар шығармашылығы үйлерінде өнер мектептерінде, жас техниктер станцияларында, жас натуралистер станцияларында және тиісті лицензиялары бар басқа да мекемелерде); жеке педагогикалық қызмет арқылы жүзеге асырылады.

Қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың және тәрбиеленушілердің білім алу және мәдени қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыруға бағытталған. Мұндай оқу бағдарламалары мазмұнына және бағытына қатысты: 1) білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім беру; 2) мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру оқу бағдарламалары болып бөлінеді. Мемлекеттік білім беру ұйымдары іске асыратын қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын оларға катысты мемлекеттік басқару органының функцияларын атқаратын органдар бекітеді. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім беру, түрлерін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын қосымша білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады. Қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламалары бойынша білім алушыларға білім беру қызметтерін көрсетуді бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары шарттық негізде береді [6].

Педагогика және психология бойынша қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде: «Қосымша білім беру – адамзаттың, қоғам мен мемлекеттің білімге деген қажеттерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында барлық деңгейдегі қосымша білім беру бағдарламаларының негізінде жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту процесі. Қосымша білім берудің негізгі міндеті – әрбір кәсіби білім беру деңгейінде және әрқашан білім стандарттарының жетілдірілуіне байланысты жұмысшының, қызметкердің, маманның білімін үздіксіз жетілдіру» - деген анықтама берілген [7]. Анықтамада кәсіби білім беру деңгейінде қосымша білім беру бағытында түсініктеме беруге баса назар аударылған.

Педагогика саласында «қосымша білім беру» ұғымы А.А. Андреев, В.И. Андреев, В.И. Байденко, В.В. Безлепкин, В.В. Белова, А.Г. Андрейченко, В.А.Березина, А.К. Бруднов, О.Е. Лебедев, Х.Й Лийметс, В.А. Сластенин сынды бірқатар ғалымдардың еңбектерінде қолданыста болды. Берілген анықтамаларды саралай келе, ғалымдардың «қосымша білім беру» ұғымын түрліше түсіндіретіндігіне көз жеткіздік.

Х.Й. Лийметса, А.Тюрнпуу (1976) анықтамаларында «қосымша білім беру» - (білім берудің, оқыту мен тәрбиенің теориялық және практикалық мәселелерін қамтитын) ересектерге білім беруге қатысты андрогогиканың жаңа саласы.

О.В. Купцов (1991) қосымша білім берудің жүйелілік сипатын ескере отырып, адамды жетілдіру, дамыту мәселесінің міндеттерін шешетін жүйенге қосымша ретінде қарастырады. Ал, А.К. Бруднов (1991) баланың тұлғалық қалыптасуында «әрбір тұлғаның дамуына жайлы жағдай тудыратын сфера» деп санады. Осы бағытты ұстана отырып, В.А. Березина балаларға қосымша білім беруді баланың өзіндік еркін қалауымен білім алуына педагогикалық қолдау көрсету деп қарастырды.

В.В. Безлепкин, В.Власов, Е.Пименова (1998) кәсіби қосымша білім беру мәселесін арнайы зерттегенде «белгілі бір іс-әрекетті нәтижелі орындау үшін, бір кездегі білім жеткіліксіз болады, сондықтан қосымша білім керек» деген тұжырым жасайды [8; 9; 10; 11].

Сонымен қатар, ұғымды категория ретінде қарастырғанда, 1978 жылдан бастап ЮНЕСКО бес категогрияны анықтайтын (дәстүрлі мектептегі және университеттегі білім беру, ересектерге білім беру, формалды білім беру, формалды емес білім беру және арнайы білім беру) білім беруді жүйелеудің халықаралық стандартын (БЖХС) дайындағандығын ескеру керек. Формалды емес білім беруге мектептегі және университтегі дәстүрлі білім беруден тыс, білім алуды жалғастыратын кез келген ұйымдасқан және берік коммуникация түрлері жатады. БЖХС шеңберінде «үздіксіз білім беру немесе қосымша білім беру» сияқты білім беру типтері қарастырылады. Үздіксіз білім беру немесе қосымша білім беру мектеп пен университетте немесе формалды емес білім беру орындарында қызмет атқара алады [12].

Сонымен, жоғарыдағы пікірлерді салыстырсақ, қазіргі таңда «қосымша білім беру» ұғымына берілген бірыңғай анықтама жоқ деген қорытынды жасай аламыз. Бірқатар ғалымдар оны балаларға қатысты қарастырса, енді біреулері оны ересектерге, үшіншілері – жас ерелекшеліктеріне қатысты бөлмейді, төртіншілері – біліктілікті көтеруге байланысты анықтайды.

Қосымша білім беру мәселесі арнайы зерттеу нысаны болған, ғалымдардың еңбектері (М.И. Демков, А.И. Джуринский, Г.М. Коджаспирова, Б.Г. Корнетов, Д.И. Латышина, Е.Н. Медынский, А.И. Пискунов және т.б.) педагогика және білім беру тарихында қосымша білім берудің тамыры тереңде екендігін аңғартады [13; 14].

Мәселен, осы бағытта зерттеу жүргізген ресейлік ғалым Н.А. Морозова қосымша білім беруді сегіз кезеңге топтастырады: мектептегі білім беруге қосымша оқыту кезеңі (Х-ХШ ғг.); училищедегі сондай-ақ, мектептегі білім беруге қосымша оқыту (XIY-XYI ғг.); академияда білім беруге қосымша білім беру (XVII ғ.); әсіби білім беру училищелерінде, университеттерде, және де мектеп, училище, академиядағы білім беруге қосымша білім беру (XYIII ғ.); лицей, мектеп, училище, академия, университеттік білім беруге қосымша оқыту (XIX ғ. бірінші жартысы – 1859 ж.); ересектерге және балаларға өз алдына дербес қосымша білім беру, сонымен қатар училище, кәсіби училище, университет, балабақшада қосымша білім беру (1859-1917 жж.); мектептен тыс білім беру және біліктілікті жетілдіру мекемелерінің жүйесі, сонымен қатар мектеп, училище, кәсіби училище, университет, балабақшада қосымша білім беру (1917-1992); қосымша білім беру статусын анықтау, оны жүйе ретінде қалыптастыру (1992-2016) [12].

Шын мәнінде мектептің орта білім беруде негізгі мәнді орны бар десек те, қосымша білім беру ұйымдарының тұлғаның бейімділігін, қажеттілігін қанағаттандырып, өзін-өзі анықтауына, оқушыда шығармашылық, инновациялық қызметке деген қажеттілікті қалыптастыруға және қызығушылығы мен қабілетін дамытуға қол жеткізуді қамтамасыз етуде ықпалы зор. Орта мектепте оқушыға мемлекеттік стандарт көлемінде бекітілген барлық оқушыға ортақ білім берілсе, қосымша білім беру оқушының жеке ерекшелігі мен қалауы бойынша әртүрлі бағыттағы нұсқаларда іске асады. Оқушы өзінің табиғатына жақын, өзінің қалауымен таңдау жасайды да қызығушылығын қанағаттандыра алады. Осылайша қосымша білім беру балаға өзін-өзі реттеуге, жастайынан өзін-өзі анықтауға, әлеуметтік мәнді істермен айналысуға, үлкен өмірде таңдау жасауда мүмкіндігінің мол болуына көмектеседі.

Қосымша білім беру баланың танымы мен шығармашылығын шыңдайтын, өзіндік белсенділігі арқылы өзін-өзі тәрбиелейтін, тұлғалық дамуының шарықтауына мүмкіндік туғызатын жалпы білім беретін мектептің вариативтік құрамдас бөлігі болып табылады. Ең бастысы қосымша білім беруде мектептегі білім, іскерлік, дағдының практикалық жалғастығын тауып, қылыптан тыс жағдайда пайдалануға, зерттеушілік дағдылырының ашылуына, өзіндік ғылыми-теориялық жаңалықтарын байқап көруге мүмкіндік жасалады. Негізгі және қосымша білім беру бір-бірінен алшақ болмауы керек, алшақтық - бұл жағдайда біржақтылық пен толымсыздық көрсеткіші. Тұлға өз даралығы, қажеттіліктері, бейімділігі, дарындылығы, спасобностьмен біртұтас әлем болғандықтан, оған берілетін білім де кешенді берілуі абзал. Өткен ғасырдың таңдаулы педагогы А.С. Макаренконың сөзімен айтсақ, бала өміріндегі әрбір квадрат метр біліммен толы болуы тиіс [15].

Қосымша білім беру әлеуетін жан-жақты пайдалану үшін педагогикалық жүйенің жұмысын үйлесімді іске асыру маңызды. Сондықтан кәсіби түрде қосымша білім беретін және жеке пәндерді оқытатын педагогтар бір-бірлерінің проблемаларын біліп, түсінулері өте мәнді.

1980 жылдардың соңына қарай оқушылардың сабақтан тыс іс-әректтерін ұйымдастыру, тіпті «қосымша білім беру» ұғымы біртіндеп шеттеліп қалды. Кейбір педагогтар қазіргі кезеңдегі мектеп пен қосымша білім берудің интеграциясына сенімсіздікпен қарайды. Олардың бірі қосымша білім беруді қажет емес десе,

екіншілері мектепке қосымша салмақ салу, үшіншілері елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты қалыптасқан үйірмелерге оралу қажет деп санайды [16].

Бүгінгі күні оқушылардың өзін-өзі танып, анықтауына, өз мүмкіндіктерін уақтылы пайдалануға, саламатты өмір сүруге, ақпараттық, коммуникативтік, тұлғалық құзыреттіліктерінің дамуына жағдай жасау міндетін шешу жаһандану жағдайындағы өмір талабы болып отырған өзекті мәселе. Мәселен, орта есеппен алғанда бір жылда мектеп оқушысының 160 күні сабақтан бос болады. Ересектер баланың осындай ауқымды уақытын сауатты, ұтымды, пайдалы ұйымдастыруға бірден-бір міндетті. Сондықтан баланың жаны қалайтын, мүмкіндігін сынай алатын түрлі бағыттағы жұмыстарды сырттан іздемей мектеп жанында ұйымдастырған абзал. Сонымен қатар қосымша білім алуды оқушы оқу жылының кез келген уақытында бастап, бір деңгейден екінші деңгейге өте алады. Нәтижесінде бұл іс оның өмірлік хоббиі, тіпті мамандығы болып кетуі мүмкін.

Заманауи білім беру жағдайында баланың тұлғалық дамуы мен қосымша білім берудің орнын өз мәнінде мойындамаудан туындайтын негізгі білім беру (пәндік құзыреттілікті меңгеру) мен қосымша білім берудің (негізгі құзыреттілік) кіріктіру (интеграциялау) арасында кейбір қарама-қайшылықтар бар.

Негізгі және қосымша білім беру саласындағы педагогтар бір-бірлерінің жұмыстарының ерекшеліктерін, спецификасын, күрделігі мен артықшылықтарын білуге міндетті. Сондықтан да қазіргі заманғы талаптарға орай қосымша білім беруді мектепте ұйымдастыру мәселесін кеңінен талқылау қажет.

Қосымша білім беру ерекшелігі ол – оқушының өз бос уақытында таңдаған ісімен айналысуға еріктілігі; іс-әрекет бағытын өзгертуге, педагогтарды, топты, білім бағдарламаларын қалауы бойынша таңдауға еріктілігі; бала мен педагогтың қарым-қатынасының өзгешелігі (ынтымақтастық, бірлесіп қызмет атқару, балаға жеке дара қатынас жасау); кәсіпалды дайындық алуға мүмкіндік алу. Осындай ерекшеліктерді ескере келе, қосымша білім берудің жалпы білім беретін мектептерде атқаратын қызметін атап өтуге болады, олар:

- білімдік – оқушыны қосымша білім бағдарламасы бойынша оқыту, оның жаңа білім алуы;
- тәрбиелік – мектепте мәдени орта қалыптастыру, сол негізде, мәдениетке баулу арқылы ешбір міндеттемей, нақты адамгершілік бағдарды анықтау;
- креативтік – тұлғаның жеке дара шығармашылық қызығушылықтарын іске асыру үшін икемді жүйе жасау;
- компенсациялық – оқушының негізгі (базалық) білімін тереңдететін жаңа іс-әрекет бағыттарын меңгеруі және білім мазмұнын меңгеруге жағдай жасайтын эмоциялық фон беру, баланың таңдаған шығармашылық әрекетінде нәтижеге жетуіне кепілдік беру;
- релаксациялық – психо-физикалық күшін орнына келтіру мақсатында бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру;
- кәсіби бағдарлық – әлеуметтік мәні бар іс-әрекетке деген берік қызығушылықты қалыптастыру, баланың өмірлік жоспарын құруына, мамандық таңдау бағдарына бірлесіп әрекет ету. Сонымен қатар мектеп бала мүмкіндігін алдағы уақытта арнайы мамандардың қолдауымен дамыту үшін қосымша білім беру ұйымдарын таңдауға ат салысады;
- интеграциялық – мектепте білім берудің біртұтас кеңістігін жасау;
- әлеуметтендіру қызметі – баланың әлеуметтік тәжірибені, өмірге қажетті әлеуметтік байланыстар мен тұлғалық сапалар дағдыларын меңгеруі;
- өзін-өзі іске асыру қызметі – баланың әлеуметтік және мәдени мәнді өмірлік әрекеттер формасында өзін-өзі анықтауы, жетістікке жеті жағдай мен тұлғалық дамуын жоспарлау [16].

Осындай қызметтер тізбегі қосымша білім берудің білім беру жүйесінің ажырамас бөшегі екендігін дәлелдей түседі. Сондықтан олардың арасында

бәсекелестік пен жарысу емес, негізгі білім беруші мен қосымша білім беруші педагогтар ынтымақтастығы орын алады. Қосымша білім берудің негізгі мақсаты балаға өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі тәрбиелеуге, тұлға ретінде өзін-өзі іске асыруға педагогикалық жағдай жасау болғанымен, ол - оқушы үшін оның шығармашылық шыңдалуына, әлеуметтенуіне, өмірлік тәжірибе жинақтауына, өзін-өзі анықтауына қажетті орта (А.Г. Асмолов, Е.В. Бондаревская, В.Г. Бочарова, Б.З. Вульфов, Л.С. Выготский, О.С. Газман, В.В. Давыдов, В.А. Караковский, М.Б. Коваль, А.В. Мудрик, Л.И. Новикова, А.В. Петровский, С.Д. Поляков, В.А. Сластенин, В.И. Слободчиков и другие) [17; 18].

Қосымша білім беру мазмұны бізді қоршаған өзіндік ауқымды кеңістігімен айқындалады. Ол - қоршаған тірі және өлі табиғат әлемі, қоғамдық қатынастар жүйесі, және т.б. оқушының шекіз қызығушылығын қанағаттандыра алатын жүйе құрайды. Бүгінгі уақытта олардың біршама бағыттары қызмет атқарып келеді: көркемдік-эстетикалық, ғылыми-техникалық, спорттық, экологиялық, денешынықтыру-сауықтырушылық, туристік-өлкетанушылық, әскери-патриоттық, әлеуметтік-педагогикалық, экономика-құқықтық және т.б. Педагогикалық тәжірибеде қосымша білім беруде орын алып келе жатқан бір-бірімен үйлесімді ұйымдастырылған үйірмелер, секция, клубтар; тек қана мектеп күшімен әрекет ететін ассоциациялар, шығармашылық лабораториялар, “экспедициялар”; жалпы білім беретін мектептің бір немесе бірнеше қосымша білім беру орындарымен келісілген мекен-жайына қатысты клуб, спорт және музыка мектептері, кітапхана, театр, мұражай, мәдениет орталықтары; көркемөнер, музыка, спорт мектептері; сондай-ақ, көппрофильді балалардың шығармашылық орталықтары мен мектеп-жоғары оқу орны сабақтастығы мен балабақша-жалпы білім беретін мектеп-балалардың шығармашылық орталықтары, бассейн, тренажерлық және спорт залдарымен, ашық алаңмен қосылған спорттық клубтар кешені сияқты бірнеше моделі бар.

Олардың барлығы оқушылардың функционалдық сауаттылықты дамыту нәтижесі ретінде білім алушылардың әлеуметтік бейімделу процесіне сәтті мүмкіндік беретін негізгі құзыреттіліктер жүйесін меңгеруі болып табылады. Аталып өткен қосымша білім берудің түрлері мен модельдері жаңартылған білім мазмұнында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылықтарын дамытуда пайдалануға болатын әлеуетті мүмкіндік.

Олай болса, жалпы білім беретін мектеп бәсекелестікке қабілетті деңгей көрсетіп, тәжірибеде бар қосымша білім беру түрлері мен модельдерін жаңаша көзқараспен ұйымдастырып, жаңартылған білім нәтижесіне қол жеткізуге болады.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. Қазақстан халқына Жолдау (2012 ж., 27 қаңтар). – http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002012#z0. Пайдаланған уақыты: 14.10.2016 ж.

2. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. – Астана, 2012. – http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000832. Пайдаланған уақыты: 16.10.2016 ж.

3. Амонашвили Ш.А. Личностно-гуманная основа педагогического процесса. – Минск: Университетиздат, 1990. – 559 с.

4. Выготский Л.С. Собрание сочинений. Т. 4: Детская психология. – М.: Педагогика, 1984. – 432 с.

5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 2007 ж. 27 шілдедегі №319. – http://www.adilet.gov.kz/kk/node/989. Пайдаланған уақыты: 15.10.2016 ж.

6. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е.Арын. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2006. – 482 б.

7. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология / Жалпы редакциясын басқарған Қ.Қ. Құсайынов. – Алматы: Мектеп ЖАҚ, 2002. – 256 б.

8. Березина В.А. Дополнительное образование детей как средство их творческого развития / Дис. кан. пед. наук. – М , 1998 – 147 с.

9. Григорьев Д.В., Кулешова И.В., Степанов П.В. Личностный рост ребенка как показатель эффективности воспитания: методика диагностирования: Учебное пособие. – М : Тула, 2002. – 44 с.

10. Белова В.В. Дополнительное образование: некоторые вопросы программирования (методические рекомендации педагогу дополнительного образования, работающему над авторской программой). Издание 6-е, дополненное. – М.: Центр развития творчества детей и юношества им. А.В.Косарева, 2004. – 23 с.

11. От внешкольной работы к дополнительному образованию детей // Сборник нормативных и методических материалов для дополнительного образования детей / Под ред. А.К. Бруднова. – М.: Владос, 2000. – 544 с.

12. Морозова Н.А. Российское дополнительное образование как многоуровневая система: развитие и становление / Дис. ... д-ра пед. наук. – М , 2003. – 332 с.

13. Джуринский А.Н. История педагогики: Учебное пособие для студ. педвузов. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2000. – 432 с.

14. Коджаспирова Г.М. Педагогическая антропология: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений, обучающихся по специальности 031000 «Педагогика и психология». – http://www.bestreferat.ru/referat-136655.html. Пайдаланған уақыты: 16.10.2016 ж.

15. Макаренко А.С. Педагогические сочинения: в 8 т. Т. 5 / Сост. Л.Ю. Гордин, А.А. Фролов. – М.: Педагогика, 1985. – 336 с.

16. Дополнительное образование детей в современной школе. – http://www.km.ru/referats/7119CA7034964F7F86C169D8A316DD6B. Пайдаланған уақыты: 20.10.2016 ж.

17. Асмолов А.Г. Культурно-историческая психология и конструирование миров. – М.: МПСИ, 1996. – 768 с.

18. Газман О.С. Педагогика свободы: путь в гуманистическую цивилизацию 21 века // Классный руководитель. – 2000. – №3. – С.6–33.

***

Албытова Н.П.

Дополнительное образование как залог результативности обновленного содержания образования

В статье рассматривается проблема развития функциональной грамотности учащихся в соответствии с обновленным содержанием образования. Согласно программе PISA, дополнительное образование излагается как фактор определения функциональной грамотности учащихся. Также даны характеристики видам и моделям дополнительного образования в педагогической практике, предложения о рассмотрении их в потенциальной среде и на уроках дополнительного образования.

Ключевые слова: Национальный план, обновленное содержание образования, функциональная грамотность, компетентность, факторы, дополнительное образование, программы дополнительного образования.

Albytova N.P.

Additional education as a guarantee of the effectiveness of the updated content of education

The problem of the development of functional literacy of students in accordance with the updated content of education. According to the PISA program additional training is presented as a factor in determining the functional literacy of students. Also, given the characteristics of the types and models of further education in teaching practice , proposals for the consideration of their potential in the medium and in the classroom of additional education.

Keywords: National Plan, updated content of education, functional literacy, competence factors, additional education, additional education programs.

***

УДК 37.01

Джарасова Г.С. – к.п.н., ассоциированный профессор,
Атырауский государственный университет им. Х.Досмухамедова
E-mail: *yulzhan@mail.ru*
Салтанова Г.А. – к.ф.-м. н., ассоциированный профессор,
Атырауский государственный университет им. Х.Досмухамедова
E-mail: *galiyasaltanova@yandex.ru*

ВНЕДРЕНИЕ ТЕХНОЛОГИЙ СМЕШАННОГО ИНИЦИАТИВНОГО ОБУЧЕНИЯ В УЧЕБНЫЙ ПРОЦЕСС

Аннотация. *В статье вводится понятие смешанного инициативного обучения (blended learning initiative) и предлагается набор технологий при переходе Атырауского государственного университета к смешанному обучению, прогнозируются возможные результаты.*

Ключевые слова*: Технология, дистанционное обучение, смешанное инициативное обучение, Face-To-Face learning, Massive Open Online Course.*

В зависимости от степени насыщенности учебного процесса онлайн технологиями доставки контента и характера взаимодействия участников эксперты различают [1]:

- традиционное обучение (без использования электронных технологий);
- традиционное обучение с веб-поддержкой (1-29% курса реализуется в сети: доставка контента, минимальное взаимодействие через LMS при выполнении самостоятельной работы обучающихся);
- смешанное обучение - blended learning (30-79% курса реализуется в сети: комбинирует обучение в аудитории с занятиями в сети);
- полное онлайн обучение (более 80% курса в сети, часто совсем без очного взаимодействия).

Сегодня в Атырауском государственном университете им. Х.Досмухамедова (АтГУ) традиционное обучение с веб-поддержкой становится все более привычным явлением: построен и совершенствуется образовательный портал вуза, более 5500 обучающихся очной формы по 750 дисциплинам при организации самостоятельной работы обучающихся используют сетевые учебно-методические комплексы (420 ед.) и сетевые лабораторные комплексы, более 500 заочников обучаются с использованием электронного контента, более 2000 студентов - в системе полного дистанционного (онлайн) обучения.

Следующий этап развития электронного образования АтГУ – построение системы смешанного инициативного обучения (blended learning initiative - далее, BLI) на основе массового введения электронных технологий в саму организацию учебного процесса.

Впервые термин «e-Learning» появился в 1995 году, пришел он с Запада, и до сих пор нет одного четкого определения, которое бы полностью отражало суть данного понятия. Термин Blended Learning (смешанное, гибридное, интегрированное обучение) начал широко использоваться в методах обучения после публикации в 2006 году Бонком и Грэмом книги «Справочник смешанного обучения» [2].

Есть несколько определений смешанного обучения:

- учебный процесс, построенный на основе интеграции аудиторной и внеаудиторной учебной деятельности с использованием и взаимным дополнением технологий традиционного и электронного обучения;
- учебная методология, преподавание и подход, который сочетает в себе традиционные методы в классе с компьютерной опосредованной деятельностью для обучения;

- активное использование электронного обучения с традиционными формами обучения;

- системный подход в организации образовательного процесса, выражающийся в сочетании очного и электронного обучения.

Нам более близко понимание смешанного обучения как формы обучения, сочетающего в себе преимущества как традиционного, так и дистанционного метода обучения.

Традиционно в зарубежной практике выделяют шесть моделей смешанного обучения:

1. «Face-to-Face Driver» (лицом к лицу);
2. «Rotation» (поворот, ротация);
3. «Flex» (гибкость);
4. «Online Lab» (онлайн – лаборатория);
5. «Selfblend» (самостоятельное обучение);
6. «Online Driver» (онлайн встречи).

Каждая модель отличается преобладанием одного из трёх компонентов технологии смешанного обучения:

- традиционного прямого личного взаимодействия участников образовательного процесса;

- интерактивного взаимодействия, опосредованного компьютерными телекоммуникационными технологиями и электронными информационно-образовательными онлайн ресурсами;

- самообразования.

Необходимость введения смешанного инициативного обучения обусловлена рядом преимуществ данной модели:

- повышение качества обучения: за счет переноса центра тяжести с традиционных форм организации учебного процесса на управляемую преподавателем самостоятельной работы обучающихся, за счет прозрачности и контролируемости процесса обучения (все параметры фиксируются системой и доступны для постоянного мониторинга со стороны организаторов, руководителей), за счет мгновенной обратной связи, позволяющей оценить качество всех составляющих учебного процесса;

- повышение ресурсоэффективности вуза: за счет существенной экономии аудиторного и лабораторного фонда и затрат на его обслуживание, за счет оптимизации процесса подготовки учебно-методических материалов (отказ от печатных форм, формирование курсов на основе открытых источников и т.д.). По оценкам экспертов в мире экономия ресурсов при организации смешанного обучения составляет до 35% по отношению к традиционному;

- повышение эффективности работы преподавателя с учетом потребностей исследовательского университета: за счет частичного отказа от аудиторных занятий повышается мобильность преподавателя, появляется дополнительный временной ресурс на организацию самостоятельной работы обучающихся, методическую и научную работу;

- привлекательность вуза для абитуриентов: за счет ориентации на потребности нового поколения студентов, воспитанного на новых технологиях, за счет обеспечения повышенной мобильности обучаемых (нет необходимости каждый день ездить на занятия, есть возможность работать и др.);

- обеспечение конкурентоспособной позиции АтГУ в международном образовательном пространстве, активно использующем и развивающем технологии электронного обучения;

- отработанная технология дистанционного обучения может стать основой для привлечения дополнительного контингента работающих на производстве в магистерские программы.

Итак, BLI, или смешанное инициативное обучение – это современная образовательная технология, который сочетает в себе концепцию объединения традиционной технологий обучения лицом к лицу и технологий электронного обучения.

С позиции традиционного метода, смешанное обучение дает преподавателю и студентам много возможностей взаимодействовать во время занятий. Все время преподавателя занято преподаванием, наблюдением, оцениванием и получением обратной связи от обучающихся. Обучение становится более напряженным и эффективным благодаря плотному взаимодействию преподавателя и обучающихся. Обучающимся традиционный метод дает много возможностей учиться, наблюдать, задавать вопросы и получать обратную связь от преподавателя. Это интенсивное взаимодействие создает благоприятную среду для развития.

Традиционное обучение лицом к лицу – Face-To-Face learning поощряет взаимодействие не только между преподавателем и обучающимся, но и между обучающимися. Они имеют возможность обучаться и делиться своими знаниями с другими. Подобный вид совместного обучения увеличивает темпы обучения и развивает не только когнитивные, но и психомоторные и эмоциональные способности.

С позиции дистанционного обучения - Distance Learning смешанная модель обеспечивает больше гибкости (свободы) в осуществлении образовательного процесса. Гибкость включает в себя несколько аспектов образовательного процесса. Во-первых, преподаватель имеет больше свободы презентации учебных материалов. Он уже не обязан выдавать все материалы во время занятий. Преподаватель имеет возможность разделить все материалы, скажем, на две части и одну предоставлять во время аудиторных занятий, а другая может быть получена обучающимся посредством самостоятельной работы в сети или с другими источниками в Интернет. Во-вторых, смешанное обучение дает преподавателям больше гибкости и свободы в контроле и оценивании. Преподаватель имеет возможность проводить онлайн тестирования, размещать задания и тесты, и даже итоговый тест в конце семестра. Подобная возможность хороша как для преподавателя, так и для обучающихся. Преподаватель имеет больше времени для оценки деятельности обучающихся, а обучающиеся имеют возможность работать над своими заданиями из любого места, не приходя в аудиторию [3].

По заказу федерального департамента по образованию США специалисты Стэнфордского университета провели анализ более тысячи эмпирических исследований, в которых сравнивалось традиционное, онлайн и смешанное обучение [4]. Результаты анализа позволили авторам утверждать, что в период с 1996 по 2008 год онлайн-обучение не имело значительного преимущества перед традиционными формами обучения. Однако смешанное обучение оказалось значительно эффективнее, чем обучение, полностью происходящее в режиме онлайн. Это исследование существенно укрепило позиции смешанного обучения и придало еще большую динамику его развитию.

BLI базируется на новых дидактических возможностях, предоставляемых ИКТ и современными техническими средствами.

Применение в педагогической практике принципов смешанного обучения позволяет преподавателю достичь следующих целей [5]:

- расширить образовательные возможности обучающегося за счёт увеличения доступности и гибкости образования, а также время, место, темпа и ритма освоения учебного материала;

- стимулировать формирование активной позиции обучающегося: повышение его мотивации, самостоятельности, социальной активности, в том числе в освоении учебного материала, рефлексии и самоанализа и, как следствие, повышение эффективности образовательного процесса в целом;

- менять стиль преподавания педагога: перейти от традиционной трансляции знаний к интерактивному взаимодействию с обучающимся, который дает возможность им самим конструировать собственные знания;

- индивидуализировать образовательный процесс, т.е. дать возможность обучающемуся самостоятельно определять свои учебные цели, способы их достижения, учитывая свои образовательные потребности, интересы и способности, а преподаватель выполняет роль консультанта.

Наряду с преимуществами существуют и недостатки смешанного обучения:

- не готовность профессорско-преподавательского состава вузов. Смешанное обучение опирается на квалифицированных преподавателей;

- неопределенность в целях обучения. Сторонники должны участвовать в обсуждении целей обучения;

- отсутствие постоянного доступа в Интернет. Смешанное обучение связано с онлайн-системой. Подключение в Интернет является непременным условием смешанного обучения. Оно требуется для работы с курсом, как учителю, так и студентам. И если устойчивая Интернет связь отсутствует, то это ставит под сомнение использование модели смешанного обучения в целом и ограничивает желания и возможности участников процесса обучения;

- неготовность информационно-образовательной среды вузов к поддержке целостного процесса электронного обучения;

- отсутствие методики преподавания в электронной среде, обязательной системы повышения квалификации в области электронных технологий;

- недостаточное обеспечение электронного обучения учебно-методическими материалами;

- неготовность преподавателей к обеспечению электронного обучения;

- отсутствие осознания его перспективности и необходимости использования;

- отсутствие достаточного количества высококвалифицированных программистов для решения многофакторных задач информатизации университета [6].

В АтГУ при обучении по технологии BLI базовый курс преподается на очных занятиях (Face-To-Face learning), а расширенный и углубленный – обучающиеся осваивают в процессе дистанционного обучения (DL) и e-learning через массовые открытые онлайн курсы (MOOC - Massive Open Online Course). Занятия Face-To-Face проходят в форматах защиты проектов, презентации или дискуссии между обучающимся или с преподавателем.

Возможные первые шаги в условиях АтГУ:

- лекционные занятия онлайн. Возможно выведение ряда лекционных курсов в онлайн обучение с использованием онлайн трансляции, онлайн вебинаров, либо качественных записей лекций в комбинации с технологиями самотестирования. На первом этапе речь может идти о сквозных курсах, присутствующих во всех общеобразовательных дисциплинах. Массовость данных дисциплин благоприятна для создания качественного электронного контента - видеолекций, а также может дать весомый эффект экономии аудиторного фонда и времени преподавателя;

- выведение части практических занятий в режим вебинаров. Такие возможности вебинаров, как возможность для участников пользоваться общим рабочим столом, возможность услышать ответ любого участника, задать вопрос, показать свою работы всем участникам, провести опрос и тестирование, выводит данную форму на полноценную замену традиционного практического занятия. Представляется возможным практиковать занятия-вебинары для дисциплин, не предполагающих использование лабораторного оборудования. Несколько ограничены возможности системы и при использовании формул и расчетов. Однако, данная технология, на наш взгляд, может найти применение в магистерских программах, позволяя проводить занятия в вечернее время для работающих магистрантов;

- проведение проектной и групповой работы в сети на основе использования сервисов LMS Moodle, либо открытых инструментов и сервисов (блоги, вики, интернет-закладки, сервисы размещения фото, видео и др.). Преимущества сетевой организации данного виду учебного взаимодействия очевидны: прозрачность участия каждого, наглядность результата работ на любом этапе выполнения, возможность сохранить результат и использовать в дальнейшей организации учебного процесса, удобство организации (независимость от времени консультации, нет необходимости встречаться);

- смешанная технология проведения лабораторных работ. Использование виртуальных лабораторных работ как этап подготовки к реальной лабораторной работе с тестированием на получение допуска в электронной среде позволит сократить время пребывания обучающегося в лаборатории и более эффективно использовать лабораторный фонд;

- использование комплексов самотестирования на достижение результатов обучения по дисциплинам позволит организовать систему допуска к промежуточной аттестации по дисциплине с минимальным участием преподавателя;

- перевод части рейтинговых баллов на взаимодействие с электронной средой (тесты, автоматические индивидуальные задания, подготовка к виртуальным лабораторным работам, автоматическое проведение через «антиплагиат» всех работ обучающихся до их предъявления преподавателю я (данная система на стадии разработки) приближает технологию смешанного обучения к технологии МООС;

- консультации в режиме вебинаров (и форумов) по специальному расписанию – полноценная замена аудиторных консультаций по ряду дисциплин. В качестве закономерного развития системы смешанного обучения можно прогнозировать введение полного дистанционного обучения по отдельным дисциплинам (по модели МООС), проведение дистанционных семестров (например для очной магистратуры).

При обучении по технологии BLI группа создается на базе малых групп сотрудничества со сменным составом обучающихся. Например, в вузах возникает ситуация, когда открыть группу на дисциплину в соответствии с образовательными потребностями обучающихся не представляется возможным из-за ее малочисленности (менее 10 человек). В таких случаях создается группа дистанционного обучения, включающая в себя как обучающихся, которые уже работают по индивидуальным учебными планами, так и обучающихся из других образовательных программ или даже организаций, где еще не внедрена эта модель обучения.

Смешанное инициативное обучение особенно целесообразна для обучающихся с особыми образовательными потребностями (одаренные или маломобильные обучающиеся и т.д.).

Потенциал компьютерных средств для реализации качественного обучения языку, основанного на принципе гибкости и вариативности, позволяет студентам определять индивидуальную траекторию изучение предмета самостоятельно. При составлении индивидуального учебного плана расписание оптимизируется для каждого обучающегося с учетом его образовательных потребностей.

Также в BLI особое внимание уделяется практике. 60% учебного плана посвящено выполнению практических междисциплинарных проектов и проектного практикума под руководством представителей организаций-партнеров от бизнеса.

Смешанное обучение становится чрезвычайно востребованным во всем образовательном пространстве. Современные студенты и магистранты уже настроены на наличие онлайн компонента, сопровождающего основной курс по предмету. Разнообразие ресурсов электронной составляющей смешанного курса открывает новые возможности презентации учебного материала в доступной и интересной форме.

Как мы видим, реализация технологии BLI соответствует требованиям ГОСО РК и несмотря на все недостатки, потенциал смешанного обучения огромен, возможно, не ограничен, а значит, его можно и нужно применять на практике.

Мы считаем, что сторонники смешанного обучения должны показать всем, что оно позволяет следовать новыми путями и достигать новых высот. Образование должно определить, что действительно имеет значение, и приглашаем всех заинтересованных сторонников смешанного обучения быть участником этой дискуссии.

Литература:

1. Allen I.E., Seaman J. Changing Course: Ten Years of Tracking Online Education in the United States // Babson Survey Research Group and Quahog Research Group, LLC. – 2013. – P. 7.

2. Смешанное обучение как ответ на вызовы современному образованию http://ifets.ieee.org/russian/depository/v18_i4/pdf/9.pdf Дата обращения: 28.09.2016 г.

3. Краснова Т.И. Смешанное обучение: опыт, проблемы, перспективы // В мире научных открытий. – 2014. – № 11. – С. 10–26.

4. Логинова А.В. Смешанное обучение: преимущества, ограничения и опасения // Молодой ученый. – 2015. – №7. – С. 809-811.

5. Means B., Toyama Y., Murphy R., Bakia M, Jones K. Evaluation of Evidence-Based Practices in Online Learning: A Meta-Analysis and Review of Online Learning Studies (2010, September).

6. Bielawski L., Metcalf D. Blended e Learning Integrating Knowledge, Performance, Support, and Online Learning. – HRD Press, 2003.

***

Джарасова Г.С., Салтанова Ғ.А.

Араластыра инициативті оқыту технологиясын оқу үдерісіне енгізу

Бұл мақалада аралас инициативті оқыту (blended learning initiative) ұғымына түсініктеме берілген. АтМУ оқу үдерісіне аталған технологияны енгізу кезеңдері сипатталып, ықтимал нәтижелері болжанған.

Тірек сөздер: Технология, қашықтықтан оқыту, аралас инициативті оқыту, Face-To-Face learning, Massive Open Online Course.

Jarassova G., Saltanova G.

The introduction of technologies blended learning initiative in the learning process

The article introduces the concept of blended learning initiative and proposes a set of technologies in the transition AtGU to a blended learning, forecasted possible outcomes.

Keywords: Technology, distance learning, blended learning initiative, Face-To-Face learning, Massive Open Online Course.

***

ӘОЖ 376 (075.8)

Нұрғалиев К.А. – п.ғ.к., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: *NourgK@rambler.ru*
Аметова А.К. – магистрант, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: *almash-95@mail.ru*

КІШІ МЕКТЕП ЖАСТАҒЫЛАР ОРТАСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГ ПРОБЛЕМАСЫ

Аңдатпа. *Мақалада буллинг мәселесінің ғылыми негіздері, балалар арасындағы буллинг туралы отандық және шетелдік ғалымдардың көзқарастары, пікірлері талданып, кіші мектеп жасындағы оқушылар арасындағы буллингтің көріністері мен буллингке авторлық анықтама беріледі.*

Тірек сөздер: *Буллинг, булли, буллинг күгері, мектептегі буллинг, қорлау көріністері, зорлық-зомбылық.*

Қазіргі білім беру мекемелеріндегі психологиялық қызметтің өзекті мәселелерінің бірі - ол буллинг немесе мекетептегі қорлау. Аталған мәселе барлық әлемдегі білім беру мекемелерінің ортақ проблемасы. Статистика бойынша мектепте әр түрлі буллинг формаларына 2 пайыздан 15 пайызға дейін қыз балалар, ал ер балалар арасында 6-27 пайыз қорлау процестеріне кірістірілген. Шет елдерінде буллинг көріністері балабақша деңгейінде тіркеліп жатыр.

Қоғамның қазіргі даму тарихында психологтар мектепте қысым көрсету, зомбылық жасау жағдайларының көбейіп кеткендігіне қатты қынжылады. Балалардың арасындағы бұзақылық, төбелестер, әлімжеттік жасау, күш көрсету оқиғалары сияқты агрессиялық әрекеттер қоғамды ерекше алаңдатады. Буллинг әлеуметтік-психологиялық мәселе ретінде Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері үшін аса өзекті болып отыр. Адамзаттың болашақ ресурсы болып табылатын мектеп оқушыларының психикалық саулығының сапасын қамтамасыз ету - мемлекеттік білім беру саясатының ең маңызды басымдыққа ие міндеттерінің бірі. Бұл ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына арнайтын Жолдауларында, Қазақстан Республикасының 2011-2019 жылдарға арналған мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламасында кеңінен көрініс тапқан [1].

Біріккен ұлттар ұйымының (БҰҰ) Балалар қорының және қазақстандық адам құқықтары жөніндегі өкілетті мекеменің 2012 жылы жүргізген, Қазақстанның төрт аймағында 3 мыңдаған оқушы мен 40 шақты мемлекеттік мектеп қызметкерлері қатысқан зерттеулерінің деректеріне сәйкес анықталғаны, әр үш баланың екеуі (66%) мектепте кемсіту және күш көрсету оқиғаларымен беттескен екен. Бұл сауалнама деректері бойынша, сұрауға қатысқандардың 63%-ы зомбылықтың куәсі болған, 44% - құрбаны болғандар, 24% - күш көрсетуге қатысқан. Сонымен қатар 36% куәгерлер мен 26% қысым құрбандары өткен жайт жөнінде ешкімге тіс жармаған, тек 12% куәгерлер мен 8% құрбан болғандар ғана бұл жөнінде мектеп әкімшілігіне хабарлаған. Әр төрт мұғалімнің үшеуі (74%) осындай оқиғаларға куә болған. 50% мектеп жұмыскерлерінің айтуынша, күш көрсетушілер ешқашан жазаланбайды. Сонымен бірге әр төртінші баланың (24%) айтуынша, мұғалімдердің өздері оларды кемсітеді немесе күш қолданады екен. Зерттеулерге сүйенетін болсақ, мектепте еңбек етушілердің 22%-ы балаларға қатысты күш қолданғандарын мойындаған, әр үшінші мұғалім басқа педагогтардың балаларды тәртіпке шақыру үшін күш көрсетуді қолданғандарын көздерімен көрген [2].

Қазақстан Республикасының Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталығының жетекшісі В. Калюжный 2015 жылдың шілде айында жария еткен деректерді негізге алатын болсақ, білім беру саласындағы буллинг статистикасы келесідей: Балалардың 66,3%-ы мектептегі зомбылықпен бетпе-бет келген, куәсі немесе себепкері немесе құрбаны болған, оның үстіне сұрауға қатысқан балалардың 23%-ы қол жұмсау зомбылықтарының құрбаны болса, 20% - құрбылары тарапынан бопсалауға ұрынған, 27% - мұғалімдер тарапынан күш көрсету түрінде жаза алған [3, 169-175 бб.].

Мектептегі қысым тақырыбына арналған алғашқы жарияланымдар 1905 жылы пайда болған. Сол жылы К. Дьюкс осы тақырыпқа мақаласын жария еткен, алайда буллинг мәселесіне қатысты жүйелі зерттеулерді скандинавиялық ғалымдар Д.Олвеус, Е. Роланд, П.П. Хейнеманн, А. Пикас бастаған. Осы аталғандардың ішінде Д. Олвеус бүгінгі күнге дейін буллинг мәселесінің ең байыпты зерттеушісі боп қалды (XX ғасырдың 70-ші жылдары). Содан кейін бұл мәселеге деген қызығушылық Ұлыбританияда туындады. Көрнекті британдық зерттеушілер ретінде В.Т. Ортонды, Д.А. Лэйнді, Д.П Таттумды, Е. Мунтені атап кетуге болады. АҚШ-та буллинг мәселесіне ден қою 90-шы жылдардың басынан бастау алады.

Буллинг - (ағылшын тілінен bully - бұзақы, төбелесқұмар, ұрыншақ, тұрпайы, зорлықшыл дегенді білдіреді) - күштеу, мәжбүрлеу, кемсіту, қиянат жасау. Одан кеңірек мағынада алатын болсақ - бұл бір адамның (немесе адамдар тобының) өзінен физикалық және моральдық тұрғыдан әлсіз екінші бір адамға (немесе адамдар

тобына) шабуыл жасауы, қысым көрсетуі, күш қолдануы орын алатын зорлық-зомбылықтың ерекше түрі. Буллингтің кездейсоқ туындайтын төбелестен айырмашылығы сол ол жүйелі түрде қайталанып тұрады [4].

Білім беру жүйесін сөз қылғанда мектептегі буллингтің өзекті мәселесін айналып өтуге болмайтыны анық. Мектептегі буллингке балалар ғана емес, сонымен қатар педагогтар да қатысады. Яғни буллинг құрбандары балалар да, педагогтар да болуы мүмкін, осылайша буллер ретінде балалар да, ересектер де озбырлық жасауы мүмкін. Балалар ұжымдарында буллингтің етек жаюына есік ашып отырған бірқатар факторларды атап өтуге болады. Бұл құбылыстың белең алуына отбасындағы тәрбие мен бала білім алу үшін баратын жалпы білім беру мекемесіндегі микроахуал көп септігін тигізеді.

Әдетте буллингке бірнеше тарап қатысады: буллерлер, құрбандары және куәгерлері. Буллерлер (булли, кемсітушілер, агрессорлар, қиянатты ұйымдастырушылар). Оларға сыныптағы ең белді агрессорлардың сілтеуімен әрекет ететін «белсенділерді», солардың айтқанымен жүретіндерді жатқызуға болады. Қудалаушылардың әдетте үлгерімі төмен болып келеді, сабақты жиі жібереді, төбелес, ұрлыққа, алкоголь мен шылым шегуге бейім болады (Byrne, 1994; Garofalo, Wolf, Kessel, 1998; Haynie, Nansel, Eitel, 2001; Olweus, 1993). Оларды ешқандай ереже тоқтата алмайды, олар көздеген мақсатына жету үшін күшті қолданады [5, 240-244 бб.]. Әдетте буллерге айналатындар:

- ата-ананың біреуімен ғана тұратын балалар;
- анасының өмірге деген көзқарасы тым теріс отбасынан шыққан балалар;
- билік басындағы немесе беделді отбасы балалары;
- жанжал көп туындайтын отбасынан шыққан балалар;
- стресске қарсы тұра алмайтын балалар;
- үлгерімі төмен балалар.

Көбінесе буллингке буллердің озбырлығын іске асыруға көмектесетін көмекшілері қосылады. Буллердің көмекшілері, қудалаушылар - олар кімдер:

- өзін ғана ойлайтын, өздерін өзгелердің орнына қоя білмейтін сезімсіз жандар (олардың көбінесе айтатыны: «Мен бұл жөнінде мүлдем ойламаппын»);
- өздеріне сенімсіз, сыныптағы «көшбасшының» көлеңкесі болғанды өздеріне мақтан тұтатын «достары»;
- қорқақ және әбден ызаланған балалар.

Мектептегі буллингтің әдеттегі құрбандарына ортақ сипаттама беруге болмайды. Буллинг құрығына кез-келген бала ілінуі мүмкін. Өздеріне сенімсіз, мазасыз, уайымшыл, ұжымда достары жоқ балалар қудалауға өзгелерден көп ұшырап жатады.

Құрбандардың денсаулығы мен үлгерімі төмендеп, құрбыларымен салыстырғанда мазасыздық-депрессиялық ауытқушылық имптомдары, апатия, бас ауыру, энурез, суицидқа бейімділік жиі байқалады (Kowalski, Limber, Agatstone, 2011; Van der Wal, de Wit, Hirasing, 2003). Олар әлемді тек қорқынышты етіп елестетіп, өздерін айналасында болып жатқан жағдайларды өзгертуге қабілетсізбін деп есептейді.

Буллинг құрбандарын келесі мінез-құлықтарынан танып білуге болады:

- сыныптастары олардың мектеп құралдарын (оқулықтар, дәптерлер, жеке заттары) жиі сыныпта шашып немесе тығып тастайды;
- сабақтарда үнемі ұнжырғасы түсіп, көзге түсуден қорқасоқтайды, ол тақта алдына шыққан кезде сыныпта шу басталып, сыныптастары кедергі жасап, қосарлана сөйлеп отырады;
- үзіліс кезінде, асханада басқалардан бойын аулақ салады, құрбыларына немесе үлкен мектеп оқушыларына жақындамайды, мұғалімдердің, ересектердің көзіне түскісі келмейді;
- оны бәрі қудалап, кемсітеді, оның тарапынан жасалған әрекеттерді мазаққа айналдырып, оған ұнамсыз аттар қояды;

- басқа балалардың сөздеріне көнбіс түрде күле салады, орынсыз болса да әзіл айтқысы келеді немесе жылап, қашып кетеді;

- сабаққа үнемі кешігіп келеді және мектептен жай шығады;

- топтық ойындар, сабақ үстінде оны ешкім таңдамайды немесе ең соңынан таңдайды.

Буллинг - ұйымдастырылған балалар ұжымдарына, соның ішінде мектептерге тән әлеуметтік құбылыс. Көптеген зерттеушілер бұл жайтты мектептің балалардың бойынша үйінде отбасында жинақталып қалған теріс эмоцияларын сыртқа шығаруға қолайлы әмбебап арена екендігімен түсіндіреді. Ресей психология ғылымында бұл тақырып В.В. Денисовтің, Г.Н. Киреевтің, А.Б. Кирюхинаның, В.А. Ситаровтың және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде кеңінен қозғалған. Білім беру ортасындағы зорлық-зомбылық аспектілерін зерттеумен С. Алексеева, И.А. Баева, Е.В. Бурмистрова, Е.Ф. Быковская, Е.Н. Волкова, Т.Г. Волкова, Е.В. Гребенкин, Н.О. Зиновьева, Н.Ф. Михайлова, Д. Пстрог сияқты ғалымдар көп айналысқан.

Қазақстан Республикасында бұл мәселені балалардың девиантты мінез -құлқы мен соңынан орын алатын салдары, сондай-ақ балаларға психологиялық көмек ұйымдастыру тұрғысынан Т.А. Акажанова, Г.А. Дусманбетов, Ж.И. Намазбаева, Н.С. Лавриненко, А.Б. Садыкова, С. Шалгимбаев, Х.Т. Шерьзданова және осы сияқты ғалым психологтар қарастырған.

Өкінішке қарай, бұл құбылыстың қазіргі қоғамда кең таралғанына қарамастан біздің елімізде буллинг мәселесі мүлдем зерттелмеген, мүлдем талқыланбайды, БАҚ беттерінде жария етілмейді деуге болады.

Мектептегі буллинг қазіргі әлемде өте маңызды әлеуметтік-педагогикалық мәселе деп қарастырылады. Батыста буллинг мәселесі ең бірінші орында тұр. Көптеген Европа, АҚШ елдерінде ол мемлекеттік мүдделермен қатар қойылады. Еуроодақ елдерінде бұл тақырып білім беру министрлерінің деңгейінде талқыланып, оның профилактикасы жөнінде заңнамалық шаралар жасақталған болатын.

Д. Ольвеус бастамашы болған антибуллингтің ең тиімді бағдарламасы Норвегияда қолданылады, бұл елде оған 2001 жылы басымдыққа ие жалпыұлттық бағдарлама мәртебесі берілген болатын [6].

Қазіргі психологияда күні бүгінге дейін қорлау, құдалау әлеуметтік өзара әрекеттесудің ерекше жағдаяты ретінде қарастырылған емес. Оның жекелеген элементтері «агрессия көріністері», «виктимизация», «топтағы төмен әлеуметтік мәртебе» ретінде суреттелетін. Мектептегі зорлық-зомбылық мәселесі отандық ғылымда қақпағы жабулы күйінде қалған, қозғалмаған тақырыптардың бірі болып келді [7, 25-32 бб.].

Зерттеуші психологтардың қазіргі таңда буллинг мәселесіне аса ден қоюы өміршеңдік, өмірге бейімділік феноменін туғызуда (И.А. Александрова, Т.О. Арчакова, И.А. Баева, С.А. Богомаз, Е.В. Бородкина, И.В. Дробинина, И.А. Кузьмин, О.А. Кузнецова, Д.А. Леонтьев, С.Р. Мадди, Т.В. Наливайко, Е.И. Рассказова, И.А. Регуш, Р.И. Стецишин және басқалары). Алайда қазіргі кезеңде бұл құбылыс туралы пікірлердің бір арнаға тоғыспайтынын айта кету керек. Әртүрлі авторлар бұл ұғымды тұлғалық бейімделушілік әлеуетімен (А.Г. Маклаков), тұлға әлеуетімен (Д.А. Леонтьев) және басқа да ұғымдармен байланыстырады [8, 28-33 бб.].

Қазіргі таңда «буллинг» туралы түсініктің аясы айтарлықтай кеңейді - бейнетаспаға түсірілген төбелестен бастап жаппай озбырлыққа дейін.

«Буллинг» ұғымының этимологиясына тоқтала кетейік. «Буллинг» (bullying) термині ағылшын тіліндегі bully сөзінен аударғанда «бұзақы, төбелесқұмар, ұрыншақ, зорлықшыл» дегенді білдіреді [9]. Скандинавиялық және ағылшын тілді елдерде бұл құбылыстың анықтамасы ретінде келесі терминдер қолданылады: шетке қағу, кемсіту, моббинг (баланы қорлаудың, құдалаудың топтық түрлері), буллинг [10].

Д.Лейн мен Э.Миллер буллингті бір бала немесе балалар тобы тарапынан басқа балаға (басқа балаларға) қатысты қасақана түрде қатыгездік танытуы, физикалық және (немесе) психикалық тұрғыдан қорлауы деп біледі [5, 240-276 бб.].

Психотерапевт И.С. Бердышев келесідей анықтаманы қолдайды: «буллинг - бір немесе бірнеше адамның тарапынан саналы түрде, ұзақ уақыт бойы жүзеге асырылатын зорлық, қорлық, ол өзін қорғаудан туындамайды» [11, 5 б.].

Белгілі социолог И.С. Конның айтуынша, буллинг - бұл «өзгелердің үрейін туғызуға және оларды өзіне бағындыруға бағытталған физикалық немесе психологиялық сипаттағы қорқытып үркіту, террор» [12, 15-18 бб.].

Осылайша мектеп ортасына қатысты айтар болсақ, буллинг тек балалар арасында ғана емес, сонымен қатар «мұғалім/ересек-бала» қатынастар жүйесінен де байқалады. Е.В. Гребенкин өз зерттеулерінде мектепті мектеп қауымдастығының барлық мүшелеріне бірдей қатаң нормативтік талаптар қоятын және тыныс-тіршілігі бір ізбен жүріп жатқан мекеме ретінде қарастырады. Мысал ретінде ғалым баланың намысын қорлап жатқан мұғалімді келтіреді, оның мінез-құлқын, әрекетін өзінің жігерсіздігін, қабілетсіздігін жасыру амалы ретінде, өзінің тұлғасының жоғары тұрғандығын басқаша көрсете алмайтындығымен түсіндіреді [13].

«Буллинг» (мектептегі қорлау) дефинициясын бұдан тереңірек талдауға, біздің пікірімізше, буллингтің негізгі түрлерін қарастыру жатады.

Д. Лэйн зорлық-зомбылықтың физикалық және психикалық түрлерін бөліп көрсетеді [5]. И.С. Бердышев сөз, әрекет және агрессияға негізделген буллинг түрлерінің бар екендігін айтады [11].

С.Т. Мерцалова зорлық-зомбылықты физикалық, эмоциялық, вербалды және сексуалды деп бөледі [7, 25-32 бб.].

Американдық зерттеушілер буллингтің 8 негізгі типін ажыратады:

1. Сөзбен қақтығысу (флейминг) - екі немесе одан көп адам арасында әдетте көпшілік орындарда, әлеуметтік желілерде туындайтын қысқаша эмоциялық керіс. Кейде ұзаққа созылатын жанжалға (holywar - қасиетті соғыс) айналуы мүмкін.

2. Орынсыз шабуылдау - адамды үнемі орынсыз соқтығу арқылы қинау (harassment), коммуникацияның дербес каналдарын артық жүктеу арқылы құрбанға бағытталған қайталанатын қорлау сипатындағы хабарламалар (мысалы, ұялы телефонға жіберілген sms хабарламалар, үздіксіз қоңырау шалу).

3. Жала жабу (denigration) - адамның жанын жаралайтын жалған ақпарат тарату. Сексуалдық сипаттағы мәтінді хабарламалар, фото, әндер. Құрбандарға жекелеген жасөспірімдер ғана емес сынып түгел айналуы мүмкін (мысалы, «мектепте кімнің орны қандай» деген сияқты тізім таратылуы мүмкін), сыныптастар туралы түрлі әзілдер жазылған арнайы «сын кітаптары» (slam books) құрылады.

4. Біреудің атын жамылу - белгілі бір адамның атын иемденіп алу (impersonation), қудалаушы құрбанның атын, оның әлеуметтік желілерге, блогқа, поштаға, лездік хабарламалар жүйесіне кіретін атын, қол жеткізу құпиясөзін пайдаланып, оның атынан хабарлама жазып немесе ұқсас никнеймнен аккаунт құрып, құрбанның атынан жағымсыз нәрселер жазады.

5. Алдампаздық, құпия ақпаратты алдау арқылы біліп алып, тарату (outing & trickery) - дербес, жеке сипаттағы ақпаратты қолға түсіріп, оны интернетте жариялау немесе оны білмеуге тиісті адамдарға тарату.

6. Бөлектену, бойын аулақ салу (остракизм, оқшаулану). Кез-келген адам қандай болмасын бір топтың мүшесі болғысы келеді. Топтан шығып қалу кейбір адам үшін әлеуметтік өліммен тең. Адам неғұрлым өзара әрекеттесу шеңберінен шығып қалатын болса, өзін қажетсіз сезініп, жайсызданып, ұнжырғасы түседі. Виртуалды ортада бұл баланың эмоциялық көңілінің толықтай бұзылуына алып келеді.

Онлайн-бөлектену құпиясөзбен қорғалатын, ұнамсыз адамдар немесе пошталардың тізімі құрылатын кез-келген ортада жүзеге асырылуы мүмкін. Кибер-остракизм лездік хабарламалар немесе электронды хаттарға жауап бермеуден де байқалады.

7. Киберқудалау - шабуыл жасау, ұрып-соғу, зорлау, т.б. мақсаттарда құрбанды жасырын түрде аңду.

8. Хеппислепинг (Happy Slapping - шаттыққа толы шапалақ, ұнамды ұр тоқпақ) - бұл атау ағылшын метросында жасөспірімдердің жүргіншілерді ұрып, басқаларының сол көріністі ұялы телефон камерасына түсіріп алуынан туындаған болатын. Қазіргі таңда бұл атау нақты өмірден алынған зорлық, зомбылық бейнеленген роликтердің жалпылама атауына айналды. Бұл роликтерді құрбанның өзінің рұқсатынсыз мыңдаған адамдар қарап шығады.

Бұл мәселенің қазіргі зерттеушілері, соның ішінде О.А. Мальцеваның айтуынша, мектептегі буллингтің тағы бір түрі - кибербуллинг, бұл кезде құрбанның электронды поштасына немесе басқа электронды құрылғылар арқылы кемсітуге, қорлауға толы хаттар түседі [14, 51-54 бб.].

Бастауыш мектептегі буллинг - бұл сыныптасының немесе ұжымның әлсіз оқушы баланы жүйелі түрде, үнемі қорлауы, қудалауы. Құрбан рөлінде тұрмысы нашар немесе ахуалы төмен отбасылардан шыққан, дене кемістіктері бар, ерекше талантты немесе тым қорқақ, ұялшақ, жасық балалар болуы мүмкін.

Бастауыш мектеп балалары арасындағы буллинг типтері бірдей: оның құрбандары да, бастамашылары да көбінесе ер балалар болады, ол әдетте ойын алаңдарында немесе сыныптан тыс жерде орын алуы мүмкін, әлеуметтік-экономикалық және этникалық айырмашылықтары көп емес. 6-8 жастағы 2377 ағылшын балаларынан және 8 жастағы 1538 неміс балаларынан жауап алған кезде виктимизацияның әртүрлі дәрежедегі айырмашылықтары бары белгілі болды: Англияда балалар арасында қудалау құрбандарының саны Германиядағыдан (24 % және 8) үш есе көп болып шықты, алайда ағылшын ер балаларының арасында қудалаушылар кішкентай неміс балаларымен салыстырғанда екі немесе үш есе аз (қыздар арасында мұндай айырмашылықтар жоқ) [18].

Жалпы алғанда, Е.М. Мастюкова айтып кеткендей, кіші мектеп жасындағы оқушылардың агрессиялық мінез-құлқының формалары әртүрлі болады. Сонымен бірге кейбір балалардың агрессияға бейімділігі аса айқын білініп тұрады, оны келесі жағдайлардан байқауға болады:

1) агрессиялық қылықтарының қайталану жиілігі тым жоғары - бір сағаттық бақылау кезінде құрбыларын бағытталған озбырлығын 4 рет көрсетіп үлгереді, ал басқа балалар осы уақыт ішінде агрессиясын небары бір рет қана байқатуы мүмкін;

2) тікелей физикалық агрессияның басымдығы - егер көптеген мектеп оқушыларында вербалды агрессия жиі байқалатын болса, онда бұл балалар тікелей қол жұмсауға, күш қолдануға дайын тұрады;

3) белгілі бір мақсатқа қол жеткізуге емес (басқа балалардағы сияқты), құрбыларының тәнін ғана емес, жанын да ауыртуға бағытталған қаскөй агрессиялық қылықтарының орын алуы [16, 256-261 бб.].

Кіші мектеп оқушыларының арасында келесідей агрессиялық әрекет ету белгілері жиі кездеседі: балалар көбінесе тез ашуланады, көп дауласады және айналасындағылармен жиі ұрысады, ересектердің айтқанын орындаудан бас тартады, басқалардың қитығына тиіп, әдейі ашуландырғанды жақсы көреді, өз қателері және сәтсіздіктері үшін өзгелерді кінәлауға бейім (ашуын жансыз заттардан да алуы мүмкін); ыза, қызғаныш, қаһарға жиі беріледі; ренішін көпке дейін ұмыта алмайды, секемшіл, кінәмшіл, өкпелегіш.

Ғалымдардың жұмыстарын талдау (Г.Э. Бреслав, С.Л. Колосова, Н.М. Платонова, Т.Г. Румянцева, О.В. Хухлаева, және басқалары) арқылы агрессияға бейімлік көптеген балаларға тән қасиет болғанымен, әртүрлі себептермен туындайды деп тұжыруға мүмкіндік алдық.

Сыртқы белгілер ретінде зерттеушілер келесілерді қарастырады -баланың отбасы; құрбыларымен тілдесу ортасы; баланың фильм кейіпкерлеріне, өзі ойлап тапқан бейнелерге еліктеуі.

Кіші мектеп жасындағы оқушылардың агрессиясының туындауының ішкі себептеріне ішкі дискомфорт, сенімсіздік, жағымсыз эмоцияларын сәйкесті түрде

білдіре алмау, өзін бақылай білу; жоғары деңгейдегі алаңдаушылық, өзін ыңғайсыз, ешкімге керек еместей сезіну, өзін дұрыс бағалай алмау (көбінесе төмен бағалау); үлкендердің назарын өзіне аударуға тырысу жатады.

Сонымен, біздің ойымызша, осы анықтамалардың барлығы буллинг мәнін толығымен жеткізе алмайды, небары оның бірнеше аспектілерін ғана сипаттайды. Біздің жасаған қорытындымыз бойынша, **кіші мектеп жасындағылар арасындағы буллинг дегеніміз** ***белгілі бір басымдықтарға (физикалық, психологиялық, әкімшілік, т.б.) ие индивид немесе топ тарапынан осы жағдайда өзін қорғауға қабілетсіз индивидке қатысты ұзаққа созылатын (қайталанатын) және негізінен белгілі бір жеке мақсатта (мысалы, бірнеше адамдардың алдында бедел жинау үшін) ұйымдасқан ұжымдарда орын алатын қасақана жасалатын, өзін қорғау мақсатындағы емес физикалық немесе психикалық қысым, зорлық-зомбылық.***

Ұсынылған деректерге сүйенетін болсақ, білім беру ортасындағы буллинге қатысушыларына берілетін психологиялық сипаттамалары әр түрлі болып келеді деп айтуға болады. Біз анықтаған ерекшеліктер «құрбан» немесе «булли» бейнесіне жалпы сипаттама беруге мүмкіндік бермеді. Сонымен қатар, буллинг «құрбаны» мәселесіне авторлардың зерттеушілік қызығушылықтарының басым болуын атап өту қажет. Теориялық талдау барысында білім беру ортасындағы «буллиге» психологиялық сипаттамалардың айтарлықтай аз болуын анықтадық. Біздің елімізде, білім беру ортасында буллинг мәселесі әлі толық шешілмеген. Біз тапқан бірнеше жұмыстарда [3; 15], белгілі бір деңгейде буллинг және оның қатысушыларына сипаттама беріледі. Сөйтіп, көрініп тұрғандай, білім беру ортасында буллинг мәселесінің өзектілігі қазақстандық іріктеу топтарын зерттеумен айқындалады.

Буллинг мәселесін зерттеу барысында - оны кім жүзеге асыратындығын, қатысушылардың нақты психологиялық сипаттамаларын ескеру қажет. Біз айта алатынмыз, шетелдік және отандық зерттеулерде оқушының «құрбан» және «булли» рөлін қабылдауда басым болатын тұлғалық ерекшеліктері туралы мәселесі әлі ашық қалып отыр.

Осылайша, балаларға зорлық-зомбылық көрсету себептер мен салдарларын талдау, оны алдын-алудын келесі стратегиялық бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді: мотивациялық-құндылықтық , ата-аналардың педагогикалық мәдениетін жоғарлату және отбасыда девиантты көріністерін алдын-алуға бағдарланған; әлеуметтік, отбасылардың материалдық қамтамасыз етілу бойынша әлеуметтік-экономикалық саясатты жандандыру, отбасыға әлеуметтік қызмет көрсететін кешенді жүйені құру, БАҚ баланың жағымсыз әлеуметтенудің теріс салдарын алдын-алу бағдарламаларын жасақтап енгізу; мемлекеттік-құқықтық, ювеналды юстицияны, бала құқықтары жөніндегі уәкілдер институтын дамыту.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы / Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы.

2. Қазақстан мектептеріндегі балаларға қатысты зорлық-зомбылықты бағалау. Оценка насилия в отношении детей в школах Казахстана. Отчет подготовлен Др. Робин Н. Хаарр Международный консультант ЮНИСЕФ. На 3-х языках. – Астана, 2013. – 245 с.

3. Байздрахманова А.К. Современные подходы к проблеме изучения буллинга в казахстанской школе // Учёные записки Санкт-Петербургского государственного института психологии и социальной работы. – 2015. – Том 24. – № 2. – С. 169-175.

4. Мюллер В.К. Новый англо-русский словарь. - Перераб. и доп. изд. – http://www.rambler.ru/dict/new-enru/00/55/78.shtml. Дата обращения: 28.11.2016 г.

5. Лейн Д.А. Школьная травля (буллинг) // Детская и подростковая психотерапия / Под ред. Д.Лейна и Э.Миллера. – СПб.: Питер, 2001. – 274 с.

6. Программа предупреждения буллинга Д.Олвеуса – http://www.violencepreventionworks.org/public/bullying.page. Дата обращения: 15.12.2016 г.

7. Мерцалова С.Т. Насилие в школе: что противопоставить жестокости и агрессии? // Директор школы. – 2000. – № 3. – С. 25-32.

8. Касаткин В.Н., Симонятова Т.П., Манелис Н.Г., Медведовская Т.А., Митькин А.С., Страхов М.Ю., Тувельский А.Н., Тарасова Т.А. Предупреждение насилия в школе // Воспитание школьников. - 2007. – №2. – С. 28-33.

9. English-Russian dictionary of common lexis / Англо-Русский словарь общей лексики. – М , 2005. – 48 с.

10. Руланн Э.Г. Как остановить травлю в школе. Психология моббинга. – М : Генезис, 2012. – 264 с.

11. Бердышев И.С. Лекарство против ненависти // Первое сентября. – 2005. – №18. – С. 5.

12. Кон И.С. Что такое буллинг и как с ним бороться // Семья и школа. – 2006. –№11. – С. 15-18.

13. Гребенкин Е.В. Профилактика агрессии и насилия в школе. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2006. – 157 с.

14. Мальцева О.А. Профилактика жестокости и агрессивности в подростковой среде и способы ее преодоления // Тюменский государственный университет. – 2009. – №7. – С. 51-54.

15. Омарова П.О., Шахова Р.М Современные психолого-педагогические исследования проблемы школьного насилия // Современные проблемы науки и образования. – 2013. – №2. – С. 296.

16. Мастюкова Е.М , Московкина А.Г. Трудные дети // Педагогика здоровья. – М , 2000. – С. 256-261.

***

Нургалиев К.А., Аметова А.К.

Проблема буллинга в среде детей младшего школьного возраста

В статье на основе анализа взглядов и представлений зарубежных и отечественных исследователей рассматриваются проблемы буллинга (насилия) в школьной среде в Республике Казахстан. Отражены статистические показатели данного социально-психологического феномена.

Ключевые слова: Буллинг, школьная среда, жертвенное поведение, подросток, страх, безнаказанность, профессиональная ответственность.

Nourgaliyev K.A., Ametova A.K.

The problem of bullying among children of primary school age

On the basis of the analysis of attitudes and perceptions of foreign and domestic research deals with the problem of bullying and its manifestations in the school environment in the Republic of Kazakhstan. Recorded statistical indicators of socio-psychological phenomenon.

Keywords: Bullying, school environment, sacrificial behavior, adolescent, fear, impunity, professional responsibility.

***

ӘОЖ 371.132

Шавалиева З.Ш. – п.ғ.к., доцент, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, ***E-mail:*** *Zulyas580plm@mail.ru*,
Байсеитова Ж.Б. – п.ғ.к., доцент, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, ***E-mail:*** *shanar_b@mail.ru*

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ҚАРАЛУ БАҒЫТТАРЫ

Аңдатпа. *Экологиялық білім мен тәрбие берудің халық педагогикасын пайдалана отырып, ұмыт қалған салт-дәстүр, ұлттық ерекшелігімізді насихаттау үлгілері кеңінен ашып көрсетілген. Қазіргі заман талабына сай оқыту барысында әрбір тақырыптан экологиялық білім және тәрбие берудің халық педагогикасының элементтерін тиімді қолданып және экологиялық білімді қалыптастырудың педагогикалық принциптері осы мақалада қарастырылған.*

Тірек сөздері: *Экология, біліктілік, салт-дәстүр, халық педагогикасы, тәрбие беру, ұлттық құндылық, үлгі-өнеге, әділдік, ізгілік, инабаттылық.*

Қазіргі заман қоғамының сұранысы және еліміздің жаңарған идеологиясы жасұрпақтың табиғатты қорғауға әзірлігін дамыту қабілетін мектептен бастап жаңа сапаға көтерілуіне міндет қойып отыр. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы білім беру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, осы саладағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптерін айқындайды және Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың білім алуға конституциялық құқығын қамтамасыз етуге бағытталған. Осындай ауқымды құжаттарды негізге алған республикамыздың экологиялық білім жүйесі мен табиғат қорғау қоғамдары, мекемелері өндірісті ұйымдастыру ісінде экологиялық талаптарын орындауды, білім жүйесінде ел болашағы – жастарды, жас ұрпақты табиғатты қорғауға тәрбиелеуге баса назар аударады.

Мемлекетіміздің тәуелсіздігін нығайтып, асқақ руханият пен азаматтықты өркендету, шынайы мәдени-этникалық мұраны жандандыру мен болашаққа аманаттау, ұлттық тектілікті сақтау, ең алдымен мектеппен байланысты. Шәкіртті мектепке алғаш қадам басқаннан бастап, өзінің ата-анасын, ұстаздарын құрметтеп сыйлауға, айнала қоршаған табиғатты, туған өлкесін сақтап-қорғауға, сол арқылы адамгершілік мінез-қасиетті орнықтыруға баулу – мектептің қоғам алдындағы атқаратын қызметі. Қазіргі мектептің бүгінгі күннің өзекті міндеттерінің бірі – жас ұрпаққа экологиялық білім беріп, қоршаған табиғи ортаны қорғауға, аялауға тәрбиелеу. Экологиялық білім беру педагогика ғылымдарындағы бағыт жастарға жалпы орта білім берудің құрамдас бөлігі болып саналады. Қазіргі кезде мектептер жастардың бастауыш сыныптан бастап, өз іс-әрекетінің саналы болуына, экологиялық білімінің білім мазмұны арқылы экологиялық танымның оңтайлы болуына қолайлы жағдай туғызылуы көзделеді [1]. Мұнымен бірге ол табиғатты қорғауға көмек берерлік халықтың тарихындағы игі дәстүрлерді жаңғыртуға, оны күнделікті өмірде тәжірибеге қолдана алуға мектеп қабырғасында дағдыландыру мәселелеріне назар аударған жөн.

Қазіргі қоғам барған сайын күрделене түсуде, жаңа XXI ғасырға сай өзгеше қабілет қасиетке ие ұрпақ қалыптасып келеді. Ал, мұның бәрі тікелей ғылым, білім саласына байланысты, сондықтан да, білім беруді жетілдіру жөнінде маңызды реформалар, жаңа технологиялар мен ғажап идеялар пайда болуда. Ұзақ жылдар бойы жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде өз халқымыздың педагогикалық аса бай мұраларын ұрпаққа беруді аңсаған едік. Жас жеткіншектерді халқымыздың тарихын, мәдениетін,

салт-дәстүрін, ұлттық тәрбие ерекшеліктерін терең білуге, құрметтеуге үйретуге – міндеттіміз. Халқымыздың атадан балаға қалдырған халықтық педагогикасында, ғасырлар бойы жинақталған бай тәжірибесінде бала, ұрпақ, жастар арасындағы тәрбие мақсаттары жатыр. Мыңжылдық тарихы бар қазақ халқы өз ұрпағын өмірде, отбасында, тұрмыс-тіршілікте батырлық пен батылдыққа, әділдік пен адамдыққа, махаббат пен ізгілікке, инабаттылық пен имандылыққа үздіксіз тәрбиелеп отырған. Бұрын ата-ана тәрбиесіне көп көңіл бөлініп, баланы отбасы ғана емес, бүкіл ауыл болып тәрбиелеген.

Халқымыздың табиғатқа деген сүйіспеншілігі және оны көзінің қарашығындай сақтап келуі жайында қазіргі ұрпаққа үлгі-өнеге боларлық дана ұғымдар, мақал-мәтелдер, нақыл сөз, аңыз әңгімелер арқылы жетіп отырған. Сондықтан әрбір ұстаз, тәрбиеші өзінің күнделікті жұмысында халықтық педогогиканың асыл маржанына үнемі көңіл бөліп, тиімді пайдалана білуі тиіс.

Қазақ халқы ғасырлар бойы қоршаған ортаның тәрбиелік әлеуеті зор екенін, оның жеке тұлғаны барлық жағынан дамытуға - денсаулығын нығайтуға, ақыл-ойын, адамгершілігін, еңбексүйгіштігін, әсемдікті сезінуін жетілдіруге ықпал ететінін жақсы білген; табиғи фактор физикалық және моральдық тұрғыдағы ұрпақтар сабақтастығы ретінде қарастырылды. Қазақтардың халықтық педагогикасы табиғатқа және адамға жақын, ол табиғатпен үйлесімді, табиғи қалыпта қабылданады. Табиғатпен үйлесімділік дегенді халықтық педагогикада өсімдіктердің, жануарлардың, адамдардың өмірінде бірдей сипатта көрінетін табиғат заңдылықтарын анықтау және ұғыну деп түсінеді. Адамды табиғаттың бөлшегі ретінде қарастыру барлық іс-әрекетті табиғатпен үйлесімді жағдайға келтіруді; табиғатқа құрметпен қарауды, бас июді, сүюді, қамқорлықпен қарауды талап етеді. Халықтық педагогикада экологиялық тәрбие беру үдерісінің табиғилығы жас ұрпақтың еңбекке араласуына байланысты. Бұрынғы уақытта балалар үй жануарларын күтуге, шаруашылық жұмыстарына ерте қатыстырып, соның нәтижесінде табиғатқа, жануарлар мен өсімдіктер әлеміне, адамдарға ойлы көзбен, ұқыпты қарауға бейімделген. Тәрбие үдерісін айналадағы табиғатқа руханитәжірибелік қарым-қатынасқа бағыттау экологиялық тәрбие жүйесінде маңызды рөл атқарады. Оқушылар табиғат қорғау ісіне белсенді қатысқан кезде ғана жанды және жансыз табиғат обьектілеріне қамқорлықпен, аялай қарау қасиеті қалыптасады [2].

«Қызың өссе, қызы жақсымен, ұлың өссе, ұлы жақсымен ауылдас бол», «Қызға қырық үйден тыю, бір үйден жыю» деген нақыл сөздер осының айғағы. «Қызыңды бөтен үйге қондырма, ұлыңды бөтен үйден тойдырма» деп, ортақ талап қойған. Мұнда ұлдың да, қыздың да ретсіз жүруінің, мезгілсіз қыдыруының жағымсыз екендігін ұқтырып отырған. «Үлкеннің алдын кеспе, бос шелекпен өтпе» деп баланы үлкендерді сыйлауға, жол беруге тәрбиелеген. Еңбекке, төзімділікке, ептілікке, шеберлікке, шыншылдыққа, ар-ұят, әдеп, үлкенді сыйлау секілді қасиеттерді үй ішілік карым-қатынастарда, тұрмыста ұрпақ зердесіне сіңіре білген бабаларымыз. «Сіз – деген сыпайылық, біз – деген көмек», «сыйға – сый, сыраға – бал», «Жаным десе жан семірер» деген мақал-мәтелдер арқылы игілікті істерге бастаған. Халық педагогикасының имандылыққа, адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелейтінін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Сондықтан балаларды кіндік қан тамған жерінің қасиетті тарихы мен мәдениеті және тілін, салт-дәстүрі, әдет-ғұрып ерекшеліктерімен таныстыра отырып, рухани жоғары деңгейде тәрбиелеу ұлы мақсаттардың бірі болмақ. Бұл үшін оқу-тәрбие сағаттарының маңызы ерекше. Қай заманда болсын есті де еңбексүйгіш, қайырымды ұрпақ тәрбиелеу парыз саналған. Әр халық өзінің тарихын жалғастыратын жас ұрпағын адалдыққа, әділдікке үндеп отырған. Бұл ретте ғасырлар бойы сұрыпталып, әртүрлі сыннан өткен салт-дәстүрлерімізді педагогикалық әдіс-тәсіл ретінде пайдаланамыз.

Қазақ елінің түп-тамыры – жұрты. Қат-қабат қайшылығы мол, күрделі кезеңде өмір сүрген Қожа Ахмет Иасауи – ақылдың, даналықтың кемеңгер парасаттың өкілі. Данышпан өзінің осы Ақыл кітабының беташарында негізгі қағида-шарт, парыз-

қарыздарын байыппен баяндайды. Мұндағы ой-тұжырымдары сегіз жүйеден тұрады. Олар: Тәубашылық, Ғибадатшылық, Махаббат, Сабырлық, Шүкіршілік, Ризашылық, Заһидшілік (анықтық), Ғаріптік. Бұларды біздер бір нүктеге түйістіріп айтсақ, адам табиғаттың кілтін басқарып тұрған табиғатты танып-білу үшін не істеу керек, қандай уажіп, парыздарды орындау қажет дей отырып, сондай-ақ адамгершілік, әділдік, адалдық, мейірім, рахым, табиғатқа деген сүйіспеншілік сияқты мәселелер сөз болады. Мұнда ғаріптік жолға мән беріледі. Оның мән-жайын сараптап өткізеді. Аталған сегіз жүйе табиғатты қорғаудың ізгілікті саналы, ұстанымын орнықтыруына негіз болады.

Нұр, Құт, Бақ, Дәулетке қатысты адам болмысында қандай қасиеттер мен әдіс-тәсілдер қажет деген сауалға ізгілікке сүйеніп, Жүсіп Баласағұни кейінгі ұрпақ үшін өмірлік, классикалық тұжырым-түйінді өзінің «Құтты білік» еңбегінде жан-жақты сипаттап берген.

Адамның танымы үнемі қабылдап отырады, себебі қоғамдық құндылықтар өзгерісте болып, уақыт пен кеңістік өзінің таңбасын дүниетанымның «шыңбайына» батырып жібереді.

Жүсіп Баласағұн ізгіліктің төрт негізін қалаған: Әділ (заң), Дәулет (құт, бақ), Ақыл-парасат (интеллект), қанағат-ынсап. Білімнің тұжырымына тірек боларлық негіздер. Егер, біз де отбасы, мектеп қабырғасында берілетін білімді осы бағыттарға сүйене отырып, ұлттық сипатта бергенде «Қара шал», «Қара кемпір», «Бозторғай» секілді өзегінді өртеп, намысыңды қоздырып, көзімізге жас әкелетін қайғылы өлеңдер тумаған болар еді. Экологиялық білім алудың ізгілікті ұстанымына біздер Жүсіп Баласағұнның мына бір даналық пайымдарын негізге аламыз: ақыл, парасат, ниеті түзу, сөзі шырын, өнерлі, білімді, қолы ашық, пейілі кең, көзі тоқ, кек сақтамайтын асыл құлықтар [3].

Бір кезде елімізде адамзат баласының санасын улап келген керітартпа күш ретінде қудалауға ұшыраған дін ешкімге қиянат жасауға жол бермеген. Керісінше, адамдардың көңіліне ізгілік қасиеттерді, имандылықты қалыптастыруға қызмет етті.

Халқымыздың ақын-жыраулары Асан қайғы, Қорқыт ата, Бұқар Жырау Қалқаманұлы және т.б. жыр толғауларында табиғат мәселесі негізгі орын алады. Олардың болмыс, тіршілік, табиғат жайындағы ой-толғаныстары, мақал-мәтел, шешендік сөздері табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, оны қорғауға сақтауға тәрбиелейді. Асан қайғының толғауларында туған елінің табиғаты, жер байлығы, географиялық ерекшелігі, өсімдігі, халқы, жан-жануарлары, тұрмысы философиялық тұрғыдан сөз болады. Ол жүрген жерінде әрбір елге, қоныскқа сын айтып, баға беріп отырған.

Халық педагогикасын тәрбие жұмыстарында қолданумен бірге оқу үрдісінде қолдану арқылы, ұстаздық шығармашылықты жетілдіре түсеміз [4]. Мектеп оқулықтарына халық педагогикасының нұсқаулары жүйелі түрде ендірілмей келеді. Мысалы, санамақ, жаңылтпаш, ертегілер кейбіреулерінде жоққа тән. Сондықтан да оларды толықтырып, қосымша құжаттармен қолданамыз. Халық педагогикасы үнемі даму үстінде. Жаңылтпаштардың жаңа түрлері тек тіл ширатып қана қоймай, дүние танытады.

«Ұлы ұяты әкеге, қыз ұяты шешеге» – деу арқылы халқымыз ата-ананың, үлкендердің жас ұрпақ тәрбиелеудегі орнын көрсеткен. Қазақ халқы ұстаған қағидасын, түйген философиялық ойын жан-жақты қарастырып бір ауыз сөзге сыйғызып бере білген.

«Адамға көбінесе үш алуан адамнан мінез жұғады. Біріншісі ата-анадан, ұстазынан, құрбы-құрдасынан» – деп ойшыл Абай атамыз да өте дұрыс айтқан. Осы пікірді халық педагогикасында: «Ұстазына қарай шәкірті», «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы», «Аға-жаға, ұстаз-пана», – деген мақал-мәтелдер арқылы құптайды. Бірақ құрғақ өсиет, құнсыз уағыз арқылы емес, жеке бастың үлгісімен, тапқыр тәсілімен тәрбиелеу орынды. Жасөспірім алдына үлкен мақсат қоя білсе ғана ол биікке ұмтылады. Сондай ұмтылыс үстінде өседі және жетіледі. Армансыз биікке самғау жоқ екенін ұғындыруымыз керек. «Армансыз ұлан, қанатсыз қыран»,

«Арманы жоқтың, пәрмені жоқ» деп парыздықтан сақтандырамыз [3]. Жас ұрпақты өмірге дайындап, олардың «Сегіз қырлы, бір сырлы» азамат болуы үшін тәрбиенің барлық түрін ұштастыра, ұластыра жүргізуіміз керек. Халық педагогикасында мынау – ақыл-ой тетігі, мынау – эстетикалық тәрбие құралы дейтін жекеленген тәрбие құралы жоқ. Кез-келген тәрбие құралына талдау жасасақ, ақыл-ой, дене, еңбек, адамгершілік тәрбиелері іштей сабақтасып, араласып жатқанын көреміз. Әдептілік, сыпайылық, кішіпейілділік, мейірімділік, иманжүзділік қасиеттердің бәрі де ар-ұят, ұждан тазалығынан туындайды. Ар тазалығы өзгеге қиянат жасамауға, шыншыл болуға баулиды. Ұлттық табиғатымызға сай келмейтін педагогикадан гөрі халық педагогикасының маңызы зор. Ол үшін халқымыздың тәлім-тәрбиелік негіздерін отбасында, бала-бақшаларда, әртүрлі сатылы мектептерде және қоғамда қолдануымыз қажет.

Адам-табиғат жүйесіндегі байланыс – тарихи дамудың маңызды мәселелерінің бірі. Қазіргі кезде адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасы ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Жер шарындағы халық санының өсуі табиғи ресурстар қорын пайдалану көлемін арттыруда. Соңғы уақытта адамның өндірістік қызметінің әсерінен тірі ағзалардың тіршілік ортасы ластанып, қауіпті жағдайлар тудырып отыр. Адамзаттың болашағы өзекті мәселелердің шұғыл шешімін қажет етеді. Табиғи тепе-тендік бұзылса, биосфераға қауіпті, қоршаған орта ластанады, түрлердің жойылуына әкеледі. Сондықтан да табиғат заңдарын танып-білу нәтижесінде оның байлықтарын ұтымды пайдалану, Жер табиғатын аялау әрбір азаматтан экологиялық сауаттылықты талап етеді.

Қазіргі кезде экология ғылымы көбіне адамның шаруашылық іс-әрекеттерінің табиғатқа және оның құрамдас топтарына тигізетін әсеріне басты назар аударуда. Өйткені соңғы жылдары адамның іс-әрекеті (антропогендік әсерлер) биосферада тарихи дәуірлерде қалыптасқан биологиялық тепе-тендіктің бұзылуына орасан зор әсерін тигізетіні осының алдында баяндалды.

Келешек ұрпақты экологиялық апаттан сақтап, биосфераны қорғаудың бірден-бір жолы – әрбір адамды табиғаттың карапайым даму, зат және энергия алмасу заңдарымен, оның теориялық негіздерімен қаруландыру. Өйткені, қазіргі кездегі экологиялық дағдарыстар мен тоқыраулардың пайда болуы - адамдардың экологиялық сауатсыздығының нәтижесі.

Халық ертеден-ақ өзінің арман-мұңының бесігі болған, ерлік салт пен дәстүрге бай табиғи сыры мол, әсем жерлерді жырға қосып, оны мадақтаған. Мұндай жырларда жер мадақтау жалаң күйінде емес, халық тарихынан жарқын бір көріністерімен байланыстырылады. Осындай тамаша көркем, әсем жыр шумақтарын оқырмандар оқи отырып, оның әсерлі сырын көңіліне тоқып, сұлулығына сүйсінеді [5].

Халқымыздың табиғатқа деген қайырымдылық, қамқорлық сезімі, аялы алақаны, көздің қарашығындай қорғай білуі аты аңызға айналған Асанкайғы, күй атасы Қорқыттың өсиетке толы сөздерінен де елеулі орын алған. Қорқыт бабамыздың: «Кара орманың шайқалмасын, мәуелі ағашың құламасын» деген сөзі көп нәрсені аңғартады.

Әрбір халықтың туған жерін, оның табиғатын сүйе білу – адамгершілік парызы.

Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа» романындағы кейіпкер сөзімен айтсақ, «Ыстық қой, шіркін, туған жер! Туған жерге жеткенше, қайтіп дәтің шыдайды? Кім сүймесін өз жерін? Сүймесе, сүймес зердесіз, шерсіз жүрек, тілеуі бөлек жетесіз...».

Табиғат сұлулығынан, әдемілігінен, әсемдігінен бойына қуат, жүрегіне шуақ сыйып, аса зор іңкәрлік сезімге бөленген, халқымыздың мақтанышы болған ақын Мағжан Жұмабаев «Табиғат - адам баласын дүниеге келтіріп, бойындағы бар махаббат мейірі мен шұғылалы шуағын жүрегімізге ұялатқан Ана» – дейді. Ата-бабалардың даналық сөздеріне қанып өскен (Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтың) еңбектерінде табиғатқа көзқарастарының ғылыми әрі тәрбиелік мәні мол.

Қазақтың сыршыл, ойшыл ақыны (Сәкен Сейфуллин, ғұлама жазушы Мұхтар Әуезов, Сәкен Жүнісов, Шыңғыс Айтматов, Сапағали Әсіпов, Шерхан Мұртаза) т.б. ақын-жазушылар еңбектерінде табиғаттың кіршіксіз тазалығы, әсемдігі, шығарма

кейіпкерлерінің әр кезде ахуалы мен пейзаждық бояулардың катарласа келуі, неше түрлі аңыздар арқылы табиғат пен адам арасындағы өзара байланыстылық т.б. шебер бейнеленген. Мұндай туындылардың жастардың экологиялық сана-сезімін оятып, экологиялық мәдениетін көтеруде рөлі ерекше.

Ғылыми әдебиеттерде оқушылардың табиғатқа қарым-қатынасына олардың жеке ерекшеліктері, тұрғылықты жері, ата-анасының мамандығы және білімі де әсер ететіндігін көрсетеді [6].

Қоршаған орта жайында жүйелі түрде тиянақты білім беру, бүкіл халықты қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу және осы мәселелерді ғылыми тұрғыдан шешу проблемасы Заң жолымен жүзеге асатын болады.

Халық педагогикасының негізгі мақсаты – өзінің бай тәжірибесіне сүйене отырып, келер ұрпақты өнер-білім меңгеруге, еңбек етуге, ауыл-аймақтың, өз Отанының ар-намысын қорғауға, адамгершілік қасиеттерге баулу болып табылады. «Болашақ бүгіннен басталады» демекші, сол болашақтың адамдары қай жағынан болса да тамаша адам болуы тиіс. Олар әр жақты келісті адам болуы керек. Ол тек еңбекқор, адал, білімді, көп оқыған, ақылды болып қана қоймай, сонымен бірге тәрбиелі, көркем де әсем болуы қажет. Қазақ халқы - әсемшіл халық, рухани мәдениет жасауды басты міндеттердің бірі деп санайтын халық. Сол үшін де өмірдің жарқын сипатын, сұлу-сипатын, моральдік қасиетін үнемі басшылыққа алу керек. Кез келген халықтың тәрбие беру ісінде өзіне тән ерекшелігі болатын секілді, қазақ халқының да сан ғасырлар бойы жинақтаған бай тәжірибесі қалыптасқан.

Жас ұрпаққа ізгі тәрбиелерді қалыптастыруда ғұлама ғалымдар, шешендер мен билер, ақын-жыраулар, сал-серілердің өзіндік сара жолдарының болғаны, олардың шығармаларындағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерін, өнегелі істері бүгінгі ұрпақтың рухани, мәдени жетілуіне, саналы, білімді де мәдениетті тұлға болып қалыптасуына ықпалын тигізетіндігі даусыз. Бүгінгі адамның өмірі мен әрекетінің кез келген санасында ұлттық эстетика тәрбие ар-намыссыз тіршілік етуге болмайтындығы шындық. Қоғам және адам өміріндегі ұлттық ерекшеліктер аясының кеңейюі тек ұрпақтан-ұрпаққа тарихи-мәдени мұраларды беруді ғана міндеттемейді, сонымен қатар аға педагогиканың халықтық бай тәжірибесін молайта отырып іс жүзіне асыруды талап етеді [7]. Ол үшін жас ұрпақтың тәрбиесі ұлттық-халықтық педагогиканың қажеттігін туғызып, қабілетін дамыту және қалыптастыру әлеуметтік сұранысқа айналуы қажет.

Қорыта айтқанда, қоршаған табиғи ортаға қамқорлық жасау, оның бар байлығын адам игілігі үшін мейлінше ұтымды пайдалану, қорғау және көркейту ісі бүгінгі күн талабына сай туындап отырған мәселе. Табиғат қаншама бай болғанымен, оның сан алуан ресурстарының қай-қайсысы болмасын шексіз емес екендігін күнделікті өмірдің өзі дәлелдеп отырған тұста экологиялық үздіксіз білім беруді заңдастыру ұстанымы мен қоршаған табиғи ортаны қорғау саласында экология кодексін қабылдау ұсынысы еңжарлыққа бой алдырмай, көзі қарақты, ойы ұшқыр азаматтардың қолдауын күтетін қоғамдық тұжырым деп білеміз.

Ал, бұл тәжірибе халықтың жаппай экологиялық мәдениетін көрсететін белсенділік қабілетінсіз мүмкін емес. Сондықтан да экологиялық білім мен тәрбие қоғамның әрбір мүшесіне табиғатты қорғауға немқұрайлылықпен қарамауды үйретіп, қоғам мүшесін әрқашанда қоршаған ортаны қорғауға дағдыландыруды көздейді. Осыған байланысты мынадай қорытынды жасауға болады:

1. Оқыту барысында әрбір тақырыптан экологиялық білім және тәрбие берудің халық педагогикасы элементтерін және экологиялық білімді қалыптастырудың педагогикалық принциптерін пайдаланған дұрыс;

2. Оқушылардың экологиялық көзқарасын қалыптастыру үшін әрбір сабақтың және сыныптан тыс жұмыстардың мүмкіншіліктерін тұрақты түрде пайдалану керек;

3. Оқыту заңдылықтары мен заңдарының орындалуын көрсету барысында, оларға сәйкес келетін ғылыми-техникалық прогрестің бағыттарын мысалдарын көрсетілуі қажет;

4. Жоғары сынып оқушылардың экологиялық білімін қалыптастыру үшін, жаңа материалды өту барысында экологиялық мазмұнды мысалдар, есептер, тәжірибелер және тест сұрақтары кең көлемде кешенді түрде пайдаланғаны дұрыс;

5. Экологиялық материалдарды оқушыларды сабақ барысында ғана емес, сыныптан тыс сабақтарында тиімді пайдалануы керек.

Қай кезеңде де табиғатты қорғау, қоршаған ортаның тазалығы үшін күрес өзекті мәселе болып қала береді. Күрес үлкен өндірістердің, техниканың зияндылығын ғана анықтап, соларға айып төлету, зиянды өндірісті жабудың жолын іздеумен шектелмейді. Табиғатты қорғаудың алуан бағыттағы жолы бар. Сол бағыттарды, заңдылықтарды терең зерттеу үшін де экология ілімін зерттеу, терең білуге ұмтылыс бастауыш мектептерден бастау алуға тиісті.

Эколгоиялық білімнің бастауыш кезеңдері, жас жеткіншектерге түсінікті әдістемелері қандай болу керек деген педагогикалық қағида өмір алға жылжыған сайын жетіле беруі керек. Ғылымның да қажеттілігі осы тұрғыдан танылады.

Адам баласы дүниеге келгеннен бастап тәрбиелеуді талап етеді. «Жас бала – жаңа өркен жайған жасыл ағаш тәрізді» – дейді қазақ халқы. Жерге отырғызған жас көшетте өркен жайған жасыл ағаш болып, тамыры тереңдеп, жапырағы жайқалып саялы ағаш болып үлкейгенше мәпелеп күтіп, үзбей тәрбиелеуді керек етеді. Адам да сол тәрізді. Олай болса, ұстамды, көргенді, парасатты, түп-түзу, жып-жинақы, әсем бейнелі адамға қараудың өзі тым жарасымды. Жастарымыздың үлгілі, ішкі-сыртқы адамгершілік, эстетикалық саналары биік дәрежеде болуына барлығымыздың да ат салыса қатысуымыз қажет.

Әдебиеттер:

1. Volkov G.N. Modern folk pedagogy as a functioning the phenomenon of democracy and humanism in education. – Cheboksary: Chuvash, 1993. – 117 p.

2. Қалыбекова А. Қазақ тәрбиесінің асыл мұрасы. – Алматы: БАУР, 2011. – 485 б.

3. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986. – 430 б.

4. Беккожаева Ә. Орта мектептің физика курсында экологиялық білім және тәрбие берудің әдіснамалық негіздері / Педагогика ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Қызылорда, 2013. – 43 б.

5. Жұмабаев М. Тандамалы шығармалар. Өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар. – Алматы: Ғылым, 1992. – 50 б.

6. Зверев И.Д., Салеева Л.П. Воспитание любви и бережного отношения к природе // Начальная школа. – 1979. – №1. – С.41-43.

7. Бейсенова А.С., Шилдебаев Ж.Б. Пути развития экологического знания учителей // Поиск (серия естественных наук). – № 4. – 1995. – С. 47-51.

***

Шавалиева З.Ш., Байсеитова Ж.Б.

Направления народной педагогики и современного экологического образования и воспитания

В данной статье рассмотрены образцы традиций, пропаганды особенностей нации, с использованием народной педагогики в экологическом образовании и воспитании. В соответствии с требованиями современного преподавания в каждой теме экологического образования и воспитания рассмотрены элементы эффективного использования народной педагогики и педагогические принципы формирования экологического образования.

Ключевые слова: Экология, профессионализм, обычай, народная педагогика, воспитание, национальные ценности, гуманизм, справедливость.

Shavaliyeva Z.Sh.,Baiseitova Zh.B.

Public pedagogy of ecological education and modern area of consideration

There are showed examples of exhorting unremembered national traditions and customs using public pedagogy of ecological education. In accordance with the modern teaching, taking advantage of using elements from public pedagogy in every subject and pedagogical principles of forming ecological education are described in this article.

Key words: Ecology, traditions, professionalism, public pedagogy, principles of teaching.

***

ӘОЖ 37.032

Ергалиева Г.А. – п. ғ.к., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: *E77ASK@yandex.ru*
Байырбек С.Б. – магистрант, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: *saltanat_orka@list.ru*

ХАЛЫҚ ПЕДЕГОГИКАСЫ НЕГІЗІНДЕ БАЛАЛАР ҮЙІ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІНІҢ ТҰЛҒАЛЫҚ САПАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа. *Мақалада бүгінгі ұрпақтың жеке тұлғасын қалыптастыруда халқымыздың ғасырлар бойы қастер тұтып келген ар-намыс, ождан, атамекен, ана тіліне сүйіспеншілік, әдеп-иба,қайырымдылық, жауапкершілік, үлкенді сыйлау мен құрметтеу қасиетін дарыту бағыттары қарастырылады.*

Тірек сөздер: *Ар-намыс, ождан, атамекен, ана тілі, әдеп-иба, қайырымдылық, жауапкершілік.*

Бүгінгі ұрпақтың жеке тұлғасын қалыптастыруда халқымыздың ғасырлар бойы қастер тұтып келгенар-намыс,ождан,атамекен,ана тіліне сүйіспеншілік, әдеп-иба, қайырымдылық, жауапкершілік, үлкенді сыйлау мен құрметтеу қасиетін дарыту-олардың жан-жақты толыққанды тұлға болып қалыптасуына негіз болары сөзсіз.

Адамдар тұлға болып, өзіндік жеке бас ерекшеліктерімен бірден дүниеге келмейді, әрбір жеке тұлғаны қалыптастыру, тәрбиелеп жетілдіру осы заман ағымына лайықты азамат, білімді, ойлы, өмірге құштар болып өсуіне үлесімізді қосуымыз қажет.

Қай заманда болмасын, жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім-тәрбиесі, үлгі алатыны тарихи жеке тұлғалар екені белгілі. Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари секілді ғұламалар еңбектерінің, кемеңгерлік сөздерінің балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің тұлғасын қалыптастыруда мәні ерекше.

Ұлттық тәлім-тәрбие арқылы жеке тұлғаны қалыптастыруда қазақ халқының ағартушы ғалымдары Ж.Аймауытов, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев, А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, тағы басқалардың еңбектерінің орны ерекше.

Дамыған қоғамдағы тұлғаны қалыптастыруда ұзақ мерзімді педагогикалық әсер туғызатын әдістер тиімділігі, тәрбиеші мен тәрбиеленушінің арасындағы адамгершілік қарым-қатынас өздігінен қалыптаспайтындығын кеңес дәуіріндегі педагогтар П.П. Блонский, Н.К. Крупская, А.В. Луначарский, А.С. Макаренко, В.А. Сухомлинский, К.Д.Ушинский т.б өз зерттеулерінде дәлелдеп берді.

Қазақстандық белгілі психолог-ғалымдар Ә.Алдамұратов, Қ.Б. Жарықбаев, М.Мұқанов, Т.Тәжібаев,А.Темірбеков, Г.А. Урунтаева, Х.Т. Шерьязданова зерттеулерінде оқыту үдерісіндегі жеке тұлғаның танымдық іс-әрекеті мен қабылдаудағы психологиялық ерекшеліктері туралы құнды ой-пікірлер айтылған.

Ресейлік психолог-ғалымдар Л.С. Выготский, А.Г. Ковалев, А.Н. Леонтьев, К.К. Платонов, С.Л. Рубинштейн т.б. жеке тұлғаның психологиялық іс-әрекетінің қалыптасу теориясы мен ұстанымдары туралы ой-пікірлер түйіндеген.

Тұлғаны қалыптастыру - өте күрделі үдеріс. Бұл шет ел ғалымдары Х.Дейкер, Г.Н. Нойнер, З.Фрейд, Э.Эриксон еңбектерінде көрініс тауып, теориялық және әдістемелік тұрғыда да өз кезегінде ғылыми зерттеулерге арқау болған.

Халық педагогикасы мен қазақтың тәлім-тәрбиесі туралы ежелгі ойшылдардың, ғалымдардың ойлары бүгінгі зерттеулерде жалғасып келеді.

Бұл тұрғыда халық педагогикасын зерттеуде елеулі үлес қосқан қазақстандық көрнекті ғалымдар З.Әбілова, Ш.Әлібеков, С.Ғаббасов, С.Қалиев, К.Қожахметова, А.Мұхамбаева, Ж.Наурызбай, Н.Сәрсенбаев, К.Сейсенбаев, Р.Сқақова, Ә.Табылдиев, Р.Төлеубекова, С.Ұзақбаева және т.б. еңбектерінде бала тәрбиесіндегі ұлттық тәлім-тәрбиенің маңызы кеңінен қарастырылады.

Жеке тұлғаны қалыптастыру барысында оның өзіне тән ерекшелігін ескере отырып,көзқарасындағы даралықты анықтап,өмірде болып жатқан өзгерістерге,қоғамның дамуына немқұрайлы қарамайтын шынмәнінде қоғамдағы өзін қоршаған адамдарға жанашырлықпен, сүйіспеншілікпен, жауапкершілікпен қарау сезімін бойына сіңіру үлкен абыройлы іс. Ол үшін алдымен тұлға ұғымын анықтап, теориялық талдау қажет деп есептейміз.

Ағылшын философы Дж. Локк: "Тұлға – ол ақылы мен рефлексиясы бар өзіне-өзі сынақты қарай алатын, саналы ойлайалушы жан" деп санаған [1, 82 б.].

Карл Маркс жеке тұлғаның ерекшелігі жөнінде адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуын,оның өзіндік мінез-құлқы жағынан белсенді әрекетіне және әртүрлі әсерленуіне қарамастан,бәрі де өз заманының, әлеуметтік қатынасының бірлігінде қарастыру қажеттігін атап көрсеткен.

Тұлға қалыптасуының психологиялық белгілері:

- Өзіндік саналылығы;
- даралығы;
- белсенділігі;
- сапалық қасиеттерінің даму дәрежесі;
- қоғамдық байланыстарда өз әрекетін реттей алуы.

Ғылыми теорияға жүгінсек тұлға түсінігі үш аспекті қарастырылған:

- тұлға тарихи дамудың жемісі/тұлға дамуының филогенезі/;
- тұлға қандай-да бір қоғамдық-экономикалық формацияның жемісі;
- тұлғаның жеке дара қалыптасуы.

Тұлғаның құрылымдық компоненттеріне педагогика ғылымдарының докторы Ә.Мұқанбетжанова өзінің докторлық диссертациялық монографиясында М.С. Каганның моделі бойынша жеке адамның шығармашылық потенциалының дамуына гносеологиялық, аксиологиялық, шығармашылық, коммуникативті, көркемөнерлік жағына байланысты деп береді. Соған сәйкес М.С. Каган тұлға түсінігі өзінің мінез-құлқымен, темпераментімен, дене тұрқының қалыптасу санасымен анықталынады деп қорытынды жасайды және ол осы аталған саналарды:

- қаншалықтыбіледі;
- қалайбағалайды;
- қалайжасайды;
- қандай қарым-қатынас орнатады дей келе өзінің зерттеулерінде тұлғаның көркемдік қажеттілігі қандай және оларды тұлға қалай қанағаттандырады – деген сұрақтарға жауап беріп өтеді. Олай болса тұлға дауына әсер ететін өз бойындағы ерекшеліктерді тұлғаның өзінің сарапқа салуы оның жекелеген қасиеттерінің артуына себебін тигізері сөзсіз.

Д.Н. Нұрмамбетова еңбектерінде «Адамның даралық мәнділігі құбылысы ретіндесипатталады» ұғымы «адам және индивид» ұғымдарымен салыстырылады . Бұл тұжырымдамаларда тұлға иерархиялық байланысқан үш деңгейде қарастырылады индивидтік, даралық және тұлғалық.

Тұлға дегеніміз – қоғамда өзінің орнын білетін, саналы, қоғамдық орны, ерекше қасиеті бар адам. Біз тұлғаны қалыптастырудағы қоршаған ортаның қоғамдық

орындардың, ата-ананың, көрші-туыстардың әсерін зерттеуде жеке адам қалыптастырудың негізгі жағдайларын Ж.Аймауытұлының [3, 62 б.] сихологиялық, педагогикалық сипаттағы еңбектерінен көп көреміз.

Білім беру теориясындағы ізгіліктік және рухани адамгершілік құндылықтарды зерделей отырып, олардың адамға бағытталған /антропоцентристік/ көзқарастарға негізделегеніне көз жеткізуге болады. Олай болса, бұл арада зерттеуімізге негіз болып отырған балалар үйі тәрбиеленушілерінің үкімет қамқорында өскенімен олардың тұлғалық дамуына ерекше жан-жақты көңіл бөлініп, халықымыздан ұрпақтан-ұрпаққа таралып өз жалғасын тауып келе жатқан тәлім-тәрбиесін бала бойына қасиетті сапа ретінде сіңіру бүгінгі заман талабы.

Тәрбиеленушілердің өзіндік дамуына, білімдік және танымдық әрекеттеріне ықпал ету, өзара адамгершілік құндылықтары мен өзіндік бағдарын таңдауға мүмкіндік жасалу идеялары оқыту мен тәрбие барысында үнемі басшылыққа алуды талап етеді.

Біз тарихи тұлға, ұлы тұлға, дарынды тұлға, батырдың тұлғасы, көсемнің тұлғасы, ерекше тұлға, дара тұлға дегендерді жиі айтамыз. Осы тұлғалардың бойындағы туа біткен қасиеттерін өз дәрежесінде өзін біліп, зерттеп, дұрыс бағытта пайдалануынан деп тұжырымдағымыз келеді.

Енді біз“жеке тұлға”ұғымына философиялық,психологиялық, педагогикалық тұрғыдан ғалымдардың зерттеуінде әр түрлі пікірлердің бар екенін және де түрлі мағынада қолданылатыны жайында тоқталып, педагогикалық тұрғыда жеке тұлғаның қалыптасуында халық педагогикасының рөлін зерттеуімізге тірек етіп алмақпыз.

Тұлға деген түсінікті жеке адам деген түсінікпен шатастырмау керек. Жеке адам дегенімізді - ол әлеуметтік немесе биологиялық бірліктің жеке өкілі деп түсінеміз.

Тұлға дегеніміз ғылыми термин сөз. Жеке адамның қоғамның мүшесі ретінде саналы ісі мен қатынасының субъектісін тұлға деп түсінеміз.

Педагог-ғалымдар бүгінгі таңдағы ілім жетістіктеріне сүйене отырып, қоғамның материалдық өмірі мен санасын дамытуда адамның атқаратын қызметінің рөлін анықтау үшін тұлғаны қалыптастыру объективті және заңды үрдісі екендігін көрсетеді.

Адамның тұлғасы оны қоршаған ортада белсенді ету үрдісінде қалыптасып, ашылатындығы ғылымда дәлелденген.

Психологиялық анықтама бойынша тұлға-қоғамдық қатынастардың жиынтығы делінген. Соңғы зерттеулерде тұлға ұғымына әр түрлі анықтамалар берілген. Белгілі психолог–ғалым Қ.Б. Жарықбаевтың еңбегінде: «Жеке адам – тарихи әлеуметтік жағдайдың жемісі, ол әлеуметтік ортада /белгілі қоғамда, коллективте/ ғана қалыптасады. Орыс тіліндегі «личность» терминін соңғы кезде «кісі», «Жеке тұлға» деп те алып жүр. Бұл анықтамаларда жаңа туған нәрестені адам деп атауға болады, бірақ ол әлі де болса жеке адам тұлға емес, себебі онда тәжірибе білім, іс-әрекет жоқ-ғалым өзінің ой-тұжырымын осылай деп пайымдаған.

Жеке тұлғаның ерекшелігі дегеніміз ол өзіне тән мінез – құлқындағы, іс әрекетіндегі, көзқарасындағы ерекшелігімен дараланулы-деп көрсетеді профессор С.Қалиев.

Жеке тұлғаның жан-жүйесі мен сана сезімінің дамуы, айналасы мен қоғамдық өмірге тәуелді. Осындай жағдайда оның дүниетанымы мен сенімі, арманы мен талғамы, кісілігі қалыптасады. Адам тұлға, кісі болуы үшін өзін сүю, жақындарын сүюмен шектелмей жалпы адамзатты сүю шарт. Олай болса қазақ халықының қонақжайлылығы, бауырмалдығы, кісілігі, шыншылдығы, адалдығы, сертке берікігі т.б. сапалық қасиеттері тұлға қалыптасуына ұлттық тәлім-тәрбие неігіз болады.

Ұлттық тәлім-тәрбиеге көп көңіл бөлген педагог М.Жұмабаевтың артына қалдырған тәлім-тәрбиелік мұраларының негізгі тақырыптарының бірі де – бала тәрбиесі мен тұлға мәселесі. Осыған орай, педагог «түзу адам», «жетілген адам»

туралы айта келіп, бұл оның пішін-келбетінен, жүріс-тұрысынан, нақты ісінен байқалады, бұл айтылғандар тұлғаның қандай мінезді екенін білуге мүмкіндік береді. Таза жүректі, халқын сүйген, ел мұқтажын ойлайтын, әділет пен адалдықты жақтаған адам ғана тұлға бола алады. Тұлға – сан қырлы, мазмұны да, табиғаты да күрделі, құпиясы мол әлеуметтік ұғым. Адам өсу, дамып жетілу үдерісінде біртіндеп тұлға, кісі деген атқа ие болады - деп тұжырымдаған [4, 58 б.].

Педагог, психолог-ғалым Ж.Аймауытұлы тәлім-тәрбие саласында адам тек қана белгілі бір әлеуметтік топтың өкілі ғана емес, ең алдымен – тұлға. Тұлға – қоғамда өзінің орны бар, ерекше қасиет иесі. Оның ұлттық тәлім-тәрбие ісін дұрыс, тиімді ұйымдастыру мен шешуде жеке тұлғаны қалыптастырудағы зор маңызы бар екенін айтады [3, 35 б.].

Бұдан шығатын қорытынды, жоғарыда біз тоқталған ұлы ғұламалардың мұраларын балалар үйі тәрбиеленушілерінің тұлғасын қалыптастыруда, олардың бойына адами ізгілік қасиеттер мен еңбекті сүюге, білімге қызығушылыққа тәрбиелеуде басшылыққа алуға болады деп түсінеміз.

Жеке тұлға белгілі бір ұлт өкілі болғандықтан, оның кейбір генетикалық, әлеуметтік негіздерін халық педагогикасы мен ұлттық психология қарастырады.

Балалар үйі тәрбиеленушілерінің психологиялық даму ерекшеліктері туралы А.М. Прихожан, Н.Н. Толстыхтың «Дети без семьи» атты еңбегінде: «Көптеген елдерде жүргізілген зерттеулердің нәтижесі көрсеткендей отбасынсыз өскен балалардың дамуы, оның ішінде баланың мінез-құлық дағдылары, жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуы отбасында өскен балаларға қарағанда ерекшеленіп тұрады. Басқаша айтқанда, олардың дамуы төмен немесе жоғары емес, жәй балаға қарағанда олар өзгешелеу» - деп тұжырымдаған. Олай болса адамның жеке тұлға болып қалыптасуына әсер ететін тәлім-тәрбие саласы – халық педагогикасы. Халық педагогикасы – көп арналы, қыр-сыры мол, күрделі ғылым. Халық педагогикасы – тәрбиенің бастауы және қайнар бұлағы. Ол – тәрбие жөніндегі халықтың білімі мен тәжірибесі. Халық педагогикасы, егер тәрбие туралы халық түсінігін ескермесе, өзінің бүкіл сан ғасырлық тарихында жинақталған педагогикалық тәжірибесін зерттемесе, жеке тұлғаны қалыптастырудың міндетін шеше алмаған болар еді.

Қазақстан Республикасы бойынша халық педагогикасының мақсатын, мазмұнын, әдіснамалық негізін ашуда үлес қосқан көрнекті ғалымдар З.Әбілова, Ш.Әлібеков, С.Ғаббасов, Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, К.Қожахметова, А.Мұхамбаева, Н.Сәрсенбаев, Ә.Табылдиев, С.Ұзақбаева және т.б. еңбектерінде кеңінен қарастырылады.

Н.Сәрсенбаев педагогикалық теорияны толықтыра түседі, халықтың ауызекі шығармашылық туындылары: ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, халықтың қанатты сөздері, мақал-мәтелдер рөлін және олардың педагогикалық мазмұнын халық педагогикасының құралы ретінде баяндайды. Сондай-ақ, еңбектерінде қазақтың халық педагогикасының қазіргі тәрбиені ұйымдастырудағы практикалық маңызы қарастырылады. Ол халық педагогикасы құралдарын отбасы тәрбиесінде пайдалану түрлеріне және осы мәселедегі отбасы дәстүрлерінің алатын орнына жан-жақты сипаттама берген. Талдау жасалған жоғарыдағы зерттеулерде «халық педагогикасы» ұғымы негізінде халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, ойындары, отбасы тәрбиесінің тәжірибелерін мектептегі оқыту мен тәрбие жұмысының барысында қолдану ұсынылады.

Ресей ғалымы К.К. Платонов: «Жеке тұлға – ол өзінің барлық дербес өзгешеліктерімен бірге тірі организм түріндегі нақты адам. Тұлға – адам ретінде сананың иесі. Бұл жағдайда сана – іс-әрекет арқылы адам психикасының белсенді компоненттері. Жеке тұлғаны қалыптастыру – оны мақсатты бағытқа өзгерту. Жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуының өзгеріп отыруына негізінен ұжымдағы оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде мұғалімнің жеке тұлғасы мен ұйымдағы ұжым әсер етеді.

Осыған байланысты жеке тұлға бойындағы психикалық процестер мен мінез-құлық, адамгершілік қасиеттердің барлығы да тәрбие үдерісінде қалыптасады» – деп анықтама береді.

Эксперимент барысында тәрбиеленушілердің халық педагогикасы туралы білімін, дағдыларын анықтау мақсатында сабақтан тыс уақыттарда жұмыстар жүргізілді. Осы мақсатты жүзеге асыруда халық ауыз әдебиеті үлгілері, бейнефильм, тарихи деректер, ұлттық құндылықтар, әсерлі күйлер мен көркемделген әпсана әңгімелер, тәрбиесі мол өмірден алынған мысалдар, түзету барысында құрылған психологиялық коррекциялық жаттығулар, дидактикалық материалдар, қойылатын сұрақтар, педагогикалық жағдаяттар, ұлттық ойындар әзірленді. Қалыптастыру экспериментінде балалар үйі тәрбиеленушілеріне арналған сахналық қойылымдар, жанрларды сомдау, ата-баба дәстүрлерін дәріптеуге,салтымызды терең түсінуге шақыратын материалдарды жасаудағы негізгі мақсатымыз – тәрбиеленушілердің біз ұсынған бағдарлама деңгейінде жас ерекшелігіне сәйкес жеке тұлғалық білім-білік дағдыларын, мәдени мінез-құлық әрекетін қалыптастыру болып табылады.

Эксперимент барысында халық педагогикасы негізінде тәрбиеленушілердің тұлғасын қалыптастыруда балалар үйіндегі оқу-тәрбие үдерісін және олардың күнделікті өмірін дұрыс ұйымдастыруға баса назар аударылып,педагогикалық іс-әрекеттерде қолданған әдіс-тәсілдердің тиімділігі анықталынып келеді.Сөйлеу тілі,дербес іс-әрекет жасау дағдылары мен оған қызығушылықтарының жоғарылағаны, сабақ, еңбек, ойын әрекеттерінде қолдана білу білімі мен дағдысының экспериментке дейінгі деңгейін анықтау тәжірибесі жүргізілді.

Қазақ халқы еңбекті бүкіл тәрбие жүйесінің күретамыры деп қарастырды. Еңбекке асыл мұрат деңгейінде қарады. Еңбек тәрбиесі деп баланы еңбекке сүйіспеншілікпен, еңбек адамдарына құрметпен қарауға, халық шаруашылығының салаларындағы еңбек түрлеріне баулу, еңбек іс – әрекетінің барысында олардың дағдысы мен іскерлігін қалыптастыру, болашаққа мамандық таңдауға дайындауды түсінді. Еңбекке тәрбиелеу, баулу мен кәсіптік бағдар беру баланың қоғамға пайдалы, өнімді еңбекке тікелей қатысуы оқуға деген сапалы көзқарасты тәрбиелеудің, жеке адамды адамгершілік және зиялылық жағынан қалыптастырудың негізгі көзі болып табылады. Қазақ халқы баланы қоғамның моральдық нормасын орындауға қатыстыру, олардың тәртіп және мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыру, Отанға, халқына, еңбек және қоғамдық іс-әрекетке жауапкершілік сезімін тәрбиелеу арқылы адамгершілікке тәрбиелеуді көздейді.Сондықтан қалыптастыру экспериментінде халық педагогикасы негізінде балалар үйі тәрбиеленушілерінің тұлғалық сапасын қалыптастыру атты факультативтік сабақ бағдарламасы құрылды. Бағдарлама 4 модулден тұрады. Қазіргі уақытта 3 модул тақырыптары түгелімен қамтылды. Бірінші модул: «Ақылды бала - арлы бала»,Екінші модул «Рухани құндылықтар», Үшінші модул: «Жақсыдан үйрен жаманнан жирен», Төртінші модул: «Тәрбие жолы өрілер өлеңменен». Әрбір модул бірнеше тақырыптарды қамтыды. Онда қазақ халқының тәлім-тәрбиесі даналық тағылымдары қамтылды. «Ақылды бала - арлы бала» модулінде адам зиялылығының негізі –ақыл-ой тәрбиесі арқылы баланы ойлау іс-әрекетінің шарты болатын білім қорымен қаруландыру, негізі ойлау операцияларын меңгерту, зиялылық біліктері мен дүниетанымын қалыптастыру міндеттері шешілді. Қазақ халқының тәрбиесінің басқа да салаларымен тығыз байланысы экономикалық тәрбиеге, қарым-қатынас тәрбиесі, жарасымды өмір, тазалық – өмір кепілі, әдептілік тақырыптарында есерсоқ болса-ұл жаман, есуас болса – қыз жаман, татымсыз болса-тұз жаман, ерімесе-мұз жаман, асу бермес-құз жаман, табаннан өткен-сыз жаман...шер тарқатпас-күй жаман, сөзді ұқпас-ми жаман... т.б осы сияқты би шешендеріміздің терме ақыл ойлары берілді. Ал рухани құндылықтар модулінде мақал, өсиет айту, өнеге көрсету арқылы рухани құндылықтар бала бойында өрілді. Мысалы, келесі тақырыптар «Еңбегі қаттының ембегі тәтті», «Еңбек- өмірдің тұтқасы, тіршіліктің көзі», «Еңбек – түбі береке»,

«Үнемшілдік-сараңдық емес», «Ескі киімді баптағаның, жаңа киімді сақтағаның», «Сараң дүниенің малын жыйса да тоймайды»т.б. Бұл ата-бабамыздың тәрбие негіздері арқылы бала бойында бірнеше рухани құндылықтар: ақыл, өнер, білімге құштарлық оятуға негізделді.

Қазақ халқы ежелден ұл бала мен қыз баланың тәрбиесін бөліп қараған. Ұлды мал бағуға, отын шабуға, қолөнер шеберлігіне, мал табуға, отбасын асырауға, ал қыз баланы ас пісіруге, кесте тігуге, өрмек тоқу сияқты үй ішінің ішкі жұмыстарына үйрету арқылы экономикалық тәрбиенің көзі болып табылатын үнемшілдікке, тәуекелшілдікке үндеп, сараңдыққа салынып кетуден жирендіріп отырған. Осыған орай құрастырған үшінші модулде «Жақсыдан үйрен жаманнан жирен» қазақ халқының күнделікті кәсібінде, тұрмыс- тіршілігінде төрт-түлік мал бағу, аң аулап кәсіп етуді ұйымдастыруында «Мал өсірсең – қой өсір, өнімі оның көл-көсір» деп қой малының пайдасының зор екенін ұғындырса, ешкінің өсімталдығымен оның да пайдасы көп екендігін: «Есің кетсе ешкі жи, ешкі жи да, есіңді жи» деп нақты ұғымдардың мәнін түсіндіру арқылы еңбекке баулу, тәрбиелілікке жол салу, кеңестер беруге арналды. Ал төртінші бөлімде Абай Құнынбаевтың қырық бес қара сөздерінен алынған келесі ой тұжырымдамалары қамтылды.

Адамның ең маңызды қасиеті ол өзін-өзі өзгерту мен қоршаған ортаға бейімделу дейтін болсақ, бұл жөнінде Абай философиялық терең ойларында тұлға оның санасы, өзіндік түйсігі жайлы ойларға тоқтала келіп, «…адамның ойлары мен рухы ешқашан өлмейді,тек қана олардың қалыптасу формалары әр түрлі болады» [7.312б] - деп өз өлеңдерінде келтіріп отырады.

Ұлы Абай адам проблемасына, оның табиғи және әлеуметтік жақтарының арақатынасын, адамгершілік, кемелдену, гуманизм идеяларын өзгеше пайымдайтын сананы тудырды. Ұлы ғұламаның жарық дүниеге келген адам баласының маңдайына жазылған тағдыры жайлы, оның дүниеден алатын орны мен рөлі жайлы философиялық пайымдауға, сан қилы да күрделі адам болмысын жан-жақты әлеуметтік қарым – қатынасы адамдарды түзу жолға түсіреді-деп тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарына адамның адами қасиетінің дамуын негізге алып, келер ұрпаққа бір сөзбен «Адам бол!» – деген ойларынан нағыз адам болу үшін тек қана өзіңді тану арқылы сыртқы мәдениетке, тілге дінге мән бере отырып дамуға сол арқылы адамгершіліктің негізгі принциптері- қайырымдылық, биік талғам, шындық, әділдік негіздерін қабылдауға итермелейді немесе «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның өзінің замандастарының бәрі кінәлі» деп рухани-адамгершілік құндылықтың келесі жағы қарым-қатынас құндылығын суреттесе, өзінің отыз жетінші сөзінде: «Мен заң қуаты қолымда бар кісі болсам, «адам мінезін түзеп болмайды» деген кісінің тілін кесер едім немесе «Адам баласы бір-бірінен ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады –деп келесі рухани-адамгершілік құндылықтарына мәдени-этикалық құндылықтардың мәнін ашып көрсетеді». Тағы бір сөзінде Абай шынайы байлық бұл адамдардың бір-бірін және өзін терең түсініп, өзара түсіністік қалыптасқанда ғана адамдар үйлесімді тіршілік құрып, дами бастайды – деп адам бойындағы ең жоғары қалыптасқан құндылықтар бұл олардың ішкі рухани дүниесінің байлығы мен асыл қасиеттерін көрсете білу екендігін дәлелдеп береді [7].

Олай болса бүгінгі күні тарихтың әрбір тасын қалайтын келешек ұрпағымыздың жаман қасеиттерден ада болып, бойындағы ең жоғары құндылық рухани-адамгершілік екенін ұғына отырып, өз алдарын асол құндылықтарды өркендетіп дамытуды мақса тетіп қоя білу бүгінгі күннің өзегіне айналып отыр.

Бұл зерттеуіміздің де өзектілігі сонда, өзін білу, өз қасиетін тауып алу тәрбиленушілердің өзін-өзі бақылауы, өзіне есеп бере отырып, ғасыр дертіне айналған кеселді заттар мен бойындағы келеңсіз қылықтардан арылып, өзін жаңаша тәрбиелеуге жол ашады. Бұл орайда адамның дамуына негіз болатын тұлғаның өз бойындағы рухани – адамгершілік құндылығы бұл біріншіден жеке басының

ақылдылығы, мінезі, адами қасиеттері әсер ететіндігін Абай өлеңдерінде өрнектеледі…

Ақыл, қайрат жол табар,
Қашқанға да қуғанға.
Әділет, шақпат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.
Бастапқы екеуі соңғысыз,
Біте қалса қазаққа
Алдың-жалын, артың - мұз
Барар едің қай жаққа?

Ақыл мен қайратқа ғана ие адамды әдетте «жарты адам» дейді. Себебі ол «суық ақылдың» ғана өкілі. Бойына осы ақылға қоса әділет пен шапағат біткен адам ғана «толық адам», яғни ол нұрлы ақылдың өкілі деп танылады [7, 315 б.], яғни адамгершіліктің негізгі тұтқасы адамның өз бойындағы ерекшеліктері екендігін дәлелдеді.

Абай тағылымдарында:

Адамның өзін-өзі тану арқылы адамгершілікті өрбітетін игіліктеріне:

- сезім;
- сана,
- ой;

Тыныштық қуаты – жүректе;

Келісім қуаты – қайратты, ерікті, иманды кісіде;

Адамның кісілігі: - әсерлі, әдепті, табысты өнерінде;

Адамның ең биік қасиеті-адам бола білу;

Биік құндылығы:

жан, тән, рух, мінез, әрекет, тәжірибе, білім, өнер, кәсіптік икемділік;

бостандық;

бірігу идеясы;

азаттық;

даналық;/ақыл, өнер,бедел/;

Таза өмірдің бастауы – адамгершілікті өрбітетін бұл адам бойындағы келесі қасиеттер: адамшылық, адалдық, әділеттілік, білімділік, еңбеккерлік, терең ой, кісілік, рахымдылық, махаббат, арлылық, намысқойлық, сертке беріктік,татулық, тәуекелшілдік, имандылық т.б. жатады [7].

Ал осы адамгершіліктің дамуына кері әсерін тигізетін адам бойындағы негізгі қасиеттер: арамдық, азғындық, арызқойлық, сарандық,сайқалдық,әділетсіздік, әдепсіздік, пәлеқорлық, өсекшілдік, надандық, менмендік, еріншектік, жалақорлық, залымдық, жылпостық, қанағатсыздық, жиіркеніштi мінез-құлық т.б. бөліп көрсетеді.

Абайдың рухани адамгершілікті өрбітуге байланысты осындай көрсеткіші ақыл мен білім,рухтың тазалығы әрбір адамның санасына,тәрбиесіне пайдаланса,болашақ жастарымыздың ақыл-парасаттылығымен ой тазалығы мүдделеріне сайкелетініне көз жеткізуге болады .

Ал, ата-бабаларымыздың қоршаған ортаны аялауы мен оған деген,ізгі, мейірбан қарым-қатынасын мақтанышпен айтуға тұрады. Себебі олар көшпенді өмір сүргендіктен әркез өздерін табиғаттың бір бөлігіміз деп есептеген. Жер Анаға деген құрмет пен ізет олардың санасында ғасырлар бойы қалыптасқан.

Сондықтан, экологиалық нормалардың, ережелердің қажеттілігін жастардың мінез-құлқында тәрбиелеу және экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру әрекеттері халықымыздың тәлім-тәрбиесінде бала аяғы шығып, апыл- тапыл жүре бастаған кезден-ақ қолға алынған. Мысалы, баланың тұсауын көк шөппен кесудің терең тәрбиелік мәнімен бірге тірі табиғатқа деген көзқарасын білдірген. Қазақ отбасындағы тәрбие құралдарының бірі болып есептелетін тыйым сөздердің мазмұны ата-

бабаларымыздың экологиялық тәрбиеге зор мән бергенінің дәлелі болып табылады. Мәселен «суға дәрет сындырма», «көк шөпті жұлма», «отқа түкірме» және т.с.с.

Қазақ халқы адамның сұлулық сезімдерінің тұлға өмірінде зор рөл атқаратынын жете түсінген.Әсемдікті көре, түсіне, жасай білу адамның рухани өмірін байытады және өнер деп білген. Халқымыздың сұлулық тәрбиесінің мақсаты баланы көркемдік пен сұлулықты тануға, оған баға беруге, күнделікті өмірдегі адамның жеке басының, қатынас, үй-жағдай және киім-кешек мәдениетін,сыртқы мәдениеті мен ішкі дүниесінің ұштасуының қалыптастыру және талғампаздыққа тәрбиелеуді көздейді.

Сондықтан ұсынылып отырған бұл зерттеулеріміз алдағы уақытта балалар үйі тәрбиеленушілерін оқыту мен тәрбие үдерісінде қолдану бала бойында мақсат-мұраттық құндылықтық, қажетті деңгейдегі адамшылық қадір-қасиеттер: достық-жолдастық, махаббат, сүйіспеншілік, парасаттылық, адалдық, басқаларға қадірлі болу, ішкі сенімдер мен принциптік тұғырларға, мұратқа берілгендік, т.б. қасеттерді қалыптастыруға негіз болады.

Әдебиеттер:

1. Джон Локк Опыт о человеческом разумении / Перевод с английского языка А.Н. Савина. – М , 1689. – 400 с.

2. Баласұғын Ж. Құт негізі білік / Көне түркі тілінен аударған және алғы сөзі мен түсінігін жазған А.Егеубаева. – Алматы: Мұратас, 1993. – 301 б.

3. Аймаутов Ж. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 355 б.

4. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1992. – 101 б.

5. Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. – Алматы: Қазақстан және Ғақлия ғылыми-әдеби орталығы, 1991. – 71 б.

6. Нұрғалиев Р.Н. Абай энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1995. – 520 б.

7. Савонько Е.И. Возрастные особенности соотношения ориентации на самооценку других людей // Изучение мотивов поведения детей и подростков / Под. ред. Л.В. Благонадежной. – М.: Педагогика, 1972. – 111 с.

8. Нұрекеева С.С., Нұрбеков С.Ж. Қашқарова Л.О. Өзін-өзі тану. Хрестания: 1 курс. – Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2007. – 322 б.

***

Ергалиева Г.А., Байырбек С.Б.

Формирование личности воспитанников детских домов на основе народной педагогики

В статье рассматриваются вопросы формирования личности нынешнего поколения через уважение к родному языку, старшему поколению, воспитание чувства ответственности, любви к Родине, соблюдение этики на основе традиций ,сложившихся на протяжении многих веков.

Ключевые слова: Честь, совесть, родина предков, родной язык, этика, благотворительность, ответственность.

Ergaliyeva G.A., Baiyrbek S.B.

Formation of the identity of pupils of orphanages on the basis of national pedagogy

The article about formation of identity of present generation through respecting for the mother tongue, senior generation, responsibility, love for the country, respecting for ethics on the basis of the traditions which have developed throughout many centuries.

Keywords: Honor, conscience, homeland of ancestors, mother tongue, ethics, charity, responsibility and etc.

***

УДК 372.858

Рустенов А.Р. – д.с.-х.н., профессор, ЗКГУ им. М.Утемисова
Атаева Г.Н. – магистрант, ЗКГУ им. М.Утемисова
E-mail: *nurgan_zko@mail.ru*

РОЛЕВАЯ ИГРА И ТЕАТРАЛИЗАЦИЯ КАК СРЕДСТВА УСВОЕНИЯ ЗНАНИЯ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ БИОЛОГИИ В РАЗДЕЛЕ «ЖИВОТНЫЕ»

Аннотация. *Статья представляет понятие театрализация в учебном процессе, которая понимается как основанная на ролевой игре коммуникативно-творческая деятельность учащихся, в которой на основе чувствования и переживания создается образ изучаемого объекта и результатом которой является личностное присвоение изучаемого учебного материала. Представленный материал посвящен психологическому и педагогическому обоснованию ролевой игры как основы театрализации при изучении курса биологии.*

Ключевые слова: *игра, ролевая игра, театрализация, коммуникология, интегрирование, биология.*

Современная школа нашей страны претерпевает существенные изменение в структуре и содержании образования. Целью этих изменений является обновление школы, обеспечивающее создание оптимальных условий для всестороннего развития личности с новым сознанием, с уровнем образования, отвечающим, с одной стороны, интересам, склонностям и запросам учащегося, а с другой – общекультурным нормам, общечеловеческим идеалам.

Следует отметить, что в настоящее время в теории и практике обучения биологии в средней школе сложились противоречия между социальной необходимостью обеспечения современного качества образования на основе развития творческого потенциала школьника, его познавательных и личностных возможностей и способностей и ограниченными возможностями традиционной классно-урочной системы для решения этой задачи. Необходимо искать новых путей решение трудностей. Так например о внедрение ролевой игры и театрализаций как средства усвоения знания учащихся на уроках, в частности на занятиях по биологии.

Игра как удивительное явление человеческой жизни привлекла внимание многих исследователей-педагогов [1, с. 5]. Еще до нашей эры Платон видел правильный путь жизни в игре, в пении, в танцах. Аристотель рассматривал игру как источник душевного равновесия, гармонию души тела. В XX веке игра выступает в качестве объекта пристального внимания как философская категория (Ж.П. Сартр, Х.Г. Гадамер, Й.Хёйзинга, Х.Ортегаи-Гассет). Современный философский словарь дает такое определение игры: «Игра – разновидность физической и интеллектуальной деятельности, лишенная прямой практической целесообразности и представляющая индивиду возможность самореализации, выходящей за рамки его актуальных социальных ролей» [2, с. 284-285].

Игра – одно из ключевых понятий современной культурологи и педагогики. В широкий научный обиход оно вошло в значительной степени благодаря классической работе Йохана Хёйзинги «Человек играющий» («HomoLudens», 1938).

Современный интерес к проблеме игрового элемента в педагогике обусловлен характерным для гуманитарной мысли XXIвека стремлением выявить глубинные дорефлексивные основания человеческого существования, связанные с присущим лишь человеку способом переживания реальности этого мира. Рядом авторами игра при этом трактуется:

- Как форма существования человеческой свободы(Сартр);
- Как высшая страсть, доступная в полной мере лишь элите (Ортега-и-Гассет);
- Как самоценная деятельность, вовлекающая индивида в свою орбиту как «превосходящая его действительности» (Гадамер).

Особое место в разработке западной теории игры принадлежит психологу Ж.Пиаже, который объяснял преобладание игровой деятельности у детей тем, что она помогает ребенку на начальном этапе умственного развития сбалансировать проявления поведения и мышления.

В настоящее время теоретиками и практиками игра рассматривается как феномен культуры. Так обобщая трудовряда исследователей Г.Л. Лэндретотмечает, чтоС.А. Шмаков рассматривает - как средство воспитания, - Н.П. Аникеева - самовоспитания и самопознания, О.А. Казанский - как терапевтическое средство, С.Р. Слевсон, А.С. Спиваковская - как средство обучения.

Отсюда следует, что игра – многогранное понятие, обозначающее как особый адогматичный тип миропонимания, так и совокупность определенных форм человеческой деятельности к познанию нового.

Таким образом по материалам работ выше приведенных исследователей можно игру разделит на следующие виды:

- игры – состязания (игра – Game);
- игры, основанные на имитации, подражании (игра – Play) как театрализацию жизненных процессов;
- азартные игры с вероятностным исходом (компьютерная, лотерея, рулетка, карты);
- продуктивную игру человеческого воображения;
- ролевые игры личностей.

В контексте даннойстатьиостановимся подробно образовательных учреждениях на использовании на уроках биологии ролевой игры (игры – Play).

Переходя к обсуждению ролевой игры как основы театрализации, следует отметить, что Д.Н. Узнадзе [3, с. 361] предложил отнести игру к интрогенному поведению, т.е. поведению, детерминированному внутренними факторами личности (потребностям, интересам), в отличие от экстрогенного поведения, определенного внешней необходимостью. В числе ключевых ценностей человечества современная педагогика называет радостью. Именно на получение радости направлено интрогенное, или «игровое» удовлетворение духовных потребностей, как свободная игра человеческих сил. Однако своеобразие игры в отличие от других форм интрогенного поведения в том, что «игра является генеральной формой поведения: все формы экстрогенного поведения могут составлять содержание общей игры»

Многие исследователи говорят о том, что ролевые игры особенно сильно влияют на нравственное и познавательное развитие личности учащихся. Наличие роли, двух планов самочувствия (игрового и реального), сюжета обеспечивает ролевой игре многообразные образовательные и воспитательные возможности. Так, например, Н.П. Аникеева [4, с. 6] предлагает организацию ролевых игр и в качестве игрового общения на уроках. Здесь главным становится не результат, а сам процесс игрового взаимодействия учащихся на определенные заданные задания.

В контексте данной статьи мы рассматриваем театрализацию как самостоятельный компонент школьной театральной педагогики, в основу которого положено понятие ролевой игры на уроках биологии. Проводя анализ понятия «театрализация», надо сказать, что оно является универсальным, так как охватывает многие сферы жизни. Другими словами, театрализация – это превращение чего-то в театр, придание феномену, не имеющему к театру, игровых и ролевых черт.

Основой театрализации является создание образа. В контексте нашей работы создание образа какого-либо биологического объекта. Конечной целью на этом и на

следующих уровнях использования ролевых игр выступает не просто усвоение, а личностное присвоение предметного знания и глубокого понятия биологического процесса.

Как отмечает в своей работе И.С. Якиманская [5, с. 6-7], становление разных форм образного мышления наиболее интенсивно проходит в обучении, под влиянием предметного содержаний знаний, методов овладениям ими. Будучи разновидностью умственной деятельности, образное мышление выполняет свою основную гносеологическую функцию, обеспечивающую познание наиболее существенных сторон и закономерных связей биологических объектов действительности, однако выполняет ее специфическими средствами – в форме наглядных образов.

Повыражению С.Л. Рубинштейна [6, с. 54], образкакбы «вычерпывает» из объекта все новое и главное его содержание. И поэтому образ биологического объекта всегда наполнен личностным смыслом, значимостью для субъекта. Он гораздо теснее, чем понятие, связан с чувственным отношением человека к окружающему его миру, его сопереживанием в процессе жизнедеятельности биологического объекта. Нельзя создать и удержать образ биологического объекта, а тем более долго оперировать образом, к содержанию которого субъект безразличен. Если образ биологического объекта не наполнен личным смыслом и значимостью, он исчезает, размывается, перестает существовать. Можно формально, отчужденно оперировать отдельными словами, их сочетаниями, но нельзя оперировать образами биологического объекта, безразличными для обучающегося (их произвольно актуализировать, надолго сохранять в памяти, преобразовывать).

Известно, что эмоциональные переживания связаны с физиологией нервной и гуморальных систем. По Л.С. Выготскому «переживание – единство аффекта и интеллекта», т.е. особая форма невербального знания. Синтез эмоций и смысла являет собой переживание, направленное на постижение содержания [7, с. 615-635].

Театрализация на основе ролевой игры является средством творческой коммуникации учащихся. Особенно интересным в театрализованной ролевой игре является аспект сочувствия и соучастия зрителей. Здесь мы выходим на плоскость рассмотрения становления коммуникативного театра и коммуникалогии – науки об искусстве общения.

В школьных условиях создание театра коммуникаций легко осуществить, поскольку представление может состояться не только на сцене школьного актового зала, но и в классной аудитории. В том случае зрители становятся активными участниками спектакля.

Если мы инсценируем музыкальную сказку «О чем жужжит пчела?», все зрители преображаются в «цветочную поляну». При постановке «Царевны Лягушки» класс становится тихим озером с кувшинками. При постановке «Паучьих сказок» с помощью старых волейбольных сетей класс превращается в уютный деревенский домик, углы которого были затянуты паутиной.

Конечным итогом участия ребенка в ролевых играх является воспитание самоактуализирующейся личности [8, с.111-113]. Театрализация на уроках биологии может иметь разные уровни воплощения. На наш взгляд наиболее приемлемы использование в сравнительном аспекте биологических живых объектов (таблица 1).

Таблица 1 – Уровни театрализации на уроках биологии

Традиционные формы	**Театрализация**
1.Доклад (сообщение) на заданную тему о каком-либо биологическом объекте (растении,животном,грибе,бактерии)	1.Монолог биологического объекта, начинающийся словами «Я-…» (например, Я-пиявка»).Индивидуальная работа.
2. Доклад (сообщение) на заданную тему о способах взаимоотношений между живыми организмами (симбиоз, паразитизм,нейтрализм, мутуализм и др.)	2.Диалог (например,между Раком-отшельником и Актинией или Акулой и Рыбой-Прилипалой). Работа в паре

3. Доклад (сообщение) на заданную тему о способах защиты живых организмов	3. Мизансцена (например, между Рыбой Крылаткой,Медузой Хиронекси и Кольчатым червем Глицерой) Работа в группе
4.Изучение конкретной биологической темы	4.Урок – путешествие. 5.Урок – исследование. 6. Урок – спектакль. Коллективная работа

Рассмотрим использовани етеатрализации на уроках по представленным уровням.

1. Монолог (Индивидуальная работа). Написание монолога от лица какого-либо биологического объекта особенно эффективно на уроках, на которых изучаются «несимпатичные» для учащихся представители живого мира. Наряду с изучением таких представителей, как, например, отряд Чешуекрылые (Бабочки) или класс Птиц, в минимум содержания образования заложены и гельминты, и пиявки, и другие паразиты (вши,блохи) , а также пауки,черви, моллюски и пр. Неприязненное отношение к ним является естественным для учащихся, поскольку помогает человеку избежать встречи с паразитами или ядовитыми видами в природе, а значит,сохранить свое здоровье. Но все эти живые существа – неотъемлемая часть биосферы. Исчезновение одного из компонентов «открытой, саморегулирующейся кибернетической системы» приведет к необратимым последствиям. Всякая «тварь земная» имеет право на существование, независимо от того, хочет этого Человек или нет. А значит, мы должны знать о них и уважать их право быть.

Написание монолога позволяет соединить личностный подход в образовании с «неличностными» путем интеграции предметов главной целевой ориентации: личности ученика + ЗУНов + социального заказа с использованием деятельностного подхода в обучении. Иными словами, преодолеть неприязненное отношение к данным объектам помогает осознание личностного смысла изучения их для каждого учащегося.

Рассмотрим это на примере изучения типа Кольчатые черви. Представители данного типа: дождевой червь (класс Малощетинковые), нереис, пескожил (класс Многощетинковые), пиявка медицинская (класс Пиявки) и другие – вызывают у учащихся, как правило, либо негативные реакции, либо отсутствие интереса изучения. Вместе с тем дождевой червь – хранитель плодородия, нереис, пескожил осуществляют биологическую очистку воды, пиявки – это источник гирудина – вещества, помогающего людям в борьбе с тромбофлебитом, гипертонией и пр. Учителю необходимо донести до учащихся биологические знания о кольчатых червях, их значении в природе и жизни человека. Соответственно, необходимо выделить личностный смысл этих живых организмов для каждого учащегося. Добиться этого можно с помощью:

1) Правильно организованной работы и информации;
2) «Вчуствования» (написания монолога, начинающегося, например, словами «Я – пиявка, спаситель человечества» или «Я – дождевой червь, хранитель плодородия»).

2. Диалог (работа в паре).Эта форма работы является следующей ступенью использования ролевых игр на уроках. Исполнение диалога особенно эффективно помогает:

- Запомнить учащимся различные способы взаимоотношений между живыми организмами: симбиоз, паразитизм, нейтрализм, хищничество, комменсализм, мутуализми др. Например, диалог междуРаком – отшельником и АктиниейилиАкулой и Рыбой – Прилипалой;
- Провести сравнительный анализ особенностей строения, местобитания, образа жизни представителей одного типа (класса, отряда). Например, между дождевым червем и пиявкой или лягушкой и жабой и др.

3. Мизансцена (работа в малойгруппе). На этом уровне увеличивается количество действующих лиц. Выступление группы может сделать более доступной информацию, например, о способах защиты живых организмов, как в мизансцене между Рыбой Крылаткой, Медузой Хиронекс и Кольчатым червем Глицерой в водевиле «Экология и мифы… коралловые рифы!». Готовит к уроку-спектаклю.

4. Урок-путешествие (коллективная работа). На этом уровне предполагается изучение конкретной биологической темы. В работу вовлечено большое количество учащихся. Театрализация на этом уровне состоит в моделировании воображаемого путешествия (например, в мир водорослей). Каждый участник играет роль какого-либо реального исторического лица (Христофора Колумба), вымышленного сказочного персонажа (Доктора Айболита) либо человека определенной профессии (моряка, повара, эколога, космонавта). Такому уроку всегда предшествует подготовительный этап. Учащимся предлагается подготовить сообщения на заданную тему от первого лица. Перед уроком учитель отбирает самые интересные сообщения и выстраивает сюжетную линию урока.

5. Урок-исследование (коллективная работа). Как правило, эти уроки включают внепрограммный материал и приводятся во вне учебное время как внеклассная работа. На этом уровне происходит гармоничное сочетание групповой работы и театрализации. Для решения какой-либо проблемы, определенной учителем в начале урока, класс разбивается на группы специалистов: Экологи, Художники, Мифологи, Биологи и т.п. Работая с информацией, каждая группа решает часть проблемы, и в конце урока после выступления представителей каждой группы ребята приходят к общему мнению.

6. Урок-спектакль (коллективная работа). На этом высшем уровне ролевых игр именно театр как вид искусства, художественно осваивающий мир через драматическое действие, осуществляемое актерами на глазах зрителей, заявляет о себе во весь голос. Театр – это коллективное творчество.

Написание сценария должно подчиняться всем законам театрального жанра. Это пьеса, в которой должно быть соблюдено триединство, раскрывающее формулу рождения образа (таблица 2).

Таблица 2 – Принципы построение пьесы и шоу-драмы

Исходное	**На примере шоу – драмы «Ползет амеба по субстрату»**
1. Главный герой (герои) – персонаж, появляющийся на сцене	1. Инфузория-туфелька (и Амеба обыкновенная)
2. Воображаемая плоскость – место действия героя	2. Пресноводный водоем
3. Сама жизнь этих персонажей. «Жизнь человеческого духа» по К.С. Станиславскому	3. Драма – украли туфельку

Следует отметить, что формула драматического преображения связана с законами драматического действия. Если рассмотреть разницу между понятиями «преображение» и «перевоплощение», то первое гораздо более точно отражает суть ролевой игры. Если «перевоплощение» = актер + роль, то «преображение» = информация + зрительный зал = сочувствие, соучастие = зрительные переживания = катарсис (очищение) [9, с. 24].

Как правило, если использованы все предыдущие уровни ролевых игр (монологи, диалоги, мизансцены), то написание сценария не представляет большого труда для учителя (или одаренного учащегося).

Основная методическая задача, которая ставится перед постановкой спектакля, - предотвратить угасание интереса подростков к биологическим объектам (в силу

перегруженности фактическими данными по ботанике, зоологии и т.п.), определить те условия, которые побуждали бы их творческое развитие на познания.

Обязательным условием при постановке спектакля является участие каждого учащегося данного класса. Все дети талантливы, просто не все учителя об этом знают. Если кто-то из учеников еще не раскрыл в себе актерские способности, то он может помочь в записи музыки или просто открывать и закрывать занавес, если спектакль предполагается поставить на школьной сцене.

Введение вокальных и танцевальных номеров значительно оживляет сценическое действие. Желательно использовать грим и костюмы, поскольку театр есть театр.

Следует отметить, что психологическое влияние театрализации проявляется в интеллектуальном росте обучаемых. Педагогически и психологически продуманное ее применение на занятии обеспечивает развитие потребности в мыслительной деятельности. А это ведет к интеллектуальной активности, умственной и познавательной деятельности инициативности учащихся.

Благодаря театрализации возрастает потребность в творческой деятельности, в поиске возможных путей и средств актуализации накопленных знаний, навыков, умений. Ролевая игра развивает память и воображение, оказывает влияние на развитие эмоционально-волевой стороны личности, учит управлять своими эмоциями, организовывать свою деятельность. Она способна изменить отношение учащихся к тому или иному явлению, факту, проблеме. Театрализация как основа ролевой игры является психотерапевтическим приемом в работе с детьми девиантного поведения и детьми –интровертам [10, с. 227-233].

Использование ролевых игр и театрализации в учебном процессе по биологии положительно сказывается и на преподавателе. Они способствуют его развитию как личности и как специалиста, заставляя постоянно работать над собой, совершенствовать педагогическое мастерство.

Применение игр позволяет решить и другую, не менее важную задачу, связанную с необходимостью компенсации информационной перегрузки, с организацией психологического и физиологического отдыха учащихся.

С целью определения эффективности разработанной методики разработки и использования личностно – значимых проблемных ситуаций на уроках биологии раздел «Животные» на завершающем этапе исследования была осуществлена проверка результатов формирующего эксперимента, их оценка и интерпретация. В заключительном этапе педагогического эксперимента участвовали учащиеся СОШ № 40 г. Уральска. В завершающем этапе участвовало 39 учащихся, из которых 20 человек составляли контрольную группу и 19 человек - экспериментальную группу в последствии – КГ и ЭГ. Впоследствии для учащихся ЭГ был проведен эксперимент по внедрению разработанной нами методики, а обучение КГ продолжилось с использованием элементов обучения в неизмененном виде. В общеобразовательном учреждении одним из основных критериев успешности образовательного процесса является успеваемость учащихся. После применения экспериментальной методики повышении качества знаний по биологии раздел «Животные» у школьников ЭГ в течение учебного года качество успеваемости повышалось, в сравнении с учащимися КГ, у которых качество успеваемости то незначительно повышалось, то резко снижалось. Графики (рисунок 1) показывает качество успеваемости учащихся контрольной и экспериментальной групп в течение учебного года.



Рисунок 1 – Результаты качества успеваемости учащихся по четвертям

Целю данного исследования является оценивание знаний, умений, способностей школьников разного возраста к исследовательской деятельности, а также обладания ими знаний и умений, необходимых для полноценного функционирования в обществе.

Таким образом, ролевые игры и театрализация на уроках биологии содействуют присвоению научного знания и повышению и познавательного интереса и учебной мотивации учащихся, поскольку на этой основе разные виды деятельности (общественная, художественная, игровая, предметно-практическая) помогают выявить потенциальные возможности школьника, удовлетворить его интересы, запросы, всесторонне развивать гармоничную личность. При этом достается и главная цель - глубокое усвоения предмета «Биологии».

Литература:

1. *Лэндрет Г.Л. Игровая терапия: искусство отношений / Пер с англ. – М.,1994. – 568 с.*
2. *Философский энциклопедический словарь. – М., 2003. – 576 с.*
3. *Узнадзе Д.Н. Психологические исследования. – М , 1966. – 424 с.*
4. *Аникеева Н.П. Воспитание игрой: Книга для учителя. – М., 1987. – 144 с.*
5. *Возрастные и индивидуальные особенности образного мышления учащихся / Под ред. И.С. Якиманской. – М ,1989. – 223 с.*
6. *Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии: В 2 т. Т. 1. – М , 1989. – 322 с.*
7. *Выготский Л.С. Эмоции и их развитие в детском возрасте // Психология развития человека. – М., 2003. – С. 615-635.*
8. *Маслоу А.Г. Дальние пределы человеческой психики. – СПб, 1999. – 432 с.*
9. *Проблемы театральной практики и педагогики // Сборник научных трудов / Отв. ред. О.Г. Петрова. – М., 2006. – С. 24.*
10. *Смелова В.Г. Музыка, искусство, движение и драма в биологии» как психотерапевтический прием в работе с детьми отклоняющего поведения // Материалы региональной научно-практической конференции «Развитие системы специального образования: проблемы и перспективы». – Калуга, 2008. – С. 227-233.*

***

Рустенов А.Р., Атаева Г.Н.

Биологиядан «Жануарлар» бөлімі бойынша білім алушылардың білімін рөлдік ойын және театрализация арқылы меңгерту

Мақала биология курсын оқытуда білім алушылардың коммуникативтік және шығармашылық белсенділігін арттыру үшін оқу процесінде рөлдік ойын және театрализацияға негізделген.

Тірек сөздер: Ойын, рөлдік ойын, театрализация,коммуникология, интеграция, биология.

Rustenov A.R., Atayeva G.N.

Role-playing game and theatricality as a means mastering of knowledge of pupils at
Biology class in category «Animals»

The article presents the concept of theatricality in the learning process, which is understood as a communicative and creative activity of students, in which on the basis of feelings and experiences based on the role-playing game created image of the object being studied and the result of which is a personal appropriation of the studied academic material.

Keywords: game, role-playing game, theatricality, communicology, integration, biology.

***

ӘОЖ 37.011.31

Сламбекова Т.С. – п.ғ.к., профессор м.а.,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
E-mail: *tolkyn_1969@mail.ru*

ҒЫЛЫМИ АЙНАЛЫМДАҒЫ «КОМПЕТЕНЦИЯ», «ҚҰЗІРЕТТІЛІК» ЖӘНЕ «ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ»

Аңдатпа. *Мақалада ғылыми айналымдағы «компетенция», «құзіреттілік», «кәсіби құзіреттілік», «педагогтың кәсіби құзіреттілігі» ұғымдарының өзара байланысы, әрқайсысының белгілері, құрылымы, мазмұндық ерекшеліктері қарастырылған. Білім беру кеңістігіндегі құзіреттілік бағдардың өзектілігі мазмұндалған, педагогтың кәсіби құзіреттілігінің түрлері берілген.*

Тірек сөздер: *Компетенция, құзіреттілік, кәсіби құзіреттілік, түйінді компетенция, пәндік компетенция, білімділік, іскерлік, дағды, білім нәтижесі, кәсіби сапалар, қабілеттілік.*

«Компетенция» мен «құзіреттілік» ұғымдарының өзара байланысы неде? «Компетенция» мен құзіреттіліктің қандай түрлері бар? Құзіреттілік бағдарының білім беру процесіне енуінің қаншалықты қажеттілігі бар? Оның дәстүрлі білім, іскерлік, дағды бағдарына қарағанда ерекшелігі неде? сауалдары бүгінде теоретиктердің де, практиктердің де көкейінде жүрген орынды сауалдар. Бір қарағанда бұл сауалдарға жауап дайын сияқты, ал мәселеге терең бойласақ оның әлде де шешімін таппаған қырларының баршылығына байқаймыз.

Бүгінде педагогтың кәсіби құзіреттілігіне арналған еңбектер жеткілікті болғанымен, әлде де «қомпетенция», «құзіреттілік», «кәсіби құзіреттілік» ұғымдарының ара-жігін ажырату мен олардың бір-бірімен байланысы нақтылауды қажет етеді. Және «компетенция», «құзіреттілік» түсініктері қалыптасуын тарихи аспектіден талдау құзіреттілік бағдардың әдіснамалық мәнін ашуға көмектеспек.

Кейбір зерттеушілердің пікірінше, «компетенция» мен «құзіреттілік» 1958 жылдан бастап қолданысқа енген. Компетенцияны кең көлемде зерттеу 1957 жылдың қазан айындағы КСРО – да жасанды жер спутнигінің ұшырылуымен және соңында АҚШ-тағы білім беру жүйесінің сынға алынумен байланысты болған. Осы кезеңде КСРО мен АҚШ-тағы білім беру мазмұнын салыстырған мақалалар жарық көрген. Педагогика ғылымы қабылдаған «компетенция» мен «құзіреттілік» түсініктерінің пайда болуын осы кезеңге жатқызуға болады.

Кейбір зерттеушілер қатарының пікірінше, көбінекей компетенция мәселесін зерттеу экономикадағы, білім берудегі, мәдениеттегі дағдарыспен сәйкес келген.Құзіреттіліктің қалыптасуын зерттеуде М.В. Киргинцев, В.А. Козырев, Н.Ф. Радионова, А.П. Тряпицына, Ю.Н. Емельянов, Н.В. Яковлева, Н.С. Розов, И.П. Лотова, F.Burg, B. Dahme, U.Kohc, I.Borg, M.Muller, T.Staufenbiel, M.Perlmutter, M.Kaplan, L.Nyquist, Дж.Равен және т.б. еңбектері маңызды [1, 18-23 бб.].

«Компетенция» мен «құзіреттіліктің» өзара байланысы В.И. Блинов, Н.А. Банько, О.М. Мутовкина, Н.О. Епихина, И.А. Зимняя, А.В. Хуторской және т.б. еңбектерінде мазмұндалған [2; 3; 4]. Компетенция мен кәсіби құзіреттіліктің өзара байланысы М.А. Бочарникова, Э.Зеер, Г.К. Селевко, Э.Сыманюк, Е.В. Григорьева, О.В. Акулова, С.Е. Шишов, Н.А. Войнова, А.Ф. Присяжная, О.М. Карпенко, А.Н. Дахин, Е.В. Бондаревская, О.А. Козырева, М.В. Алексеев, Т.Н. Пильщикова, Л.Н. Нугуманова және т.б. еңбектерінде қарастырылған [1; 5; 6]. Мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру мен оның компоненттері әр түрлі аспектіде Е.И. Мычко, Н.Т. Волков, Э.Ф. Зеер, Н.В. Кузьмина, А.К. Маркова, С.В. Кондратьева, В.А. Кан-Калик, Л.М. Митина, М.А. Чошанов, Е.В. Трифонов, И.С. Якиманская, Н.В. Андронова, О.С. Гришечко, В.М. Мындыкану, М.Н. Карапетова, Л.Г. Антропова, И.Р. Алтунина, Ю.А. Конев, Л.А. Петровский және т.б. еңбектерінде қарастырылған [5; 7; 8; 9].

Кәсіби құзіреттіліктің сипаттамасы, құрылымы, қалыптасу критерийлері И.А. Зимняя, Ю.Г. Татур, В.Н. Введенский, Н.В. Кузьмина, Л.Ю. Кривцов, Л.А. Муравьева, Х.Ш. Гайнутдинов зерттеулерінде қарастырылған [3; 7; 8; 10].

Қазақстанда кәсіби құзіреттілікті қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілерін Н.Д. Хмель, Ш.Т. Таубаева, С.Т. Каргин, Ш.Х. Құрманалина, Б.Т. Кенжебеков, Г.Ж. Меңлібекова, Б.Қасқатаева, М.В. Семенова, С.И. Ферхо, Б.Баймұханов, С.Е. Шәкілікова, М.Ә. Құдайқұлов, А.Е. Әбілкасымова, Ж.А. Қараев және т.б. ғалымдар зерттеген [11; 12; 13].

Кәсіби даярлықтың құрамдас бөлігі ретінде болашақ педагогтардың даярлығын қалыптастыру мәселесі көптеген ғалымдардың зерттеулеріне негіз болған. ҚР бұл бағытта Қ.А. Аймағанбетованың, С.Рахметованың, Б.А. Тұрғынбаеваның, Ш.Х. Құрманалинаның, Т.Қ. Оспановтың, Б.М. Қосановтың, Ж.Т. Қайыңбаевтың еңбектерін атауға болады [14].

Ғылыми айналымда «компетенция» ұғымы әр түрлі аспектіде қарастырылған:

- меңгерілген білімге дағдыға және тәжірибеге негізделе отырып білім беру үдерісінің нәтижесі ретінде қарастырылуы (О.В. Акулова, Е.С. Заир-Бек, С.А. Писарева, Е.В. Пискунова, Н.Ф. Радионова, А.П. Тряпицына, В.И. Байденко, С.Е. Шишов, И.Г. Агапов, Г.К. Селевко, О.М. Карпенко, А.Н. Дахин, Н.А. Войнова, А.Ф. Присяжная және т.б.);
- меңгерілген білімнің, іскерліктің, дағдының, тұлғалық сапалармен және практикалық іс-әрекеттегі тәжірибемен байланыстылығы (Е.В. Григорьева, Э.Зеер, Э.Сыманюк, О.А. Козырева, В.М. Полонский, Е.В. Бондаревская, С.В. Кульневич, Л.Н.Нугуманова және т.б.);
- Білім мен сауалдар (сұрақтар) аумағын меңгеру (Т.Н. Пильщиков, М.В. Алексеев, С.И. Ожегов, Н.Ю. Шведова және т.б.), әр түрлі ситуацияларда меңгерілген білімді тиімді қолдану іскерлігі, өздігінен білімді меңгеру, алынған мәліметті талдай білу, көптеген педагогикалық міндеттерді бөліп алу, анализдеу және оның шешімін таба білу [1; 4].

Компетенцияны, оның қалыптасуын, Еуропаның алдында тұрған талаптарға (демократиялық ашық қоғамды сақтау, мультилингвизм, еңбек нарығындағы жаңа талаптар, кешенді ұйымдардың дамуы, экономикалық өзгерістер және т.б.) жауап ретінде Г.Халаж (G.Halasz) қарастырған. В.Хутхамер өзінің баяндамасында Еуропа Кеңесінде қабылданған «жас еуропалықтар білуге тиісті» 5 (бес) негізгі компетенцияларға тоқталады: саяси және әлеуметтік компетенция, жауапкершілікті қабылдауға қабілеттілік, топ болып шешім қабылдауға қатысу, кикілжінді күштеусіз шешу, демократиялық институттарды қолдауға және дамытуға қатысу; көпмәдениетті қоғамдағы өмірмен (тіршілікпен) байланысты компетенциялар; әлеуметтік тіршілік пен қызметке өте қажетті ауызша және жазбаша коммуникацияны игеруге байланысты компетенция; қоғамдағы ақпараттандырылудың күшеюіне байланысты компетенция; өмір бойы білім алуға, оқуға қабілеттілік.

А.В. Хуторской «құзіреттілік» түсінігінің жалпыдидактикалық, жалпыпедагогикалық және әдіснамалық деңгейге көтеріле бастағанына тоқталған. Құзіреттілік мәселесіне, атап айтқанда түсінікке ғалымдар назарының аударылуы Еуропа кеңесінің білім беруді жаңарту туралы ұсынысына байланысты болды.

А.В. Хуторской жекелей құрылым ретінде білім беру компетенциясын бөліп алады. Білім беру компетенциясын білім алушының шынайы объектілеріне қатысты тұлғалық және әлеуметтік-маңызды да нәтижелі әрекетті атқаруға қажетті бір-бірімен байланысты мағыналық бағдардың, білімнің, іскерліктің, дағдысы мен іс-әрекет тәжірибесінің бірлігі ретінде түсіндірген. Ғалым пікірінше, «компетенцияны», «білім беру компетенциясынан» ажырату қажет [4].

Білім беру мазмұнын жалпыметапәндік (барлық пәндерге арналған), пәнаралық, пәндік деп бөле отырып А.В. Хуторской компетенцияның 3 деңгейлік даму иерархиясын ұсынады:

- Түйінді – білім берудің жалпы мазмұнына қатысты (метапәндік);
- Жалпыпәндік – белгілі бір оқу пәндері шеңберіне немесе білім беру аймақтарына жатады;
- Пәндік – компетенцияның алғашқы екі деңгейіне байланысты, нақты оқу пәні деңгейінде жүзеге асырылады [4].

Алғаш рет «түйінді компетенция» түсінігі ресми деңгейде Еуропа кеңесінің «Еуропадағы орта білім беру» жобасында 1992 жылы талқыланған [15].

Еуропалық кеңесте қабылданған *түйінді құзіреттілік* құрамына: өмір бойы білім алуға қабілеттілік, саяси және әлеуметтік компетенциялар, ауызша және жазбаша (соның ішінде бірнеше тілде) қарым-қатынасты меңгеру, жаңа технологияларды және ақпараттарды өңдеу тәсілдерін меңгеру кіреді.

Компетенция – субъектінің қойылған мақсатына жету мен сыртқы ресурстарын тиімді ұйымдастыруға дайындығын білдіретін білім нәтижесі, ол адамның мінез-құлқында, іс-әрекетінде көріне отырып оның жеке тұлғалық сапалары мен қасиеттеріне айналады. Барлық компетенциялар жинақтала келе *құзіреттілікке* айналады. Құзіреттілік әлеуметтік болып табылады, өйткені ол социумда ғана қалыптасады.

Кембридждік емтихандық Синдикат *компетенцияның* келесідей құрамын ұсынады: коммуникация, сандармен операция жасау, ақпараттық технологиялар, адамдармен жұмыс, проблеманы шешу.

«Компетенция» ұғымы білімділік аймағына емес, білік аймағына жатады. Компетенция оқудың арқасында білім мен тәжірибеге сүйеніп адам бойында жинақталған жалпылама қабілеттілік.

Негізгі компетенцияларды топтаудың теориялық негіздері кеңестік психологиядағы *мынадай қағидалар* болып табылады:

а) адам - қарым-қатынас, таным, еңбек субъектісі (Б.Г. Ананьев);

б) адам қоғаммен, басқа адамдармен, өзімен және еңбекке қатынас жүйесінде көрінеді (В.Н.Мясищев);

в) адамның құзіреттілігінде акмеологиялық даму векторы бар (Н.В. Кузьмина, А.А. Деркач);

г) кәсібиліктің құрамына құзіреттілік енеді (А.К. Маркова).

Осы позициялардың негізінде құзіреттіліктің *3 (үш) негізгі топтары* жүйеленген: адамның өзіне жеке тұлға, тіршілік субъектісі ретінде қарауына байланысты құзіреттілік; адамның басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсуіне байланысты құзіреттілігі; әр түрлі типте, формада көрінетін адамның әрекетіне қатысты құзіреттілік.

«Құзыреттілік» әдетте белгілі бір әлеуметтік-кәсіби статус иесіне байланысты қолданылады және оның сол істі атқарудағы түсінігі, білімі, білігі мен орындалуға тиіс мәселенің нақты өз деңгейінде шешілуімен сәйкестілігі арқылы сипатталады. Құзіреттіліктің мақсаты - әлеуметтік тәрбие негізінде әрекеттің әр түрлі саласындағы мәселелерді өз еркімен шеше білу және қабілеттілігін арттыру.

Методикалық терминдер сөздігінде «Құзыреттілік (латынның cotretentis - бейім сөзінен) - қандай да бір оқу пәнін оқыту процесінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі» - делінген. Кейбір сөздіктерде құзіреттілікке белгілі бір зат, құбылыс жөнінде пайымдауға, салмақты да беделді пікір айтуға мүмкіндік беретін білімді игеру ретінде түсіндірме берілген. Қазір құзіреттілік дербес және жауаптылық пен әрекет етуге, белгілі бір әрекетті орындауға қабілеттілік пен икемділікті меңгеруге жол ашатын психологиялық ахуал, психикалық сапалардың қосылымы ретінде белгіленіп жүр.

Көптеген зерттеушілер құзіреттілікті нәтижелі кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыру барысында компетенциялардың жиынтығы көрініс беретін тұлғаның интегралды сапасы ретінде қарастыра отырып, компетенция мен құзіреттілікті бір-біріне бағынышты, бір-бірін толықтыратын, бір-бірімен тығыз байланысты субъектінің белсенді компонеті ретінде қарастырады.

В.Н. Введенский «құзіреттіліктің» «компетенция» түсінігімен өте ұқсас екендігіне тоқталады. Ғалымның ойынша, құзіреттілік – тұлғалық сипаттама да, компетенция – нақты кәсіби немесе функционалды сипаттамалардың бірлігі.

Құзіреттілік пен компетенцияның арақатынасын зерттеген Е.В. Григорьев *құзіреттілік компетенцияны игеру арқылы қалыптасады* деген пікір білдірсе, М.В. Алексеева құзіреттілікті компетенцияны меңгеру деп есептейді. Ал, А.Ф. Присяжная құзіреттілікті – компетенцияға қарағанда еркін, қосалқы екендігін білдіреді.

Көптеген авторлардың пікірінше, құзіреттілік түрлерінің ішіндегі «түйінді құзіреттіліктің» маңызы зор, өйткені ол барлық компетенция «кілті», негізі болып табылады. Және түйінді құзіреттілік кез-келген іс-әрекет аймағына қажет.

Құзіреттілік көп параметрлік сипаттағы, көп қырлы түсінік. Бір топ зерттеушілер құзіреттілікті мамандарға қажетті білімді, іскерлікті, дағдыны меңгеру деңгейімен байланыстырады да аталған түсінікке байланысты келесі аспектілерді бөліп көрсетеді: құндылық-мағыналық қатынасты, дамудың амал-тәсілдерін, өзін-өзі дамыту және тұлғалық өзін-өзі жүзеге асыруды меңгеруге, тіршілікте өз орнын табуға мүмкіндік беретін *білім беру нәтижесі* ретінде қарастырады (В.А. Болотов, Н.А. Прохорова, В.В. Сериков, О.Е. Лебедев және т.б.); Нәтижелі кәсіби іс-әрекетті жүзеге асырудағы маманның интеллектуалдық және тұлғалық-шартталған тәжірибесі (О.А. Булавенко, И.А. Зимняя және т.б.); көптеген шешімдердің ішінен тиімдісін таңдау қабілеті, сын тұрғысынан ойлау, үнемі білімді толықтырып отыру (О.А. Козырева, Т.В. Иванова, М.В. Рыжаков, Н.В. Кузьмина, А.В. Баранников, Н.А. Войнова және т.б.).

Кейбір ғалымдар «құзіреттілікті» пәндік білім, дербес-психологиялық қасиеттер, практикалық тәжірибе, құндылық және икемділік негізінде қалыптасатын,

адамның кәсіби мәселелер мен кәсіби міндеттерді шешуге қабілеті мен даярлығында көрінетін жеке тұлғаның интегративті сапаларымен байланыстырады (А.Ю. Петров, Г.Ф. Шайдуллина және т.б.) [1; 4; 7; 8].

О.А.Козырева бойынша құзіреттілік – іс-әрекетті орындау қабілеті [1, 19 б.]. В.Ю.Кричевский құзіреттілік ұғымының негізгі белгілерін мына тұрғыда көрсетеді: нәтижелі іс-әрекет үшін білімнің болуы, осы білімнің практика үшін маңызын түсінуі; операциялық іскерлік жиынтығы, еңбек міндеттерін шешу алгоритмін меңгеру; кәсіби іс-әрекетке шығармашылық бағыт алу қабілеті [16].

М.М. Чошанов құзыреттілікті білім, білік, дағдының өзара байланысы деп қарап, оның мынадай формуласын ұсынады: білімді қолданудың жылдамдығы + әдістердің оралымдылығы + сын тұрғысынан ойлау. Н.В. Кузьмина пікірінше, құзыреттілік педагогтың басқа бір адамды дамытуына негіз болатын білімділігі мен абыройлығы [7; 8].

Британдық философ және социолог К.Унич бойынша, құзіреттілік - белгілі бір шарттармен анықталған мінез-құлыққа/іс-әрекетке, нақты ситуацияларда белгіленген параметрлерге сәйкес тапсырмаларды орындау қабілетіне негізделеді [17].

Дж.Равен құзіреттілікті көптеген компоненттерден тұратын, тіпті көбісі бір-бірімен байланыспайтын ..., кейбіреуі когнитивті сфераға жатса, енді бірі – эмоционалды сфераға жатады ..., бұл компоненттер тиімді мінез-құлықтың құрамына енгендіктен бір-бірінің орнын алмастыра да алады [18, 253 б.]. Автордың пайымдауы бойынша, «құзіреттілік түрлері» «мотивтендірілген қабілеттердің» мәнін береді [18, 258 б.].

В.Шепель құзіреттілік ұғымына білім, біліктілік, тәжірибе, білімді пайдалануға теориялық – тәжірибелік дайындық ретінде анықтама береді. Сонымен қатар, құзіреттілік ұғымына П.Симонов, М.Чошановтар өз ойларын білдіріп, талқылаған. Дегенмен, П.Симонов әлеуметтік даярлық туралы айтса, М.Чошанов, көбінесе, құзіреттіліктің мазмұндық және процессуалдық жақтарына тоқталады. В.Ландшер құзіреттілікті тереңдетілген білім деп түсіндіреді [1, 18-20 бб.].

«Құзіреттілік» - «хабардарлық», «біліктілік» ұғымдарымен байланысты. Біліктілік» пен «құзіреттілік» ұғымдарын салыстыра келіп, О. Ховов екінші терминнің бірінші терминнен гөрі мағынасы кең екенін көрсетеді, өйткені, оған біліктілікті сипаттайтын таза кәсіби біліммен және іскерлікпен қоса топта жұмыс істеуге ынталылық, ынтымақтастық, қабілеттілік, коммунитативтік қабілет, оқу, бағалау, қисынды ойлау, ақпаратты алу мен пайдалану, тағы басқа іскерліктер жатады.

Н.Розов құзіреттіліктің екі жағы болатынын анықтайды да, бірінші жағын танымдық және тәжірибелік жаңалық енгізуді ассимиляциялау мүмкіндігімен, екінші жағын білім беру жүйелерінің әртүрі, типі, профилі сатыларына қойылатын білім талаптарын анықтау мүмкіндігімен байланыстырады.

«Құзыреттілік» дегеніміз – кәсіби түрде сауатты талдау жасай алу, бағалай алу, белгілі бір ойын айта алу біліктілігінің жетілуі, яғни кәсіби білім мен біліктің жиынтығы, сонымен қатар кәсіби білім мен біліктің жиынтығы, сонымен қатар кәсіби іс-әрекетті орындай алу әдіс-тәсілдері.

Б.А. Тұрғынбаева «Өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзіреттілік деп атаймыз», «құзіреттілікке бағытталған оқыту үрдісінде тәжірибелік жолмен мәселені шешу мүмкіндігі молаяды. Осы жағдай біліктілікті арттырудағы екінші үлгіге көшірудің негізі бола алады. Өйткені, құзыреттілікке бағытталған үлгіде білім алушылардың өз бетімен жұмысын ұйымдастыру - басты мақсат» - деп көрсетсе [14], К.Құдайбергенова «құзіреттілікті білімін, біліктілігін, дағдысын, тұлға мінез-құлқын, ең бастысы тұлға мүмкіндігін бағалаудың критерийі мақсатында қарастыру құзіреттілік маңызын толық аша алады. Олай болса, құзырлылық, нәтижеге

бағдарланған жаңа білім беру жүйесінің сапалық критерийі ретінде әлеуметтік және өмірлік көзқарастарды есепке алу қажет» деп сипаттайды.

Н.Розовтың пікірінше, құзіреттіліктің мынадай қырлары бар:

- мәндік аспект, неғұрлым жалпы мәдени контекстен ахуалды жете түсінудің барабарлығын көрсетеді, бұл контекстің аясына осы сияқты ахуалды бағалау, оны ұғыну мен оған деген қарым – қатынас кіреді;

- проблемалық – тәжірибелік аспект, бұл – осы бір жағдайда ахуалды айқындай білудің мақсат, міндет, нормаларды алға қою мен орындау тиімділігінің барабарлығын сипаттайды;

- коммуникативтік аспект, бұл – осы тәріздес ахуалдағы қатысымның және адамның осындай жағдайға қатысын және өзара ықпал жасауға тиісті мәдени үлгі деңгейінің барабарлығын қамтамасыз етеді. Барлық үш аспектінің жетілгендігі, автордың пікірінше, жалпы мәдени құзіреттілікке ие адамның сипатын береді. Өйткені, бұл адамға өз кәсібі аясынан тысқары жағдайда өз мүмкіндігін жүзеге асыруға жол ашады.

Құзыреттілік, біздің пайымдауымызша, жеке тұлғаның теориялық білімі мен өмірлік тәжірибесіне сай белгілі бір міндеттерді орындауға дайындығы және қабілеті. Құзіреттілік теория мен тәжірибенің бірлігі негізінде жетіледі. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес, жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке белгілі мәселелерді ұсынып шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұғымды түзетулер енгізіп отыруға деген іскерлік белсенділігінен көрінеді. Және құзыреттілік белгілері мынадай: білімнің жұмылдырылуы, білімді пайдалана білуі; әдістердің икемділігі;сыни ойлауы;шешімді қабылдау іскерлігі, біліктілігі.

Олай болса, құзіреттілік ұғымының мазмұны білім, іскерлік, дағдыны біріктіре қосқаннан да кең. Бүгінде құзіреттілік құрамына когнитивтік *(не?)* және операциялық *(қалай жасау керек?)* пен қоса мотивациялық *(неліктен?),* этикалық *(қалай қарайды?)* және әлеуметтік (кіммен?) элементтер кіреді.

«Кәсіби құзіреттілік» ұғымына жекелей тоқталсақ, аталған түсінікке зерттеушіғалымдар әр түрлі аспектіде өз пікірлерін білдірген. Мәселен, *кәсіби құзіреттілік* дегеніміз:

« ... - танымдық және кәсіби белсенділіктің өзара байланысты формасы, жүйелі түрде студенттің оқу іс-әрекетін маманның кәсіби іс-әрекетіне айналдырушы механизм, реттегіш (регулятор), психологиялық-педагогикалық даярлықтың нәтижесі; оқу-тәрбие процесін құру тиімділігін, өзгермелілігін қамтамасыз ететін білім, іскерлік кешені мен жеке тұлғаның қасиеттері мен сапаларынан тұратын күрделі құрылым» *(В.А. Адольф)* [19];

«... - өзгермелі кәсіби іс-әрекетке сәйкес және өзбетті әрекет етуге қабілетті, өзін-өзі дамыту мен шығармашылыққа даярлығы көрінетін кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте жан-жақты білім, іскерлік, дағдыны меңгерген маманның интегралды сапасы» *(Л.Ю. Кривцов, И.И. Цыркун, Е.И. Карпович; О.А. Козырева, Л.А. Муравьева);*

«... - педагог мінезі мен қабілетінің ерекшеліктері: байқампаздық, қиял, ақыл-ой мен сөйлеудің ерекшелігі, мұғалімнің білім беру тәжірибесінде әлеуметтік қолдау тапқан құндылық бағдар жүйесін тиімді жүзеге асыру қабілеті және кәсіби-тұлғалық дамуға сәйкес ерекше педагогикалық нәтижелерге жету» *(Н.М. Борытко, Л.А. Муравьева);*

«... - педагог шеберлігі мен деңгейінің артуына үнемі кәсіби білімді тереңдету, іскерлік пен дағдыны жетілдіру, тұлғалық қасиеттерді, ерікті дамыту, шыдамдылықты қалыптастыру мен ақиқатты шынайы түсіну қажеттілігімен түсіндірілетін жоғары деңгейдегі мотивацияның өзара байланысы» *(Э.Г. Исламгалиев, Х.Ш. Гайнутдинов);*

«... тар магынада субъектінің оқу барысында меңгерген білім, іскерлік, дагды жиынтыгы, кең магынада қоршаган ортамен өзара қатынастагы жетістікке жету деңгейі» (*А.П. Акимова)*;

«... - қызметкердің өз қызметін күнделікті және экстремалды жагдайда сапалы және қателіксіз орындау қабілеті, жаңалықты нәтижелі меңгеру мен өзгермелі жагдайга тез үйрену» *(В.Р. Веснин)*;

«... - кәсіби педагогикалық әрекетті өзіндік ұйымдастырудың жогары деңгейі» (*Н.Н. Тарасевич);*

«... - тапсырманы орындау қабілеті мен әзірлігі» *(Бергоун);*

«... - жогаргы деңгейімен ерекшеленетін жеке тұлганың белгілі сапаларының жиынтыгы *(Н.В. Кухарев*);

«... - педагогикалық өзара әрекет процесінде көрінетін білім, практикалық іскерлік, мінез-құлық арасындагы өзара келісімділік» *(М.И. Лукьянова*);

«... - маманның білім, іскерлік және дагдыларды меңгеруін көрсететін сапаларының жиынтыгы" (*Кривцов Л.Ю.*);

«... - кәсіби кәмелеттілік, кәсіби іс-әрекетті шыгармашылық деңгейде қазіргі сәтте социумда қабылданган нормалар мен стандартқа сәйкес жүзеге асыру» *(Педагогикалық әдебиеттер);*

«... - педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруга теориялық және практикалық даярлықтың бірлігі» *(Н.Д. Хмель)* [11].

М.Чошанов кәсіби құзыреттілікті «кәсіби шеберлік деңгейі жүйесінде орындаушылық пен жетілдірушілік арасында аралық мәнге ие болу» деп түсіндіреді. Біріншіден, құзыреттілік нақты жагдайда ұтымды қолдану үшін жаңа ақпаратты меңгеріп, үнемі білімді толықтыруды ұсынады. Екіншіден, құзыреттілік тек білімді меңгеруге гана емес, білімге байланысты міндеттерді шешуге әлеуетті дайындықты көрсетеді. Демек, ол мазмұнды білім және процессуалды біліктілік компоненттерін қамтиды. Сондықтан құзіретті маман жагдайга сәйкес келетін әдістерді қолдануы тиіс. Ал әдістердің икемділігі құзыреттіліктің маңызды сапасы болып табылады. Үшіншіден, құзіретті адам сыни тұргыдан ойлауды меңгерген болуы қажет [4].

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге жасалган талдау «кәсіби құзіреттіліктің» өте күрделі де көп аспектілі түсінік екендігін болжауга мүмкіндік береді (Н.В. Кузьмина, В.А. Сластенин, В.А. Адольф, Л.Ю. Кривцов, О.А. Козырева, И.И. Цыркун, Е.И. Карпович, Л.А. Муравьева, А.Дорофеев, Э.Г. Исламгалиев, Х.Ш. Гайнутдинова) және кәсіби құзіреттіліктің мәнін түсіндіруде гылыми айналымда бірнеше багыт-багдардың бар екендігін байқадық:

- *Функционалды-іс-әрекеттік багдар* – құзіреттілікті педагогикалық іс-әрекетті атқаруга

теориялық және практикалық даярлықтың бірлігі, кәсіби функцияны орындау ретінде түсіндіруі, мұнда кәсіби құзіреттіліктің негізгі параметрлері болып теориялық және практикалық іскерліктерден (аналитикалық, болжамдық, ұйымдастырушылық, жобалау, рефлексивтік, коммуникативтік т.б.) тұратын педагогикалық іс-әрекеттің функционалды құрылымы табылады (Н.В. Кузьмина, В.А. Сластенин, Н.Ф. Талызина, Р.К. Шакуров, А.И. Щербаков және т.б.);

- *Аксиологиялық багдар* контексінде (К.А. Абульханова-Славская, Б.С. Гершунский, В.Г. Воронцова, Н.С. Розов және т.б.) құзіреттілік – білім беру құндылыгы ретінде түсіндіріледі. Кәсіби құзіреттілік адамды құндылықтың жалпымәдени әлеміне енгізу және сол кеңістікте гана адам өзін маман және кәсіп иесі ретінде сезінеді.

- *Универсалды багдарды* ұстанушылар құзіреттіліктің не жалпы, не кәсіби білім беруге жатпайтындыгы туралы ой қозгайды. Құзіреттілік (Ю.Ф. Абрамов, Ф.Г. Зиятдинова, В.Н. Кудашов, Л.Н. Лесохина, Н.П. Пахомов, Н.С. Розов, Ю.В. Тупталов және т.б.) базалық біліктілікпен байланысты сондай-ақ, ол адамга тар мамандандырылумен шектелмелмеген кең түрдегі сауалдарга багдар алуга мүмкіндік

береді, ол өз кезегінде жеке тұлғаның әлеуметтік және кәсіби ұтқырлығын, өзгеріс пен шығармашылық ізденіске деген ашықтығын, өзін-өзі құру мен өзін-өзі жарыққа шығару қабілетін, өз білімін жаңарту қабілеті мен оған даярлығын қамтамасыз етеді.

- *Тұлғалық-іс-әрекеттік бағдар* бойынша құзіреттілік феномені еңбек пен педагог тұлғасының ажырамас бірлігі (М.Б. Есаулова, И.А. Колесникова, М.Митина, Н.А. Морева, Г.Н. Прозументова, Е.А. Соколовская, Г.С. Сухобская, Ю.И. Турчанинова және т.б.) ретінде қарастырылады [3].

Осы жоғарыдағы бағдарлардан қаншама ғалым-зерттеушілердің еңбектері кәсіби құзіреттілік мәселесіне арналса да, әлде де нақты бір шешімнің жоқтығын байқаймыз, өйткені әлде де бұл мәселе бойынша шешімін таппаған пікірлер баршылық, оған дәлел психологтар, педагогтар, физиологтар, практик-мамандар тарапынан көптеген қарама-қайшылықты пікірлері.

Байқасақ, «компетенция», «құзіреттілік», «кәсіби құзіреттілікке» берілген анықтамалардың барлығы да зерттеу объектілеріне, мақсатына сәйкес қарастырылған. Әйтсе де анықтамалардағы ойларды негізге ала отырып ойымызды тұжырымдасақ, компетенция жеке тұлғаның алған білімін, қолында бар білігін қолдана білумен қатар өзін-өзі үздіксіз жетілдіру мен дамыту нәтижесінде алған білімі мен білігіне жаңа мағына беріп, басқаша құрылым жасау қабілеті екенін пайымдаймыз. Ал, *кәсіби құзіреттілік - педагогикалық іс-әрекетті талапқа сәйкес ұйымдастыра білу, өздігінен күрделі стандартты емес мәселелерді шеше алу, мәселелерді шешу барысында әр түрлі тәсілдерді және осы жолда кәсіби маңызды сапаларын қолдана отырып нәтижеге жету, жеткен нәтижеге баға беру. Кәсіби құзіреттілік – ерекше міндетті жүзеге асыруда қолданылатын барлық білім, іскерлік, дағдының жиынтығын құрайтын нәтижелі кәсіби іс-әрекетке деген қатынас.* Педагогтың компетенциясы оның кәсіби тұлғалық білімінің теңдесіз жүйесі, еңбекке шығармашылық көзқарас, педагогикалық жағдаятты меңгерту үшін үнемі кәсіби жетілуге ұмтылу нәтижесінде жаңа ой мағына туғызатын қабілет.

Кәсіби құзіреттілік белгілерінің, элементтерінің, түрлерінің педагогтың бойынан көрінуі, қалыптасуы адамның кәсіби іс-әрекеттегі толысқандығын білдіреді, кәсіби қарым-қатынаста маманның кәсіптенгендігін, оның даралығын білдіреді. Олай болса, бүгінгі жағдайда педагогтың кәсіби құзіреттілігі мәселесінің әлеуметтік-педагогикалық мәні өте жоғары.

Әдебиеттер:

19. *Козырева О.А. Профессиональная педагогическая компетентность учителя: феноменология понятия // Вестник – ТГПУ. – 2009. – Выпуск 2 (80). – С.18-23.*
20. *Блинов В.И. Профессиональные стандарты педагогической деятельности // Научно-теоретический журнал Российской академии образования. Серия «Педагогика». –2010. – № 5. – С. 46-54.*
21. *Зимняя И.А. Ключевые компетенции - новая парадигма результата образования. – http://aspirant.rggu.ru/print.html?id. Пайдаланған уақыты: 24.11.2016 ж.*
22. *Хуторской А.В. Технология проектирования ключевых и предметных компетенций // Эйдос. – 2005. – 12 декабря.*
23. *Зеер Э.Ф. Психолого-дидактические конструкты качества профессионального образования // Образование и наука. – 2002. – № 2 (14). – С. 14-20.*
24. *Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М.: Народное образование. 1998. – 256 с.*
25. *Кузьмина Н.В., Реан А.А. Профессионализм педагогической деятельности. – СПб, 1993. – 54 с.*
26. *Кузьмина Н.В. Акмеологическая теория повышения качестива подготовки специалистов образования. – М., 2001. – 144 с.*
27. *Маркова М.М. Психология труда учителя. – М., 1993. – 192 с.*

28. Татур Ю.Г. Компетентностный подход в описании результатов и проектировании стандартов высшего профессионального образования // Материалы ко второму заседанию методологического семинара. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004. – 16 с.

29. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. – Алматы: Ғылым, 1998. – 319 с.

30. Кенжебеков Б.Т. Сущность и структура профессиональной компетентности специалиста // Высшая школа Казахстана. – 2002. – №2. – С. 43-48.

31. Менлибекова Г.Ж. Социальная компетентность, сущность, структура, содержание // Высшая школа Казахстана. – №4-5. – 2001. – С.153-159.

32. Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. – Алматы, 2005. – 174 б.

33. Материалы Совета Европы. – Страсбург, 1992. – 221 с.

34. Кричевский В.Ю. Профессиограмма директора школы: проблемы повышения квалификации руководителей школ. – М.: Педагогика, 1987. – 383 с.

35. Winch C. Education, work and social capital: towards a new conception of vocational education. – London: New York, 2000. – 220 p.

36. Равен Дж. Компетентность в современном обществе. Выявления, развитие и реализация. – М., 2002. – 396 с.

37. Адольф В.А. Профессиональная компетентность современного учителя: Монография. – Красноярск, 1998. – 310 с.

***

Сламбекова Т.С.

«Компетенция», «компетентность», «профессиональная компетентность педагога» в научной сфере

В статье рассматривается взаимосвязь понятий «компетенция», «компетентность», «профессиональная компетентность» и «профессиональная компетентность педагога». А также излагается структура, основные признаки, особенности и виды названных понятий. Приведены актуальность применения компетентностного подхода в образовательном пространстве.

Ключевые слова: Компетенция, компетентность, профессиональная компетентность, профессиональная компетентность педагога, ключевые компетенции, предметные компетенции, образованность, умение, навыки, результат образования, профессиональные качества, способности.

Slambekova T.S.

«Competence», «competency», «professional competence of the teacher» of the scientific environment

The article considers the interrelation of concepts «competence», «competency», «professional competence» and «professional competence of the teacher». Also it is states the structure, the main signs, features and types of the mentioned concepts. It was given relevance of application of competence-based approach in educational space.

Keywords: Competence, competency, professional competence, professional competence of the teacher, core competencies, subject competences, education, ability, skills, result of education, professional qualities, capabilities.

***

ӘОЖ 373.2:53

Жұмағалиева А.Е. – ф.–м.г. к, доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Джамбулова Ж.М.– магистрант, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: *ms.zhaki25@mail.ru*

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДАҒЫ КЕРІ БАЙЛАНЫС

Аңдатпа. *Шығармашылық ойлар және проблемалық оқыту мәселелерін психология–педагогикалық зерттеу барысында проблемалық оқыту технологиясының жалпы қағидалары анықталды. Мақалада білім алушылардың үш тілде еркін сөйлеу біліктілігін дамытуды жүзеге асыру барысында проблемалық оқыту технологиясын тиімді пайдаланудың бір ерекшелігі баяндалады.*

Тірек сөздер: *Көп тілді білім беру, проблемалық оқыту, процент.*

Бүгінгі таңдағы оқыту үрдісі жаңа әдіс – тәсілдерді, инновациялық идеяларды қолдануды талап етеді. Жаңа педагогикалық технологиялардың бірі болатын жаңа формат тәсілдерінің негіздеріне сүйене отырып, практикага енгізіліп жатырган проблемалық оқытудың оқу мен тәрбиеде алатын орны ерекше. Білім алушыга қалай оқу керектігін үйретіп, соның ішінде еркін, өзіндік дәлелін, өз ойын нанымды жеткізе алатындай, сенімді сыни пікір көзқарастары жүйелі дамыган ізденпаз оқушы қалыптастыруды мақсат етеді.

Білім алушылардың үш тілде еркін сөйлеу біліктілігін дамытуды жүзеге асыру барысында мынадай міндеттерді шешу көзделеді: білім алушылардың үш тілде еркін сөйлеу біліктілігін дамытуда оқыту технологияларын тиімді пайдалану; заманауи интерактивтік және инновациялық технологияларды қолдану; үш тілде де қарым – қатынас жасауга, сөйлеуге үйрету; әр білім алушының тілдік қабілетін толық ашу; сөздік қорын молайтуда аударма және түсіндірме сөздіктерін пайдалана алу; танымдық қызығушылыгын қалыптастыру. Қазіргі тиімділігі жогары оқыту технологияларының жалпыга танылган түрлері: модульдік оқыту, проблемалық оқыту, жеделдетіп оқыту, даралап оқыту, ақпараттық оқыту, деңгейлеп оқыту, жобалай оқыту технологиясы, жеделдетіп оқыту, сатылай кешенді талдау, ойындық технология, коммуникативтік технология, т.б. қолданган жөн.

Проблемалық оқытудың мақсаты – қазіргі замангы гылым жетістіктеріне сүйене отырып, продуктивтік және шыгармашылық оқу процесінің логикалық жолдарын баяндау, гылыми таным нәтижелерін, білімдер жүйесін гана меңгеріп қоймай, сонымен бірге бұл нәтижелерге жету жолының процесін де меңгеру, білім алушының танымдық дербестігін қалыптастырып, оның шыгармашылық қабілеттерін дамыту. Міндеттер: оқытушының проблемалық оқыту процесінің ұйымдастыруының негізгі тәсілдері мен формаларын көрсету, оқытудың гылымилық дәрежесін жогарылатып, білім алушылардың негұрлым тиімді жалпы дамуына жагдай тудыру [1, 98 б.].

Қазіргі кезде проблемалық оқыту арқылы танымдық, интеллектуалдық, ізденушілік, т.б. қасиеттерді кең түрде дамытуга болады. Оқытушы проблемалық мәселені қою арқылы білім алушыларды проблемалық жагдайга алып келеді. Бұл жерде бұрынгы меңгерілген білім мен жаңадан пайда болган мәселе арасында қарама – қайшылық пайда болады да, білім алушы оқытушының көмегімен осы мәселеге байланысты пайда болатын құбылыс немесе процеске талдау жасау арқылы оны түсінуге, игеруге тырысады.

Проблемалық оқыту процесін ұйымдастырудың негізінде білім алушының оқу – танымдық ізденіс әрекетінің (білімдерді проблемалық меңгерумен байланысты) принципі, яғни олардың гылым қорытындыларын, әрекет тәсілдерін ашу, жаңа нәрселерді немесе білімдерді практикада қолданудың тәсілдерін ойлап табу принципі жатыр.

Проблемалық оқытуда оқытушының түсіндіруі мен білім алушылардың репродуктивтік қызметті талап ететін міндеттер мен тапсырмаларды орындауы жоққа шығарылмайды.

Проблемалық оқыту жағдайында көптілді топтардағы оқытушының қызметі:

– ол қажетті жағдайда неғұрлым күрделі ұғымдардың оқылуын, мазмұнын түсіндіреді;

– ұдайы проблемалық ситуациялар жасайды;

– білім алушыларға фактілерді хабарлап, олардың оқу – танымдық қызметін фактілерді талдау негізінде өздіктерінен қорытындылар мен жинақтауларды жасайтындай дәрежеге жетелейді;

– ұғымдарды, ережелерді, теоремаларды, заңдарды әр тілде тұжырымдайтындай немесе белгілі жаңа ситуацияға өздігінен қолданатындай (ойлап табады, жоспарлайды, әдемілеп жасайды) деңгейге келтіреді;

– шындық болмысты көркем бейнелейтіндей (өлеңдер, шығармалар жазады, сурет салады, ойнайды) етіп ұйымдастырады.

Соның нәтижесінде білім алушыларда ақыл-ой операциялары мен әрекет дағдылары, білімдерді тасымалдау дағдылары қалыптасады, зейін, ерік, шығармашылық қиял, ойлап тапқыштық дамиды, жаңа білімдер мен гипотезалар ұсыну және оларды негіздеп дәлелдеу жолымен әрекеттің жаңа тәсілдерін табу қабілеті қалыптасады.

Проблемалық оқыту оқытудың біртұтас типі ретінде озат педагогикалық тәжірибені жинақтау мен оны теориялық дәлелдеудің негізінде пайда болды. Ол өз бойына алгортмдерді, программаланған тапсырмаларды, ақыл-ой қызметінің тәсілдерін кезеңге бөліп қалыптастыруды және т.б. қолдану мүмкіндігін қамтиды [2, 59 б.].

Проблемалық жағдаяттың проблемалық оқытудағы бастапқы мезет екені шындық, алайда білім алушы проблеманы көріп, оны қабылдап және шешуі, сонымен қатар проблемалық жағдаяттан шығу жолын табуы тиіс. Проблемалық оқытуды практикада қолдану үшін – осы жағдаяттан шығу технологиясын жақсы меңгеру қажет.

Проблемалық оқыту технологиясында төрт негізгі бөлігін ажырату қалыптасқан:

1)проблемалық жағдаятты түсіну, оны талдау;

2)нақты проблеманы тұжырымдау;

3)проблеманы шешу (гипотездер (ғылыми болжамдар) ұсыну, негіздеу (дәлел келтіру), оларды жүйелі тексеру);

4)проблеманы шешудің дұрыстығын тексеру.

Проблемалық жағдаяттың проблемадан өзгешелігі үш негізгі компоненттен тұрады:

– жаңа белгісіз қатынаста, іс-әрекеттің тәсілінде немесе жағдайында танымдық қажеттілік пайда болатын осындай іс-әрекетті орындау қажеттілігі;

– пайда болған проблемалық жағдаят арқылы ашылуы тиіс белгісіз;

– білім алушылардың алға қойған тапсырманы орындаудағы, белгісіздің шарттары мен ашылуын талдаудағы мүмкіндігі.

Оқытудағы проблемалық жағдаяттың бірінші белгісі – оның қиындығында, ол қиындықты білім алушы тек өзінің ойлау белсенділігі нәтижесінде ғана жеңе алады.

Қазіргі ғылым мен техниканың шарықтап алға басқан кезеңінде проблемалы оқытуды игеріп, оқу-тәрбие жұмыстарында қолданбаса болмайды. Проблемалық оқытуды игеруге бағытталған біз ұйымдастырған ізденіс жұмыстары проблемалық оқыту сабағының дәстүрлі аралас сабаққа қарағанда біршама артықшылықтары барлығына көз жеткіздік. Сіздерге проблемалық оқытуға байланысты ойымызды және сол ойлардың қорытындысы ретінде математика пәнінен көптілді топта өткізілген сабақ барысын ұсынамыз.

Subject: Mathematics

The theme of the lesson: Percent

Purpose: teach children in English solving math problems with percent and learn to solve problems on this topic.

Lesson plan:

– Organizing time (*Ұйымдастыру кезеңі*)
– Check homework (*Үй тапсырмасын тексеру*)
– Learning new theme (*Жаңа тақырыпты меңгерту*)
– Solving problems (*Есептер шығару*)
– Repetition (*Қайталау*)
– Home work (*Үйге тапсырма беру*)
– The results of the lesson (*Қорытындылау*)
– Assess (*Бағалау*)

Good morning, children (*оқушылар орнынан тұрып амандасады*)
Thanks, sit down, please (*рахмет,отырыңыздар*)
What date is it today? *(Бүгін нешесі?)*
What day is it today? *(Бүгін қай күн?)*
Who is on duty today? *(Бүгін кім кезекші?)*
Who is absent today?(*Кім жоқ сабақта?)*
Ok, very good
Well, today's theme is new theme: *Percentage*
Let's start our lesson from the vocabulary.

1 – Table. Glossary

In English	In Russian	In Kazakh
Percentage	Процент	Пайыз
decimal	десятичная дробь	ондық бөлшек
sign	знак числа	Таңба
fraction	Частица	Бөлшек
numerator	Вычислитель	Есептегіш
denominator	Знаменатель	Бөлгіш

Percentages

The term "per cent" is derived from the Latin per centum, meaning "by the hundred. The term percent means per hundred or divide by one hundred. It can be substituted for the term hundredth in fractions and decimals. For example, $\frac{56}{100} = 56\,\%$ and $0.23 = 23\,\%$. A good model for percents is a square grid divided into equal parts. Twelve of the parts in the square below are shaded to show hundredths ($\frac{12}{100}$, 0.12) or [3, 10 б.].

As a prerequisite to computing with percents, an understanding of how to change fractions, decimals, and percents to satisfy a problem needs to be acquired.

– To change a decimal to a percent, multiply by 100 and write a % sign after the number.

$0.45 \longrightarrow 0.45 \cdot 100 \longrightarrow 45\%$



1 – picture. To change a decimal to a percent

– To change a percent to a decimal, delete the % sign and divide by 100.



2 – picture. To change a percent to a decimal

– To change a fraction to a percent, divide the numerator by the denominator, then change the decimal quotient to a percent.

3 – picture. To change a fraction to a percent

When students have a firm grasp of the concept of percents, they can proceed to calculate with percents. Percents are commonly used when computing tips, discounts, and taxes.

Task №1. Joey has pages to read for history class tonight. He decided that he would take a break when he finished reading of the pages assigned. How many pages must he read before he takes a break?

To find of, you must multiply by the decimal equivalent of (0.70); *. If you chose c, you calculated how many pages he has left to read after his break.)*

Task №2. Wendy brought to the mall. She spent on lunch. What percent of her money did she spend on lunch?

Divide by to find the percent; $\frac{\$6}{\$16} = 0.375$ *is equivalent to* 37.5%.

Task №3. 25% of babies born at Yale New Haven Hospital weigh less than 6 pounds and 78% weigh less than 8.5 pounds. What percent of the babies born at Yale New Haven Hospital weigh between 6 and 8.5 pounds?

78% weigh less than 8.5 pounds, but you must subtract the 25% that are below 6 pounds; 78% − 25% = 53%. 53% of the babies weigh between 6 and 8.5 pounds.

Task №4. A pair of pants costs . The cost was reduced by . What is the new cost of the pants?

If the cost of the pants is reduced by , the cost of the pants is of the original cost (To find of the original cost, multiply the original cost of the pants by the decimal equivalent of . $\$24 \times 0.92 = \$22.08$.

Task №5. Laura is planning her wedding. She expects 230 people to attend the wedding, but she has been told that approximately 5% typically don't show. About how many people should she expect not to show?

Find 5% of 230 by multiplying 230 by the decimal equivalent of 5% (0.05); 230 × 0.05 = 11.5 people. Since you cannot have .5 of a person, round up to 12 people. A common mistake is to use 0.5 for 5%; 0.5 is actually 50%.

The secret to solving these problems is to recognize what information is given and what information is missing and then substitute appropriately into the equation.

Howe task:

№1. Connecticut state sales tax is . Lucy purchases a picture frame that costs 10.50 . What is the Connecticut sales tax on this item?

№2. The Dow Jones Industrial Average fell today. The Dow began the day at $8,800$. What was the Dow at the end of the day after the drop?

№3. Peter was 60 inches tall on his thirteenth birthday. By the time he turned 15, his height had increased 15%. How tall was Peter when he turned 15?

№4. Kara borrowed $3,650 for one year at an annual interest rate of 16%. How much did Kara pay in interest?

№5. Donald sold $5,250 worth of new insurance policies last month. If he receives a commission of 7% on new policies, how much did Donald earn in commissions last month?

Good bye, children! (Сау болыңыздар!)

Проблемалық оқытудың іске асырылуы ең алдымен педагогикалық міндеттердің шешілуімен байланысты мұғалімнің ерекше қызметін жорамалдайды. Сондықтан кейбір авторлар «оқытуды ұйымдастырудағы проблемалық ықпал» немесе «проблемалық оқыту технологиясы» терминін қолданады. Біздің жұмысымызда «оқытуды ұйымдастырудағы проблемалық ықпал» деп білім алушылардың алдына проблемалық тапсырманы тарту арқылы дәстүрлі оқытуды қарқындатумен оқытуды ұйымдастыру технологиясы түсініледі. Бұл білім алушылардың ақыл-ойының дамуын және ең алдымен шығармашылық ойлаудың дамуын, өз бетімен танымдық іс-әрекет жасау қабілеттерін қалыптастыруды болжайды. Математиканы оқытуға проблемалық ықпалды ұйымдастыру – бұл мұғалімнің білім алушылар алдына проблемалық тапсырма қою арқылы проблемалық жағдаятты арнайы тудыруы және проблеманың туындауына сәйкес шарттарды тудыруы, содан соң проблемалық жағдаяттан өздігінен шығу және проблемалық тапсырманы өздігінен орындауды жасауы.

Проблемалық оқу жағдаятын тудыру – бұл білім алушыға оқу міндетінің алғышарты мен формасын көрсету. Оқу іс-әрекеті мұғалімнің жоспарлы және жүйелі,

бірыңғай проблемалық жағдаяттарды тудыруынан және осы проблемалық жағдаяттарды шешуге білім алушыларды тартудан тұрады.

Проблемалық жағдаят субъект, яғни білім алушы кейбір қарама-қайшылықтарға, түсініксіз, белгісіз жағдайға тап болған кезде туындайды. Проблемалық жағдаят – бұл мейлінше көмескі, әлі онша айқын емес жағдай. Аз түсінілген әсер немесе жан құбылысы, ол «бірдеңе дұрыс емес» дегендейге белгі береді.

Білім алушылар тапсырманың талабы мен шарттары арасындағы қарама-қайшылықты түсінеді, оларда жаңа білімді ашуға, үзіктер ұзындығын салыстыру үшін бір өлшеуішті қолдану қажет деген сұраныс, қажеттілік пайда болады.

Проблемалық тапсырма деп – орындау кезінде білім алушылар жаңа білімдер мен іс-әрекетті меңгеруі тиіс теориялық немесе практикалық білімді түсінеміз. Проблемалық тапсырма келесідей белгілерімен сипатталады:

– тапсырма білім алушылар меңгерген білім мен білікке негізделуі тиіс;

– ашуы тиіс белгісіз, меңгеруге тиіс жалпы заңдылықты, іс-әрекеттің жалпы тәсілін немесе іс-әрекетті орындаудың кейбір жалпы шарттарын құрайды;

– проблемалық тапсырманы орындау білім алушылардың меңгерілетін білмге сұраныстарын тудырып, оның дұрыс қолданылуына және заңдылықтарын түсінуге алып келуі керек.

Проблемалық тапсырма ретінде оқу тапсырмалары, сұрақтары, практикалық тапсырмалар келуі мүмкін. Алайда проблемалық тапсырма мен проблемалық жағдаятты араластыруға болмайды. Проблемалық тапсырма өздігінен проблемалық жағдаят емес, ол тек белгілі бір жағдайларда ғана проблемалық жағдаятты туындатуы мүмкін. Оқытудың барлық процестеріне бірдей жатпайтын, тек проблемалық тапсырманың көмегімен проблемалық жағдаят тудыруға жататын кейбір талаптарды атап өтеміз:

– тапсырманың тұжырымы білім алушыларды қызықтырып, іздену әрекетіне мотив тудырып, оларда жаңаны меңгеруге деген қажеттілікті, сұранысты оятып, білетіні мен білмейтіні арасындағы қарама-қайшылықтың пайда болуын алдын ала анықтауына жол ашуы тиіс;

– пайда болған проблемалық жағдаятты тапсырманы орындау мүмкін еместігін көрсету жолымен ерекшелеген жөн;

– білім алушылар алған мәліметтерді немесе іс-әрекеттің талап етілген тәсілін осы проблеманы тудырған тапсырманы орындау үшін пайдалануы тиіс.

Осылайша проблемалық оқыту ретінде мұғалімнің жетекшілігімен проблемалық жағдай және олардың шешілуіне қарай білім алушылардың белсенді өзіндік іс-әрекетін туындату болжанатын оқу сабақтарының ұйымдастырылуы түсініледі. Іс-әрекет Математиканы проблемалық оқытудың әдіснамасы ретінде біз бейнелену теориясын – тұлғалық-іс-әрекетті ықпалды, оқу іс-әрекетінің теориясын алған болатынбыз. Осыларға сүйене отырып біз проблемалық оқытудың негізгі категоряларын айқындадық.

Әдебиеттер:

1.Марков М. О проблемном обучении // Советская педагогика. – 1967. – №7. – С. 105-108.

2.Мочалова Н.М. Методы проблемного обучения и границы их применения. – Казань, 1978. – 153 с.

3.Савинова Е.С., Как читать по – английски математические, химические и другие символы, формулы и сокращения. Справочник. – М.: Наука, 1985 – 49 с.

***

Жумагалиева А.Е., Джамбулова Ж.М.
Обратная связь на уроках математики

Результаты психолого-педагогического исследования в области творческого мышления и проблемного обучения позволили разработать общую технологию проблемного обучения. В статье рассматривается эффективное использование технологии проблемного обучения в процессе развития свободной речи на трех языках.
Ключевые слова: Многоязычное образование, проблемного обучения, процент.

Zhumagalieva A.E., Jambulova Z.M.
Feedback on the lesson of mathematics

The results of psychological and pedagogical research in the field of creative thinking and problem-based learning have made it possible to develop a common technology for problem-based leaning. In the article the effective use of problem – based learning technologies in the process of development of free speech in three languages is considered.
Keywords: Multilingual education, problem – based learning, percentage.

***

ӘОЖ 330.31

Медешова А.Б. – п.г.к., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: *medeshovaa@mail.ru*
Бақтығалиева А.Y. – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің магистранты
E-mail: *aisu94@mail.ru*

КӨП ФУНКЦИОНАЛДЫ ЖЕЛІЛІК ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚТАР ҚҰРУ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа. *Ғылыми мақалада негізінен қазіргі заманның білім саласына сай ақпараттық технологияларды пайдалану, оның ішінде электронды оқулықты оқу барысында қолдану, электронды жүйеге көшудің басты бағыттарына талдау жасалады. Сондай-ақ, электронды оқулықтардың басты ерекшеліктері, электронды оқулықтардың түрлері, желілік, көп функционалды электронды оқулықтар жайлы қарастырылады.*
Тірек сөздер: *Ақпараттық технологиялар, электронды байланыс құралдары электронды оқулық, желілік электронды оқулық, көп функционалды, ақпараттық технология құралдары.*

Қазіргі таңда білім саласында ақпараттық технологияларды, соның ішінде компьютер, видео және аудио техникаларын, әртүрлі электронды байланыс құралдарын қолдану кең етек жаюда. Әсіресе, ақпараттық білім жүйесін функционалдық мүмкіндіктермен қамтамасыз ететін инфрақұрылымдық сала басты назарда. Оқу материалдарының электронды нұсқага өтуі, компьютерлік желілерді ақпараттарды жеткізу құралы ретінде жан-жақты қолдану білім саласына жаңалық әкелді. Нәтижесінде, компьютерлік сыныптарда сабақ беруші мұғалім оқушыларды және оқу үрдісін жақсырақ ұйымдастырып, басқара алады. Бірақ желілік оқу жүйесін құруда ақпаратты өңдеу мен қабылдауға байланысты бірнеше қиындықтар туындады және ол мәселелер қашықтықтан оқыту жүйесінің дамуын тежейді. Сондықтан бұл мәселелерді шешу өте маңызды болып саналады [1].

Мәселені шешудің бір жолы галымдар құрастырып шыққан электронды оқулықтарды қайта өңдеу болып табылады. Желіде жұмыс жасау барысында оқушыларды деңгей бойынша оқыту функциясын электронды оқулықтар арқылы жүргізу оқытушының жұмысын біршама жеңілдетеді.

Электронды оқулық әр оқушының деңгейіне сай келіп, оқыту барысында бақылау жұмыстарының нәтижесін шығарып, бағалауы керек. Бұл функцияларды іске асыру үшін оқушы және оқытушының электронды оқулықпен байланыс орнатуы қажет. Электронды оқулықтың басты ерекшелігі - оның ғаламдық компьютерлік желі ретінде қолданылуы. Кейбір жағдайларда клиент-сервер электронды оқулықтың көпфункционалдылығын пайдалануда біршама қиындықтар тудырады.

Электронды оқулықтарды пайдаланып оқушыларды интеллектуалды оқыту жүйесіне И.П. Норенков және В.Л. Усков теориялық және практикалық түрде өз үлестерін қосты. Олар 1992-1994 жылдар аралығында АҚШ-тың Мичиган университетінің мамандарымен біріге жұмыс жасады және жұмыстарының нәтижесі қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша Бірінші Халықаралық конференцияда жариялады. Бұл бағытта Берлиндегі Технологиялар университеті мен Психология институттарының қызметкерлері A.Guenther, A.Upmeyer маңызды жұмыстар атқарды. Олардың алған нәтижесі интеллектуалды оқыту жүйесінің құрылымын таңдау бағытында болды [2].

Ф.Уоссермен нейронды желілерді қолдану бойынша жұмыстар атқарды. Бұл тақырыпқа қатысты сұрақтарды басқа авторлар да қарастырды. Электронды оқулықтарды қайта өңдеу және қолдану бойынша Санкт-Петербургтегі бірқатар университеттерде жақсы нәтиже берді. Бұл ретте ақпараттық білім жүйесінде электронды оқу құралдарын барынша жетілдіруді және оны оқыту барысында қолдануды қажет етеді. Сондықтан біз өз ғылыми жұмысымызда электронды оқулықтарды қайта өңдеудің әдістерін табуды басты мақсат тұтып отырмыз.

Бұл мақсатқа жету үшін келесі тапсырмалар орындалады:

1) Электронды оқулықтарға қойылатын басты талаптарды анықтау.

2) Көпфункционалды электронды оқулықтардың құрылымын таңдау.

3) Бағалау жүйесін қайта өңдеп шығу.

4) Оқу үрдісі мен құрылымын қайта қарастыру.

5) Электронды оқулықтардың функцияларын қамтамасыз ететін программалық құралдарды біріктіру.

6) Электронды оқулықтың базалық үлгісін құрастыру.

Ғылыми жұмыста электронды оқулықтардың басты ерекшеліктері қарастырылады. Электронды оқулықтарды республикалық деңгейде зерделей келе, негізгі құрылымы анықталды. Оның құрамында: білімді бақылау блогы, оқыту барысында қажетті фрагменттерді біріктіру блогы бар екені анықталды.

Электронды оқулық — мультимедиялық құрал, сондықтан электронды оқулықтың құрылымы сапалы жаңа деңгейде болуға тиіс. Электронды оқулық оқушының уақытын үнемдейді, оқу материалдарын іздеп отырмай, өтілген және оқушының ұмытып қалған материалдарын еске түсіруге зор ықпал етеді. Себебі, оқушының өзіне көрнекілік қолданған тиімді қажет элементінің жанында жазуы болады. Электронды оқыту бейне, аудио, мультимедиа технологиясы мен олардың әр түрлі комбинацияларын енгізуге байланысты болып отыр. Электронды оқытудың негізгі мәселелері ақпараттық-коммуникативтік технология негізінде ақпараттық білім беру ортасын құру және оны тиімді пайдалану болып табылады.

Электронды оқулық мынандай жағдайларда тиімді: кері байланыспен лезде қамтамасыз ете алады; гипермәтіндік түсініктемелердің көп рет қолданған кезде уақытты үнемдейді; белгілі бір бөлім бойынша білімді тексереді; қысқа мәтінмен көрсете, айта және модельдей алады.

Электронды оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты: оқыту үрдісін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту. Білім берудің кез келген саласында электронды оқулықтарды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана коймай ойлау жүйесін калыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Оқыту үрдісінде оқыту әдістерін тиімді пайдалану, білім беру жүйесін тұтастай ақпараттандыру арқылы жаңа оқыту

технологиясын енгізу оқыту үрдісінде толыққанды дамуына мүмкіндік жасайды. Оқыту үрдісінде компьютерге негізделген жеке әдістемелер оқу мақсаттары мен жағдайларына байланысты тиімді қолданылуы қажет. Оқытудың тиімділігі оқытудың жеке тұлғалық стиліне, яғни, оқушыға оқу материалын тиімді сипаттайтындай қабылдау механизміне тәуелді болады. Осыған байланысты оқу іс-әрекетін тиімді қамтамасыз ету бәрінен бұрын оқушылардың өзіндік іс-әрекетін, оқытушының әрбір оқушымен жеке тұлғалық оқу іс-әрекетін сүйемелдеуді және жобалар мен оқу жұмыстарын оқытушылармен бірге ұйымдастыруды жобалайды.

Осылайша ақпараттық технологиялардың дамуы жаңа әдіс-тәсілдердің пайда болуына және сонымен бірге оның сапасын жоғарылатады.

Электронды оқытудың технологиялық құралдарын былайша топтастыруға болады:

1. Аппараттық құралдар, мультимедиялық бағдарламалар және Интернет.
2. Электронды оқытуды әзірлеудің бағдарламалық құралдары.
3. Оқу үрдісін басқарудың ақпараттық жүйесі.

Электронды тренажерлар практикалық іскерліктер мен дағдыларды бекітуге арналған. Сонымен қатар олар есепті шығару іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда олар теориядан қысқаша ақпарат алып, әр түрлі деңгейлерде өз бетінше жұмысты ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Математикалық және имитациялық моделдеу үшін арналған программалық құралдар, тәжірибелік және теориялық зерттеулерді кеңейтіп, физикалық тәжірибені есептеуіш тәжірибемен толықтыруға мүмкіндік береді. Бір жағдайларда зерттеу объектілері, екіншісінде - өлшеуіш тағайындаулар модельденеді. Бұндай құралдар қымбат лабораториялық құрылғыларды сатып алуға кететін шығынды азайтуға мүмкіндік береді, оқу лабораторияларындағы жұмыс қауіпсіздігі төмендейді. Автоматтандырылған оқыту жүйелері оқушыларды теориялық материалмен таныстырып, білім деңгейін бақылауға мүмкіндік беретін шағын көлемді оқытушы программалар. Интеллектуалдық оқытушы жүйелер жоғарғы деңгейлі жүйелерге жатады және жасанды интеллекті идеясында жүзеге асырлады. ИОЖ есептің қойылымынан және оны шешу принципін іздеуден бастап, шешімнің тиімділігін бағалауға дейін, оқу есебінің барлық сатыларында басқаруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұндай жүйелер қарапайым тілге жақын тілде өзара диалогтық түрде қарым-қатынас ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Диалог барысында тек орындалатын әрекеттер дұрыстығы ғана емес, сонымен қатар шешімді іздеу стратегиясы әрекеттерді жоспарлау және т.б. талқылануы мүмкін [3].

Білімді ақпараттандырудың өзекті есептерінің бірі білім беруші электронды құралдарды классификациялау проблемасы болып табылады. Бұндай классификация бірнеше әр түрлі критерийлер негізінде жүргізілуі мүмкін.

Жалпы оқу жүйесіне қатысы оқытушы электронды құралдарды(ОЭҚ) келесі түрлерге бөлуге болады:

- Стандарттарға сәйкес дәстүрлі жүйеде оқытуға арналған ОЭҚ;
- Факультатив жұмыстарға арналған ОЭҚ;
- ОЭҚ - үй репетиторлары;
- Оқу қызметінің нәтижелерін бақылаушы және бағалаушы ОЭҚ;
- Анықтамалық және энциклопедиялық сипаттағы ОЭҚ;

Дәстүрлі оқыту жүйесінде оқытушы электронды құралдарды қолдануға арналған программалық құралдардың барлық типтерін қамтуы мүмкін. Сонымен қатар, дәстүрлі оқыту жүйесі ОЭҚ-ды оқушылардың өз бетінше жұмысында қолдануға үлкен мүмкіндіктер береді.

Факультатив жұмысында қолдануға және бір пән бойынша білімін тереңдетуге арналған ОЭҚ дәстүрлі оқыту жүйесіне бағытталған ОЭҚ- ға ұқсас. Негізгі ерекшелігі ҚР БМ стандарттары мен программаларынан тыс оқу материалдарының болуы.

Әдістемелік қызметіне қарай ОЭҚ-дар мен олардын компоненттерін былай жіктеуге болады:

- Оқытушы (білімдерді хабарлайды, іскерліктер мен дағдылар қалыптастырады);
- Тренажерлар (Өтілген материалды қайталау немесе бекітуге арналған);
- Бақылаушы (Оқу материалын меңгеру деңгейін бақылауға арналған);
- Ақпараттық іздеу және ақпараттық анықтамалық (ақпаратты жүйелендіру бойынша мәліметтер беріп, іскерліктер мен дағдылар қалыптастырады);
- Демонстрациялық (зерттелетін объектілер мен құбылыстарды визуализацилайды);
- Имитациялық (құрылымдық функционалдық сипаттарын зерттеу үшін нақты бір шындық аспектісін бенейлейді);
- Моделдеуші (зерттеу мақсатында объектілерді, құбылыстарды және прцестерді моделдеуге мүмкідік береді);
- Есептеуіш (есептеулерді автоматтандырады);
- Оқытушы-ойындық (оқушылардың қызметін ойын түрінде ұйымдастырады);
- Ойындық (жадыны, назарын дамытуға арналған).

Сабақты ұйымдастыру формасына қарай да ОЭҚ-рды топтауға болады. Оларды дәріс, лабораториялық, практикалық сабақтарда, ғылыми зерттеу жұмысында курстық және дипломдық проектілерге пайдаланылатын деп ажыратады.

Электронды оқулықтарды дидактикалық ерекшеліктеріне қарай білімді қалыптастыру, мәліметтерді хабарлау, іскерліктер қалыптастыру, білімді бекітудің дидактикалық бағытталуына қарай классификациялауға болады. Сонымен қатар электронды оқулықтарды құруда технологиялық тұрғыдан негізделген танымдық әрекеттің төмендегідей сатылары ескерілуі керек:

- Қабылдау;
- Білімді бекіту;
- Жеке тәжірибені қалыптастыру(іскерліктер, дағдылар);
- Зерттеу және іздеу қызметі.

Электронды оқулықтар және оларға қажетті материалдар дидактикалық деңгейіне байланысты негізгі төрт топқа бөлінуі мүмкін.

Бірінші топқа баспа материалдары және олардың көшірмелері, аудио және видео касеталар жатады. Баспаға шығарылған басылымдар тақырып бойынша теориялық материалдардың оқыту текстінен және оларға сәйкес графикалық иллюстрациялардан, оқытушылар үшін ұсыныстардан, есептер жинағынан құралады.

Екінші топқа элетронды оқулықтар, виртуальді оқу кабинеттері және компьютерлік желілер жатуы мүмкін.

Үшінші топқа виртуальді оқу лабораториялары және сол сияқты басқа да компьютерлік жүйелер кіреді. Бұндай жүйелердің ерекшелігі – олардың жұмысында зерттелетін объект немесе үрдістердің математикалық моделдерінің қолданылуы. Үшінші топтағы ОЭҚ-рдың дидактикалық мақсаты объектілер және үрдістердің қасиеттерін зерттеу.

Төртінші топтың кәсіби қызметі автоматтандырудың компьютерлік жүйелері немесе олардың қолданбалы программалар пакеті түріндегі оқытушы аналогтары. Олар курстық немесе дипломдық проектілеу барысында әр түрлі есептер үшін қолданылуы мүмкін. Бұл топтын ОЭҚ-рын қолдану негізінде оқыту үрдісі еркін зерттеу режимінде өтеді және сипаты бойынша маманның кәсіби қызметіне жақын болады.

Элетронды оқу құралдарын құру кезінде психологиялық сипаттағы талаптар ролін де есепке алу керек. Осы принциптерге сәйкес электронды оқу құралдарын құруда мыналарды ескеру қажет:

- Оқу үрдісінің есебі мен мақсатын нақты анықтау;

- Студенттердің қызметін детальді түрде жоспарлау;
- Оқу - әдістемелік материалдарды құру үрдісінде студенттердің қабылдау, ойлау, есте сақтау сияқты психологиялық ерекшеліктерін ескеру;
- Студент пен оқытушы, студент пен оқу материалы арасында кері байланысты ұйымдастыру;
- Өз бетінше ақпаратпен жұмыс жасау іскерліктерін қалыптастыру [4].

Ақпараттық технологиялардың дамуы сабақты өткізудің жаңа мүмкіндігін – қашықтан оқытудың енуін берді. Ол біріншіден, үйренушінің өзіне оқу уақыты мен орнын таңдауына, еніншіден, қандай да бір себептермен дәстүрлі білім алудан шеттетілген адамдарға білім алуға, үшіншіден, оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдануға, төртіншіден, оқытуға кететін шығынды белгілі бір мөлшерде азайтуға мүмкіндік береді. Басқа жағынан қашықтан оқыту білім беруді жекешелендіру мүмкіндігін арттырады.

Қашықтан оқытуда электронды оқулықтар қолданылатыны белгілі. Электронды оқулықтарды құру ақпараттық материалдардың әркез жаңарып отыруына байланысты мәселені шешуге мүмкіндік береді. Оларда, сонымен қатар, жаттығулар мен мысалдардың мол болуы және ақпараттың әр түрінің көрнекі түрде берілуі мүмкін. Сонымен бірге электронды оқулықтар көмегімен білімді тексеру – компьютерлік тест орындалады.

Білім беру саласында электронды оқулықтарды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Электронды оқулықтарды қолдану тәжірибесі студенттер мен оқушылардың берілген материалды сапалы түрде меңгеретінін көрсетті. Бұған тестілеу қорытындылары куә. Олай болса ақпараттық технологияның дамуы білім беруде жаңа әдістер мен әдістемелерді ойлап табуға және сол арқылы оның сапасын арттыруға толық мүмкіндік береді. Электронды оқулықты пайдалану мұғалімнің де ғылыми-әдістемелік потенциалын дамытып, оның сабақ үстіндегі еңбегін жеңілдетеді. Оқытудың әр сатысында компьютерлік тесттер арқылы оқушыны жекелей бақылауды, графикалық бейнелеу, мәтіндері түрінде, мультимедиалық, бейне және дыбыс бөлімдерінің бағдарламасы бойынша алатын жаңалықтарды іске асыруға көп көмегін тигізеді. Электронды оқулықтарды қарапайым оқулықтарға қарағанда пайдалану ыңғайлы және оларда өзін - өзі тексеру жүйесі бар. Осы электронды оқулықтың артықшылығы болып табылады. Сондықтан, өзін - өзі тексеру жүйесі оқушы мен оқытушының арасындағы байланысын алмастырады да, оларды ауылдық жерлерде, мұғалім жетіспейтін жерлерде көбіне қажет етеді [5].

Электронды оқулықтарды пайдалану оқушылардың, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес.

Электронды оқулық мазмұны жағынан толық, жоғары деңгейде ақпараттанған және дарынды жазылуы қажет. Қашықтан білім алуда оқулықта барлық электронды-методикалық құралдары кіруі керек. Дәл осындай оқулықты кез-келген оқушыға ұсынуға болады және студенттердің өз бетінше дайындалуы кезінде жақсы көмекші құрал болып табылады. Сонымен қатар сынақтарға және әр пәннен өтетін емтихандарға дайындалуға да көмектеседі.

Бүгінгі таңда білім беруді ақпараттандыру формалары мен құралдары өте көп. Олардын мақсаты оқыту үрдісін мүмкіндігінше дидактикалық жағынан тиімді ұйымдастыру. Дидактикалық тиімділікке қол жеткізу үшін қазіргі замандағы ақпараттық және телекоммуникациялық технология құралдарын комплексті түрде зерттеу, өз бетінше жұмыс жасау, білім алу сияқты әр түрлі салаларда қолдану қажет.

Оқу үрдісінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдар мүмкіндігін комлексті түрде қолдануды жүзеге асыру көп функционалды электронды оқу құралдарын құру және қолдану кезінде ғана мүмкін болады.

Осындай электронды оқулықтарды оқытуда пайдаланудың негізгі дидактикалық мақсаты білім беру, білімді бекіту, дағды мен іскерліктер қалыптастыру, меңгеру деңгейін бақылау.

Желілік электронды оқулықтың мазмұндық компоненті гипертекст арқылы жүзеге асырылады. Гипертекст – терминдерден, ұғымдардан, әртүрлі концепциялардан, кестелерден, графиктерден және диаграммалардан тұратын мәліметтер базасы ретінде берілетін ақпараттық оқыту ортасы. Мәтіндерді қазақ, орыс, ал кейбірін ағылшын тіліндегі дыбыстар арқылы айтуға болады. Гипертекст бейне материалдарымен толықтырылған.

Желілік электронды оқулықтың операциялық компоненті интерактивті формада берілген тапсырмаларды орындау арқылы іске асырылады. Желілік электронды оқулықтың нәтижелік бақылау компоненті тест алу жолымен жүргізіледі. Желілік электронды оқулықта тесттердің екі түрі берілген: бір дұрыс жауабы бар. Тест соңында оқушы өзі қате жіберген сұрақтарды тексеріп көре алады, әрбір тесттен соң сұрақтардың реттік орны ауыстырылып отырады.

Мұғалім үшін желілік электронды оқулық бұл күнбе-күн дамытылып отыратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе, оны әрбір оқытушы өз педагогикалық тәжірибесіндегі материалдармен толықтыра отырып, ары қарай жетілдіре алады. Сол себепті электронды оқулықтарды әзірлеп оны дамытудағы ұсыныстар мен пікірлер арқылы тиімділігін бірте-бірте арттыратынын көрсетеді Қазіргі кезде білім үрдісінің әртүрлі тұлғалары арасында қашықтықтан мәлімет алмасу ісі мүмкін болып, олар бір-бірімен ашық түрде компьютерлер көмегімен өз пәндері айналасында пікірлесе алатын болды. Мысалы, мұғалімдер – мұғалімдермен, мұғалімдер – ғалымдармен, мұғалімдер – оқушылармен, мұғалімдер – ата-аналармен, мұғалімдер – оқулық жазушыларымен және т. б.

Оқушылар үшін желілік электронды оқулық – мектепте оқыған жылдардың барлығында да өздері толықтырып отыра алатын және нәтижелік емтиханға дайындалуға көмектесетін мәліметтер базасы болып келеді. Электронды оқулықтармен жұмыс істеу әрбір оқушының өз мүмкіндігін есепке ала отырып, оқып үйрену ісін жеке дара жүргізуі болып саналады.

Желілік электронды оқулық – дисплей экранында көрінетін жай ғана мәтін емес – ол оқушыға өз жолымен, керекті материалдарды жеке меңгеруге арналған күрделі, көпсатылыжүйе, оқулықтың қажетті бөлімдерін қайталап, игеру тәсілі мен логикасын да өзіне тән етіп таңдап алып, осы сәтте ең керек деген материалдарды қарап шығуға мүмкіндік береді. Оның гипермәтіні нақты құрылымдардан тұрады да, бір-бірімен тығыз байланысқан ықшам логикалық жүйе болып табылады. Бұл жүйемен танысу арқылы оқушы практикалық негізде алгоритмдік ойлау қабілетін дамыта алады. Ал өзіне қажетті мәліметті компьютер жадының керекті ұясынан іздеп таба білу да әрбір баланың бүгін талап етілетін стратегиялық ойлау қабілетін қалыптастырады [6].

Желілік электронды оқулық технологияларын Қазақстан мектептерінде алғаш рет 2005 жылы пайдаланды. Қазақстандық-сингапурлық жоба шеңберінде тілдерді оқытуға арналған «MERiTS» желілік бағдарламасы енгізілді, ол -MERiTS CRMS (Class Room Management System) – сабақ кестесін құруға, оқушылардың екеулеп немесе микротоптағы жұмыстарын ұйымдастыруға мүмкіндік беретін, сыныпты басқару жүйесінен; - MERITS LMS (Learning Management System) – оқу үрдісіне басқарушылық ету мен оның мазмұнының дамуын қамтамасыз ететін оқу үрдісін басқару жүйесінен, COURSEWARE – қазақстандық білім стандартына сәйкес 2-11 сыныптар үшін қазақ, ағылшын, орыс тілдері бойынша мультимедиалық оқыту бағдарламасынан тұрады.

CMERITS CRMS жүйесі екі модульден тұрады: мұғалімнің компьютеріне орнатылатын Мұғалім Модулі және оқушының компьютеріне орнатылатын оқушы Модулі. Мұғалім Модулінің сабақ өткізген кездегі негізгі қызметі: басқару, бақылау және оқушылармен байланыс жасауды қамтамасыз етеді. Мұғалім сабақ өткізген кезде компьютерлік сынып толық бақылауда болады. Оқушы Модулінің мұғалім Модулімен қарым-қатынас жасауға мүмкіндігі бар. Ол өзара қатынас жасауға, сондай-ақ, мұғаліммен, басқа да оқушылармен байланысуға мүмкіндік алады. Басқарушы Модулі мектептің жүйелік басқарушы қызметін қамтамасыз етеді. Басқарушы болып келесі пайдаланушылар танылады: жүйе пайдаланушылардың өкілеттік шеңберін анықтау, LMS қолдануында тілдері тағайындау, оқу үрдісіне қатысушыларды тіркеу, оқушыларды сыныптарға бөлу және оларға мұғалімді бекіту, жаңа курстарды енгізу, жалпы жүйені басқару.

Мұғалім Модулі тек әкімшілікке тіркелген оқушылармен ғана қарым-қатынаста бола алады, COURSEWARE жүйеленген оқыту курсына кіруіне мүмкіндігі бар, курс мазмұнын игергенін бақылауға, тапсырмалардың орындалғанын байқауға, оқушылардың нәтижесін бағалауға, жұппен, топпен, микротоппен т.б. жұмысты ұйымдастыруға көмектеседі. Оқушы Модулі хабарландырумен танысуға; COURSEWARE бағдарламасына кіруге мүмкіндік береді және жеке өзіндік оқу-танымдық іс-әрекет үшін жағдай туғызады (мақсатынан бастап нәтижесіне дейін) [7].

Көп функционалды электронды оқулықтар:

- Оқушылардын өз бетінше білім алу қызметің ұйымдастыруға;
- Әр түрлі ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау, объектілерді, құбылыстарды модельдеу сияқты, оқыту қызметін ұйымдастыру үрдісінде қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалануға;
- Оқу үрдісінде мультимедия технологияларын, гипертекстік және гипермедия жүйелерін пайдалануға;
- Оқушылардың интеллектуалды мүмкіндіктерін, білім, дағды, іскерлік деңгейлерін, сабаққа дайындық деңгейін бақылауға;
- Оқытуды басқаруға, оқу қызметінің, тестілеудің нәтижелерін бақылау үрдісің автоматтандыруға интеллектуалдық деңгейіне қарай тапсырмалар беруге;
- Оқушылардын өз бетінше оқу қызметін жүзеге асыру үшін жағдай жасауға;
- Қазіргі заманда телекоммуникациялық орталарда жұмыс жасауға, ақпараттық ағындарды басқаруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Оқытушы электронды құралдарды компонеттері ретінде мыналарды қарастыруға болады:

- Сервистік программалық құралдар;
- Оқушылардың білім деңгейін, іскерлігі мен дағдыларын бақылау мен тексеруге арналған программалық құралдар;
- Электронды тренажерлар;
- Математикалық және имитациялық моделдеу үшін прграммалық құралдар;
- Автоматтандырылған оқтушы жүйелер (АОЖ);
- Экспертті оқытушы жүйелер (ЭОЖ);
- Интелектуалдық оқытушы жүйелер (ИОЖ);

Оқушылардың білім деңгейін бақылау және тексеруге арналған программалық құралдар құрылу жеңілдігіне байланысты кең қолданыс тапты. Тіпті, программалау негіздерімен таныс емес кез келген оқытушы өз пәні бойынша сұрақтар мен мүмкін болатын жауаптарын енгізе алатын бірқатар инструментальді жүйелер бар. Оқушының есебі ұсынылатын жауаптардын ішінен дұрысын тандау. Бұндай программалар оқытушыларды бақылау тапсырмаларын беріп, олардың дұрыстығын тексеру жұмысынан босатады. Оқу материалын бекіту үшін бұл программаларды бір неше рет қолдануға болады [8].

Қазіргі уақытта оқу пәндерінің барлық бағыттыры бойынша желілік электронды оқулықтар құрылуда. Мұндай оқу көздеріне деген қызығушылықтың

артуы мультимедиалық технологиялардың пайда болуымен және коммуникациялық құралдар, Интернет желісінің дамуымен байланысты. Желілік электронды оқулықтар жасаудың педагогикалық технологиясының құрылымы оқыту үрдісінің заңдылықтарына негізделіп, бір-бірімен байланысты төрт компоненттен тұрады: мотивациялық-мақсатты, мазмұндық, операциялық және бағалы-нәтижелік. Желілік электронды оқулықтың мотивациялық-мақсатты компоненті модульдер мен шағын модульдерді құрастырудан тұрады. Модуль – пән саласындағы жүйелік және қызметтік білімдердің жиынтығы. Ол электронды оқулық арқылы оқытуды ұйымдастырудың «қызметтік түйіні» болып табылады [9].

Зерттеу барысында [10; 11; 12; 13] жоғарғы оқу орындарының студенттері мен мектеп мұғалімдеріне сабақ барысында туындаған түрлі проблемалық жағдайларды шешуге бағытталған "Проблемалық оқыту технология бойынша информатика пән мұғалімдеріне білім берудің жаңа технологияларын пайдалану нұсқаулығы" қарастырылды.

Бағдарламада мультимедиялық материалдардың барлығы, яғни оның құрамына дыбыстық файлдар, түрлі деңгейдегі картиналар мен фотосуреттер және бейне файлдармен қамтылады. Бұл материалдарды оқулықтың ішіне енгізу үшін macromedia flash 8 бағдарламасының барлық мүмкіндіктері қолданылады. Осындай күрделі операцияларды орындау үшін объектілі бағдарлы программалау тілінің ең жоғарғы деңгейлі математикалық – логикалық есептерді, операциялық жүйенің жүйелік файлдарымен жұмыс істейтін (видеолар, картиналар, дыбыстар т.б.) драйверлер мен жүйелік орнатуларды пайдалануға болады.

Біз құрастырған электрондық оқу құралы жалпы және оның құрылымына, функцияларына, мазмұнына, оқу элементтеріне, рәсімделуіне, құжаттамаларына және шығу мәліметтеріне қойылатын талаптарды орындайды.



1-сурет. – Электрондық оқу құралының мұқабасы

Электрондық оқу құралы бірнеше модульге, микромодульге бөлінген. Әр модульдің теориялық материалдары және практикалық тапсырмалары, бақылау жұмыстары бар.



2-сурет. – Электрондық оқу құралының теориялық бөлімі

Пайдалану бойынша бұл құрал қиындық тудырмайды. Әр модульдее бастауыш, орта, жоғары буынды, содан кейін сабақ беретін сыныпты таңдау қажет.



3-сурет. – 5-сыныпқа арналған күнтізбелік сабақ жоспары модулі

5 сынып бойынша оқытылатын техника қауіпсіздігін сақтау тақырыбына видеонұсқауды қарайық. Мұндай видесюжеттер мен графикалық элементтер жеңіл енгізіледі.



4-сурет. – Тақырып бойынша проблемалық жағдай туғызу және шешу жолдарына видеонұсқау

Бұл видео нұсқауда тақырып бойынша техника қауіпсіздігін сақтаудың маңыздылығы мысал ретінде көрсетілген. Мұғалім видеоны қалауы бойынша қолдана алады. Видео бойынша түрлі материалдар дайындауға болады, флипчарт, суреттер, түрлі көрнекілер тіпті материалдар жоқ болса осы видеоны көрсете алады немесе өзі видеоның орнына ойнап бере алады. Естен шығармайтын жағдай мұғалім берілген материалдарды тек жеткізуші болмауы қажет [14; 15].

Электронды оқулықтарды пайдалану сабақ барысында туындаған проблемаларды шешуге, дұрыс шешім қабылдауға және практикалық тәжірибесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Чернявский А.Ф., Мухарский А.М., Орлов А.В. и др. Автоматизированные обучающие системы на базе ЭВМ / Под ред. А.Ф. Чернявского. - Минск: Издательство БГУ, 1980. – 175 с.

2. Андреев А.А. Дидактические основы дистанционного обучения. – М.: РАО, 1999. – 120 с.

3. Медешова А.Б., Мухамбетова Ғ.Ғ., Амантурлина Г.К. Информатиканы оқыту теориясы мен әдістемесі. - Орал: М Өтемісов атындағы БҚМУ Баспа орталығы, 2011. – 204 б.

4. Сариев Б., Әмірбеков А., Қадірбаева Р. Компьютер көмегімен көп нұсқалы бақылау жұмысын өткізу.// ИФМ. - №2. –Алматы, 1993.,22-25бб.

5. Автоматизированные информационные технологии в экономике: Учебник / Под ред. проф. Г.А. Титоренко. – М : ЮНИТИ, 2000. – 400 с.

6. Гусева А.И., Синицын С.В. Сетевые информационные технологии в учебном процессе // Научная сессия МИФИ-98. Сб. научных трудов в 11 томах. Т.6. – М.: МИФИ, 1998. – С. 81-83.

7. Цифровые образовательные ресурсы. – http://www.nci.kz/kk/content/okytudyn-zhelilik-tehnologiyalary. Пайдаланған уақыты: 25.09.2016 ж.

8. Брябрин В.М. Програмное обеспечение персональных ЭВМ. – М.: Наука, 1989. – 272с.

9. Грибач В.А, Леонова Н.М, Модяев А.Д Адаптация сетевых информационных технологий дневной формы обучения применительно к дистанционному образованию // Труды конференции «Телематика 97'». – СПб., 1997. – С. 177-178.

10. Еркебаева Г.Ғ.Қазақстан Республикасының ұлттық білім беру жүйесінің міндеттері, бағыттары мен мазмұны // Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. – Шымкент, 2011. – Б. 6-9.

11. Абыканова Б.Т. Компьютерлік технологияны пайдалану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың дидактикалық шарттары. – Алматы, 2005. – 120 б.

12. Медешова А.Б. Оқытудың ақпараттық технологиясын құзыреттілік тұрғыдан қолданудың тиімді жолдары // БҚГА Хабаршысы. – 2010. – №1(12). – Б. 141-143.

13. Medeshova A., Amanturlina G., Sumyanova E. Development of Training Skills in Students as the Precondition for Educational Competencies // International Journal of Environmental & Science Education. – 2016. – №11-17. P. 9649-9656.

14. Медешова А.Б., Байзуллаев М., Даулетова С. Электрондық оқу құралын жасақтау және пайдалану жағдайлары // Межвузовская студенческая конференция «Конституция РК – правовой феномен современности». – Петропавловск, 2015. – С. 78-81.

15. Медешова А.Б., Аймичева Г.И., Муратова Ж.М., Қасымова А.Х. Нәтижеге бағдарлап оқыту арқылы түлектердің бәсекеге қабілетін дамыту // БҚМУ Хабаршысы. – 2016. – №3(63). – Б. 79-85.

***

Медешова А.Б., Бактыгалиева А .У.

Методы разработки многофункциональных сетевых электронных учебников

Особенностью английского языка по сравнению с казахским языком является то, что в английском языке есть особые термины, указывающие на происхождение только от матери или от отца. Это такие термины как german sister/brother, blood sister/brother, full sister/brother, whole sister/brother, uterine sister/brother, half - sister/brother и step sister/brother. Термин german sister/brother означает «a brother or sister by both the father's and mother's side, in contradistinction to a uterine brother, one by the mother only» (брат или сестра, являющиеся кровными родственниками только по матери или только по отцу) [18]. По данным этимологического словаря английского языка английское слово «german» восходит к древнефранцузскому слову «germain», означающему «от одних родителей». Данный термин впервые зафиксирован в 1300 году. Термины «sister» и «brother» являются словами прото-германского происхождения. Термин «sister» произошел от слов «sweostor», «swuster», современная форма «sister» восходит к середине 13 века. Происхождение термина «brother» возводят к ряду древнегерманских языков: старонорвежскому «broðir», датскому «broder», старофризскому «brother». Для указания на кровную связь между братьями и сестрами используются также термины blood sister/brother, full sister/brother, whole sister/brother. «Blood» также является словом прото-германского происхождения. Данное слово восходит к древнеанглийскому слову «blod», означающему «кровь». Современная форма термина «full» происходит от древнеанглийского слова «fyllo», «fyllu» «полнота». Слово «whole» берет свое начало от древнеанглийского «hal», который означает «весь», «целый» [20].

Казахский язык в отличие от английского не имеет терминов, указывающих на родство только по матери или только по отцу. Английский термин «uterine sister/brother» означает родственников, у которых одна мать, но разные отцы. Этот термин был впервые зафиксирован в английском лексиконе в 1610 году. Он происходит от французского слова «uterin», который означает «связанный утробой». Наряду с терминами «uterine sister/brother» имеются термины, показывающие связь только по отцовской или только по материнской линии: «half-sister/brother» и «step sister/brother». Согласно данным этимологического словаря английского языка «half» имеет древнеанглийское происхождение. В древнеанглийском языке имелись слова «half», «halb», «healf», означавшие «сторона», «часть». Как термин родства «half» впервые был зафиксирован в 1200 году. «Step» также является древнеанглийским словом. Современная значение данного слова как термин родства фиксируется с середины 15 века [19].

В английском языке также имеются термины «cross-cousin» и «parallel-cousin», у которых нет параллелей в казахской терминологии родства. По данным антропологического словаря английского языка cross-cousin означает «children of the opposite-sexed siblings of one's parents, e.g., mother's brother's and father's sister's children» (дети родственников противоположного пола, например, дети брата матери и дети сестры отца) [18]. Как указывает этимологический словарь этот термин был впервые введен в употребление в 12 веке. Слово «cross» означает «против», слово

«cousin» в древнефранцузском означает «племянник», «двоюродный брат» [19]. Согласно английскому антропологическому словарю термин parallel-cousin означает «children of the same-sexed siblings of one's parents, e.g., mother's sister's and father's brother's children» (дети родственников одного пола, например, дети сестры матери или брата отца) [18]. Слово «parallel» заимствован из латинского слова «parallelus» [19].

В казахском языке, в отличие от английского языка, нет разветленной системы деления терминов родства, указывающих на связь между детьми родных братьев и сестер.

Как показывает представленный нами материал, казахская горизонтальная система родства характеризуется своими особенностями. Казахская горизонтальная система родства отражает концептуальную систему родства, связанную с различными ступенями родства, полом и возрастом родственников в новой семье. Более подробно термины родства, связанные с созданием семьи будут проанализированы нами в следующей статье.

Литература:

1. *Морган Л.Г. Древнее общество. Исследование линий человеческого прогресса от дикости через варварство к цивилизации. – Л.: Институт народов Севера ЦИК СССР, 1935. – 352 с.*
2. *Malinowski B. Kinship // Man. –1930. – Vol. 30. – № 17.*
3. *Рэдклифф-Браун А.Р. Структура и функции в примитивном обществе. Очерки и лекции. – М.: Восточная литература. РАН, 2001. – 304 с.*
4. *Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. – Алма-Ата, 1961. – 256 с.*
5. *Алимбай Н.А., Муканов М.С. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории. – Алматы: Ғылым, 1988. – 234 с.*
6. *Аманжолов С.А. Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы, 2002. – 368 б.*
7. *Базарбаева А.С. Этнотермины «шежіре», «жеті ата», «жүз» в современной лингвистике // Труды Республиканской конференции «Формирование конкурентоспособной личности на основе полиязычного образования». – Шымкент, 2012. – С. 482-486.*
8. *Бизаков С. Қазақ тіліндегі туыстық атаулардың берілуі // Қазақ ССР Ғылым Академиясы хабарлары. Филология бөлімі. – 1990. – 243 б.*
9. *Жанпеисов Е. Этнокультурная лексика казахского языка. – Алма-Ата, 1989. – 197 с.*
10. *Кенесбаев І.К. Важное событие в культурной жизни казахского народа // Казахстанская правда. 1957. – №4.*
11. *Накысбеков О. Қазақ тілінің оңтүстік говорлар тобы. – Алма-Ата, 1982. – 166 б.*
12. *Сарыбаева М.Ш. Система обозначения родства в английском, русском и казахском языках / Дисс. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1991. – 214 с.*
13. *Сарыбаев Ш.Ш. Проблемы казахской регионгальной лексикографии / Автореф. дис. докт. фил. наук. – Алматы, 2006. – 34 с.*
14. *Белкова П.Л. Классификационные системы родства: принцип построения локального пространства // Вестник Санкт-Петербурского университета. Серия 2. – 2009. – С. 111-120.*
15. *Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.*
16. *Ыскаков А., Сыздыкова Р., Сарыбаев Ш. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1966. – 240 б.*
17. *Oregonstate. edu. Definitions of Antropological Terms.*
18. *Online Etymology Dictionary. – www.etymonline.com. Дата обращения: 25.11.2016 г.*
19. *Douglas Harper. Harper Douglas Online Etymology Dictionary, 2001. – 1153 p.*
20. *Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: Қазақстан, 1974. – 234 б.*

21. *LiveInternet.Ru. – www.liveinternet.ru. Дата обращения: 20.11.2016 г.*

22. *Әуезов М. Абай жолы: Роман - эпопея. – Алматы: Жеті жарғы – 1-кітап: Абай, 1997. – 317 б.*

23. *Auezov M. Abai. – Moscow: Progress, 1975. – 459 p.*

24. *Байгут Д.Н., Байгут А.М. Лакуны в казахской языковой культуре: специфика семейно-родственных отношений // Международный научный журнал «Наука и мир». –2014. – №7 (11). – С. 45-47.*

***

Әбуханова А.Ғ., Файзуллинова А.Б.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі сатылас туыстық терминдерінің тұжырымдамалық негіздері

Аталмыш мақалада қазақ және ағылшын тілдерінде көрініс табатын туыстық жүйенің тұжырымдамалық негіздері талданды. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі сатылас туыстық терминдері антропологиялық және этимологиялық аспектілерде зерттелді.

Тірек сөздер: Туыстық терминдер, деңгейлес туыстық, сатылас туыстық, туыстық жүйе, антропологиялық сөздік, этимологиялық сөздік, генеологиялық ағаш.

Abukhanova A.G., Faizullinova A.B.

Conceptual basis of horizontal kinship terms in the Kazakh and English languages

The article deals with the analysis of kinship system, represented in the Kazakh and English languages. Terms of horizontal kinship in the Kazakh and English languages are explored in anthropological and etymological aspects.

Keywords: Kinship terms, horizontal kinship, vertical kinship, kinship system, anthropological dictionary, etymology dictionary, family tree.

***

ӘОЖ 398.221

Аймұхамбет Ж.Ә. – ф.ғ.д., профессор,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
E-mail: *a_zhanat@mail.ru*
Кенжалин Қ.К. – PhD доктор, доцент,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
E-mail: *kenkk@mail.ru*

КӨНЕ ЖӘНЕ ҚАҺАРМАНДЫҚ ЭПОС КЕЙІПКЕРЛЕРІНІҢ ЖҮЙЕСІ: МИФОЛОГИЯЛЫҚ ПАРАДИГМА

Аңдатпа. *Мақалада эпос кейіпкерлерінің табиғаты мифологиялық прадигма аясында талданып, түсіндіріледі. Фольклор жанры ретіндегі көне және қаһармандық эпос табиғаты түсіндіріліп, олардың мифпен байланысы қарастырылады. Эпостардағы «миф сипатты кейіпкерлер» және «мифологиялық кейіпкерлер» болмысы теориялық тұжырымдарды негізге ала отырып жүйеленеді. Мысалы, көне эпос кейіпкері Ер Төстік – миф сипатты болса, Бекторы, Жалмауыз кемпір, Шойынқұлақ – мифологиялық кейіпкерлер. Бұлайша жүйелеу «Алпамыс», «Едіге батыр», «Көроғлы» сияқты батырлық эпостар мысалында жүзеге асырылады.*

Эпос пен миф арасындағы байланыстың танымдық мәнін мифологиялық және көркемдік ойлау жүйесі арасындағы сабақтастықтан іздей отырып, кейіпкерлер табиғатын таныту – мақаланың негізгі өзегі.

Тірек сөздер: *Фольклор, көне эпос, қаһармандық эпос, миф, мифтік дүниетаным, миф сипатты кейіпкер, мифологиялық кейіпкер, Баба Түкті Шашты Әзіз, Ғайып Ерен қырық шілтен, поэтикалық дәстүр.*

Эпостық мұра – түркі тектес халықтардың ортақ рухани мұрасы. Ежелгі дәуірлерден біздің заманымыздың XII – XY ғг. дейін әлеуметтік-саяси, рухани тұтас кеңістікте тіршілік кешкен түркілердің дүниетанымы, салт-ғұрпы мен жауынгерлік тарихы осы эпостық жырлардан көрініс тапты. Көне эпостан бастап қаһармандық эпосқа дейінгі сюжеттер мен мотивтер мифологиялық мекеншаққа (хронотоп) әр түрлі дәрежеде қатысты болды. Эпосты зерттеген ғалымдардың барлығы ондағы мифтік «қабатты» жоққа шығармайды. Мифтік сарын фольклорлық жанрлардың ішіндегі ең көне болып саналатын көне эпостарда барынша айқын көрінсе, өзінің бастауын осы көне эпостардан алған батырлық эпостарда да поэтикалық мәнге ие болды.

Көне эпостың жанрлық, тақырыптық анықтамасына көз салсақ, ғалымдардың оған «батырлық ертегі», «мифологиялық эпос», «мемлекетке дейінгі эпос», «ертегілік-мифтік эпос», «архаикалық эпос» деген атаулар бергенін көреміз. В.М. Жирмунский, Е.М. Мелетинский, В.Я. Пропп, Б.Н. Путилов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібай, Ш.Ибраев, т.б. эпостанушылар берген бұл атаулардың ішінде «мифологиялық эпос» деген атау жалпы көне эпостың табиғатын айқын танытады. Өйткені көне эпостар осы мифологиялық сипатымен ерекшеленеді. Түркі эпостарының поэтикасын зерттеген фольклортанушы Ш.Ибраев: «Расында да көне эпостарда мифтік, ертегілік, аңыз-әңгімелік көріністердің басым жүретіні мәлім. Оның үстіне әдет-ғұрып, салт, ритуал дейтіндеріңіз де эпос сюжетімен астасып жатады» дейді [1, 33 б.]. Мұндай «мифологиялық сипат» батырлық эпостардан да орын алады. Себебі «көне эпос пен батырлық жыр бір-бірімен астасып, поэтикалық дәстүрі тамырлас жатады» [1, 34 б.].

Сонымен, көне эпосқа «мифологиялық эпос» деп ат берген Е.Мелетинский түркі халықтарының батырлық жырлары ішінде архаикалық белгілер сахалардың олонхо жырларынан ерекше көрінетінін атап айтады. Ғалым, сондай-ақ, қаһармандық эпос кейіпкерлерінің ерекше жағдайда дүниеге келуі туралы ұғымды архаикалық мифтердегі ілкі адам, жасампаз қаһарман туралы мифтің өзгерген, дамыған түрі деп біледі [2, 237 б.].

Қазақ фольклортану ғылымында көне эпостың жеке жанр ретінде жүйеленіп қаралуы Р.Бердібай есімімен байланысты. Ғалым көне эпос табиғаты туралы сөз қозғағанда оның архаикалық-мифологиялық табиғатына ерекше мән береді. Буряттардың «Гэсэр» эпосынан, тува аңыздарынан, башқұрт, татарларға ортақ «Заятөлек пен Сусұлу» атты архаикалық эпос белгілері бар аңыздарынан мысалдар келтіре отырып, салыстыра қарастырады [3, 60-65 бб.].

Эпос, Ш.Ыбыраев атап көрсеткендей, «мифтің шындыққа сендіру дәстүрін қабылдайды» [1, 76 б.]. Мифтік дүниетанымды жаңа тарихи кезеңнің шындығымен жақындастыра алатын көн эпосты ғалымдар миф пен қаһармандық эпостың арасындағы «өтпелі жанр» деп қарастырады. Сондықтан да мифтен көне эпосқа, одан қаһармандық эпосқа ауысқан мифтік поэтика эпостық мұраның табиғатын айқындайтын бір белгі болып табылады. Мифтік танымды біз эпостардағы оқиғалар желісінен, сол оқиғаның бел ортасында жүретін кейіпкерлер болмысынан көре аламыз. Тек мотив, сюжет қана емес, мифологиялық кейіпкерлер де эпос қаһармандарымен байланыста жүреді.

Эпос кейіпкерлерін мифке қатысы тұрғысынан жүйелеу. Көне эпос кейіпкерлерінің мифпен байланысы. Қазақ фольклорында ертегі, қырғыздарда эпос түрінде сақталып жеткен «Ер Төстік» өзінің мазмұны жағынан нағыз «мифологиялық» туынды десе де болады. Сондай-ақ «Құла мерген», «Жоя мерген», «Дотан батыр», «Құбығұл» сияқты көне эпос үлгілері, «Едіге батыр», «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Көроғлы», т.б. батырлық эпостар мифтік «қабатының» терендігімен ерекшеленеді. Әрине, бұл жерде біз көне эпостарда мифтік сипаттардың басым, ал, батырлық жырларда көмескілеу аңғарылатынын да ескеруіміз керек. Қазақ батырлар жырының ішінде мифтік-архаикалық сарыны басымырағы – «Алпамыс батыр» жыры.

Біз эпос кейіпкерлерінің мифке қатысы қандай деген сауалға жауап іздегенде, ең әуелі кейіпкерлерді екі топқа бөліп, былайша жүйелеп аламыз:

1. Мифтік қаһармандармен ұқсас кейіпкерлер (мифтік сипаттағы кейіпкер – **1-МСК** деп белгілейміз);

2. Эпос оқиғасына араласатын мифтік кейіпкерлер (эпостағы мифологиялық кейіпкер – **2-ЭМК** деп көрсетеміз).

Көне эпос кейіпкері – Ер Төстік қарт ата-анасының қамқоршысы, оларды мұратына жеткізуші, жоғалып кеткен сегіз ағасының іздеушісі, ерекше жаратылыс иесі. Ер Төстікте мифтік ілкі адамға тән сипат бар. Оның дүниеге келуінің өзі үлкен мәнге ие. МСК-1: Ер Төстіктің дүниеге келгенінен бастап, сегіз ағасын табуы, үйлену сапары, перінің қызы Бекторының назарына ілігуі, мыстан кемпірден қашуы, жер асты әлеміне түсіп, Жылан Бапы ханның еліне келуі, сыннан өтіп, Темір ханның еліне сапар шегуі, Таусоғар, Желаяқ, Көлтауысар, Саққұлақ, Көреген сияқты рух-иелік мифология кейіпкерлерінің оған көмекке келуі, бәйтеректің басын мекендеген Алып Қарақұспен дос болуы, айдаһарды өлтіруі, Шойынқұлақтың тұтқынына түсіп, одан құтылуы – барлығында да мифтік сипат бар. Р.Бердібай атап көрсеткендей, көне эпостарға тән «қаһарманның жедел есеюі, жүйрік ат таңдап мінуі, қауіпті алыс сапарға аттануы, жол-жөнекей алуан түрлі жыртқыш, сиқыр, қас күштермен кездесуі, батырлық үйленуі» [3, 91 б.] бас кейіпкердің мифопоэтикалық тұрғыда бейнеленуінің «тетіктері».

«Ер Төстік» көне эпосының желісі бойынша, **ЭМК-2** – *Бекторы* (кей нұсқаларда Айсалқын), *Жалмауыз кемпір, Жылан Бапы хан, Таусоғар, Желаяқ, Көлтауысар, Саққұлақ, Қырағы, Шойынқұлақ.* Ал, Ер Төстік пен Кенжекей – ілкі ата, ілкі ана сипаттарының кейбір белгілерін өз бойына дарытқан кейіпкерлер. Бұл жіктеуді былайша көрсетеміз:

Эпос	1-МСК	2-ЭМК
«Ер Төстік»	Ер Төстік, Кежекей	Перінің қызы Бекторы, Жалмауыз кемпір, Жылан Бапы хан, Таусоғар, Желаяқ, Көлтауысар, Саққұлақ, Қырағы, Шойынқұлақ

Мұндағы Таусоғар, Желаяқ, Көлтауысар, Саққұлақ, Қырағы – рух-иелік мифология кейіпкерлері. Әрқайсысына бөлініп берілген міндет бар, әрқайсысысының өз кеңістігі, өзінің әрекет ететін шекарасы бар. Олар Төстікке Темір хан еліне бара жатқан сапарында қосылған тұстан қайтар жолда қалып қояды. Өйткені ары қарай олар үшін жол жоқ.

Жалпы, бұл көне эпостың сюжетіне араласқан мифтік кейіпкерлер негізінен екі топқа бөлінеді – Ер Төстікке қарсы және оған жақтас. Оның ерекше жаратылысты екенін мойындағаннан кейін Жылан Бапы хан достық ниетке көшеді және жер асты әлеміндегі рух-иелер көмекке келеді. Перінің қызы Бекторы Ер Төстікке өзіне қарамағын себепті өшігеді. Жалмауыз кемпір де, оның ұлы Шойынқұлақ та Бекторының бұйрығымен Ер Төстіктің соңына түседі. Ер Төстік екі әлемді – жер үсті және жер асты әлемін кезеді. Бұл оқиғалар дерлік Ер Төстіктің мифтік танымға сай «ерекше болмысын» даралай түседі.

Жалмауыз кемпір бейнесі «Құла мерген», «Жоя мерген», «Көроғлы» эпостарында да бар.

Жалмауыз кемпірдің ұлы Шойынқұлақ – Ер Төстікке дұшпан. Ол славян ертегілеріндегі «жанын» өзінен бөлек сақтайтын Өлмес Кощей сияқты. «Менің жаным, – дейді Кощей, – мынадай жерде: ол жерде емен тұр, еменнің түбінде жәшік бар, жәшікте қоян бар, қоянның ішінде үйрек, үйректің ішінде жұмыртқа бар, сол жұмыртқаны жарылса – мен өлемін» [4]. Жұмыртқаның қолға түсуінің өзі қиын

болып кетеді. Патшазада Иванға өзі қайырым қылған тіршілік иелері көмекке келмегенде (қасқыр, қарға, шортан) Кощейдің тірі қалуы мүмкін еді.

«Ер Төстіктегі» Шойынқұлақ болса өз жанын қайда сақтайтынын баласына айтады: «Жаным алыста, оны өзіммен бірге сақтамаймын. Борықты бұлақтың басында қырық елік жүреді, солардың ішінде қайқы қаракер елік бар, қайқы қаракер еліктің ішінде тоғыз қара сандық бар, сол сандықтың ең кішісінің ішінде тоғыз балапан бар, сол тоғыз балапан – менің жаным болады» [5, 32 б.]. Төстік тоғыз балапанның сегізінің басын жұлып, біреуін қойнына тығып алып, Шойынқұлаққа келгенде, әлсіреп жатқан ол қайта күш алып кетеді. Сөйтсе, бір балапан сегіз болып көбейіп алған екен. Яғни өзге жерде сақталған жанды оңай құрту мүмкін емес. Жұмыртқа мен балапан – адам жаны түрінде кейіптеліп, мифтік дүниетанымдағы жанның тәннен бөлектігі туралы сенімді айғақтайды.

«Ер Төстік» эпосында Бекторының қызметінде жүретін Жалмауыз кемпір «Құла мерген», «Дотан батыр» эпостарында барынша күшті, одан хан да, батыр да сескенеді. «Құла мергенде» Жалмауыз «жеті басы бар, әр басында жүз кісінің күші бар, маңдайында жалғыз көзі бар» кейіпте суреттеледі [6, 102 б.].

Көне эпостардағы мифологиялық кейіпкерлер эпос қаһармандарымен кейде дос, кейде дұшпан қалпында көрінеді. Миф қаһармандарымен шайқасатын не олармен дос болатын эпос кейіпкері болса дәл осы байланысы арқылы мифтік сипатқа ие болады. Эпос кейіпкерлерінің мифтік сипаты тек мифтік қаһармандармен байланыста болғандығы үшін ғана мифтік сипат иеленбейді, керісінше, олардың ерекше жаратылысы өзін тылсым күштердің қолдауын мәжбүр етеді.

Қаһармандық эпос кейіпкерлерінің мифпен байланысы. 1. «Алпамыс батыр» және миф дүниесі. «Алпамыс батыр» – қаһармандық эпостардың ішіндегі көнесі. Сондықтан да болар, оның сюжеттерінде мифтік сарын барынша айқын. Тұрақты мотивтердің бірі – бас қаһарманның ерекше, ғажайып жағдайда дүниеге келуі болса, «Алпамыс батыр» жырында Алпамыс дүниеге келердегі айрықша оқиға суреттеледі. Бір перзентке зар болған Байбөрі мен Аналық әулиеден әулиеге түнеп жүріп, Баба шашты Түкті Әзіздің түсінде берген аянын алып, дүниеге Алпамыс пен оның қарындасы Қарлығаш келеді. Алпамыстың бейнесі барынша «мифологияланған» – ол «отқа салса жанбайтын, суға салса батпайтын, атса оқ өтпейтін, шапса қылыш кеспейтін» жан. Оның қолдаушы «Ғайып ерен қырық шілтен» пірі бар. 1-МБК Алпамыстың бұлайша суреттелуіне түпнегіз болған ежелгі мифтік дүниетаным. Мифтердегі ілкі ата, жасампаз қаһарманға тән белгілерді Алпамыс батыр бойына дарыту – ел қорғаған батырды биік дәрежеге көтеруге, эпостық суреттеуге тән «абсолюттік идеализациялауға» жеткізеді.

Сонымен, «Алпамыс батыр» жырында бір перзентке зар болған Байбөрі мен Аналық әулиеден әулие аралап, жаратқаннан бала сұрайды. Қанша әулиені аралап, ең ақырында «басында қара ағаш өскен, моласы, там жоқ, бір бұлақ аққан» жерді көреді. Сол жерге түнейді. Сөйтіп, осы жерде, эпостық кеңістік пен уақытта тірі пенделер мен о дүниелік әулие-аруақ кездеседі. Бұл кездесу, нақтылай түссек, бұ дүниелік жандардың о дүниелік жандармен «түс арқылы сұхбаттасуы», аян алуы – эпостық кеңістік пен мифологиялық кеңістіктің «тоғысқан» тұсы. К.Юнг айтқан «архетиптер әлемінің» яки «марқұмдар әлемінің» өкілі Баба шашты түкті Әзіз – барынша мифтенген тұлға. Діни-мистикалық дастандардың тұрақты кейіпкерлерінің біріне айналған Баба Шашты Түкті Әзіздің эпостағы сипаты мен әрекеті:

Көк есегі астында,
Ақ сәлдесі басында,
Сырлы асасы қолында,
Өзі хақтың жолында,
Бір диуана келді де,
Асамен түртіп оятты [7, 72 б.].

ЭМК-1: Баба Шашты түкті Әзіздің тірілермен, яғни Байбөрі-Аналықпен аян-әңгімесі аффективті халде – «өң мен түстің арасында» өтеді.

Көкірегін оятып,
Бетіне бетін қаратып,
Есектен түспей тіл қатты:
«Ей, бишара мүгедек,
Жаныңызға не керек?
Дейсің ғой: «Маған ұл керек!»

Мифтік танымдағы адам рухының мәңгіліктігі туралы ұғым «о дүниелік» әулиелердің тірі пенделердің зарын естіп, олармен бірге қиналып, тілеуін бірге тілеуінен көрінеді.

Әулиені қыдырдың,
Жердің жүзін сыдырдың,
Маңдайыңа төбелеп.
Әрқайсысының әртүрлі
Мәртебесі бір бөлек.
Сен үшін бәрі қиналды,
Бір жерге тегіс жиналды.
«Бір ұл бер, – деп, – осыған»
Бір жаратқан Құдайдың
Дәргейіне жылады.
Мен де тұрдым ішінде,
Әулиенің күші де.
Жаратушы жалғыз-ақ,
Дәргейіне ұнады.
Ұнағанын сонан біл:
Бір қыз қосып сыйлады.
Сексен сегіз сәруар,
Тоқсан тоғыз мың машайық –
Бәрінің көңлін қимады.
Менің атым Шашты Әзіз,
Қыламын десең ықылас,
Жарылқады Жаратқан,
Ей, бишара, көзіңді аш!
Ұлыңның аты Алпамыс,
Қызыңның аты Қарлығаш,
Атса, мылтық өтпейді,
Шапса, қылыш кеспейді,
Қалмақтармен болар қас.
Түрегел де қолың жай,
Болады өзі өмір жас!» [7, 73 б.]

Алпамыстың дүниеге келуінің өзі осындай ерекше жағдайда. Бұл эпостағы кейіпкерлер жүйесін былайша көрсетеміз:

Эпос	1-МСК	2-ЭМК
«Алпамыс батыр»	Алпамыс	Баба Шашты Түкті Әзіз Ғайып Ерен қырық шілтен Мыстан кемпір

«Алпамыс батыр» жырындағы мифтік кейіпкерлердің ерекшелігі – бұлар бізге діни дастандар арқылы таныс. Мифтік танымнан бастау алған тылсым жаратылысты жандар мұсылмандық сенімде жалғасын тауып, әулие текті Баба Шашты Түкті Әзіз бен ерекше адамдарға, яғни «құдайдың сүйікті пенделеріне» пір болатын Ғайып Ерен

қырық шілтен сияқты персонаждар болмысы дараланды. Баба шашты Түкті Әзіз аян беріп, дүниеге келген Алпамыс батырдың пірі – осы Ғайып Ерен қырық шілтен.

Ғайып ерен қырық шілтен
Баланы қолдап-демеді [7, 113 б.].

Оның қолдауы Алпамыстың мифтік сипатын айқындай түседі:

Сол уақытта батырға
Атса – мылтық өтпеді,
Шапса – қылыш кеспеді.
Ғайып-ерен қырық шілтен
Қолтықтан сүйеп, демеді.
Суға салса – батпады,
Ұйқыдан бала қайтпады [7, 113 б.].

Алпамыстың дүниеге келетінін аян ететін Баба Шашты Түкті Әзіз – «Едіге» жырында бас қаһарманның әкесі, кейбір нұсқаларында арғы атасы болып айтылады. Діни-мистикалық баяндарда кездесетін сексен сегіз сәруар, тоқсан тоғыз машайық, Баба шашты Түкті Әзіз, Ғайып Ерен қырық шілтен – бағзы мифтік дүниетанымның діни ұғымға келіп сабақтасуының мысалы. Мифологиялық қаһармандар тобына жатқыза отырып, бұл аталған кейіпкерлерді шартты түрде «аралық кейіпкерлер» деп қарастыруға да болады.

2. «Едіге батыр» жырындағы мифо-эпостық кейіпкерлер болмысы. Миф пен тарихи оқиғаның бір-біріне кірігуі «Едіге батыр» жырынан ерекше көрінеді. «Едіге батыр» жырында бас қаһарман Едіге – атасы әулие, анасы пері қызы деп баяндалады. «Алпамыс батыр» жырында батырдың дүниеге келетінін аян ететін Баба шашты Түкті Әзіз «Едіге» жырында бас қаһарманның атасы, оны дүниеге әкелуші жан. Едігеге тән мифтік сипат – оның ерекше жаратылысы. Едігенің анасы делінетін пері қызы – мифологиялық кейіпкер болса, Баба Шашты Түкті Әзіз – барынша мифтенген тұлға. Ол – тылсым қасиетке ие жан. Едіге ғажайып жағдайда, әулие текті жан мен пері қызынан жаралады.

«Едіге батыр» жырындағы кейіпкерлерді мифке қатысы жағынан төмендегідей топтастырамыз:

Эпос	1-МСК	2-ЭМК
«Едіге батыр»	Едіге	Баба Омар (Баба Ғұмар) Баба Шашты Түкті Әзіз Перінің қызы

«Ерте заманда Баба Омар деген әулие бар екен. Он бесте әулиелік қылып кеткен екен. Сол уақытта бір қызға көзі тиген екен. Көзі тиген қыз буаз болған екен. Буаз болған соң ұғыл тапты. Ол ұғылының атын Баба Түкті Шашты Әзіз қойды. Жиырма бес жасқа келгенде әулиелік қылып жөнелді. Ағұн дариясына барды. Дария жағасында алтын шашын алдына алып тарап отырған қызды көрді»[8, 9]. Сөйтсе ол су перісінің қызы екен. Баба шашты Түкті Әзіз қыз бен бірге дарияның түбіне шомады. Дарияның астында тұрған алпыс ақ отау – қыздың жұрты болып шығады. Пері қызымен қосылғаннан кейін оның айтқан шарттарын орындай алмай («етігімді шешкенде аяғыма қарама, көйлегімді шешкенде қолтығыма қарама, шашымды жуғанда басыма қарама» деп шарт қояды пері қызы), пері қызы ішінде алты айлық бала бар екенін, оны дүниеге келгенде Ніл дариясының басына тастап кететінін айтып, аспанға ұшып кетеді. Баба Түкті Шашты Әзіз баланы тауып алып, атын Едіге деп қояды.

Әубәкір Диваев жазып алған нұсқасында болашақ қаһарманның әкесі аққу кейпінде ұшып келген үш пері қызының кенжесі – Кенжекей сұлуға үйленеді. Мұнда да шартты орындай алмай, одан айрылып қалады. Пері қызы уәдесінде тұрып, баланы тоғыз жолдың торабына қалдырып кетеді [9, 45-47 бб.].

Жырдың басқа нұсқаларында да Едігенің анасы – пері қызы екендігі айтылады. Бұл – даңқты қаһарманның ерекше жаратылысын таныту үшін өте қажет анықтама.

Адамдар мен перілердің некелесуі, кездейсоқ қосылуы мифтік баяндарда көп ұшырасатын мотив. Бір мысал: «Қорқыт ата кітабындағы» сегізінші жырда Аруз қожаның бір қойшысы пері қызын зорлап қосылып, одан Төбекөз дәу дүниеге келетінін білеміз. Ал, әулие текті адам мен пері қызының некесінен Едігедей даңқты қаһарман туады. Эпостық жырларға тән «ғажайып туу» мотиві Едіге туралы жырда осындай бағытта. Едігенің ұлт тарихындағы даңқты жолы фольклорлық поэтикада осындай «абсолюттік дәріптелу» арқылы ерекшеленеді және жай, қарапайым жан емес, жаратылысы ерекше адам ретінде танытылады. Мифтік дүниетанымның сакральдылығын ерекше болмысты қаһарманның жаратылысына ұштастыру – фольклор поэтикасындағы жетекші тәсілдердің бірі. Әлемнің үш қабаттылығы немесе «үш әлем» ұғымы миф дүниесінен бастау алады. Сол әлемдердің бірінің тұрғыны – перілер. Пері заты мен адамзат нәсілі арасынан дүниеге келетін қаһармандар – екі немесе үш әлемді де бағындыра алатын ерекше жан.

«Әулиелер де, перілер де адамдармен араласпайды... мифологиялық негізі бар осы кейіпкерлер адамзат қоғамындағы ұсақ-түйек тіршіліктен жоғары тұр. Олардың жалғыз жүруі киелілік, құдыреттілік, құпиялық, құдайлық қасиеттермен төркіндес» [1, 258-259] деген Ш.Ибраев тұжырымы мифтік және мифтік сипатқа ие кейіпкерлердің ерекше болмысын көрсетеді. Мұндай ерекше жаратылысты жандардан туған эпос қаһарманы да ерекше өмірге ие.

«Көрұғлы» эпосы: бас қаһарманның мифтік сипаты және эпостағы мифтік кейіпкерлер. Көроғлы туралы жыр нұсқалары қазақ фольклорында бірнеше салалы. Олардың бәрі дерлік академик С.Қасқабасовтың жетекшілігімен жарыққа шыққан «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 48 және 49 томдарына жинақталған. Бұл нұсқалар туралы түрік ғалымы М.Екичи «Түркі әлеміндегі Көроғлы» атты зерттеу еңбегінде айтқан [10, 40-41, 191-281 бб.]. «Көроғлы» дастаны туралы зерттеулер тек түркі дүниесінде ғана емес, еуропа ғалымдары назарына ілікті. Олардың ішінде Карл Райхлдың зерттеуін айтуға болады. «Түркі халықтары эпосы: дәстүр, пішін, поэтикалық құрылым» («Turkic Oral Epic Poetri: traditions, forms, poetic strukture») атты еңбегінің «Көшпелілер әлемі» тарауында ол: «Түркі эпикалық поэзиясының ядросын қазақ, қарақалпақ, қырғыздардың эпикалық дәстүрі құрайды. Дәл осы халықтар эпостарында көптеген түркі халықтары тарих сахнасына шыққан күннен бастап, салыстырмалы түрде кешегі күнге, кей жағдайларда біздің заманымызға дейін сақталған, түркі тайпаларынан құралған Орта Азиядағы көшпелілер тіршілігі толығымен көрініс тапқан» [11, 17 б.] деп жазады.

«Көрұғлы» жырында бас қаһарманның ғажайып туу желісі оның мифтік сипатын айқындайды. «...жыршылардың репертуарында өзге ұлттың қаһарманын дәріптейтін шығармалар да кездеседі. Мысалы түркіменнің теке руынан шыққан Көрұғлы туралы жырлар этникалық, тілдік және діни тұрғыда әр түрлі: қазақ, түрік, әзірбайжан, армян, грузин, өзбек, түркімен, тәжік, курд, татар, абхаз, құмық, қарақалпақ, т.б. елдердің фольклорында бірнеше ғасыр бойы жырланып, халықтың сүйікті шығармасына айналған»дейді фольклортанушы Б.Әзібаева [12, 9 б.].

Қазақ фольклорындағы нұсқаларда Көрұғлы о дүниелік болған анасының құрсағынан шығады. Алпамыс батырға пір болған Ғайып ерен қырық шілтен Көрұғлының да дүниеге келуіне көмек жасайды. Мифтік кейіпкерге айналған Ғайып Ерен қырық шілтеннің эпостық жырларда батырларға пір болуы, көмекке келуі, демеуі – эпос жанрының миф дәстүрін қабылдауындағы заңдылықты айқындай түседі. «Көрұғлы» дастанының қазақ, өзбек және тәжік нұсқаларында сюжет желісі өзгеріске ұшыраған. Оның себебін фольклортанушы ғалымдар сол халықтардың эпостық дәстүріне байланысты деп түсіндіреді. Түркімен ғалымы Б.Каррыев [13, 42-43 бб.] пен азербайжан ғалымы Х.Г. Короғлы пікірлері осыған саяды [14, 169 б.].

«Миф пен қиял-ғажайыптық белгілері шығыстық нұсқаларда ұлттық түзілу кезеңімен байланысты. Эпостың өзбек, қазақ (Гөроғлы), тәжік (Гурұғлы) нұсқалары XYIII ғасырдан ерте туындамаған және әзірбайжан-түркімендердегі тарихи

жағдайлардан мүлде бөлек. Сондықтан эпостың жалпы композициясы өзгерді» дей отырып, Х. Короғлы өзбек, тәжік және қазақ нұсқалары болашақ батырдың өмірбаянын ертегіге тән ғажайып-фантастикалық элементтер қабатымен айшықтайтынына тоқталады [14, 177 б.]. Ғалымның айтып отырған «ғажайып-фантастикалық» қабаттары – мифтік сипат екенін, ерекше жаратылысты қаһармандарға тән мифологиялық дүниетанымнан бастау алған бейнелеу тәсілі екенін ескерген жөн.

«Көроғлы» жырындағы кейіпкерлерді мифке қатысы жағынан былайша топтастырамыз:

Эпос	1-МСК	2-ЭМК
Көрұғлы	Көрұғлы	Ғайып Ерен қырық шілтен, Қауыс -Қияс пірлер, Пері қыздары: Жүніс-пері, Мысқал-пері, Гүлнар-пері; Мыстан кемпір

Көрұғлы да эпостың батырларындай «ғажайып жағдайда» дүниеге келеді. Алпамысты ата-анасы әулиеден әулие қоймай түнеп, Алладан тілеп алса, Едіге әулие мен пері қызының некесінен туады. Ал, Көрұғлының «ғажайып тууы» тіптен басқаша – ол анасы қайтыс болған соң, көрде туады. Мифтік-архаикалық сарынның барынша артуы осы мотивтен көрінеді. Көрұғлының анасының тірі күнінде түсінде аян беріледі. Аян беруші Ғайып Ерен қырық шілтен.

...Тоғыз ай он күн өткенде,
Күн бесінге жеткенде
Көр ішінде туасың
Ішіндегі баланы.
Құдыретімен Жаратқан
Емшегіңнен сүт шығып,
Сонан қорек алады.
Тумастан бұрын жайылған
Қызылбасқа хабары.
Көроғлы батыр атанып,
Пірлерінен бата алып,
Дұшпанға ұрыс салады [15, 70 б.].

М.Екичи «Қазақ нұсқасында батыр дүниеге келер алдында анасына хабар беріледі» («Kazak verssionunda ise; kahramanın doğacağı annaye haber verilirken»), - деп, басқа халықтардағы нұсқасынан қазақ дастанының ерекшелігін атап көрсетеді [10, 109 б.].

Жыр мазмұнында Ғайып ерен қырық шілтен Көрұғлының демеушісі болып, оның шылауында жүреді. Зерттеушілердің атап көрсеткеніндей, Көрұғлының мифтік сипаты қазақ нұсқаларында барынша терең.

Жырдың «Көрұлының Шағдатқа барғаны» тарауының соңында перінің үш қызына үйленгені айтылады:

Ағажүніс, Гүлнар, Мысқал сұлуды алып,
Көрұғлы күйеу болған перілерге [16, 148 б.].

Болашақ батырдың көрде дүниеге келуі, түс көрудің сюжет құраушы компонентке айналуы, Ғайып Ерен қырық шілтеннің үнемі бас кейіпкерге көмектесіп отыруы, жөн сілтеуі, Көрұғлының пері қыздарына үйленуі, эпостағы архаикалық мотивтер – «Көрұғлы» эпосының түркі тектес халықтар ішінде тек қазақ нұсқаларына тән ерекшелік екенін Б.Әзібаева салыстырулар арқылы анықтай көрсетеді [12, 14 б.]. Бұл айтылған ерекшеліктер – эпос қаһарманының мифтік сипатын айқындайды және қазақ эпостарында мифологиялық кейіпкерлердің эпос сюжетіне «еркін» араласатындығының мысалдары.

Карл Райхл «Көрұғлының» қазақ нұсқасындағы бөлімдері көбінесе өлең түрінде келетін эпос екенін айтады. «Олардың кейбіреулері сегіз буынды ұзақ қатарды түзсе, бірқатары төрт тармақты, он бір буынды болады, ал, тағы бір бөліктерінде бұл екі түр аралас келеді. Бұл қазақ ақын-жыраулары Көроғлы жырын бір ырғақпен орындайтынын, прозалық өлшемдегі дүние емес, түркімен дастанына жақын, эпикалық поэзияға тән екенін айғақтайды, дәл осы түркімен жыршыларынан қазақ жыршылары «Көроғлы» циклын үйренген», - деп түйіндеген ғалым қазақ нұсқасында, басқа шығыс нұсқаларында қарағанда, Көроғлы тұлғасына, сондай-ақ оның әкесі Раушанға көп көңіл бөлінетінін атап көрсетеді [11, 322 б.]. Бұл пікірге қосарымыз – Көроғлы мен оның әкесі Раушанбек жырдың қазақ нұсқасында «абсолюттік дәріптелу» тәсілімен жырланады және бұл бағытта мифтік элементтер барынша белсенді қолданысқа енеді.

«Көрұғлы» дастанының түркі халықтарындағы нұсқаларын саралай келе, М.Екичи: «Doğu versıyonlarında dıkkat çeken ortak bır ozellik ise sonuçta bütün aile fertlerinin kavuşması, birleşmesi ve toplumun da kahramanın etrafında kenetlenmesidir. Bu sonuç destanı anlatmaların vermek istediği ideal olup, bu ideal sonuç bakımından Türkmen ve Kazak versiyonları mükemmeldir» [10, 137 б.] деген тұжырым жасайды. С.Қасқабасовтың батырлық жырларға қатысты «Жырдағы дәстүрлі мотивтер (перзентсіз ата-ана, батырдың ғажайып тууы мен өсуі, түс көруі, т.б.) мен формулалардың атқаратын қызметі, эпикалық уақыт пен кеңістіктің сипаты – эпостың поэтикалық типологиясы. Жырдағы образдар, олардың типтік және өзіндік белгілері, батыр мен оның жақтастары, дұшпандары өздерінің іс-әрекеттерімен эпосты нағыз көркем фольклор дәрежесіне көтерген. Эпостағы қиял мен шындық, мифологиялық кейіпкерлер мен тарихи тұлғалар – бәрі біртұтас, реттелген жүйеде көрінеді» [17, 138 б.] деген тұжырымы «Көрұғлы» жырына да қатысты деп білеміз.

Қорытынды. Біз түркі халықтарының көне және қаһармандық эпостарының үлгілеріне, атап айтқанда, «Ер Төстік» (көне эпос), «Алпамыс батыр», «Едіге батыр», «Көрұғлы» (батырлық эпостар) сияқты жырлардағы кейіпкерлердің мифтік табиғатына талдау жасадық. Эпос қаһармандарының болмысындағы мифологиялық белгілердің кейіпкер тұлғасын даралаудағы қызметі айрықша екені белгілі. Ер Төстік жер асты және жер үсті әлемін өзіне бағындырса, оның жары Кенжекей ері қайтып оралғанша «уақытты тоқтату» мүмкіндігіне ие болады. Бұл әрекеті Құба інгенмен және беліне тартқан орамалмен серттесу арқылы орындалады. Төстіктің тағдырын болжап білуінің өзі Кенжекейдің де «мифтік сипатты» кейіпкер екенін көрсетеді. «Миф сипатты» кейіпкерлердің осындай ерекше болмысы нағыз «мифологиялық кейіпкерлермен» байланыста болуымен де айқындала түседі. Төстік-Кенжекей-Бекторы желісі осыған мысал.

«Алпамыс батыр» жырындағы Алпамыстың әулиелердің шарапатымен, Баба Түкті Шашты Әзіздің аянымен дүниеге келіп, Ғайып Ерен қырық шілтеннің демеуінде болуы оны «отқа салса – жанбайтын, суға салса – батпайтын, атса – оқ өтпейтін, шапса –қылыш кеспейтін» ерекше қасиетке ие етеді. Бұл – қаһарманның миф табиғатты бітімі.

«Едіге батыр» жырының қаһарманы да мифтік кеңістікке «араласып» кетеді. Миф кейіпкері – пері қызы Едігенің анасы болса, атасы – әулие текті Баба Түкті Шашты Әзіз. Едіге образына тән мифтік сипатты осы жаратылысы айтындайды. Оның даңқты батыр болуының алғышарттары алдын ала осылай қамтамасыз етілген.

Ер Төстік, Едіге, Алпамыс сияқты мифтік сипатты иеленген эпос кейіпкерлерінің қатарына Көрұғлы да кіреді. Ол да ғажайып жағдайда дүниеге келіп, Ғайып Ерен қырық шілтеннің қолдауында болады, пері қыздарына үйленеді. Көрұғлыға, Алпамысқа, Едігеге жүктелген міндет бар – олар сол міндеттерін қалай да орындауы керек, эпос финалында солай болады да. Фольклорлық-эпикалық қаһармандар ұлттық мәдени танымда ерекше, ғажайып болмысымен орнығып,

«мифтік табиғатымен» жасампаз сипатқа ие болатынына талдауға нысан болған эпостар ғана емес, басқа да эпикалық мұраларымыз дәлел бола алады.

Эпос кейіпкерлерін мифтік сипатқа ие және мифологиялық болып жіктелуі фольклорлық поэтикаға сай. Фольклорлық дәстүр мифологиялық ойлау жүйесіне негізделе отырып, дүниетанымдық бастаулардан көркемдік ойлау жүйесіне қарай жол ашады.

Түркі халықтары дастандарында мифтік сарын бұл халықтардың ежелгі дәуірлердегі ортақ дүниетанымы мен тұрмыс-тіршілік, салт-ғұрпынан хабар береді. Эпостық мұраны тудырушы жыраулар кейіпкерлерді мифтік сипаттар дарыту арқылы даралай отырып, халықтық аңсарды, арман-мұратты, жауынгерлік-жасампаздық рухты танытатын эпикалық мұраның архаикалық табиғаты ежелден бүгінге дейін жалғасқан поэтикалық дәстүрдің негізгі арнасы болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Ибраев Ш. Түркі эпосының поэтикасы мен типологиясы. – Астана: Сарыарқа, 2012. – 336 б.

2. Мелетинский Е.М Происхождение героического эпоса: Ранние формы и архаические памятники. – 2-е изд., испр. – М.: Вост. лит., 2004. – 462 с.

3. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. Алматы: «Ғылым», 1982. – 232 б.

4. Афанасьев А.Н. Народные русские сказки. – http://hyaenidae. narod. ru/story5/321.html. Пайдаланған уақыты: 25.09.2016 ж.

5. Қазақ ертегілері. – Алматы: Жазушы, 2009. – 320 б.

6. Құламерген Қ. Бабалар сөзі: жүз томдық. – Т. 52: Батырлар жыры. – Астана: Фолиант, 2008. – 352 б.

7. Алпамыс батыр қиссасы. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т. 34: Батырлар жыры. – Астана: Фолиант, 2006. – 384 б.

8. Едіге жыры. 1905 жылы Санкт-Петербургтен шыққан Шоқан Уәлиханов жазып алған нұсқа. Бабалар сөзі: жүз томдық. – Т. 39: Батырлар жыры. – Астана: Фолиант, 2006. – 448 б.

9. Мырза Едіге батыр. 1922 жылы Ташкентте шыққан Ә.Диваев нұсқасы. Бабалар сөзі: жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2006. – Т. 39: Батырлар жыры. – 2006. – 448 б.

10. Ekici M. Türk dünyasında Köroğlı (İlk Kol) – İnceleme ve Metinler. Ankara Akçağ, 2002. – 368 s.

11. Reichl K. Turkic Oral Epic Poetri: Traditions, Forms, Poetic Strukture. – New York: Garland, 1992. – 395 p.

12. Әзібаева Б. Көроғлы – қазақ дастандарының қаһарманы. Бабалар сөзі: жүз томдық. – Т. 48: Батырлар жыры. – Астана: Фолиант, 2006. – 536 б.

13. Каррыев Б.А. Эпические сказания о Кер-оглу у тюркоязычных народов. – М., 1968. – 250 с.

14. Короглы Х.Г. Взаимосвязи эпоса народов Средней Азии, Ирана и Азербайжана. – М.: Наука, 1983. – 385 с.

15. Көрұғлының көрде туғаны. Р.Мәзқожаев жырлаған нұсқа. Бабалар сөзі: жүз томдық. – Т. 48: Батырлар жыры.– Астана: Фолиант, 2006. – 536 б.

16. Көрұғлының Шағдатқа барғаны. Р.Мәзқожаев жырлаған нұсқа. Бабалар сөзі: жүз томдық. – Т. 48: Батырлар жыры. – Астана: Фолиант, 2006. – 536 б.

17. Қасқабасов С. Таңдамалы. – Т. 4. Фольклор иірімдері. – Астана: Фолиант, 2015. – 328 б.

***

Аймухамбет Ж.А., Кенжалин К.К.

Система персонажей древнего и героического эпоса: мифологическая парадигма

В статье проанализированы герои эпоса в рамках мифической парадигмы. Как фольклорный жанр был рассмотрен древний и героический эпос и их связь с мифом. Теоретическое заключение было систематизировано с помощью значения эпоса как «персонажи мифического характера» и «мифологические персонажи». К примеру, герои древних эпосов Ер Тостик несет более мифический характер, в то время как Бекторы, Жалмауыз Кемпир и Шойынкулак являются мифологическими персонажами. А также систематизация примеров персонажей героического эпоса «Алпамыс батыр», «Едиге батыр» и «Короглы».

Актуальность статьи заключается в изучении взаимосвязи между мифическим и художественным мышлениями, а также в определении познавательного значения связи между эпосом и мифом.

Ключевые слова: фольклор, древний эпос, миф, мифическое мировоззрение, мифический характер, мифический персонаж, Баба Тукти Шашты Азиз, Гайып Ерен кырык шилтен, поэтическая традиция.

Aimukhambet Zh.A., Kenzhalin K.K.

System of characters of the ancient and heroic epic: mythological paradigm

The article analyzes the mythical characters within the paradigm. On the basis of the folk genre has been considered the ancient epic and its relation to the myth. The theoretical conclusion has been systematized within the meanings of epic as a "mythical character" and "myth characters." For example, the heroes of the ancient epics: Er Tostik carries a mythical character, while Zhalmauyz Kempir and Shoyynkulak are myth characters. As well as the systematization of examples of heroic epic of “Alpamys batyr”, "Edige batyr" and "Koroglu".

The relevance of the article is to examine the relationship between the mythical and artistic thinking, as well as to determine the cognitive meaning between the epic and myth.

Keywords: folklore, ancient epic, myth, mythical world, a myth character, mythical character, Baba Tukti Shashty Aziz, Gayyp Eren Kyryk Schilt, poetic tradition.

***

УДК 81:005.57.(045)

Капанова Д.Е. – к.ф.н, доцент,
Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина
Исмагулова Г.К. – к.ф.н., доцент,
Костанайский государственный педагогический институт
E-mail: *damelia06@rambler.ru*

ТАБУИРОВАНИЕ В МЕЖЭТНИЧЕСКОЙ КОММУНИКАЦИИ

Аннотация. *В данной статье рассматривается роль и значение табуированных тем в межэтнической коммуникации. Авторы особенно уделяют внимание анализу результатов эксперимента, проведенного в рамках сопоставительного анализа сходств и различий в табуированных темах в русской и немецкой лингвокультурах.*

Ключевые слова*: запрет, табу, коммуникативные неудачи, социальный запрет, физические запреты, этностереотип.*

В современной лингвистике особое внимание уделяется проблеме связи и взаимодействия языка и культуры, специфике их взаимовлияния, изучению языковой картины мира человека. Язык представляется неотъемлемой духовной составляющей народа, отражением его мировоззрения, миропонимания, миропознания. Каждая нация имеет свою культуру, которую понимает только она. Изучая язык, мы воссоздаем картину мира современного человека, дешифруем и осмысливаем значимые национально-культурные константы.

В естественных языках действует механизм, порядком осложняющий жизнь исследователям. Этот механизм - табуирование. Табуированием (от «маори» табу - магический запрет) называется запрет на употребление определенного слова.

Эвфемизмы и табу представляют собой одну из разновидностей стилистических средств. Они позволяют говорящим варьировать речь, тон, интонацию в зависимости от коммуникативных условий при необходимости скрывать или вуалировать свои намерения, тем самым избегать конфликтов в общении, которые могут произойти при слишком прямолинейной номинации определенных предметов, действий и т.п. Чем официальнее отношения между людьми, тем более вероятны в их речи процессы табуирования и эвфемизации. А в непринужденной беседе люди меньше испытывают их необходимость.

В общественной жизни человека всегда существуют определенные правила, которые являются существенной частью его образа жизни. В соответствии с ними каждая из культур имеет собственное представление о «плохом» и «хорошем» поведении. Каждая культура формирует свою собственную систему различных запретов, предписывающих, как в той или иной ситуации человек должен поступать, или указывают на то, что вообще ему не следует делать. На протяжении всего развития человеческой истории каждой культурой было создано большое количество самых различных норм поведения и общения [1, с. 5].

Самой главной проблемой в межкультурной коммуникации считаются «коммуникативные неудачи». У каждого из нас, так или иначе, в какой-то момент появляется проблема «нехватка слов». Это происходит, например, если в процессе общения возникает преграда в качестве табу, незнание этих вето или неумение другими словами передать их значение приводят к самым важным и актуальным проблемам в коммуникации, так называемым коммуникативным неудачам.

Д.Фрэзер считает, что слово «табу» образовалось от глагола *ta* (выделять, отмечать) и наречия усиления *pu*. Вместе буквально означает: «всецело выделенный, отмеченный». Изначально значение этого слова обозначало «священный». Д.Фрэзер акцентирует внимание, что в этом понятии, кроме того, присутствует противоположное значение – «нечистый», «проклятый», «ненавистный». Первоначально табу представлялось как категорический запрет религиозного характера [2, с. 190].

Под термином «табу» А.Н. Красников определяет магический, основанный на религии, запрет у людей, которые находились на начальной стадии общественного развития [3, с. 423]. Впервые система табуирования была обнаружена в Полинезии на острове Тонга этнографами и путешественниками, и потом ее аналоги были обнаружены в различных культурах всех стран и народов. Объектами табу являются животные, люди, предметы, слова, действия и так далее. Одни из этих объектов являлись священными, а некоторые, наоборот, в религиозном смысле считались нечистыми. У первобытных людей соприкосновение, как с нечистым, так и со священным влекло за собой наказание сверхъестественных сил, богов или духов. Не только отсутствие фиксированного права у примитивных людей, но, а также отсутствие более развитой морали свелось к тому, что запреты стали главным в их становлении механизмом, регулирующим общественные отношения. Так, половозрастные табу разделили племена на брачные классы и тем самым исключили половые связи между близкими родственниками. Пищевые запреты определяли

характер пищи, которая предназначалась вождю, воинам, женщинам, детям, старикам. Ряд других вето был призван гарантировать неприкосновенность жилища или очага, соблюдение правил погребения, распределение прав и обязанностей между членами общины. По мере развития общества и его социальной дифференциации табу начинают использоваться для укрепления экономического могущества и политической власти племенной верхушки. В центре системы табуирования оказываются личность вождя и сфера его деятельности. Постепенно объектами табу становятся также жрецы и наиболее выдающиеся воины. Рядовые же соплеменники были задавлены гнетом бесчисленных запретов, за нарушением которых следовало строжайшее наказание. В дальнейшем значительная часть табу вошла в развитые религии, модифицировавшись в чисто религиозные, правовые и нравственные запреты.

В немецком толковом словаре «Duden» «табу» определяется, разграничиваясь на два аспекта:

1. die Volkerkundliche Bedeutung im Sinne eines Verbotes «bestimmte Handlungen auszufuhren, insbes. geheiligte Personen od. Gegenstande zu berühren, anzublicken, zu nennen, bestimmte Speisen zu genießen»;

2. die bildungssprachliche Bedeutung im Sinne eines ungeschriebenen Gesetzes, «das auf Grund bestimmter Anschauungen innerhalb einer Gesellschaft verbietet, über bestimmte Dinge zu sprechen, bestimmte Dinge zu tun» [4].

Рассмотрим еще одно определение данного явления, которое привел исследователь A.Musolff. Он добавляет ко всем понятиям табу как “Vorwurfs–Sprechakte in der Kommunikation” (укоренившиеся предрассудки, укоры в коммуникации). Частое использование данного определения в средствах массовой информации определяет его важность для коммуникативной лингвистики. В данном аспекте исследователь отмечает, что, следующие понятия “tabulos («свободный от табу»), Tabusbrechen («нарушить табу»), enttabuisieren («детабуирование») имеют положительную коннотацию [5, с. 17].

Данное явление, в переносном смысле, означает вообще любой запрет, при нарушении которого обычно наблюдается угроза обществу.

Внешним признаком, который общий для всех явлений категории «табу», является всегда сопутствующий им атрибут «священности», абсолютной божественной императивности. Созданные этой системой большое количество запретов и обрядов, с точки зрения её последователей считаются иррациональными, найдя своё оправдание исключительно в категорическом императиве религиозного требования. Генезис этих запрещений кроется в суеверном стремлении первобытного человека оградить всякое разумное, с его точки зрения, религиозное правило или запрет целым рядом параллельных запретов в совершенно посторонних областях, руководствуясь либо простой аналогией с основным запретом, либо желанием оградить основной запрет от даже самой отдалённой возможности нарушения. В Талмуде все подобные запрещения так и называются «оградами закона». Простейшим примером этих «оград» могут служить законы о субботе, для охраны святости которой была установлена целая масса запретов, ничего общего не имеющих с самим принципом субботнего отдыха (например запрет прикасаться к светильнику, носить платок в кармане и т. п.). В свою очередь каждое новое (созданное по аналогии или для ограждения старого) запрещение становилось предметом дальнейших расширительных запрещений. Санкцией и охраной подобных запрещений служило фетишистское преклонение первобытного человека перед всем, что старо, традиционно, завещано отошедшими поколениями, и в особенности перед тем, что закреплено традиционным атрибутом табу — священностью. Позже, когда в процессе религиозного творчества начинает участвовать тенденциозная и часто корыстная инициатива жреческого сословия и светской власти, система табу образует из себя ткань регламентации, опутывающую все детали жизни, лишающую

общество возможности свободного развития. Психология, создавшая табу, проявила себя не в одной лишь религиозной сфере, а во всех областях духовной и общественной жизни, в праве, морали и даже науке и в значительной мере послужила причиной застоя многих цивилизаций древности.

Запрет или табу у разных народов постепенно возникало на почве мифологических и религиозных верований. Раньше существовало такое табу: запрещалось прикасаться к телу умершего вождя, брать его вещи, заходить в его дом и вести разговор с его вдовой. И даже имя умершего вождя никогда не произносилось, чтобы не вызвать гнев духов, которые забрали душу покойника. Боги, также как и демоны, представлялись для людей некой опасностью, и в обыденной жизни их старались избегать, например, не вызывать и не называть их всуе, без особой на то надобности. Это и является первоначальными корнями табуирования, как сознательная отгороженность и защита от страшной силы воздействия и разрушения.

Табу, которое налагалось шаманом на «виновные» в человеческих несчастьях объекты и слова, явилось не только универсальным способом социальной регуляции поведения, но также и формой трансформации знаково-символического окружения, развития сознания и языка. Отделяя важное от неважного, неизвестное от известного, недозволенное от дозволенного, сакральное от профанного, табу выступало как своеобразный механизм социального торможения инстинктивных стремлений, побуждающий человека включать мышление и направлять его в другое русло. В результате табуирования деяние, слово, событие заменяли собой другие деяния, слова и события; слово утрачивало жесткую магическую связь с предметом и отделялось от него, а смысл приобретал отличие от слова. Социальный запрет в ходе последующей интериоризации превращался в логический, предпосылки обмена предмета на предмет становились условиями обмена слова на слово, иносказания. Темная, нагруженная магическими предрассудками заповедь «Не вари козленка в молоке матери его» превратилась в моральные запреты «Не убивай» и «Не кради». Договоры, запрещавшие вражду между воюющими племенами, трансформировались в религиозные жертвенные ритуалы. Научная теория возникала как отказ от непосредственной очевидности наблюдений, как замена природы на «другую Книгу», например, как запрет видимого «нечистого» (петлеобразного) движения планет, которое должно быть переложено на «чистый» язык сферической геометрии и механики. Принцип номотетического, законосообразного мышления вообще, запрещающего всякое иное положение дел, имеет своим прототипом деятельность табуирования [6, с. 104].

По представлениям же З.Фрейда табу означает представление чего-то требующего осторожности. Табу находит свое выражение в запрещениях и ограничениях. Другими словами, табу оказывает влияние большое на подсознание субъекта. З.Фрейд предлагает логическое объяснение происхождения запретов и вообще социальных табу. По его мнению, запрещаться или табуировать необходимо только те явления и предметы, к которым люди испытывают непреодолимое влечение. Ведь не существует такого запрета: класть ноги или руки в горящий костер, хотя это имеет большую опасность, нежели обсуждать какие-то определенные темы в кругу знакомых. Но здесь и не требуется специального запрета, потому что мало найдется желающих это сделать [7, с. 447].

С позиций научных подходов процесс запретов имеет различную интерпретацию: культурологического, психоаналитического и др. При этом табу играет роль бессознательного императива, который в сознании репрезентируется различными формами манифестации: правилами, законами, традициями и обычаями.

В каждом сообществе запреты имеют свое происхождение морально-этического характера. Они указывают на недопустимость того или иного поступка, и этим подразумевают его нравственную опасность, а не физическую. Физические

запреты не несут в себе ничего странного. Так, например, по всем известным причинам запрещается переходить улицу вне перехода. Необходимо отметить, что определенные обычаи или правила приличия, существующие в одной культуре, являются осуждающими и недопустимыми для другой. Как коммуникативное явление табу характеризуется как неписаные законы, которые относятся к членам конкретного языкового коллектива, и говорить о них по каким-либо причинам представляется неприличным и неудобным. Также необходимо отметить, что негативные этностереотипы считаются культурно - табуированной тематикой [8, с. 247].

Н.Б. Мечковская выделяет такие причины табуирования современного общества: такт (сохранение традиционных культурных норм), приличия (осуществление идеологического контроля) и психологическая уместность (манипулирование массовым сознанием) [9, с. 133].

Моделирование системы табу нацелено на выяснение мотивации запретов (почему тот или иной тип поведения является запрещенным в данной культуре), на освещение типов запретов, налагаемым обществом; выявление динамики таких запретов (эта динамика обусловлена социально-историческими факторами), на определение способов их выражения (существуют определенные семиотические механизмы кодирования и декодирования табу).

Предлагаемая модель табу имеет несколько измерений:

1) культурное, призванное ответить на вопрос, какие типы поведения являются табуированными в данной культуре;

2) типологическое, в основу которого могут быть положены разные основания; отметим, что различные типы дискурса накладывают собственные дискурсивные ограничения;

3) эмоциональное, характеризующее широкий диапазон реакций и амбивалентность его восприятия: реакция на детабуизацию варьируется от смеховой до чувства глубокого отвращения;

4) динамическое, отражающее процессы табуизации и детабуизации.

Х.Шредер подчеркивает, что, если обычный запрет нуждается в вербальной фиксации, то для табу прямое выражение нехарактерно. Процесс табуирования распространяется не только на описание, но и на обоснование запрета (почему нельзя?). Табу является объектом, который неудобно обсуждать, о котором говорят неохотно. По этой причине во многих случаях табу не признается обществом в качестве запрета. Экспликация табу не допускается даже при необходимости объяснить наличие запрета в педагогическом дискурсе. Немецкие педагоги в качестве примера приводится тему смерти, которая вызывает большое количество различных вопросов у школьников уже на начальном этапе, но всячески избегается учителями. Все же обсуждение тематической области «Sterben–Tod–Trauer» необходимо, и это аргументируется, в основном, тем, что дети любого возраста неизбежно сталкиваются с такими фактами, как: смерть домашних питомцев, сообщения в СМИ о гибели людей в катастрофах и авариях, потеря родственников или знакомых старшего поколения.

Структура табу состоит из двух основных частей (предупреждение и возможное наказание за его нарушение). Не разоряй птичьи гнёзда – не то семья распадётся. Никому не хочется, чтобы его семья распалась. Запреты распределить на следующие группы:

1) Экологические;
2) Экономические;
3) Санитарно - гигиенические или медицинские;
4) Нравственно-этические;
5) Запреты, связанные с борьбой за самосохранение и техникой безопасности;
6) Запреты, связанные с похоронами;
7) Запреты, связанные со святыми рощами.

Посмотрим экономические запреты, связанные с хлебом.

1) Стол без хлеба оставлять нельзя - в доме не будет достатка.

2) Нельзя бросать хлеб – будешь наказан богом.

3) На улице хлеб нельзя есть - выносишь на улицу изобилие.

Экологические запреты также очень поучительны.

1) Возле дома нельзя выбрасывать мусор или выливать помои–ставишь преграду в виде мусора на дороге в своё будущее.

2) Нельзя сваливать мусор, навоз и в овраги, речку, улицу, опушку леса – бог накажет за осквернение его дома.

3) Нельзя плевать в колодец, родник – на языке появится болячка.

Большую роль в воспитании играли нравственно-этические запреты.

1) Запрещено грубить родителям - в жизни не будет счастья.

2) Нельзя проклинать своих детей - можешь их потерять.

3) Не насмехайся над больным и убогим - сам можешь стать таким.

Интерес вызывают запреты, связанные с борьбой за самосохранение и техникой безопасности.

1) Нельзя плевать на горячую сковороду или в огонь - опухнут губы;

2) Нельзя оставлять два ножа на столе – это приводит ссору в доме.

3) Запрещено подстригать свои волосы - ум укорачиваешь [10, с. 41-42]. Именно такие примеры табу существовали у марийскийского народа.

Литература:

1.Грушевицкая Т.Г., Попков В.Д, Садохин А.П. Основы межкультурной коммуникации: Учебник для вузов / Под ред. А.П. Садохина. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2002. – 352 с.

2. Фрэзер Дж.Дж. Разновидности табу. Золотая ветвь. – М , 1983.– 250 с.

3. Энциклопедия эпистемологии и философии науки. / Гл. ред. И.Т. Касавин. – М.: «Канон+», РООИ «Реабилитация», 2009. – 1248 с.

4. Duden. Deutsches Universalworterbuch. 4., neu bearbeitete und erweiterte Auflage. – Mannheim, 2001. – 1555 p.

5. Musolff A. Sind Tabus tabu? Zur Verwendung des Wortes Tabu im offentlichen Sprachgebrauch // In: Sprache und Literatur in Wissenschaft und Unterricht, 1987. – P. 17.

6. Реформатский А.А. Табу и эвфемизмы. – М.: Аспект Пресс, 1998. – 536 с.

7. Фрейд З. Тотем и табу. – М : Олимп: Изд-во "АСТ-ЛТД", 1997. – 447 с.

8. Кашкин В.Б., Смоленцева Е.М. Этностереотипы и табуированные темы в межкультурной коммуникации // Культурные табу и их влияние на результат коммуникации. – Воронеж: ВГУ, 2005. – 252 с.

9. Мечковская Н.Б. Социальная лингвистика. – М.: Аспект Пресс, 1996. –207 с.

10. Ялаева Р. Что может спасти природу? – Мишкино, 2005. – 54 с.

***

Капанова Д.Е., Исмагулова Г.К.

Этносаралық қарым-қатынастағы тыйым

Бұл мақалада этносаралық қатынастағы тыйым салынған сөздердің рөлі мен мағынасы талқыланады. Мақалада орыс және неміс тілдеріндегі тыйым салынған сөздердің ұқсастықтар мен айырмашылықтарын салыстырмалы талдауға ерекше көңіл бөлінеді.

Тірек сөздер: Тыйым салу; тыйым; байланыс бұзылуы; әлеуметтік тыйым салу; физикалық шектеулер; этникалық стереотиптер.

Kapanova D.E., Ismagulova G.K.

Taboo in interethnic communication

The paper examines the role and importance of the taboo topics in the interethnic communication. The main attention is paid to the analysis of experimental rezults, conducted in the framework of the comparative analysis of similarities and differences in taboo topics in German and Russian linguistic cultures.

Keywords: Ban, taboo, communication failures, a social ban, physical restrictions, ethnic stereotypes.

***

ӘОЖ 811.512.122' 367

Алтаева А.К. – филология ғылымдарының докторы,
доцент, «Тұран» университеті
E-mail: *ak.alma@mail.ru*

ТІЛ МЕН КОММУНИКАЦИЯНЫҢ ЖАСЫРЫН ҚИЫНДЫҚТАРЫ

Аңдатпа. *Бүгінде халықтың коммуникативтік мінез-құлқын сипаттау мынандай себептерге байланысты өзекті болып отыр: «Тіл және адам» мәселесін назарға алған коммуникативтік және антропоөзектік лингвистика даму үстінде; мәдениаралық коммуникация мен мәдениаралық түсініністікке, ұлттық ерекшеліктерге қызығушылық артты; реттеуді қажет ететін ұлтаралық қақтығыстар саны артып отыр. Бұл айтылғандардың бәрі ұлттық қарым-қатынас аясына қатысты деректерді ғылыми түрде жүйелейтін мезгіл жеткенін меңзейді.*

Тірек сөздер: *Мәдениаралық коммуникация, «өзімдікі», «өзгенікі», дүниенің тілдік бейнесі, тіркесімділік, эквиваленттілік, эквивалентті сөздер, эквивалентсіз сөздер, лексика-фразеологиялық тіркесімділік, қос тілділер.*

Тіл – дыбыстық таңбалардың адам қоғамында стихиялы түрде дамыған, қарым-қатынастың түрлі мақсатына қызмет ететін жүйе; адамның әлем туралы түсінігін және білім қорын жеткізетін жүйе.

Коммуникация — қарым-қатынас актісі, өзара түсініністікке негізделген бір немесе бірнеше индивид арасындағы байланыс; бір адамның екінші адамға немесе бірнеше адамға ақпараттты жеткізуі.

Біз үшін маңызды болып табылатын алғашқы төрт мағынасына тоқталсақ, мәдениет – бұл:

1. Адам қоғамының өндірістік, қоғадық және рухани өмірдегі жетістіктерінің жиынтығы. *Материалдық мәдениет.*

2. Қандай да бір шаруашылық немесе ой қызметінің деңгейі, даму дәрежесі. Жер өңдеу мәдениеті. *Сөйлеу мәдениеті.*

3. Озық адамның талаптарына сәйкес өмір шарттары. *Тұрмыстық мәдениет.*

4. Зиялылық, білімділік, оқымыстылық.

Мәдениаралық коммуникация. Әр түрлі ұлттық мәдениет өкілдерінің коммуникативтік актіге қатысу барысында өзара дұрыс түсінісуі осылай аталады.

Мәдениетпен байланысты сұрақтардың өзектілігі бүгінгі өткір мәселелердің бірі. Әр түрлі халықтың мәдениетін үйренуге деген қызығушылық, бұған дейін тарих, философия, филологияның ықпалынан шыға алмай келген мәдениеттің алғашқы орынға шығуы; оның ғылыми мамандық деген мәртебеге айналып, мәдениеттану бойынша кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғайтын ғылыми кеңестердің ашылуы; мәдени диалогтер мен қақтығыстар тақырыбына қатысты жарияланымдар; мәдениет проблемаларын зерттеушілерді біріктіретін қоғамдар мен ассоциациялардың құрылуы; мәдениетке қатысты сұрақтар төңірегінде өтіп жатқан конференциялар, симпозиумдер, конгрестер; культурология мен антропологияның қоғамдық бағытта мамандар даярлайтын оқу бағдарламаларына және орта мектеп бағдарламаларына да енуі – осының бәрі мәденит проблемаларына деген қызығушылық белең алғанының куәсі.

Соңғы жылдары әлемдік масштабтағы әлеуметтік, саяси және экономикалық таңғажайыптар халықтың көшіп-қонуына, араласуына, тіпті мәдени қақтығыстарға келуіне әкеліп отыр. Ең тиімдісі өзара түсініністік, мәдениеттер диалогі, коммуникациялық серіктестердің мәдениетіне деген сабыр мен құрмет болып отыр.

Осы айтылғандардың бәрі: мазасыздық тудыратыны да, үміт шақыратыны да – мәдениаралық қарым-қатынас мәселелеріне ерекше көңіл бөлуді бүгінгі күн тәртібіне

қоюда. Бұл сөздің бір ұшығы мақалдарда жатыр. Өйткені мақал-мәтелдердің тілдік-танымдық мәтінін анықтау арқылы сол тілдің көркемдік таным әлемін, ұлттық әрі әлеуметтік болмысын саралауға болады. Мақал-мәтелдер халық өмірін, философиялық түсінігін, тіршілік тынысын, ерлік рухын, әдет-ғұрпын кеңінен қамтиды. Мақал арқылы халық өмірінің бүтін бейнесін көз алдымызға келтіргендей боламыз. Мәселен, *Кімнің жерін жайласың, соның жырын жырлайсың* деген қазақ мақалы өзектілігін жоғалтпаған. Осымен мәндес орыс және ағылшын мақалдары да сол ойды меңзейді: *В чужой монастырь со своим уставом не ходят. When in Rome, do as Romans do* [Приехав в Рим, делай, как римляне]. Бұл тілдердің қай-қайсысында да халық даналығы мәдениет қақтығысынан сақ болуға шақырады.

Мәдениеттер қақтығысы терминінің мәнін түсіну үшін «*иностранный*» деген орыс сөзі жеткілікті. Бұл сөздің ішкі формасы: «өзге елден келген» (из иных стран) адамдарды біріктіреді әрі оны басқа, өзге мәдениеттерден бөліп, ажырата алады. Басқаша айтқанда, «туған мәдениет – бұл халықтың өзіндік ұлттық ерекшелігін күзететін қалқан, ал екінші жағынан өзге халықтар мен мәдениеттерден бөліп тұрған жабық қақпа деуге болады» [1, 33 б.].

Бүкіл әлем адамдарды тіл мен мәдениет біріктіретін «өзімдікі» және тіл мен мәдениетті білмейтін «өзгенікі» деп бөлінеді (Осы тұста мынаны айта кеткен орынды: түрлі әлеуметтік-тарихи себептерге байланысты қарым-қатынастың басты халықаралық құралына айналған ағылшын тілінде өз ана тілі болмаса да, миллиондаған адам сөйлейді. Бұндай ілгерілеушілік ағылшынтілді әлемге орасан зор саяси, экономикалық т.б. жетістік әкелгенімен, осы әлемді қалқансыз қалуға әкелді: нәтижесінде ағылшын мәдениеті бүкіл адамзатқа барынша таныс, ашық болып отыр. Яғни ағылшындардың ұлттық махаббатына қарамастан, «менің үйім – менің қорғаным» деген ұғым белгілі бір дәрежеде парадокске және тағдырдың тәлкегіне айналған. Себебі ағылшын тілі арқылы олардың «ұлттық үйі» бүкіл адамзатқа ашық.)

Коммуникацияның басты шарты – білім қоры, яғни сөйлеуші мен тыңдаушы меңгерген мәдени білім болып саналады. Тіл өз халқының мәдениетінен, әлеуметтік құрылымынан, ділінен, дүниетанымынан хабар беріп қана қоймайды, солардан жинақталып, келер ұрпаққа мәдени мұра болып қалатын әлеуметтік-мәдени қырларды да бейнелейді.

Тіл үздіксіз қызмет етіп, үздіксіз өзгеріп отыратын ағза іспеттес. «Тірі және өлі тілдер» деген қолданыс жайдан-жай тумаған. Барлық тілдер бір кездерде туған, біреулері жойылған, кейбірі бірте-бірте құрып, жойылу алдында тұр. Тіл сол тілде сөйлейтін халық жойылғанда ғана жойылады. Халықпен бірге мәдениет те жоғалады, ал мәдениет, оның қозғалысы мен дамуы болмаса, тіл де тіршілігін тоқтатып, тек жазба ескерткіштерде ғана сақталған тілге айналады.

Жалпы коммуникацияны қиындататын, әсіресе, шетел тілінде жиі ұшырасатын басты екі себепке тоқталайық.

1. Тілді қолдануды реттейтін лексика-фразеологиялық шектеулер. Әр тілдегі әрбір сөз тек сол тілге ғана тән шеңбер не тіркесімділікке ие. Басқаша айтқанда, сөз кез-келген сөзбен бірдей тіркесе бермейді, талғап тіркеседі. Мәселен, орыс тілінде победа сөзі одержать сөзімен, ал поражение — потерпеть, роль - играть, значение — иметь, выводы және комплименты — делать сөздерімен тіркеседі. Ал ағылшын тілінде 'платить' мағынасын беретін to pay етістігі орыс тілінде тіркестіруге келмейтін мына сөздермен тіркеседі: attention [внимание], visit [визит], compliments [комплименты]. Ал орыс тіліндегі высокая трава, крепкий чай, сильный дождь ағылшынша «длинная трава» (long grass), «сильный чай» (strong tea), «тяжелый дождь» (heavy rain) тіркестері түрінде аударылып қолданылады.

Әрбір сөздің лексика-фразеологиялық тіркесімділігі немесе валенттілігі бар. Ол тек белгілі бір тілдегі белгілі бір сөзге ғана тән, сол себепті жалпы емес, ұлттық сипатта болып келеді. Бұл ерекшелік тек салғастыру арқылы байқалады. Сондықтан шетел тілін үйренушілер жиі ұшырасатын осы қиындықтарды тілді тұтынушылар

біле бермейді. Сол себепті шетел тілін үйрену барысында сөздің жеке өзінің мағынасын емес, сол тілде орнығып тұрақталған тіркесімділігі түрінде жаттаған жөн.

2. Лексика-фразеологиялық тіркесімділіктен гөрі көп жағдайда жасырын жүретін тағы бір қиындық: сол тілдерде «эквивалентті сөздермен берілетін шындық өмірдегі заттар мен құбылыстар туралы әр түрлі халықтың мәдени қабылдаулары арасындағы қақтығыс (тартыс, келіспеушілік). Бұндай мәдени ұғымдар әдетте әр түрлі тілдерге тән сөздердің түрліше стилистикалық коннотацияларын анықтайды.

Орыс тіліндегі черная кошка тіркесі ағылшын тіліндегідей black cat, яғни бір ғана мысықты, бір ғана түсті білдіреді. Алайда орыс мәдениетінде «қара мысық бақытсыздық, сәтсіздік әкеледі» деген дәстүрмен байланысты аталған тіркес теріс бағаға (коннотацияға) ие. Осымен байланысты белгілі ән де бар: Жил да был черный кот за углом, И его ненавидел весь дом... Говорят, не повезет, Если черный кот дорогу перейдет. Ағылшын тілінде қара мысық – сәттіліктің, күтпеген бақыттың белгісі, сол себепті «Good Luck» деген жазуы бар ашық хаттарда, орыс халқының таңданысына қарай, қара мысықтың суреті кездеседі.

Лексиканың эквивалентті сөздерге қатысты қабаты шетел тілін үйренуде эквивалентсіз сөздерге қарағанда көбірек қиындық тудырады. «Ұғымдық эквиваленттілік, яғни шындық болмыстағы эквиваленттілік тіл үйренушіні адастырады. Үйренуші соған орай өзге тілде сөйлеу кезінде сол тілдің функционалдылығын, лексика-фразеологиялық тіркесімділікті әрі лингвостилистикалық коннотацияны ескермей, сөз қолдануы мүмкін» [2, 70 б.]. Басқаша айтқанда, әр түрлі тілдердегі сөздер бірыңғай ұғымдық материалды қабылдап, болмыстың біркелкі ерекшеліктерін бейнелесе, нақты сөзқолданыста олардың жұмсалымы түрліше болуы мүмкін. Оның себебі әр түрлі тілдік ойлаумен, сөйлеудегі функционалдылықпен байланысты.

Сонымен, тілдік эквиваленттіліктің семантика, лексикалық тіркесімділік, стилистикалық коннотация секілді факторлары жалаң түсінік болып қалар еді. Одан бөлек мәдени аспектісі көбіне назардан тыс қалады, сондықтан да ол жасырын әрі терең мәселе. Тілдік эквиваленттіліктің тасасында ұғымдық эквиваленттілік, мәдени түсініктің эквиваленттігі тағы бар.

Шындық болмыстағы заттар мен құбылыстардың эквиваленттілігі туралы ұғым әр тілде әр түрлі, себебі түрлі ұлттық санаға қарай құрылады. Сөздер де түрлі тілдерде түрліше өмір сүреді, әр түрлі тіркесімділікке, стилистикалық және әлеуметтік коннотацияларға ие болады.

Эквивалентті сөздер семантикалық аясы жағынан да (дом сөзінің аясы house сөзінен гөрі кеңірек, оған home, building, block of flats, condominium, mansion сөздері де кіреді), сөйлеуде жұмсалымы жағынан да (орыс тіліндегі адрес сөзінің дом сөзімен байланысып келуі, ал ағылшын тіліндегі адрес сөзіне оның қажетсіздігі), стилистикалық коннотациясы жағынан (салыст. зеленые глаза және green eyes: жағымды-жағымсыз) және лексикалық тіркесімділігі тұрғысынан да (салыст. крепкий чай және strong tea) әр түрлі. Тіпті нақты тілдік қолданыстар бірнеше тілде сәйкес келсе де, тілден тыс айырмашылықтарды естен шығармаған дұрыс. Яғни зат-құбылыстармен қатар, олар жөніндегі түсінік, ұғымдар да біркелкі емес. Бұл табиғи әрі заңды, өйткені біздің өмір сүру образымыз, дүниетанымымыз, әдет-ғұрып, салт-дәстүріміз да әр түрлі. Бұл ұлттық мәдениетті кең мағынада қамтитын қандай да бір шарттылықтар болып табылады. *Дом* мен *house* — бұл әр түрлі әлеуметтік және мәдени құрылымдарға ие тұрғын үй, баспана.

Осы тұрғыда қос тілділер, екі бірдей ана тілі барлар, шетел тілінің оқытушылары және өзге тілді кәнігі меңгерген аудармашыларды айтуға болады. Қос тілділерде дүниенің екі тілдік бейнесі болса, шетел тілі мамандарында дүниенің екінші тілдік бейнесі ана тілімен біте қайнасып жатқан алғашқы тілдік бейне арқылы қалыптасады.

Көп жағдайда қос тілділер дүниені екі түрлі танудан, бір тұлғаның ұдайы екіге жарылуынан, бір мәдениеттің ішінде үнемі жүріп отыратын екі тілдің қақтығысынан

зардап шегеді. Өмірде де, жазба деректерде де мұндай мысалдар көптеп ұшырасады.

Сонымен, тіл – нақты әлемнің де, мәдени-ұғымдық әлемнің де айнасы. «Бұл «айна» сол халықтың ақылымен, жанымен біте қайнасып жатқан, сол халыққа ғана тән дүниенің бейнесін өрнектейді. Тіл тек адамға сезімдік, жасаушы және мәдени тәжірибемен берілетіннің бәрін білдіріп қана қоймайды. Ол мәдениет пен ойлаумен бір мезгілде, тіл тұтынушының белгілі бір әлеуметтік-мәдени бірлестікке жатар тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді, құндылық, мораль, мінез-құлық, адаммен қарым-қатынасты дамытады» [3, 17 б.].

Қазіргі ғылымда белең алған құбылыс ғылымдар жүйесін, мейлі ол жаратылыстану немесе қоғамдық цикл болсын, оған прагматикалық тұрғыдан келу болып отыр. Оның басты мазмұны ғылыми теориялық пайымдаулар мен практикалық қызметтің арасындағы сәйкестікті табу. Яғни бұл логиканың философиялық сіңімділігі және ой мен әрекеттің практикадағы өзара сабақтастығының жоғары дәрежеге жетуі.

Кез-келген айтылымның формасы мен мағынасы сөйлеу контексімен анықталады. Сөйлеу контексі деп біз «сөйлеуші» мен «тыңдаушының» ара қатынасын аламыз. В. фон Гумбольдтің «язык — это деятельность, а не оконченное дело» деген сөзі тілдің табиғатын дұрыс сипаттайды. Сөз тек белгілі бір жақтың сөйлеген сөзімен анықталып, контекст пен сөйлеу стиліне, яғни сөйлеу жағдаятының объективті және субъективті шарттарына тәуелді болады.

«Сөйлеуші» өзін түсінгенді қалайды, «тыңдаушының» жауабын естігісі келеді, бұл жағдайда диалог, дискурстің өрбиді. Өзара түсіністік – тек ұмтылыс қана, алайда ол айналаны тану және мәдениетті сақтау үшін қажет. Дауды, түсінбеушілікті жеңу – дамудың табиғи-логикалық үдерісі, ол өзара әсер етуге қажет. Қарым-қатынас деңгейінде өзара әсер етуге талдау жасау – сөйлеу және жазбаша коммуникацияны оқытудағы басты міндет. Бұл талдаудың формасы коммуникативтік жағдаятқа тілдік-прагматикалық тұрғыдан қарау.

20 ғ. тіл білімінде таңба мен таңбалар жүйесі идеясын үйрететін құрылымдық лингвистика (Ч.Пирс, У.Джеймс, Д.Дьюи, Ч.Моррис, Ф. де Соссюр) және ақиқат, референция және тіршілік проблемаларын оқытатын Рассел мен Фрегенің семантикалық идеяларын дамытуға бастайтын логикалық семантика үстемдік құрды. Екі ғылымның да әлсіз тұсы – адамның сөйлеу қызметінің нақты практикамен ұштаспауы. Ғылымның алдында одан гөрі маңызды тіл функционалдылығының механизмдерін түсіндіру деген мақсат тұрды.

Витгенштейннің пікіріне сүйенсек, әлеуметтік құрылым мақсатты әрекеттердің жүйесі ретінде қарастырылуы қажет. Бұл арада тұлғаның жеке мүддесі алғашқы орында болмайды. Әлеуметтік қызметтің мәні, яғни нәтижесі ережелерге бағынып, санасумен шешіледі. Автор тіл қызметінің функционалдық мәнін де осылай таниды. «Мағынаның функционалдық тұжырымдамасы» - Витгенштейннің аса құнды идеясы ретінде оның «Философиялық жазбаларында» айтылған. Тұжырымдаманың міндеті тілдің мағынасы мен қызметінің байланысында. Сөз мағынасының объективтілігі мен қарым-қатынаста оны сөйлеушінің субъективті түсінуі қарым-қатынас мәдениетінде жеткілікті қарастырылмаған мәселе. Бүгінде тілдік контексті ғана емес, қарым-қатынастың тілден тыс жағдаятын, оған тән шарттарды зерттеп, талдау жүргізу аса қажет. Демек, сөздің мағынасын тілден тыс контекске тәуелді деп қарау осы міндетті шешуге мүмкіндік береді. Қазіргі заманда ғалымдар теориялық тұжырымдаманың әр түрлі екі типін біріктіріп бұл сұраққа жауап табуға болады дегенді қолдап жүр: бірі – семантикалық, екіншісі – прагматикалық. Семантика нақты объектіні – нақты жағдаяттан, сөйлеу актісінен тыс сөздің мағынасын қарастырады. Прагматика тұлғаның жеке тілдік тәжірибесі мен айтылым мақсатының арасындағы байланысты зерттейді. Сөйлеу жағдаятына талдау жасауда осы екі бағыттың тұтасуы тіл мен болмыстың арақатынасын түсінуге бастайтын қадам бола алады. Тілдік прагматиканың әлеуметтік ғылымдарда қолданылуы, әрине, маңызды, алайда

проблеманы жеткілікті дәрежеде шеше алмайды. Бұл тұрғыда сөйлеу коммуникациясы аса қызық салалардың бірі. Коммуникацияның дамуы білімнің пәнаралық саласы ретінде тұлғаның өзін-өзі қалыптастыру кеңістігі бола алатын сөйлеу қарым-қатынасы мен қарым-қатынас мәдениеті салаларын оқып-зерттеуге әкелді.

Қарым-қатынастың табиғатында қақтығыс үнемі әсер етуші фактор ретінде жүреді. Қарым-қатынас сөйлеуші мен тыңдаушының сөйлеу-ойлау санасының сәйкестігі немесе әр түрлілігіне негізделеді. Сәйкестік элементтері өзара түсіністік орнатса, айырмашылық элементтері коммуникативтік қызығушылықты оятады. Алайда сәйкестік элементтері барлық уақытта дәл келе бермейді, қарым-қатынасты жалғастыру мақсатында қандай да бір жалпы код жіберуге лайық зоналар орнатады. Жалпы код жасап, жіберу сөйлеуші мен тыңдаушы арасында «мінсіз» жағдаят тудырады. Нақты қарым-қатынас жағдаятында біз коммуникативтік сәтсіздіктер мен үзілістерге, басқаша айтқанда, коммуникативтік ниет пен мақсаттың жартылай не толық жүзеге аспауымен жиі ұшырасамыз.

Көп жағдайда коммуникативтік сәтсіздіктің «кінәсі» коммуникаторға да, реципиентке де қатысты. КС мен үзілісті шақыратын себептердің үш түрі қабылданған: Тіл құрылымынан туындайтын — тілдік кедергілер, яғни айтылғанды толық не жартылай түсінбеу, бұл тілдік таңбаны бұрыс жұмсаудан болады; сөйлеуші мен тыңдаушының сөйлеу-ойлау кодындағы мұндай сәтсіздіктердің себебі көбіне тілдік себептер:

- тілдік бірліктердің қозғалысы;
- тілдік бірліктердің көпмағыналығы;
- тілдік бірліктердің сөйлеу мен мәтіндегі вариативтілігі;
- сөз мағынасы өрісінің функционалды-семантикалық жылжымалылығы.

Тіл суретшінің қылқаламы іспетті табиғи әлемді жазады, алайда оны дүниенің бейнесін жасаушы өз көркем санасы тұрғысынан бейнелейді. Тілдегі дүниенің бейнесі – сол тілде сөйлейтін халықтың ұжымдық шығармашылығы, әр ұрпақ ана тілімен бірге ұлттық мінезі, дүниетанымы, моралі бірге сіңген толық мәдениет кешеніне ие болады. Тіл сөйтіп әлем мен мәдениетті бейнелеп, өз тұтынушысын қалыптастырады. Ол бір мезгілде мәдениеттің айнасы әрі құралы.

Мәдениаралық коммуникацияда басы шешілмеген даулы мәселелер ақпаратты бір тілден екінші тілге аударғанда туындайды. Бұндай жағдайда әр тілде бейнеленетін дүниенің әр түрлі бейнесінен келіп аударманың дәл болмайтыны түсінікті. Бұндай тілдік сәйкессіздіктің көбірек ұшырасуы белгілі бір ұғымды дәл беретін эквиваленттің, кейде тіпті ұғымның өзінің болмауына қатысты. Сол терминдермен берілетін ұғымдар не заттар сол мәдениет үшін ғана бірегей болып табылады. Сондықтан да өзге мәдениеттерге тән емес, солай болғандықтан, оларды білдіретін терминдер де болмайды.

Кез-келген тілдің лексиконында лексикалық ауысулар онша көп емес. Мәдениаралық коммуникацияда қиындық тудыратын – бұл екі тілде де белгілі бір ұғымды беретін сөздің түрлі тілдерде не жеткіліксіз, не шамадан тыс - түрліше аталуы. Сөздің мағынасы тек оның лексикалық ұғымымен шектелмейді, белгілі бір дәрежеде лексика-фразеологиялық тіркесімділік пен коннотацияға байланысты болады. Сөздің аталған аспектілерінің толық сәйкес келуі іс жүзінде мүмкін бола бермейді. Сондықтан да сөздерді сөздіктің көмегімен аударған дұрыс, сөздікте аударылатын сөз мағыналарының тізімі беріледі. Шетел тілін оқып, қарым-қатынаста қолдана отырып, сөздерді жеке, білдіретін мағынасы түрінде ғана жаттамай, оларды сол тілде арынша тұрақталған тіркестер түрінде жаттаған жөн.

Тілдік және мәдени бейімділік мәселелеріне қызығушылық тіл, тұлға және мәдениеттің арақатынасына көңіл бөлуге алып келді. Жетістікті бейімділік – жаңа білім жүйесі мен тұлғаны тәрбиелеудің мақсаты. Тұлға мен мәдениеттің арақатынасын тілдің қатысы арқылы зерттеу бұрыннан бар. Мәдениет бастапқыда басты назарда болды (салт, әдет-ғұрып, шаруашылық тәсілдері, тәрбие, отбасылық

қарым-қатынастар). Тіл туралы алғашқы ойларды Гераклит, Платон, Аристотельдің антикалық философиясынан кездестіруге болдаы.

Кез-келген тіл, сөйлеу секілді белгілі бір ұлттық мәдениет аясында туады, сондықтан ақпаратты бір тілдің ұлттық мәдениетінен екінші тілдің мәдениетіне тасымалдайтын тіл мен мәдениеттің байланысын қарастыру орынды. Қазіргі лингвистикалық әдебиеттерде тіл мен мәдениеттің байланысы бірнеше деңгейде қарастырылады:

Тіл – мәдениет компоненттерінің жұбында тілге басымдық береді, тіл мәдениетке, танымдық үдерістерге және адамдардың мінез-құлқына жүгінеді деп сендіреді. Немесе грамматикалық құрылымдар белгілі бір ойлау каналдарын жасайды, бұл каналдар мәдениетке де ықпал ете отырып, дүниенің тілдік бейнесін анықтайды.

Тіл мен мәдениеттің неғұрлым қарқынды байланысы мағыналық деңгейде анық байқалады, осы деңгейде сөздің мағынасына ұлттық мәдениет тән (мәселен, эквивалентсіз лексика). Бұл жағдайда әңгіме астырт тарихи, аялық және тұрақталған әдеби ассоциациялар туралы болып отыр, ал айтылған ассоциациялар сөздің ажырамас бөлігі әрі мәдени ақпараттың белгілі бір бөлігі болып табылады.

Кез-келген қоғамның жүзеге асу кезеңдерінің белгісі – бұл тіл. Тілдің дамуы мен байлығы – қоғамның, оның ғылымы мен мәдениетінің, адамдардың танымдық қызметінің даму нәтижесі.

Тілдер өз құрылымында үнемі өзгеріске ұшырап отырады, солай олардың үздіксіз тарихи дамуы жүзеге асып отырады. Ғылыми-техникалық төңкеріс дәуірінде тілдердің көптігі бір ғана тілді қажет етуге қарсы тұруды одан әрі жалғастырады.

Одан бөлек қазіргі дәуірде белгілі бір ұлттық және мемлекеттік үдерістермен бекітілетін көптеген тілдердің тууы мен бекуі бақылауға алынып отыр. Бір кездерде жазуы және әлеуметтік мәртебесі болмаған аз тілдердің жойылу үдерісі де болды. Тіл сол тілде сөйлеушілердің мәдени қоректену ортасы.

Қазіргі уақытта білім адамзат дамуы факторларының арасында алғашқы орынға ие Университеттердің негізгі тағайыны ғылыми білімді байытып, мәдениетті қалыптастыруында. Білім – мәдениеттің іргетасы, оның негізі. Бірде-бір қоғам құндылықтар жүйесі болмаса, қызмет етіп, дами алмайды.

Қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайлар, қоғам өміріндегі түбегейлі өзгерістер, ұлтаралық қақтығыстар мәдениет те, білім де басқа логиканы, дамудың басқа заңдылықтарын, басқа құндылықтарды қажет ететін жаңа сапалық күйге көшкенінің айғағы болып отыр. Сол себепті өркениеттің қазіргі талаптарына жауап беретін педагогикалық жүйе ұлтаралық өзара әрекет мәдениетін қалыптастыруға итермелеу керек.

Тіл мәдениеті түсінігі ғылыми әдебиетте кеңінен қолданылып жүрген тілдік тұлға және дүниенің тілдік бейнесі ұғымдарымен бірге мәдениет пен тұлға арақатынасы мәселесін шешуге септігін тигізеді.

Әдебиеттер:

1. *Верещагин Е.М , Костомаров В.Г. Язык и культура. – М., 1985. – 452 с.*
2. *Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М., 1987. – 264 с.*
3. *Формановская Н.И. Речевой этикет и культура речи. – М., 1989. – 159 с.*

***

Алтаева А.К.

Скрытые трудности языка и коммуникации

Описание коммуникативного поведения народа сейчас стало весьма актуальным в силу ряда объективных причин: активно развивается коммуникативная и антропоцентрическая лингвистика, поставившая в центр внимания проблему “Язык и человек”; активизировался интерес к межкультурной коммуникации и межкультурному пониманию, национальной самобытности разных народов; увеличивается число межэтнических конфликтов, требующих урегулирования. Все сказанное свидетельствует о том, что назрела научная систематизация фактов в области национальной специфики общения.

Ключевые слова: Межкультурная коммуникация, «свой», «чужой», языковая картина мира, валентность, эквивалентность, эквивалентные слова, безэквивалентные слова, лексико-фразеологическая сочетаемость, билингвы.

Altaeva A.K.

The hidden difficulties of language and communication

Description of communicative behavior of the people has now become very relevant due to a number of reasons: actively develops communicative and anthropocentric linguistics, which put the spotlight on the problem of "Language and human"; intensified interest in intercultural communication and intercultural understanding, national identity of different peoples; an increasing number of ethnic conflicts requiring resolution. All of this demonstrates that there is a scientific systematization of the facts relating to national specifics of communication.

Keywords: Intercultural communication, "own", "alien", language picture of the world, valence, equivalence, equivalent words, non-equivalent words, lexical-phraseological combinability, bilinguals.

***

ӘОЖ 84.08. 9

Байтанасова Қ.М. – ф.ғ.к., профессор,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
E-mail: *beka-talgat@mail.ru*

ҰЛТ ТАҒДЫРЫ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ

Аңдатпа. *Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап, шеттегі қандас бауырларымыздың ата жұртына оралу мүмкіндігі тууымен қоса, олардың әдеби мұралары да жете бастады. Осыған байланысты мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында шеттегі ақын-жазушылардың шығармалары жетіп, жинақтар жарық көрді.*

Қазақ эмиграциялық әдебиетінің туып, қалыптасу және даму кезеңдерін, бағыт-бағдары мен жанрлық-тақырыптық, көркемдік-идеялық жағынан өрістеуі, әдебиеттің осы саласын талдап, өзара сабақтастығын зерделеуді қажет етеді.

Тірек сөздер: *Диаспора, ұлт, тарих, ішкі эмиграция, әдебиет.*

Жер бетіндегі әлемдік құбылыстар мен жаңарулар қоғамның әр саласында жүріп жатыр. Мұның өзі адамзаттан жаһандық өзгерістердің легіне ілесіп, оған үлес қосуға ықпал жасауда. Қай кезеңде де қоғамдық-саяси жағдайлар адамзат қоғамына әр тарапты әсер етіп отырған. Ол кейде адам баласын өркениетке бастаса, кей кезде күрес пен қарсылық, қорғану мен еркіндікке жету жолындағы әрекеттерге жетеледі. Осы тұрғыдан келгенде саяси, қоғамдық мәнге ие диаспора, эмиграция құбылысының маңызы ерекше болды.

«Диаспора» грек тілінен аударғанда «шашырау», «шашыранды» деген мағынаны білдіре отырып, біздің дәуірімізге дейінгі 586 жылы Палестинадан сыртқары орналасқан көне еврейлердің топтасуын білдірген [1, 338 б.]. Кейінен бұл термин ұлттық-мәдени тұрғыдан азшылықтағы әр түрлі этникалық топтарға байланысты да қолдана бастады. Жалпы, «диаспора», «ұлттық тасымалдану кеңістігі» қазіргі кезде өзекті мәселеге айналып отыр. Диаспора кең ұғымда, әр текті құбылыстардың басын біріктіретін кешенді мағынада қолданылып та жүр. Негізінен, «диаспора» сөзі ертеден бар. Ол белгілі бір тұрақталған, қатаң мәнде жұмсалмайды. Сондықтан да оның мағынасы қолданыс аясына байланысты түрленіп те отырады. Диаспора немесе эмиграция «этникалық азшылық», «босқындар», «еңбек және экономикалық мигранттар» деген туыстас ұғымдармен қатар да қолданылады [2, 22 б.]. Осылайша,

қандай да бір себеппен өзінің шыққан отанынан сыртқары жүрген адамдар тобын «диаспоралар» деу қалыпқа айналған. Кей кезде диаспора «эмиграция немесе ұлттық азшылық» деген ұғымдардың синонимі ретінде де қолданылады. Соны негізге ала отырып, шеткері аймақтарға ығысудың мынадай ерекшеліктерін бөліп алуымызға болады:

- Бірінші, диаспора жылжымалы, қауымдасқан адамдар тобы, географиялық ауысу жағдайында бір елден екінші елге көшіп отырады;
- Екінші, олардағы мәдени қатынас, бірлесу идеясы мен жалпы тарихи тағдыр ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырды да, бұл ретте олар географиялық, әлеуметтік және тағы басқа уақытша бөгеттерді жеңе алады;
- Үшінші, азшылықтағы диаспора бірте-бірте өздері өмір сүріп жатқан елмен кірігіп, сол елдің мәдениетімен, дінімен бірлесіп кетеді. Осыдан келіп, диаспора өкілдерінің өздеріне тән сипаты айқындалады. Олар: бірінші, біртұтас орталықтан екі немесе одан да көп «шеткері» аймақтарға шашырап кетуі. Яғни, диаспора мүшелері немесе олардың ата-бабалары өздерінің туған отандарынан әр түрлі себептермен кетіп, аз ғана топпен басқа аймаққа қоныстанады. Екінші, олардағы өздерінің туған атамекендері туралы ұжымдық естеліктері және оның мифологияланыу. Яғни диаспора өкілдерінде өздерінің ата-тегі шыққан аймақтары жөнінде, оның географиялық жағдайы, тарихы, жетістіктері туралы ұжымдық жады орнығады. Үшінші, өздері қоныс етіп отырған елге деген бөтендік, жатсыну қалпы. Олардың бұл елде өздерінің толыққанды сіңісіп, қабылданып кетулеріне деген күмәндары болады да, осыдан келіп оқшаулану, жаттық көңіл-күйлері қалыптасады. Төртінші, диспоралар өздерінің атамекендерін аса жақын тұтады, өзгеше идеал қалыпта, туған үйлері секілді елестетеді де, түптің түбінде сол қадірлі мекенге оралуды ойластырады. Бесінші, өздерінің ата-тегі шыққан елге деген құрмет-ықыластарын сақтау арқылы, олар шет елде жүрсе де, ынтымақ, бірліктерін сақтап отырады. Осыдан келіп «атамекен – қоныс аударған мекен – эмиграция» жүйесі туады.

Қазақ диаспорасы шалғай өлкелерге алдымен уақытша, одан соң тұрақты қоныстануға айналған миграция арқылы жасалды. Алдымен, Қытай, Орта Азия елдері, Ауғанстан және Иран, одан соң басқа елдерге қоныстану басталды. Қазақ диаспорасы өздерінің тарихында 1960 жылдарға дейін саяси және діни себептердің салдарынан күштеу немесе мәжбүрлеу миграциясына ұшырады. Әрі осы алпысыншы жылдарға дейін қазақтардың қоныс аударуы жалпылық сипатта болса, одан кейінгі кезеңдерде жекелік, азшылық сипат иелене бастады. Эмиграция адамзат баласына жасаған қоғамдағы саяси-әлеуметтік жағдайлардың ықпалы, оны қабылдауы арқылы көрініс тапты. Бұл тұрғыдан келгенде эмиграция ұғымы өзінің қалыптасқан түсінігінен де кең жатты.

Қазақ қоғамындағы эмиграция ұғымының мәні өзгешелеу сипатта болды. Бұған ең алдымен қоғам дамуы, саяси-әлеуметтік жағдайларың көріну ерекшелігі әсер етті. Олар негізінен екі топқа – ежелгі жерден географиялық аймақтар бойынша ажырап қалған қалған іргелі ел және сойқанды саясат салдарынан бас сауғалап, пана іздеп кеткен шашыранды топ. Ендеше, қазақтың сыртта жүрген тобы диаспораны құрайды. Осыған байланысты біз зерттеуіміздің диаспоралық әдебиеттің даму арналарын қарастырған бірінші бөлімінде неғұрлым қауымдаса топтасқан, тұрақты қоныс еткен елдегі әдебиет өкілдерінің шығармашылығын диаспоралық әдебиет деп қарастырдық. Ал, азшылық түрде қоныс аударған топты эмиграция өкілдері деп атауды жөн көрдік. Себебі, олар өздерінің сырт елге кетулерін туған елдерінен уақытша ажырау деп санаған. Бұл эмигранттар жекелік жағдайда өзге елге қоныс аудара отырып, жаңа жағдайға бірден сіңісіп кетпеген.

Диаспораның негізі - қауымдастық, олар өздерінің туған елдерінде орныққан өмір салтын, тіршілік келбетін сақтауға ұмтылады. Яғни, басқа этникалық топтар секілді диаспоралар қауымдастығы өздерінің этномәдени шекарасын сақтайды. Бұдан түйетін қорытынды диаспора белгілі бір этникалық топтың шоғырлана орналасуы болып шығады. Оның құрылуының негізі диаспоралық сәйкестік,

бірыңғайлық болып табылады. Зерттеушілер М.Дабаг пен К.Платт диаспораны бірегейлік қалпы, қоғамдық институттары, сол сияқты ұжымдық бағдары бар қоғамдық құрылым (модель) деп таниды [3]. Диаспоралардың өмір сүру салты олардың өзіндік дәстүрлерінің, тәжірибелері мен естеліктерінің, тарихы мен мәдениеті және тілдерінің өзара ықпалдастығы нәтижесінде орнығады. Халықтың миграциясы диаспораға тән бола отырып, бұл адамдардың араласуы, өз мекендерінен мүлдем немесе уақытша кеткендерді, яғни, эмиграция мен иммиграция құбылыстарын айқындайды. Осы ретте, диаспорамен қатар, тіпті, жуықтас аталатын эмиграция ұғымына тоқтала кетеміз.

Эмиграция – әлемдік тарихта ерекше мәні бар құбылыс. Эмиграцияның бізге мәлім үш сипаты бар: төңкерісшіл, саяси, жұмысшы (бұқара) эмиграция. Төңкерісшіл өз елінде төңкеріс жасауға мүмкіндік болмаған соң, оны сыртта жүріп жүзеге асыруды көздеп, шетелге шығып кеткендер. Саяси эмиграция бұл өз отанындағы мемлекет ұстанған жүйемен ымыраға келе алмағаны үшін шет жерге қуғындалғандар. Жұмысшы эмиграциясы әр түрлі кәсіп іздеп сыртқа шығандағандар [1, 339 б.]. Негізінен, туу себептері диаспораның қалыптасуымен ұқсас болғанымен, эмиграция азшылық, жекелік сипатта көрінеді. Олар өздерінің келген елдерінде үлкен топ, қауым болып кете алмайды.

Сонымен, эмиграцияның маңызды сипаттарының бірі - оның шекарасы. Оларға өздерінің туған отандарынан жыраққа кеткен топтар ғана жатады. Эмигранттар орналасқан елдердегі саяси-әлеуметтік жағдай бір қалыпта бола бермейді. Олар көбінесе, өмірі үнемі қысылыста, үркуде, жат ортаның бөтендігін сезінуде болады. Эмиграция - жалпы отандары туралы түсініктерінің негізінде орнығатын ерекше мәдени қауымдастық. Сондықтан олар өздерінің өмір сүру салтында уақыт өте бірлікті, ынтымақты сақтап отырады да, өздерінің «эмиграциялық кеңістігін құрады». Қалай болған күнде де өзге ел-жерді мекен еткен қауым, өз алдарына бір шоғыр болып, тіршілік кешіп, салт-дәстүрін, мәдениетін мүмкіндігінше сақтап отырған. Бұл сырттағы қауымның өмірі, әлеуметтік жағдайы, рухани-мәдени тірліктері бірыңғайланып, өз алдына бір арна тауып жатты.

Эмиграциялық әдебиет - өзге ортада жасалған шығармашылық. Бұл әдебиет өз отандарынан сыртқары кеңістікте туып, қалыптасты да, олардың өздеріне тән туу, қалыптасу, даму үрдістері орнықты. Осыған байланысты «эмиграциялық әдебиеттің» өзіндік ерекшелігі айқындалады. Бұл ретте, салыстырмалы талдау мақсатымен алынып отырған орыс әдебиетінің шетелдік кезеңіне шолу жасай кетеміз.

Орыс әдебиетінің эмиграциялық кезеңіне берілген сипаттың әр текті болғанына қарамастан ортақ көзқарас сақталғанын байқаймыз. Г.Струве қуғын көрген әдебиетке «бұл жалпы орыс әдебиеті арнасының уақытша оқшауланған бір саласы» деп анықтама беріп, кезі келгенде осы ортақ арнаға барып құйылатынына болжам жасайды [4, 22 б.]. Зерттеушілер «орыс әдебиетінің шетелдік кезеңі» («русское зарубежье») деген ұғымның заңдылық екенін де жасқанбай айтып, «шетелдегі екінші («кіші») Ресейдің өмір сүруі, өзінің дәстүрлерімен, қалпымен, өзара байланыстарымен «жоғалған отандарының бейнесін» берген «өзге жағалаудағы» әдебиет екендігін айқындау үстінде бұл әдебиетті XX ғасырдағы орыс мәдениетінің ерекше құбылысы (феномен) деп бағалады [5, 5 б.].

Қазақ зерттеушілері қазақ елінің түрлі тарапқа босуын бірнеше кезеңдерге бөліп қарайды [8, 197 б.]. Бұл жөнінде зерттеуші Р.Бердібай былайша ой жинақтайды: «Соның алғашқысы – XVIII ғасырдың бірінші жартысында жоңғарлардың басқыншылық соғыстарының зардабынан туғаны мәлім. Ресей патшасының қазақтардан гөрі жоңғар тайшыларымен одақтас, мүдделес болғанын еске түсірсек, қазақ еліне деген ертеден ойластырылған зұлымдықтың сыры ашыла түседі. Қалай болғанда да қазақтың іргесі сөгіліп, көрші елдерге үрке көшуінің алғашқы түрткісі жоңғар шабуылының зардабы екені ақиқат. Қазірге дейін Өзбекстан мен Тәжікстанның кейбір уалаяттарында сонау «ақтабан шұбырынды» заманында

жер ауған қазақтардың үрім-бұтағын кездестіруге болады. Ресей жеріне асып кеткендердің де бір бөлігі өзінің ата қонысынан сол сұрапыл кезеңде бас сауғалағандар екені арнаулы зерттеуге тұрарлық. «Қаратаудың басынан көш келеді» деп басталатын қайғылы жырдың атадан балаға ауысып замандар бойында ұмыт болмай келе жатқаны да еттен өтіп, сүйекке жеткен зәбірдің жаңғырығы» [8, 199-200 бб.].

XX ғасыр – адамзаттың дүниетанымы мен ой-қиялы өрістеп, қоршаған ортаның, техникалық жетістіктерді игеруі жағынан түбегейлі өзгерістерге жеткен дәуір болды. Сонымен қатар, бұл дәуірдің трагедиясы да жеткілікті еді: соғыс, қанды төңкеріс, қуғын-сүргін, әділетсіздік, елден аластату - бәрі бірінен-кейін бірі жалғасып жатты. Бұл қоғамдық-саяси жағдай ел ішіндегі қайраткер тұлғалардың күрескерлік әрекеттерінде көрініс берді. Олар қоғамдық ахуалдың оң-терісін барлап, билікшіл орындардың үстемдігіне қарсылық көрсетіп отырды. Қазақ ішінен шыққан тұлғалар қуғын-сүргінді, абақты мен жазалауды бастан кеше жүріп, қоғамдық әрекеттері мен шығармашылықтары арқылы отарлау мен бодандыққа қарсылық көрсетіп отырды. Бұл әлемдік дамудағы туған елінен аластау құбылысы эмиграциямен сабақтас еді. Ендеше қазақ жұртының эмиграциясы өзіндік ішкі жағдайдан туды да, әлемдік құбылысқа айналған бұл ұғымды айтарда «ішкі эмиграция» деген ұғымды даралап аламыз.

«Қазақ диаспорасы» құбылысы соңғы уақытта әлеуметтік, гуманитарлық зерттеулер нысанына айналуда. Қазақстан Ғылым академиясы Философия институтында 1991 жылдың 26 қыркүйегінде «Қазақ диаспорасы: көкейкесті мәселелері және болашағы» атты ғылыми-практикалық пікіралысу кезінде әлемнің әр шалғайында (Германия, Финляндия, Швеция, Норвегия, Голландия, Франция, Иран және Түркия) ғұмыр кешіп жатқан қандастарымыздың жағдайы кең түрде ортаға салынды. Басқосуда қазақ диаспорасы мәселесін жан-жақты: шығу тегі, құрылымы, саяси-әлеуметтік ортасы, экономикалық жағдайы, ұлттық психологиясы мен дүниетанымы, тұрмыс-салтының сақталуы мен өзгеруі, өзге этникалық ортаға байланысты мәдениетіне енген өзгешеліктері, тілі мен діні, әдебиеті мен өнері, атамекеніне қайта оралуы, қоныстану тұрғысынан саралау қажеттігі айтылды [3, 6 б.].

Қазақ халқы көптеген қуғынды бастан кеше жүріп, оның қиындығы мен қасіретін өлең-жырларда берді. Сондықтан да өзге елге ауған халқымыздың трагедиясы жерден, елден айырылу болды да, мұң мен зарға толы жырлар туғызды. Оның басы сонау жоңғарлардың жойқын шабуылы кезінде елінен босқан халықтың зарын көрсеткен «Елім-айдан» бастау алады. Ел мен жерден айырылу дала тұрғынына аса сын еді. Бүкіл тіршілігі жылдың төрт маусымында далаға байланысты болғандықтан, қазақ жұртының шекаралық жіктелісі шартты болды да, олар жер үшін шайқасып отырды. Жерден ажырау, қонысты тастау бұл бүкіл қазақ елінің тағдырына, тіршілігіне әсер етті. Өз кезінде Асанқайғының жақсы қоныс, жайлы мекен іздеуі, Қорқыттың өлімнен қашуының түбінде тіршілік үшін күрес жатыр. Ал, қалыпты тірлік пен берік қоныс бұл - ел болудың, қауым болып бірігудің алғы шарты еді. Бұлардың бұзылуы адамзатты ойландырды, күрес, ізденістің, халық, ұлт болып тіршілік кешудің өзгеше жолдарын іздеуге мәжбүрледі.

Қазақ жұртының өз жерінен ауа көшуінің XX ғасырдағы тарихи себептерінің әлденеше кезеңдері болды.

XX ғасырдың басында Ресей аумағында ірі түрдегі Столыпин аграрлық реформасы жүргізілді. Бұл әлеуметтік-экономикалық жағдайды өзгертіп қазақтардың халін бұрынғыдан да төмендетіп жіберді. Сөйтіп, төңкеріске дейінгі Қазақстанға жерге мұқтаж басқа ұлт өкілдері ағыла бастады. Өз жерінен қысымшылық көрген қазақтар енді өзге елдерге көшіп жатты. Сондағы ең көп қоныстанған жер - Қытай мен Монғолия болды. Бұл өлкедегі әдебиет өкілдерінің шығармашылығы өздерінің ұлттық болмыс-аңсарларының айқындылығымен ерекшеленді. Атап айтқанда, қазақ поэзиясындағы зар заман сарынын жалғастырған Жүсіпбек, Кәрібай, Албан Асан, Әсет, Ақыт, Көдек отаршылдыққа қарсы күрес пен туған жер тақырыбын толғап, ақындардың өлең-жырлары қазақ поэзиясындағы тақырып ауқымын кеңейтті.

Екінші кезекте 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы тұрды. Орталық Азия мен Қазақстанда бой көтерген бұл қозғалыс туралы тарихшы-ғалым М.Қозыбаев: «Он алтыншы жылғы көтерілісте халықтың патша езгісіне деген қарсылығының барлық түрі көрініс тапты»,- дейді [9, 201 б.]. Осы кездегі отандарынан жырақтағандар өздерінің туған-туыстарының амандығын көздеп кеткендер болды да, олар әскери-саяси қуғын деп аталды. 25 маусым 1916 жылғы патша жарлығына байланысты он тоғыз бен қырық үш жас аралығындағы қазақ азаматтары қара жұмысқа тартылуға тиісті болды. Қазақтар басқа да Орталық Азия халықтары сияқты патшалы Ресейге әскери қызметке алынудан босатылған еді. Алайда, бұл жарлық осы өлкелерде ұлт-азаттық қозғалысының өрістеуіне себеп болды. Яғни, отарлық езгінің күшеюі, қазақ халқы жерлерінің тартып алынуы, алым-салықтың көбеюі, халықтың әлеуметтік жағдайының күрт нашарлауы осы қозғалыстың өрістеуіне әкелді.

Қазақтардың Жетісу аймағынан Қытайға ығысуы 1916 жылдың шілдесінде-ақ басталады да, одан әрі кеңейе түседі. Қазақтардың Қашғарға бағыт алған бір бөлігі ерте түскен суыққа ұрынып, әрі малдарына беретін жем-шөбі түгесіп, Қытайға кедей күйде жетеді. Қазақтардың екінші бөлігі Текеске бағыт алғандар өздерінің мал-жандарын біршама сақтай алды.

Қазан төңкерісі басталғаннан кейін қазақтар аздаған топпен Қытай шекарасынан өте бастады. Олар өздерінің малдарын Құлжа шекаралық аймағы, Тарбағатай тауы мен Қара Ертіс жазығы арқылы айдады. Қазақтардың көпшілігі Шыңжаңның Алтай мен Іле аймағында қалды. Қазақтардың өз отандарынан шетке ығысуына себеп болған саяси жағдайдың бірі - азамат соғысының басталуы еді. Олар негізінен, шығысқа Қытай, оңтүстікке Өзбекстан, одан әрі Ауғанстан мен Иранға ауды. Осы кезеңдегі қазақ халқы тарихын зерттеуде ерекше орын алатын тұлға Түркістан эмиграциясының жетекшісі - М.Шоқай. Қазан төңкерісінен кейін М.Шоқай Түркістанға келіп, алдымен Орынборда, одан соң Ташкентте болады. 1917 жылдың 28 қарашасында Қоқанда Түркістан Төтенше мұсылмандардың IV съезі өтеді. Сонда М.Шоқай Түркістан автономиясын құрады. Ал, 1918 жылы Қоқан автономиясын Қызыл Армия талқандап, келесі жылы Шоқай саяси эмиграцияға кетуді шешеді. Жат жерде жүрген М.Шоқай қайраткерлік әрекетін жалғастырады.

Сонымен, қазақ халқындағы «эмиграция» құбылысы ел мен жерден ажырау жағдайында туып, ең алдымен халықтың атамекеніне деген сағынышты көрсетті. Эмиграцияда туған әдеби шығармалар жыр, толғау, дастан түрінде болды.

Одан кейінгі кезеңде отызыншы жылдары Алтай аймағынан көшіп, Гансу, Шанхай өлкелеріне, одан Үндістан мен Пәкістанда болып, елуінші жылдардың ортасында Түркияға қоныс аударған Халифа Алтай мен Түркия, Германия жерінде еңбек етіп, қазақ халқының тәуелсіздігі мен теңдігі үшін күрескен қайраткер Х.Оралтайдың шығармалары эмиграциялық кезең әдебиетінің бір арнасы болып табылады.

Келесі кезекте қуғын көріп, шетқақпай тіршілік кешкен қандас бауырларымыздың тағдыры туралы көркем шығармалардың тууы шет жұртта өткен тарихты тануға, саралауға жәрдемдесті. Мұндай шығармалардың қатарында алдымен Қ.Жұмаділовтың «Соңғы көш», «Атамекен», Ж.Сәмитұлының «Сергелдең» романдарын атаймыз.

Жалпы, адам баласының өз елі, атамекеніне деген сағынышы үздіксіз жүріп отырады. Әрине, адамзат қоғамы өркениетке, дамуға ұмтылады. Қаншалықты ел, жерінен алыстап кетсе де, олардың рухани-мәдени дамуы мен ізденісі толастамады. Эмигрант-қаламгерлердің шығармашылығы жат ортада туғанымен, отандық әдеби үдерістен біржола тамыр үзген жоқ. Керісінше, ол отандық сөз өнерінің бір арнасы ретінде дамып отырды. Отандарынан күштеп аластатылғандар өзге ортада да өздерінің шығармашылығында туған әдебиетінің дәстүрін сақтай отырып, эмигрант әдебиетін жалпыхалықтық мәдениеттің жетістігіне айналдырды. Эмиграциялық әдебиеттің пайда болу, даму кезеңдерін қазақ-орыс әдебиеттері негізінде идеялық-көркемдік сабақтастық тұрғысында зерделеу өзекті мәселелердің бірі болмақ.

Қай кезең де қоғамдағы әрбір өзгерістің адам санасына ықпал етіп отыратыны анық. Қазақ жұртының өз елінен ауу кезеңдерінің үлкен тарихи-саяси себебі болды. Өз кезінде зерттеуші Р.Бердібай «қалай болғанда да қазақтың іргесі сөгіліп, көрші елдерге үрке көшуінің алғашқы түрткісі жоңғар шабуылының зардабы екені ақиқат» деген [8]. Бұл ұзаққа созылған отарлаудың салдары одан кейін де жалғасып, XX ғасырдың трагедиясына: соғыс, төңкеріс, қуғын-сүргін, әділетсіздік, елден аластату - жалғасып жатты да, бұл әлемдік деңгейде көрініс берді. Бұл дәуірдегі шетел эмиграция проблемасы тарихи-саяси, мәдени, әлеуметтік, экономикалық, филологиялық аспектілерде қарастырылды.

Қазақ әдебиеті тарихында ішкі қуғын, елден аластау мәселелерінің тарихи-қоғамдық қырлары біршама зерттеу нысандарына алынып, туған елінен ауған қазақтардың Қытай, Монголия жерлеріне тұрақтап, туған ел-жерге зар болған көңіл-күйлерін жыр-толғаулары арқылы жеткізіп отырғандығы бірқатар еңбектерде көрініс тапты [10]. Осы тұрғыдан келгенде қазақ сөз өнеріндегі «зар заман», «отаршылдық», «қуғын көрген әдебиет өкілдері», «бүлікші (бунтарь) ақындар» деген ұғымдар ерте-ақ қалыптасты. Атап айтқанда, М.Әуезов, С.Мұқанов, Б.Кенжебаев, Р.Бердібай, М.Мағауин, Т.Жұртбай, Қ.Мәдібай, Б.Омаров еңбектерінде зерттеліп, бұл өткен ғасырдағы алаш тұлғаларының қайраткерлік-елшілдік қызметі мен көзқарастарын байыптауға, шығармашылықтарын зерделеуге ұласты. Бұл ретте, С.Қирабаев, Р.Нұрғали, Е.Ысмайылов, З.Қабдолов, З.Ахметов, Б.Кенжебаев, Т.Кәкішев, Ш.Елеукенов, Ж.Ысмағұлов, Ж.Дәдебаев, М.Хамзин, Қ.Алпысбаев, Р.Тұрысбек, А.Ісмақова, Д.Қамзабекұлы, А.Шәріп еңбектері белгілі.

XX ғасырдағы орыс эмиграциясының әдеби мұрасын зерттеуде орыс әдебиеттануында көптеген зерттеулер, монографиялар, мақалалар мен ғылыми еңбектер, оқулықтар жарық көрді. Орыс эмиграциясының кезеңдері әр тарапты зерттеу нысанына айнала отырып, эмиграцияның өз ортасында да мәнді еңбектер тудырған ақын-жазушылардың (З.Гиппиус, Д.Мережковский, И.Бунин, Г.Иванов, В.Набоков, Г.Газданов, М.Алданов М.Осоргин, М.Цветаева, И.Лукаш), философтардың (Ф.Степун, С.Франк, Б.Вышеславцев, Н.Бердяев, И.Ильин, Л.Шестов), ғалымдар мен публицистердің (Д.Чижевский, Д.Философов, М.Вишняк, П.Муратов) есімдері белгілі болды.

Орыс эмигрант әдебиетінің зерттелуі эмигрант қаламгерлердің өздерінің еңбектерінен бастау алды. Эмиграция әдебиеттануына маңызды үлес қосқан сыни еңбектер мемуарлармен және іргелі зерттеулермен толыға түсті. Атап айтқанда, ғалымдар мен философтар Н.Бахтин, А.Бем, В.Вейдле, Ю.Иваск, К.Мочульский эмиграция әдебиетінің қалыптасу кезеңдерін зерделесе; жазушылар М.Алданов, И.Бунин, Г.Газданов, В.Набоковтар эмигрант әдебиетінің проза жанрында; ақындар З.Гиппиус, Г.Иванов, Ю.Мандельштам, М.Цветаева, М.Цетлин эмигранттық поэзияның өрістеуіне; сыншылар Ф.Степун, Г.Струве, М.Слоним, Ю.Терапиано эмиграция әдебиетінің даму кезеңдерін, әдеби өкілдердің шығармашылықтарын зерделеді.

Халық басындағы ауыр жағдайды жұмыла көтеріп, бірге серпілтуге тырысқан зиялы өкілдер мен шығармашылық иелерінің идеялары өзектесіп, елінің қоныс-тұрағын, әлеуметтік жағдайын, рухани дамуын үндесе қозғап отырды.

Қазақ поэзиясындағы ішкі эмиграцияның (қуғын көрудің) басы сонау көне түркі мұраларынан бастау алған. Қазақ халының елі мен жеріне деген сүйіспеншілігі культ мәніне дейін жоғарылайды. Себебі, олар үшін сахараның әрбір жанды, жансыз құбылысының киелілік мән-маңызы аса құрметтелген. Олардың ел-жерінен қуғындалуы, тұтас тіршіліктің мәнін жоғалтумен тең болды. Сондықтан да олардағы көшпенді тіршіліктің қалыпты өлшемі туған жер мен мал-жанның амандығымен, ел іргесінің ажырамауымен бағаланды. Ел басына төнген қауіп пен шапқыншылық халықтың осы байырғы, құнды ұғымдарының қалпын бұзды. Сол себептен де көшпенділер поэзиясында зар-нала мен қарсылық, қаһармандық сарындары үндес өріліп отырды. Қазақ үшін еркіндік кеңістігі “дала”, “сахара”, “атамекен”

ұғымдарымен ұштасты да, олардың ел-жұртынан аулақтауы бір аумақтың ішінде жүрсе де, ондағы қуғын мен елден безу туған жерді, қонысты тастап кету тұтас елді жоғалту сарынымен астасты.

Сонымен әлемдік құбылыс санатындағы эмиграция ұғымынының мәні терең. Қазақ сөз өнеріндегі «зар заман», «отаршылдық кезең» поэзиясының бір тармағы ретінде «қуғын көрген», «ел ауған» сарынындағы әдеби шығармаларды саралағанда, қазақ эмиграциялық әдебиетінің туу, қалыптасу кезеңдері мынадай тұрғыда жіктелетінін байқадық: жоңғар шапқыншылығы, отаршылдық кезеңі, он алтыншы жылғы ұлт-азаттық көтерілісі, ашаршылықтың зардабынан ауа көшу, қуғын-сүргін зардабы, Ұлы Отан соғысы кезеңі. Осы қоғамдағы ірі саяси өзгерістер өзге елге ауған халқымыздың жат жердегі шығармашылығын тудырды.

Халық қай кезеңде де ғасырлар бойы рухани тірегі болған өлең-жырдан ажырамаған. Сонау жоңғардың алапат шапқыншылығында да өлеңмен зар шегіп, жырмен көңілдерін бекіткен халқымыз жерден ажырап, іргесі сөгілгенде, ел-жерінің құты азайып, кіріптарлық күй кешкенде де, атамекенінен ауа көшіп, көңілі ортайғанда да өлең-жырмен жұбанған. Қазақ басындағы зобалаң, ел мен жерден айырылу әрбір ірі қоғамдық-саяси құбылыстардың кезінде көрініс беріп отырған. Қуғын көрудің бастауы, соның ішінде «ішкі қуғын» сипаты ең алдымен санада орнығып, елден сыртқары кеткен эмиграцияның зардабымен бірдей болған.

Кезең әдебиетінде орныққан «қуғын көру», «ел ауған», «ел-жұртынан аулақтау» сарынындағы шығармалары, рухани тұйықталған ортадағы - диаспоралық әдебиеттегі «ішкі эмиграция» көрінісін айқындады. Кезең әдеби өкілдері шығармашылығы жанрлық-тақырыптық, ағым-бағыт тұрғысынан әр тарапты болды. Әдеби үдерістегі шығармашылық дамудың «ішкі» және «сыртқы» арналарын салыстырғанда, отандық және шетел әдебиеттануында орныға бастаған «айырылысу», «эсхатологиялық», «ішкі жатсыну», «екіұдайылық пен екіге жарылу», «торығу», «оқшаулану», «жат жерлік таным» сарынындағы шығармалардың басты көркемдік-идеялық ерекшеліктері айқындалады. Кезең әдебиетінің жетекші идеялық басымдығын танытатын «атамекен», «үй», «тұлға», «балалық шақ», «уақыт», «кеңістік» концептілерінің мәні, оның көріну тәсілдері мемуарлық шығармаларда басым көрініс береді.

Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап, шеттегі қандас бауырларымыздың ата жұртына оралу мүмкіндігі тууымен қоса, олардың әдеби мұралары да жете бастады. Осыған байланысты мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында шеттегі ақын-жазушылардың шығармалары жетіп, жинақтар жарық көрді.

Қазақ эмиграциялық әдебиетінің туып, қалыптасу және даму кезеңдерін, бағыт-бағдары мен жанрлық-тақырыптық, көркемдік-идеялық жағынан өрістеуі, әдебиеттің осы саласын талдап, өзара сабақтастығын зерделеуді қажет етеді.

Әдебиеттер:

1. Советкий энцилопедический словарь. – М.: Совтская энциклопедия, 1982. – 368 с.

2. Дятлов В. Диаспора: попытка определиться в понятиях // Диаспоры. – 1999. – №1. – С. 8-23.

3. Қазақ диаспорасы ғылыми-зерттеу мәселелері / Жинақ. – Алматы, 1992. – 98 б.

4. Русское зарубежье. Золотая книга эмиграции. Первая треть XX века: Энциклопедический биографический словарь. – М., 1997. – 650 с.

5. Литература русского зарубежья: Учебное пособие / Под. общей ред. А.И. Смирновой. – М.: Флинта: Наука, 2006. – 640 с.

6. Струве Г.П. Русская литература в изгнании. 3-е изд., испр. и доп. – М., 1996. – 360 с.

7. Караев А. Азербайджанская эмиграция 1920-1930 гг. (Культурологический аспект деятельности) / Автореферат дисс. На соис. уч. степени канд. филол. наук. – М., 1991. – 20 с.

8. Бердібай Р. Байкалдан Балқанға дейін. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 256 б.

9. Қозыбаев М. Тарих зердесі. 2 кітап. – Алматы: Ғылым, 1998. – 280 б.

10. Сәмитұлы Ж. Қытайдағы қазақтар. – Алматы, 2000. – 321 б.

***

Байтанасова К.М.

Судьба нации и творчества

С периода приобретения независимости, с возможностью вернуться, для наших единокровных собратьев, до нас начало доходить их историческое наследие. В связи с этим, в рамках программы «Историческое наследие» («Мәдени мұра»), произведения поэтов и писателей открылись для нас и увидели свет в сборниках.

Этапы рождения, формирования и развития казахской эмигрантской литературы, развитие ее в жанрово-тематическом, художественно-идейном направлении требуют изучения взаимосвязи в этой сфере литературы.

Ключевые слова: Диаспора, нация, история, внутренняя эмиграция, литература.

Baytanasova K.M.

Destiny of the nation and creativity

Destiny of nation and creation Sinse acquisition of independence with the opportunity for our fellows to return back – their historical inheritance was appeared.According to this the republican program Madeni Mura revealed compositions of overseas authors and there were written digests.

Stages of birth,formulation and development of Kazakh migrational literature,also achievements in genre thematic,art ideological directions demand study of interaction in this spehere of literature.

Keywords: Diaspora, nation, history, internal migration, literature.

***

ӘОЖ 821. 512. 122 (091)

Әбдіқалық К.С. – ф.ғ.к., профессор м.а.,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
E-mail: *kun_jan.16@mail.ru*

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ҰЛТ ТАҒДЫРЫ

Аңдатпа. *Бұл мақалада М.Жұмабаевтың «Толқын», «Қайың», «Қысқы жолда», «Жазғы жолда», т.б. өлеңдерінің астарлы сыры ашылған. Мұнда ақынның осы өлеңдері арқылы өз халқының басынан өткен ауыртпашылығын, орыс отаршылдығының көрсеткен азабын тұспалдап жеткізгісі келгені алғаш қарастырылады. «Қайың» өлеңінде ұлт тағдырын сипаттағаны, «Толқын» өлеңіндегі жарысқан толқындар әдебиеттегі екіге жарылған топтар екендігі мәлім етілді. Бұларды дәлелдеуде ақынның өз сөзімен қоса, Мағжанның көзі тірісінде сын айтушылардың, оның ішінде С.Мұқановтың пікірлері негізге алынды. Өлең астарында жасырын сыр жатқанын замандастарының да шамалағаны тілге тиек етіліп, ақынның негізгі идеясы айқындалды.*

Тірек сөздер: *Табиғат, заман бейнесі, толқын, үскірік аяз, астарлы сыр, тәуелсіздік, боран, Алаш, қоныс, ұлт.*

Мағжан Жұмабаевтың «Шолпан» жинағынан кейінгі ұлт мәселесін қозғап жазған туындылары «Қазақ» газетінде жарияланып, ақынның ел тағдырына бей-жай қарай алмайтын ұлтжанды азаматтық болмысы әрі қарай тереңнен таныла түседі. Осы уақыттардан бастап ақынның отаршылдық саясатқа наразылығының күшейе түскенін ең алғаш аңғарған Ж.Аймауытов «14-15-ші жылдардан бастап оның ұлтшылдық сезімі жетіле бастады. Ол бұрынғыдан гөрі қаттырақ, зарланады, күштірек налиды» деген болатын.

«Қазақ» газетінде жарық көрген «Орал тауы» (1913, 22 наурыз, №7), «Есімде...тек таң атсын» 1915, 25 маусым, №134), «Орамал» (1917, 16 ақпан, №218) сияқты өлеңдерінде ұлт тағдыры сипатталған. «Орал тауы» өлеңінде:

Таласқан аспанменен көкпеңбек тас,
Қарасаң төбесіне айналар бас.
Жасаған мейірімі кең қадір Тәңірі,
Шығарған сол тауынан алтын, алмас, –

деп бастаған ақын әрі қарай осы таудың ғажайып болмысын суреттейді. Онда алғаш қоныстанған ер жүрек түркі жұртының бүгінде «Аты да, заты да жоқ, дыбысы жоқ» деп қана қоймай,

Осындай атамекен жерлеріне,
Қасиетті атаның көрлеріне
Аузы түкті шетелдер ие болып,
Көретіп тұр қысымды ерлеріне, –

деп ең басты қайғысын төгіп жырлайды. «Қосылып батыр түрік балалары, Таптатпа жолын кесіп, тізгінге орал» деп жұртына ұран тастап, жауына қарсылық танытады. Отаршылдықтың озбырлығын бедерлеген қай өлеңінде де ақын ең алдымен жер мәселесін өзек етеді.

Ал «Есімде...тек таң атсын» өлеңінде ақын келешекке үміт артады. Бұл жайында Ж.Аймауытов былай ой түйеді: «Қазақтың халі қандай ауыр екенін сезсе де, ол күнде Мағжанда келешектен үміт күткендік сезіледі. Бұл қалыпта заман тұра бермес, бізге де жарық сәуле күн туар дегендей жұбаныш болады, неғұрлым отаршылдық, жауыздық күшейе берсе, соғұрлым қазақтың жанына батар, ашындырар, ашынған ел қорғалай бермес, қарсы бас көтерер деп сенеді:

Мезгілше мейлі келсін, тісі батсын,
Сұр жылан өзі оятар қатты шақсын!
Жаңадан жолбарыстай ұмтылармыз,
Көрелік төңіректі тек таң атсын!»

Сөйтіп, осы өлеңінде ақын азаттықтың таңы атарына үлкен сеніммен қарайды.

Мағжан «Орамал» өлеңінде ел тарихындағы ірі оқиғаны арқау етеді.

...Толып қалды төрт айға,
Күйікпенен күн өтті.
Жарымды өкіріп отарба
Қанды жаққа әкетті.

Осы шығармасына қатысты пікір білдірген Ж.Аймауытов «16-шы жыл – қазақтың басына қара күн туған тарихи ауыртпалық жыл еді. Патша өкіметінің 25 маусымда шығарған жарлығы бойынша қазақ сықылды бұратана халықтар соғыс майданындағы қара жұмысқа айдалды. Қазақ шаңырағы теңселді, қазақ даласы қан жылап күңіренді. Елдің келесіне келген мұндай зор селебені, ауыр қайғыны ақын терең сезіп, айқын суреттеу керек еді. Бұл туралы Мағжанның бізге "Орамалдан" басқа берген еңбегі көрінбейді. Ұлттың ыстығына күйіп, суығына тоңам деп жүрген ақынға 16-шы жылғы тарихи оқиғаны жалғыз кестелі орамалмен желпіп өткеніне көңіліміз жарымайды» деп ақынның бұл оқиғаға қатысты бір ғана өлең жазуын кемшілікке балаған еді. Меніңше, бұл өлеңде сол уақыттағы алаш көсемдерінің ұстанған бағыттарының ықпалымен 1916 жылғы қазақ жеріндегі ұлт-азаттық көтерілісті емес, Ресей жерін қорғауға аттанған қазақтардың жай күйі алынғандықтан ақынның осы тақырыпта бірнеше өлең жазуы да қисынсыз тәрізді.

Жалпы, осы өлеңінде ақын қазақ әйелінің көз жасы арқылы ел қайғысын көрсетіп қана қоймай, күйеуінің қайда жүргенін білгісі келетін әйелдің сауалдары арқылы өзінің көкейіндегі сұрақтарға жауап іздейді.

Елін ойлап қамығып,
Жүрегі толып дерт-шерге,
Жүр екен жаным жабығып

Осы күні қай жерде?

...Солдатша сымдай киініп,
Шекпені оның сұр ма екен?
Күрегіне сүйеніп,
Суықта жаурап тұр ма екен?
Қазағының тағдырына қатты алаңдаған ақынның ең басты айтпағы, яғни,
Жатқан шығар ор қазып,
Жауға ма әлде өзіне... –

дегені оқырмандарға үлкен ой тастайды. Сөйтіп, өзі өмір сүрген замандағы қандай тарихи оқиғаларды сөз етсе де ақын ең алдымен ұлт мүдесін жоғары қояды.

Мағжанның ұлт мәселесін сөз еткен өлеңдерінің бірсыпырасы 1922, 1923 жылдары жарық көрген жинақтарға енгізілген. Солардың ішінде ақынның «Тез барам», «Жер жүзіне», «Қазақ тілі», «...ға», «Мен жастарға сенемін», т.б. өлеңдері туралы бүгінгі жинақтың түсініктерінде «патшаның отарлау саясатына қарсы жазылған» [1, 191 б.] деген пікір берілген. Расында да осы өлеңдерінде өз жұртының отаршылдыққа мойымай, еңсесін тік көтеріп жүргенін көргісі келетін ақынның асқақ арманы жырланады.

Еліне тек азаттық өмір тілеген Мағжан Жұмабаев өлеңдерінің ең басты тақырыбы да ұлт тағдыры, оның бостандығы еді. Ақын нені жырласа да, нені айтса да бірінші кезекке ел мүддесін қояды. Тіпті, лирикаларында ақынның ішкі сезімі табиғат құбылыстарымен астасып жатуының да сыры осында. Өзіндік бітім-болмысы, талантымен басқа ақындардан өзгешеленген Мағжанның табиғатты суреттеуде қоршаған орта, тау, дала, қайталанып келетін төрт мезгіл көріністерінен бөлек, ел, замана келбетін алуан түрлі табиғат құбылыстармен ұштастыра отырып сипаттауының астарында үлкен мән жатыр. Ақынның осындай күрделі туындыларының қатарына «Толқын», «Қайың», «Қысқы жолда», «Жазғы жолда», «Сең», «Жел», т.б. өлеңдерін жатқызамыз.

С.Мұқанов «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932) деген зерттеу еңбегінде «Мағжан кеңес тұсына дейін жазған өлеңінде не айтатыны ашық көрінетін еді. Октябрьден кейін ол «Қайың», «Толқын», «Жел», «Сең» деген сияқты жұмбақтармен өзінің іштегі жарасын сыртқа шығарып жүрді. Кейбіреулер бұлар таза табиғатты суреттеген өлеңдер, онда түк те саясат жоқ дер. Рас табынан адасқан адамда, қоғам тұрмысынан қол сілтеп шығып, табиғат көркемдігіне бас иіп, соған сәжде қылатын ақындар болады. Мағжанда да осындай өлеңдер бар, көбінесе, табиғатты суреттеген өлеңдерінің ішіне ретін келтіріп, астарлап большевиктің өзі ұнатпайтын бір мінезін енгізіп отырады. Большевиктің қолынан өлген «алашын» Мағжан қалай тірілтуді ойлайды. Олай салыстырады, былай салыстырады, ешбірінің реті келмейді» [2, 199-200 бб.] деп аса көрегендік танытады. Өлеңдерін талдауда әр сөзінің астарына зер сала үңіліп зерттеген С.Мұқанов Мағжанның негізгі айтпақ ойын елден бұрын сезген.

Мағжан Жұмабаевтың «Толқын» өлеңіне назар аударсақ,
Толқыннан толқын туады,
Толқынды толқын қуады,
Толқынмен толқын жарысад,
Күңіреніп кеңеспен,
Бітпейтін бір егеспен,
Жарысып жарға барысад [3, 93 б.], –

деп өзі көрген замана келбетін табиғат көрінісі арқылы суреттейтін тәрізді. Ақынның «Шығармалар» жинағының «Түсініктерінде» осы өлең туралы «Толқын» – ақын репрессияға ұшырарда кінә етіп тағылған өлеңдердің бірі көрінеді. «Толқыннан толқын туады, толқынды толқын қуады, толқынмен толқын жарысад» деген қуатты өлең жолдарының астарында қоғамға қарсылық бар деген айып тағылған» [4, 244 б.] делінген.

Сондай-ақ ақынның «Толқын» өлеңі туралы З.Әкімжанов «Қазақ жырының пайғамбары» деген мақаласында «Оның көптеген жырларын замандастары дұрыс аңғармай, яки астарын, ішкі серпінін сезіне алмай, бұрынғы қарапайым қалыптан асып кеткен жаңашылдық үрдісін ұға алмай... соның салдарынан «Толқын» өлеңінің тонын айналдырып :

Иваннан Иван туады,
Иванды иван қуады.
Екі Иван төбелесіп,
Бір Иван құлады» –

деген саяси пародиямен Мағжанды ұрып жығады. Сонда өңі теріс бұрмаланған өлеңнің астары «Мағжан толқынды емес, орысты мазақ қылып жазып отыр. Міне, бұл өлеңде осындай астар бар» деген пасық пиғылды бықсытып, отқа май құяды» деген пікір білдіреді.

Бұл арада ақын тек табиғаттың өзін ғана жырға қосса, онда әңгіме бөлек. Қалай болғанда да ақын өлеңінен саяси астар іздеушілер – Мағжанның көзін көріп, ісіне куә болған замандастары. Сондықтан олардың сөздерін де мүлдем жоққа шығаруға болмайды. Өйткені замандастары ақынның нақты не нәрсені мегзеп тұрғанын дөп басып айтпаса да, әйтеуір өлең астарында жасырын сыр жатқанын сезеді. Біз де осы өлеңнің астарында не жатқанын білуге тырысып көрейік.

Мағжанның осы өлең жолдарын оқығанда алдымен уақыт өлшемін, өмір ағысын көсеткен ұлы Абайдың:

Алдыңғы толқын ағалар,
Кейінгі толқын інілер,
Кезекпенен өлінер
Баяғыдай көрінер, –

деген сөздері ойға оралады. Мағжан да өтпелі екі толқынның қимыл әрекетін сөз етеді. Өлең сырына байыппен қарасақ, жарысқан толқындар әдебиеттегі екіге жарылған топтар, яғни, алашшыл және төңкерісшіл болып бөлінген ақын-жазушылар сияқты. Бастапқы уақытта ұлт мүддесі үшін бірдей көзқарастағы қазақ зиялылары заман өзгеруіне қарай іштей бөлініп, сөйтіп, «толқыннан толқын туылады». Олар туралы жазылған ғылыми еңбектер мен тарихи деректерге сүйенсек, әдебиет мәселесінде олардың «бітпейтін бір егеспен» өзара айтысып-тартысқаны тағы да белгілі. Айналып келгенде жарысқан екі «толқынның» барар «жары» да, құяр сағасы да бір. Яғни, «жары» – халықтың мұң-мұқтажын, мүддесін көздейтін қазақ әдебиетінің өзекті мәселесі. Ал «жарына бал беріп тұрса да өлетін» толқыны алашшыл ақын-жазушылар еді. Сол кездегі кеңестік қоғам алашшыл ақын-жазушылардың ашық айтып, еркін жазуына мүмкіндік бермеген соң Мағжан оларды «өледі толқын, тынады» демей не десін. Мұны түсінген С.Мұқанов «...өлген «алашын» Мағжан қалай тірілтуді ойлайды» деп көрегендікпен дәл айтқан екен.

Өлеңнің өн бойынан байқайтынымыз, бір-бірімен сылық-сылық күліп сырласқан, сырын ашқан, бірде арпалыса жарысқан, буырқанған алып үлкен толқындармен жанталаса қалыспай бара жатқан кішкене толқындарды көз алдыңа әкеледі. Төңкерісшіл қауымның білімі мен шығармашылық таланттары ол уақытта алашшыл ақын-жазушыларға жетпейтіні бесенеден белгілі. Бірақ та ақын кішкене «толқындардың» алып «толқындардан» қалыспай шыңдалып жатқанын да, олардың бір-біріне сыр ашып сырласатынын да жасырмайды. Алайда олардың бірігуіне, ортақ байланысуына кедергі болатындай арасында үлкен қорған барын ешкім де жоққа шығара алмайды. Мағжан өлеңінің сырын біз осылай түсіндік.

«Қайың» өлеңі де ақынның ішінде тынған қайғы-мұңынан сыр шерткендей. Отаршылдықтың зардабы өтіп, ауыртпашылықтан бас ала алмаған ел-жұртының бейнесін «үскірік аязда ызғарлы жел соққысынан дірілдеген, сыбырласып күбірлеген, еңкейген қайғылы қайыңға» балап тұрғандай. Осы өлеңі арқылы Мағжан ұлт тағдырын бедерлегені сөзсіз. Олай деуіміздің басты себебі мұнда ақын:

Қашан, қайың,
Жетеді жаз? –

деп қайың арқылы өз арманын білдіргісі келеді. Яғни, «Қашан, қазақ, жетеді тәуелсіздік?» дегісі келеді. Жалпы, қай алашшыл ақын болмасын олардың тұспалды өлеңдерінде кездесетін «жаз» сөзінің ұғымы – ел бостандығы мен бақыты. Өйткені тамыры тереңге тартылған ерікті ұлт болу барлық алашшыл ақындардың ізгі арманы еді.

Үскірік аяздағы ызғарлы жел, долы боран бейнелері ақынның «Қысқы жолда» өлеңінде де кеңінен орын алады.

Ызғарлы жел долданып,
Екі иінінен дем алып,
Ішін тартып осқырып,
Кейде қатты ысқырып...–

дей келіп, әрі қарай ызғарлы жел біресе аңдай ұлып, біресе екі санын шапақтап сақ-сақ күледі. Кейде кенет баяулап, аузы-басы жыбырлап, жер жамылған қарды құшып «Әпсүн» оқығандай улейді. Өлең соңында ақын:

Сар далада адасып,
Суық кебін жамылып
Қаларын кім біледі? –

деп лирикалық кейіпкер тағдырын жұмбақ күйінде қалдырады. Бұл құбылысты «Жылқышы» өлеңінен де аңғарамыз. Екі өлеңде де ақын отаршылдықты долы боранға балағандай. Яғни, дүлей боран лирикалық кейіпкерлердің зәре-құтын, ақыл-есін қалай шырмаса, отаршылдықтың құрығы да халықты солай езгілейді. «Жылқышы» өлеңінде ақын боран сияқты сұрапыл күндер қашанға дейін созылар екен, түбі не болар екен деген ойға батқандай.

Алас ұрып, ісініп,
Есі кетіп жығылып,
Есіл ер үсіп өліп пе?–

дегенде де аты-жөні сұраусыз, сүйегі көмусіз қалған қаншама адамдарды еске алғандай. Ол кезде бұратана халық деп қазақ халқын мүлдем көзге ілмей, атып өлтіріп кетсе де заңды сұрауы болмағаны белгілі. Соны көріп отырған ақын қатты ашынады:

Басында өлсе сайғақ жоқ,
Өліміне айғақ жоқ,
Жылқышы күйі не күйде?

Осылайша өлең жолдары «бейшара халқымның болашағы не болмақ, бұл боран қашанға дейін жалғасады, айығатын күн бар ма? Әйтеуір түбі қайырлы болса екен» деген оймен аяқталып, болашақтан үміт күткен ақын мұңы жаңғырғандай.

«Қысқы жолда» өлеңінің «Жазғы жолда» өлеңімен де ұқсастығы бар. Яғни, екі өлеңде де жалғыз жолаушы табиғатпен алысып, өлімге қарсы тұрып арпалысқандай. Табиғат құбылыстарын суреттейтін ақынның «Жазғы жолда» өлеңі туралы С.Мұқанов «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген зерттеу еңбегінде «Дала» деп береді. Онда бұл өлең туралы «Бұл өлеңді жаяу жүргенде, кең даланы көріп жаза салған деуге бола ма? Әрине, әдебиеттен аз саңлауы бар адам дей алмайды. Неге жапан түзде, жолдассыз жаяу қалдым деп отыр дейсіздер? Әрине, саяси жолынан жазып қалғандықтан жазып отыр» деген пікір білдіреді.

«Жазғы жолда» шынымен де философиялық мәні жоғары өлең еді. Неге ол жалғыз, жаяу келеді? Негізінен бұл шығармада ақын өз қоғамына деген көңілі толмаушылығын астарлы түрде жеткізгісі келеді. Рас, мұнда ақын жалғыз қалады. Себебі ақынның үніне үн қосар жан жоқ. «Созылып ұйықтап жатар белі» – оянбаған елі. Оянса да қозғалуға шамасы жоқ.

Дала – өлік. Жоқ бір үн.
Жер де жатыр тұншығып...

Осылайша, ақын өлік тәрізді даласының, яғни, қамсыз жатқан ел-жұртының оянуына ниеті жоқтығын көріп қиналады.

Айнала – өлім, ешбір үн...
Жапан түзде жалғызбын.
Перісі неге келмейді?...
Денесі аппақ, жалаңаш,
Көкпеңбек көз, сары шаш
Сақ-сақ неге күлмейді?

Ақын «көкпеңбек көз, сары шаштының» сақылдап күлгенін қалап тұр ма? Жоқ, керісінше, кеудесінде оған деген ашу мен ыза, кек қайнайды.

Аңсап есім жия алмай,
Көзімнің жасын тия алмай,
Өлсем екен тұншығып!–

дей отырып, ақын тұншығып өлуді де қаламайды. Көзіндегі жасының тиылмаған күйінде, тәуелсіздікті аңсаған күйінде өлуді де қаламайды. Ақын бір әрекет күтеді, армандайды. Қимылдағысы келеді, бірақ қол-аяғы бұғауда қалған сияқты болады. Айқайына оянған, аттанына ерген жан болмайды. Міне, ақын сондықтан жаяу, жалғыз қалады. Сары далада, яғни, ел ішінде жүріп жалғыз қалғаны – өзі өмір сүрген қоғамға бойұсынбай жалғыз қалғаны.

Ақынның көзі тірісінде осы «Қысқы жолда», «Жазғы жолда» өлеңдеріне талдау жасаған Жүсіпбек Аймауытовтың сөзіне зер салсақ, «Мағжанның ақындығы туралы» мақаласында «...қазақ қашан ел болар, қатарға кірер, табиғаттың апатына шыдай алмай, жапан түзде суық кебін жамылып қала ма? Әлде мәдениетті елдің аузына түсіп жұтылып кетер ме? Мәлім емес, қазақтың келешегі қараңғы. Мынау ауыр халді көріп ақынның көңіліне шер, көзіне жас келеді. Мұндай сорлы жұрттың ішінде туып, бұл күйікті көргеннен өлгенін артық көреді. Міне, ақынның жанындағы трагедия» деп шығарманың сырына жіті үңілгенін аңғарамыз. Сондай-ақ табиғатты жырлаған туындыларының бірі «Толқындап ойнап» өлеңінің соңғы шумағын келтіргенде де «Аспан қара көк дариядай баяғы қалпында, жұлдыздан әлі хабар жоқ» дегені – қазақ елі баяғы қалпында, мәдениет жұлдызы, ел болу нышаны әлі сезілмейді дегені» деп ой түйеді Жүсіпбек Аймауытов. Демек, табиғат күйін шерткен өлеңдерінен де замана келбетін суреттеген ақынның жан айқайы естіледі.

Түйіп айтқанда, азаттықты аңсаған Мағжан Жұмабаев өлеңдері зерттелген сайын зерттеуді қажет ететін, сырына үңілген сайын тұңғиық болып көрінетін жұмбақ әлем. Өйткені ақын поэзиясы қаншалықты зерттеліп жатса да, «мен мұндалап» тұрған құпия сырларын аша түсуге деген құштарлық жыл өткен сайын арта түседі.

Әдебиеттер:

1. Жұмабаев М Көп томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. – Алматы: Жазушы, 2008. – 208 б.

2. Мұқанұлы С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті.– Алматы: Атамұра, 2008. – 244 б.

3. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Жазушы, 2002. – 256 б.

4. Жұмабаев М. Шығармалар. – Алматы: Білім, 1995. – 256 б.

***

Абдикалык К.С.

Судьба народа в стихотворениях Магжана Жумабаева

В статье выявлен подтекст стихотворений М.Жумабаева «Толқын», «Қайың», «Қысқы жолда», «Жазғы жолда» и др. Автор статьи доказывает, что на протяжении всего творчества М.Жумабаев прибегал к различным приемам, помогающим ему скрыть в глубине текста свои оценки, что его произведениям была присуща недоговоренность. В статье подвергаются анализу произведения, где основную

нагрузку несет на себе подтекст. Автор руководствуется также критическими замечаниями С.Муканова и современников поэта.

Ключевые слова: Природа, образ времени, волна, мороз, подтекст, независимость, буран, Алаш, место расположение, нация.

Abdikalyk K.S.

The fortune of nation in the poem of Magjan Zhymabaev

In the article was revealed undertone of poems of M.Zhumabaev «Толқын», «Қайың», «Қысқы жолда», «Жазғы жолда» and others. The author of the article proved that throughout the creativity M.Zhumabaev directed to various methods, to help him hiding his assessments in the depth of his text that his work was characterized by lack of understanding.

In the article is exposed analysis of work, where the main loading is carried by overtones. The author also guided criticisms of S.Mukanov and the poet's contemporaries.

Keywords: nature, the image of the time, a wave, the frost, undertone, independence, blizzard, Alash, place, nation.

***

УДК 82-1 (410.1)

Чечетко М.В. – к.ф.н., доцент, ЗКГУ им. М.Утемисова
Зейнуллина Д.А. – магистрант, ЗКГУ им. М.Утемисова
E-mail: *dina_altai@mail.ru*

ИЗОБРАЗИТЕЛЬНО-ВЫРАЗИТЕЛЬНЫЕ СРЕДСТВА В ПОЭМЕ ДЖОНА КИТСА «ИЗАБЕЛЛА, ИЛИ ГОРШОК С БАЗИЛИКОМ»

Аннотация. *Статья посвящена анализу поэмы английского поэта-романтика Джона Китса «Изабелла, или Горшок с базиликом» (1818) основанной на сюжете одной из новел Джованни Боккаччо из его книги «Декамерон» (1552-1554). Автор статьи сравнивает поэму с этим сюжетом и выявляет специфику английского романтизма и используемых Китсом изобразительно-выразительных средств.*

Ключевые слова*: Романтизм, средневековье, возрождение, любовь, поэтическая меланхолия, базилик.*

Джон Китс – выдающийся поэт-романтик, классик английской и мировой литературы. Его творческий путь был коротким и насыщенным. Подобно другим романтикам, Китс избирал своей главной темой и источником вдохновения не повседневную реальную жизнь, а созданной его фантазией идеал. Этот идеал он нашел в античности и средневековой культуре, а также в литературе и культуре эпохи Возрождения.

Стилизация под эстетические нормы этих времен и составляет во многом оригинальность и сущность поэзии Китса и напрямую связана с использованием им особой палитры изобразительно-выразительных средств. В ряду ярких современников – выдающихся английских романтиков Байрона, Шелли, поэтов Озерной школы – Китс отличается своеобразием своих образов и стилем. Разделяя каноны романтизма, он остается неповторимым в своем искусстве.

Творчество Китса исследовано меньше, чем творчество его великих современников – Байрона и Шелли. Его поэтическая фигура была заслонена этими более мощными и яркими фигурами, тем не менее, оригинальность и талант Китса бесспорны. Самые содержательные работы о нем – это работа А.А. Елистратовой «Наследие английского романтизма и современность», Н.Я. Дьяконовой «Китс и его современники», а также английские работы М.Элиста, М.Талхара, Ф.Инглиса.

Однако, проблема использования им стилевых средств в связи с его оригинальной эстетикой – освещена недостаточно. В этой статье предлагается рассмотреть эту проблему в связи с творческим восприятием им образной стихии средневековья и Возрождения.

В феврале-апреле 1818 года двадцатилетний Китс создал поэму «Изабелла, или Горшок с базиликом» в которой обратился к сюжету одной из новел знаменитой книги итальянского мастера Джованни Боккаччо «Декамерон» (1352–1354). Созданная в четырнадцатом веке книга представляла собой обработку средневековых сюжетов в духе раннего итальянского Возрождения и вдохновляла многих авторов. К итальянской новелле обращались и Шекспир, и европейские романтики. Известно, что сюжет трагедии Шекспира «Отелло: мавр венецианский» восходит к новелле итальянского писателя Чинтио. Английская литература XVI-XVIIвеков испытала сильнейшее влияние итальянского гуманизма. Трагическая участь Италии, отданной в начале XIX века во власть Австрии, отстаивавшей свою свободу, трогала и вызывала сочувствие и желание помочь у многих прогрессивных умов Англии. За свободу Италии сражался Байрон, в Италии погиб Шелли, несколько лет провел в Италии критик и поэт Ли Хант. В 1816 году Ли Хант написал поэму «Повесть о Римини» на сюжет о средневековой Италии, имевшую огромный успех. Китс и Хант были в дружеских отношениях, и видимо именно Хант открыл Китсу мир итальянского гуманизма и живописность сюжетов средневековой Италии. Позднее Китс разочаровался в трактовке этих сюжетов Хантом: он увидел в них нечто искусственное, украшательское, и более склонялся к трактовке их критиком Хэзлиттом: тот призывал искать в этих историях прежде всего внутреннею силу и чувство. Это соответствовало эстетическим взглядам Китса и он нашел в сюжете Боккаччо именно эти идеи и образы.

В «Декамероне» новеллы разделены по дням: молодые герои, укрывшиеся в имении от свирепствующей в городах чумы, коротают время за рассказами о разных событиях, людях и судьбах. Романтики черпали сюжеты из историй четвертого вечера - в этот вечер рассказывались истории о любви с печальным концом. Драматизм этих историй привлекал романтических поэтов и Китс в этом плане не был исключением.

В пятой новелле четвертого вечера «Декамерона» рассказана следующая история. В городе Мессине жили три брата, зажиточные молодые купцы, и их сестра Лизсбетта, которая тайком от братьев вступила в любовную связь с молодым слугой Лоренцо. Старший из братьев увидел, как сестра поздно вечером пробралась в комнату слуги, где провела ночь. В тревоге за честь сестры и честь семьи братья решили прекратить эту связь и скрыть все это. Они под предлогом прогулки заманили юношу в лес, убили его и тайно похоронили, а всем объявили, что послали его в дальнюю поездку с поручением. Сестра тосковала и ждала любимого, пока к ней не явился его призрак: он рассказал ей о своей гибели и указал, где он похоронен. Сестра со служанкой направилась в рощу, нашла тело возлюбленного, тайно похоронила, а отсеченную голову спрятала в садовом горшке, посадив туда куст базилика с голубыми цветами. Дома она не отходила от импровизированной могилы возлюбленного, поливая куст водой с лепестками роз и слезами, а сама увядала и слабела на глазах. Соседи заметили странное поведение девушки и сказали братьям, те тайком унесли цветочный горшок и нашли в нем голову убитого ими Лоренцо. Боясь огласки, они тайно похоронили ее и выехали из города, а девушка впала в еще большее отчаяние:

«А девушка все плакала и молила отдать ей базилик и в слезах умерла – таков был конец ее несчастной любви. Когда же некоторое время спустя слух распространился, кто то сложил песню, которую поют еще и сейчас:

Отнял нехристь у меня
Мой цветок любимый… » [1, с. 228].

Вся эта история окутана средневековым колоритом и принимает облик трагической легенды в духе тех времен. Братья, в сущности, не желают зла сестре и пытаются по нравам времени спасти ее от позора и от отчаяния. В сюжет вплетена

средневековая мистика – призрак сообщает возлюбленной о своей гибели и о том, где его искать, тело убитого Лоренцо и голова, найденная братьями в горшке, чудесным образом не тронуты тлением. Семейная часть ограждается порой самыми жестокими средствами и братья идут на все, чтобы скрыть порочащие семью факты от соседей и жителей города.

Взяв сюжет за основу, Китс переосмысливает его самым существенным образом. Братья (у него их не трое, а двое) прежде всего бизнесмены, корыстные и жестокие буржуа. Они планировали устроить выгодный для себя брак сестры, и Лоренцо ненавистен им, потому что в их понимании принес им убыток, чего нельзя простить:

These brethren having found by many signs
What love Lorenzo for their sister had,
And how she lov'd him too, each unconfines
His bitter thoughts to other, well nigh mad
That he, the servant of their trade designs,
Should in their sister's love be blithe and glad,
When 'twas their plan to coax her by degrees
To some high noble and his olive-trees [2, с. 165].

Взяв средневековую ситуацию, Китс переносит ее в свое время, когда повсюду правит капитал. Двое братьев под его пером вырастают в символические фигуры правящих буржуазном миром владельцев капитала, эксплуататоров чужого труда, результаты которого они с выгодой для себя присваивают. Недаром позже марксистская критика видела в стихах Китса прозрение – в сущности, изложение идеи прибавочной стоимости:

For them the Ceylon diver held his breath,
And went all naked to the hungry shark;
For them his ears gush'd blood; for them in death
The seal on the cold ice with piteous bark
Lay full of darts; for them alone did seethe
A thousand men in troubles wide and dark:
Half-ignorant, they turn'd an easy wheel,
That set sharp racks at work, to pinch and peel.

Why were they proud? Because their marble founts
Gush'd with more pride than do a wretch's tears?—
Why were they proud? Because fair orange-mounts
Were of more soft ascent than lazar stairs?—
Why were they proud? Because red-lin'd accounts
Were richer than the songs of Grecian years?—
Why were they proud? again we ask aloud,
Why in the name of Glory were they proud? [2, с. 125].

Для них нырял за жемчугом ловец,
Спасаясь от прожорливых акул.
Для них тюлень, предчувствуя конец,
Тоскливо лаял под прицелом дул.
Для них страдали тысячи сердец,
Но также издавая мерный гул,
Кружилось колесо, и все верней
Его зубцы калечили людей.

Чем тут гордиться? Тем ли, что воды
В фонтанах больше, чем у нищих слез?
Чем тут гордиться? Тем ли, что плоды
Прекрасней, чем родивший их навоз?

Чем тут гордиться? Тем ли, что труды
Чужие – так доходны? Вот вопрос!
Пусть на него ответ они дадут:
Во имя славы, чем гордиться тут? [3, с. 168].
(перевод И.Игнатовского)

Ситуация из легендарной и мистической становится реальной. Братья у Боккаччо действуют по кодексу средневековой чести: они страшатся позора для семьи, и не раскаиваются. Братья у Китса действуют по расчету, но уже знают о понятии греха: именно осознание того, что они убийцы и позволило им заметить безумное горе сестры и устрашиться и сбежать. Открытие Изабеллы, нашедшей тело Лоренцо, и братьев нашедших его голову, описаны в ужасных деталях. Нет никакого чудесного сохранения тела и оно подвержено тлению. Современный расчет и жестокость описаны Китсом в суровой и трагической гамме.

Романтический культ любви заполняет поэму, чего не было в новелле. Для Китса это прежде всего – гимн любви, ее упоение и ее трагизм. Эти два фактора: эмоциональный культ любовного чувства и противостоящий ему жестокий современный буржуазный расчет и определяет сюжет у Китса и его образный строй поэмы.

Экспозиция поэмы говорит сам за себя. Если Боккаччо начинает рассказ с описания братьев, их дома, уклада, отношений с сестрой, коротко описывает, как та пленилась красивым юношей – слугой и добилась его расположения, те первые же строки у Китса – это восторженный гимн влюблённым юноше и девушке и их любви.

Итак, жили-были в Мессине три брата, три молодых купца, сильно разбогатевшие после смерти отца своего, уроженца Сан Джиминьяно, и была у них сестра по имени Лизабетта, пригожая и благонравная девица, которую они почему-то еще не успели выдать замуж. При одной из их лавок находился юноша из Пизы, по имени Лоренцо, - он то и вел и делал все их дела. Был он обходителен, очень хорошо собой, Лизабетта стала на него заглядываться, и он ей смерть как полюбился. А Лоренцо за ней примечал и в конце концов, вырвав из сердца все свои былые привязанности, устремил помыслы к ней. Почувствовав взаимное влечение, они довольно скоро друг в друге уверились и достигли предела своих желаний [1, с. 227].

FAIR Isabel, poor simple Isabel!
Lorenzo, a young palmer in Love's eye!
They could not in the self-same mansion dwell
Without some stir of heart, some malady;
They could not sit at meals but feel how well
It soothed each to be the other by;
They could not, sure, beneath the same roof sleep
But to each other dream, and nightly weep [2; 1].

Отсюда и взят основной тон повествования: эпический и лаконичный у Боккаччио, когда события и отношения людей описываются сдержанно, хотя и выразительно, эмоциональный тон у Китса представляющий собой апофеоз любовного чувства. В дальнейшем этот тон повествования последовательно выдержан.

Завязка - это открытие братьями тайного романа сестры и решение убить ее возлюбленного.У Баккоччио братья приглашают Лоренцо на прогулку – феодальные нравы это вполне позволяли. В буржуазном укладе, описанным у Китса, братья могут лишь взять слугу в деловую поездку, задуманную ими на рассвете, с утра пораньше, чтобы меньше глаз заметили обстоятельства его исчезновения. Но герой Китса сумел и в этот час прийти под окно любимой и сказать ей слова прощания – всего на три часа, как полагал, но для страстно влюбленных и эта разлука велика. Они трогательно прощаются: вот почему девушка впоследствии не верит в отъезд Лоренцо по делам. Ложь братьев, придумывающих всякие отговорки по поводу долгого отсутствия Лоренцо, не убеждают ее и горе ее безгранично.

Кульминация - появление призрака убитого Лоренцо также представлено Китсом предельно эмоционально. Внешний вид бледного призрака юноши, его взволнованная речь, полная любви и горя, описание лужайки, где он лежит, - все это достаточно пространно, в то время как у Боккаччо призрак появляется, лишь для того, чтобы раскрыть тайну своей гибели. И далее события исполнены в той же эмоциональной выразительности: нахождение тела убитого Лоренцо, захоронение головы в садовом горшке, оплакивание – все это делает автору обширные возможности для реализации романтического чувства. Сюжет вмещает в себя одновременно прекрасное и трагическое и в этом смысле идеален для эстетической программы Китса.

Развязка – раскрытие братьями тайны горшка с базиликом, их бегство, смерть их сестры, не перенёсшей потери,- психологически верно воплощено в психологической находке. Горе героини выражено в постоянной просьбе вернуть ей горшок с базиликом. Он стал для нее символом и заменителем любимого и с его исчезновением исчезает и последняя надежда удержать любовь.

And so she pined, and so she died forlorn,
Imploring for her Basil to the last.
No heart was there in Florence but did mourn
In pity of her love, so overcast.
And a sad ditty of this story born
From mouth to mouth through all the country pass'd:
Still is the burthen sung—"O cruelty,
"To steal my Basil-pot away from me!" [2, с. 123].

Эстетический канон романтизма основан на контрасте между реальной действительностью, прозой бытия, и романтическим идеалом воплощающим все прекрасное и высокое. Это и определяет художественную манеру Китса. Высокое и идеальное заключено в эпитеты, сравнения, метафоры. Они выразительны - касаются силы любовного чувства или меланхолии горя.

В подпоре эпитетов и эмоционально окрашенных реалий и понятий у Китса явно выделяются три смысловых и стилевых ряда. Это во-первых, все что связано с высоким восхвалением любовного чувства, страсти, нежности и невозможности влюбленных жить без любимого. Этот ряд охватывает такие слова, как:

"Love", "tender", "gentle", "constant", "Beaty", "sweet", "fair", "passion", "ripe warmth", "gracious", "delicious love", "honey", "joy", "amorous", "music", "heart".

Сравнение и метафоры, связанные с природой, со сменой ночей и дней так же эмоционально окрашены в этом плане:

"All close they meet again from the stars pleasant".

Второй ряд составляют слова, связанные с темой поэмы, а это не только любовь, но и смерть от горя. Юношу убивают расчетливые и жестокие братья возлюбленной, девушка умирает от горя, когда они отбирают у нее не только любимого, но и импровизированную могилу – садовый горшок с базиликом, возможность его оплакивать. Этот ряд составляют слова печали:

"Heavysorrow", "feverishunrest", "pain", "weep", "a gentle moan", "groan", "misery", "tears", "grief", "sad Isabel`s eyelid ache".

По принципу контраста Китс выделяет эмоциональный ряд слов не с позитивной, а с негативной окраской. Помимо определения жестокости братьев, здесь слова негативного ряда, вплетенные в повествование о них – «змеи», «голодные акулы», «ястребы»:

"Awful", "wintry cold", "pride", "hungry shark", "cold ice", "sharp", "hungry pride", "hawks", "cowards", "crime", "serpents", "slaughter", "horrid woof", "murderous spide", "Blood sounds of suck sin", "these men of cruel clay".

В этом негативном ряду и поистине страшные слова, которые в отличие от поэтически возвышенной легенды Боккаччио о погибших влюбленных, показывает

реальный ужас смерти и разложения. Это то, чем стали тело и голова Лоренцо, убитого братьями:

"Horrid thing", "wormy circumstance", "the thing was vile with green and lived spot, and yet they knew it was Lorenco`s face".

Но в эстетике Китса Любовь все искупает и оправдывает, и для любящего сердца нет отвращения:

Здесь романтический контраст сильнее подчеркивает высокую ценность любви.

Для поэмы характерны другие романтические стилевые черты: риторические вопросы, риторические обращения, восклицания. Автор поэмы обращает их к читателю – единомышленнику, описывая любовь молодых людей или горе Изабеллы:

With every morn their love grew tenderer,
With every eve deeper and tenderer still;
He might not in house, field, or garden stir,
But her full shape would all his seeing fill;
And his continual voice was pleasanter
To her, than noise of trees or hidden rill;
Her lute-string gave an echo of his name,
She spoilt her half-done broidery with the same [2, с. 2].

O Melancholy, linger here awhile!
O Music, Music, breathe despondingly!
O Echo, Echo, from some sombre isle,
Unknown, Lethean, sigh to us—O sigh!
Spirits in grief lift up your heads, and smile;
Lift up your heads, sweet Spirits, heavily,
And make a pale light in your cypress glooms,
Tinting with silver wan your marble tombs [2, с. 435].

Среди обращений есть и обращение к Боккачио в строфах 19 и 20 Китс просит прощения у Боккачио за то что по-своему истолковал его бессметный сюжет: «Простите, что в печальный тон рассказа /Закралась дерзкая, чужая фраза»/ 2,532: перевод Е.Витковского/. Китс признает, что переложил старую прозу в рифмы, в английский стих, окутал поэзией Севера и надеется, что бессмертный классик взглянет на итог его поэтического труда со своего «пьедестала» благосклонно, оценит его поэтический труд как труд собрата-поэта. Это единение в трактовке вечного сюжета о красоте любви и бессмертности горя очень характерна для Китса.

O eloquent and famed Boccaccio!
Of thee we now should ask forgiving boon,
And of thy spicy myrtles as they blow,
And of thy roses amorous of the moon,
And of thy lilies, that do paler grow
Now they can no more hear thy ghittern's tune,
For venturing syllables that ill beseem
The quiet glooms of such a piteous theme [2, с. 145].

Столь же выразительны, как и риторические вопросы обращения, строфы-риторические вопросы:

How was it these same ledger-men could spy
Fair Isabella in her downy nest?
How could they find out in Lorenzo's eye
A straying from his toil? Hot Egypt's pest
Into their vision covetous and sly!
How could these money-bags see east and west?
Yet so they did—and every dealer fair
Must see behind, as doth the hunted hare [2, с. 140].

Описывая горе Изабеллы, Китс прибегает к перечислению, которое прекрасно создает нужную интонацию и увлекает читателя:

And she forgot the stars, the moon, and sun,
And she forgot the blue above the trees,
And she forgot the dells where waters run,
And she forgot the chilly autumn breeze;
She had no knowledge when the day was done,
And the new morn she saw not: but in peace
Hung over her sweet Basil evermore,
And moisten'd it with tears unto the core [2, с. 420].

Все стилевые фигуры Китса и его характерные для романтического поэтического языка средства – принадлежат романтической эстетике. Взяв классический сюжет итальянского автора, почти столь же известный, как обработанный и сотворенный Уильямом Шекспиром сюжет о «веронских любовниках» - Ромео и Джульетте, Китс создал свою поэму в стиле высокой романтической эстетике. Он везде остался как поэт естественным, искренним и покоряющим читателя своим рассказом влюбленных. Его изобразительно-выразительные средства способствуют раскрытию его темы – возвышенной и трагической песни о Любви.

Литература:

1. Боккаччо Джованни Декамерон. – Алматы: Жазушы, 1987 – 543 с.
2. John Keats Poems. – London, 1998. – 442 p.
3. Дьяконова Н.Я. Китс и его современники. – М.: Наука, 1993. – 200 с.
4. Китс Джон Изабелла, или Горшок с базиликом. (Поэма английского романтизма. – М.:, Художественная литература, 1972. – 527 с.

***

Чечетко М.В., Зейнуллина Д.А.

Джон Китстің "Изабелла, немесе Құмыранасыбайгүл" поэмасындаға бейнелі мәнерлі құралдар

Мақала ағылшын романтик ақыны Джон Китстің «Изабелла, немесе құмыра насыбайгүл» (1818) поэмасын талдауға арналған, осы поэма 1552-1554 жылдары жазылған Джованни Боккаччоның «Декамерон» кітабындағы новелла сюжеті бойынша құрылған. Мақала авторы осы поэманы сюжетпен салыстырып, ағылшын романтизмнің және Китстің қолданған әдеби бейнелеу құралдарын анықтайды.

Тірек сөздер: Романтизм, ортағасырлық, қайта өркендеу дәуірі, махаббат, поэтикалық меланхолия, насыбайгүл.

Chechetko M.V., Zeinullina D.A.

Descriptive and expressive means in poem of John Keats "Isabel, or a Pot of Basil"

The article deals with the poem "Isabel, or a Pot of Basil" (1818) by English romantic poet John Keats, based on upon the plot taken from the book "Decameron" (1552-1554) by Giovanni Boccaccio`s plot and points to the specific Romantic outlook and the stylistic devices of the poem.

Key words: Romanticism, idle ages, Renaissance, love, poetical melancholy, Basil.

***

ӘОЖ 81'373.2 (574.24)

Қоңыратбаева Ж.М. – ф.ғ.к., профессор м.а.,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
E-mail: *zhanarkon@mail.ru*
Ахметова М.К. – ф.ғ.к., профессор м.а.,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
E-mail: *ah_mar@mail.ru*

АСТАНА ЭРГОУРБОНИМИЯСЫ: АТАУ БЕРУДІҢ ТІЛДІК ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІСІ

Аңдатпа. *Белгілі бір ірі урбанонимдік жүйені үздіксіз зерттеп отырудың қажеттілігі қаланың күннен-күнге дамуымен, аумағының кеңеюімен, жаңадан бой көтерген қалаішілік нысандардың қаланың ономастикалық картасына жаңа атау болып енуімен байланысты. Мақалада саяси-экономикалық, мәдени-танымдық орталыққа айналып үлгерген Астана қаласының эргоурбонимиялық жүйесін тілдік-әлеуметтік қырынан қарастыру мақсат етіледі.*

Тірек сөздер: *Ономастикалық кеңістік, қала тілі, эргоурбонимия, атау беру принципі, қала имиджі, қалаішілік нысандар, тілдік кеңістік, периферия.*

Қаланың тілдік кеңістігі құрылымы жағынан сан алуан болып келеді, оның аясында әдеби сөйлеу тілі, халықтық сөйлеу тілі секілді элементтер қатар өмір сүреді. Ол түрлі ұғымдық өріске жататын көптеген лексикалық ұсақ жүйелердің басын біріктіреді. Яғни, қала тілі урбанонимдік кеңістікті кешенді түрде сипаттай отырып, өзінің аясына көше, даңғыл, орам, көпір, саябақ, тұрғын үй, мекеме, өнеркәсіп, ұйым, тағамхана, емхана, шеберхана, т.с.с. нысандардың атауларын да қамтиды. Солардың ішіндегі күрделі де негізгі ономастикалық қабаттың бірі – эргонимдер немесе эргоурбонимдер.

Шеткері (перифериялық) өрістің ең бір ауқымды бөлігін құраушы топ ретінде эргоурбонимия құбылысы қала тілінде соңғы ширек ғасырда, әсіресе, 10-15 жылда анағұрлым айтарлықтай бой көтеріп үлгерді. Олар өзі тектес өзге онимдер табиғатынан құрылымдық-семантикалық түрлілігімен ерекшеленеді: оның атауы ретінде жекелеген графикалық таңбадан бастап күрделі синтаксистік құрылымдарға дейін белгілене алады; құрылымы әлсіз, басқаша айтқанда, өзгерімпаз, уақыт таңдағыш болып келеді және кез келген сөз табы ретінде өмір сүре алады.

Тіл білімі ғылымының тарихында эргонимия, эргоурбонимия мәселесін қарастырған еңбектер қатары жетерлік. Әсіресе, соңғы кезеңде бұл мәселені түрлі ғылыми аспект тұрғысынан арнайы зерттеген ғылыми еңбектердің саны артуда. Атап айтқанда, онимдер разрядтарын кешенді түрде ғылыми жағынан зерттеген еңбектерді (Г.В. Мадиева А.В. Суперанская, Т.В. Шмелева) және эргоурбонимдік жүйені жеке алып арнайы зерттеу жүргізген жұмыстарды, мәселен, әлеуметтік тіл білімі бағытында арнайы зерттеген (А.Ш. Ақжігітова, А.М. Емельянова, А.М. Мезенко), эргонимдердің микротоптық типін (менсонимдерді) арнайы қарастырған (С. Иманбердиева), эргонимдерді тарихи тұрғыдан қарастырған (Т.П. Романова), эргонимдерге атау беру, ат қою принципі тұрғысынан қарастырған (Е.В. Тихоненко, семантикалық-прагматикалық аспект тұрғысынан арнайы зерттеген (М.Г. Курбанова, Н.Ю. Забелин), лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан қарастырған (А.Ю. Асанов), эргонимдерді жарнама тілі сипатында зерттеген (И.В. Крюкова), т.б. еңбектерді атап өтуге болады. Бұл ізденістерде қала ішілік нысан атауларының бүгінгі күн тұрғысынан өзекті деген мәселелері жан-жақты сарапталады.

Мақаланың мақсаты саяси-экономикалық, мәдени-танымдық орталыққа айналып үлгерген Астана қаласының эргоурбонимиялық жүйесін тілдік-әлеуметтік қырынан қарастыруды діттейді. Астана сынды ірі урбанонимдік жүйені үздіксіз

зерттеп отырудың қажеттілігі қаланың күннен-күнге дамуымен, аумағының кеңеюімен, жаңадан бой көтерген қала ішілік нысандардың қаланың ономастикалық картасына жаңа атау болып енуімен байланысты.

Елорда урбанонимиясының эргонимдік қабатының қала имиджі дамуына тигізер ықпалы тікелей. Сондықтан оған ат қойып, айдар тағуда ұстанатын негізгі белгілерін танып, талғаудың маңыздылығы ерекше. Бұл тұрғыдан келгенде, ономастика ғылымында эргоурбонимдерге ат қою принциптерінің алуан түрлі жіктелімі кездеседі. А.В. Суперанская эргонимдерге атау берудің екі түрлі типін бөліп көрсетеді: «1) Шынайы атау беру, яғни кәсіпорын мен оның орналасқан жерін, қызмет сипатын танытатын атаулар (Мытищин мәшине құрастыру зауыты, Шаруалардың Останкина өнер мұражайы, Таганкадағы Мәскеу драма театры); 2) символдық атау беру, яғни кәсіпорынның қызметі мен оның қызметкерлерінің құрамын жанама түрде ғана сипаттайтын атаулар («Мұнайшы» спорт қоғамы, «Отан» кинотеатры, «Қара пантералар» қара нәсілділер ұйымы) принциптері» [1, 195 б.].

Ал онимдер жүйесінің периферияльық (шеткері) разряды – эргонимдерді (оның ішінде жарнама тілін) арнайы қарастырған И.В. Крюкова атау беруде ескерілуі тиіс мынадай алты түрлі негізгі қағидат-ережені атап көрсетеді: 1. Шынайылық қағидаты, яғни атаудың сыртқы жамылышы (рәсімделуі) оның ішкі мазмұнына сәйкес келуі тиіс; 2. Жаңашылдық қағидаты; бұл ереже бойынша атаулардың бірегейлігі, қайталанбайтындығы сақталады; 3. Ықшамдылық қағидаты, бұл ереже есте сақтауға оңтайлылықты, яғни жарнамалық сипатты танытады; 4. Құлаққа жағымдылық қағидаты, яғни әр атау сол тілдің дыбыстық ерекшелігіне сай құрылуы тиіс; 5. Құрылымдық қағидаты, яғни әр атау сол тілдің грамматикалық ережесіне жауап беретіндей болуы тиіс; 6. Түсінікке жеңілдік қағидаты, яғни әрбір нысанға атау беруде адресаттың аялық білімі ескерілуі тиіс, әрі ол көпшілік үшін жағымсыз әсер тудырмауы қажет [2, 19-20 бб.]. Автордың атап өткен бұл қағида ұстанымдары эргонимдерді жасауда нақты бір жағдайға байланысты түрленетін коммуникативтік-прагматикалық норманы қалыптастыруға мүмкіндік береді.

А.М. Емельянова көпэтносты қаланың (Уфа қаласы бойынша) тілдік ландшафтындағы эргонимдерді қарастыруда олардың атауыштық-бөлшектеуіштік, ақпараттық, жарнамалық, меморативтік, эстетикалық, жеке меншікті қорғаушылық қызметтерін атай келіп, эргонимдерге атау берудің мынадай белгілерін талдап өтеді: «1) Индивидуалдық атаулар жасау. Яғни, эргоним қалыптастыруда онимжасамның барлық дерлік мүмкіндіктерін сарқа пайдалану қажет; 2) Эргонимдер эстетикалық жағынан әдемі құрылған, жеңіл айтылатын болуы керек; 3) Эргоним жасаушы (номинатор) сол тілдің орфографиялық нормасына аса мән беріп отыруы тиіс; 4) Аталым өнеркәсіптің қызметтік түріне сәйкес келмейтін жалған түсінік тудырмауы қажет; 5) Шет тілдік лексикалық қабатты шамадан тыс қолданбаған жөн; 6) Жергілікті жердің өзіне тән ерекшелігін есте сақтап отыруы тиіс; 7) Эргоним жасауда оның болашақта ары қарай даму әлеуетінің қандай болатындығына көңіл бөлу қажет» [3, 94 б.].

Белоруссия ономастикасын зерттеген еңбегінде А.М. Мезенко қаланың топонимдік жүйесінің қазіргі жай-күйін теориялық жағынан қарастыра отырып, урбанонимдік кеңістікке (оның ішінде көше атауларына) ат қоюда лексикалық, жүйелілік, синтагматикалық және грамматикалық белгі-ұстанымдарды бөліп көрсетеді [4, 78 б.]. Зерттеушінің қарастыруындағы бұл жіктелімнің урбанонимияның эргонимдер жүйесін саралай талдауда да негізгі көрсеткіш болары анық.

Астана эргоурбанонимдік кеңістігінің тілдік-құқықтық қыры. Мақаланың I бөлігіндегі негізгі зерттеу жұмысы ғылыми теориялық тұрғыдан қарастыру сипатында жүргізіледі. Эргоурбанонимдік кеңістікке атау беру, ат қою принциптерін талдай келгенде, көңіл аударатын басты мәселе – эргонимия, ең алдымен, қоғам қажеттілігін өтей алуы тиіс. Бүгінгі Астана қаласының тілдік кеңістігін тілдік-әлеуметтік қырынан қарастырғанда, осы жайттың қаншалықты көрініс тауып отырғандығы, қала тілінің қала имиджіне тигізер оң ықпалының қаншалықты

дәрежеде екендігі аса маңызды екендігі рас. Біз Астана эргоурбанонимиясын қарастыру барысында, негізінен, зерттеуші А.М. Мезенконың жіктелімін басшылыққа аламыз. Тек автор көрсететін грамматикалық белгінің орнына орфографикалық белгіні ұсынамыз.

Сонымен, эргонимдерге ат қоюдың мынадай белгі-ұстанымдары бойынша талдау жүргіземіз: *1. Лексикалық белгі,* мұнда көпшілік жұрттың аялық білімінің ескерілуі маңызды; *2. Синтагматикалық белгі,* мұнда аталым көпшіліктің эстетикалық талабын орындайтындай болуы тиіс; *3. Орфографиялық белгі,* бұл ұстаным бойынша аталым ұлттық тілдің жазу нормасына сай қалыптануы тиіс.

Лексикалық белгіде ұстанар басты талапқа нысан (объект) мен оның иесінің (субъект) қарым-қатынасының шынайылығына аса көңіл бөлінеді. Белгілі бір нысанның меншік иесі қала ішілік нысанға атау беруде оның қызмет бабын, орналасқан орнын және ең бастысы, жергілікті халықтың аялық білімін ескеруі тиіс. Яғни, лексикалық белгіде эргонимдердің жалпы қалыптасуында ескерілетін «аталымның ақпараттылығы, ұғыныктылық сәйкестілігі және фоносемантикалық үйлесімділігі» маңызды орынға ие екен [3, 97 б.].

Астана қаласының тілдік кеңістігіндегі лексикалық белгінің сақталуына келсек, қала тілінде эргоурбанонимдердің көп бөлігі, негізінен, нормалану үдесінен шығады деуге болады. Мәселен, перде салонының *«Шаңырақ»* деп, әйелдер киім дүкенінің *«Сәнқой/Гламур»* аталуы, зергерлік шеберхананың *«Тұмар/Талисман»* деп, сұлулық салонының *«Сән»* деп, дәріхананың *«Гиппократ»* деп, әйелдер дәрігері орталығының *«Денсаулық»* деп, лор орталығының *«Сезім»* деп аталуы логикалық жағынан мазмұн мен түрдің өзара әдемі үйлесімділігін танытады.

Ал енді кейбір эргонимдердің сәтсіз қойылғаны, қалың жұртшылыққа кері (негативті) әсер ететіні де байқалады. Астана қаласы Республика даңғылында орналасқан (Желтоқсан көшесінің қиылысы) кондитерлік дүкеннің *«Три толстяка»* деп атау тағуы көпшілік үшін жағымсыз әсер қалдыруы мүмкін. Лексикалық белгісі жағынан бұл эргонимнің түрі мазмұнына сәйкес қойылғанымен, оның семантикалық бояуы «Үш жуан» дегендегі жуанға түсетіні анық. Сондықтан бұндай аталымды мазмұны мен түрі үйлесім тапқан сәтті атау деуге болмас.

Лексикалық белгінің талаптарына қайшы келетін басты жайттарға аталымның мазмұн мен түр сәйкестілігінің бұзылуы деуге болады. Мазмұны мен түрі жағынан логикалық қайшылыққа құрылған ондай эргонимдер қатары көпшілікті қолайсыз жағдайда қалдыруы мүмкін. Бұл қайшылық аялық білімді ескермеудің де салдарынан орын алып жатады. Бұл жайт қала ішілік нысандардың шет тілдік атау алуымен байланысты да ұшырасады.

Жалпы алғанда, Астана эргоурбонимия кеңістігінде шет тілдік элементтер қатарының күн санап көбейіп келе жатқандығын бір көшенің бойын жүріп өткенде-ақ аңғару қиын емес. Мысалы, Елорданың ең үлкен көшелерінің бірі – Республика даңғылының тілдік келбетін алайық. Ондағы шет тілдік эргонимдердің көптігінен көз сүрінеді: *«Moon river», «Baby shop», «Takko», «People», «Mango Promad», «United colors of benetton», «Milavista», «Texas»* (киім дүкені); *«Incity», «Kimex», «Respect», «Grazie», «ECCO», «Kari», «Bugatti», «Marko»* (аяқ киім дүкені); *«Momento», «REAL»* (мейрамхана); *«Green Mart», «Sulpak»* (сауда орталығы); *«Kusselita», «Traveler's coffee», «Burger King», «BROWN», «Doner Kebab»* (дәмхана); *«Joker game joi play», «Boogzzz joi club»* (клуб-бар); *«Tem tour», «Turkish Airlines», «Inter», «Star Alliance»* (әуе турагенттігі); *«It's skin», «Mon Amie», «Korean shop», «Sayuri»* (косметика дүкені); *«Capital Education», «Inter press»* (тіл үйрету мектебі); *«SanaVita»* (емхана); *«BRIOCHE»* (кондитерлік орталық); *Key Service* (сағат жөндеу шеберханасы). Бұл тізімдегі шетел тілінде атау алған эргонимдер көпшілік жұрттың тілдік санасына барлығы бірдей қабылдана береді деп айта алмаймыз. Тұрғындардың аялық білімін ескермегендіктен, бұл секілді аталымдар урбанонимиялық жүйенің атау беру/ ат қою принциптеріне жауап бере алмайды.

Синтагматикалық белгінің негізгі сипаты – оның айтуға жеңіл, есте сақтауға оңай, оңтайлы болып, қалың көпшіліктің эстетикалық талабы үдесінен шығуында. Бұл тұрғыдан келгенде, синтагматикалық белгі, жалпы, топожүйенің басты принциптерінің бірінен саналады. Кез келген аталым (мейлі ол көше атауы болсын, мейлі ол мекеме атауы болсын) оңай айтылып, тез есте сақталса, оның өміршеңдігі ұзарып, әлеуеттілігі арта түсетіні белгілі. Сондықтан бұл белгі бойынша халық нысан атауына өз бағасын беріп отырады.

Синтагматикалық ұстанымның сақталмауы, көбінесе, шет тілдік атаулардың бойынан табылып жатады. Себебі шет тілдік эргонимдер өзге тілдің дыбыстық құрылымында келетіндіктен, ол ұлттық тілдің реңкін көп жағдайда сақтай бермейді. *«Boogzzz joi club»* (клуб), *«Sayuri»* (жапон тауарлар дүкені), *Биатриче* (перделер салаоны), *«BRIOCHE»* (кондитерлік орталық), *«АЕО-ИУЦ»* (ақпараттық есептеу орталығы), *«United colors of Benetton»* (сәнді киім), *«B.S»* (дәмхана), *«Z.media»* (видеофото салоны), *«www. Astana Naloc.kz»* (салық орталығы) және т.с.с. эргонимдерді есте сақтап, жеңіл айту көпшілік халыққа қиындық тудырады. Сондықтан А.М. Емельянова атап өткендей, «шет тілдік аталымдарға аса әуес болудың қажеті жоқ» [3, 94 б.].

Орфографикалық белгі-ұстаным орфографиялық норманың берік сақталуын талап етеді. Астана қаласының тілдік кеңістігіндегі эргоурбонимдердің бойынан графикалық белгінің сақталуы да, көп жағдайда сақталмауы да орын алады. Аталымдардың орфографиялық норманы бұзып, өзгеше сипатта көрініс табуы, негізінен, шет тілдік күрделі құрылымдарда кездеседі. Мәселен, *Паладиум* (киім дүкені); *Биатриче* (перде салоны); *Кариба Микс* (бар); *Гелиос* (жанар-жағармай бекеті), т.б. эргонимдерді шет тілін білмейтін көпшіліктің қабылдауы екіталай. Бұл секілді аталымдар трансформацияланған түрінде берілгенімен, онымен тұрғындардың көбі ақпараттандырылмаған.

Сонымен қатар, орфографиялық белгінің бұзылуына екі тілді атаудың қатар таңбалануын да жатқызуға болады. Мәселен, Астананың тілдік кеңістігіндегі *«Ac-Lan»* (баспахана), *«Байлық Finance»* (бизнес орталығы), *«Отрар Travel»* (әуетурагенттігі), *«Из руки в руки irr.kz», «Квартира.kz»* (жарнама кеңсесі) және т.б. таңбалық белгілер екі, үш түрлі тілдік жүйедегі тілдердің аралас қоспасының көрінісі ғана. Бұл аталымдарда жарнамалық қызмет болғанымен, олардың тілдік, эстетикалық сипаты тұрғысынан ақсап тұрғаны анық. Дегенмен, бұл ретте айтылатын тағы бір мәселе – ономастикалық жүйенің эргонимдік қолданысын құқықтық жағынан нормаландырып, реттеп отыратын толыққанды құжаттар жоқтың қасы. Эргонимдердің көп бөлігі жеке меншіктік иелікке тиесілі. Сондықтан эргоурбанонимиялық кеңістікте орын алып отырған бұл секілді норма бұзушылықтарды құқықтық тұрғыдан реттеп отыратын арнайы қабылданған ресми құжаттың бекітілуі өте маңызды деп ойлаймыз.

Астана эргоурбанонимдік кеңістігінің әлеуметтік ой-пікір алаңындағы сипаты. Мақаланың II бөлігіндегі негізгі зерттеу жұмысы эмпирикалық әдіс сипатында жүргізіледі. Қазақстан Республикасында номинациялау/реноминациялау үдерісіндегі тілдерді таңдау және қала ішілік нысандарға атау беру/қайта атау тағу үдерісін дамытудың басымдықтарын анықтау мақсатында Астана урбанонимдік кеңістігі бойынша әлеуметтік сауалнама жүргізілді. Әлеуметтік сауалнама аясында барлығы 40 сұрақ қамтылды, оның 25 сұрағы топожүйенің орталық (ядролық) өрісінің басты да белсенді қабаты – *годонимдерге* (көше, даңғыл, орам, көпір атаулары) арналса, 15 сұрағы топожүйенің шеткері (периферияльық) өрісінің басты нысаны – *эргонимдерге* бағытталып құрастырылды. Онлайн түрінде жүргізілген қоғамдық-әлеуметтік ой-пікір алаңына 220 респондент тартылды, оның 180-ы – әйел жынысты (81,8 %), 40-ы – ер жынысты (18,2 %). Сауалнама 16-20 жас (60 адам оқушы, студент,), 21-30 жас (60 адам магистрант, докторант), 31-40 жас (40 адам қызметкер), 41-50 жас (40 адам қызметкер) және 50-ден жоғары (20 адам зейнет

жасына жақындағандар мен зейнеткерлер) жас аралығындағы әлеуметтік топтың арасында жүргізілді. Біз бұл ізденісімізде мақаланың тақырыбына арқау болып отырған эргонимия қабаты бойынша жүргізілген әлеуметтік сауалнаманың негізгі мәселелерінің статистикалық қорытындысын талдап, сараптаймыз.



1 сурет – (1 сауал) Эргонимдердің (дүкен, мейрамхана, клуб және т.б. атаулар) қай тілде берілгені дұрыс деп санайсыз?

*Диаграммада көрсетілгендей, «Эргонимдердің (*дүкен, мейрамхана, клуб және т.б. атаулар) қай тілде берілгені дұрыс деп санайсыз?» деген 1-сауалға респонденттердің 47 %-ы (104 адам) тек мемлекеттік тілде деп, 33 %-ы (72 адам) қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде деп, 8 %-ы (18 адам) қазақ және ағылшын тілдерінде деп, 7 %-ы (16 адам) қазақ және орыс тілдерінде деп жауап берді, ал қалған 5 %-ы (10 адам) «латын харпінде болғаны дұрыс», «ағылшын тілінде болғаны дұрыс шығар», «білмеймін», «ойланып көрмеппін», т.б. сынды жауап қалдырды. Қаланың тілдік кеңістігінің тек мемлекеттік (қазақ) тілде болғаны жөн деп табатындар – әлеуметтік топтың жоғарғы екі сатысы (қызметкерлер, әсіресе, зейнет жасындағы кісілер осылай санайды). Қазақ, орыс, ағылшын тілінде болғаны дұрыс деп есептейтіндер, негізінен, әлеуметтік топтың жас буын өкілдері (мектеп оқушылары мен магистранттар). Сараптай талдасақ, бұл ұстанымды қолдайтындар қазіргі үш тілді қоғамды қолдаушы жас буын категориясы екен, себебі сауалнамаға қатысушылардың 25,5 %-ы – үш тілді жастар. Ал қазақ және орыс тілдерінде деп жауап бергендердің қатарында, көбінесе, қызмет бабындағы орта жастан асқан адамдар болды.



2 сурет – (2 сауал) Баннерлердегі, маңдайша жазулардағы, қабырға парақтарындағы, жарнама тақталарындағы және тұрғындарды ақпараттандыратын өзге де құралдардағы ақпараттардың қай тілде таңбаланғанына көңіл аударасыз ба?

«Баннерлердегі, маңдайша жазулардағы, қабырға парақтарындағы, жарнама тақталарындағы және тұрғындарды ақпараттандыратын өзге де құралдардағы ақпараттардың қай тілде таңбаланғанына көңіл аударасыз ба?» (2-сауал) атты сұраққа сауалнамаға қатысушылардың 53 %-ы (116 адам) «ия, үнемі назар аударамын», 16 %-ы (35 адам) «жоқ, назар аудармаймын», 16 %-ы (35 адам) «бұл мен үшін маңызды емес», 13 %-ы (28 адам) «жауап беруге қиналамын» деп жауап берді. Ал қалған 3 %-ы (6 адам) «басқа» деген нұсқаны таңдаған, бірақ ешқандай пікір қалдырмаған. Сауалнамашылардың жас ерекшеліктеріне келсек, «ия, үнемі назар аударамын» деген респонденттердің басым бөлігі 21-30, 31-40, 41-50 жас аралығындағы әлеуметтік топ өкілдері болып шықты. 50-жастан жоғары тап өкілдерінің барлығы дерлік осы нұсқаны белгіледі. Ал 16-20, 21-30 жас аралығындағы жас буын өкілдерінің біразы бұл жайтқа назар аудармайтындықтарын және біраз бөлігі жауап беруге қиналатындарын, себебі бұл мәселе бойынша ойланып көрмегендіктерін жеткізді. 16-20 жастағы респонденттердің кейбірі ешқандай пікір қалдырмады.



3 сурет – (3 сауал) Баннерлердегі, маңдайша жазулардағы, қабырға парақтарындағы, жарнама тақталарындағы және тағы басқа ақпарат құралдарындағы ақпараттардың қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде дұрыс жазылып, сауатты берілгеніне мән бересіз бе?

«Баннерлердегі, маңдайша жазулардағы, қабырға парақтарындағы, жарнама тақталарындағы және тағы басқа ақпарат құралдарындағы ақпараттардың қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде дұрыс жазылып, сауатты берілгеніне мән бересіз бе?» деген кезекті 3-сауалға «ия, көбінесе, мән беремін» деп 125 респондент (57 %), «жоқ, көбінесе, мән бермеймін» деп 47 респондент (22 %), «жоқ, мүлдем мән бермеймін» деп 3 респондент (1 %) деп жауап берді. Ал 37 адам (17 %) жауап беруге қиналса, 7 адам (3 %) «ештеңе айта алмаймын», «ойланып көрмеппін», «білмеймін», «ойлануым керек» секілді пікір қалдырды. Бұл сауалға жауап беруде жас және орта буын өкілдері (21-30, 31-40, 41-50 жастағылар) белсенділік танытып, өздерінің қала кеңістігінің тілдік-әлеуметтік жағына үнемі мән беріп, назар салып отыратындықтарын танытты. Олардың пікірінше, Астана сынды ірі мәдени-экономикалық, саяси орталықтың тілдік келбеті де оның геосаяси жағдайына сай қалыптасып, дамуы тиіс.

4 сурет – (4 сауал) Мекеме, ұйым, дәмхана, мейрамхана, дүкен және т.б. атаулардың олардың иелерінің құрметіне қойылғанына қалай қарайсыз (Мысалы, Милана, Нұрасыл, Ләззат, Артем)?

Сауалнаманың келесі сұрағы «Мекеме, ұйым, дәмхана, мейрамхана, дүкен және т.б. атаулардың олардың иелерінің құрметіне қойылғанына қалай қарайсыз?» деп аталды. Диаграмма қорытындысы көрсететіндей, бұл мәселені құптайтындардан гөрі құптамайтындардың, тіпті мән беріп қарамайтындардың саны анағұрлым көп. Жалпы, ономастикалық кеңістікте белгілі бір нысанның кісі есімімен (меморативтер) атау табатыны – тұрақты белгінің бірі. Дегенмен, меморативтік атаулар дегенде біз, ең алдымен, өз жері, жұрты үшін қызмет етіп, тарихта есімі қалған не болмаса отандық, әлемдік мәдениетке, ғылымға, өнерге, әдебиетке өлшеусіз үлес қосып, есімдері тарихта жазылған тұлғалардың есімдеріне қатысты онимдерді қабылдаймыз. Топожүйеде ондай категорияның белгіленген өз орны бар екендігін біздің сауалнамаға катысушылар да колдайды. Ал, кала ішілік белгілі бір нысан атауын, мәселен, дүкен не мейрамхана атауын оның иесінің есімімен атауды біреу қолдаса, біреу қолдамайды екен. Біз сауалнамада Милана, Нұрасыл, Ләззат, Артем секілді эргонимдерді көрсеткен едік. 220 респонденттің ішінде құптайтындардың саны – 24 (11 %) болса, құптамайтындардың саны – 35 (16 %) болды. Көпшілік қала тұрғындары (96 адам, 44 %) бұл мәселеге мән бермейтіндігін көрсетті. Ал 56 адам (26 %) жауап беруге қиналатындығын айтса, 9 адам (4 %) «басқа» деген нұсқаны таңдады. Жас ерекшелігіне қарай сараптағанда байқағанымыз, бұл мәселеге қаланың әлеуметтік топтары көзқарастарының аралас келетіндігі. Білімгерлердің (студенттер, магистранттар, докторанттар) біраз бөлігі колдаса, біраз бөлігі ойланбағандықтарын жеткізді. Дәл сол секілді орта және жоғары топ өкілдерінің де көзқарастары екіге жарылды: кейбір қызмет бабындағылар бұл жайтты қолдаса, кейбірі қарсы екендіктерін білдірді, кейбіреулері тіпті жауап беруге киналды.

Жалпы, онимдер ішінде эргонимия құбылысы өзінің табиғаты жағынан өте тұрақсыз әрі жаңашыл қабат болып танылады. Олардың көпшілігі коммерциялық, жеке меншіктік болып келетіндіктен, мемлекеттік жүйеде құқықтық-нормативтік құжаттармен, көбінесе, бекітілмейді. Сондықтан жеке меншік иелерінің өз иелігіндегі нысанға атау беруге келгендегі талабы мен талғамы өз құзырынан шешіліп жатады да, нысанды үй иесі немесе туыстық қатынас белгілері жағынан (әке-шешесі, жары, ұл-қызы, немересі, т.б. сияқты) атайды. Бұл – тілдік-әлеуметтік аспект тұрғысынан саралай зерттейтін түйткілді мәселелердің бірі, себебі ол қала имиджінің қалыптасып дамуына өз әсерін тигізетін құрылымды бөлік болып табылады.



5 сурет – (5 сауал) Астана қаласындағы эргонимдерді (ұйымдар мен кәсіпорындар атаулары) өздерінің қызмет бабына сәйкес келеді деп ойлайсыз ба?

«Астана қаласындағы эргонимдерді (ұйымдар мен кәсіпорындар атаулары) өздерінің қызмет бабына сәйкес келеді деп ойлайсыз ба?» деген сұрақты (5-сауал) алдыңғы сұрақтың логикалық жалғасы деуге де болады. Онда дүкен, мейрамхана, асхана секілді тағамхана атауларының меншік иесінің есімімен қойылғанын көптеген сауалнамашылар қажет деп таппайды, яғни қызмет бабына сай атаулар емес дегенді көрсеткен еді. Ал аталмыш сұрақ бойынша «ия, негізінен алғанда, сәйкес келеді» деп 57 респондент (26 %), «көбінесе сәйкес келмейді» деп 47 респондент (22 %), «жоқ, сәйкес келмейді» деп 4 респондент (2 %), «жауап беруге қиналамын» деп 100 респондент (46 %), «басқа (ойланбаппын, білмеймін, айта алмаймын, қажеті бар ма? деп жауап бергендер)» деп 11 респондент (5 %) пікірлерін білдірген. Мұнда эргонимдерді өз қызмет аясына сай қойылған деп табатын топтың көбісі 21-30, 31-40, 41-50 жас аралағындағы жұмыскерлер болса, ал орта буын мен жоғары буын өкілдері (41-50 және 50-ден жоғары жастағылар) көбінесе сәйкес келмей жататындығын, бұл жайт оларды қынжылтатындарын, шет тілдік эргонимдердің басым болып кеткендігін жеткізді. Ал мектеп оқушылары мен студенттердің біраз бөлігінің жауаптары, «әрине, сәйкес келеді» деген нұсқаны көрсетсе, көбісінің ой-пікірлері «жауап беруге қиналамын», «ойланып көрмеппін» дегенге саяды.



6 сурет – (6 сауал) Эргонимдерге атау беруге көңіл аударудың маңызы бар деп ойлайсыз ба?

Диаграммадан көрсетілгендей, «Эргонимдерге атау беруге көңіл аударудың маңызы бар деп ойлайсыз ба?» деген сауалға 70 пайыздан астам респондент оң (позитивті) жауап берген. Оның ішінде 41 %-ы (89 адам) маңызды деп тапса, 31 %-ы (68 адам) өте маңызды деп көрсетеді. Және бұл ұстанымды қолдайтындар әлеуметтік топтың қай-қайсысынан болса да өзінің қолдауын тапты. Ал зейнет жасына жақындағандар мен зейнеткерлердің кейбірі (14 адам, 6,4 %) эргонимдерге ат қоюдың қоғам дамуы үшін, қоғам қажеттілігі үшін «аса маңызды емес» деп табады. Әлеуметтік сауалнаманы толтыру кезінде өздеріне түрлі сұрақтар қойып, ой жетегінде қалғандардың арасында жастар жағы басым болды. Сондықтан бұл категория, көбінесе, жауап беруге қиналатындықтарын танытты. Ал «басқа» деген нұсқаны белгілеген 8 респондент (4 %) аталмыш сұраққа жауап беруден бас тартты.



7 *сурет – (7 сауал) Эргонимдердің (дүкен, кәсіпорын, мекеме атауларының) нақты бір түсінік (ассоциация) туғызғаны қажет деп ойлайсыз ба?*

«Эргонимдердің (дүкен, кәсіпорын, мекеме атауларының) нақты бір түсінік (ассоциация) туғызғаны қажет деп ойлайсыз ба?» деп аталатын келесі сауалға жауап берушілердің 44 %-ы (96 респондент) «ия» деп, 4 %-ы (8 респондент) «жоқ» деп, 17,9 %-ы (39 респондент) «міндетті емес» деп, 30,7 %-ы (67 респондент) «жауап беруге қиналамын» деп көрсетсе, ал қалған 4 %-ы (8 респондент) «басқа» деген нұсқаны белгіледі.

Диаграммадан көрінетіндей, респонденттердің басым бөлігі (44 %-ы) Астана қаласының тілдік кеңістігіндегі эргонимдердің нақты ассоциация тудырғанын дұрыс деп санайды. Жалпы алып қарағанда, қала ішілік кез келген нысан атауларының қоршаған ортамен, әлемнің ұлттық бейнесімен сабақтаса өріліп жатуы тиіс екендігін осы жауаптар қатары дәлелдей түседі деуге болады. Өзін қоршаған ортадан тыс, қоғамнан тыс тілдік жүйенің нормалануы бұзылатындығы ашыла түскендей. Бұл жайт лингвистика ілімі тарихындағы «қоғамсыз тіл жоқ, тілсіз қоғам жоқ» деген қағидаттың шынайылығын тағы да бір айғақтайды.



8 сурет – (8 сауал) Керуен, Айым, Әсем, Салтанат, Берлиоз, Милана, Золотая чаша, Гранд, Forever, Arai, Jevelleri, Avanti секілді сауда кешендері мен дүкендердің атаулары қандай да бір түсінік (ассоциация) тудырады ма?

8-сауал «Керуен, Айым, Әсем, Салтанат, Берлиоз, Милана, Золотая чаша, Гранд, Forever, Arai, Jevelleri, Avanti секілді сауда кешендері мен дүкендердің атаулары қандай да бір түсінік (ассоциация) тудырады ма?» деп аталды. Берілген сұраққа қала тұрғындары әр қилы жауап берді. Атап айтқанда, 85 респондент (39 %-ы) «кейбіреулері ешқандай да ассоциация туғызбайды» деп жауап берсе, 71 респондент (33 %-ы) «кейбіреулері белгілі бір түсінік береді» деген нұсқаны көрсеткен. Яғни, Елордамыздағы эргонимдер жүйесінің беретін тілдік мәнінің белгілі бір түсінік тудыратыны/тудырмайтыны жөнінде тұрғындар пікірі екіге бөлінді. Бұл ретте алға шығатын мәселе – қоғам мүшелерінің аялық білімдерінің әртүрлілігі. Жарты бөлігі қала ішілік нысан атауларының мән-мағынасын ажыратуда аялық білімдерінің бар екендігін танытса, ал енді бір бөлігінің аялық білімінде атауларды қабылдауда ол жөнінде белгілі бір түсініктің қалыптанбағандығын көруге болады. Аталмыш сұрақтың жауап нәтижесі белгілі бір қала ішілік нысанға ат қоюда номинатор жергілікті халықтың, жалпы көпшіліктің аялық білімдерін ескеріп отырғаны жөн екендігін тағы да көрсетіп берді.

Сонымен, Астана қаласының тілдік кеңістігіндегі эргоурбанонимдерді тілдік-әлеуметтік жағынан қарастырғанда мынадай мәселелердің күн тәртібінде талқыланып, өз шешімін табуы маңызды деп танимыз:

– Қазақстан Республикасындағы Тіл саясатының ұлттық ономастикон жүйесіндегі рөлін саралау, сол арқылы қазақ ономастикалық кеңістігінің түйткілді мәселелерін алға тарту;

– қазақ эргоурбанонимия жүйесінің құқықтық-нормативтік жүйесін жақсарту жолдарын талдау, оған қатысты жұмыстарды құқықтық-нормативтік құжаттардың аясында жүзеге асыруды және оны қоғам дамуымен бірге үнемі жетілдіріліп отыруды дамыту, яғни, құқықтық-нормативтік құжаттардың ел өміріндегі «кеше – бүгін – ертең» пәлсапалық үштіктің маңыздылығына сай әзірленуіне түрткі болу;

– Қазақстан ономастикасының салалары мен мемлекеттік, жекеменшік нысандарға атау беру сынды өзекті мәселелер қатарын жүйелеу;

– атау беру және қайта атау тағы үдерістерін әлеуметтік-лингвистикалық зерттеулер кешені тұрғысынан жүргізуді нығайту;

– Қазақ ономастикасын филология ғылымы бағытында, әсіресе, лингвоелтану, лингвоқалатану, лингвоэкология салалары тұрғысынан қарастыруды ғылыми-практикалық жағынан дамыту, бұл мәселелердің елдегі тіл саясаты мен тілдік жоспарлау кезеңдерін іске асыру міндеттеріне сай жүргізілуін басшылыққа алу;

– атау беру саясатының ономастикалық кеңістіктің шеткері (периферия) өзектерінде (эргоурбанонимия) жүргізілу принциптерін: құрылымын, номинациялану, реноминациялану жүйесін зерттеп, одан туындаған түйткілді мәселелерді құзырлы орындарға ұсыну.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында тәжірибенің жинақталуына байланысты сауатты жоспарлана отырып жүргізілген тілдік саясат мемлекеттік саясатты да, ұлттық саясатты да жүргізуде маңызды рөл атқаратыны белгілі болып отыр. Мемлекеттің өмір сүруімен бірге атау беру саясатының күрделі жүйесі де қатар жүріп келеді. Жүргізіліп отырған тілдік саясатқа байланысты мәселені құқықтық реттеуді орталықтандыру дәл осы жолмен жүзеге асырылуы тиіс.

Әдебиеттер:

1. Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. – М: Наука, 1973. – 367 с.

2. Крюкова И.В. Рекламное имя: от изобретения до прецедентности / Автореферат диссертации на соискание ученой степени докт. филол. наук. – Волгоград, 2004. – 44 с.

3. Емельянова А.М. Эргонимы в лингвистическом ландшафте полиэтнического города: на примере названий деловых, коммерческих, культурных, спортивных объектов г. Уфы. / Дисс. ...канд. филол. наук: 10.02.19. – Уфа, 2007. – 170 с.

4. Мезенко А.М. Белорусская ономастика. *Топонимия. – Минск: Элайда, 2012. – 260 с.*

***

Коныратбаева Ж.М., Ахметова М.К.

Эргоурбанонимия Астаны: языковые и правовые аспекты наименования объектов

Исследование урбанонимической системы связано с ежедневным развитием городского пространства, расширением местности, появлением новых объектов и зданий, введением новых названий в ономастическую карту города. В данной статье рассматривается эргоурбанонимическая система города Астана как политический, экономический и культурный центр Казахстана.

Ключевые слова: Ономастическое пространство, язык города, эргоурбонимия, номинативные принципы, имидж города, внутригородские объекты, языковое простраство, периферия.

Konuratbayeva Zh.M., Akhmetova M.K.

Astana Ergo-urbonymy: Linguistic and legislative aspects of naming

The necessity of continuous study of a great urbanonymic system is connected to a city's everyday development, expansion of its territory, introduction of new names of new buildings of a city into the onomastic map. This article aims to consider the ergo-urbonymic system of Astana city, which became political-economic, cultural-informative center, from the point of linguistic-social side.

Key words: onomastic space, city language, ergo-urbonymy, principles of naming, city image, intercity facilities, linguistic space, periphery.

***

ӘОЖ 821.512.122 – 1.0

Бегманова Б.С. – ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Сұлтанова Б. М. – ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Тойғанбекова М. Ш. – аға оқытушы, Әл -Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті
E-mail: *bibigul-sultanova@mail.ru*

ИРАНБЕК ОРАЗБАЕВ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Аңдатпа. *Шығармашылығы әдебиетшілер мен сыншылардың назарын аударған И.Оразбаев – талантты ақындардың бірі. Бай жанрлық-стильдік бояуларының ғралуандығымен сипатталатын И.Оразбаев поэзиясы әдебиетшілердің зерттеу нысанына айнала білген ақындардың қатарында. Біз зерттеу барысында И.Оразбаевтың поэтикалық шығармашылығында әлем және адам концепциясының негізгі кілті болып табылатын жастық шақ, тың, махаббат тақырыптары маңызды екеніне көз жеткіздік.*

Тірек сөздер: *Образ, поэзия, лирика, жанр, стиль, жанрлық-стилдік палитра, талдаулар, әдебиетшілер, сыншылар, өлеңдер циклы.*

Заманалар керуені үздіксіз. Осынау керуен көшіндегі әрбір жеке Адам, мейлі ол қай деңгейдегі қайраткер болсын, қай кезеңде өмір сүріп, қандай көзқарас пиғылда болсын, оның бүкіл болмысы не біржола жақсы, не тұтастай жаман деп біржақты бағаланбауға тиіс. Бұл адамзат баласының дамуындағы мәңгілік қозғалыстан туған ғибратты тәжірибе. Тоқтаусыз алға басқан заман көшінің бірінен біріне ауысар, жалғасын табар асыл мұралары мен өркенді өсиет-өнегелері шексіз. Дегенмен, осынау үздіксіз көштің арагідік болса да арасы алшақтап, сәні бұзылатын, тіпті кей тұста үзіліп те қалатын кездері жоқ емес. Бірақ ұзақ жол, мәңгілік қозғалыс барысындағы ақиқатты ту еткен күрес осы бір бұзылған жерді қалпына келтіріп, үзілгенді жалғап отыратыны тағы да шындық.

Қазіргі қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан Иранбек Оразбаев шығармалары тақырыптық, жанрлық жағынан сан қырлы.

Өмірдің шуақты жағын жырлау Иранбек Оразбаевтың «Жүрек жырлайды» кітабынан сіңген дәстүр. Өмірге құштар ақынның жүрегінде торығу, мұңаю нышаны байқала бермейді. Көктем, жаз мезгілдерін – адам өмірінің басынан өтетін ірі-ірі кезеңдердің, символдың бейнесі ретінде алғанымен, ақын өлеңдерінде өмірге деген жылылық басым.

И.Оразбаевтың «Түннің көзі» өлеңдер жинағы жарық көрген уақыт Арал теңізінің су экологиясына ұшыраған кезең еді. Сыр бойын жайлаған халықтың табиғат экологиясы зардаптарын айқын сезініп, тұз жұту тақсіретіне кезігуі де осы Арал теңізінің тартылуына байланысты болатын. Бірақ ақынның Сырдария туралы өлеңіндегі Сырдария өзені сол баяғы сұлу қалпында бейнеленеді. Бұл қанша тақсірет көрсе де табиғат сарандығына мойымай келе жатқан халықтың қайсар мінезінің символы. Өз болмысына өзі ие бола білген аққөңіл, ақжарқын қазақ халқының болмысы бәз баяғы қалпынан өзгере қоймаған қалпы табиғатты өзгертудегі қуат күштің иесі.

Атам Қазақ мұңы бар келбетінде,
Қайымсың жаңалықты тербетуге.
Менен басым бір Ақын туар, бәлкім,
Сенен Ұлы Өзен жоқ Жер Бетінде

Сенен ұлы Өзен жоқ, Сырым – анам,
Ұлылықтың белгілі сыры Маған.

Тірліктің кепкен Күретамырындай
Сенсіз Дала Жүрегі жылымаған.

Бөгетіңмен Ұлысың, ГЭС - іңменен,
Ұлылықтың өзіңнен несін бөлем.
Бола алмайды үміткер Ұлылықтан
Көндікпеген, көрмеген, кесілмеген...

«Түннің көзі» аталатын жинақ тақырыбы жағынан да өте ауқымды.

И.Оразбаев өзіне дейінгі қазақ поэзиясында көркем өрнектелген жазықтық пен биіктік, тереңдік жайындағы ұғымдарды дәстүрлі түрде дамытқан. Ақынның осындай шеберлігін Б.Сарбалаев былай сипаттайды: «Иранбек Оразбаев өлеңдеріне тән негізгі көркемдік ерекшелік – парасаттылық. Қамшы өріміндей жымдасқан орайлы ой мен ыстық сезім, пайымды философия мен бай бедерлілік – парасаттылық осылардың түзілімінен бой түзесе керек. Ақын бүгін мен болашақтың тағдырына алаң. Өткеннің өзегінен қазіргімізге әр, келешектің келбетінен қазірімізге нәр іздейді. Ақынның зейіндері - кешесіз бүгін, бүгінсіз ертең жоқ. Өмір де, өнер де күрделі» [1, 87 б.].

Өткен мен бүгінді, бүгін мен келешекті байланыстыру қай қаламгердің де назарынан тыс қалмайтын нәрсе. Бірақ соны өрнекті жырмен көркем бейнеге айналдырып жырлау барлық ақынның қолынан келе бермейді. Ал Иранбек Оразбаев осы үш уақытты, яғни өткенді тарихтан айтпайды, бүгінді құрғақ мадақтамайды, келешек туралы сәуегейлеп, көсемдікке салынбайды. Мұның барлығы оның өлеңдерінде тұтас болмысымен көрінеді.

«Түннің көзі» кітабында ақын халықтың тілі мен халықтық тағылымдарды тығыз ұштастырып, суретті сөз жасайды. Оның төмендегі өлеңдері сыртқы сұлулық пен ішкі тереңдіктен өзара үндестікпен құралған, өлеңдерде адам, болмыс ұғымдары туралы ақынның кесек-кесек ойлары сұлу өрнекпен берілген. Өлеңдер адам жүрегіне шуақты сезім құяды, өмір - болмысты, адам – болмысты жаңа қырынан танытуымен нәрлі, әрі ажарлы.

...Қойдың сүті сүттен бөлек,
Нағыз май,
Шайға құйсаң созылар сағыздай,
Бүрі кеткен бүйендердің шелі боп
Шым батады жынын жылмай ағызбай

Ешкімнің ескертпесін елең көрмей,
Ырқына, ымырасына өлең көнбей,
Сол қолын әлсін-әлсін созар алға
Кең пішіп, кенен толғап кемеңгердей

...Сонда, мен, бәлки, еске оралармын,
Орнын тырнап жазылмас жаралардың.
Бейуақта батқан Күнсің
Ай – сырғаңды,
Шетіне байлап бұлт – орамалдың

Шоғырландырып (циклді) өлең жазу әлем халықтары әдебиетінің барлығында кездеседі. Циклді өлеңдердің шеберлері қазақ поэзиясында да аз емес. Өлеңді осындай тәсілмен жазу ХХ ғасырдың 70-80-ші жылдарында да үрдіске енді. Бұл үрдісті әрі қарай қарқынды түрде дамытқан Ә.Тәжібаев, Ғ.Қайырбеков, Х.Ерғалиев, Ж.Молдағалиев, Т.Молдағалиев, С.Жиенбаев, С.Мәуленов, Қ.Мырзалиев, тағы басқалар. Көбіне аға буын ақындар әлемнің әр түрлі елдеріне сапар шеккенде, болмаса белгілі бір тақырыпты таңдап алып циклді өлеңдер жазатын. Жас буын

немесе орта буын ақындар поэзиясында мұндай үрдіс кездесе бермейді. Бірақ жетпісінші жылдарда поэзияға келген ақындар арасында да циклді өлеңдер жазу кейбір ақындар шығармашылығында кездесе бастады.

«Түннің көзі» өлеңдер жинағында ақынның циклді өлеңдері «Адыгей дәптерінен», «Махаббат дәптерінен» деген тақырыптармен берілген. Бұл топтамаларда да отты шумақтар мен шырайлы жолдар жеткілікті. Ақын поэзиясындағы тұтастанудың тағы бір сыры осы топтамаларда жатса керек.

«70-80 жылдардағы қазақ лирикасына тән бір жетістік: шығармада өмір құбылыстарының бәрін тізбектей түсіндіріп, баян етуден аулақ болу, суреттің негізгілерін екшеп, қажет детальдарды іріктей білу белең алғаны дер едік» [2, 78 б.] деп келтірілген үзінді И. Оразбаевтың өлеңдеріне берілген баға іспеттес. Ақын өлеңдеріндегі лирикалық қаһарман негізінен күрескер қаһарман.

«Түннің көзі» кітабы И.Оразбаев поэзиясының шеберлікке қадам басу жолындағы шығармашылық даму эволюциясын айқындайтын аралық жинақ десек болады. Бұл сөзімізді кітаптағы әр түрлі пафоста жазылған өлеңдердің өзі де дәлелдейді. Мына өлеңдегі пафос ақынның «Түннің көзінен» кейін жарық көрген өлең жинақтарының басты пафосы болып табылады. ...Сен – ердің құлан торысы,

Мен – елдің бұлақ еркесі.
Тұлпар тұяғының борышы –
Бақыттан озу -
Серт осы!

Сен – ердің құлан торысы,
Мен – елдің бұлақ еркесі.
Ақын қаламының борышы –
Уақыттан озу! –
Серт осы!

Біз осы екі өлеңді қатар алып қарасақ, біріне бірі қарама қарсы тұрған даму эволюциясында бірінен бірі сырын ішке бүгіп қасарысуға бой алдырса, екіншісі соны мәңгілік жасыруға лирикалық қаһарманның әлінің жетпегендігін айқындайды. Сондықтан екі өлең де ақын поэзиясындағы ірі жетістіктің белгісі. Бірі ақынның ет пен сүйектен жаралған пенделік мінезіне сайып айтылған болса, екіншісі сол пенденің жай пенде емес, ақындық жаратылыстағы пенде екендігін айғақтайды. Бірінсіз бірі жоқ.

Иранбек Оразбаевтың көп мақтауға ие болған жинақтары «Дүниежарық», «Сұлулық сарасы», «Батқан кеменің бейбақтары», тағы басқа.

Бұл шығармаларында ақын қадым заманнан келе жатқан өмірлік мәселелерді шығарманың арқауы еткен. «Адам баласының аш көздігі, қалауы еш таусылмайтындығы туралы сонау Аристотель заманынан, тіпті адам баласы жаралғалы келе жатқандығын ұлы ойшылдарымыз айтып өтті, әлі де айта бермек» [3, 78 б.]. Осындай адамзаттық мәселелер ақын шығармашылығының негізгі өзегі.

«Дүниежарық» кітабын белгілі ақындар Қанипа Бұғыбаева, Ұлықбек Есдәулетовтер жоғары бағалады.

Жыр жинағындағы «Дүниежарық» өлеңінің өзі «Түннің көзі» кітабындағы «Серт осы» өлеңінің заңды жалғасы іспеттес. Расында да «Дүниежарық» кітабы жайындағы салиқалы пікірлер аз «айтылған жоқ». Солардың барлығында әуелі «Дүниежарық» өлеңіне талдау жасалынады. Бұл өлең ақын лирикасындағы ең шоқтығы биік өлеңнің бірі.

Дүниежарық,
Дін аман бол!
Дін аман!

Дін аманда тұғырымнан құламан.
Аспан мен Жер қырқыспаса болғаны,

Болмысы жат бақ та, сор да сұраман!...
...Дүниежарық,
Дін аман бол!
Дін аман!

Ақын күллі әлемнің жарастығын, жер шарының тыныштығы мен бейбіт өмірін мәңгілік сақтап қалуға жан жүрегімен құлшынулы. Жер бетін қойып, ғарыш төрінде де адам баласы алаң боларлық сұмдықтарға жол ашуға тырбанып жатқан әлдекімдердің бүкіл адамзат атаулыға қарсы пасық пиғылын айран-асыр етуге тырысқан бұл өлеңде кең тынысты ой бар екендігін жасыра алмаймыз. Немесе:

Қайда сіңіп барасың, күнім менің,
Атарында ағарып білінбедің,
Батарыңда басылған шоқтай болып,
Жүрегімді жазықсыз тілімдедің.

Ұйып түскен қып-қызыл қан ба, уақыт:
Батар болсаң- әу баста нең бар атып?!
Қоя салсаң риза ем ғой есімді алмай,
Ес білмейтін күйімде іңгәлатып!...

Көзі қарақты жыр сүйер қауым осы өлең жолдарынан терең сыр ұғатындығы сөзсіз.

Қалай дегенде де «Дүниежарық» кітабынан бастап И.Оразбаев лирикалық өлеңдер арқылы философиялық ой тудырып, жаңа үрдісті қалыптастыра бастады. Бұны Қанипа Бұғыбаеваның «Мен Иранбекті философиялық ой айтатын лирик ақын деп білемін» [4, 118 б.] деген сөзі қуаттайды.

Сонымен бірге Қанипа Бұғыбаева Иранбектің өлеңдерін зерттеудің өзіндік қиындығы жөнінде де өз пікірін білдіріп өткен. Ол И.Оразбаевтың қысқа өлеңдерін оқудың өзінен, сай тасындай ойларын зерттеп білу үшін салқын ақыл,_ыстық жүрек, сәулелі сезім сынығындай саңлаулы сана керек екендігін айта келіп: «ішіне енуге бата алмайсың» [5, 69 б.] деп қорытады.

Иранбектің «Түннің көзі» жинағымен өзінің ақындық орбитасына шыққанын айттық. Кітаптағы алғашқы өлеңнің өзінен-ақ буырқанған шабыттың сезімді иірімі батыл да шыншыл кестелі ойды, қарапайым да ұғыныңқы жырлары арқылы автордың өзіндік қолтаңбасы байқалады.

Жаным – жайсаң,
Жанарымда – жаз маусым,
Туған жердің таң самалы – қозғаушым,
Қазақи аспан құндағынан құйылып,
Қобыздайын қоңырласын қаз даусым,

деп басталған алғашқы өлеңінен бастап кітаптың соңғы бетіне дейін қоңырлаған қаз дауыс құлағыңызға келіп тұрады.

Жинақта автордың цикл топтамаларынан көп орын берілді де тартымдылық туғызды. Ол топтамалар: «Жастық жыры», «Тыңнан туған тың», «Түннің көзі», «Махаббат котангенсі», «Он үш» деп аталады. Бұлар жасампаз жастық жайлы, күні кеше ғана дүниені дүр сілкіндірген тың туралы, мазасыз махаббат жайлы толғаныстардан тұрады. Ақын өлеңдері өзгелерді қайталамайды, түр, өлең техникасы жағынан да өзіндік өзгерістерге толы.

Ақын «Түннің көзі» жинағында негізгі жүкті «Түннің көзі» циклі мен «Махаббат котангенсі» цикл элегиясын арқалатқан.Түн уақыт мезгілі ретінде емес, күрделі ұғым мағынасында берілген, мұнда күндей тұңғиық терең махаббат та, қалтарысы көп ғажап өмір де, жігеріңді жанитын өршіл наз да, жұлдызды аспанды армансыз қызықтаған сонау бір жастық шағындай сыршыл саз да – бәрі, бәрі бар. Біресе терең сыр еседі, біресе нәзік мұң еседі. Жылы да жарқын аяушылық сезім бар, әсірекызылдан ада. Жастай жесір қалған аяулы жанның жабырқау жүзін де, сезім шертісін де, күйініш-сүйінішін де, бар болмысын да бейнелеп, оның толық суретін сызған.

«Түннің көзі» жинағында жастықтың қайталанбас кезеңі жайлы небір тамаша өлеңдер бар. Образ бен ойға құрылған бұл өлеңдер құмарыңды қандырып, қиялыңды шарықтатады.

Ажалың – ғайып,
Дидарың – ғайып,
Дәм – ғайып,
Ғайыптың ісі – артпайық алғы таңға айып.
Қасіретіңнің кермек тамшысыменен тұтанған,
Махаббатымыз – ғайып,
Майып қып соны алмайық!

Бұл тек сөз қадірін түсінген, ана тілінің мол қайнарынан қанып сусындаған, оның қыры мен сырын жастайынан жетік меңгерген талант толғауы деп бағалауымызға болады.

Сонымен қатар ақынның «Дүниежарық» өлеңдер жинағы оның айтары көп, тау өзеніндей сарқырап, күркіреп ағатын үні де, тынысы да ерен, өзіндік қолтаңбасы бар екендігін танытты. «Дүниежарық» арқылы Иранбек өз тұрғыластарынан озып кеткендігін дәлелдеді. Осы жинақта да ол айналада болып жатқан бүкіл болмыс бітімді өзінше ойлап өлең жолдарына өзек етті. Өмір қуанышына балаша мәз бола, сәтсіздігі мен өкінішті жақтарына жүрегі ауырып, жаны байыз таппайды. Рахатынан гөрі азабы жиі мазалайды. Оның өлеңдерінде жер тағдыры, ел тағдыры мәселелері үнемі сөз етіліп жүрсе, осы кітапта да бұған арналған өлеңдер аз емес.

Жаса мәңгі,
О, жұмыр Жер – Жыр-Ана!
Мен жылайын!...
Сен жылама!
Жылама!-
Қасіретіңді қанымменен жуайын,
Айналайын көні кепкен жыраңа –
Жаса мәңгі,
О, жұмыр Жер – Жыр-Ана!, -

дейді ақын. И.Оразбаевтың терең ой-толғамға, ізгілік парасатқа орай жазатындығы осы өлеңнен де сезіледі. Ақынның жетістігі - өтірік өсекке құмар еместігі, жалғандыққа жаны қас екендігі. Оны:

Күнде осылай күлімдеп күн шықса екен,
Түн қуыс кеуделер де тұншықса екен.
Құлақ кесті құл етіп,
Ақ найзасын
Ақиқат жалғандыққа шын сұқса екен

деген өлең жолдарынан білеміз.

И.Оразбаев «Дүниежарық» жинағында цикл өлеңдерге орын берген. Жинаққа «Ақын ағаға жазған хаттардан» деген өлеңдер циклі енген. Осы топтамасында ақын оқырмандарға өмірдің өткінші екендігін тағы да терең сезіндіреді. Жарық сәулені қадір қасиетте терең бойлау жұмыр жерде өмір сүріп жатқан әрбір пенденің парызы екендігін ұқтырады. «Дүниежарық» кітабына «Көңілдің бибі иесі», «Көзсіз күю, ессіз сүю» тәрізді махаббат тақырыбындағы топтама өлеңдері де енген. Бұл топтамалар жинақтағы өмірдің сан қилы жақтарына барлау жасайтын басқа да лирикалық өлеңдер мазмұнын толықтыра түседі.

Ақындардың барлығы да махаббатты жырлап келеді. Әйтсе де махаббатты әр ақын өзінше сүйеді. Иранбектің де махаббатты сүюі өзгеше. Күйдім-сүйдімнің құлына айналмай асқақ азаматтық сезімге өртеніп кете жаздап сүйеді. Осы себепті де оның осы тақырыптағы өлеңдерінде салт-санамызға тән сыпайлық мінез байқалып отырады. Ақынның сүйіспеншілік жырларының бірер жолы мынадай:

Сенсіз дертке ем қонуы - өтірік.
Төрт құбылам тең болуы - өтірік.
«Жаным» деген жылы сөзі түстіктен
Соққан желге «жеткіз» деймін өтініп.

Осы жолдарда іңкәр жүректің ынтығы мен ықыласы сұлу өрнектермен өріліп тұр.

Жалпы алғанда, Иранбекті осы «Дүниежарық» кітабы дүниеге танытты десек қателеспейміз. Поэзия әлеміне кештеу келгенімен оны әріптестері, замандастары ақын ретінде ерте мойындаған. Бұл жайында белгілі ақын Қайырбек Асанов былай дейді: «Сыр бойының топырағында туып, оның киелі жерінен нәр алып өскен ақынның бұдан жиырма бес жыл бұрын жазған балауса өлеңдерімен де таныспын. Сол кездің өзінде-ақ қатар жазып жүрген біздерден оның поэзиясы оқ бойы озық болатын. Сол кезде-ақ оның үні жігерлі, өлеңі өршіл еді. Ал, бүгіндері көңіл көкжиегі кеңейіп орныққан ақынның, замандасымның творчествосына мына біздер қуаныштымыз» [5]. Тап осындай мойындау пікірін белгілі ақын Серік Тұрғынбекұлы да кезінде ақ жүректен ақтарыла жазды. Оның: «Бұл күнде ел ағасы жасының есебіне еркін еніп, ақ табалдырығынан именбей аттаған ақын Иран-Ғайыпты өз оқырмандары «ақ кигізге орап хан» көтергені қа-ша-ан! Иран-Ғайып сол «билігінен» де, сол биігінен де бір сәт төмендеуге тиіс емес. Өйткені ол, әдебиетке әуел бастан-ақ қолына қалам ұстаған өлеңшілердің бірі емес, сол кездің өзінде-ақ өзгеден оқшау мінезімен қияңқылық танытып, қолына қара мылтық ұстай келді. Бәлкім сол кездегі игі қадамдарына ілтипат ете қоймағанымыз да рас шығар. Содан да болар, ол көбінесе әдеби ортадан аулақ, қалың қаламдастарына қол ұсынып, құшақ ашып, қоңсы қонбай, талай жыл шет жүріп, қиыр жайлады» [6] деп жазуында көп шындық бар.

Айтса айтқандай И.Оразбаев мамандығының кенші болғанынан ба, боздалада туып өскендіктен бе өзінің өлеңдеріне ботадай боздап, інгендей ыңыранды. Бірақ ол ұшарын – жел, қонарын – сай білетін, қай жақтан дауыл тұрса, соның ығымен далбақтап шаба беретін ақын емес. Ол боз даладан дырду думаны көп той іздеген жоқ, терген-жиғаны көп, білген-түйгені көп ой іздеді. Тағдыры – тас емен, өмір-тірек басқа не салса да мойымай көтеретін, қарсы дауылға қасарысып өскен ақын ой соңында – қой соңында жүрген қойшыдай салпақтап жүріп алмай, бір сәт даладан қалаға қарай қанат қақты.

Партияны, күн көсемді жырлап, ұран салған ақындардың легі кешегі тәуелсіздік дәуіріне дейін жалғасты. Сол қалың дүрмектің қалың ортасында өскен ақынның олардан сырт кетуі де оңай тірлік емес еді. Оның «Секретарьмен сырласқанда» деп Брежнев жайында публицистикалық дастан жазып тастауы да осының салдары еді. Тақырыбы таптық сарында айқайлап, ұран салып тұрғанмен Иранбек осы дастанының өзінде құрғақ ұранның жетегінде кетпегенін астарлы ойы тереңдігімен ақиқат сырын айқара ашып беруімен ерекшеленеді.

Иранбек поэзия есігін айқара ашқан жетпісінші жылдар – Сыр бойы табиғаты Арал теңізінің тартылуынан азап шеге бастаған. Міне, осы уақытта Иранбек «Теңіз қашып барады» дейтін өлеңін жазды. Оның осы өлеңі әрбір пенденің төбе шашын тік тұрғызып, жанын тебіреніске салды. Жан біткеннің жүрегін жаралаған экология – нәубет Иранбектің де жанына тыным бермей, ақындық, перзенттік парызын орындауға әрекет еткізді. Бірақ ақынның бұл әрекетін сыншылардың көпшілігі алдын ала даурығу, байбалам салу деп түсінді.

1989 жылы 25-27 апрель күндері Қазақстан Жазушылар одағының мәжіліс залында жас ақын-жазушылар республикалық кеңесі болып өтті. Сол кездегі Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының 2-ші секретары Сайын Мұратбеков: «Осыдан дәл 10 жыл бұрын, И.Оразбаевтың Арал трагедиясына арналған «Теңіз қашып барады» атты поэмасында су тартылып, тұз көбейгеннің салдарынан пайда болған кесел-аурулар туралы тұстарын, өткір-өткір шумақтарын редакция, баспа басшыларының нұсқауымен өз қолыммен қысқартқанымды мойындағым келеді. Бақытжан Қанапияновтың поэмасы секілді И.Оразбаевтың поэмасы да қазіргі күннің

кеңшілігіне, әділетті көзқарасына орай толықтырылып, қайта басылып шықса деймін» [7] деген пікірін айтып өткен болатын.

Уақыт өте келе Арал тағдыры мәселесіне қазақ зиялыларының бәрі араласа бастады. Бірақ олардың барлығынан гөрі Иранбек Оразбаевтың өз өлеңдеріндегі шағаладай шарқ ұрған даусы айқын естіліп тұрды:

Ерін ұмыт қылғандай,
Елін де ұмыт,
Оралмасқа мәңгілік белін буып,
Қан аралас көзінен сорасы ағып -
Өмір қашып келеді,
Өлім қуып!

Ғаламатты көрсетіп,
Ғазабатты,
Қорлап,
Жерге қаратып азаматты –
Зорлық қуып келеді, қаба сақал
Халық қашып барады Қазақ атты!

Ақын «Қазақ қашып барады» деген бір жолмен халқымыздың ақыл, сана, салт дәстүрден, діл мен діннен ажырап бара жатқанын астарлап жеткізген.

«Дүниежарық» кітабындағы оқырман санасын тереңдетіп қоятын өлеңнің бірі «Нан».

Мен табынар заман аты – Нан,
Мен сиынар Адам аты – Нан.
Таңы бейбіт атқан беймаз Бүгіннің
Ертеңіне аманаты – Нан.

Осы өлең тіршіліктің гимні сияқты. Нанның құдіретін жырламаған ақын жоқ. Бірақ сол наннан философиялық терең ой туындату екінің бірінің қолынан келе бермейді. Аталған өлең Иранбектің азаматтық тұғырын, әлеуметтік міндетін айқындап тұр.

«Дүниежарық» кітабы осы тақырыппен аттас өлеңнен бастап соңына дейін тіршілік туралы кең тынысты, кемел толғау болып шыққан. Ой тереңдігі өлеңнен өлеңге ауысып, оқырманды нәрлендіре береді. Алғашқы шыққан биіктен төмендемеу талантты ақындарға ғана тән нәрсе. Сондықтан өлеңдер жинағындағы өлеңдердің ешқайсысы «Дүниежарық» өлеңінен кем емес, мұнда алалап айтатын өлең кездеспейді. Кітаптағы өлеңдер тың теңеулерге толы.

Бұтақтағы соңғы жапырақтай боп,
Жел өтінде қалтырайды жүрегім...
Дүниенің жанарында от жарқылдап...
Бейопа дүние қашанда бой жасайды.
Байыдым батар күндейін...
Уақыт шебер қолындағы
Шыр айналған ұршықпын...
Сайда диірмен айналар
Көзден аққан жасыма...

Айта берсек мұндай көз жауын алатын теңеулерді бұдан да көп кездестіруге болады. «Дүниежарық» өлеңіндегі құндылық – ой тереңдігі. Ақынның қай өлеңін алсақ та кенеулі ойға кезігеміз.

Саулығына сұрайтындай сүйінші
Жылға біткен сай-салаға жүгірді...

Қысыр сөз қызыл тойып бұғалықтап,
Тәуекел дариясын бөгердейін...

...Қысырдың тайы сияқты
Құрықтан қашқан дүние!

Осы жолдар қаладан даланың суретін елестетеді.

Иранбек ақпа-төкпе ойдың ақыны. Ой тереңіне шомдыру таланттылықтың белгісі. Қай ақын халыққа керекті ой айтты, ол ойды қандай жағдайда айтты, қалай айтты дегенде кара кылды как жарар уакыт таразына салмактап саралап, ак-карасын анықтап берері сөзсіз. Сол кезде Иранбек жазған мынау өлең жолдары суырылып шығары сөзсіз:

Қалам тартқан қазақтың бәрі мықты
Майрылдым мықтылармен күресем деп.

Осы өлең жолдарын сыртқы түрімен қабылдасақ ұтыларымыз хақ. Ақынның жанын жегідей жеп отырған нәрсе – ақындардың барлығы өздерін мықты санайтындығы. Осы тұста ұлы Абайдың «бас басына би болған өңкей қиқымы» ойға оралады.

Отан деген ұлы ұғым туралы да Иранбек әріптестерімен салыстырғанда қысқаша сөйлейді. Осы арада ол өлеңдегі өрнек сөзбен ой жарыстырудан өлең сөзден дәмесі бар талай ақындардан озып шығады. Ақынның ой айтудағы, сұлу сөзді сомдаудағы шеберлігі жайында белгілі ақын Е.Ашықбаев былай дейді: «Саналы ақынға бағынған тәртіпті ұйқас пен сезім сілкінісінен туған жанды орамдардың ара жігі бәрібір байқалып тұрады. Бұл ретте Иранбектің көтерген тақырыбын қойын сипай қамшылайтындардың қатарына қоя алмайсыз» [8].

Қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар, жыр сүйер қауымға бірнеше жыр жинақтарымен танылған ақын өлеңдері өміршең. Уақыт тынысынан хабар беретін, оқырманды түрлі күйге түсіріп, танымын кеңейтер шығармалар қашанда ел жүрегінде. Асқақ адамзаттық арман, мұраттарды, өршіл рух, нәзік сезімдерімен сәулелендіріп жүрген И. Оразбаев поэзиясы әлі талай ұрпақтың патриоттық сезімдерін шыңдап, «Өлең – сөздің патшасына» ықыласын арттырары сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Сарбалаев Б. Ақиқат алдында. – Алматы: Жазушы, 1986. – 261 б.

2. Қуандық М.Ж. Өлең – сөздің патшасы. – Алматы: Жазушы, 1998. – 216 б.

3. Сұлтанова Б., Тойғанбекова М. Батыс, Шығыстың мәшһүрі – Руми // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. – 2015. – №3. – Б. 237-241.

4. Бұғыбаева Қ. Үміт ақтаған // Алматы ақшамы газеті. – 1992. – 16 қараша. – Б. 8.

5. Асанов Қ. Азаматтықтың асқақ жырлары // «Коммунизм нұры» газеті. – 1988. – 8 қараша. – Б. 3.

6. Тұрғынбекұлы С. Шығармалар жинағы. 2 том. – Астана: Фолиант, 2014. – 408 б.

7. Мұратбеков С. Шығармалары: сұхбаттар, очерктер, аудармалар, мақалалар. Т 4. – Алматы: Ан Арыс, 2013. – 320 б.

8. Ашықбаев Е. Ақиқаттың алдында // Қазақ әдебиеті. – 2007. – 30 тамыз. – Б. 8-9.

***

Бегманова Б.С., Султанова Б.М., Тойганбекова М.Ш.

Художественные методы в лирике Иранбека Оразбаева

Иранбек Оразбаев – один из самых талантливых авторов, творчество которого привлекало особое внимание со стороны литературоведов и критиков. Поэзия И.Оразбаева, характеризующаяся богатой жанрово-стилевой палитрой, является предметом детального анализа теоретиков литературы. Наше исследование показывает, что такие темы как молодость, целина, любовь в поэтическом творчестве И.Оразбаева занимают исключительно важное место, являясь ключом к его концепции мира и человека.

Ключевые слова: Образ, поэзия, лирика, жанр, стиль, жанрово-стилевая палитра, анализы, литературоведы, критики, цикл стихов.

Sultanova B.M., Begmanova B.S., Toiganbekova M.

Art methods in iranbek orazbayev's lyrics

Iranbek Orazbayev - one of the most talented writers, whose work attracted attention from literary critics. I.Orazbaev poetries characterized by a rich palette of genre and style, is the subject of a detailed analysis of theoretical literature. Our research shows that topics such as youth, virgin, love in poetic creativity I.Orazbaev occupies an extremely important place, as a key to his conception of the world and human.

Keywords: Image, poetry, lyrics, genre, style, genre and style palette, analyzes, literary critic, a cycle of poems.

***

ӘОЖ 81 (574)

Раманова А.А. – ф.ғ.к., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Исмағұлова Г.Ш. – магистрант, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: *sildir@mail.ru*

ҚҰРМАНҒАЗЫ ҚАРАМАНҰЛЫНЫҢ «АЙ КУӘ» ПОВЕСІНДЕГІ ҚОС СӨЗДЕР ҚОЛДАНЫСЫ

Аңдатпа. *Мақалада белгілі жазушы Құрманғазы Қараманұлының "Ай куә" повесінде кездесетін қос сөздер қарастырылып олар түрі бойынша бөлініп сөз таптарына ажыратылған, сондай-ақ жасалу жолына қарай жіктеліп, сөз құрамына талданған және қолданылу мақсаты айқындалған.*

Тірек сөздер: *Қос сөздер, қайталама, қосарлама қос сөздер, үстеме мағына, ұзақтық, жеделдік, нақтылық.*

Көркем туынды – қоғамның айнасы. Жазушы кейіпкердің қайталанбас портретін жасау үшін оған тән барлық белгіні, оның ішінде тілдік ерекшеліктерді де пайдалануға тырысады. Яғни ұлттық ерекшеліктен бастап, кәсібі мен мекен еткен жеріне байланысты, білім деңгейіне қатысты сөз саптауындағы тілдік ерекшеліктер назардан тыс қалмайды. Кез келген тілдік құрал көркем шығарма тілінде орынсыз қолданылмайды. Ондағы күрделі синтетикалық құрылымдар, лексемалар, жеке дыбыстар, фразеологизмдер - бәрі де көркем идеяға қызмет ететін тілдік құралдар болып табылады [1, 8 б.].

Қазақ тілі мамандарының ішінде күрделі сөз мәселесін ең алғаш қозғаған профессор Қ.Жұбанов 1930 жылдардың өзінде-ақ күрделі сөздер қанша сөзден біріксе де, кіріксе де тұтас бір ғана мағына білдіретіндігін, бір ғана заттың атауы, сөйлемде де сол жұбын жазбай, бір ғана мүше болатындығын, кейбіреулерінің құрамындағы сыңарларының дыбыстық өзгеріске түсуінен сыртқы түр-тұрпаты басқаша болып қалыптасса да, бір ғана екпінді иеленетіндігі туралы дұрыс тұжырым жасай білген.

Түркі тектес халықтарда көп қолданылатын, олардың негізгі сөздік қорын құрайтын сөздік тұлғалардың бірі - қос сөздер. Сондықтан бұлар ғалымдардың назарын аударып, көптеген зерттеу еңбектердің обьектісі болды. XIX ғасырда Н.А. Ильминский, К.Фой, И.Гиганов, А.Казембектің қызығушылығын тудырған бұл сөз тұлғалардың зерттелуіне кейін түркологтар Н.К. Дмитриев (Парные словосочетание в башкирском языке // Известия АН СССР отд. Гуман., наук, 1930, №7), Н.А. Баскаков (Ногайский язык и его диалекты. М-Л., 1940), Н.П. Дыренкова (Грамматика шорского языка. М-Л., 1941), Б.Орузбаева (Некоторые заметки о парных словах // Труды института языка и литературы АН Киргизской ССР, №8, Фрунзе, 1957), Б.Кыдырбаев (Қарақалпақ тілінің грамматикасы (1-бөлім) Нокис, 1949) еңбектерін арнаған.

Қазақ лингвистерін де бұл тақырып бейтарап қалдырмаған. Осы мәселе төңірегіндегі зерттеулерді, сала-салаға бөліп, саралағанда морфологиялық,

этимологиялық, стилистикалық тұрғыда қарастырылған бірталай еңбектерге кездесеміз. Қос сөздердің морфологиясына қатысты мәселелер А.Байтұрсынов (Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том, А., «Жібек жолы», 2002), Қ.Жұбанов (Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А., «Ғылым» баспасы, 1966), А.Ысқақов (Қазіргі қазақ тілі. Морфология, А., «Ана тілі», 2-басылуы, 1991), І.Кеңесбаев (Қос сөздердің кейбір жасалу жолдары // Қазақтың С.М. Киров атындағы мемлекеттік университетінің ғылыми еңбектері. Орыс тілі, қазақ тілі және тарих, XI том, 1946), М.Мышанов (Қос сөздердің емлесі // «Социалистік құрылыс», 1957, 8 декабрь, №241), Ә.Құрышжанов (Қос сөздердің жазылуы, // «Қазақ тілі мен әдебиеті», 1959, 3), Т.Қалабаева (Қайталама қос сөздердің кейбір мәселелері // «Қазақстан мектебі», 1980, №3) еңбектерінде сөз болады. Олар қос сөздердің негізгі белгілерін, жасалу жолдарын, дұрыс жазылу жайын анықтап береді.

Қос сөздің түрлері: қайталама, қосарлама қос сөздер.

Қос сөздер тілде екі түрлі тәсіл арқылы жасалады:

1.Бір сөздің қайталануы арқылы жасалады.

2.Екі түрлі сөздің қосарлануы арқылы.

Осымен байланысты қос сөздерді қазақ тіл білімінде екі түрге бөлу қалыптасқан: қосарлама қос сөздер, қайталама қос сөздер.

Қос сөздерді жіктеу, топтауды ғылымға кіргізген А.Ысқақов.

Бір сөздің я қосымшасыз, я қосымшалы түрінің екі рет қайталануы арқылы, я сол сөздің не бір (я бірнеше) дыбысының немесе бір буынының өзгеріп қайталануы арқылы жасалған қос сөздер қайталама қос сөздер деп аталады. Олар жұрнақтар, жалғаулар арқылы, яғни синтаксистік және морфологиялық тәсілмен жасалады. Қайталама қос сөздер барлық сөз таптарынан жасалады да, қосымша олардың барлық түріне қосыла береді. Қайталама қос сөздердің ең көп қолданылатын түрі - қосымша арқылы жасалатын қос сөздер. Мұндай жағдайда қосымша түбірдің екі бөлігіне де жалғана береді. Осының арқасында қайталама қос сөздің эмоционалды мәні арта түседі, ырғағы күшейе түседі [2, 107 б.]. Мысалы: *бетпе-бет* қос сөзі *-пе* қосымшасы арқылы жасалып, сол сөзге ерекше эмоция, екпін беріп тұр. *Қайта-қайта*, *отырып-отырып* деген қайталама қос сөздер де қосымша арқылы және қосымшасыз жасалған. Олар сөйлемдердегі белгілі бір ұғымға үстеме күш беріп, тындаушысына ерекше әсер етіп тұр. Редупликация (қайталану) ағылшын тілінде де жиі кездеседі. Бұл тілде редупликация көбіне сілтеу сөздерін жасауға қолданылады. Жапон тілінде де бұл тәсіл еліктеу сөздерін жасауға жұмсалады. Мәселен: *куни* - ел, *куни-чуни* - елдер, *варэ* - мен, *варэ* - біз. Демек, редупликация тілдердің көпшілігінде кездеседі де, барлығында бірдей қызмет атқарады. Жаңа айтқанымыздай, жапон тіліндегідей редупликация армян, малай, т.б. тілдерде көптік жалғауларды алмастырады. Жоғарыдағы мысалдардан көріп отырғанымыздай, қос сөздер барлық тілдерде кездеседі, олардың жасалу жолдарының кейбір ерекшеліктері басқа топтағы тілдерден, кейде грамматикалық мағыналары да шамалас келеді. Оның үстіне редупликация қай тілде болса да сөз қорын байытып қана қоймайды, ол барлық тілдерде өзіне тән түрліше коммуникативтік қызмет атқарады.

Қ.Қараманұлы прозасының грамматикалық құрылысын қарастыратын болсақ, әдеби тіл нормасымен салыстырғанда елеулі ерекшеліктер байқалады. Соның бірі – бір сөйлем бойында синоним сөздердің қатар, қосарланып қолданылуы.

Сыбдыр-сыбдыр, судыр-судыр... Үйкелген дыбыс, сүйкелген дыбыс; *үзілмес-тынбас* сарынға айналып, бір-біріне жалғасқан дыбыс; тербелген құрақтармен бірге тербеліп, оңды-солды теңселген, құлаққа сіңісті болған дыбыстар.

М.Әуезовтің 20-жылдардағы шығармалары тіліндегі қосарланған синонимдердің стильдік мақсатта жұмсалғандығын айта келе ғалым Р.Сыздық қосар сөз жайында былай дейді: «дағдылы қос сөздер, экспрессивтік бояусыз, көбінесе жай хабарлама (информативтік) сәттерде қолданылады, ал авторлық қос сөздер сол сөздер білдіріп тұрған ұғымды күшейте түсу үшін, көбінесе бір қолданар тұлғалар

болып келеді... Олардың авторлық орфограммалық немесе графикалық қос сөздер деп тану қажет» [3, 29 б.].

Халық тілінде қосарланып сөйлеудің әртүрлі стильдік жүк көтеретіндігі мәлім. Бір жайдың мәнін көтере сөйлеу үшін де, кемсіту, көңіл толмағандықты білдіру үшін де, іс әрекеттің орындалу барысын, жеделдігін көрсету мақсатында, белгілі бір құбылысты ажырата, нақтылай түсу үшін жұмасалады [1, 59 б.].

Қ.Қараманұлы шығармаларында қайталама қос сөздер де, қосарлама қос сөздер де стильдік қызмет атқарған.

Мысалы: Қарттар жағы *сыбай-салтаң* жүргісі келмей, бір-бір құшақ балауса арқалап алыпты.

Бір уақта бүйірден: «Қаламсия!.. Мақпал!..» деп ұрандап, *сүрініп-қабынып* қыздарға Үмбет кеп килікті.

Сүрініп-қабынып қимыл, іс-әрекетті бейнелі жеткізеді.

Жазушы Құрманғазы Қараманұлы өзінің 95 бетті құрайтын «Ай куә» повесінде барлығы – 396 қос сөз пайдаланған. Олардың тек 1 рет қайталанғаны – 182 сөз. Олардың 71-і қайталама қос сөздер, 111-і қосарлама қос сөздер. Ал енді сөз таптарына бөлінуі келесідей: зат есімдер - 33, етістік – 28, үстеу – 50, еліктеу сөз – 34, сын есім – 28, сан есім – 3, есімдік – 6.

Қаламгер шығармасындағы қос сөздерді төмендегідей топтауға болады:

1.*Қосымшасыз және қосымшалы түбірдің түгелдей қайталануынан жасалған.* Мысалы: Қыр жақтан музыка тасқындады: бұғаудан босаған жындай буырқанып, мөңкіп, тулап, шырқ үйіріле шамырқанып, аулаларды аттап өтіп, *көше-көшені* кезіп ойнақтай жөнелді. Бұл сөйлемдегі *көше-көшені* қос сөзі зат есімнен жасалған, екінші сыңары қосымшалы, *-ні* қосымшасы табыс септігінің жалғауы, ал қолданылуы іс-әрекеттің ұзақтығын көрсету мақсатында.

Бұл - сіңлісі Мағрипаның бөлмесі болар. *Ойнай-ойнай* шаршаған ғой. *Ойнай-ойнай* қайталама қос сөзі *ойын* деген зат есімнен жасалған, екі сыңары да қосымшалы, мұнда *ойын* түбіріне зат есімнен етістік тудырушы *-а,* және *-й* деген көсемшенің жұрнақтары жалғанған. Бұл сөзді автордың іс-әрекеттің ұзақ болғандығын білдіру үшін қолданғандығы анық.

Ұясын сағына ма екен, кейде кешқұрым қанаты далпылдап осы ағашты бетке алып, *зып-зып* ұшып келе жататыны бар. т.б.

2.*Бір сыңары қосымшалы, бір сыңары қосымшасыз бір түбірдің қайталануынан жасалған.* Мысалы: Ал, таңертең уақытында жинала қоймай, бастарын қосамын деп шыр-пыры шыққан бригадиріміз машинамен *үй-үйді* аралап жүргенде тал түс боп кететін. *Үй-үйдінің* екінші сыңарына *–ді* табыс септігінің жалғауы жалғанған. Әрбір *үйді* аралау деген мағынаны білдіру мақсатында қолданылған.

Біріне-бірі ұқсас көңілсіз күндер жайлап жылжып өтіп жатты. *Біріне-бірі* қос сөзінің алғашқы сыңарының *бірі* деген түбіріне жалғанған қосымша *-не* барыс септігінің жалғауы.

Жамал *«жүр-жүрлеп»* жетелегенімен, Айна бізге түксие қараған қалпы тартыншақтап, онша жақындай қойған жоқ. т.б. *Жүр-жүрлеп* қос сөзінің екінші сыңарына *–ле* етістіктен етістік тудырушы жұрнағымен *-п* көсемшенің жұрнағы жалғанған. Кейіпкердің іс-әрекетті жеделдеткісі келетінін білдіреді.

3.*Бір түбірдің әр түрлі қосымша жалғанып қайталануынан жасалған.* Мысалы:

Жылғадан өткесін *үйді-үйімізге* екі басқа жолмен кеттік. Мұндағы *үйді-үйімізге* қос сөзінің бірінші сыңарына *-ді* табыс септігінің жалғауы, екінші сыңарына *-і, -м, -із* тәуелдік жалғаулары, *-ге* барыс септігінің жалғауы жалғанған. *Әркім өз үйіне* тарады деген мағынада жұмсалып тұр. Бір сөзді түрлі жұрнақтар жалғау арқылы қайталау сөзге үстеме мағына беріп отыр.

Мақпал тоңып, *тісі-тісіне* тимей сақылдап: - Шығ-айық. Бү-бүлдірген терейік, “ деді. *Тісі-тісіне* қос сөзінің бірінші сыңарына *-і* тәуелдік жалғауының үшінші

жағы, екінші сыңарына *-і* тәуелдік жалғауы мен *-не* барыс септігінің жалғауы жалғанып тұр. Бұл жердегі қос сөз тұрақты сөз тіркесінің құрамында келіп, тоңу мағынасында қолданылған.

– Олай демеші, ұялам... Біз тек үйленеміз деп уәде бердік, - деді Мақпал құлағыма *естілер-естілмес* етіп сыбырлап. *Естілер-естілмес* етістіктен жасалған қос сөздің «*есті*» түбіріне *–л* өздік етіс жұрнағы мен *–ер* есімшенің жұрнағы жалғанып тұр. Бұл қос сөз кейіпкер дауысының (іс-әрекеттің) баяулығын жеткізу мақсатында қолданылған.

4. Екінші сыңары бірінші сыңарына еліктеу мәнінде келіп, дауысты дыбыстан басталатын сөздің алдына ж, т дыбыстары қосылып жазылады. *Мысалы: Ол да жармасып, екеуіміз сәкінің үстінде* ұмар-жұмар *алыса кеттік те, ақыр аяғында Әмір күлкіден сілем қатқан менің кеудеме атша мініп, қолымды керіп тастады.* Ұмар-жұмар *үстеуден жасалған қос сөзі қозғалыстың, амалдың сипатын, асығыстығын білдіру мақсатында қолданылған.*

Шындап қолға алса опыр-топыр *өткізіп жіберуге болатынына шүбәм жоқ-ты. т.б.* Опыр-топыр *үстеуден жасалған қос сөзі қимылдың қарқынды істелгендігін бейнелі көрсету үшін қолданылған.*

5. Етістіктердің түбіріне көсемшенің -а, - е, - й, - ып, - іп, - п жұрнақтары арқылы жасалатын қос сөздер жиі кездеседі. Мысалы: Қарай-қарай *көзім талып, құмға етпетімнен түсіп жаттым.*

«Қарай-қарай» қос сөзіндегі *қара* етістігіне көсемшенің *-й* жұрнағы жалғану арқылы қос сөз жасалып тұр. Аталмыш сөйлемде *қарай-қарай* қос сөзі іс-әрекеттің ұзақ болғандығын білдіру мақсатында қолданылған.

Айна лып етіп алдыма шығып, жолымды *кес-кестеп* тұра қалды. Мұндағы *кес-кестеп* етістікті қос сөзі *кес* етістігіне *–те* етістіктен етістік тудырушы және *–п* көсемшенің жұрнағы жалгануы арқылы жасалған. Сөйлемде адамның жолын бөгеу мағынасында қолданылып тұр.

Жүзінен жүз моншақ жарыса сорғалаған сүп-сүйкімді кейпімен шалқалақтай қарап қалған Мақпал сүйейін деп ұмтыла берген сәтімде сықылықтай күліп суды бетіме *шашып-шашып* жіберіп құтылып кетті де, қайтып ұстатпай қойды.

«*Шашып-шашып*» қос сөзі «*шаш-шаш*» деген етістіктерге көсемшенің «*-ып*» жұрнағы жалғану арқылы жасалып тұр. Қимыл-әрекеттің үсті-үстіне болғандығын білдіру мақсатында қолданылған.

Келе-келе мұндай өкпелеу мен өкпелетулер қас қағым сайын пайда бола беретініне, қит етсем жазып қалатыныма көзім жеткесін өзімді-өзім тәрбиелеу жұмысын жылы жауып қоя салғам. *«Келе-келе»* қос сөзіндегі «*кел*» етістігі көсемшенің - *е* жұрнағы арқылы қос сөзге бірігіп тұр. Бұл жерде уақыт өте келе дегенді бейнелі жеткізу мақсатында қолданылған.

Татуласа-татуласа тауым шағылған... Енді, міне, «Рақмет, татуласып болдым!» дейтін сәт те жақындап қалғандай еді. Бұл сөйлемдегі «*татуласа-татуласа»* қос сөзі *тату* деген сын есімге *–лас* сын есімнен етістік тудырушы және көсемшенің - *а* жұрнағы жалғану арқылы жасалып тұр. Іс-әрекеттің, амалдың жиі жасалғандығын білдіру үшін қолданған.

Екі түбірден қосарланып жасалған қос сөзді қосарлама қос сөз дейді. Әдетте мағыналары бір-біріне жақын синоним сөздер немесе мағыналары бір-біріне қарама-қайшы келетін антоним сөздер қосарланады. Мысалы: *ертелі-кеш, ойлы-қырлы, ас-су* т.б. «Ай куә» повесінде кездесетін қосарлама қос сөздердің жасалу жолдары:

1.*Мағыналары бір-біріне жақын (синоним) я қарама-қайшы (антоним) сөздер.* Мысалы: Екеуміз жандай доспыз, сырласпыз. Жалғыз ғана айыбымыз - *ертелі-кеш* ерегесеміз де жүреміз...*Ертелі-кеш* ерте және кеш деген қарама-қарсы мәнді мезгіл үстеуінің қосарлануынан жасалған қос сөз. Аталмыш сөйлемде іс-әрекеттің күні бойы қайталанатынын бейнелі жеткізу үшін қолданылған.

Маңайындағы *ойлы-қырлы* төмпешіктер - сол үйлердің орыны. Жермен жексен

боп кеткені сонша, мысалға мен жатқан құм төбенің астында құлаған қыстау бар деген ой бейтаныс адамның мыңғырына да кірмес еді...

– Ән айтшы, Мақпал, — дедім ақыр соңында, *ас-суымызды* ішіп алғасын. Дауысым нашар, - деп жалтарды Мақпал күліп. *т.б.*

2. *Бір сыңары мағыналы, екіншісі сыңары мағынасыз сөздер.* Мысалы: - *Жып-жылы* пештің жанында отырып алып, оқыған кітабымыз жайында ұзақ сонар әңгіме соғатынымыз есінде ме?— деді. Мұндағы *жып-жылы* қос сөзінің бірінші сыңары мағынасыз, өйткені ол *жылы* сын есіміне күшейткіш мағына беретін күшейтпелі шырай. Пештің өте жылы екендігін білдіру үшін кейіпкер сөзінде қолданылған.

«Сонда сенің мақсатың — Мақпалмен бірге суға шомылып, сырнай тартып *мәз-майрам* боп жүру ғана ма?». *Мәз-майрам* қос сөзінің мағынасызы екінші сыңары, себебі бұл *майрам* сөзі тілімізде жеке-дара мүлдем қолданылмайды әрі бөлек тұрғанда еш мағына бермейді. Адамның көңіл-күйін әсерлі жеткізу мақсатында қолданылған.

Сосын Мұрат екеуіміз хош иісі бұрқыраған бауларды бір-біріне басын сүйеп ұстастырып ек, *әп-әдемі* күрке болды да шыға келді. т.б. Мұндағы *әп-әдемі* қос сөзінің алғашқы сыңары сын есімнің күшейтпелі шырайы, заттың сын-сипатын бейнелі жеткізу мақсатында қолданылып отыр.

3. *Екі сыңары да мағынасыз сөздер.* Мысалы: Көлден шаршап келгеніме де қарамай, шайымды *апыл-ғұпыл* іше сап, клуб қайдасың дегем. *Апыл-ғұпыл* қос сөзі іс-әрекеттің асығыс жасалғандығын білдіру мақсатында қолданылған.

Жүгіріп келіп бір-екі бетін аударып, сосын Серік бірдеңе бүлдіріп қойды ма, бірдеңе қайнап кетті ме, төгіліп қалды ма, деп қайта жүгіріп *бая-шая* боп жүргендегі оқу ғой. *Бая-шая* сөзі адамның күйгелектігін білдіру мақсатында қолданылады.

Қарттар жағы *сыбай-салтаң* жүргісі келмей, бір-бір құшақ балауса арқалап алыпты. Сыбай-салтаң сөзі адамның құр қол жүруі деген мағынаны білдіреді.

Үмбетті жазалаудың жоспары осы жерде, шифері жаңа қағыла бастаған, шатырынан жарты ай сығалап тұрған қорамыздың *аңғал-саңғал* жабын ағаштарына қарап отырған кезімде туды, т.б. Бұл сөйлемдегі *аңғал-саңғал* қос сөзі есік-терезесі жоқ, ашық-шашық жатқан қора-қопсыны сипаттау мақсатында қолданылған.

Бұл сөйлемдердегі *апыл-ғұпыл, бая-шая, сыбай-салтаң, аңғал-саңғал* деген қос сөздердің барлығының екі сыңары да мағынасыз, себебі академик Ә.Қайдардың пайымдауынша бұлар жалпы қос сөздер корпусының ішіндегі табиғаты күрделенген, мағынасы күңгірттенген сыңарларының төркінін тек арнайы этимологиялық зерттеулер арқылы ғана айқындауға болатын өзіндік сыры мол түріне жатады [4, 27 б.].

4. Екінші компоненті фонетикалық өзгеріске ұшырап, деформациялық жолмен жасалатын қос сөздер: *Мысалы:*

Сарайдан шығып жатқан *шаң-шұң* дауыс асыға адымдап аулаға кіріп келген менің аптығымды су сепкендей басты. Мұндағы *шаң-шұң* қос сөзінің екінші сыңары фонетикалық өзгеріске ұшырап сөз тұлғасы өзгерген. Автор бұл сөзді қимыл-әрекетті бейнелі жеткізу үшін қолданған деп топшылаймыз.

Бостан босқа шаптықпа. Теміржан оң-солын танымайтын бала емес. Көңілдері жарасқасын қуанып жүр. Ертерек айтқанында ештеңе етпес еді... Келгесін үйленер. Мақпалжан - жақсы бала, *қылтың-сылтыңы* жоқ... *Қылтың-сылтыңның* дыбыстық өзгеріске ұшырағаны - екінші сыңары. Мағынасы – адамның біресе былай, біресе олай қылтыңдап, әр түрлі қылық көрсетіп, мың түрлі құбылуы [4, 345 б.]. Автор бұл қос сөзді кейіпкер мінезін ашу үшін қолданған.

Әке-шешемнің *күңкіл-шүңкілін* шімірікпей тыңдап тұра беруге ұжданым жетпей:

— Сәлем бердік, апа! - деп сарайға кіріп бардым. *Күңкіл-шүңкілдің* дыбыстық өзгеріске ұшырағаны екінші сыңары, екі сыңары қосарланып адамдар арасында, ел ішінде, азғантай адамдар тобында болатын ұсақ-түйек, өсек-ғайбат т.б. осы сияқты әңгімелер деген мағынаны береді.

5. *Кей қос сөздің екінші бөлігі біріншісінің ритмикалық жаңғырығын*

құрайды. Әдетте мұндай компоненттер ешқандай лексикалық ұғым бермейді, тек бірінші компонентке қосымша рең ғана береді. Мысалы; *«шай-пай»* т.б. Бірақ, бұл повесте осы тәсілмен жасалған қос сөздер кездеспейді.

6. *Тілімізде күшейткіш буынды қос сөздер кездеседі. «Жап-жақын, тым-тырыс, тып-тыныш, қып-қызыл, ап-айқын»* секілді сөздер. Мұнда «жақын» деген сын есімге *жап* деген күшейтпе сөз қосылып, қандай да бір объектінің екінші объектіге шамадан тыс жақын екенін көрсететін қос сөз жасалып отыр. Сөйтіп қос сөздердің бұл түрі үстеме немесе күшейтпе мағына беретін қос сөздер деп есептеледі. Сын есімнен жасалған мұндай қос сөздердің алғашқы бөлігі ықшамдалып, соңына «*п*», ал кей-кейде «*м*» жұрнағы қосылып бітеу буынға айналдырады. Сондықтан да кейде мұндай қос сөздерді *үстеме буынды қос сөздер* деп те атайды.

Қалдығайты бізге *жап-жақын*, жарты шақырымнан аспайды. Ал, кеше Мақпал екеуіміз болған Қайраң өткел бұл арадан үш шақырымдай ғана.

— Түк те өкінбеймін! - дедім, кетіп бара жатқан жерімнен қайырылып. Анау тұқшиған күйі *тым-тырыс* отырып қалды.

—Дұрыс па, бұрыс па, өкінем бе, өкінбейім бе, ол өз шаруам. Сенің шаруаң емес. Сол себепті, *тып-тыныш* жайыңа жүр, — дедім әңгіме аяқталғанын білдіріп.

Осы жақында ғана Дауыл дейтін жігіт екеуінің шеберхана жанындағы талдардың арасында жұрттан жасырынып шарап ішіп отырғандарын көргем. *Қып-қызыл* боп борбиған беттеріне көз тоқтатып қарай алмай, теріс айналып кеткем...

— Әскерден келгенше қашан - екі жыл бар. Кейінге қалдырып керегі не? Сүйетінімізге күдігіміз болса бір жөн, — дедім *ап-айқын* нәрсені қалай түсінбейтініне қайран боп.

— Қандай *әп-әдемі*, инабатты бала. Көргенде төменшіктеп, бетінен ұяты тамып тұрады, — деді апам.

Бұл сөйлемдердегі *жап-жақын, тым-тырыс, тып-тыныш, қып-қызыл, ап-айқын, әп-әдемі* қос сөздерінің барлығының алғашқы сыңарлары күшейткіш буын арқылы жасалған. Барлығы да заттың, объектінің, адамның сын-сипатын, бір-бірінің арасындағы қашықтық шамасын білдіріп сын есім, үстеу сөздер болып тұр.

7. Үндес қос сөздер немесе сөздердің соңғы дыбыстарының ассонанс жолымен ұйқасып келуі.

Мәселен: «қиырман-шиырман, ағыл-тегіл, сүрініп-қабынып, жаздым-жаңылдым» деген қос сөздер.

Ал, біздің жұмысымыз өнер емес. Біресе тас жоқ, біресе оны таситын машина жоқ. Кілең осындай *қиырман-шиырман*.

Үйге баруға бетім шыдамай, таңертең Тұщықараға қайтып келдім... – Мақпал *ағыл-тегіл* боп еңіреп, өксігі көпке шейін басылмады. — Неге мұндай бақытсыз болдым?.. Өкінем бәріне! Жарық дүниеге келгеніме де өкінем!..

Бір уақта бүйірден: «Қаламсия!.. Мақпал!..» деп ұрандап, *сүрініп-қабынып* қыздарға Үмбет кеп килікті.

Айна маған қызық болмай қалды... Құйттай бірдеңе көңіліне жақпаса, кейкиіп шыға келеді. «*Жаздым-жаңылдым*, сенікі дұрыс» деуің керек. Өйтпесең илікпейді...

Жоғарыдағы сөйлемдердегі *қиырман-шиырман, ағыл-тегіл, сүрініп-қабынып, жаздым-жаңылдым* деген қос сөздер ассонанс жолымен ұйқасқан, олар қимыл, іс-әрекетті бейнелі жеткізу мақсатында қолданылған.

8.*Аллитерациялық жолмен жасалған қос сөздер.* Бұларда сөздердің бастапқы дыбыстары қайталанып қиылысады. Құрманғазы Қараманұлының «Ай куә» повесінде кездесетін *«жым-жылас, сыбдыр-сыбдыр, судыр-судыр, қаннен-қаперсіз»* деген қос сөздерді алайық.

Ізімізді құм басып, күлкімізді жел қағып жоқ қылыпты. *Жым-жылас.*

Сыбдыр-сыбдыр, судыр-судыр... Үйкелген дыбыс, сүйкелген дыбыс; үзілмес-тынбас сарынға айналып, бір-біріне жалғасқан дыбыс; тербелген құрақтармен бірге тербеліп, оңды-солды теңселген, құлаққа сіңісті болған дыбыстар.

Белгілегенім тоғызыншысы еді. Бос шелек те жерге түсті. Толтырып болып қарасам, анау екі бүктетіле еңкейіп *қаннен-қаперсіз* ыржиып тұр екен.

Неге ондай екенін ежіктегім келмеді. Себебі, онысын Үмбеттің өзі түсінген болатын. Бүгін таңертең қалып қойғаныны себебі содан еді. Түсінбеген шығар, түске таман *жаяу-жалпылап* болса да жетер, дегем. Түсінген екен – келмеді. Енді ешқашан келмейтін шығар.

...айдында қалқыған асыранды қаздардың қаңқылына құлақ тігіп бұлақ басында *жападан-жалғыз* отырып-отырып, күн екіндіге таянған мезгілде орнымнан тұрдым.

Ертеңіне кешегідей *қысылып-қымтырылған* жоқпыз. Кейбіреулер көздерін сықситып мысқылдай қарады. Ондайға қайғырған біз болмадық. Бақытыңмен қол ұстасып бірге жүргеннің несі айып?..

9. *Қосарлама қос сөздердің компоненттерінің бірінші немесе соңғы дауыссыз дыбыстарының үйлесуі арқасында консонанс жолымен жасалады.* Мысалы: *«қызыл-жасыл, қыртыс-тыртыс, іліп-қағып, дабыр-дүбір, шексіз-шетсіз»* деген қос сөздерді алайық. Мұнда қос сөздің алғашқысы да, екінші компоненті де *«л, с, п, р, з»* дауыссыз дыбыстарымен аяқталып, өзара үйлесіп тұр.

«Келер ме екен?», «Келмес пе екен?» дейтін үміт пен күдік дегбірімді кетіріп, *қызыл-жасыл* перделерден көз алмай тұрдым да қойдым.

Теректің айнала маңындағы ойқы-шойқыға дауыл әкеліп үйген *қыртыс-тыртыс* құмды елу-алпыс қадамдай алыстан орағытып жатыр: мен жаққа көздерін де салмайды.

Дыбысқа айналған жүрек діріліндей жағымды ырғақ таяу жерден естіліп тұрғанымен, сумаңдаған самал *іліп-қағып*, біресе оң жағымнан, біресе сол жағымнан бұралаңдатып, бағдарымды бірден бажайлай алмадым.

Сол арада бір сағаттай болып, кинодан қайтып келе жатқандардың *дабыр-дүбірін* естіп, үйге қарай беттедім.

— Екі жыл... Қандай көп уақыт. Таусылып бітпейтін, *шексіз-шетсіз* ұзақ уақыт.

Талданып отырған повестің өн бойында қос сөздер шығармашылықпен қолданылғандығы байқалды. Жазушы қолданған қос сөздер автордың айтар ойын нақтылап, шығарманың әсерін күшейтіп қолдануда ұтымды жұмсалған.

Әдебиеттер:

1. *Кәріпжанова Г.Т. Ж.Аймаутұлы прозасының тілі: Оқу құралы. – Павлодар, 2009. – 154 б.*

2. *Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.*

3. *Сыздықова Р. Сөз құдіреті. – Алматы, 2005. – 271 б.*

4. *Қайдар Ә. Қазақ тіліндегі қос сөздер: зерттеу және сөздік: Монография. – Алматы: «Сардар», 2013. -456* б.

***

Раманова А.А., Исмагулова Г.Ш.

Использование парных слов в повести Курмангазы Караманулы "Ай куə"

В статье рассматриваются парные слова из повести Курмангазы Караманулы "Ай куə", которые классифицированы по видам. Определено их выражение частями речи, они классифицированы по способу образования, разобраны по составу с определением цели применения.

Ключевые слова: Парные слова, повторение, повторяющиеся парные слова, дополнительное значение, продолжительность, точность.

Ramanova A.A., Ismagulova G.Sh.

Use of pair words in Kurmangazy Karamanuly's story "Ai kua"

The article deals withpair words from Kurmangaza Karamanula's story "Ai kua" which are classified by types. Their expression by parts of speech isdetermined, they are

classified by a way of formation, storted on stucture with definition of the application purpose.

Key words: Pair words, repetition, the repeating pair words, additional value, duration, accuary.

***

ӘОЖ 1752

Асанова Г.С. – философия докторы (PhD), Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті
E-mail: *mergen-2009@mail.ru*
Куркимбаева А.М. – педагогика ғылымдарының магистрі, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті
E-mail: *aizhan--k@mail.ru*

ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАТЫСЫМ САЛАСЫНДАҒЫ АУДАРМАНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. *Қарастырылып отырған мақалада лингвистиканың үш саласы: лингвомәдениеттану, мәдениетаралық коммуникация, аударматануға түсінік беріледі, осы үш саланың ара-қатынасы туралы сөз болады. Аудармадағы өзекті мәселелердің бірі реалий сөздер мен олардың лингвистикалық және мәдени ерекшеліктері, аударма мәселелері қарастырылады. Реалий сөздердің түрлері, ерекшеліктері, бір тілден екінші тілге аударуда есте болатын тұстары, кейбір аударма мәселелері беріледі.*

Тірек сөздер: *Лингвомәдениеттану, аударматану, мәдениетаралық қатысым, реалийлер, калькалау, мән-мәтін, түпнұсқа.*

Лингомәдениеттану, мәдениетаралық қатысым, аударматану пәндері қазіргі таңда қатарласа айтылатын, гуманитарлық пәндер бағыты бойынша жоғарғы оқу орындарында өзара сабақтаса оқытылатын пәндер қатарынан. Осы орайда осы үш пән, үш бағыт бойынша қысқаша тоқтала кетейік.

Лингвомәдениеттану – ұлттық мәдениеттің тілдегі көрінісін сипаттау мәселелерін зерттейтін тіл білімінің саласы. Лингвомәдениеттанудың міндеті – тіл мен мәдениеттің, тіл мен этностың, тіл мен ұлттық менталитеттің арақатынасын сипаттап, зерделеу болып табылады.

Мәдениетаралық қарым-қатынас тарихына үңілсек бұл термин немесе ұғым жаңа емес, яғни, байланыстың мұндай түрі түрлі мәдениет өкілдері бір-бірімен қоян-қолтық араласа бастағаннан бастау алады. Дегенмен, соңғы 30 жылдан бері адамдар оны жүйелі түрде оқып үйреніп, мәдениет тұрғысынан алуан түрлі өкілдер қатысымға түскенде мәдениетаралық қарым-қатынаста қандай мәселелер туындайтынына зер сала бастады. Адамдар ұтқырлығы мәдениеттер арасындағы, жаппай нарық орындары, көпмәдениетті ұйымдар мен мекемелердің, жұмыс орындарының қажеттігінен көпмәдениетті қоғам мен жалпы қоғамға сай коммуникативтік қабілеттер мен қасиеттерді оқып үйренуді міндеттеп отыр [1].

Мәдениетаралық коммуникация дегеніміз түрлі мәдениет өкілдерінің қарым-қатынас жасауы, мұнда міндетті түрде қатысушылардың бірі басқа тілде сөйлейтін болып келеді. Ағылшын тілінің рөлі өсіп тұрған таңда мәдениетаралық коммуникацияның вербалды қамтамасыз ету қажеттігі туады, яғни, жеке байланыстар жасау, телефонмен әңгіме жүргізу, хат-хабар алмасу, презентациялар, мәжілістер, келіссөздер өткізу, конференциялар мен семинарларға қатысу. Тіл – әр халықтың айнасы ретінде және мәдениет көрінісі ретінде мәдениетаралық байланыста делдалдық сипатқа ие [2].

Ал аударматану болса туыс немесе туыс емес екі немесе оданда көп тілдердегі тілдік бірліктерді бір тілден екінші тілге ауызша және жазбаша дұрыс жеткізудің теориялық және практикалық негізі. Аударматануда аударманың түрлері, аударманы қандай жолдармен дұрыс жеткізу керектігі, аудармашының қызметі сияяқты мәселелер қарастырылады.

Аударманың мақсаты қарым-қатынаста болған кісілердің арасындағы лингвоэтникалық бөгеттерін бұзып, қатынасын мүмкін ету. Басқа сөзбен айтқанда, аударманың қоғамдық мәнін төмендегідей анықтауға болады: аударма – екі тілде қатынасқан коммуникантардың байланысы, бір тіл ширегіндегі коммуникацияға мүмкіндігінше сәйкес болуы керек. Яғни, аудармада тек қана адамдар қарым-қатынасы кезінде ғана қажеттілік туады. Сол кезде адамдардың арасында тілдік емес, лингвоэтникалық (мәдениеттердің, ұлттық психологиясының және т.с.с. факторлардың әр түрлі болуы) бөгет туады.

Линвомәдениеттану, мәдениетаралық коммуникация, аударма қазіргі таңда бір-бірінен ажырамас, бір-бірін толықтырып тұратын үш бағыт. Сондықтан беріліп отырған мақалада аударманың бір мәселесі реалий сөздерді, олардың мәдени белгілерін, тіл мен мәдениет арақатынасын, аударма мәселелерін қарастырмақшымыз.

Реалий – аудармашының ең қиын, күрделі құбылысы, аударма теориясында әлі зерттеліп бітпеген «нақтылық» ұғымдарына жақындау. Орыс сөздігінде реалий- «материалдық мәдениетке тән кез келген дүние(зат)». Аударматануда реалий белгілі заттар мен ұғымдарды білдіреді. С.Влахов пен С.Флорин «Непереводимое в переводе» кітабында реалииді аударудың екі шарттылығын, кей жағдайда аударылмайтындығын (сөздік сипатта), әдеттегідей контекстік аударма тәсілмен берілмейтіндігін дәлелдейді. Алайда А.В.Федоров «басқа тілге аударылмайтын ешқандай сөз болмайды» деп сөздік қатынас жағынан, мағыналық жағынан сипаттама жасалатынын, аударылатынын ескертеді [3].

Реалийді аудару қиындығы: 1) аударма тілінде сәйкестік (балама) табылмауы; 2) реалийдің заттық мағынасымен (семантика) бірге және колоритін (коннотация), оның ұлттық және тарихи бояуын жеткізу.

Ұлттық сипаттағы реалийдің нақтылы контекстегі қызметін жеткізу күрделі мәселе. Реалийді әдеби көркем шығарма жағдайында аудармас бұрын, алдымен стилистикалық-композициялық рөлін түсіну тиімді. Бұл сол реалиймен қатар орналасқан сөздердің қолданылу мағынасына қарай анықталады. Түпнұсқа мен аударма тілінің реалийін салыстыру барысында оның семантикалық жақындығы айқындалады. Аударылатын тіл мен аударма тіліндегі реалийдің стилистикалық экспрессиядағы ұқсастығы аударманың дұрыстығын көрсетеді.

Аудармада бейтарап (пассивті) ұлттық-сипаттық реалийлерді стилистикалық және қызметі жағынан жеткізу оңай емес. Бейтарап реалийді аудару барысында оған қандайда бір мағыналық жақындықтағы сөз іздестіріледі. Мысалы, мыс бақырды мыс тиын деп атау дұрыс емес. Бақыр бұрін қолданылған. Бір бақыр екі тиынға тең емес, жарты тиынға тең.

Түпнұсқадағы реалийдің аудармада қолданылуы әралуан, кей жағдайда реалийдің атауы (немесе баламасы) қатыспайды, алайда аударманың контекстегі мазмұны қалай дегенде жанама түрде реалийдің көзге көрінерліктей болуын талап етеді. Бейтарап қолданылған реалийлерді негізінен аудармада түпнұсқалық мағынасын бұзбау тиімді. Оның түпнұсқадағы да, аудармадағы да стилистикалық экспрессиясы, дербес бейнелеу сипаты еш әлсіремеуі тиіс. Ұлт ық болмыстағы реалийлер функционалдық жағдайдағы белсенділігімен белгілі бір стильдік міндет атқарады.мұндай реалийді өз мағынасына жеткізуде заттық ұғымын айқындап, стилистикалық бояуының мәнін білу қажет. Реалийлер автор стилінде бірде бейнелеу ұғымында, бірде әзіл, мысқыл түрінде, бірде ойды күшейту, нақты бір нәрсеге назар аударту немесе тереңірек таныстыру тұрғысында кездеседі [4].

Реалийлерді кейде сол күйінде қалдыруға, кейде түпнұсқалық тілге жақын, баламалы сөздермен алмастыруға болады. Реалийлер ұлттық тілді жаңа ұғымдармен байытады., басқа ұлт тілінде кең қолданысқа енеді. Шығарманың ұлттық сипатын, түрін сақтап, ұлттық колоритін дәл, шынайы бере білу-аудармашы талантылығы. Аударма теориясында әлі өткір талқыланып келе жатқан мәселе-ұлттық сөз сөйлеу ерекшеліктері, колориттер, реалийлер, символдар.

Аударма тәжірибесінде де қиындық тудыратын, аудармашылық ізденісті аса қажет ететін құбылыс реалийлер. Көп аудармашылар осыдан жиі шатысады. Оның ұлттық негізіне мән бермей, балама аударып, жаңа мағынада көрсеткенімен, көп жағдайда мәтінмен үйлеспей, оқшауланып қалады. Мысалы Үндістанда әйел жүрісін пілге теңеу үйреншікті жай. Ал басқа әдебиетте бұлай салыстыру жағымсыз көрініс. Сербтерде қыздардың аянышты зар еңіреп жылауын сұр жыланның ысылдағанына теңейді. Ал бұған басқа елдің оқырмандары тітіркене көз жүгіртері анық. Орыс поэзиясында сұлу аруларды ақ қайынға теңеу дәстүрлі сипат алған. Кейінгі қазақ поэзиясында да осындай құбылыс бар латвия фольклорында қайыңға қызда теңемейді, жігітті теңейді. өйткені қайыңның қаттылығына қатысты емес, қайың – мужской род, еркектерге салыстыру үшін алынса, қыздар үшін жеке ағашы салыстырылады.

Сөздердің қызметтік мән мағына жағынан ұқсас түрін пайдалану реалийді жеткізудің тиімді мүмкіндігі. Реалийлерді аударуда сабақтастық сақтау маңызды. Аудармада оған мағыналық қуаты, сипаты сай келетін нұсқасы жасалады, не болмаса одан мүлде бас тартып, жаңа мағыналық баламасын, сәйкес сыңарын іздестіру қажет. Реалийді қызметтік сипатына сай сөздермен ауыстыру және мағынасын қуатты, рамды сөз тіркестерімен ашу бар. Кейде аудармада жақындату тәсілі де қолданылады. Қызметтік мәні ұқсас сөздерді пайдалану ұйғарылады, реалийлер мағынасын толық жеткізу түсіндірмелі, сипаттамалы аудармаға негізделеді. Онда реалийдің транскрипциясын не транслитерациясын жеткізеді. Реалийді аударуды екі елдің лингвистикасын терең білумен бірге, сезімталдық, түйсік, бағдарлық білім т.б. тән.

Стилистикалық-экспрессивтік ұлттық ерекшеліктегі реалийді аударуда ең алдымен мән-мәтіндегі реалийдің функционалдық мәніне көңіл бөлінеді. Мұндай реалий көп жағдайда не реалийдің заттық мазмұнын экспрессивті ашу жолымен, не мән-мәтінде басым рөлін ойнайтын реалийдің қандай да бір стилистикалық реңкін қайта жасаумен аударылады. Барлық жағдайда да аудару тәсілін таңдау үшін реалийдің «үлкен мән-мәтіндегі» байланысында кей кезде барлық шығарманың ауқымынд зерттеп алған жөн. Осыған байланысты С.Влахов пен С.Флорин мынадай қорытынды жасайды:

1.Мән-мәтіндегі реалий қызметін мағыналық түсіндіру--әдеби көркем шығарманың мән-мәтіндегі реалийін дұрыс аудару шарттарының бірі. Реалийді аудару мәселесін зерттеу дегеніміз, ең алдымен, мән-мәтіндегі реалийдің қызметін жеткізудің жолын меңгеру.

2.Ұлттық ерекшеліктегі реалийлерді аудару міндеттері реалийдің мән-мәтіндегі орын алуына қатыссыз, стилистикалық қатынас жағдайында белсендісінен не немқұрайдысымен ауыстырылады.

3.Реалий мән-мәтінде семантикалық әрі стилистикалық жағынан ырықсыз болуы да мүмкін әрі сөйлемнің грамматикалық мүшесіне стилистикалық қатынаста кәдімгі «қатардағы» бейтарап рөл атқаруы мүмкін.

4.Реалийлер семантикалық әрі стилистикалық жағынан белсенді болумен бірге, мән-мәтінде стилистикалық экспрессивтілік қасиетімен өзара ықпал ете келіп, мән-мәтіндегі өзінің заттық мәніне жақындауы не алшақтатылуы мүмкін [5].

Стилистикалық мәнерліліктегі реалий түрлі субъективті авторлық қатынастағы шығарма кейіпкерлерінің іс әрекеті мен айтқан сөздерінде әжуа, қалжың, әзіл т.б. түрінде қолданылуы мүмкін.

5. Әрбір қолданылған реалийдің өзіндік аударылу шарттары мен ерекшеліктері бар.

6. Аудармашы реалийдің тек қана заттық-мағыналық сипатын жақсы білумен бірге, стилистикалық экспрессия жағынан бағалай білу керек, сондай ақ, тілге берік енген, аудармасы бар реалийлерді де білуі керек, оларды аудармада қолданбастан бұрын, оның стилистикалық экспрессиясын талдау керек. Бұл реалийлердің түрлі ұлттық сананың қабылдауында көзбе көз айырмашылығы байқалады.

Реалийлер - баламасыз лексика. В.Крупнов анықтамасы бойынша «үрдістер мен құбылыстарды белгілейтін, аударма тілінің аталған даму кезеңінде онда ешқандайда баламасы болмайтын сөздер мен сөз тіркестері» [6]. Аударма әдебиетте баламасыз лексиканы зерттеушілер талдаған негізгі тәсілдер:

1)толық және жекелеген транслитерация;

2)лексикалық және фразеологиялық калька жасау;

3)жақындатылған аударма, сипаттамалы шендестіру.

Кейде аудармашылар реалийді жеткізуде калька тәсіліне сүйенеді. Олар түпнұсқаның бейнелілігін жеткізуде сипаттама жасайды.

«Транслитерация көбінесе мына жағдайда қажет, егер де түпнұсқа тіліндегі реалийдің оған сай келетін дағдылы белгіленген лексикалық ықшамдылығын сақтағанда, сонымен бірге, аударма тілінде аталған заттар мен ұғымдардың дәл сәйкестігі анықталмаған жағдайда. Транслитерацияның мақсатқа сәйкестілігін бағалай келе, бұл ерекшелікті жеткізудің қаншалықты маңызды екенін мүмкіндігінше дәл есептеу керек. Егер де соңғысы талап етілмесе, онда транслитерацияны орындау шетелдік кіріккен сөздерді теріс пайдалануға айналдырады да, мағынаны көмескілеп, ана тілді ластауға әкеп соғады» деп жазады А.Федоров [7]. Мысалы ағылшын тіліндегі *даблдектер*-екі қабатты қызыл автобус, аударма калькасы-*екі палубалы автобус*.

Реалий-белгілі бір ұлтқа тән, ұлттық ойлаудың, мәдениеттің, тілдік комуникацияның жемісі. Ғасырлар бойы қолданыстан қолданысқа ауысып, түпкі мән-мағынасын бұлжытпай сақтап келе жатқан тілдің айырықша құбылысы. Ұлттық болмыстың өзіндік дара сипаты. Оған аса жауапкершілікпен терең мән беру қажет. Әсіресе ұлттық әдеп-ғұрып, салт-дәстүр, рөлдік қатынастар, әдептілік, сыйластық сипатындағы реалийлердің мағыналық баламасын табу мүмкін емес. Ең бастысы, аудармада, жан-жақты, терең, дұрыс сілтеме, түсініктеме және мағыналық сипаттама берілуі.

Аудармадағы тағы бір күрделі мәселе-діни реалийлер, діни ұғымдар. Кеңестік кезеңде коммунистік партияның дінге қарсы атеистік саясатынан классикалық көркем әдебиеттегі дінге қатысты мәтіндер өрескел бұрмаланды, кейде тіпті басқа діни ағымның атау ұғымдары екінші бір діни сөздермен алмастырылып, оқырманды шатастырды. Діни сауаттың жоқтығынан, дін саласынан жеткілікті хабардар болмаудан әрі діни атау, ұғымдардың мән-мағынасын түсіндіретін арнайы сөздіктер болмағандықтан, аудармашылар жиі қателесті.

Реалийлер баламасыз лексикаға, терминдер негізінен тілдік бірліктерге жатады. Терминдер-ұлттық немсе тарихи бояуынан айырылған ғылым тілінің астарлы элементі. Реалийлер көбінесе көркем әдебиетте кездессе , терминдер ара тұра көркем шығармаларда мақсатты қолданылғанымен, көбінесе ғылыми-техникалық еңбектер мәтініне тән. Термин- бір елдің, ұлттың қажеттілігі ғана емсе , барша адамзат құндылығы. Реалий бір халықтың дәстүрлі әдеп-ғұрпынан, өмір салтынан туындайды. Терминдер шығу тегі жағынан реалийден ерекшеленеді. Көптеген терминдер заттарды атауға байланысты жасанды түрде туындайды.

Реалийлер-халықтық ұғым, атау, ұлттың өзіндік дара меншігі. Кейбір реалийлер әдеби нормадан ауытқиды. Реалийлер диалектизмде де кездеседі. Көптеген реалийлер белгілі бір ортада пайдаланылатын заттарды белгілейді. Жай сөз немесе жаргондық лексика төмендетілген стиль элементі саналса, әдеби нормаданлексикалық ауытқулар, бұрмалап сөйлеу, балалар сөзі және т.б.

Ұлттық түрдегі реалийлер жергілікті елге тән. Шет тілдік сөздерді қосып айту дағдысы - автордың түпнұсқада өзінің тілі емес басқа тілде немесе ежелден жазылған тілде немесе ежелден жазылған тілде немесе транслитерацияда қандай да бір

морфологиялық өзгеріссіз жеткізетін сөздер мен ұғымдар. Бұл да реалий саналады. Мысалы қазақтың орыс сөзін немесе өзбектің қазақ сөзін бұзып жеткізуі. Бір тілден екінші тілге кірігу арқылы жасалған реалийлер бар.

Реалий - жекелеген заттардың, материалдық әлемнің болмысы. Аударма тілінде соңғы кездері экзотизмдер деп аталдаы. Реалий сөздер негізінен қандай да бір халыққа, елге немесе өңірге тән тұрмыстық реалий мен қоғамдық өмірдің сипаттайтын тілдегі лексемалар саналады.Тақырыптық жүйеге сай оларды бірнеше топқа бөлуге болады.

Экзотизмдер - тұрмысты, әлеуметтік қатынасты, табиғатты білдіретін реалий, «жекелеген халықтардың өмірін, әдет-ғұрпын, тұрмысын» бейнелейтін сөз. «Басқа халықтардың өмірі мен тұрмысын сипаттауға» арналған сөздер. Бұлар белгілі бір өңір, аймаққа, елге, мемлекетке бекітілген. А. Супрун анықтағандай «экзотикалық лексика» тура мағынасында – «жат жерлік», «жат елдік» ұғымын берсе, сөздің экзотикалық атауы елестететін таңғажайып, өзіне таңданыс туғызатын сөз [8].

Ұлттық реалийлер – аталған халық, ұлтқа тән ерекше сөздер, атаулар. Айқын ұлттық реалийлер, мысалы, домбыра, бандура. Аймақтық, интернационалдық реалийлер бар.

Көркем аудармада реалийді берудің мынадай түрлері бар:

1) транскрипция (транслитерация);

2) аудару (ауыстыру):

1. Неологизм: а) калька; б) жартылай калька; в) меңгеру; г) семантикалық неологизм;

2. Реалийлерді ауыстыру;

3. Мағыналық жақындықтағы аударма: а) тектік – түрлік ауыстыру; б) функционалдық ұқсастық; в) сипаттау, түсіндіру, талдау;

4. Контекстуальдық аударма.

Меңгеру – басқа тілден қабылданып, сіңіп кеткен реалийлер. Жартылай калька – жекелеген бөліктері ғана кіріккен сөздер [9].

Экзотизмдер аударма тілі арқылы транскрипциялық негізгі тәсілмен фонема бойынша ұқсастықта беріледі. *Minnesinger-миннезингер, fihze-фюрер, квас-kwas, шапка-shapka,* т.б. Экзотизмдер транскрипция кезеңінен өтіп, аударма тілінде пайдаланылумен бірге, біртіндеп, аударма тілінің грамматикалық көрсеткіштерімен артып отырады.

Реалийді жеткізуді жеңілдететін бір мүмкіндік, аударылатын тілде функциясы бойынша соған жақын сөздің болуы. Мұндай жағдайда мағыналық жақындықтағы аударма қолданылады. Ол контекст шартын дәлелдейді немесе реалийді сипаттамалы тәсілмен жеткізумен шектелінеді.

Ғалым А.Алдашева көрсеткендей, «реалийлер, ұлттық мәдениетті белгілейтін басқа да атаулар функционалды қызметі жағынан басым доминант элементтер; олардың контекстегі функционалдық-коммуникативтік қызметі жоғары. Демек, оларды түсіріп тастау түпнұсқаның мазмұнын сақтау талабына нұсқан келтіреді. Сондықтан аударма шы текстегі қолданылған, қазақ тіліне мәдени-танымдық сипаты, ұғымдық-мағыналық көлемі жағынан сәйкестіктері жоқ атаулардың түпкі мағынасына, этимологиясына, қандай ұғымда жұмсалғанына , контекстегі стильдік жүгінің ауқымына назар аударуға тиіс» [10]. Тағы бір пікірге назар аударайық. «Лингводидактикалық теория бойынша, Е.М. Верещагин және В.Г. Костомаров ғалымдарының «Тіл және мәдениет» атты орта еңбектерінде- тілің оқи отырғанмемлекеттік реалийлерін білмей толық коммуникацияларға түсу мүмкін емес. Тілді оқыту, сол мемлекеттің мәдениеті мен менталитетін бірге оқытылуы тиіс».

Тіл білімінде реалийлерді әр түрлі терминмен атау үрдісі байқалады: эквиваленті жоқ лексика, экзотикалық лексика, бұлардың жалпы негізгі мазмұны жағынан бір-бірінен аса бір айырмашылықтары жоқ. Қазіргі аударматануда осы терминнің баламасы ретінде лакуна (лат.: «lakuna») термині де қолданылады және оның тілдік түрлері ерекшелінеді. Біріншісі, тілдегі лексикалық, грамматикалық,

стилистикалық баламасы жоқ бірліктер болса, екіншісі, белгілі бір ұлттық мәдениетте ғана кездесетін, басқа мәдениетте сәйкес баламалары жоқ дүниелер» [11; 12].

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды жүйелей келе төмендегідей қорытынды жасауға болады:

1) Ең негізгі критерийлердің бірі – шығарманың коммуникативті құндылығы. Коммуникативті функция іске асқан кезде белгілі бір коммуникативті әсер берілетінін білеміз. Яғни, аудармашының негізгі мақсаты әр түрлі тілдерде сөйлейтін, қатынасқа түсетін коммуниканттардың арасындағы лингвоэтникалық бөгеттерді бұзу және бір тіл шегінде коммуникацияны мүмкін ету. Басқа сөзбен айтқанда, әр түрлі лингвоэтникалық топтарға жататын коммуниканттардың қатынасын мүмкіндігінше тиімді жасау;

2) Реалий сөздер эквивалентсіз лексика тобына жатады. Бұл басқа халықтың тілінде, оның сөздігінде эквиваленті жоқ лексика. Алайда, тіл амалдары арқылы біз осы реалий сөздерді жеткізе аламыз. Соған қарамастан, реалий сөздер басқа халықтың тілінде уақытша жоқ лексикалық бірлік деп айтуға болады.

Эквивалентсіз лексика – бұл басқа тілдің лексикалық бірліктері арасында толық немесе жартылай сәйкес лексикалық бірліктері (сөздер және тұрақты сөз тіркестер) жоқ лексика. Негізінен, эквивалентсіз лексикаға реалия сөздер, уақытша эквивалентсіз терминдер, эквивалентсіз сөздер жатады.

Ұлттық-мәдени ерекшеліктер тек қана эквивалентсіз лексикада көрініс таппайды. Сонымен қатар берілген тілде басқа тілдегі сөздердің және мағыналардың болмауы. Яғни, лакуналар – тілдің семантикалық картасындағы ақ дақтар.

3) Тіл аралық эквиваленттілік деңгейінде реалия сөздердің семантикасын денотат, конотат және коммуникативті-функционалды маңыздылық деңгейлерінде қарастыруға болады. Демек, тіларалық эквиваленттіліктің негізгі түрлері: денотаттық, конотаттық және коммуникативті-функционалдық;

4) Аударма әдеби-тілдік интерпретация ретінде анықталады. Ал аудару үдерісі, жаңа мәліметтің туындауы ретінде анықталады. Аудару тәсілдері - аудармашының бағдарламалық тәсілдері ретінде қарастырылады. Соның арқасында түпнұсқа және аударма арасында жоғары деңгейге жету мүмкін. Аударма ісі мәдениет-ұлт-тіл тұтастығы шеңберінде талданады.

Көркем аударма шеберлігі мәселесі қазіргі әдеби процесте де көкейкесті мәселелердің бірі ретінде көрінуде. Мұны өмір заңдылығы деп тануымыз керек, өйткені көркем әдебиетке қатысты да әр заманның, әр кезеңнің өзіндік талабы, өзіндік үні болары, әдебиеттің, көркем аударма өнерінің дамуы күн тәртібіне жаңа проблемаларды қоятыны анық.

Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің жалпы әлемдік мәдениетпен байланысында, әлем әдебиетінің құнды шығармаларын қазақ оқырманына жеткізуде орыс тілінің, орыс мәдениетінің үлкен рөл атқаратындығы даусыз. Соған орай, көркем шығармалардың орыс тіліне қазақ тіліне аударылуын әдебиеттану және тілтану ғылымдарының зерттеу әдістері мен бағыттарын тұштастыра отырып жүргізілген зерттеу жұмысымызда көркем прозадағы аударма шеберлігінің кей қырлары анықталады. Аудармашы Қ.Қараманұлының аударма өнеріндегі жетістігі мен олқылығы, табысы мен кемшілігі, оның аудармашылық шығармашылығы, ерекшелігі жалпы аударма өнері принциптерімен, әдеби процестегі көркемдік, стиль, ырғақ, ізденіс пен зерттеу мәселелерімен бірлікте қарастырылып, тұжырымдалып жасалды.

Аударма жұмысына дайындық кезіндегі тәржімашы ізденісі мен зерттеуі көбіне-көп талап деңгейіне көтерілген. Алайда бұл жұмыстарда олқылықтар да баршылық. Салыстыру, талдау нәтижесінде тәржімашы шығармашылығында сипаттық мәнге ие олқылықтар анықталып, олардың жіберілу сыры ашылды, аударма өнерінде, аударма жұмысында кейін де кездесуі мүмкін осы олқылықтарды болдырмаудың жолы анықталды.

Әдебиеттер:

1. Cornes A. Culture From the Inside Out: Travel and Meet Yourself. – Yarmouth: Intercultural Press, 2004. – 196 p.

2. Исабеков С.Е. Зарубежная межкультурная коммуникация // Сборник статьей. – Алматы: КазУМОиМЯ имени Абылай хана, 2013. – С. 5-8.

3. Маслова В.А. Лингвокультурология. – М : Издательство академия, 2001. – 208 с.

4. Садохин А.П. Введение в теорию межкультурной коммуникации. – М.: Высшая школа, 2005. – 310 с.

5. Тарақов Ә.С. Аударма әлемі. – Алматы, 2011. – 332 б.

6. Федоров А. Основа общей теории перевода. – М., 1983. – 303 с.

7. Гарбовский Н.К. Теория перевода. – М., 2004. – 544 с.

8. Виноградов В.С. Введение в переводаведение. – М., 2001. – 224 с.

9. Алексеева И.С. Введение в переводоведение. – М., 2004. – 352 с.

10. Сәмитұлы Ж. Аударма теориясы мен практикасы. – Алматы, 2005. – 272 б.

11. Комиссаров В.Н. Современное переводаведение. – М., 2001. – 424 с.

12. Алдашева А. Аударматану. – Алматы, 2006. – 158 б.

***

Асанова Г.С., Куркимбаева А.М.

Некоторые проблемы перевода в лингкультурологии и межкультурной коммуникации

Данная статья рассматривает особенности трех современных направлений лингвистики: лингвокультурология, межкультурная коммуникация и переводоведение, а также определяет эти направления, особенности и взаимосвязь. Авторы анализируют актуальные вопросы слов реалий, их лингвистические и межкультурные специфику и проблемы перевода реалий с одного языка на другой. Также даются выводы, типы и специфика реалий, на что переводчик должен обратить внимания при переводе реалий с одного языка на другой.

Ключевые слова: Лингвокультурология, переводоведения, межкультурная коммуникация, слова реалий, калька, контекст, оригинал.

Assanova G.S., Kurkimbaeva A.M.

Some translation problems of linguaculturology and intercultural communication

The article under review deals with three key directions of nowadays linguistics: linguaculturology, intercultural communication and translation studies, at the same time defines them, gives their interrelation, specificity. As the research material there are given realia, their linguistic and intercultural aspects and translation problems from one language into another. There are also given conclusions, types, specific features of realia and things that the translator should keep in mind in translating realia from one language into another.

Keywords: linguaculturology, translation studies, intercultural communication, realia, calque, context, source.

***

ӘОЖ 82-7(045)02

Қабылов Ә.Д. – ф.ғ.к., доцент, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті
E-mail: *adlet_kabylov@mail.ru*

ИРОНИЯ ЖӘНЕ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ДИСКУРС

Аңдатпа. *Мақалада М.Мағауиннің публицистикалық шығармаларындағы ирония ның қолданыстары қарастырылады. Ирония ның сын формасы ретінде саяси-қоғамдық, әлеуметтік-тұрмыстық салаларда кеңінен қолданыс табатыны зерделенеді. Жазушы стиліндегі тұрақты көркемдік құрал әрі пафос ретіндегі ирония ның әмбебеп қызметіне автордың кейбір мақалалары негізінде талдау жасалып, нақты мысалдар арқылы дәлелдер келтіріледі.*

Тірек сөздер: *Публицистика, көркем мәтін, ирония, ирониялық назар, сыни талдау, күлкі формасы, мақала, дискурс.*

Ирония ның когнетивтік табиғаты ежелден-ақ ғалымдардың назарын аударған болатын. Ирония туралы түсінік Ежелгі Грецияда дамып, Аристотельдің «Риторикасында» өзінің басымдық тұжырымдамасына ие болды. Ирония ны Рим шешендері, кейін Қайта өрлеу дәуірінің гуманистері мен Ағартушылық дәуір жазушылары тілдің қуатты бейнелуші-мәнерлі құралы ретінде белсенді пайдаланды. XIX ғасырдағы романтизм дәуірінде ирония тұңғыш рет ресми түрде шешендік-ділмарлық тәсіл ғана емес, субъектінің шындықтан асқақтығын көрсететін эстетикалық мақсат ретіндегі мәртебеге ие болды [1, 87 б.]. Одан соң ирония модернизм әдебиетінде меланхолияны, шаршап-шалдығуды, «Европаның сөнуін» білдіруімен көрінді. Қазір ирония ойын мен пародиялау мақсатына бағдарлана отырып, постмодернизм дәуіріндегі өнер тілінің негізгі сипаттарының бірі болып отыр.

Күлкінің сын формасы ретінде саяси-қоғамдық, әлеуметтік-тұрмыстық салаларда кеңінен қолданыс табатыны белгілі. Қазақ әдебиеті мен көркемсөзінде ирония әр кезеңдерде түрлі қалыпта, сан қилы қарқында көрініп келеді. Кеңестік ой құрсауы мен сөз бұғауы үзіліп, сөзге еркіндік тиген тәуелсіздік кезеңінде публицистика мен әдеби сынның, эссеистиканың негізгі құралдарының арасында да ирония мен сарказм ара-тұра орын алып келеді. Көптеген әдебиетшілер мен көсемсөзшілер өздерінің өткір мақалаларында, уытты да тапқыр эсселері мен очерктерінде, басқа да авторлық жанрларда ирония ның өтімді де өрнекті қызметін пайдаланып отырады.

Қаламгерлердің көркем-публицистикалық жанрларда өз ойы мен көзқарасын ашық білдіруіне посткеңестіктік кезеңде сатира мен юмордың әдіс-тәсілдерінің көмегі біршама мүмкіндік берсе, тәуелсіздік кезеңінде көсемсөз кеңістігінде ирония ның стильдік қызметі арта түсуде. Әсіресе, бұл жағдай кеңестік заманның тар құрсауында тұмшаланып, шығармашылық булығуға ұшыраса да, еркін ойлауға деген талпынысын жоғалтпаған, айтпай тұра алмайтын, қаламы батыл аға қаламгерлер мен еркіндіктің саумал самалын жұтып өссе де, бүгінгі өміріміздің кейбір келеңсіздігіне риза болмай, ертеңгі күнге көбірек үмітпен қарайтын кейінгі буын өкілдеріне тәнірек екенін айту лазым.

Ирония ны зерттеудің ерекше ракурсы оның түрлі дискурстардағы қызметін айқындаумен танылады. Ирония саяси, публицистикалық, тұрмыстық, тіпті ғылыми дискурста да көрініп отырады. Алайда ирония ның таралуының маңызды саласы – поэтикалық (көркем) тіл. Поэтикалық сөйлеу тілінде ирониялық мағына тудырудың құралдары мейлінше кеңінен көрінеді. Мақтау мен қолпаштау жамылғысын бүркене отырып әжуаға айналдыратын ирония мен оның жоғары сатысы болып табылатын, ащы, зәрлі кекесін – сарказм әшкерелеудің әдісі мен формасы ретінде көркем әдебиетте, публицистикада, журналистикада табысты қызметімен көрініп жүр.

М.Мағауиннің көсемсөздеріндегі ирония да автордың кеңестік заман мен тәуелсіздік кезеңіндегі қоғамдық шындықтың ішкі болмысына, қиюы кеткен қайшылықтарына жарық сәуле түсіруге қызмет етеді. Жазушының мақалалары мен сөйлеген сөздерінде де ирониялық назар тұрақты қалып алып отырады, сол секілді кейбір көркем шығармаларындағы публицистикалық дискурста ащы кекесін мен әжуаның аңғайымен баяндалатыны бар. «Рухани езгі және отарлық сана» деп аталатын мемлекеттік қызмет академиясындағы сөйлеген сөзінде: «Қазақтың малының бәрін сыпырып алып, қан сасытып түгел сойып, бүкіл дүниеге тасыды. Теміржол бекеттерінің басында тасылмай қалған, тасылып үлгерілмеген еттер тау болып үйіліп жатты, қыс бітіп, күн жылынғанда сасып-шіріп, ғаламат жағдайлар болған. Социализмнің жұпар иісі!» [2, 90 б.]. Бұл үзіндіде бастапқы баяндалған түсіндірмені соңғы «Социализмнің жұпар иісі!» деген сөз тіркесі өткір ирониялық леппен ашып отыр.

Суреткер нені айту керек және қалай айту керек деген жағдайда мәтіннің, мәтіндегі ойдың салмағына екпін түсіру үішн кейде ирониянын көмегіне жүгініп, тосыннан жол тауып отырады. Мысалы, 1999 жылы қаламгерлер мен зиялы қауым өкілдерінің жиналысында сөйлеген сөзінде жерді сату туралы мәселенің маңызын ұғындыру үшін қызықты аналогияға барып, былай бастайды: «Мен бала кезімде қой сойғанды көп көрдім. Қазір де көрем, анда-санда. Сендерге де таныс жағдаят. Қой үнсіз, түнсіз келеді. Кейбіреулері ғана маңырайды. Көбіне маңырамайды. Бауыздалады, кетеді. Ал шындығында дәл солай емес. Мен қойды бауыздаған сайын, көзіне қараймын. Сонда сол үнсіз қойдың көзінде үмітсіз шарасыздық қана бар. Ол өлетінін біледі. Бауыздалатынын біледі. Ең соңғы сәтте, аяғын байлай бастағанда құмалақтап жібереді. Қолынан келетіні – сол ғана. Біз сол қазір құмалақтап жатқан уақытымыз. Мен сиырды сойғанын көрдім. Сіздер де көрген шығарсыздар. Бала кезімде біздің көршіміз соғымға өгіз сойды. Соқаға жегілген өгіз, арықтау. Аз уақыт шөп салып, семірткен болды. Сойды. Сонда, әкеле жатқанда, өгіз өкірді. Күресінде, қыс кезі болатын, қар жауған. Күресін қан болды. Өкіргеніне қарамай, сойды өгізді. Сол күні түстен кейін, ертеңіне, сол маңайдағы сиырлардың бәрі келіп, сол күресінге, түгелдей өкіріп, мүйіздерін шайқап, шыркөбелек айналып, шапқылап, азан-қазан болғанын көрдім. Тоғыз-он жасымда. Есімнен кетпейді. Енді, 20-сы деді ме, 21-і деді ме, Парламентте бұл заң қабылданады. Сол кезде өкіретін боламыз. Өйткені, осы біздің бүгін айтып жатқан сөздеріміздің бәрі бос сөз, бекер сөз. Біз ертерек жиналуымыз керек еді. Ертерек айтуымыз керек еді, қыстың күні, жазғытұрым дегендей. Бірақ, бәрібір, осы нәтиже болатын еді. Неге десеңіз, жаңағы қойды сойғанда, сиырды сойғанда, жек көргеннен соймайды. Қазақ жегісі келеді. Біледі, малдың өлетінін, обал болатынын. Обал болатынын біледі де: «Сенде жазық жоқ, бізде азық жоқ», – дейді. Өзін-өзі ақтайды қазақ. Сосын жейді. Ал, біздің жазығымыз бар. Жейтіндерде азық және бар. Мол, жеткілікті. Бірақ тоятын түрі жоқ. Енді бізді қоса жегісі келеді. Жазығымыз – осы. Жерді мекендеп отырғанымызда. Осы Жердің бетінде отырмыз. Бөгет болып. Яғни, аластау керек» [2, 95-96 бб.].

«Жер атаулары – тарих таңбасы» мақаласында тәуелсіздік алған жылдардағы жер атауларын жөнді-жөнсіз өзгерте беру етек алғандағы кейбір тарихи жер атауларының өзгеріске ұшырауына кейістік білдіреді: « ...Ертең Абылайдың атына бір аудан береміз. Кенесарының атына бір аудан. Қасым, Салқам Жәңгір... Өткен тарихымыздағы барлық тұлғаларды түгендеп шығамыз. Сонда қазақ жерінің ежелгі атауларынан не қалады? Жер таусылған кезде Алатауға Тұрар Рысқұловтың атын беру керек, Қаратауға Ораз Жандосовтың атын беру керек, Көкшетауға Сәкен Сейфуллиннің атын беру керек деген ұран көтермесіне кім кепіл? Жарайды, Алатауды да, Көкшетауды да сұңқарларға бердік. Бүгінгі тұлпарларымызға не қалады? Әлде, жағалай үлестіре берсек, ертең бізге де бірдеңе бұйырып қалар деп ойлай ма екен бұл шіркіндер. Бұйырсын. Одан да соңғы пырақтарыңызға қолдан тау

жасайсыз ба, қала тұрғызасыз ба, әлде кейінгілері мықты көрініп, әуелгілерді қайта өзгертесіз бе?..» [3, 107 б.].

В.Пигулевский мен Л.Мирская «Символ және ирония» деген еңбегінде былай деп жазады: «Ирониянын мәні – автордың айтып отырғаны мен айтайын деп отырғанының арасындағы қайшылықта жатады. ...Риторикалық ирониянын сипатты белгісі тура мағына контекстегі қарама-қарсы мағынамен ауыстырылатын инверсия болып табылады [4, 33 б.].

Көркем-публицистикалық мәтіндегі ирония – өрісі кең құбылыс. Ол көбінесе автордың ирониялық ишара-тұспалы арқылы-ақ оқырманының зердесіне жетіп, авторлық интенция мен оқырмандық қабылдау арнасын жалғастырып жатады. Көркем мәтіндегі публицистикалық баяндау арнасындағы ирониялық назарды қарастырып көрелік.

Жазушы «Салах-ад-Диннің үкімі» әңгімесінде атақты тарихшы Шейх Әбубәкір ибн Мүджәхид әл-Бағдадидың «Ғақлия кітабы» мен кешегі кеңес заманының тарихшысы Бектеміс Шәкеевич Ақпанбетовтың «Кіші Октябрь» атты екі томдық мемуарындағы екі оқиғаны сабақтастыра баяндай отырып, түрлі кезеңдегі (жеті жүз қырық жылдан кейінгі) жағдаяттың ұстанымы мен үлгісін, ізі мен салдарын, ғибраты мен кесапатын, шындығы мен сұмдығын шебер шендестіре білген. Осы екі оқиғаны байланыстыра еске алуға куәлік ретінде кекілік пен үйрек бейнесінің дәнекерлік қызметі орайлы да сәтті пайдаланылған. Әңгімедегі оқиғаның қысқаша желісі мынадай.

Крестшілерді тас-талқан етіп жеңген Салах-ад-Дин сұлтан кезекті жеңісінен кейін бір сәт буын босатып, әскербасы, әмірлерімен ойын-сауық құрып, той тойлайды. Осы той үстінде сұлтан алдына әкелінген сала құлаш сары табақтағы бір қазан кекілікті бір-бірлеп өзінің үзеңгілес серіктерінен бастап ұрысқа қатысқан сардарларына атын атап тұрып үлестіреді. Табақта қалған соңғы кекілікті Зәңгі дейтін әскербасына ұсынады. Бұл – жас кезінде қарақшы болған, енді Салах-ад-Дин сұлтанның кеңпейілділігімен әскербасыларының бірі болып жүрген кісі болатын. Манадан бері «крестшілер іскерін жалғыз өзі жайратқандай» болып даңғырлап отырған Зәңгі қолына кекілік еті тигенде есі шығып кетіп, сұлтанға алғыс айтуды да ұмытып, кекілікті басынан асыра жоғары көтеріп, бірдеңе есіне түсіп, қарқылдап күледі. Сұлтан ашуланып, оның неге күлгенінің себебін сұрағанда, зәңгі өзінің басынан өткен бір оқиғаны айтып береді.

Жас кезінде қарақшылықпен айналысып жүргенде үш күн қатарынан нәтижесіз жол тосып жүріп, бір күні арып-ашып жалғыз есек айдаған жаяу шәкірт жігітті ұстап алып, киімдерінің дал-дұлын шығарып, есегін басқа ұрып бақыртып, бүйірін теуіп, қабырғасын сындырып, қағаз-кітаптарын шашып, жансауға сұрағанына қарамай, қидалап өлтіруді ойлайды. Сонда қарақшының аямасын білген жігіт тас үстінде отырған жалғыз кекілікке қарап былай деп айғай салады: «Әй, кекілік! – дейді. – Кекілік-ау, кекілік! Таңда махшар күні куәлік бер! Мына жауыз менің нахақ қанымды төкті!»

Жазушы осы тұста негізгі әңгімесінің желісін үзіп, осыған ұқсас екінші бір жағдаятты әңгімелеуге ауысады. Атақты революционер-большевик, Одақ пен республиканың пәлен мәрте халық депутаты, лауреат, профессор Б.Ш. Ақпанбетовтің «Кіші Октябрь» деп аталатын өмірбаяндық кітабындағы эпизодты баяндап кетеді: «Біз жеңдік! – деп жазады советтік революцияның мақтанышы болған, бүкіл Одаққа, қала берді социалистік лагерьге даңқы кеткен мемлекет қайраткері, атақты тарихшы. – Патша өзінің бүкіл тұқым-жұрағатымен бірге атылып, көмусіз көрге түсті. Ақгвардияшылар біржола аласталды. Қазақстан шегінде өзінің халқына қарсы күрескен алашордашылар түгелімен жаныштады. Байлар мен олардың құйыршықтары ел бетіне қараудан қалды. Барлық жерде билік советтердің қолына көшті. Яғни, тап тартысы шиеленісіп, өзінің шарықтау шегіне жетті. Оның мәнісі – революция жаулары астыртын әрекетке көшті. Астыртын әрекетке көшіп, аяусыз күрес жолына әзірлене бастады. Қазақстанды түбегейлі советтендіру үшін мұндай

тіміскі ой, бүлік істердің алдын алу керек еді. Революциялық күрестен шалғай қалған қазақ ауылдарын жат элементтерден тазарту қажеттігі туды.» [5, 29 б.].

Мұндағы революционер-большевиктің совет үкіметін орнату жолындағы «жалынды күресін» баяндайды. Сарыкөл жағасындағы Беркімбай аулына түнделетіп жетіп, тым-тырақайын шығарғанын, Алаштың тілеулестеріне көрсеткен зәбірін өз аузымен айтқызады. «Алаш жастарын» жеке үйге қамап, сыртынан күзет қойып, төңкерісшілер түнімен сайран құрады. Баяндаушының барлық сөзінен алашшыларға деген өшпенділігі, советтік идеяға деген сенімі мен көзсіз берілгендігі, қанша жыл өтсе де жасаған ісіне деген мақтаныш сезімі анық көрініп отырады. Ойранды олжа көрген танымы мен көзқарасын айқындап, қуанышын жасырмай жайып салады. Баяндаушы сөзіндегі адамдарды малша айдаған топалаң суреттерінен оқырманға бағытталған ойлы ироиялық ишара байқалады. Ұзақтау болса да мәтіннен үзінді келтіре кетелік: «Ол заманда қазақ қызы қазіргідей емес, өз қалауымен күйеуге тимейді, арыз айтпаса да еріксіз келгені көз жасынан көрініп тұрған, бет-аузы бұлаудай қалыңдық, осындай зорлықты некеге амалсыз куә болып, үрпиіп отырған қыз-қырқын, олар да өз кезінде еріксіз малға сатылған, соншама қорлық өмірден соң тіршіліктен түңілген жас келіншектерді тобымен тағы бөлдік, «қалыңдық бастап, бұлардың бәрі де сол күні біздің революциялық жасақ жауынгерлерінің ішінен өз сүйгендерін тапты, ұлтқа, дінге, таптық жікке қарамайтын махаббат дейтін қасиетті сезімнің шырынын еміп, сырын ұқты. Мен, оқушыма белгілі, бұл кезде үйленген адаммын, алғашқы сәбиім Дамир («Да здравствует мировая революция!» ұранынан қысқартылып алынған; замана рухын танытатын мұндай есімдер, қазір, өкінішке орай, азайып барады», – дейді жақша ішінде біздің құрметті академигіміз), осы Дамир былдырлап сөйлей бастаған, мен революцияшыл жастардың ойын-сауығына араласпадым. Қартайып отырғам жоқ, жиырмаға жаңа іліндім, сезімге ерік беріп, араласып кетер ме едім, қайтер едім, егер партия жүктеген маңыздырақ шаруа болмаса. Сондықтан ауылдағы көзі ашық кедей-кепшікті, әлі оң-солын танымаған тағы біраз жұртты жиып алып, түннің бір уағына дейін үгіт-насихат жұмыстарын жүргіздім» [5, 30-31 бб.].

Таң ата бұлар «әлгі үш бөлтірікті» (белсенді алашшыларды) көл жағасына айдап әкеледі. Егоров революциялық трибуналдың үкімін шығарып, бұларды ату жазасына кеседі. Намысы қысып алға ұмтылған Дәулетті Егоров атып салады да, келесі кезекті – Ойрат Сартаевты атуды Егоров Сейсен Бөкеновке бұйырады. Ол бас тартып, кейін шегініп кетеді. Сосын оны Б.Ақпанбетов атып салады. Ол және үшінші құрбан Жәңгір Ерденовті атпақ болып, маузерді кезегенде ол: «Сорлы!» – деп бетіне бажырая қарап, айтарым бар дегендей ишарат жасайды. Сондағы айтқаны: «Үйректерді үркіттіңдер...». Бұларға таяу маңда топ-топ үйрек бұл араға қонбай, аулақ ұшып бара жатқанда, екі үйрек айналсоқтап, ұзап кете алмай, тынымсыз қырқылдап жүрген. «Хош, көк ала үйрек, – деді буржуазияшыл кертартпа роман, поэмаларды оқып, көз ашқан, Байронды қастерлеп, Мағжанды жаттап өскен ұлтшыл, басқа сөз таба алмай. Бір сәтке болса да өмірін ұзартқысы келеді. – Хош, қоңыр үйрек!..» Мен маузерімді кезендім. «Кеш, көк аспан! – деді Жәңгір екі қолын бірдей көкке созып. – Аман бол, Алаш» [5, 34 б.].

Енді әуелгі әңгіменің жалғасы баяндалады. Зәңгінің көз алдына мүскін шәкірттің кекілікті куәге тартқан кейпін елестетіп, күлкіге айналдырған сөзін сұлтан ақырып қалып, кілт тыяды: «Тоқтат, қанішер малғұн! – деді Салах-ад-Дин оқыс ақырып. – Күмәнің болмасын! Ахиретте, жаhаннамға түсер кезде кекіліктің куәлігі алдыңнан шығады. Бірақ кісінің ісі кісіден қайтпақ. Алланың дәргейіне барғанға дейін, бұл дүниеде таразыға тартылмай кетер пенде болмаса керек. Мен сенің ел тонаған ұрлығыңды, жол тосқан қарақшылығыңды кешіргем. Тар жерде, қару қағыста төгілген қанға да құдай төреші. Дін ислам түп көтерілген зор майданға кешігіп жеткен айыбыңның төлемін де кейінге қалдырып едім. Бірақ қарусыз мүскіннің, жазықсыз мұсылманның нахақ қанын төккеніңді кешірмеймін. Алланың

сотынан бұрын адамның сотынан өтесің. Жасауыл! Мына жауыздың басын шап! – деді әділдігі әйгі сайыпқыран сұлтан» [5, 35 б.].

Сөйтіп, зұлым қанішер Зәңгі өлімге қиылады. Әділ жаза кесілді. Иман жолымен үкім шықты. Сонау бір өткен замандағы оқиға сабағы түйінделіп, әділет жеңді. Ал бергі замандағы жазықсыз талай жандарды қанға бөктірген зұлымдық істің үкімі ше! Оған тарих үкім айта ма? Күні кеше ғана өздерінің істегенін әділдік, адалдық деп есептеп келген бүкіл бір дәуірдің, советтік қоғамның, қандықол қағидаға негізделген қияли да киянпұрыс идеяның салған сойқандарының өтеуі қалай болмақ? К.Маркс теориялық тұрғыдан негіздеп көрсететін «тарих тәлкегінің» («ирония истории») көрінісі осылайша алдымыздан шығады. Әрине, жазушы үкім шығаратын сот емес. Алайда, көне заман тарихшысы айтқандай, Салах-ад-Дин сұлтанның ғибрат үшін жазып қоюға бұйыруы тегін емес. Нағыз үкімнің орындалғаны осы. Жазушы соны меңгеп отыр.

Көптеген қаламгерлер үшін ирония дүниетанымдық позицияның тірегі болмақ. Ол автор үшін өзінің сыни позициясын астарлап білдірудің, дүниенің кемшіліктерін көрсетудің, сөйте тұра «көзге түспей қалудың» құралы болды. М.Мағауиннің публицистикалық шығармаларында ирониянның нысаны қоғамның өзекті мәселелері болып келеді. Ол қоғамдық өмірдегі түрлі түйткілдерді – саясаттағы шалағайлықтар мен санадағы сорақылықтар, билік жүйесіндегі олқылықтар мен ұлттық мүдденің аяқасты болуы, билік тұтқасында отырғандардың жеке мүддесі жолындағы жансебілдігі мен ел мен жер қамының ескерусіз қалуы секілді бүгінгі қоғамымызда көпшіліктің көкейінде болса да, ашық айта алмай отырған сорақылықтарды елдік, мемлекеттік мүдде тұрғысынан қоясын ақтарып берді.

М.Мағауиннің публицистикалық шығармашылығы – автордың өмірлік тәжірибесі мен замана, қоғам туралы толғамдарының жемісі. Автор публицистикасын оның көркем шығармашылығынан бөлік қарауға болмайды, көркем прозасы мен көсемсөздік прозасы өзара сабақтасып жатса, тақырыптық-идеялық жағынан да өзектес, жеделдес болып жатуы заңды құбылыс. Автордың публицистикалық еңбектері де – қоғамдық-әлеуметтік өзекті мәселелердің автордың шығармашылық санасында көркем қайнатылуы мен көсемсөзбен қорытылуы деп білуіміз керек. Туындыгердің бүкіл саналы ғұмырында жинақталып, өмірлік позициясы тұрғысынан қорытылған танымдық материалдар (отандық тарих пен бүгінгі қоғамның шындығы) көркем-публицистикалық тұрғыдан баяндалады.

«Ұлтсыздану ұраны» мен «Қазақсыз Қазақстан» мақалаларында XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы, егемен Қазақстанның ширек ғасырдай ғұмырындағы оныңтағдырына деген алаңдаушылық өткір қойылған. Қазіргі қоғамның өткір деген көптеген саяси-қоғамдық проблемасы осы мақалаларда қамтылып кетеді деуге болады. Қоғамдағы тарихи жадының жоғалуы, елдік мүдденің аяқасты болуы, халық пен билік арасындағы барған сайын белең алып бара жатқан алшақтық секілді тірек мәселелерден туындайтын қазіргі Қазақстандағы әлеуметтік, саяси және мәдени өзекті жайлар оқырманның санасына қозғау салады.

М.Мағауин публицистикалық талдаулары да көркем прозасы секілді идеялық тұтастығымен ерекшеленеді. Ол тұтастықтың негізі – тақырып пен мазмұнға қарамастан еш бүкпесіз әрі өзгермей отыратын, автор ой-танымының арқауы болып табылатын авторлық позиция.

Әдебиеттер:

1. Севильский И. Этимологии, или Начала в XX книгах. – СПб., 2006. – 305 с.
2. Мағауин М. Ұлттың күре тамыры // Жұлдыз. – 1999. – №9-10. – Б. 151-162.
3. Мағауин М. Жер атаулары – тарих таңбасы // Жұлдыз. – 1999. – №9-10.
4. Пигулевский В.О., Мирская Л.А. Символ и ирония. – Кишинев, 1990. – 165 с.
4. Мағауин М. Салаһ-ад-диннің үкімі // Жұлдыз. – 1999. – №11.

***

Кабылов А.Д.

Ирония и публицистические высказывания

В статье рассматривается применения иронических приемов в публицистических произведениях видного казахского писателя М.Магауина. Ирония как форма критических отношении широко используется в общественно-политических и социально-бытовых сферах высказываний. Постоянное применение иронии как художественного средства и пафоса в публицистических произведениях писателя анализируется в конкретных примерах.

Ключевые слова: Публицистика, художественный текст, ирония, иронические высказывания, критический анализ, форма смеха, статья, дискурс.

Kabylov A.D.

Irony and publicistic statements

The article deals with the application of techniques in publicistic ironic works of a prominent Kazakh writer M Magauin. Irony as a form of critical respect is widely used in the socio-political and socio-domestic spheres statements. Constant use of irony as an artistic medium and pathos in the works of the publicistic writer is analyzed in the specific examples.

Keywords: Journalism, literary text, irony, ironic remarks, critical analysis, a form of laughter, art, discourse.

***

ӘОЖ 82-312.4 (410)

Осипьян Н.Д. – ф.ғ.к., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Сагалиева С.Н. – магистрант, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: *sagaliyeva.s@gmail.com*

АГАТА КРИСТИ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. *Мақалада Агата Кристи шығармаларындағы тек өзіне тән ерекшеліктері аталып, сонымен қатар оның шығармалары өзіндік мағыналық және стильдік ерекшеліктерімен көзге түсіп отыратын және әлі де болса толық зерттеуді талап ететін әдеби туындылар қатарына жататындығы жете талданған.*

Тірек сөздер: *Оқырман, туынды, кейіпкер, шығарма, детективті, айғақтар, қылмыс, ерекшелік.*

Агата Мэри Кларисса Маллоуэн бәрімізге Агата Кристи ретінде танымал. Ол ағылшын жазушысы, детективтер ханшайымы, өз заманымен қоса адамзат тарихының ең көп шығарылымға, сұранысқа ие болған туындылардың авторы. Оның жазған 60 детективті, 6 психологиялық және 19 әңгімелер жинағы оқырмандарын шытырман оқиғаларымен қызықтырып, жұмбақ өлім, тылсым әрекеттері арқылы еріксіз баурап алады. Осыған байланысты Агата Кристидің шығармалары халықаралық деңгейде оқырмандар мен өз әріптестерінің тарапынан қызығушылыққа ие болып, өзге авторларға ұқсамайтын ерекшеліктерімен назардан тыс қалған емес.

Зерттеулерге сүйенсек, көптеген жазбаларда Агата Кристидің жазған шығармаларындағы негізгі ой мен оның туындауы, шарықтау шегіне жеткенше даму жолы, автор ойының өрбуі, шешілген мәселелері мен оның тоғысар қорытындысы, бәрі-бәрі оның өзінің шынайы өмірінің айнасы іспеттес. Мысалы: Агата Кристидің «Дайын портрет» шығармасындағы Тереза Нил кейіпкеріміз де шынайы Агатаның бақталасының есімін жамылып, өз әрекетін басқаның көлеңкесінде бейнелеуінен туындаған мысал десе болады.

Агата Кристидің шығармаларын салыстырмалы түрде бағалауға ниет еткен зерттеушілердің Агатаның бұл қылығына берген бағасы да аз емес. Оның бірі Агата Кристидіңарнайы психологының айтқан жауабына сүйенсек, яғни, осыған дейін

жазушының басынан алған соққы салдарынан болған амнезия нәтижесі деп көрсетеді. Керісінше, екінші жақтың болжамына сүйенсек, Агатаның күйеуіне ерегесіп біраз уақыт жоғалып кетуі өз оқырмандарын көбейту, өзіне тарту мақсатында болуы да ғажап емес деп те айтады [1, 5 б.]. Осының бәрі жазушының 1934 жылы жарыққа шыққан «Аяқталмаған портрет» туындысында Мэри Вестмакотт рөлінде, бірақ өзінің шын өмірімен тікелей байланысты бейнеленген.

Басқа да жазбаларға сүйенсек, Агата Кристи өзінің жоспарлаған шығармаларына идея туындап, қызықты әрі өзекті мәселелерді көтеруге қолдау көрсету үшін өзінің отбасы немесе достары арасындағы жылы қарым-қатынасты тиек етеді. Оның идеялары кез-келген уақытта ойына оралып, ол сол жаңа идеяларды арнайы жазба дәптеріне тіркеп отыратын болған. Ал сол жазба дәптерінде жай ғана жазылған идеялармен қоса, газет, журналдардың беттерінен қиылып алынған қылмыс, түрлі улы заттардың құрамдары мен әрекеттері, одан қалса күнделікті тіршілікте кездесетін оқыс оқиғалардың немесе басқа да келеңсіз жағдайлардың суреттері жапсырылған деседі.

Агата Кристидің тілінің байлығы ғана емес оның өмірге құлшынысы, өмірден көрген қиындықтарына философиялық тұрғыдан салыстырмалы түрде оң шешім табуға талпынысы, оның өмірге деген көзқарасының тереңдігін көрсетеді. Ол жан-жақты тақырыпты қозғай отырып, айналасында болып жатырған әрекеттерді өз шығармаларына сын етіп алып отырған. Өмірдің қоғамдық ортасындағы проблемаларын да ашық ортаға салып, оқырмандарының ашу-ызасын келтіретін тұстарды дөп тауып, оған бірде басу айтса, бірде мысқылмен белгілі бір кейіпкердің жағымсыз образы мен әрекеті арқылы сипаттап көрсетуге тырысады.

Агата Кристидің шығармаларының тағы бір ерекшелігі өз заманының қисынсыз құбылыстары, сот төрелігінің әлсіз тұстары мен кәсіби төмен сот төрелерінің шешімдерін өз шығармаларына тиек етуі. «Бес торай», «Пәктікті сынау» атты романдарында сонау замандағы әлеуметтік проблемаларды қозғап, ағылшын сот төрелігінің қателіктері нәтижесінде опық жегендер туралы басып айтады [2, 96 б.].

Агата Кристидің шығармашылығының тағы бір асуы оның «10 негр баласы» атты романының жарыққа шығуы. Кішкене аралда болған көрініс туралы шыққан кітап өз оқырмандарын тез тауып, озық сатылымға ие болған шығарма. Бұл шығарма турасында түсірілген кино да көпшіліктің назарына ие болды, әрі аталмыш фильм өз құндылығын осы күнге дейін жойған жоқ деп сенімді түрде айтуға болады. Ал, қазіргі таңда шығарманың негізгі атауы саяси алаңдатпаушылықты туғызбауы үшін өзгертіліп беріліп жүр.

Аталмыш жазушының жоғарыда айтылған шығармаларынан келтірілген мысалдардың барлығы оның жазу дағдысының ерекшелігін айқындайды. Шығармада көтерілген мәселенің бастауы мен оның аяқталуы арасындағы ойдың әдемі өрбуі, шиеленісуі мен шешілуі тағы да автордың жазу стилінің ерекшелігіне байланысты. Ендеше, Агата Кристидің шығармаларындағы кейіпкерлердің өмірін суреттеудегі жазушының басқа да ерекшеліктеріне толығырақ тоқталып өтейік.

Н.П. Михальская айтқандай, «Кристидің атақты кейіпкерлері шебер детектив Эркюль Пуаро мен таңқаларлық интуиция, бақылаудың шебері Сент-Мэри-Мидтен келген Джейн Марпл, ағылшын жазушысы Конан Дойлдың Шерлок Холмысы мен француз жазушысы Жоржа Сменнің Мэгресіденгейінде жан-жақты танымал болды...» [3, 39 б.].

Агата Кристидің өлімінен кейін 1977 жылы жарыққа оның тағы бір «Автобиография» атты кітабы шықты. Ол кітап арқылы Агата Кристидің шығармаларының әсерлілігінің кейбір құпиялары ашылды, «детектив ханшайымы» атағына лайық болуының тағы бір қыры көрінді.

Әрине, керісінше, Агата Кристидің шығармаларындағы кейіпкерлердің бірқалыпты стереотипі, шығарма мазмұнындағы өлім туралы кейбір зерттеушілердің қарсы пікірлері ескерілгеннің өзінде, аталмыш жазушының еңбегінің бағасы

ешқашан түскен емес. Оның шығармалары әдетте атақты Марджери Эллингем, Дороти Сейерс пен Найо Марш, ал соңғы әдебиет саласындағы Рут Ренделл мен Филис Дороти Джеймстерді ескергеннің өзінде Агата Кристидің кітаптары әлі күнге дейін кітап сөрелерінен еш арылған емес және әрдайым тұрақты саталымда. Осынау еңбегінің нәтижесінің жоғары деңгейге жетуінің құпиясы неде? Танымал болуының құпиясы неде? Ендеше, Агата Кристидің шығармаларындағы ерекшеліктерге де тоқталып көрейік.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, біреулер Агата Кристидің детективті әңгімелерінің мазмұн сарыны бірдей, қорқынышты немесе шығарма соңында өліммен аяқталып, оқырманға негативті әсерін береді десе, бірі детективті шығарманың шым-шытырық иірімдері арқасында шығарманың соңына жетуге асығады деп мысалдар келтіреді. Ал Агата Кристидің «Автобиография» шығармасында жазушы өз оқырмандары мен әріптестері тарапына арнайы детективті шығармалар туралы өз ойын қалдырған. Жазушының ойынша детективті шығарма жазудың ұтымды жері оны жазу барысындағы жазушыға берілетін еркіндік болып есептеледі. Қарапайым ғана жолмен триллер жазуға немесе нәзік сюжетті ойлап табуға болады. Екінші жағынан, автордың ойынша детективті роман шығармасындағы ұсақ бірақ егжей-тегжейлі әрекеттерді баяндай отырып, осыған дейінгі жұмсаған еңбек пен уақытты тез қайтарып аласың. Одан қалса, Агата өз түсіндірмесінде оқырман автордың таңдап алған жолына сәйкес, драмалық қитұрқы әрекеттер арқылы ойлана отырып, ереже бойынша, кінәсіз кейіпкерлерді құтқаруға тырысады деп баяндайды. Бұл жазба автордың өз шығармашылық жолын қаншалықты жақсы көретінін және өз оқырмандарының өзімен бірге шығарма қызығын сезінуін қалайтындығын көрсетеді [4, 110 б.].

Тағы бір айта кететін жайт, Агата Кристидің шығармашылығындағы оның таңдап алған жолы өз оқырмандарын еш жалықтарған емес. Жоғарыда көрсетілген детективті романның жазылу шеберлігіндегі критерийлерге сүйеніп, оның ережелері мен нормаларынтолық сақтау Кристи еңбектерінде толық нақышталған, сақталған. Нақ Кристидің өзі ғана жай адам бола тұрса да, ол өнердегі мистификацияны оқырман жүрегіне терең жеткізе білген жазушы болып есептеледі. Бұл да Агатаның әріптестері мен оқырмандарының, әдебиет жанашырларының оның шығармашылық шеберлігіне берген бағасы деп білуге болады.

Жекелей алғанда, Агата Кристидің шығармаларындағы тағы бір ерекшелік жазушының өз оқырманын шығармасының соңына дейін ойландырып барып, шығармадағы шынайы кісі өлтірушіні көрсетпей, оны оқырманның көз алдында ұстау шеберлігі, және күтпеген жерден таңқалдыруы. Біздің бұл ерекшеліктен байқайтынымыз, Агата Кристи өз оқырманын қай жерде ойландырып, қай жерде оның зейінін неге және не үшін аударту қажеттілігін алдын ала біледі, жоспарлайды және шынайы өмірдегі жоспары, ойлау стереотипі сәтті шығып та жатады [5, 123 б.].

Дегенмен, Агата Кристидің жазу стилінде өзіне ғана тән тағы да ерекшеліктер жиі кездеседі. Ендеше сол ерекшеліктерге ие болған шығармаларына қысқаша тоқталып өтейік. Агатаның шығармаларындағы ерекшеліктер жалпы алғанда оның барлық шығармаларында және олардың кейбірінің ғана белгілі бір бөліктерінде ғана кездесуі мүмкін.

Агата Кристидің шығармаларындағы бірінші ерекшелік әрине махаббат тақырыбына қатысты. Оның шығармаларындағы детективті оқиғалар турасында кейіпкерлердің арасындағы махаббат желісі. Махаббат желісін оның «Сұр маска», «Өңсіз жылқы», «Ханымға арналған қарғыс», «Қоңыр костюмдегі адам», «Өліммен кездесу» және тағы басқа шығармаларынан оқып білуге болады.

Екінші ерекшелік оның шығармаларындағы өлім, криминал территориясының тарлығы. Аталмыш ерекшеліктерді жазушының «Месопотамиядағы өлім», «Қапалы кипарис», «Нілдегі өлім», «Өлім ең соңында келеді», «Бес торай» және тағы басқа еңбектерінен байқауға болады. Негізінен бұл шығармаларда өлім немесе қылмыс жасаушылардан гөрі көбіне психологиялық қорқыныштың пайда болуы ерекше

болып келеді. Сонымен қатар, жазушының кейіпкерлерінің криминалдық оқиғаны зерттеу кезінде материалдық, яғни, қылмыс болған жердегі қылмыскерлер әдетте тастап кететін сигарет қалдықтары немесе басқа да заттардың орнына, кейіпкерлерімен психологиялық ойнауы да ерекше жазылады [6, 56 б.].

Үшінші болып ойға оралатын ерекшелік Агата Кристи шығармаларындағы суреттеуде түрлі әрекеттер арқылы өлімді ешкім жасамаса да, сол бағытта оқырманға әсер қалдыру. Мысалы, «Өңсіз жылқы», «Он негр баласы», «Месопотамиядағы өлім» және тағы басқа шығармалар осы ерекшелікке мысал бола алады. Кісі өлтірушінің көп уақытқа дейінгі белгісіздігін оның «Он негр баласы» шығармасындағы белгісіздік өлім туралы шығарма негізінде түсірген фильм сюжетінен де еркін аңғаруға болады. Егер Агата Кристи шығармасының ерекшеліктерін білмейтін көрермен үшін ол фильм бір қарағанда ашуыңды келтіреді, тылсым күш пен немесе тіпті фильм мазмұнында болып жатқан жағымсыз нәрселердің қай жақтан, қай қапталдан келіп жатқанын бір көргеннен біліп алу қиынырақ. «Он негр баласы» шығармасындағы кейіпкерлердің өзі өз алдына ерекше қасиеттері мен психологиялық көзқарастары түрлі адамдар тобы. Соның нәтижесінде оқырман үшін немесе шығарманың желісінде түсірілген фильмді көрушілер үшін қылмыскерді айқындау мүмкін емес шым-шытырық шығарма [7, 86 б.].

Төртінші ерекшелікке Ага Кристидің толық детективті роман жазудың ережелері мен нормаларына сүйене отырып туындаған еңбектерін жатқызуға болады. Детективтегі кейіпкердің, кісі өлтірушінің осыған дейін ақталған адамның болуы оның бірнеше шығармаларында қайталанады немесе мазмұны ұқсас десе болады. Бұл ерекшеліктерді оның «Айыпталу куәгері», «Зеро уақыты», «Бұлттағы өлім» және тағы басқа шығармаларынан тауып оқуға және аталмыш ерекшелікке көз жеткізуге болады.

Келесі тағы бір ерекшелік автордың өз оқырманын шым-шытырық сұрақтар қоюға және соларға жауап іздеуге итермелеуі. Өйткені Агата Кристи өз шығармасында өзінің барлық кейіпкерлерінің де өлімге қатысы бар екенін көрсетеді, оны зерттеу барысында өлім мотивтерімен пысықтайды. Оқырман оны оқып отырып, шығармадағы кімнің шынайы қылмыскер екенінен тез жаңылысып та қалады. Мысалы: «Шығыс экспресстегі кісі өлімі», «Мойынсұну күні», «Үстелдегі карта» және тағы басқа шығармалар легі бұл ерекшелікке мысал бола алады.

Бұл қылмыс мәселесіне қатысты тағы бір көтеруді қажет ететін мәселе Агата Кристидің шығармаларындағы кейіпкерлердің, соның ішінде кісі өлтіруші немесе қылмыскерлердің өз өздеріне толық сенімді болуы, мансапқұмарлығы, өз өздерін жақсы көретіндіктері. Аталмыш кейіпкерлердің өздеріне сенімінің жоғарылауының себебі олардың жасаған қылмыстарын жергілікті полиция қызметкерлерінің әшкерелей алмауы немесе олардың қылмыс хроникасын ашуға дәрменсіз болуы.

Тағы бір тілге тиек болар мәселе Агата Кристидің шығармаларындағы қылмыскерлердің өз өздерін сатпауы, әрі сол жасаған қылмыстарын жасырмауы. Автордың жазған еңбектеріндегі қылмыскерлердің шеберлігінің пысықтығы сол, Агата Кристи шығарма соңында олардың кейбіріне жаза да қолданбай жай ғана босата салады.

Алтыншы ерекшелік Агата Кристидің шығармадағы уақытты ауыстырып қою. Өлім алибилері мен өлім уақытын имитациялау. Бұл ерекшеліктің мысалдары: «Роджер Экройдтың өлімі», «Шығыс экспресстегі кісі өлімі», «Піл сүйегінен жасалған кинжал», «Жалтыраған дақ» шығармалары.

Жетінші ерекшелік Агата Кристи шығармаларындағы өлімге жай ғана ұры немесе бопсалаушыны кінәлау, оқырманның осы аталмыш кейіпкерлерді өлімге қатысы бар деп қабылдауы. Яғни, жазушының оқырманды шатастыру мақсатында сюжетті бұрмалау ерекшелігі. Бұл ерекшелікті Агатаның «Үстелдегі карта» немесе «Күн астындағы ыза» атты шығармаларынан байқауға болады [8, 89 б.].

Сегізінші ерекшелікке шығармада жазушының кішкентай балаларға арналған тақпақтар мен санамақтарды қолдануын жатқызуға болады. Мысалы жоғарыда аталған «Он негр баласы» шығармасындағы әдемі музыкамен көркемделген тылсым

санамақ. Одан қалса, «Іс жабылды», «Хиккори, дигори, док...», «Миссис Макгинти өмірмен қоштасты» атты шығармаларындағы шырмауық сюжет және балалықты көзге елестетер көңілді әрі тылсым дүние.

Тоғызыншы ерекшелік Агата Кристидің шығармаларындағы балалар образының өте сирек бейнеленуі. Шындығында, балалар образын жазушы шығармаларынан табу кей кездері қиындық тудырады десе де болады. Бұл ерекшелікті оның «Күн астындағы зұлымдық» немесе «Қисық үйшік» шығармаларынан ғана табуға болады деседі [9, 112 б.].

Соңғы немесе оныншы ерекшелік оқырман көңілін айғақтарға емес, кісі өлтіруші психологиясына аударту және айғақтарды мойындамау. Бұл ерекшеліктерді «Екінші гонг», «Үстелдегі карта», «Бес торай» және де басқа шығармалардан кездестіруге болады.

Негізінен алғанда, Агата Кристи шығармаларындағы зерттеулерге сүйенсек, оның шығармаларындағы әңгімелеушінің кісі өлтіруші болуы немесе шығарма сюжетіндегі барлық кейіпкерлердің де өлімге немесе шығарма мазмұнындағы қылмысқа қатысты болуы Агата Кристидің ең танымал жазушылар қатарына қосылуына зор ықпал етті. Бұл аталмыш екі ерекшелік жазушының тек өзіне ғана тән ерекшеліктер мен өзгешеліктер болып саналады. Әрине әдебиет жанры біреу болғандықтан жазушылар шығармалары арасындағы сөз саптау, сюжетті өрбіту сұрақтары мен кейіпкерлерді сипаттауы өте ұқсас болуы мүмкін, дегенмен, Агата Кристидің шығарма жазу мәнері қайталанбас шығармашылық болып есептеледі деген бағаға әлдеқашан ие болған.

Сонымен, Агата Кристидің ешбір басқа жазушыларда кездеспейтін, тек өзіне ғана тән суреттеу мен сюжетті шиеленістіру ерекшеліктерін байқадық. Жоғарыда мысалдарда көрсетілген шығармалардың барлығы да оқырманға шытырман оқиғаларға тәуелді болуға ықпал етеді және тілдік тазалық пен ойнақылық нақыштарымен безендірілген өз заманының қазынасы. Агата Кристидің шығармаларындағы кейбір ерекшеліктерді оқи отырып, олардың кейбір шығармаларда қайталанатынын немесе бір шығармадағы қызықты сюжеттер аталмыш он ерекшеліктің бірнешеуіне де қатысты екенін аңғаруға әбден болады. Жалпы алғанда, жазушының романдардағы кейіпкерлері, олардың өзара қарым-қатынасы шытырман оқиғаларға толықтырулар мен әшекей ретінде пайдаланылатын көруге болады.

Агата Кристи шығармаларындағы ерекшеліктер туралы айтсақ, шығарма мазмұны бойынша кейіпкерлердің барлығы қылмыс немесе белгілі бір аймақтағы кісі өліміне қатысты айғақтарды іздеуге кетсе, сол арада шығармада өрбіген идеяға түк қатысыжоқ біреудің өлімге тікелей қатысы бар болып шығатыны жайында да жазуға болады. Яғни, жазушы өзі идеяны ойлап табады, оны өрбіте отырып, түрлі әдістерді пайдалана отырып, кісі өлтірушіні жасырады.

Агата Кристидің шығармаларына берілген критикаларды оқи отырып, қанша дегеннің өзінде автордың әділетті түрде детектив жазудың асқан шебері немесе түпнұсқалық детектив жолдарын толық сақтай отырып, оқырман көзқарасына асқан шеберлікпен жол таба алады. Осы ерекшелігі арқасында өзін соншама озық жазушылар мен талдай жаза білетін әріптестері ортасында өзінің орнын ойып тұрып алған жазушы болып саналады.

Келесі бір айтылып кетуді қажет ететін мәселе, Агата Кристи әрдайым өз оқырмандарының шығармаларды оқу кезінде жай ғана отырғызбай, жазушымен бірге кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынасты зерттеуге, өзара әрекеттесу арасындағы терең бойлауға және қылмысты ашуда дұрыс мотивтерді табуға жетелейді. Яғни, автор өз шығармаларын жай ғана жазып қана қоймай, өз оқырманының сақ болуы мен өмір драмасында кездесуі мүмкін әрекеттерге жауап беруге дайындайды, өзімен бірге қылмыс хроникасына қатысты мәселелерді талдауға шақырады [10, 128 б.].

Қорыта келе айтарым, Агата Кристидің шығармашылығы жергілікті және шетелдік жазушылар мен зерттеушілердің назарынан ешқашан тыс қалған емес. Оның

шығармалары өзіндік мағыналық және стильдік ерекшеліктерімен көзге түсіп отыратын және әлі де болса толық зерттеуді талап ететін әдеби туындылар қатарына жатады.

Д.Хагес бір шығармасында детективті романдардың кәдімгі театр пьесасы секілді жазылған жүйеге бағынатындығы туралы айта келе, жазушының жазылым кезінде берілген өлшемнен аз ғана ауытқуға мүмкіншілік алатындығы туралы айтады.

У.Х. Райт өз кезегінде «Детектив жазушыларына арналған 20 ереже» деген туынды жазды. Бұл шығарма өз алдына детективті әңгімелерді жазуға қолдау көрсету мақсатындағы ерекше «ережелер жинағы», қазіргі тілмен салыстырғанда «детективті әңгімелерді жазу стандарты». Дегенмен, Агата Кристи өз шығармаларын жазуда ұсынылған ережелер аумағымен шектелуге мойынсұнбаған жазушылар қатарына жатады.

Детектив сферасындағы шынайы зерттеу XIX ғасырда толығымен қолға алынды, сол уақыттан бастап әдебиетке жаны құмар зерттеушілер мен жазушылардың назарынан әсте қалған емес. Десе де, детективті әдебиет жанры әлі де толық зерттеуге лайық, жан-жақты зерттеуді қажет ететін мәселе. Олай дейтін себебіміз, детективті шығарма бойында қолданысқа ие болатын, детективтің композициялық және сюжеттік ерекшеліктері, оқиға мен кейіпкерлерді суреттейтін тілдік жүйелер, жазылу стилі, тілдік лексиканың қолданысы, тілдік шаблон және тағы басқа мәселелері тіл саласында толық бір орында тұрмайтын тілдік құбылыстар. Ал заман талабына сай дамып, тілдік өзгерістерді, тілге қатысты жазылған ережелерді сақтау мен әдебиет жанрына шығарма жазу кезінде оның тілдік стандарты мен нормаларын сақтау маңызды.

Сондықтан да, Агата Кристи шығармасын зерттеу, оның жалпы шығармашылық ерекшеліктерін ашу, толықтыру, әсіресе қазақ тілінде қазірге дейін жазылған әдеби ресурстарды толықтыру заман талабы. Агата Кристидің шығармасын оқу мен зерттеу әдебиет мәселесіне қатысты отырыс күн тәртібінен түспейтін, майталман және жаңа мамандарды, лингвисттерді қызықтыра отырып, анализдеу, синтездеу тек әлем әдебиеті ғана емес, еліміздің де ұлттық әдебиеті мен мәдениетіне қолдау көрсетуге маңызды мәселе.

Ең бастысы, Агата Кристидің шығармаларын зерттеу барысында жоғарыда қамтылған ерекшеліктерді ескеру, қазіргі білім саласындағы жаңару бағытындағы ұстаным, біліктілік сыни тұрғыдан ойлауға бағытталған тұлғаны қалыптастыруды көздейді. Ендеше, жаңару бағытындағы білім беру жүйесінде ашық сұрақтарға жауап беруге баулу, салыстыра отырып бағалауға қорытынды шығару, суреттеу мен сипаттаудың шебер қолданысын көрсетудің бір мысалы Агата Кристидің ерекшеліктері. Өзінің өміріндегі бұралаң жолдарды шығармаларында әдемі жеткізу, әрдайым оқырманды еріксіз сұраққа жауап іздеуге итермелеу автордың хас шеберлігі. Заман талабына сай, 50 озық елдің қатарына қосыламыз деп құлшыныс білдіріп отырған заманда оқушыларымызға, студенттер мен жас мамандарға әлем әдебиетін оқуды, әлем әдебиетін оқи отырып, қажет жерінде өз әдебиетімізбен салыстыру еліміздің алға қойып отырған тіл мәселесіне қолдау көрсетудің тағы бір жолы саналады. Егер Қазақстанның тілдерді меңгеру ұстанымындағы ерекшеліктерді ескерсек, өз ана тілімен қоса, өзге тілдерді меңгеру, олардың әдебиеті мен мәдениетіне құрмет көрсету ең басты құндылық.

Әдебиеттер:

1. *Дмитриев В. Ключ к прозе Агаты Кристи // Советский экран. –1978 – 9 октября. – С. 5-8.*
2. *Christie A. Cards on the Table. – London: Pan Books Ltd, 1979. – 288 p.*
3. *Арнольд И.В. Стилистика. Жаңа ағылшын тілі. – М.: Флинта, Наука, 2002 – 384 б.*
4. *Кристи А.Сверкающий цианид. – М.: Айрис-пресс, 2015. – 352 с.*
5. *Christie A. Best Detective Stories. – Edinburgh: Edinburgh Gate: Longman, 1996 – 137 p.*

6. *Банникова И.А. О стилистическом контексте детектива и методах его исследования и приложения // Издательство СГУ. – 2002 – 21 октября. – С. 56-61.*

7. *Christie A. Evil Under the Sun. – GreatBritain: Collins Crime Club, 1988. – 272 p.*

8. *Шагинян М. Агата Кристи // Звезда Востока. – 1982. – №6. – С. 89-91.*

9. *Кристи А. Собрание сочинений. Том 1. Таинственное происшествие в Стайлз. Таинственный противник. Убийство на поле для гольфа. – М.: Артикул-принт, 1995. – 639 с.*

10. *Christie A. Why Didn`t They Ask Evans? – London, 2000. – 256 p.*

***

Сагалиева С.Н., Осипьян Н.Д.

Особенности произведений Агаты Кристи

В статье перечисляются особенности, свойственные только произведениям Агаты Кристи, также анализируются качества, по которым можно отнести ее произведения в ряд произведений, которые выделяются смыслом и своеобразным стилем и требует дальнейшего исследования.

Ключевые слова: Читатель, произведение, персонаж, сочинение, детективный, доказательства, преступление, особенность.

Sagaliyeva S.N., Osipyan N.D.

Peculiarities of works of Agatha Christie

The article deals with the features peculiar to the works of Agatha Christie, also analyses the quality according to which one can include her works in a number of works that stand out with sense and a unique style and requires further study.

Keywords: Reader, work, character, composition, detective, evidence, crime, peculiarity.

***

ӘОЖ 94(574):929(419)

Рысбеков Т.З. – т.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Гарифуллина А.Б. – магистрант, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: *shinee_star_7@mail.ru*

ОРЫНБОР ӨЛКЕСІНІҢ ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРЫ О.А. ИГЕЛЬСТРОМ ЖӘНЕ КІШІ ЖҮЗ

Аңдатпа. *Мақалада патшалық Ресейдің XVIII ғасырдың соңы - XIX ғасырдың басындағы отаршылдық империялық саясаты және Кіші жүздегі 1780-1790 жылдардағы халық бұқарасының отаршылдыққа қарсы күресі, О.А. Игельстром реформасының мәні мен салдары зерттеліп келтірілген.*

Тірек сөздер: *Патшалық Ресей империясы, Кіші жүз, Нұралы хан саясаты, генерал-губернатор О.А. Игельстромның реформалары.*

Қазақстанның Ресей империясының құрамына кіруі құрлықтағы әлеуметтік-экономикалық және геосаяси процесстердің обьективті дамуының қорытындысы болды. Нәтижесінде әлемдік шаруашылықтың қалыптасуына, ірі европалық державалардың сауда жолдарында гегемониялыққа ұмтылған әлемдік әскери-саяси және сауда өнеркәсіптік бәсекелестігіне әкелді.

Император I Петр Қара және Балтық теңіздері арқылы Еуропаға "терезе" аша отырып, бір жағынан барша Азия елдеріне де кілт іздеді. Оның алдындағы және онан кейінгі саясаткерлер үшін Қазақстан Ресейдің Түркия, Иран, Ауғанстан, Индия, Қытай, Орта Азия елдері турасындағы "Шығыс саясатын" жүзеге асыратын мақсат қана емес, басты құрал болып есептелетін [1, 97 б.].

XVIII ғасырдың 30 жылдарындағы Қазақ жүздерін Ресейге қосу процессі мазмұны мен уақыты жағынан да ұзаққа созылды. Оның ауқымы мен қарқыны, Ресейдің сыртқы саясаттағы мүддесімен қоса Евразия құрлығындағы ішкі халықаралық қатынастар жүйесінің даму динамикасына да байланысты болды. Сонымен бірге бұл процесске шекаралық табиғи ашықтық, далалық аграрлық кеңістіктің әкімшілік және сауда орталықтарына (Балтық-Мәскеу-Поволжье-Орал маңы) экономикалық және геосаяси тәуелділіктері де әсер етті. Сондықтан, Қазақ хандығының билеушілері үшін, шекаралас Ресей империясының билігімен одақтасу Сібір, Поволжье және Орал маңы әкімшіліктерімен сауда-экономикалық әскери-саяси байланыстарды дамыту үшін алдыңғы қатардағы мақсат болғаны сөзсіз. Ресей мемлекетінің Қазақстанның әлеуметтік кеңістігіне ену кезеңдеріне байланысты қазақ жүздерінің Ресей империясы құрамына тартылуының тарихи процесін шартты түрде төрт негізгі кезеңге бөліп қарастыруға болады.

I кезеңі – XVI ғасырдан бастап әрқилы босқындар, қашқын казактардан құрылған отрядтардың еркін де қалай болса солай отарлауы өріс алды;

II кезеңі – XVIII ғасырдан бастап сауда-өнеркәсіп капиталының ыңғайымен әскери-әкімшілік отарлау жүзеге асырылды;

III кезең – XIX ғасырдың аяғынан XX ғасырдың басына дейін көшіп-қону бағытында отарлау;

IV кезең – XVII ғасырдан XX ғасырға дейін созылған әлеуметтік идеологиялық отарлау.

XVIII ғасырдың 30-жылдарының орта шенінен бастап Ресей мемлекеті қазақтардың жеріне де, империяның бодандары ретінде қазақтардың өздеріне де

орыс мемлекеттілігі идеологиясы тұрғысында көз тіге бастады. Өлкенің әрбір өкілі Ресей империясының толық және шексіз билігіне көшкен жерді ұлғайта түсуге өз үлесін қосуға ұмтылды. Осы саясатты жүзеге асыру барысында қазақтар, қалмақтар, башқұрттар дербестігінің қалдықтары толық жойылды, бұл орайда ресми өкімет орындары жергілікті халықтың қайтпас қарсылығына душар болды. Сондықтан, оны бөлшектеу, халықтарды қырқыстыру, халықтың барлық топтарында өз агентурасын құру, отарлаудың басты күші ретінде казактарды біржолата бағындырып, оларды осы мақсатта пайдалану жөнінде әр түрлі әдістер қолданыла бастады. Бұл саясат И.И. Неплюевтің «қосалқы» жоспары түрінде қалыптасып, империяның Қазақстандағы бүкіл үстемдігі шеңберінде әр түрлі нұсқауларда жүргізіліп отырды. Алдыменен империяның шекарасына өте жақын орналасқан аймақ ретінде Батыс Қазақстанда мейлінше толық жүзеге аса бастады. Қазақ рулары мен Кіші жүздің билік құрылымындағы қайшылықтар да, ұлт-азаттық қозғалысының күрделілігі де, Ішкі Орданы Ресей әкімшілігінің қайта бағындыруы да міне осыдан [2, 267-269 бб.].

XVIII ғасырдың екінші жартысында қазақ қоғамында біртұтас және орталықтандырылған билік пен мемлекет проблемасы өткір қойылды. Билік иелері арасындағы түрлі топтардың үстемдік үшін күресі 1748 жылы Әбілқайыр ханның өлтірілуіне әкеп соқты. Осы арқылы қазақ жүздерін біріктіру жолындағы күш-жігер едәуір дәрежеде әлсіретілді. Жаңа тарихтың әр түрлі кезеңдерінде бұл мәселе түйінді мәселелердің бірі болып келді.

XVIII ғасырдың екінші жартысында Қазақ хандығының ыдырауына себепші болған іріткі салушы күштер басым бола бастады. Кіші жүздің билеушісі Әбілқайыр хан қаза тапқаннан кейін Орта жүз иеліктері оның мирасқорларынан аулақтап кетті. Ал Кіші жүздің өзінде де сұлтандар арасындағы билік таласы асқына түсті. 1748 жылы қазан айында Орынбор әкімшілігінің жәрдемімен Нұралы сұлтанды хан атағына сайлау өткізілді. Сайлаудың өзі «бұрынғысынша жария өткізілген жоқ, барлық рулардан таңдалған 10 адам, атақты билер ғана қатыстырылып, оның өзінде ханның үйінде өтті...Соның бәрінде барлық билер мен атақты ақсақалдар және ханшайымының төңірегіндегі қазақтар бәрін оған, Нұралы сұлтанның еркіне салды, сонан соң барлығы, әр түрлі шенді 1000-нан астам адам келесі күні тарап кетті» [3, 162 б.]. Жаңадан сайланған мұрагер - Нұралы хан өз жағдайының солқылдақтығын сезініп, сайлаудан кейін бірден патша үкіметіне өзін хан атағына бекітуге өтініш жасады. Сонымен бірге, 1748 жылдың аяғында Нұралы ханға жылына 600 сом мөлшерінде мемлекеттік айлық тағайындалды. Нұралының саяси қайшылықтары осыдан көрінді-ол қазақ хандарынан бұл атаққа бірінші болып бекітілді, сондықтан да өз қызметінде патша өкіметіне толық тәуелді болды .

Ішкі саясаттағы кикілжіндер сыртқы саяси жағдайда да көрініс тапты. Нұралы ханның патша әкімшілігімен қатынастары екі түрлі тоқтамға құрылды: бір жағынан, патша өкіметінің көмегімен өз билігін нығайтқысы келді, екінші, жағынан Ресей ықпалының күшеюіне қазақ қоғамының қарсыласуы ескерілді.

1760 жылдың қыркүйегінде Ресей геологиялық барлау партиясының адамдары ханның жиені Мәмбетәлі сұлтан мен қазақтың ықпалды 20 ақсақалын далада жүргенде өлтіріп кетті. Бұл жағдай Кіші жүздің әр түрлі рулары арасында ашынған наразылық туғызды, соның ізінше Орынбордағы губернатор ауыстырылды. Жаңа губернатор Д. В. Волков билігі әлсіз ханды қолдау қажет деп санады, мұның өзі қазақ даласын бейбіт отарлауға жәрдемдесетін еді. 1763 жылы Нұралы ханның, Айшуақ сұлтанның және губернатордың кездесуі кезінде сауда-саттық мәселелері, керуендерді күзету туралы мәселе талқыланды. Керуендер күзетін және оларға көшбасшы беруді хан өз мойнына алды [4, 513-555 бб.].

Мұның бәрінде нақты жүзеге асырылатын жоспарлардан гөрі ізгі ниеттер көбірек болды: бір-бірінің керуендерін талап-тонау сирек кездеспейтін құбылыс еді. Бұл жағдайларда шекаралық барымта, дәлірек айтқанда, бір-бірінің малын айдап әкету де отаршылдық экспансияның көрінісі және оған қарсы Ресей-Қазақ

шептеріндегі күрес сияқты өкімет орындарының реттеуіне илікпеді. Жайықты бойлай орналасқан Ресей шекаралық отрядтары бейбіт қазақ ауылдарына жиі шапқыншылық жасады. Өздеріне тыйым жоқ екенін көрген Ресей шекаралық күзет бөлімдері үшін далаға шығып, қазақ ауылдарына шабуыл жасау біртіндеп баю көзіне айналды. Олардың бастамашылары көбінесе Орал казак әскерінің старшиналары болды. Бұл тұрғыда тарихшы М.Вяткиннің еңбектеріндегі ескеруі бойынша, Ресей шекаралық күзетінің барымтасы «отаршылдық тонау нысандарының біріне айналды».

Нұралы хан өз саясатында осы факторлардың бәрін ескермей отыра алмады, алайда оның өзі және оның төңірегіндегілер патша әкімшілігімен одақты ұстануды жалғастыра берді.

1742, 1755, 1756, 1765 жылдардағы толып жатқан заң актілері бойынша қазақтардың Жайық пен Еділ арасындағы, Есілдің, Тобылдың жоғарғы ағыстарындағы жерлерге, Каспий теңізінің солтүстік жағалауы бойына көшіп баруына тыйым салынды. Бұл жерлер казактарға берілді немесе мемлекеттік қор етіп тіркелді. Бұл қазақ қоғамдарының өздеріне көші-қон өрісін таңдауына мүмкіндік бермеді.

Жайықтан өтуге тыйым салуда патшалық өкімет орындары қалмақтармен қақтығыстарға жол бермеу тілегімен түсіндірді. Ал іс жүзінде бұл ақталмады. Жекелеген ықпалды сұлтандар мен билерге рұқсат етілгенімен, қазақтардың бұл жерлерді пайдалануға рұқсат ету туралы әр түрлі өтініштері табысқа жетпеді.

Патша өкіметі сауданың дамуын да өзінің саяси мақсаттарына пайдалануға тырысты. Дәулетті қазақтар мен ірі көпестер приказчиктерінің қызметі шептер маңындағы немесе бекіністердегі айырбаспен шектелмеді. Далаға тереңдей еніп барып, саудагерлер баламасыз сауда жасады. Құжаттардың бірінде баламасыз сауда айырбас туралы былай делінген: «жарлықтарда жылқы сатудан алынатын баж қалаларда және сауда-саттықта сатылатын кезде жинап алынады деп көрсетілгенімен, компанейщиктер уезді аралап жүріп, бейнебір техникалық алымдар деген түрмен шоқынғандар мен басқа діндегілер деревняларынан тұрғындар санына қарай он - он бес сомды жымқырып кетеді».Әскери барлаулар деп аталып кеткен, «барымташы қырғыздарды (қазақтарды) жазалау» сылтауымен жасалған әскери шапқыншылықтар да, шын мәнінде, сол мақсатқа қызмет етті. Әр түрлі шапқыншылықтар қазақтарды зор шығынға ұшыратты және қауымдарды әлсіретті. Ал мұндай әрекеттер патша өкіметінің Қазақстандағы отарлау саясатының алысты көздейтін мақсаттарына сәйкес келді.

Қазақтардың Е.Пугачев көтерілісіне үн қосуына қазақ жүздеріндегі ішкі саяси жағдай да себеп болды. Нұралы хан тұсында Кіші жүздегі қайшылықтар шиелеісе түсті. Қатардағы шауалар мен көптеген ақсақалдар ханның саясатына риза болмады [5, 17 б.].

Сонымен бір мезгілде Е.Пугачевтің әскері Оңтүстік Орал мен Башқұртстанда халықтан қолдау тапты. Патша отрядтары көтерілісшілерді Қазан түбінде ғана тоқтата алды. Бұл шаруалар соғысындағы ірі жеңіліс болды. Пугачевтің көтерілісі басып-жаныштағаннан кейін 1775 жылы 25 шілдеде Орынборда күдік келтірілген кез келген қазақты ұстауға ресми түрде рұқсат етілді, ал 1779 жылы 4 қазанда белгілі бір қазақ істеген тәртіп бұзушылық үшін кез келген қазақты ұстап алуға өкім берілді [6, 100 б.].

1784 жылы Симбирск және Орынбор наместнигі болып О.А.Игельстром тағайындалды, оған Орынбор губерниясы да бағынды. Орынбор өлкесінің басқа әкімшілерінен айырмашылығы, Игельстром отарлау саясатын, әсіресе Сырым Датұлы бастаған көтеріліс кезеңінде неғұрлым икемді амалдармен жүргізуге тырысты. Ол императрица II Екатеринаға былай деп жазды: «Мен бүлікке қатысушы қырғыз-қайсақтарды тыныштандырып, оларды өз жағымызға тарту және солар арқылы хан қарсы болып келген жағдайды орнықтыру үшін жоспар жасадым»

Бұдан О.А. Игельстромның аз күш жұмсап, үлкен нәтижеге жетуге тырысқан - қазақ халқының тәуелсіздігі мен мемлекеттілігінің аса маңызды элементі ретінде хан билігін жоюға ұмтылысы байқалды. Осы мақсатпен О.А. Игельстром бірқатар реформа жүзеге асырды. О.А.Игельстром өз реформасын ұсынуда: «бөліп ал да, билей бер» принципін басшылыққа алды. Мәселен, II Екатеринаға өзінің

хабарламасында былай деп жазады:«...Мен болсам, ханнан бөлініп кеткендерді, мүмкін болғанша, онымен татуласуға жібермеуге тырыстым; және мұнда мен Ұлы мәртебелі император сіздің 1785 жылғы 25 қарашадағы арнайы әміріңізді басшылыққа алдым... және Кіші орданың қырғыз-қайсақтарының бөлінуі, әрине Ұлы мәртебелі сіз үшін тиімді болады...» [2, 89 б.].

Бір жағынан, құжатта дәлелденгендей, ол Нұралы ханды өз бодандарынан оқшаулауға, оның үстіне онша байқалмайтын, бірақ тиімді әдістермен, ал екінші жағынан, Нұралы ханның саясатына наразы ақсақалдармен саяси жағынан, Нұралы ханның саясатына наразы ақсақалдармен саяси жағынан жақындасу арқылы оқшаулауға тырысқан. Құжатта дәлелденгендей бұл екі бағыт ойдағыдай дамытылған. Кіші жүз ақсақалдары ханға барған сайын көп наразылық көрсетті, ал ханның ақсақалдарға деген сенімі барған сайын азая берді. О.А. Игельстром қазақ ханының билігі мен дәстүрлі қоғамының саяси құрылысын шын мәнінде империялық билік шеңберіндегі провинциялық жергілікті өзін-өзі басқару деңгейіне дейін төмендеткен реформаны жүргізе білді. 1785 жылдың күзінде 208 ақсақалдың «Ұлы мәртебелі императорға адалдыққа» ант беруі соның нәтижесі болатын. Кіші жүз ақсақалдарының 1785 жылғы Игельстромның аса шеберлікпен дайындалған съезінде ең басты екі мәселе – Кіші жүзде билікті ұйымдастыру туралы және қысқы қоныстарды кеңейту туралы мәселе қойылды. Съезд Нұралы ханды өз орнынан алу және Кіші жүзді үш бөлікке, «Бас орда» дейтіндерге - Байұлы, Жетіру және Қаракесек ордаларына бөлу туралы мәселе қойды. Ал Кіші жүздегі беделді де, әрі «бүлікшілігімен» көзше түскен Сырым батыр барлық Ордадағы «бас кеңесші» болып тағайындалды. Сонымен бірге, Шекаралық сот құру туралы шешім қабылданды, бірақ нақ сол шешімде жаңа хан - Қайып туралы мәселе де турасынан қойылды, оны ақсақалдар бірауыздан Кіші жүз ханы деп тануға әзір еді.

Сол арқылы О.А. Игельстромның Кіші жүзді басқару туралы реформасының жобасына сәйкес-қазақ даласының дәстүрлі хан билігін тану саяси дербестіктің өзегі болып қала берді, алайда оның кейбір сипаттары жойылатын еді. Бұл орыс өкіметі үшін тиімсіз деп санаған О.А. Игельстром кеңпейілділік көрсеткен сияқты болып, 17 ақсақалдың «өз билігіндегі халықпен бірге» Жайықтың бойымен «Сахарная бекінісінен Гурьев қалашығына дейінгі далалық жағында» көшіп жүруіне рұқсат етті.

А. Игельстромның әрекеттері Кіші жүздегі әлсін-әлсін жүріп отырған көтерілістерге көп жағынан бейтараптандырушы ықпал жасады. 1786 жылғы 24 ақпанда А.Р. Воронцовқа жазған хатында О.А. Игельстром өз әдістерін былайша анықтап көрсеткен: «Әділдік, мейірімділік, табандылық, сүйіспеншілікке еліктіру және параға құштарлықты дарыту, ал оның үстіне олар сүйіспеншілікпен және үреймен орындалатындай ету»

О.А. Игельстромның әдістері белгілі бір дәрежеде Сырым мен оның серіктеріне әсер еткенін мойындау керек, сондықтан да көтеріліс Қазақстанға отаршылдықтан да көтеріліс Қазақстандағы отаршылдықтың шайқалуына объективті түрде себепші болғанымен, құлдырау бағытымен үнемі бәсендей берді. Реформа ұстарасының өткір жүзі ханды тайдыру жолымен хан билігін жоюға келіп тірелді. Осы кезде көтерілісшілер хан ауылдарына тағы да шабуыл жасай бастады. 1786 жылдың сәуірінде көтерілісшілердің тегеурінімен Нұралы хан патшалық өкімет орындарының қорғауына қашып баруға мәжбүр болды. 1786 жылғы 3 маусымда II Екатерина Нұралыны хан билігінен шеттету туралы рескриптіге қол қойды. Нұралы Орынборға шақырылып алынып. Ол жерден Уфаға жөнелтілді [7, 87 б.].

Осылайша, Патша өкіметі қалыптасқан жағдайды пайдаланып, хан билігін жоймақшы болып шешті. Генерал-губернатордың жаңа хан сайлап, оның жанынан ақсақалдар кеңесін құру туралы ұсынысына II Екатерина жаңа хан сайлау керек емес деп санайтынын айтып жауап қайтарды және «жақсы тәртіп үшін» ең басты ру ақсақалдарының басқаруын есте ұстауға кеңес береді. Сыртқы істер алқасы генерал-губернатор О.А. Игельстромға Кіші жүзді басқару жобасын әзірлеуді тапсырды. Ол

табыс еткен, «Игельстром реформасы» деп аталған жоба 1786 жылдың көктемінде мақұлданып бекітілді.

«Реформаның» негізгі мәні Кіші жүзде хан билігін жоюға әрекет жасауда болатын. Генерал-губернатордың жанынан жүздерді басқарудың жаңа органы-феодал шонжарлар мен патша әкімшілігінің өкілдерінен Орынборда Шекаралық сот құрылды. Әкімшілік органдар-ру ақсақалдары кіруге тиіс болған«расправалар» сотқа бағынды. «Реформаны» жүргізу кезінде О.А. Игельстром Орал казак әскерінің қазақ ауылдарын шабуына тыйым салды. Қазақ малшыларына қыстыгүні Жайық пен Еділ арасындағы жерге көшіп бару мүмкіндігі берілді, Жайық арқылы өтуге 17 ақсақал құқық алды, олардың басқаруында 45 мыңнан астам қожалық болды.

1786 жылы Орынборда шекаралық сот, ал бір жылдан соң-расправалар құрылды. Расправалардың құрылымы оларды патша әкімшілігінің құралы ететіндей болып іріктеп алынды.

Алайда оқиғалардың барысын бақылаған полковник Гранкиннің және барон О.А. Игельстромға басқа да бағыныштылардың «түсініктеме» жазбалары дәлелдегендей, жаңа басқару апараты өміршең болмай шықты, расправалар бір рет те жиналған жоқ. Іс жүзінде билік ақсақалдардың қолында болды.

Патша өкіметі Кіші жүзде жүргізіліп жатқан басқару реформасының күткендегідей нәтижелер бермегенін көрді. Петербургтегі билеуші топтар «Игельстром реформасын» самодержавиенің тіректерін бұзуға бағытталған деп тапты. Шекаралық сот пен расправа іс жүзінде қолданысқа еңгізілмеген күйінде қалды.

«Игельстром реформасы» толық нәтиже бермеген соң, патша үкіметі хандық билікті қалпына келтіру мақсатында енді сұлтандармен арадағы одақты нығайтуды көздеді. О.А. Игелстромның орнына жаңа тағайындалған генерал-губернатор А.Пеутлинг Нұралының інісі Ералымен байланыс жасап, қазақ қоғамына қатысты қатал саясат ұстанды. Губератордың саясатына сәйкес Жайық қазақ-орыс әскерлері қазақ ауылдарына шабуылдарын қайта үдетті.

1790 жылы Уфа қаласында Нұралы хан қайтыс болып, орнына билер мен ру басылары жиналып Есім сұлтанды Кіші жүздің ханы етіп сайлайды. Бірақ патша әкімшілігі бұл сайлауды мойындамай, хандыққа Ералыны ұсынады. 1791 жылдың күзіне қарай генерал-губернатордың қатысуымен Ор қаласының жанында өткен жиналыста билер мен ру басыларының шешіміне қарамастан Ералы хан сайлайды. Ералының хан сайлауы ел ішінде наразылық тудырып, стихиялық баскөтерулер байқалады. 1792 жылы қыркүйегінде Сырым Датұлы Ресейге соғыс жариялап, 1000 адаммен Тұзтөбеге шабуыл жасайды. Бекіністі ала алмаған көтерілісшілер келесі бекініс-Красногорскаяға да шабуыл ұйымдастырады. Бірақ бекіністерге ашық шабуылдар табыс әкеле қоймаған, қарулары сай казактар әрқашанда зеңбіректер мен мылтықтардан оқ жаудырып, барлық шабуылдарды таратып отырған. Сырым бастаған көтерілісшілер 1793 жылдың күзінде Сағыз өзенінің бойында орда құрып, халықты өздеріне қосылуға шақырған. Оған әр рудан адамдар қосылып отырған, олар Сағыз бойындағы Аққұм деп аталатын жерге ту тіккен.

1794 жылы Ералы хан қайтыс болып, 1795 жылы Кіші жүз хандығына Нұралының ұлы Есім сұлтан бекітіледі.

Қайтадан Орынбор губернаторы болып тағайындалған О.А. Игельстром 1797 жылдың көктемінен Сырыммен оны бейтараптандыру үшін келіссөз жүргізе бастады. Алайда Сырымның ымырасыздығы көтерілісшілердің Есім ханды өлтіруіне әкеп соқты, яғни қозғалыстың көрінеу қайта жаңдана бастады. Соның салдарынан О.А. Игельстром жаңа хан сайламай жүзді басқаруды Кеңеске тапсыруға әрекет жасады, оның орналасатын жері Қобда өзенінің өңірі болып белгінеді. 1797 жылдың тамызында хан Кеңесі жұмысын бастады, оның төрағасы болып Айшуақ сұлтан тағайындалды. Алайда сұлтандар өз бетімен, халық өкілдерін қарастырмай Қаратай сұлтанды хан етіп сайлайды, бұл қайтадан күрт тайталас туғызды, осы жағдайда Сырым ақсақалдармен татуласуға барған сайын ыңғай танытып Сырдария ауданына көшіп барды, бұл хан Кеңесі беделінің өсуіне жәрдемдесті. Осындай жағдайда

Игельстром Қаратай емес, Айшуақты хан етіп сайлауға көнді. Сол арқылы Сырымның бұдан кейінгі қимылын бейтараптандырып тастады, өйткені Айшуақтың беделі жоғары болатын. Қаратай Сырымның Хиуаға көшіп бара жатқан кезінде оны өкшелей қуды, ал Сырымнан ақсақалдардың көпшілігі де сырт айналып кеткен еді. Көп кешікпей Әмударияның төменгі ағысы жақтан Сырым Датовтың у беріп өлтірілгені туралы хабар жетті.

Оның қайтыс болуы жөнінде берілген ас орасан зор оқиғаға айналды. Мұның өзі батырдың қазақтар арасындағы зор беделі болғанын және саяси қызметін олардың жоғары бағалағанын дәлелдейді. 1783-1797 жылдардағы халық бұқарасының күресі қазақ халқының тарихындағы маңызды оқиға болды. Ол хан билігінің негізін шайқалтты, оның беделін түсірді және сол арқылы оның біржола жойылуына себепші болды. М.П. Вяткиннің атап өткеніндей: «Бұл халықтың ең белсенді бөлігінің отаршылдық езгі мен феодалдық зорлық-зомбылыққа қарсы стихиялы наразылығының бытыраңқы көріністері болды» [5, 160 б.].

Қорыта келе Сырым Датұлы патшалық биліктің отарлау саясатына он төрт жыл бойы қарсы тұра білді. Батырдың іс-әрекеттерінің бәрі бірдей дәйекті сипатта бола қойған жоқ, ол саяси биліктің дәстүрлі жүйесін сақтауға ұмтылып, патша өкіметінің іс-шараларына шеберлікпен қарсы қимылдады, алайда күш тең емес еді. Патша өкіметі Орынбор әкімшілігі арқылы көтеріліске шыққандардың қимылын көп жағынан бейтараптандыра білді, ал дәстүрлі демократиялық билік қалдықтарының сақталуы қозғалыс нәтижелерінің бірі болатын. Сол арқылы мемлекетттіліктің қалдықтары және дәстүрлі тұрмыс салты сақталып қалды. Тұтас алғанда, қозғалыс ұлттық сана-сезімнің артуына жәрдемдесті және ұлт-азаттық сипатта болды.

Әдебиеттер:

1.Кан Г.В., Шаяхметов Н.У. Қазақстан тарихы: оқулық. – Алма-Ата, 2007. – 264 б.

2.Материалы по истории Казахской ССР. Т. 2. (1741-1751) / Под ред. М.П. Вяткина. – Алма-Ата, 1948. – 457 с.

3.Вяткин М.П. Очерки по истории Казахской ССР. – М., 1941. – 367 с.

4.Юдин П. Барон О.А. Игельстром в Оренбургском крае // РА. – № 4. – С. 13-20.

5.Батыр Срым: учебное пособие. – Алма-Ата, 1998. – 344 с.

6.Пальмов Н.Н. Очерк истории калмыцкого народа за время его прибывания в пределах России. – Элиста, 1992. – 160 с.

7.Материалы по истории политического строя Казахстана / Сост. М.Г. Масевич. Т. 1. – Алма-Ата, 1960. – 441 с.

***

Рысбеков Т.З., Гарифуллина А.Б.

Оренбургский генерал-губернатор О.А. Игельстром и Младший жуз

В данной статье рассматривается противостояние Младшего жуза против колониальной политика царской России в конце XVIII – начале XIX вв. Центральное место в исследовании занимает раскрытие содержания приграничных мероприятий О.А. Игельстрома в 1780 - 1790-х годах.

Ключевые слова: Царская Россия, младший жуз, политика хана Нурали, реформы генерал-губернатора О.А. Игельстрома.

Rysbekov T.Z., Garifullina A.B.

The governor general Orenburg O. A. Igelstrom and Junior Zhuz

This article discusses the confrontation Little Horde against the colonial policy of tsarist Russia in the late eighteenth and early nineteenth centuries. Central to the study takes the disclosure of the content of cross-border activities O.A.Igelstrom in 1780 - 1790-ies.

Keywords: Tsarist Russia, Junior Zhuz, policy Khan Nuraly, reform Governor General O.A.Igelstrom.

***

ӘОЖ 130.2 (73/76+2+572)

Халықов Қ.З. – филос.ғ.д., профессор,
Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
E-mail: *kabylkh@gmail.com*

ПРОФЕССОР Б.К. БАЙЖІГІТОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ «РЕАЛИЗМНІҢ ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТІЛЕРІНЕ» МӘДЕНИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа. *Мақала бейнелеу өнері теориясы және қазақ дәстүрлі мәдениеті саласын зерттеудің өнертанулық қырларының әдіснамалық негіздемелерін анықтауға бағытталған. Осы тұрғыда реализмнің тарихи-әлеуметтік және мәдени-философиялық аспектілері профессор Б.К. Байжігітов еңбектерінде классикалық және қазіргі заманғы өнер тұрғысынан пайымдалуы қарастырылады. Ғалым оны отандық зерттеу тәжірибесінің бірқатар ерекшеліктерін әлемдік өнерді тану теорияларына қосылатын үлес ретінде танытады. Ғалым реализмнің үші түрлі: көркемдік бағыт, әлемді тану және өмірлік ұстаным жүйесінде әлемдік өнер теориясы тарихынан бері дискурстық қырларын ашып көрсеткендігі зерттелді.*

Тірек сөздер: *Б.К. Байжігітов, қазақ бейнелеу өнері, реализм, шынайылық, бейне.*

1970 жылдардан бастап Қазақстан бейнелеу өнерінің алыптары қатарында ғылымда оның теориялық мәселелерін зерттеумен, «Әсемдік әлемінде» атты теле бағдарламаларды қазақ тілінде жүргізген профессор Б.К. Байжігітов ғылыми-шығармашылықтық феномені өзінің ғылыми-теориялық құндылықтарымен Республикамыздың тарихында маңызды орын алды. Философ-ғалым Болат Кесіққалиұлы қазақ өнерінің ұстатпайтын ағыстарындағы шындықтың белгілерін рефлексиялаумен шұғылданды. Ол қазақ өнерінің құбылыс ретіндегі мәдени мәтінін, мәдени «кодтар» ретіндегі алғышарттарын анықтап, оны төл өнеріміздің тұрақты кеңістіктік белгілерінен таба білді. Ғылыми әдіснаманы анықтауда өзінің мәдени-философиялық еңбектерімен алғашқы болып қазақ бейнелеу өнерінің қазақ тілінде ғылыми-теориялық негіздерін қалыптастырды.

Бұл «өнер әлеміне» ашылған қазақтың тұңғыш қадамы, есігі деуге болады. Ғылым жолы - ұзақ жол, қиыр-шиыры, танысынан ашылмаған жұмбақ қырлары көп жолда осы саланың философиялық ұғымдық-категориялық аппараттарын анықтады. Ұстазымыздың алдында тұрған ғылыми-теориялық танымға, болмыстық категорияларға сыя бермейтін өнердің тың мәселелері аз емес. Осы жолда профессор Болат Байжігітовтің қалдырған мол мұрасы, ғылыми-шығармашылықтық еңбектері қазақ өнерін зерттеуде әдіснамалық-танымдық көптеген деңгейлерін айқындады.

Байжігітов Болат Кесіққалиұлының ғылыми еңбектерінің тағылымы туралы айтқанда гуманитарлық салады оның еңбектерінің орны ерекше. Солардың бірі: «Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелері: Кеңістік пен уақыт ырғағындағы сурет үлгілері» деп аталатын докторлық ғылыми еңбегі болып табылады. Бұл докторлық диссертациясының монографиясында өнердегі «образ», «бейне», «модель» түсініктерінің бейнелеу өнерінде қалыптасуы және олардың бастапқы ұғымдық-категориялық аппараты сарапталған. Бұл еңбек өнер философиясындағы зерттеушілер мен ізденушілерге ғылыми әдіснамалық еңбек болып табылды. Бейнелеу өнері, театр, кино және телевизия, хореография, дәстүрлі өнер зерттеушілерінің қазақ өнеріне қатысты ол кісінің еңбектерінің сұраныста екендігін зерттеушілер күні санап дәлдеп келеді. Көркем өнердің жалпы көрерменмен қабылдануы және реализмнің тарихи-гносеологиялық негіздері мәселелерінің көкжиегі ғалымның зерттеулерінде әбден ашылған. Осы арада шығармашылықпен шұғылданған суретшілер болсын, өнер теориясын зерттеушілерге де, жалпы оқырман

қауымға да бұл еңбекте ғылыми соны деректер мен сауалдар келтірілген. Ғалымның ғылыми-шығармашылықтық жолын тану үшін оның әрбір мақаласы, оқулықтары, кітаптары мен монографиялары құнды, оған арнайы зерттеулер жасалып, Болат Байжігітов тағылымын тануда жаңа зерттеушілер тақырыптарынан орын алып, оның нәтижесі талай белестерге апаратындығында күмән жоқ.

XIX ғасырдың басында Ресейдің «Великие Сорочинцы» атты деревнясында дүниеге келіп, орыс әдебиетіндегі ерекшелігімен әлемдік драматургияда қайталанбас із қалдырған Н.В. Гоголь адам өмірінің бей-жай өтуін, ешқандай белгі қалдырмай кетумен теңейді: «Быть в мире и ничем не обозначить своего существования – это кажется мне ужасным» [1, 570 б.]. Ең алдымен білім алу адамның қажеттілігі не қаншалықты деңгейде ақпараттарды меңгеріп, не қаншалықты дүниедегі кітаптардың барлығын оқуда емес, оның ішкі түсігінде, қаншалықты деңгейде қоғамның қажеттілігіне іске асқандығында болуы керек. Сократтың «Мен өзімнің білмейтіндігімді білемін» атты танымның шексіздігіне қатысты айтылған ойы өзгеріссіз өзектілігін дәлелдеп келеді. Белгілі авторлар ұлы Сократ тағылымын ары қарай өзектендіре түседі: «Я осознаю, что к сущности истины я ещё не проник. Но многознание само по себе он всячески приветствовал: оно не мешает, но и не гарантирует проникновение к сущности. И это тем более, что сущностей у каждого предмета или явления бесконечное множество» [2, 12, 104-116, 82, 92, 95 бб.].

«Искусство стремится непременно к добру, положительно или отрицательно: выставляет ли нам красоту всего лучшего, что ни есть в человеке, или же смеется над безобразием всего худшего в человеке. Если выставишь всю дрянь, какая ни есть в человеке, и выставишь ее таким образом, что всякий из зрителей получит к ней полное отвращение, спрашиваю: разве это уже не похвала всему хорошему? Спрашиваю: разве это не похвала добру?» [3, 571 б.] . Қазіргі уақытта жалпы өнерде болып жатқан қарама-қайшылықты және қақтығысты жағдайларды, құбылыстарды және оның посткеңестік аймақтардағы көрінісі мен ахуалын зерттеудің өзектілігі артуда. Бұл мәселелерді өнер философиясы мен эстетика тұрғысынан түсіндірудің мәнісі зор деп ойлаймыз. Мақалада көтерілетін мәселелер өнер шығармасының мәдени мәтін ретінде бағалануы мен қарастырылуы философия ғылымдарының докторы, профессор Б.К. Байжігітов ғылыми еңбектерінде айқын орын алған.

Философиялық ой тарихында біз философия мен өнер қатынасында екі қарама-қарсы түсінікті көреміз. Философияны ғылымға жақын санайтын рационалистік бағыт бойынша философия өнерден жоғары қойылады. Мұндай көзқарас Гегельде айқын көрініс тапқан. Оған сәйкес, өнер Абсолютті Рухтың өрістеу кезеңі, логикалық қатынасқа сәйкес келетін мәннің сезімдік-бейнелік көрінісі болып табылады. Әсемдік Гегельмен идеяның сезімдік көрінісі ретінде түсінілді. Өнерге тән қасиет мазмұн даралылығы мен жоғары өмірлік қажеттілікті сақтауда идеяның бүкіл жалпылығының қамтылуы, байқалуы. Гегель мәдениет тарихында өнер дамуының үш кезеңін қарастырды: рәміздік кезең, онда идея әлі де бара-бар көркем айқындылық формаға ие болмаған кезең (Ежелгі Шығыс өнері); классикалық кезең, онда форма мен идея толық бара-барлыққа жетеді (классикалық грекия өнері); романтикалық кезең, онда руханилық қандай болмасын форма нақты сезімдік көріністерден асып түседі және еркіндікке жеткен рух өзін-өзі танудың философия мен дін (еуропа өнері орта ғасырлардан бастап) тәрізді түрлі формаларына құлшына ұмтылады. Бұл деңгейде өзінің мүмкіндіктерін сарқушы өнердің құлдырауы басталады. Философия Рухты өзін-өзі танудың жоғары формасы болып табылады, өйткені, философияда оның мәні ұғымның бара-бар түрінде ашылады.

Романтизм эстетикасы (XVIII ғ. соңы XIX ғ. басындағы гүлдену) Ағарту заманының рационализміне сол кезде өзіндік соққы болып табылған еді. Оның басты теоретиктері Шлегель, Шеллинг, Новалис, Шлейермахер және т.б. табиғаттың өзін рәмізді өнердің қалыптасып келе жатқан кезеңі деп түсінген. Романтиктер өмірдің, философияның, діннің, өнердің арасындағы бөліп тұратын қырды жоюға ұмтылды.

Шеллингке сәйкес, Универсум мәңгілік әсемдік пен абсолютті өнер шығармасы ретінде Құдайда пайда болған, сондықтан, философияға қарағанда, қолмен жасалатын өнерде ақиқат өзінің толық көрінісін береді. Өнерде байқау үдерісінде, көркем нұрлануда, ашылуда, рухани интуицияда болмыс негіздерінің құпиясы едәуір толық және тұтас деңгейде көрінеді. Өнер дін, философия және басқа да ғылымдардың іргетасы болып табылады. Шлейермахер романтизмнің эстетикалық тәжірибесін – бұл жаңа діни тәжірибе, оның негізінде жанның Универсуммен бірігуі іске асуы тиіс деген. Сонымен, романтиктер, рационалды емес танымның иррационалды қабілеттері мен адамның шындыққа қатынасын баса көрсете отырып, тек өнер ғылым тәрізді философияның алдында артықшылықты деп есептеді.

XIX және XX ғасыр философияның бейнесінің өзін өзгертті. Көрнекі рольді бұл бағытта өмір философиясы мен экзистенциализм атқарды. Ницше «эстетикалық ғасырдың» келгенін паш етті, бұл уақытта әлемнің бар екендігі тек эстетикалық негіздермен ақталатынын айтты. «Құдай өлді» деу, дәстүрлі мәдени құндылықтардың ыдырауы, ұжданның басты постулаттарының әшкереленуі, болмыстың рационалды негіздерін әмбебапты құдайи заңдылықтар тұрғысынан түсіндірудің мүмкін еместігі және т.с.с. тек «жаһандық эстетикалық әлемді сезінуде» ғана позитивтілік пен өмірлілікті сақтауға қабілетті екендігін дәлелдеді. Ницше философиясы ғылыми трактаттар түрінде емес, ойын түрінде және ол метафоралық, афористикалық арандату, тіпті, рационалды ойлау емес «биге» жақын болып көрінді. Экзистенциалдық философияның басты өкілдерінің бірі Н.Бердяев өзінің «Шығармашылық мәні» атты өзінің еңбегінде «философия ешқандай мағынада да ғылым емес және ғылыми болмауы тиіс, философия бұл поэзиядан, музыка немесе живописьтен принципті түрде айырмашылықта болатын өнер және бұл шынайы «таным» өнері» деген. Посткласстикалық мәдениеттегі синкретизм философия мен өнер жолдарының айырмашылығында күрделілік туғызады. Рефлексия мен теориялау өнерге енсе, ал, «көркемдік» афоризм, метафора, нарративтермен негізгі философиялық тәсілі ретінде заңдастырылып философияға енеді. Көркем әдебиет философиялық гипотезалар мен шешімдердің сынақ полигоны болып табылса, әдебиет тану қазіргі заманша өзіндік философиялау тәсіліне айналады. Олардың айырмашылығына қарағанда ұқсастығы тереңде болып шығады.

Философияны өнермен туыс ететін жағдай оның шығармашылыққа жақын екендігі, еркіндігі оның стихиясы болып табылатындығы, сонымен қатар, оның «әлемдік берілгендікке» бағынбауы, философия өнер тәрізді дарындылықты қалайтындығы және жасампаздың тұлғасымен байланыстылығы. Философия бейнесі мен XX ғасырлық философиялық ойлау тәсілінің өзгеруі, философия мен өнердің жақындасуы, мәдениеттегі синкретизмнің өсуі философия мен өнерді айырмашылықта қарау мен салыстыру міндеттерін күрделендірді.

Постмодернизм эстетикасы тұрғысынан (Ж.Деррида, Ж.Делез, Ж.Бодрийар, Ж.Лакан, Ф.Гваттари және т.б.) өнер басқа мәдени феномендермен бір қатарда тұр. Барлық мәдениет универсумдары мәтіндердің, мәндердің, рәміздердің, симулякрлардың ойындық калейдоскопы тәрізді қарастырылады. Онда ешқандай да ақиқатты не жалған, әсем немесе ажарсыз, трагикалық не комикалық деген жоқ. Барлығы реципиенттің немесе зерттеушінің ұстанымына қарай бар болады. Постмодернизм позициясы саналы түрде эклектикалық және релятивистік болып табылып, барлық позитивистік ақиқаттар қатынасына әдіснамалық «күмәндану» принципі бекітіледі. Интермәтін мен мәндер шытырманы жүйесінде қандай болмасын арнайылық жойылады, оның ішінде өнердің де арнайылығы жойылған.

Адам тақырыбын бүгінгі таңда мәдени мұраларды тануда философия пәні мен әдістерін қолдана отырып, адамды дін, өнер, философиялық антропология, феноменология, психология қатынасында талдау қажеттілігі артуда. Философия – мәңгі және үнемі өзгерістегі нәрсені тану, бар заттар мен құбылыстардың себептері мен принциптерін айқындау. Ол дүние мен адамның тұтастығы немесе өмірдің мәні

туралы, адамның әлемдегі орны, оның парасаты мен биік қасиеті туралы ілім. Философия «дүние-адам» жүйесінің тұтастығын ескере отырып, табиғаттың, қоғамның және ойланудың жалпылама даму заңдылықтарын, сондай-ақ, материя мен сананың жалпы қатынасын зерттеген болса, қазіргі заман талабы адамның субъектілік, субъективтілік, бейсаналылық, феномендер қатынасындағы факторлармен қатар интенционалдылықтың әртүрлі қасиет пен сипаттарға ие екендігіне зор назар аударуда.

Адам шығармашылығының тартымды бір көрінісі өнерде іске асқан. Адам шығармашылықпен айналысу барысында, өз болмысымен етене араласа келе, өзінің мәндік түп тамырын айқындайды. Өзінің руханилығымен адами мәніне шығармашылық арқылы қол жеткізеді. Ал, олай болса, адам мәні деген не және оның өнердегі көрінісі қандай? Демек, бұл мәселе *философиялық антропологияның*, сонымен қатар *өнердің* де өзекті мәселесі.

Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелерін зерттеуші Болат Кесіккалиұлы Байжігітов «өнер - әлемнің образдар, яғни «бейнелер» арқылы танылу мүмкіндігі екенін ескере отырып, «образ белгілі бір идеяның, мәннің, мағынаның дәйекті бейнесі, астарлы көрінісі, рәмізді белгісі немес нақтылы мағынасы жоқ иррационалды бастаулардың, интуитивті нышандардың, эмоцияның, темпераменттің екпінді серпілісі ретінде материалда орындалған сұлба болуы мүмкін. Образдың мағынасы бейнеден тереңірек» [3, 3 б.] дейді. Ғалым бұл мәселелерді бейнелеу өнерінің құндылық критерийлерін уақыт пен кеңістік ырғағында көрінетін нақыш пен сурет ерекшеліктері негізінде [3, 5 б.] талдады. «Қазақ өнері үшін дәстүрлі мәдениет ретінде жалғасқан халықтық шығармашылық үлгілерінің ұлттық белгілері ғасырлар бойы жетіліп, ғасырдың басына дейін шыңдалып келді. Қазіргі кезеңде Қазақстан бейнелеу өнерінің сипаттық ерекшелігін енгізіп, кәсіби өнердің жаңа сапалық белгілерін қалыптастырған өнер социалистік реализмнің әдістемелік негіздері болды. Осының өзі айналып өтуге болмайтын халқымыздың уақыт аралығындағы тарихқа жазылған өмірбаяны. Ол дәстүрлі халықтық сана-сезімге сапалы өзгерістер жасап, нақыш пен сурет қатынасында жаңа қасиеттерді анықтады» [3, 6 б.] деп мәдени өміріміздің сол кезгі көрінісін осылай бағалаған еді.

Ал, қазіргі заманғы өнерге байланысты Тәуелсіз Қазақстан тұсындағы сипатын мынадай міндеттерде көрді: «Қоғамның ендігі міндеті – жеке адамның табиғи мәдениетін айқындайтын ұлттық болмысқа қозғау салу, сұраныс тудыру, ішкі естеліктің қайта жаңғыруына мүмкіндік жасау, түрткі болу» [3, 58 б.] деп көрсеткен. Осы күрделі тармақталған құбылыстардан тұратын қазіргі заман өнерінің қырларын зерттеуде ғалым зор тұлға ретінде өзін көрсетіп, өнер мен философияны бірлестіре көптеген еңбектер атқарды. Оның ізденушілері осы бағыттарда магистрлік, кандидаттық диссертациялар қорғады.

Суретші мен философтың шығармашылығы ортақ бастаулардан таралады, өйткені екеуінде де қоршаған шындық бейнеленеді. Олардың соңғы мақсаттарында айтарлықтай айырмашылық бар. Философтың алдына қоятын негізгі міндеттерінің бірі *адамдардың материалдық және рухани өмірінің кез келген көрінісі кейбір ортақ категориялар жүйесін* қамтиды. Өйткені алғашқы көзқарастан-ақ, қоршаған әлем біздің көз алдымызда әртүрлі сипаттағы құбылыстардың шексіз жиынтығы түрінде көрінеді, ал философия оларды түсіндіріп, оның мәні мен заңдылықтарын ашуы тиіс. Өмірлік құбылыстардың мәнін тану міндеті суретшінің алдында да тұр, бірақ ол оны басқаша шешеді. «Суретшіге *өзінің алғашқы идеялары мен интуицияларының логикалық мінездемесін күрделі де тармақталған желісін құру қажет емес:* ол басқа сендіру тәсілімен перципиентке өзінің *әлемді түйсінуін* ұсынады.

«Көркем өнер» туралы Хосе Ортега-и-Гассет «егер жаңа өнер барлық адамдарға түсініксіз болатын болса, онда оның құралдары жалпы адамзаттық емес» деп табады. Жалпы оның пайымдауынша «өнер барлық адамдарға емес, мүмкін

басқалармен салыстырғанда маңыздырақ емес, бірақ, басқаларға ұқсамайтын тек санаулы адамдар категориясына арналған» дейді.

“Ең алдымен адамдардың «эстетикалық ләззәт алу» деп нені танитындығына мән берейік. Өнер туындысының алдында адамның жүрегінде қандай өзгерістер болатындығын, мысалы, «театрлық қойылымының ұнауын» көрейік. Адамдар тағдырын бейнелеумен қызықтыра алса әрине адамдарға драма ұнайтындығы сөзсіз. Олардың жүрегін кейіпкерлердің махаббат пен жек көрушілік, қуаныш пен қайғы-қасірет баураса - көрініс шынайылыққа құрылып, өмірдегіге ұқсатылғанда оқиғаларға көрермен қатысып отырады. Өмір иллюзиясы әсерлендіре қол жеткізіп, елестеткен қаһармандарды дәйектілікпен көрсете алғанда көрермен пьесаға «жақсы»деген баға береді. Лирикада ол ақын жолдары тыныстаған адамның мұңы мен махаббатын іздейді. Көрерменді кескіндемеде өзімен белгілі жағдайда өмір сүруге қызықты ер адам мен әйел бейнелері тартады. Пейзаж қыдыруға қолайлы көрінсе «жанға жағымды» деп табылды. Мұның барлығында адамның барлық құштарлығы адами реалдылыққа жабысу». Өнер туындысында тобыр адамының «таза көркемдік» пен «таза потенцияны» көрмейтіндігі - өнер туындысының ар жағында жеке адамилық пен қамқорлықтың принципті қатаң түрде эстетикалық ләззатпен қатар қоюға келмейтіндігі жатыр. «Өнердің дегуманизациялануы» атты еңбектері философ Хосе Ортега-и-Гассеттің бір ғасыр бұрынғы жаңа өнерге қатысты жойқын анықтамалары.

Біріншіден, қазіргі қоғамның тарихи дамуында адами тұлғаның субстанционалды-техногенді агрессияның адами-мәдени құндылықтарды жоюға бағытталған қақтығыстарында үйлесімді шешімдерге мұқтаж екендігімен түсіндіріледі. Ол қазіргі заман өнерінде суретшінің шындықтан қол үзуі, өнерде өз әсерін тигізген постмодернистік философияның «адамдарды мәдени өмірінен ажыратуы», «субстанционалды мен концептуалды агрессияның», «жасанды техногенді-виртуалды ортаның алдында адамзаттың болмысымен өмір сүруін жою», «симулякрлау» тәрізділер – адамның өркениет қатынасындағы қайшылығын туғызатындығы. Бұл орайда өзектілік үйлесімділік пен шешімге әкелетін тетіктерін табу мәселесімен анықталады.

Екіншіден, өнер шығармаларын - мәтін ретінде қарастыру, мәтін құрылымынан адамның бейнелік мәнін таба білу. Адам бейнесінің өнерде толық және ашық түрде немесе мүлде бейнеленбеуі, адам бейнесінің көркем шығармада толық бейнеленіп және мазмұны адамның ішкі мәнімен немесе ішкі әрекеті мазмұн мен форманың тартысы арқылы ашылуы; адам келбетін бейнелеудегі адамның – ақиқатты шын өрнекке және санмен анықталатын жалған суретке бөлінуі; ақиқат қасиеттерінің - санамен, ақылмен мақұлдануының миниатюраларда, ою-өрнекте, таңбада, петроглифтерде және сәулет, театр, сахна өнерінде көрінісі – мәтін құрылымынан адам мәнінің бейнесі ретінде оқылады. Бұл мәселелердің мәдениет пен өнер философиясы, философиялық антропология тұрғысынан қарастырылуы.

Үшіншіден, интенционалдылық құбылысының философиялық потенциалынан бастап интенционалдылықтың философиялық дискурс практикасында қолданылуда тиімді жолдарын табу қажеттілігімен анықталады. Соңғы жағдайда мәселе интенционалдылықтың қазіргі заман өнеріндегі ролі мен оның жаңа болмыстық сапаларында мәдени мәтін ретінде көрініс табуы. Бұл мағынада тақырыптың екі жақты өзектілігіне тоқталуға болады: біріншіден, мәдени нысандар мен қазіргі заманғы өнер тенденцияларында адам мәні мен бейнесін мәтін құрылымында қарастыру мәселесін елеулі қайта қарауды және адам мәнін субъектілік пен субъективтілік ретінде анықтау ролін қайта бағалауды талап етеді. Көркем мәдени шығармашылықта тұлғаның ерікіндігі мен даралылығы оның адами мәніне қатысты қасиеттерінің ашылу, даму, қалыптасу маңыздылығы. Тарихи-мәдени үрдісте адами мәдениеттің барлық жетістіктерін меңгеру нәтижесінде адам әмбебапты тіршілік иесіне, субектіге және даралылыққа айналуы.

Бүгінгі күні реализмнің өнерде көркемдік бағыт ретінде құндылығы арыған. Себебі, марғау өмірдің баяндылығы уақыт айналымымен көп үндесе бермейді. Ақпараттар айналымы, сансыз өргеріп отыратын жаңаның легі уақыттың тоқтағанын қаламайды. Ол баяуласа өнерде өз көрерменін жалықтыруы да мүмкін. Бірақ реализм түсінігі әртүрлі, оның тар және кең мағынасындағы көрінісін анықтауды талап етеді. Ал, реализмнің ауқымына мән берсек реалистік өнердің аясы қазіргі заман өнерінде астасып жатқаны аян.

"Реализм" терминінің алғашқы семантикалық мағынасы бейнелеу өнері саласында шектеулі болғандығы белгілі. IX - ғасырда өнер тарихында кескіндемелік ағымды жаңа бағыт ретінде "реалистік" деп басқа да бар идеалдандырылған көркемдік стильдерден бөлектеу мақсатында осылай атаған болуы керек. Көру ақиқаты өзіне үйретуі қиындыққа соққан көптеген көркем ағымдар экспрессионизм, футуризм, кубизм және т.б. «измдермен» қатар, XX ғасырда қайта жаңадан мода ретінде реализмнің келуі өнер қауымына жаңа тыныс берді. Өнер тарихын зерттеуші Ханс Хильдебрандт «XIX-XX ғасыр өнері» атты хрестоматиялық еңбегінде көрермендердің бұл жағдайын: «XX ғасырдың барлық бағыттарының ішінде жаңа реализмді қабылдау ең жеңілі, сондықтан да ол көбірек танымал. «Жаңа заттылық» атауы терминін айтса болды, басқа еш дәлелдің керексіздігі өздігінен түсінікті» дейді. Бұл «жаңа заттылық» терминінің ерекшелігі де сол, онда ешқандай да жаңа ештеңенің болмауында, барлығы да айқын тәрізді көрінді. «Реализм» терминінің аясы сонымен ұшан теңіз - фотореализмнен бастап, сюрреализмді және т.б. көптеген стильдерді қамтыды. Дегенмен, «реализм» түсінігі нақты кезеңнің тенденцияларымен шектелмейді. Курбенің ізбасары ретінде реализм үрдісін Франция «өз заманының озық суретшісі» атанған Эдуард Мане өз картиналарына сюжетті кәдуілгі өмірден ала отырып жалғастырған. Ал, «шынайы суретші ешқандай да жүйкеге де, ешқандай кездейсоқтыққа байланысты емес екенін дәлелдеу үшін өзінің ең үздік деген композициясын он рет жоқ қылып, еш қиындықсыз қайтадан жазуға дайын болу керек» деп суретші Гюстав Курбе айтқан тұжырымдама да өнер тарихынан белгілі.

Ницше XIX ғасырға дейінгі Батыс реалистік өнерін аполлондық мәдениетке жатқызып, бағалаған еді. Оған қарама-қарсы XX ғасырлық өнерді дионисийлікпен сипаттаған. Ал В.Кандинский айтқан өнердегі «ұлы реализм мен ұлы абстракцияның» арасы бір-бірімен байланысты толықтырушы полюстер екен. А.Камю оны реализмнің нағыз реалдылыққа жақындауы деп табады. Суретшілердің әр кезеңдегі шығармашылық ізденісі барысында олардың қоғам идеалдарына тәуелділігі, немесе халық пен ақсүйектердің өркениеттегі жасандылыққа қарсылығы, суретшінің өзінің дәуіріне қарсы шыға білмеуі немесе шығармашылығындағы азаптануына қоғамның қол соққанын талап етуі; суретшінің бәрін тұтастай теріске шығарумен әуестене отырып, реалды әлемнен басқа өзінің жеке ойлап тапқан әлемінде өзін Жаратушы-құдірет деп санауының аяғы иллюзияға әкелуі; соңында қазіргі заманның сұрқиялануы мен абстракциялар шығармашылық арасында «жыртылған жер мен өнген бидайды» салыстырғандай аралықта шыңырау пайда болады. Реалист суретшінің нені қарастыру керегі жөнінде А.Камю: «өнер қажетсіз байлыққа айналуы мүмкін», - дей келе, өнерді тек монолог ретінде қарастырмау қажеттілігін атап көрсетеді. Ал егер адамдар мен суретші қайта оралып шындыққа келетін болса, осы сәттен бастап, суретшіні жалғыз болу құқығынан айырып, оған өзінің шығармашылығында оның арман-қиялын ғана емес, басқалардың азаптануын, шынайылықты ұсынады. Адамдар сеніміндегі «өнердің өнер үшін» деген тақырыбын өзгертсе, жалпы қауым суретшіден олардың атынан және көпшілік халық үшін сөйлеуді талап етер еді. Демек олардың азаптануы мен бақытын барлық тілдерде түсінікті болатындай етіп орындайтын болса, онда суретшіні де барлығы түсінетін болады. Ақиқатты абсолютті ұстанғаны үшін бүкіл сенім мен адамдар арасындағы түсіністік оған марапаттау болар еді дейді. А.Камюдың айтуынша, бүкіл әлемдік қауымдастықтың бұл идеалы шындығында кез келген ұлы суретшінің жан дүниесіне

жақын. Осыған байланысты суретшінің ортадан оқшауланып жалғыз қалуына құқығы жоқ. Өнер монолог бола алмайды. Тіпті белгісіз суретшінің өзі қайта-қайта өзінің болмысынан арқалаған жүгін тереңнен дәлелдей отырып, сол кездегі оның жан айқайы замандастарының құлағына жетпесе де, ол әлде қайда кең диалогта келесі ұрпақтармен сұхбаттасуға ұмтылады. Бірақ басқалармен тілдесу үшін әркімге таныс реалдылық туралы, олардың өмірін, қажеттілігін, тілегін, өліммен күресу сияқты адамдарды біріктіретіні жайлы айту керек. Адамдар бір-біріне ұқсас бола отырып, неден азап шегетінін бірге көреді. Әркімнің арманы бөлек болғанымен бұл әлемнің реалдылығы біздің ортақ отанымыз болып табылатынын А.Камю басып айтады. Сондықтан да реализмнің барлық талаптары толық заңды, өйткені олар тікелей көркем шығармашылықпен тереңнен байланысты екен [4, 370 б.].

Сонымен, реализм қандай да бір қалыпқа сыймайтын, ұстауға келмейтін, реалдылықтың бейнесі. Камю реализмді реалды әлемді белгілі бір деңгейде адам өміріне байланысты іске асуын және нағыз реалистік шығарманың немесе ақиқатты шығарманы жасаушы тек суретші реалист Жаратушыға теңейді. Басқаның бәрі реалдылықты оның толыққанды күйінде бейнелеуге шамасы жетпейді екен. Неліктен суретшілер буржуазиялық қоғам мен оның формальды өнерін жоққа шығарады, бірақ тек бір ғана реалдылықты суреттеуге ұмтылуы қайғылы тығырыққа тіреледі. Олар реалист болуға ұмтылады, бірақ бола алмайды, олар өз өнерін реалды өмірге бағындырғысы келеді. Ал оның өзіндік ерекшелігін ажыратпай тұрып, суреттеуге мүмкін емес. Камю реалдылықты бейнелеуде оны көрнекті әлеммен бейнелеумен шектелуге болмайтынын, яғни өнердегі ұлы абстракция мен ұлы реализмнің арасындағы шектерді қамтитынын айтады. Өнер бір мағынада әлемнің барлығына қарсы көтеріліс, мұндағы ұсталмайтын мен аяқталмайтындағы оның реалдылыққа басқа форма беруі арқылы ұмтылысын көрсетеді. Оны алғашқы күйде сақтауға міндеттілігі - оның шабытының бастау ретінде қызмет жасайтындығында. Бұл тұрғыда біз бәріміз реалистпіз және ешкім де реалист емес. Өнер дегеніміз – толық бас тарту емес, бұл әлемдегі бар нәрсенің бәрімен толық келісу де емес. Бірақ, бір уақытта бас тарту, бір жағынан келісу. Сондықтан да ол шексіз созылған күрестің тек азапты нәтижесі. Суретші ұдайы осы екі жақтылықпен күреседі, шынайылықты жоққа да шығара алмағанымен, оның ішіндегі мәңгі аяқталмайтындылыққа мәңгілік қарсылық білдіруге жазаланған. Ол алманы салу үшін оның формасына жарық түсірумен қатар, өз жанынан қандай да бір нәрсені қосады. Реалды әлем өзінің нұрланған сұлулығымен қандайда бір басқа «көктің нұрын» қайталайтын тірі денелер мен мүсіндерді жасайды. Міне, дәл осы суретшінің объектіге барар шығармашылығының жарты жолында осы аталған жоғары стиль – реализм туады екен.

Сонда реалистік бейнелеу өнері өзінің аты айтып тұрғандай – дүниені көзбен көріп, түйсіну, әлемдегі үйлесімдікке сай бейненің ұқсастығын бейнелейтін өнер саласы ма? Алдымен өнерде таза реализм бола ма, соған жауап беріп көрейік. Өткен ғасыр натуралистерінің декларацияларына қарағанда ол реалдылықтың нақты бейнеленуі, олай болса фотографияның да кескіндемеге қатысы дәл сондай деп қабылдайды: біріншісі бейненің нақты нұсқасын беретін болса, онда екіншісінің қызметі мен айырмашылығы қандай? Бірақ фотография нені шығарады және реалдылық деген не? Ең үздік деген фотографияның өзі соңында әлемді дұрыс сипаттамайды, оның реалдылығы жеткіліксіз. Ол адам өмірімен салыстырғанда қалай реалды болуы мүмкін және оны реалистік фильмдердегідей елестету жағдайында үздік бейнелеуге қалай ұмтылуға болады? Адам өмірін фильмде немесе бейнелеу өнері шығармасы да толыққанды етіп көрсетуге шамасы келмейді. Ол тек реалист суретші Жаратушының мүмкіндігінде екен [4, 370 б.].

Жалпы бейнелеу өнері шығармасында адам образының немесе бейненің іске асуы заттық түгендеумен есептелген сайын оның көркемдік құнының төмендейтіндігі белгілі. Себебі, адамның немесе заттың сыртқы көрінісі оның мәні жайлы толық мағлұмат бере алмайды. Сыртқы келбет бұл құбылыс аймағы, мұнда бәрі өзгермелі.

Заттың мәнін білдіретін құбылыстар мен сапалар қабаттарының ар жағындағы өзек ашылмай, оның реалдылығынан мағлұмат алу мүмкін емес. «Реализм» мағынасы ертеден белгілі болғанымен (Ежелгі Грекияда «мемезис» – еліктеу мәнінде пайдаланылған), ол XIX ғасырдың 40-50 жылдары бейнелеу өнері саласында алғашында Францияда, кейіннен басқа елдерде қолданыла бастады. Социалистік реализмнің ірге тасын қалаушылардың бірі В.В. Ванслов: «Реализм – бұл реалды (ақиқатты) өмірдің көркем образдардағы (өнер формасында) көрінісі (жасалуы)», - деп тұжырымдайды [5, 60 б.].

Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелерін зерттеген ғалым Б.Байжігітов еңбектерінде реализм өнерге қатысты күрделі әдіс деп табылып, былай сипатталады: "Реализм мұндай жағдайда түсінік ретінде өзінің рационалды негізіне, материалистік (натуралистік) ұстанымына қарамастан идеалистік қағида болып табылады. Бұл өмірдің (шындықтың) көркем образдағы (өнер формасындағы) ақиқатты (шыншыл) шағылысы (көшірмесі) іспетті – жүзеге асырылуы қарама-қайшылықты және мүмкін емес әдіс. Реализмнің танымдық ұғымы тұрғысынан жіберілген басты кемшілік реализмді шынайылықтың тұтас, толыққанды, образды танымы ретінде қарастырмай, заттар әлемінің сыртқы ұқсастық белгілерімен шектей, адам мен әлемді бейнелеуді шығармада кәсібілікпен үстірт көрсетуге ұмтылушылық болды. Бұл реализм түсінігін бейнелеу өнерінде саудалауға әкелді. Көптеген реалистік шығармалардағы реализмнің танымдық ұғымы әр кезеңдерде салыстырмалы түрде сипатталды, өнер тарихында реализмге суретшілердің, сыншылардың, ресми және бейресми ортаның қатынасы әртүрлі болды. Сонымен қатар, реализм өнер тарихында классицизм, академизм, барокко, рококко, романтизм, импрессионизм, сюрреализм, гиперреализм сияқты көптеген ағымдарды қамтыды" [3, 75 б.].

Сондықтан да ғалымның тұжырымдауынша, классикалық реалистік бейнелеу өнерінде қарастырылатын көру ақиқатының мәні бір ғана адамның өмірімен, бір немесе сансыз адамның сыртқы бейнесімен де ашылмайды. Адам мәні қатынасында шынайылықты қарастыру А.Камюде дүниенің барлық тұтастығының қамтылуында, оның реалистік пен абстракциялық шектер арасында олардың арасындағы үйлесімділікті табуында деген. Реализмнің гносеологиялық табиғатын зерттеген Б.Байжігітов реалдылықты сипаттаудың екі жағын ашып көрсетеді. "Реалдылық біріншіден, табиғатты – табиғи көріністерді, құбылыстарды, қоршаған ортаны, нәрсені, адам тұлғасын, оқиға желісіндегі сюжеттік сарындарды, сипаттық ерекшеліктерді – дәл бейнелеу мүмкін емес деп табады. Оның себебі табиғатта статикалы еш нәрсе жоқ. Кеңістіктегі объект уақыт аралығында өзгеріп отыратын динамикалы сипатқа ие. Екінші жағынан, көркем шығарма мен шындық арасындағы алшақтық материалдық негізде жатыр. Суретші образ сомдау барысында кенеп, қағаз, мәрмәр тас, қола секілді материалдарды пайдаланады. Бұл жағдайда шындықты тікелей Жаратушы Алланың ісі суретшінің қолынан келмейтінін мойындауымыз керек», - дейді [3, 74 б.].

Реализмнің тарихи-әлеуметтік және эмоционалды-сезімдік бет-бейнесі әр кезеңде әртүрлі болды. Осыған байланысты Б.Байжігітов бейнелеу өнеріндегі реализмнің үш түрін атап көрсетеді. Мысалы, XVII ғасырдағы Батыс Еуропа өнеріндегі Нидерландия монархиялық Фландрия және республикалық Голландия болып екіге бөлінгенін білеміз. Ақсүйектердің рухани әлеуметтік талап-тілектеріне байланысты Фландрияда әсем де әдемі, кереғарлы және шүйгін бояу түстерінің қуатты, әрі динамикалы үйлесімінде жазылған шығармалар пайда болған кезде, Голландияда реализмнің қарапайым түрі бой көтерді. Оны тудырған шағын кәсіпкерлікпен шұғылданушы үшінші «сословие» өкілдері еді. Бұл кезде өнер шығармасы халық арасында тауарға айналған болатын. Ол сатылатын және сатып алынатын. Сұранысты тудырған қарапайым адамдар үшін тұрмыстық сюжет, натюрморт, пейзаж, портрет жанрындағы шығармалардың композициясы күнделікті өмірден алынды. Жазылу әдісі нанымды, ұқсас, қарапайым, өлшемі шағын болуы

шарт болды. Өнер тарихында белгілі құбылыстардың бірі «кішкене голландықтар» термині осылай қалыптасты. Ал, дәл осы XVII ғасырда реалистік стиль Испания өнерінде де көрінді. Ол Д.Веласкес, Х.Риберо, Ф.Сурбаран, Б.Мурильо шығармашылықтарын қамтиды. Бірақ Испания реализмін оның басқа көріністерімен салыстырғанда суық реализм деуге болар еді.

«Реализмнің екінші бір көрінісін» ғалым көркемсурет оқу орындарындағы талап-тілектерге байланысты туындайтындығына тоқталады. «Реалистік әдістің бұл түріне қойылатын шарттар бейнелеуші әдіс-тәсілдерге тікелей қатыстылығымен дәлелдейді. Реализмнің үшінші түрі оның академистік немесе классикалық түсінігі оқу әдістемелік талаптарға жақын. Айырмашылығы – академизм принциптері Антик және Ренессанс дәуіріндегі канондық үлгілерден туындайтын заңдылықтармен шектеулі. Орта ғасырлардағы Жапон ксилографиясын, Иран, орталық Азия миниатюрасын да қазіргі кезең үшін классикалық өнер деп есептеуге болады» [3, 77 б.].

XX ғасырдағы қазақ бейнелеу өнерін де классикалық-реалистік бейнелеу өнеріне жатқызамыз (Ә.Қастеев, Х.Наурызбаев, Қ.Телжанов, М.Кенбаев, С.Мәмбеев, Г.Исмаилова, Ү.Әжиев, С.Айтбаев, Ш.Сариев, Е.Мергенов, Б.Табиев, К.Дүйсенбаев). Олардың тарихи тақырыпқа қатысты, тіпті қатыссыз жасаған шығармаларындағы реалистік қатынасты біз мойындаймыз. Көру ақиқаты бейнелеу өнері үшін мағынасыз болуы мүмкін емес. Ол міндетті түрде адамның сыртқы және ішкі әлемімен үйлесе, адам мәнінің қандай да бір шынайы нұсқасын көрсетуі тиіс. Тура солай белгілі бір философиялық және эстетикалық талғам-талаптарымен әрбір дәуір, әрбір суретші өзінің уақытына сай адамын бейнелеп, оның мәніне деген мінездемесін беріп, өзгертті. Күрделі қоғам мүдделері рухани өмірге тереңдей ене, жеке тұлғаға деген қызығушылық классикадан мұра болып қалған тұрақты «пластикалық» және «жалпы идеалды» көзқарастарды жеткіліксіз деп табады.

Қазіргі заман өнерінде адамдарды бейнелей отырып суретші Бечле жаттанудың символы ретінде баналды жағдайларды трансформациялайды: бейнелентін тұлғалар арасы игеруге келмейтін үлкен құлама тұңғиыққа айналады. Жұмыс барысында ол тек фотографиялық образдарды жасап қана қоймайды, олардың арасында белігілі бір бейтарап деңгейде ұстайды. «Бұл аяқталған шығармада суретшінің көрермендерге не айтайын деген ниетінің белгісіздігі тәріздіні жобалауға итермелейді. Мұнысымен суретші қоғамды немесе белгілі бір өмір сүру стилін мысқылдауды мақсат етпегенмімен, автордың бойын аулақта ұстауы бейнеде сынды талдау тәрізді әсер қалдырады. Бечле шығармаларында өз шығармаларын жалықпай қайталайтын суық реалистерден ерекшелендіретін экспрессивтілік реализмнің көпқабатты ұғым, әлемді танудың мүмкіндігі іспетті [6, 12-13 бб.]. Міне, бүгінде уақыт ырғағымен өзгеріп отырған «реализм» түсінігіндегі мұндай сипат қазіргі уақыттағы көптеген ағымдармен астасып, басқаша көрініс тауып жататындығын жиі кездестіруге болады.

Дегенмен, шығармашылықпен айналысқан суреткер реалистік бағыт ұстандым десе, уақытқа бейтарап қатыссыздық танытып, көрерменінің өресінен, күткенінен төмен шықпағаны абзал. «Өнер», ұстаз Болат Байжігітов айтып кеткен «формулаға айналып ұстатпайтын, екі лагердің екеуінде де сынаптай тайып қолға түспейтін құбылыс, көркем шындық» болса, оны естен шығармаған жөн. Жалпы, «Өнер» атаулы түсінікті болғанда өз мәнін жояды, өлетіні де рас. Бүгінде, жас шығармашы өзінің өмірге, сосын өнерге қатынасын фотографтың деңгейінен асып білдіре алды ма, әлде «авангардшыл» немесе «абстракционист» болып білдірді ме, мән олардың шындыққа қатынас екендігінде. Біз кәсіпті өнермен шатастырып алған жоқпыз ба, егер адамзат ұдайы шындықты тануға ұмтылыста болған болса, біз «осы уақыт өресіне сай оны қандай деңгейде өлшеп біле алдық» деген ой туындайды. Өзінің салыстырмалы қысқа өмірінде ғалым Болат Кесіккалиұлы Байжігітов тұлға әрі қоғам қайраткері ретінде Қазақстан өнерінің соңғы ғасырдағы мен бүгінін зерттеудің әдіснамасын жасады, қайталанбас ғылыми-шығармашылықтық мұра қалдырды.

Әдебиеттер:

1. *Энциклопедия мудрости. – М.: Издательство «РООССА», 2014. – 814 с.*
2. *Johanna Braun, Günter Braun. Der unhandliche Philosoph. Berichte zur Biographie des Skrates. Frankfurt am Main 1983. Suhrkamp Verlag, S. 12. (Sokrates in Platons "Phaidon"); Bertrand Russell. Philosophie des Abendlandes. Zürich 2009, Europa Verlag. – P. 104-116; Diogenes Laertius. Leben und Meinungen Berühmter Philosophen. Berlin 1955. Akademie-Verlag. - P. 82, 92, 95.*
3. *Байжігітов Б.К. Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелері: Кеңістік пен уақыт ырғағындағы тұрақты сурет үлгілері. – Алматы: Ғылым-өлке, 1998. – 192 б.*
4. *Камю А. Бунтующий человек / Пер. с фр.; Общ. ред.сост. предисл. и примеч.А.Руткевича. – М.; ТЕРРА-Книжный клуб; Республика, 1999. – 416 с.*
5. *Ванслов В.В. Эстетика, искусство, искусствознание. – М., 1983. – 440 с.*
6. *Штреммель К. Реализм. Tascen / АРТ-РОДНИК. Фотоальбом. – Париж, 2000. – 253 с.*

***

Халыков К.З.

Культур-философский анализ «социально-исторических аспектов реализма» в трудах профессора Б.К. Байжигитова

Статья посвящена определению методологических оснований исследования теории изобразительного искусства и казахской традиционной культуры. Рассматривается социально-исторические и культур-философские аспекты реализма в классическом и современном искусстве в трудах профессора Б.К. Байжигитова. Показаны некоторые особенности отечественного вклада ученого в мировую практику теории познания искусства. Исследуется три вида реализма, показанные ученым в системе: художественное направление, познание мира и жизненная позиция из истории теории искусства в дискурсном понимании.

Ключевые слова: Б.К. Байжигитов, казахское изобразительное искусство, реализм, правдоподобность, образ.

Khalykov K.Z.

Kultur-philosophical analysis of "social and historical aspects of realism" in the writings of Professor B.K. Bayzhigitov

The article is devoted to the definition of the methodological bases of research of the theory of the Fine Arts and Traditional Kazakh Culture. We consider the socio-historical and cultural-philosophical aspects of realism in the classical and Modern Art in the works of Professor B.K. Bayzhigitov. Showing some features of the national contribution of the scholar in the world practice the art theories of knowledge. We investigate three kinds of realism shown in the system of the scholar: an artistic movement, cognition of the world and life philosophy of the history of art theory in discourse understanding.

Keywords: B.K. Bayzhigitov, Kazakh Art, realism, believability, image.

***

УДК 94(574)"19"

Мусаев Б. – к.и.н., доцент,
Актюбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова
E-mail: *baurzhan_musaev_76@mail.ru*

ВЛИЯНИЕ ПОЛИТИКИ ЦАРИЗМА В НАЧАЛЕ XX ВЕКА НА ПРЕДПОСЫЛКИ ГОЛОДА 1921-1922 ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. *Статья посвящена переселенческой политике царизма в Казахстане, ставшей предпосылкой голода 1921-1922 годов.*

Ключевые слова: *Колония, аграрно-сырьевой придаток, колонизация, реквизиция, монокультурное хозяйство, конфискация.*

К 1917 году Казахстан представлял собой колониальную окраину Российской империи. По своему хозяйственному развитию он находился на уровне, обычном для колониальных стран – был аграрно-сырьевым придатком Российской империи [1, с. 22].

Прежде чем перейти к изложению причин голода 1921-22 годов, мы остановимся на природно-климатических условиях, а также формах ведения сельского хозяйства в Казахстане, так как это поможет понять глубину трагедии целого народа, подвергшегося тяжелым испытаниям в начале XX века.

Казахстан расположен по всей своей территории в северной зоне высокого атмосферного давления. Из-за географического положения главной чертой климата Казахстана является его суровая континентальность, характеризуемая следующими основными причинами: громадная инсоляция (большое количество солнечных лучей, посылаемых на землю) благодаря безоблачному небу; недостаточное увлажнение; большие и резкие колебания температур не только по временам года, но и на протяжении дня и ночи; сухость и прозрачность воздуха; сильные движения ветров. В горных районах Казахстана континентальность климата умеряется. С севера на юг, с каждым градусом широты идет нарастание средней годовой температуры, которая начинается с 1°С на севере и доходит до 14°С на юге. Климат Казахстана значительно изменяется также в зависимости от долготы места, с запада на восток. Так, например, безморозный период в западной части Казахстана имеет продолжительность до 120 дней, тогда как на восточной части (Семипалатинская губерния) он сокращается до 90 дней. Вегетационный период на западе продолжается до 210 дней, а на востоке - до 120 дней; дней с осадками на западе бывает в год до 120, на востоке лишь 100; средняя годовая температура в прикаспийской низменности 8 °С, тогда как на той же параллели в Зайсане лишь 4 °С. Если температурные условия с севера на юг имеют сильное нарастание, то наоборот, количество атмосферных осадков изменяется в том же направлении с громадным убыванием. Лишь северная часть Казахстана омывается количеством осадков до 350 мм в год. На всем остальном пространстве республики к югу годовое количество осадков значительно ниже, и на 90% всей территории оно ниже того предельного минимума, который допускает рентабельное занятие земледелием (300 мм), опускаясь на юге до 100 мм и в отдельных местах ниже. Незначительно количество осадков в Казахстане, неравномерное их распределение по временам года, иногда чрезмерно малое их количество весной создают в Казахстане условия для периодически повторяющегося стихийного бедствия - засухи. Засуха страшна не только для земледелия, но и для скотоводства. Недостаточность весенних осадков влечет за собою неурожай трав, вследствие чего скот обрекается на полуголодное существование. От бескормицы, вызванной засухой или зимней гололедицей, происходит массовый падеж скота (джут) [1, с. 3-4].

По взаимной связи климата, почвы и растительного покрова вся территория Казахстана делится на пять естественноисторических районов:

I - степь на черноземных и темно-каштановых почвах (Северная часть Кустанайского, Уральского, Актюбинского округов, северная и средняя часть Петропавловского округа)

II - степь на светло-каштановых и солонцеватых почвах

(Северо-западная часть Уральского, Актюбинского округа, средняя часть Кустанайского и Акмолинского округов, северная часть Каркаралинского, юг Петропавловского округа и Павлодарский округ)

III - полупустыня (Гурьевский округ, северная часть Адаевского округа, средняя часть Актюбинского, южная часть Акмолинского и Каркаралинского округов, часть Семипалатинского округа)

IV - пустыня (Адаевский округ, юг Актюбинского и Акмолинского округов, Кызыл-Ординский округ)

V - предгорья и горные районы (Алтай, предгорные районы Алма-атинского, Сырдарьинского округов)

В первом районе годовое количество осадков равнялось 300-350 мм и среднегодовая температура воздуха (изотермы) - от 1 °С -до °4 С.

Во втором районе 300-350 мм и изотермами от 4 °С - до 6,5 °С

В третьем районе 150-250 мм и изотермами от 5 °С - до 10 °С

В четвертом районе 150 мм изотермы 7-14 °С [1, с. 8].

Исходя из вышеперечисленных естественно-климатических описаний, нам представляется вывод, что вся территория Казахстана пригодна только для скотоводства, а первый район является «зоной рискованного земледелия». Основными формами сельского хозяйства в Казахстане было земледелие и животноводство. Эти формы хозяйствования носили экстенсивный характер. К тому же эти формы хозяйствования носили определенную этническую принадлежность. Так, земледелием занимались, в основном, европейцы и другие этносы - эмигранты, а животноводством - в основном, казахи.

Земледелие, - в основе своей, исключительно зерновое велось почти всюду по залежной системе; результатами этой системы являются: выпаханность земель, низкая урожайность, и, в условиях засушливого климата, резкие колебания урожаев. В ряде районов у европейского населения наблюдался кризис залежной системы, выражающийся в наличии 50-60 и более процентов отношения посева к пашне [1, с. 36].

Одной из особенностей ведения сельского хозяйства в Казахстане было и то, что европейцы вели сельское хозяйство «хищнически», так как земли в Казахстане было много, а главное, земледелие в Казахстане требовало огромных усилий, агрономических знаний, материальных вложений и бережливого отношения к ней. Основная тенденция сельского хозяйства в Казахстане в начале XX века было - освоение большого пространства и захват наиболее плодородных земель [1, с. 46]. Вот основной мотив хозяйствования, существовавший в начале XX века в Казахстане.

Основными моментами сельскохозяйственного производства в Казахстане начала XX века являлись: природа и человеческий труд. История развития сельского хозяйства указывает, что на первой ступени развития сельского хозяйства доминирующую роль играла природа [2, с. 35].

Главным препятствием, не позволяющим подолгу сеять хлеб на одном месте, является изменение структуры почвы, засорение полей, а также сельскохозяйственные вредители [2, с. 44]. Засоренность полей происходила от незнакомства с естественной сменой растительных формаций, а вследствие этого и от ошибок эксплуатации земли, а также с сознательной небрежностью хозяев, рассчитывавших «снять сливки» на целине немного подольше при минимальных материальных и физических усилиях [2, с. 71-72].

Обратим внимание на то, что животноводство велось коренным населением в формах примитивного пастбищно-скотоводческого кочевого и полукочевого хозяйства, без заготовки или с недостаточной заготовкой кормов на зиму. Редкость

населения позволяла пользоваться громадными пространствами земли с высоким плодородием трав. Сохранение примитивных форм скотоводческого хозяйства было обусловлено наличием в Казахстане огромных пространств (абсолютных пастбищных угодий), не могущих быть использованными иначе, как путем кочеваний. Скотоводство не требовало интенсивного приложения человеческого труда. Содержание скота в тот период во многом приближалось к природному, естественному. Скот был представлен самому себе и никакого ухода за ним не велось.

При необразованности населения и недостаточной ветеринарной помощи скотоводство становилось жертвой эпизоотий от болезней и джутов [3, с. 36]. Забота хозяина состояла лишь в том, чтобы не потерять скот из виду и перегнать его на новую нетронутую степь, где находилась свежая растительность. Казахам были известны очень хорошо не только поедаемые скотом травы, но и время их наибольшей питательности в течение всего вегетационного периода. Одним из главных моментов в заботе хозяина-кочевника являлось нахождение воды, и эта циркуляция от источника к источнику вместе со скотом и являлось началом, регулирующим кочевание [3, с. 36].

Первичной и основной формой населения казахов является мелкий хозяйственный аул, насчитывавший от 5 до 15 хозяйств. По территориальному соседству составляющих его хозяйств, общему водопользованию, обособлению от других аулов, хозяйственный аул подходит к понятию населенного пункта. Наиболее четко в этом отношении аул-кыстау (зимовка), имеющий примитивные постройки, в основном, землянки [3, с. 12]. Зимовка – это то место, где степь за лето не стравливалась и, следовательно, растительность оставалась нетронутой и могла пойти на корм скоту. В это время скот также предоставлялся самому себе; он всю зиму «тебенует», т.е. пасется по снегу, разгребая его и разыскивая оставшийся от лета корм. В обычные годы скот к весне до того изнуряется, что даже падает от бессилия, выжидая, когда кругом растает снег, чтобы вкусить прошлогодние травы. В этот сезон года, когда скот не имеет возможности пробить снежную корку и достать корм, наблюдается массовый падеж скота (джут), который обычно совпадает с годом зайца - «қоян». В этот период количество скота сокращается до невероятных размеров. Так, «джут» 1911 года унес по отдельным аулам до 49% стада, а в 1921 году от 50-90%. На восстановление кочевого скотоводства после 1921 года понадобилось 7-8 лет. Если принять годы «қояна», совпадающими с одиннадцатилетиями – максимумами возмущения климата, то следующий год «қояна» - 1931 год. Нормальной же численности стадо было достигнуто к 1928 году; следовательно, после восстановления стада последовал снова «джут».

Из этих данных следует, что «джуты» - это стихийное явление природы, повторяющееся через интервал 10-11 лет. Например, зима 1880-1881; 1891-92; в 1911-12 и, наконец, в 1920-1921 годах

Таким образом, становится ясно, что пастбищное скотоводство целиком находилось во власти природных катаклизмов, как гололедицы и неурожаи трав от засух. Хозяин-кочевник не вел с природой никакой борьбы, полагаясь всецело на то, что предоставит ему природа [3, с. 36-37]. С точки зрения самого кочевника, нетронутого цивилизацией и обладающего очень скромными потребностями пропитания и обихода, такая форма хозяйства является наиболее рациональной, так как требует наименьшей затраты труда. С точки зрения европейца эта форма является нерациональной [3, с. 38].

В чем заключались отрицательные стороны кочевого скотоводства? Одним из главных вредителей сельского хозяйства являются грызуны, съедающие травы, которыми должен питаться скот. Вследствие большого скопления скота появлялась опасность распространения разного рода болезней (сап, чума и т.д.), но в кочевых хозяйствах отсутствовала должная ветеринарная служба. Кормление скота по нормам не велось. Также не проводились заготовки сена на зиму. Эта мера явилась бы

спасением животных от джута, так зимовки 1921-1922 годов подтверждают это. Но большинство казахов находилось в полукочевом состоянии [3, с. 54]. Также были районы, где население в поисках редкого корма для скота переходило с места на место в течение всего года. (Это - юг Адаевского округа, Кызыл-Кумы, Кара-Кумы, Бетпак-Дала и т.д.). В кочевых районах территориальная распыленность казахов достигла таких крайних пределов, что здесь не только обособлялись хозяйства, но и части отдельных видов хозяйств, временно расходились в разные стороны в поисках специальных кормов, необходимых для отдельных видов скота. Расселение казахов в сезонных аулах явилось прямым следствием наличия в степях Казахстана примитивных форм хозяйствования [4, с. 12]. На территории Казахстана также существовали полу-земледельческие хозяйства. Это были хозяйства с переходом от пастбищного скотоводства к земледелию. В этих хозяйствах доминирующую роль играло скотоводство, но когда хозяин оседал твердо на определенном месте, скотоводство постепенно теряло свое доминирующее значение. Количество скота у них, колебалось, по мере укрепления оседлости, останавливается на той норме, которую хозяин может содержать, при условиях пользования выгонами и при наличии тех грубых кормов, которые остаются в хозяйстве как отбросы зерновой продукции [4, с. 47-48].

Данная форма хозяйства встречалась в КазАССР там, где были пастбища и годовое количество осадков, что позволяло населению заниматься земледелием.

Итак, в Казахстане к 1921 г. существовало 3 вида хозяйств:

а) оседло-земледельческое,

б) полукочевое,

в) кочевое [3, с. 36].

Оседло-земледельческим хозяйством занимались европейцы и другие переселенцы, а полукочевым и кочевым - казахи. Основная черта кочевого скотоводства - это зависимость от стихийных бедствий и, следовательно, неустойчивость хозяйства.

К основным моментам, которые определяли хозяйственно-экономическую особенность Казахстана начала 20-х годов XX века, можно отнести следующие:

а) общая отдаленность Казахстана от основных экономических и административно-политических центров РСФСР,

б) разобщенность частей территории Казахстана,

в) крайняя распыленность населения Казахстана на громадной территории,

г) многоукладность хозяйственных форм,

д) крайняя отсталость и неустойчивость хозяйства – из-за огромной зависимости от стихии [3, с. 9].

Таким образом, Казахстан представлял собой очень хрупкую экологическую систему, обладающую повышенной чувствительностью к внешним воздействиям и хозяйственной деятельности человека, и любое грубое вмешательство в функционирование этой системы приводило к трагическим последствиям.

Казахстан представлял также и переселенческую колонию для «избыточного» населения центра России. Царское правительство в интересах русских помещиков и капиталистов насильственно отчуждало землю казахов. Значительная часть земли досталась высшим офицерам и чиновникам, а также кулацким элементам из русских крестьян и казачества. В Казахстане из находившихся в землепользовании казахов земель в количестве 169 560 тысяч десятин было изъято к 1917 году 40 667 765 десятин, в том числе наиболее плодородной – 29 129 246 десятин. Изымались наиболее ценные земли: выпасы и прогонные пути [2, с. 60].

Наиболее усиленное заселение Казахстана начинается с 1906 года по окончании русско-японской войны и подавления революционного движения. Для принятия переселенческой волны Правительством заготавливались особые участки

размерами от 22 десятин (для хуторов) до 10 тысяч десятин (для поселенного пользования) земли [3, с. 116].

Переселение европейцев в Казахстан внесло перебои в скотоводческом хозяйстве. Царское правительство, поселяя новоприбывших, совершенно не считалось с интересами казахского населения. Кочевые пути, тянувшиеся от побережья Каспийского и Аральского морей на восток и северо-восток, были прерваны в силу того, что на них были расположены русские поселки. Это не давало возможности свободно проходить со своим скотом на восток и обратно. Политика царского правительства, имевшая определенную тенденцию вытеснить казахов к юго-западу на более неудобные земли, вынудило казахов осесть на северо-восточной части Казахстана, кочуя только в близлежащих пределах, соприкасаясь с русскими поселениями [4, с. 23].

Из этого становится понятно, какую дезорганизацию внесло в хозяйственную жизнь казахов внедрение русских переселенцев, вступающих с ними во враждебные отношения и внесших иную, иногда совершенно чуждую для далекого района земледельческую культуру. Часто какой-либо участок земли, пригодный для земледелия, лежащий на скотопрогонной дороге, -джайлау, - распахивался и закрывал проход на летовки и тем самым оставлял неиспользованными богатейшие пастбища ради нескольких десятков десятин посева. Вследствие этого казахи должны были уменьшать размеры стад или переходить к полуоседлому хозяйству. Казахи были обречены жить в малопригодных землях, и не имели возможности развивать свое хозяйство. Большинство казахов, лишенных свободы землепользования, не могло вести свои хозяйства и чаще всего они становились «жатаками», работающими в качестве батраков у русских переселенцев [5, с. 11].

Царское правительство не было заинтересовано в переходе казахов к оседлому земледелию, так как Казахстан был товарно-сырьевой колонией царской России. Оно было заинтересовано в монокультурном развитии сельского хозяйства - в развитии животноводства, продукты которого поставлялись на российский рынок, в обмен на продукты земледелия и промышленные товары.

Царизм искусственно задерживал развитие производительных сил в Казахстане, что стало основной причиной сохранения докапиталистических форм хозяйства, средневековых пережитков в быту. Основными из этих пережитков были слабость товарно-денежных отношений, наличие натуральных форм обмена в отдельных, наиболее отдаленных районах, неземлеустроенность и неорганизованность земельных площадей, экстенсивность кочевого скотоводческого хозяйства, примитивность земледелия и массовая неграмотность казахского населения [6, с. 14].

Таким образом, переселенческое движение способствовало разрушению скотоводческо-кочевого быта и упадку хозяйства казахов. Тогда и началось массовое обеднение казахов, которое сопровождалось их жестокой эксплуатацией как производителей сырья.

Вступление России в Первую мировую войну тяжело отразилось на положении трудящихся Казахстана. В годы войны увеличились размеры налогов. Кибиточная подать увеличилась с 4 до 8 рублей. На казахское население были возложены «добровольные сборы», принудительная подписка на государственный заем и военный налог, всего около десяти различных видов сборов и пошлин. Военный налог взимался с коренного населения в размере от 21 % существующих сборов, то есть в размере 1 рубля 84 копейки с каждого двора. Царские власти для нужд войны реквизировали скот, продукты продовольствия, принудительно мобилизовали транспорт для подвозки военных грузов к железнодорожным станциям. В годы войны сокращались посевные площади, количество скота. С 1913 по 1915 год у казахского населения Тургайской области площадь посевов уменьшилась почти на 57 тыс. десятин, а количество скота на 260 тыс. голов [7, с. 620].

В годы Первой мировой войны казахское скотоводство пострадало из-за дальнейшего изъятия лучших земель, в первую очередь, пастбищных угодий, что сказывалось на сокращении скота. На сокращение поголовья скота в военные годы влияли и периодические реквизиции. Царские власти отбирали для нужд войны скот и продукты животноводства. В период национально-освободительного восстания 1916 года царские власти наложили на казахское население специальную контрибуцию, вся тяжесть которой легла на плечи трудящихся масс. Отбирали имущество и скот, независимо от того, участвовали они или нет в восстании [7, с. 628].

В 1916 году была открыта подписка на новый государственный заем в 3 млрд. рублей, который также лег тяжким бременем на плечи казахского населения. Кроме того, под нажимом колониальной администрации казахское население было обложено различными добровольными пожертвованиями в помощь фронту. Всякие сборы, налоги были настолько тяжелыми, что многие казахи были не в силах платить их и разорялись. К концу 1916 года, поступлений совсем не было. Нужда и разорения казахов росли с каждым днем. Резко ухудшалось социально-экономическое положение широких слоев населения Казахстана [7, с. 632].

Таким образом, Первая Мировая война и колониальная политика царизма привели экономику Казахстана к упадку, что особенно отразилось на хозяйстве казахов.

Литература:

1. *Дахшлейгер Г.Ф., Нурпейсов К.Н. История крестьянства Советского Казахстана. Т.1. – Алма-Ата: Наука, 1985. – 247 с.*
2. *Нейштадт С.А. Социалистическое преобразование экономики Казахской ССР в 1917-1937 гг. – Алматы: КазГиз, 1957. – 378 с.*
3. *Статистико-экономический обзор КазССР. – Оренбург: ЦСУ КССР, 1923. – 182 с.*
4. *ЦГАРК. Ф.320, Оп. 1, д. 25, л. 70.*
5. *Жемчужников Н.Н. Движение на Восток. – М.: Центральное Издательство Народов СССР, 1927. – 143 с.*
6. *Материалы к отчету КазЦИК на 3-й сессии ВЦИК XIII созыва. – Кзыл-Орда, 1928.*
7. *История Казахстана с древнейших времен до наших дней. – Алматы: Атамура, 2000. – 766 с.*

***

Мұсаев Б.

XX ғасырдың басындағы патша саясатының Қазақстандағы 1921-1922 жылдары орын алған аштық алғышарттарына ықпалы

Мақала патшалықтың Қазақстандағы 1921-1922 жылдардағы аштыққа алғышарт болған жер аудару саясатын қарастыруға арналған.

Тірек сөздер: Отар, аграрлық-шикізаттық шылау, отарлау, реквизиция, бір дақылды шаруашылық, тәркілеу.

Musaev B.

Influence of politics of царизма at the beginning XX of century on pre-conditions of hunger of 1921-1922 in Kazakhstan

The article is sanctified to migrant politics of tsarism in Kazakhstan, by becoming pre-condition of hunger of 1921-1922.

Keywords: Colony, agrarian and raw material appendage, colonization, requisition, monocropping, confiscation.

***

ӘОЖ 94 (574/470)

Рысбеков Т.З. – т.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Джангужиев М.С. – магистрант, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: *dsi-1949@mail.ru*

ЕРАЛЫ СҰЛТАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ-ОРЫС ҚАТЫНАСТАРЫ

Аңдатпа. *Мақалада XVIII ғасырдағы күрделі тарихи оқиғаларға белсенді түрде, тікелей араласып, өзіндік терең із қалдырған Ералы Әбілқайырұлының өмірі мен қызметі туралы тың деректер зерделенген, сонымен қатар оның қоғамдық-саяси қызметі тарихи деректер негізінде жете талданған.*

Тірек сөздер: *Сұлтан, хан, дипломатия, ведомосі, экспедиция, әкімшілік, делегация, комиссия.*

Қазақ тарихын ұлттық мүдде тұрғысынан зерттеу мәселесі қазіргі таңда жаңа сипатқа ие болып, ондағы тұлғалар ғұмырнамасы жан-жақты саралану үстінде. Өйткені тарихты халық жасағанымен, сол халықты бастайтын да, оның дамуында өз ізін қалдыратын да жеке тұлғалар болып табылады. Соның ішінде қазақ мемлекеттілігінің бастау көшінде тұрған хан, сұлтандар тарихына ерекше қызығушылық артып, олардың өмірі мен қызметі тың деректер негізінде жаңаша зерделенуде. Сондай тұлғалар қатарында XVIII ғасырда өмір сүрген Ералы Әбілқайырұлын атауға болады. Кіші жүздің қоғамдық-саяси өмірінде көзге түсіп, саяси белсенділігімен танылып, маңызды оқиғаларға араласқан Ералы сұлтанның (кейіннен ханның) тарихи тұлғасы сол дәуірге арналған еңбектерде айтылып өткенімен, өз алдына арнайы зерттеу нысанына ілінбеді. Сондықтан өлке тарихында өзіндік орны бар тұлғаның тарихи бітім-болмысын ғылыми тұрғыдан саралау қажеттілігі айқындала түседі.

Ералы сұлтанның ата-тегі Қазақ хандығының негізін салған Жәнібек ханнан бастау алатын Кіші жүздегі әйгілі Әбілқайыр ханнан тарайды. Ол Әбілқайыр хан мен Бопай ханымның жанұясында 1721 жылы дүниеге келді. Кіші жүз ханының тұңғышы Нұралыдан кейін өмір есігін ашқан екінші ұлы. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаның» қарсаңында туған жас сұлтанның қоғамдық-саяси көзқарасына сол кездегі оқиғалардың әсер еткені анық. Ол жан-жағынан қыспаққа түскен елін қалайда аман алып қалу жолында өмірін ат жалында өткізген әкесі Әбілқайырдың анталаған жауларына қарсы тынымсыз күрес жолын көріп өсті. Ал өзінің тарих сахнасына көтеріліп, ел істеріне араласуы тілмаш А.Тевкелевтің 1731 жылы қазақ даласына келу сапарынан басталды. Орыс елшісінің келуінен соң Кіші жүздегі ел игілерінің қатысуымен қазақ-орыс қатынасы талқыға түсті. Ресей бодандығы мәселесіне келген кезде ел тізгінін ұстаған игі-жақсылардың ұстанымдары екіге жарылғанымен, көп ұзамай Әбілқайыр хан, ел ішінде беделі зор Бөкенбай, Есет батырлар, Құдайназар мырза секілді тұлғалардың бастауымен, одан соң атақты 27 старшынның 10 қазан күні өткен кеңестегі ант қабылдауына ұласты. Кейін 1732 жылы 12 мамырдағы кездесу барысында орыс елшісіне «Қалмақ ордасы – жел, ал Ресей империясы – берік діңгек» деп өз ойын ашық білдірген Әбілқайыр хан Ресей империясына берген антын жоққа шығармайтынын айта келіп, өзінің оған шын адал екендігін көрсету үшін А.Тевкелевпен бірге Мәскеуге өзінің ортаншы ұлы Ералы сұлтанды жіберетініне уәде етті [1, 74 б.].

Міне, осыдан соң Ералы сұлтанның орыс елшілігімен бірге Ресейге аттанатыны белгілі болды. Өз ұлын елшілікке қосып жіберу мәселесінде Әбілқайыр хан алдымен Бопай ханыммен ақылдасып, шешкен болу керек. Қалай болғанда да сол тұстағы саяси жағдайдың шиеленісуі нәтижесінде өзінен күшті көрші елге арқа сүйеу үшін Әбілқайыр ханның бұл қадамға баруының өзі сан мәрте ой елегінен өткізіліп барып қабылдаған шешім еді.

1732 жылы 17 қарашада А.Тевкелевпен әңгіме барысында Әбілқайыр хан Ералымен бірге немере ағасы Нияз сұлтанды елші ретінде жіберетінін және жыл сайын патшаға өз ұлдарының біреуін жіберіп тұратынын тілге тиек етеді. Өзіне қарсы топтың сөгісін алмау үшін тек қана ұлын Мәскеуде көп ұстамай кері қайтаруды өтінді. Ал егер патшаға қажет болса, ұлының қалада болып, өз үйімен тұратынын, аманаттың жақсы екенін қоса түсті. Сонымен 24 қарашада құрамына Ералы сұлтан, Нияз сұлтан, старшындардан Жәдік би, Құдайназар мырза, Бөкенбай батырдың немере інісі Мырзагелді батыр, Төлебай мырза, Қыпшақ Көрді және Байғұншақ секілді кісілері енген Әбілқайыр хан елшілігі А.Тевкелевпен бірге Найзакескен мекенінен Ресейге аттанды [1, б. 74]. Оларға қоса елшілік құрамына Тәттімбет батыр мен Байбек төленгіт секілді Кіші жүз старшындары және үш башқұрт, Ұлы жүз старшындары Аралбай мен Рыскелді батырлар кірген. Осыған орай зерттеуші И.И.Крафт «мансапқор хан мұнысымен өзінің Ұлы жүз қазақтарына да ықпалы жүретінін білдірмек болған-ды» деп анықтайды [2, 26 б.].

Әбілқайыр хан елшілігі А.Тевкелевпен бірге 1733 жылы 2 қаңтарда Уфа қаласына жетті. Қазақ елшілігі осында қалдырылып, А.Тевкелев Петербургке барып, өзіне жүктелген тапсырманың орындалғанын және қазақ елшілігінің Петербургке келу үшін Уфада рұқсат күтіп жатқандығын хабарлады. Ал А.Тевкелевтің Ресейге қайтарылуынан күдер үзген Сыртқы істер коллегиясы орыс елшісінің аман келуіне, оның табысына ерекше мән берген. Елшілерді бастап Әбілқайыр ханға барып, қазақ елі туралы толық мәліметтер жинаған, Орта жүз, Ұлы жүз игілерімен кездесіп, ол жайындағы хабарламаны патша үкіметіне жеткізген А.Тевкелевтің іс-әрекеті отарлау саясатының, орыс дипломатиясының пайдасына шешілді [3, 49 б.].

Бұл хабарларды қуана қабылдаған патша сарайы А.Тевкелевке Ералы сұлтан бастаған қазақ елшілігін Петербургке алып келуге рұқсат етті. Содан елшілік 1734 жылы қаңтар айында Петербургке келіп, құрметпен қарсы алынды. 10 ақпанда елшілікті императрица Анна Иоанновна қабылдап, сол кездегі Санкт-Петербург ведомостілерінде жарияланғандай, Ералы сұлтан министрлер, жоғары генералитет және басқа да сарай маңы адамдарының алдында патша ағзамға арнап мынадай сөз сөйледі:

«Ұлы мәртебелі импертарица! Менің әкем Әбілқайыр хан өзінің қазақ ордасымен бірге, өзінің өтініші және Сіздің қайырымды шапағатыңызбен Сіздің ұлы императорлық қамқорлығыңызға алыну мәртебесіне ие болып, бодандығыңызды қабылдады және өзінің Сізге адал құл болатындығын білдіру үшін мені ұлық сарайыңызға жұмсады, сондықтан мені қайырымдылық білдіріп қабылдағаныңызға ризашылықпен, әкемнің атынан аяғыңызға жығылып, алғысымды білдіремін және бізді өзіңіздің императорлық қамқорлығыңыздан тыс қалдырмауыңызды дәргейіңізге бас ұра өтінемін».

Бұл сөзге вице-канцлер Остерман былай жауап қайырды: «Ұлы мәртебелі императрицамыз сенің әкең Әбілқайыр ханның бодандықта болу тілегін құп көріп, өзінің императорлық шапағатына, қамқорлығы мен қорғаншылығына алатындығын білдіреді және бұл қайырымдылығы үшін сен жән сенің әкең Әбілқайыр хан өз халқымен оның императорлық мәртебесіне берген анттарына лайық адал қызмет етеді деп сенетіндігін білдіреді» [4, 7-8 бб.; 2, 27 б.].

Осыдан соң қазақ-орыс қатынастарына қатысты мәселелер Сыртқы істер коллегиясының талқылауына ұсынылды. Ал Ералы сұлтан бастаған қазақ елшілігінің жүріп-тұруына арнайы пәтер мен қаржы бөлінген. Сонымен қатар Ералы сұлтанға патша сарайына келіп тұруға, Ғылым академиясына, Петергофқа, Кронштадқа және өзге де есте қаларлық көрікті жерлерді аралап көруге рұқсат етілген [4, 8 б.].

Қазақтарды бодандыққа қабылдауға қатысты мәселелерді талқылау көп уақытты талап етті, ал бұл кезде елшіліктің Ресейде ұзақ кідіруі Әбілқайыр ханның алаңдаушылығын туғызып, қандай да бір ағаттыққа әкелуі мүмкін еді. Осыны ескере отырып үкімет 1734 жылы 20 сәуірде Ресейге келген елшілік құрамындағы екі қазақ арқылы Әбілқайыр ханға грамота жіберді. Онда ханға ұлы Ералының нөкерлерімен

бірге қошеметпен қарсы алынғаны, көп ұзамай ордаға қайтарылатындығы жөнінде хабарланды.

Санкт-Петербургте берілген грамотаның мазмұны төмендегідей:

«Қазақ ордасының ханы Әбілқайырға, старшындар мен бүкіл қазақ әскеріне: «Біздің мәңгілік бодандығымызды қабылдағаныңыз және 1731 жылы ол жөнінде ант бергеніңіз жөнінде Тевкелев мырза бізге егжей-тегжейлі баяндама жасады. Сонымен бірге біздің полковник Гарбер басқарған Хиуа мен Бұхарға бара жатқан керуенімізге сендердің кейбір бетімен кеткен қазақтар қарақшылық шабуыл жасауы бодандық мінез-құлық пен антқа қарсы әрекет болса да, сенің, Әбілқайыр хан, адал бодан ретінде біздің резиденциямызға өз ұлың Ералы сұлтан, немере бауырың Нияз сұлтан мен бірнеше ел ағаларын аттандыруың атқа беріктігіннің дәлелі. Оның үстіне, Ұлы жүз өзінің адал қызметін көрсетпек болып, Қодар би, Төле би, Сатай батыр, Хангелді батыр мен Бөлек батыр және бүкіл орда атынан Аралбай мен Рыс батырларды, арнайы елші Тәттімбет батырды қоса жіберуі және біз Ұлы жүзді қамқорлығымызға алуды өтініп жазған хаттары қолымызға тиді. Ал сен, Әбілқайыр хан, өз хатыңда оларда біздің бодандығымызды қабылдағаны жөнінде, сондай-ақ Арал ханы қоластындағы халқымен біздің бодандығымызға алуымызды өтінгені жайлы жазыпсың. Және сен, Әбілқайыр хан, бізге берілгендіктен, Орта жүздің бірнеше оңбаған белгілі елғалары біздің башқұрт бодандарымызға шабуыл жасап, талан-таражға салмақ болғанын алдын-ала хабарлауыңа орай, ол қарақшылар лайықты сыбағасын алған болатын, ал тағы бір осындай башқұрттарға шабуылдың басында бізге ант бергеніне қарамастан, Сәмеке ханның өзі тұрғандығын да біз алдын-ала біліп, мәселені ушықтырмай, екі жақтың татуласуымен аяқталғанын білеміз, одан кейін Сәмеке хан қайтадан ант беріп, бодандыққа алуымызды өтінді. Біз, Әбілқайыр хан, сенің бізге еткен адал қызметіңізге ризамыз, ал полковник Гарбер керуеніне қарақшылық шабуыл жасаған бетімен кеткендер қателерін мойындады, біз оларды кеңпейілдікпен кешірдік, ал сенің ұлың Ералы сұлтан мен немере ағаң Нияз сұлтан және олармен бірге келген старшындар мен жоғарыда аталған Ұлы жүздің адамдары сарайымызға келгеннен кейін императорлық тағымызға бас ию құрметіне ие болды және ешнәрседен мұқтаждық көрмей, сый-құрметке бөленуде, ұзамай біздің толық шешімімізді және Әбілқайыр хан, сенің бізге Тевкелев мырза арқылы айтқан өтінішің бойынша, барлығы анықталғаннан кейін қайтарамыз, ал осының бәрін және ұлың мен бауырыңның хабарын алдын ала біліп отыруың үшін біздің осы грамотамызды беріп Тәттімбет батыр мен Байбек төленгітті, олармен бірге ұлты башқұрт үш атақты адамды – Қожаш Рахманқұловты, Сеит Баратқұловты, Бекшора Түйтеевті аттандыра отырып, бұдан кейін де берген анттарыңа сай адал қызмет етулеріңді және біздің бодандығымызға енуге тілек білдірген Ұлы және Орта жүз хандарымен бірге бізге бодандықтарыңызды бекіте түседі деп білемін. Сонымен бірге Ұлы жүздің бізге бодандыққа қабыдау туралы жазған өтініші қанағаттандырылғанын сен, Әбілқайыр хан, оларға хабарлауыңа рұқсат етеміз және олар бізге адал бодан болғаны жөніндегі жарлықты арнайы жеткізетіндігіміз жөнінде білсін, сондай-ақ олармен және қарақалпақтардың Қайып ханына да 1731 жылы бізге бодан болуға ант бергендіктен жақсы қарым-қатынас орнатуыңды, ол орда қарсыластары мен өзге де наразылық білдірушілерді бейбіт жолмен біздің бодандығымызға иіп әкелсеңіз императорлық жоғары мәртебеміздің шапағатына бөлене бермексіз» [2, 28-30 бб.; 4, 14 б.].

Осы грамотаны Әбілқайыр ханға жеткізу үшін Санкт-Петербургтегі Ералы сұлтан жанынан Кіші жүзге аттанған Тәттімбет батыр мен Байбек төленгітке және үш башқұрттың әрқайсысына Сыртқы істер коллегиясынан 50 сомнан 250 сом жалақы берілді. Оған қоса Мәскеуден Уфаға дейінгі үш айлық жол азыққа 5 сомнан 75 сом және екі қосшыға 2 сом 40 тиыннан айға 14 сом 40 тиын, күзетші казак сержанты Сидор Калашников пен Дмитрий Смирновқа 90 тиыннан айына 5 сом 40 тиын беріліп, барлығы 344 сом 80 тиын бөлінген [5, п. 339.].

А.Тевкелевтің Санкт-Петербургке жетуінен соң императрица Анна Иоанновна өзінің қол астына көшкен жаңа жерлерді игеру, халқын бағындыру үшін жанындағы кеңесшілерімен бірге дереу мемлекеттік шаралар жасауға кіріседі. Сөйтіп, Сырты істер коллегиясы қазақ даласы мен өзге де халықтарды меңгеру үшін арнайы саясат қажеттігін түсінді. Алғашқы мұндай жобаны Сенаттың обер-секретары И.К.Кирилов дайындап, «мемлекеттің оңтүстік-шығыс шекарасын бекіту үшін, «ұлы қала-қорған» тұрғызып, оны өлкенің басты тірек пункті ету талабын қойды. Ал одан Жайық, Самара, Сақмар бойларына қамал, редут, форпосттар тұрғызып, Орынбор шекаралық шебін құру қажет» деген пікірлерін ұсынды. Жобада жаңа қаланы тұрғызу «тек қана қазақтарды ұстап тұру үшін ғана емес, сонымен бірге Бұхар, Бадахшан, Балх және Индияға еркін сауда жолын ашу үшін» қажет делінген. Міне, осы жоба 1734 жылы 1 мамырда бекітілген соң, Орынбор экспедициясы дүниеге келді. Экспедицияның алғашқы басшысы болып И.К.Кирилов, оған көмекші ретінде Сыртқы істер коллегиясының тілмашы А.Тевкелев тағайындалды [6, 21-24 бб.; 3, 51 б.]. 18 мамырдағы патша бұйрығымен И.К.Кириловқа статский советник, ал А.Тевкелевке полковник шені берілді.

Сонымен И.К. Кирилов дайындаған жобаны жүзеге асыру оның өзіне және көрсеткен қызметі үшін полковник шеніне өсірілген А.Тевкелев екеуіне жүктелді. Ойластырылған шараларды жергілікті жүзеге асыру үшін Орынбор өлкесіне И.К. Кириловтың басшылығымен қажетті құрал-жабдықтарымен, әскер күшімен және әр түрлі білікті мамандармен жабдықталған экспедиция аттандырылды. 18 мамырдағы 41 тармақтан тұратын арнаулы нұсқауда экспедицияның алдағы міндеттері көрсетіліп, одан патша үкіметінің Кіші жүз жерін отарламақ ойы анық байқалады [4, 9 б.].

Санкт-Петербургтегі Ералы сұлтан бастаған қазақ елшілігін патша үкіметі осы экспедициямен бірге қайтаруды көздеді. Ол туралы 1734 жылы 10 маусымда Әбілқайыр ханға жолдаған императрица Аннаның грамотасында атап өтілді. Онда патшайымның И.К. Кирилов пен А.Тевкелевті Ор өзені бойына қала салуға жіберуге рұқсат етіп, олармен бірге Ералы сұлтан, Нияз сұлтан бастаған қазақ старшындарының кері қайтарылатыны хабарланды [1, 116-117 бб.].

Көп ұзамай Ералы сұлтан бастаған қазақ елшілігі 1734 жылдың 15 маусымында И.К. Кирилов экспедициясымен бірге Петербургтен аттанып кетеді. Олар қазан айында Қазан қаласына жетіп, Ералы, Нияз сұлтандар бастаған қазақ старшындары одан әрі Уфаға жол тартады. Осы тұста И.К. Кирилов пен А.Тевкелевке Әбілқайыр хан атынан жолданған хат жетеді. Хан Ералы сұлтан, Нияз сұлтан, олардың жанындағы старшындардың елден кетіп, кері қайтпағанына үш жыл өтуіне орай халқының өзіне наразы боп жүрген кезде, Тәттімбет батыр мен Байбек төленгіттің және үш башқұрттың патша грамотасымен жақсы хабар әкеліп, қазақ халқын қуанышқа кенелткенін жеткізді. Оған қоса өзінен немере інісі Қылыш Мұхамбет Баһадүр сұлтанмен бірге Қожамұхамбет бастаған атақты старшындардан құралған елшілік жібергенін мәлім етті. Хан бұл елшілікті патша сарайына жіберіп, өзінің ұлы Ералы сұлтан мен немере ағасы Нияз сұлтан бастаған қазақ старшындарын кері қайтаруды өтінді [1, 122-123 бб.].

Ералы сұлтан бастаған қазақ елшілігіне патша сарайы барынша сый-құрмет көрсетуге тырысты. 1734 жылдың 17 шілдесіндегі жазбада Ералы сұлтанға 500 сом, Нияз сұлтанға 200 сом, түлкі терісінен тігілген қамқа тон істеу үшін 100 сом, алғашқы төрт қазақ старшынына 100 сомнан, екінші алты адамға 50 сомнан, алты қосшыға 20 сомнан, полковник А.Тевкелевпен қайта бодандыққа келген Ұлы жүз қазақтарының хан, бек, батырларына жалақы таратып беру үшін 500 сом және қазақ даласына келген кезде А.Тевкелев жанында болған башқұрт Алдарбайға 100 сом, Шибе батыр мен Қожашқа 50 сомнан қаржы белгілеп, барлығына 2320 сом бөлінгені тіркелген [5, п. 340.]. Оған қоса 19 шілде мен 21 тамыздағы жазбада Ералы сұлтанға қамқа тонының күрең қызыл жеріне қажет әр аршыны 8 сомнан тұратын сегіз аршын үшін 64 сом және бұлғын терісі үшін 70 сом, барлығы 134 сом қаржы кеткені және

оған алтынмен бедерленіп, қынабы көгілдір түсті асыл тастармен безендірілген болат қылышты сатып алу үшін 50 сом жұмсалғаны көрсетілген [5, 340-341 пп.].

Жалпы И.К.Кирилов экспедициясына діттеген жеріне жету сол кезде өте қиын жағдайда өткен. Себебі, 1734-1735 жылдары башқұрт халқының Ресей империясына қарсы көтерілісі кең етек алып жатқан кезі-тұғын. Уфаға келісімен И.К. Кирилов ең алдымен Ор өзенінің сағасында жаңа қала және қамал салу үшін экспедиция жабдықтау ісімен айналысты. Жабайы орман басқан жерлермен жол жүру қиындығын бастан кешіп, азық-түліктен де тапшылық көрген И.К.Кирилов командасы Ор өзенінің сағасына 1735 жылы 6 тамызда келіп жетті, ал 15 тамыз күні құдайға құлшылық жасалып, Орынбор қамалының төрт бастионының іргетасы қаланды, 30 тамызда қамалға солдат командасы кіргізіліп, 31 тамыз күні таңертең артиллерия кіргізіліп, өз орындарына қойылды. Орынбор (қазіргі Орск қаласы) қаласының құрылысын бастау салтанатына Ералы сұлтан, Нияз сұлтан, қазақ және башқұрт старшындары қатысты. 4 қыркүйек күні И.К. Кирилов жаңа бекіністің салынуы жайлы Петербугке хабарлады. Сонымен қатар Әбілқайырға немере ағасы Нияз сұлтанмен бірге бірқатар қазақ старшындарын аттандырып, ханға Орынбор қаласының салынуы жайлы хабарлай отырып, оның өзге де қазақ ордасының билеушілерімен бірге алдағы жылдың көктемінде И.К.Кириловпен кездесуі үшін Орынборға келуін тапсырды [4, 16-17 бб.].

И.К. Кириловқа берілген нұсқаудың 4-тармағында «Ералы сұлтанды сенімді күзетпен әкесіне жөнелту керек» [2, 34 б.]. делігенімен экспедиция басшысы сұлтанды елге қайтармай, жаңадан салынған қамалға қалдыруды шешкен. Ол 1735 жылы 7 қыркүйекте Орынборға подполковник Я.Ф. Чемодуровтың басшылығымен жеткілікті гарнизонды және оның жанына Ералы сұлтанмен бірге қазақ старшындарын қалдырып, өзі кері Уфаға қайтып кетеді [4, 17 б.]. Бүгінде тарихшы И.В. Ерофеева Ералы сұлтанның Петербургтен Кіші жүзге 1734 жылдың күзінде оралып, 1736 жылдың тамызынан бастап 1738 жылдың тамыздың соңына дейін жаңадан салынған Орск бекінісінде аманат жағдайында болғанын жазады [7, 330 б.]. Алайда, тарихи деректер аталмыш пікірдің жаңсақтығын көрсетеді. Алдымен, Ералы сұлтан 1734 жылдың күзінде Петербургтен Уфаға жеткен-ді. Екіншіден, 1735 жылы тамызда Орынбор бекінісінің салынуына қатысып, сонда қалдырылды. Үшіншіден, 1736 жылы 24 ақпанда императрица Аннаның Санкт-Петербургтен Әбілқайыр ханға жолдаған грамотасында Ералы сұлтан, Нияз сұлтан бастаған старшындардың 1734 жылы И.К. Кирилов және А.Тевкелевпен бірге ордаға қайтару үшін жіберілгенімен, «Ералы сұлтан алдағы жазға дейін Орынборда қалды» деп анық жазылған [1, 124 б.]. Төртіншіден, Ералы сұлтанның 1736 жылдың тамызына дейін-ақ Орынборда болғанын Джон Кэстльдің күнделігі де растайды. Ағылшын суретшісінің 1736 жылы 14 маусым күнгі жазбасында «За время своего почти одногодичного пребывания в Оренбурге я успел при помощи множества подарков и услуг привязать к себе дружескими узами и даже обязать сына хана, Ерали султана, которого держали в качестве заложника. 14 июня я пригласил его к себе вместе с посланцами и сопровождающими их киргизами и со священнослужителем-ахуном (Agun), по имени Монсур (Monsur) из Бухары, который находился при султане в Оренбурге» деген сөз жолдары келтірілген [8, 12 б.]. Ералы сұлтанға жақындауды көздеген Джон Кэстль: «Ол кезде менде азық-түлік баршылық еді, сондықтан оларға сый-сияпатымды аямадым. Осылай мен олардың жан-дүниесін өзіме қаратып алдым, содан болар, олар маған сенім артып, оттомандықтардың арандатуымен 40000 наразы болған, башқұрт бүлікшісі Қылмекпен одақтасқан қырғыздардың (қазақтардың – М.Ж.) ә дегеннен орыс императорының мемлекеттік кеңесшісі Иван Кирилловқа және қасындағы жасағына лап қойып соғысуға және Уфа мен Қазанға дейінгі елдің ойранын шығаруға сақадай сай тұрғанын, ал Орынборды ашықтыру арқылы тізе бүктірмекші екенін айтып берді. Олар осы жағдайға байланысты бүліктің алдын алу үшін хандарының бір орыс елшісін жіберсе екен деген тілегін білдірді. Ондағы

мақсаты – орыс елшісі жүрсе, ел ішіндегі өзінің бой бермей жүрген асауларын жуасытып тастар еді дегені» [9, 14 б.] деп баяндай түседі. Одан әрі өзінің Әбілқайыр ханға бару жоспарын ағылшын суретшісі былайша тарқатады: «Комендантты ешқандай елші жібергісі келмейтінін, ол үшін үлкен қажеттілік керек екенін ескере отырып, зор бүліктің алдын-алып, империяға одан зиян шектірмеу үшін мен өзімнің парызыма сай жас та болса Ералы сұлтанға әкесіне барып қайту үшін жолға шығуға бекінген ойымды жайып салдым. Ондағы мақсатым – Сақмара арқылы мемлекеттік кеңесші Иван Кирилловқа бару және жоғарыдағы жағдайды айтып, толық хабардар ету еді. Осы ұсынысыма олар шын жүректен қуанды, барлық жағынан жөн көріп, өте қажет деп тапты. Осы шешімді тез арада жүзеге асыру үшін Ералы сұлтан комендантқа барып, біраз уақытқа мені әкесіне барып суретін салып, алып қайтсын деген сылтаумен рұқсат сұрады. Комендант келісім бергеннен кейін Ералы сұлтан тез арада барлық істе маған сүйенсін, маған толық сенім артсын деп әкесіне хат жазып берді. Артынша мен жолға дайындалдым. Азын-аулақ буып-түйген заттарымды алда-жалда осы алыс сапардан аман-есен қайтпасам, әкеме тапсырарсың деген аманатпен Пенза полкіндегі хирург Родеге қалдырдым да Ералы сұлтанның хат қолға тие сала, сол күні түс ауа жүріп кеттім» [9, 15 б.].

1736 жылы 14 маусымда түстен кейін Орынбордан қазақ даласына аттанған Джон Кэстль Әбілқайыр ханмен 21 маусым күні кездескен. Ол жөнінде күнделікте «Хан киіз үйдің есігіне тура қарама-қарсы төрде отыр екен. Үстінде жолақты сисадан тігілген киім. Оның жанында екі ұлы мен немере ағасы Нияз сұлтан отыр, бұдан басқа киіз үйде ақсақалдар бар. Мен басымдағы қалпағымды алып, хан мен оның жанында отырғандардың алдында французларша үш рет құрметпен басымды иіп, қошемет көрсеттім. Осыдан моң мен қалпағымды қайтадан киіп алдым, маған отыруды өтінді. Осы жерде мен ханға былай деп тіл қаттым: «Мемлекеттік кеңесші Иван Кирилов өткен қыста мені Орынборға қалдырды, сол жерде мен Сіздің ұлыңыз Ералы сұлтанмен және басқа да атақты қазақтармен танысу құрметіне бөлендім. Сондықтан мен ұлы ханның аман-есендігін көру абыройына ие болу үшін және егерде хан мен арқылы мемлекеттік кеңесшіге қандай да бір сәлемін жолдаған жағдайда оған өзімнің сыпайы қызметімді ұсыну үшін осында келуді ұйғардым». Осы сөздерім үшін хан мені өзінің және нөкерлері атынан ризашылығын білдірді» деп жазылған [8, 24 б.].

Кейін 24 маусым күні кеште Әбілқайыр хан және Бопай ханымның ресми қабылдауында болған сәтінде Джон Кэстль ханға арнайы әкелген сыйлықтарын тарту еткен. Олардың ішінде өзі салған Орынбордағы Ералы сұлтанның портреті мен алтын жіппен кестеленген жайнамаз қатты ұнаған. 1732 жылдың соңынан бері туған ұлын көрмеген Бопай ханымға Ералының суретін көру ерекше әсер еткен. «Әсіресе ұлының суретіне қанша қараса да көзі тоймаған шешесінің қуанышы алабөтен еді, көзінің жасын төгіп жіберіп, суретті сүйе берді», - деп сипаттайды суретші Кэстль [9, 24 б.].

Бұл жылдары Ералы сұлтанның Орынборда (Орск) аманаттағы күндері өтіп жатты. 1737 жылы 14 сәуірде Орынбор экспедициясының бастығы И.К. Кирилов 48 жасында көкірек ауруынан Самара қаласында дүниеден озды. Патша жарлығымен 10 мамырда Орынбор экспедициясы Орынбор комиссиясы болып қайта құрылады да, комиссия бастығына В.Н. Татищев тағайындалады. Ал Орынбордағы Ералы сұлтанды орыс әкімшілігі әрдайым бақылауда ұстады. Оған 1737 жылы 13 шілдеде ахун Мансұр Абдрахмановтан А.И. Тевкелевке жеткен хат дәлел бола алады. Мансұр ахун Ералы сұлтан мен Құтыр батыр бастаған қазақтардың аман-сау екенін, күн сайын хал қадірі жеткенше оларды жақсы сөздермен жұбатып, сондай-ақ оның әкесі Әбілқайыр ханды да мүмкіндігінше көндіруге тырысып бағатынын, олардың ұзақ уақыт төзіп келгенін, енді азғана шыдауға ақыл-кеңес бергенін айта келіп, «құдайға шүкір олардан ешқандай шалыс қимылдар байқалмауда» дейді. Оның айтуынша, А.Тевкелевтен Ералыға жолданған хатты сұлтан мен Құтыр батырға оңаша сәтте

оқып берген, олар соған қуанып қалған. Тек Ералы сұлтан «менің әкем өзінің бүкіл жұртымен жақын маңға көшіп келді, сол үшін қайырымды мырза тезірек келіп, қырдың халқын көндірсе, олар ұзақ уақыт күтіп, тарап кетпесе» екен деген. Осы тұста А.Тевкелевтің Әбілқайыр ханға жолдаған хатын майор екі орыс адамы және Ералы сұлтанның Досай деген жолдасы арқылы беріп жіберген [10, 454 б.]. Тамыздың басында А.Тевкелевке жолдаған келесі хатында Мансұр ахун сол тұстағы жағдайды: «Мәметбай саудагер келгеннен бері Орынборда қазақтар көбейе бастады, олар сауда ісімен жиі келіп-кетуде. Орынбордың айналасы толған қазақ. Орта жүздің Төле батыры, Әжіғұл биі жарты күндік жерде. Әбілқайыр ханның ордасы бір күндік жерде. Қазақтар Жайық өзенінен әрі өтеміз, өзеннің екі жағасын жайлаймыз дейтін көрінеді. Аманат ретінде Ресей қолында отырған Ералы сұлтанға күн құрғатпай қымыз әкеледі. Төле батыр мен Әжіғұл би келіп тұрады, қазақтардың байы да, кедейі базарда. Арты не боларын бір құдай біледі, жаз шыға халық көбейіп кетті. Қырды да, қаланың да адамдары сізді қашан келеді деп, тағатсыз күтуде. Әркім, әртүрлі айтады» деп саралайды [11, 158 б.].

1737 жылы 6 тамыз күні Орскіге Орта жүзден Төле батыр мен Әжіғұл би келген. Мансұр ахун башқұрт елшілерінің барып-бармағанын сұраған кезде, олар башқұрттардың келгенін айтып және екі жақтың мұсылман халықтары бас қосып, орыстарға қарсы шығатын ниетін жасырмаған. Қазақтар башқұрттарды қабылдап алуға дайын екен, бірақ ел ағалары мұрсат бермей тұрған. Ахун башқұрттар жоқ кезде, қазақтардан жасырын сыр тартып көрген. Сонда Құдаш Көбеев деген башқұрт айтыпты-мыс: «Қазақтар әзір орыстарды алдаусыратып жүр, Әбілқайыр ханның ұлы Ералы сұлтанды қайтарып алғанша. Тевкелев мырза, сіздің келетін-келмейтініңізді қазақтар білмейді. Олар өзінше жоспар құрып, Ералы сұлтанды өзенге шомылған кезде немесе шешесіне жолыққан кезде ұрлап әкетпек, ұры-башқұрттармен күш қоспақ. Демек, сіз тезірек келмесеңіз, жағдай нашар. Келгеніңіз бек жақсы болар еді, мырзам» [11, 159 б.]. Бұл хабардан соң Ералы сұлтан жанындағы күзеттің одан әрі күшейе түскен болуы керек. Көп ұзамай 12 тамызда Әбілқайыр хан отыз шақты адамымен Орынборға келген. Хан «Барлық нөкерлеріммен қалаға кіремін, осылайша қалаға қазақтардың етін үйрете беруім керек» деген. Бірақ полковник Останков «марқұм статский советник Кириловтан подполковник Чемодуров мырзаға келген бұйрықтың 12-бабы бойынша Әбілқайыр хан ұлын көргісі келсе ғана бекініске кіруге хақылы, оның өзінде статский советник пен полковник Тевкелев рұқсат берсе ғана жіберіледі. Әзірге менің қолымда бұйрық жоқ... Сондықтан, Әбілқайыр ханға бекініс сыртында, 200 қадам алыста, бастықтар келгенше күте тұруы керек екенін айттым» дейді. Содан 20 тамызға дейін Әбілқайыр ханды Орынбор бекінісіне кіргізбей қояды. Себебін, Әбілқайыр ханмен бірге бүлікшіл башқұрттар да қалаға кіріп, бұзақылық жасауы мүмкін деген сақтық шара деп түсіндіреді. Сол кезде қала сыртында Әбілмәмбет, Абылай сұлтан бастаған қазақ елшіліктері де келген, олар генерал мен полковник А.Тевкелевтің келуін күтіп жатады. Бұл кезде башқұрттар қазақ билеушілерімен келіссөздер жүргізіп, Ресейге қарсы көтерілісті қолдауға шақырады. Мұндай жағдайдан қауіптенген бекініс басшылары Мансұр ахунды Әбілмәмбетке жіберіп: «Ұры башқұрттармен жақындаспаңдар, олардың айтқанын елікпеңдер», - деп сәлем жолдайды [11, 165 б.].

Орынборда аманатта жүрген Ералы сұлтан 1738 жылдың қаңтарында орынборлық башқұрт Асанюлдың асырап алған қызына үйленеді. Сұлтанның қасындағы Құтыр батыр да башқұрт Асанюлдың күйеуі өлген соң әйел етіп алған жесіріне үйленген. Ол жөнінде 1738 жылы 1 ақпан күні В.Н. Татищевке хабарлаған Мансұр ахун Әбілқайыр ханның Бурзенск болысындағы Кутлуюловск деревнясына қарасты аймақтағы Чюраковтың қызына үйленгенін қоса түседі. Сондай-ақ ахун Ералы сұлтанның «әкем қалай келеді, мен де кетемін, ал әкем де өмір сүруге болады» деген ойда екенін жеткізеді [10, 536 б.]. Кейін 25 наурызда премьер-майор Останков

Әбілқайыр хан атынан башқұрттар Орынбордағы Ералы сұлтанға әртүрлі ұлттан 5 тұтқын алып келгенін, оның 3-уі әйел адам екенін хабарлайды [10, 554 б.].

